МДОТМС міндеттерінің бірі рухани-адамгершілік пен әлеуметтік мәдениет құндылықтар және біздің қоғамымызда қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары негізінде, адам, отбасы және қоғам мүддесінде тәрбие беру мен оқытуды біртұтас білім беру үдерісіне біріктіру болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің бойында әлеуметтік, адамгершілік қасиеттерді, бастамашылықты, дербестілік пен жауапкершілікті дамыту сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымның қалыптасуы үшін қажетті жағдай жасау болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйені МДОТМС барлық бес білім беру саласын: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» біріктіру арқылы құру қажет.

Осы салалардың әрқайсысы бір қатар міндеттерді шешеді. Сонымен, «Әлеумет» білім беру саласындағы тәрбие беру мен оқыту мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамда қабылданған нормалар мен құндылықтарды, оған қоса моральдік және адамгершілік құндылықтарды, өз әрекетін және ертегі кейіпкерлерінің әрекетін бағалай білуі; баланың үлкендермен және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасы мен өзара әрекетін дамыту; дербестілік, мақсатты бағыттылық пен өз әрекетін өз бетімен реттеу; әлеуметтік және эмоционалдық зиятты, эмоционалды ілтипаттылықты, уайымдауды дамыту, құрбы-құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындығын қалыптастыру, өз отбасының керек-жарақтарына және ұйымдағы балалар мен үлкендер қоғамдастығын құрметтеу сезімін қалыптастыру; өз халқының және Қазақстанда тұрып жатқын өзге ұлт өкілдерінің этикалық нормалары мен құндылықтары туралы түсінікті, төзімділік негіздерін қалыптастыруға бағытталған.

«Қатынас» білім беру саласында келесілерді қолдануға болады:

- суреттер, суреттемелер, фотосуреттердің мазмұны бойынша әңгіме құрастыру;
- жеке тәжірибеден алынған әңгімелер құрастыру;
- көркемдік шығармалар мазмұны (ертегілер, әңгімелер, өлеңдер) әңгіме құрастыру;
- өлеңдер, мақал – мәтелдер жаттау, әңгімелер оқу.

Мектепке дейінгі жастағы негізгі оқыту нысаны ойын іс-әрекеті болып табылады. Педагогтарға сюжетті-рөлдік ойындар барысында балаларды мамандықпен және заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ететін мамандық өкілдерімен таныстыру ұсынылады. Сюжеттік-рөлдік ойындар мен театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру келесілерге ықпалын тигізеді:

- тәрбиеленушілердің қоғамда заң мен құқықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етумен танылған мамандықтар туралы түсінігін қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қоғамда қабылданған мінез-құлық ережелері туралы түсінігін қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің «адалдық», «инабаттылық», «шыншылдық», «ережелер» және осыларға қарама-қарсы «өтірік», «сыбайлас жемқорлық», «қылмыс» деген ұғымдар туралы түсінігін қалыптастыру;
- әртүрлі адамдармен қарым-қатынаста заманауи әдеп, мінез-құлық мәдениеті туралы білімдерді қалыптастыру.

Ақпараттық-ағартушылық блоктан басқа, топта тәрбиеленушілердің тәртіпті ұстануына ерекше назар аудару қажет. Тәрбиеленушілерге тәртіп сақтаумен байланысты шағын тапсырмаларды орындау ұсынылады. Осы тапсырмалардың ең қарапайымы – бұл жеке ережелердің сақталуын бақылайтын кезекші. Осы сияқты рөлдік ойындарды белсенді қолдану «ереже», «тәртіп», «жаза» сияқты ұғымдарды бекітуге ықпалын тигізеді. Бұл ретте, педагог үлгі болуы, топта мінез – құлық ережелерінің сақталуының негізгі кепілі болып саналуы тиіс. Тәрбиеленушілерді мадақтау үшін ережелерді бұзбау өте маңызды. Балалар топтағы, балабақшадағы өзара қарым – қатынас ережелерін тәрбиеші ойлап таппайтынын, ол қоғамда қабылданған жалпы өмір ережелерін көрсетуші екенін түсінуі тиіс.

Мектеп жасына дейінгі бала бойында этикалық ұғымдарды қалыптастыру үшін, педагогтарға қазақтың ақын – жазушыларының көркем шығармаларын, ауыз әдебиетіндегі шығармаларды (ертегілер, аңыздар, эпостар, мақал – мәтелдер), сонымен қатар алыс және жақын шет елдік авторлардың көркем шығармаларын пайдалануы қажет. Ы.Алтынсариннің әңгімелері мен ертегілері («Мақта қыз бен мысық», «Әкесі мен баласы», «Қарға мен торғай», «Өрмекші, құмыртқа және қарлығаш»), Ұлы Абайдың нақыл сөздері, белгілі жазушы И.А. Крыловтың: «Сары шымшық пен көгершін», Л.Н. Толстойдың: «Арыстан мен тышқан», «Сүйек», «Қарт атай мен оның немересі», Д. Мамина-Сибиряктің «Сұр мойын», С. Аксақованың «Алқызыл гүл», В. Берестованың «Катя әжей», «Қоян табаны», К. Паустовскийдің «Ынжық торғай», А. Сент-Экзюперидің «Кішкентай ханзада» атты әңгімелері, сонымен қатар қазақ халық ертегілерін («Түлкі мен ешкі», «Екі қозы», «Жақсы мен жаман» және т.б.) және өзге ұлт өкілдерінің ертегілерін: «Хаврошечка», «Бақа-ханшайым», «Қаз-Аққулар», «Аленушка мен Иванушка», «Қолғап», «Екі сараң аю» әңгімелеу, «Жақсының соңынан көп ереді, жаманның соңынан шөп ереді», «Біреуге ор қазба, өзін түсесің», «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады», «Істеген жақсылығыңды айтпа», «Алғысыңды аяма, бірақ ешкімнен алғыс күтпе», «Берген нәрсенді бұлдама», «Сыйға-сый, сыраға-бал» мақал-мәтелдері – осының бәрі аяушылық білдіру, уайымдау, ілтипаттылық, мейірімділік сияқты адамгершілік сезім мен қарым-қатынастарды, сонымен қатар адалдық, әділдік, жауапкершілік, шыншылдық сияқты адамгершілік бағыттардың қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Мектепке дейінгі жаста мектепке дейінгі педагогика әдістерін және көркем әдебиеттегі мысалдарды қолданып, аталған ұғымдар мен түсініктердің қалыптастыру тиімді рухани-адамгершілік тәрбиелеуге ықпалын тигізеді, бұл ақыр аяғында өскелең ұрпаққа сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру негізі болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Амиров К.Ф., Амирова К. А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық тәрбие //Жалпы білім беретін мекемелердің оқушыларына, колледж және жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Казань, 2010.

2. Антикоррупционное воспитание: система воспитательной работы по формированию у учащихся антикоррупционного мировоззрения в образовательном учреждении. Методические рекомендации /Под научной редакцией С. В. Жолована. – СПб., 2013.

3. Ильина О., Калинин А.П. Коррупция в мире: социально-экономические и правовые аспекты. – М., 2017.

Заман үндестігі (Әлімхан Ермеков еңбектерінің өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу ісіндегі өзектілігі туралы)

Ахметбекова Г.М.

Ю.Н.Павлов атындағы №35 орта мектеп директоры

Жаһандану адам өмірінің барлық жақтарын қамтыды. Бұл құбылысты болдырмау мүмкін емес, сондықтан осы үдерістің мүмкіндіктері мен артықшылықтарын барынша пайдалану қажет. Алайда кез келген құбылыстың теріс жақтары бар. Олардың бірі ұлттық мемлекеттердің әлсіреуі, жекелеген халықтардың бірегейлігін жоғалту қаупі болып табылады. Мектепте әр өткізілген шараға ұлттық реңк беру орынды деп санаймын. Сонымен қатар жаһандану кезеңінде рухани-адамгершілік құндылықтардың жоғалу ықтималдығын ерекше атап өту маңызды. Қазіргі әлемде басқа мәдениеттерге жанаспай өмір сүру мүмкін емес, алайда өз бірегейлігін халық ретінде сақтау қажет. Халық мәдениеті ата-бабалардың мұрасына үңіледі. Дәл осы әдет-ғұрыптар жас ұрпақты рухани-адамгершілік тәрбиелеу жүйесінің іргетасы болып табылады.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын көрсете отырып, әр түрлі іс-шараларды өткізу баланың жеке басының табысты қалыптасуы үшін, ал болашақта Қазақстан Республикасының азаматы мен патриоты болуы үшін едәуір негіз болып табылады. Бүгінгі күні қазіргі заманғы қазақстандықтардың бойында патриотизм сезімін тәрбиелеу мәселесінің өзектілігі зор. Қазіргі

уақытта мектепте патриоттық тәрбиеге көп көңіл бөлінеді. Оқушылармен жұмысқа мемлекеттіліктің қалыптасуына үлес қосқан тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін зерттеу сияқты қызмет түрін енгізу маңызды. Ұзақ уақыт бойы біздің еліміздің көптеген нағыз патриоттардың есімдері белгісіз болып келген, есімдері болса да, ерлікке тең игілік істері мұрағат шандарының астында қалған.

Жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу ісінде ұмытылып қалған адамдардың өмірін таныстыру және зерделеу жұмыстарын жүргізу қажет. Оның біреуі біздің Отанымыздың тәуелсіздігі үшін жан пида, педагог, ғалым Әлімхан Ермеков болуы тиіс.

Оқушылармен жұмыста ұлы адамдар қызметінің нақты жетістіктерін атап өту маңызды. Оқушылар фактілерді көбірек есте сақтайды. Бұл фактілерді бөліп көрсетуге тырысамыз. Мәселен, іріктемелі сауалнаманың нәтижелері бойынша оқушылар Әлімхан Ермеков деген кім деген сұраққа көпшілігі оның есімін тек біздің қаладағы көшенің аты бойынша ғана білетіндігін айтады. Әлімхан Ермековтің өмірбаяны мен қызметін зерделеу барысында ол едәір қызықты да, өзекті мәселелер көтерген, оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру ісінде ол үлгі-өнеге тұлға деп есептедік. Оның қызметіне байланысты бірнеше нақты фактілермен оқушыларды таныстырдық, оның тұлғасы естерінде қалды деп ойлаймыз.

Егер Ахмет Байтұрсынов – қазақ лингвистикасының негізін қалаушы деп айтатын болсақ, онда Әлімхан Ермеков туралы қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаушылардың бірі ретінде айтуымыз керек. Мемлекеттік шекара - мемлекет тәуелсіздігінің ең жарқын символы. Оның шекараларды анықтау және қазақ жерлерін біріктіру процесіне қатысуы - өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктің үлгісі. 1918 жылы 19-21 наурызда А. Бөкейхановтың тапсырмасы бойынша Мәскеудегі Ленинмен және Сталинмен тікелей телеграф арқылы сөйлесуде А. Ермеков пен Х. Ғаббасов большевиктердің алдына қазақ аумағының тұтастығын тану және автономия құру туралы басты мәселені қойды. Ал 1920 жылы көктемде-жазда Әлімхан Ермеков Мәскеуге жолданды. Ол В.И. Лениннің алдында "Қазақ өлкесінің жалпы жағдайы туралы және, әсіресе, шекаралар туралы мәселе бойынша" тақырыбында баяндама жасады. [3] Төрт айлық тынымсыз жұмыс барысында Әлімхан Ермеков Қазақстанға өте маңызды аумақтарды қайтаруға қол жеткізді. [2] Отанымыздың Тәуелсіздік Күнін атап өтуге арналған шараларда міндетті түрде Қайрат Рысқұлов туралы сөз қозғадық. Ал параллель келтіріп Ә.Ермековтың жоғарыда айтылған шекараларды анықтау және қазақ жерлерін біріктіру процесіне қатысуы, Алашорданың идеялық жетекшісі ретіндегі қызметі туралы топтық жұмыс әдісі бойынша өткізілген шарада оқушылар оның қызметінің маңыздылығына қорытынды жасады. Оның ішінде «батыр атануға лайық», «нағыз патриот», «енді ғана танып, таң қалдым» деген пікірлер болды. Жаңартылған білім беру аясында өткізілетін сабақтарда кері байланыс пен рефлексияға көп көңіл бөлінуі де орынды. Қазір де туындап жатқан шекаралар туралы мәселелерді «Қазақстан тарихы» пәні сабақтарында атап кетеміз.

Қазіргі таңда қазақ тілін латын әліпбиіне аудару міндеті тұр, бұл ретте асығыс іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында көшу үдерісі 2025 жылға дейін ұзартылды. Барлық жерде елдің латын әліпбиіне көшуі талқылануда. Көптеген жақтаушылар мен қарсыластар бар. Латын қарпіне көшудің барлық жақтаушылары бірінші кезекте кириллицаны латын қарпіне ауыстыру арқылы әлемдік интеграция туралы айтады. Бұл уақыт талабы және нақты қажеттілік деп те пікірлер айтылып жатыр. Қазақ тілі үшін латын әліпбиінің үлгілерінің әртүрлі нұсқалары әзірленуде. Қазақ тілі, басқа да тілдер сияқты өз фонетикасымен ерекшеленеді. Яғни, алфавитте тек латын классикалық әріптері ғана емес, сонымен қатар қазақ тіліне тән әріптер болуы керек. Әрбір жаңа үлгіде кемшіліктер анықталады. Әлімхан Ермеков 1935 жылы Қазақ тілінде латын графикасымен шығарған жоғары математика бойынша жоғары оқу орындарына арналған оқулық, сондай-ақ, «Математикалық терминдер сөздігі» жаңа алфавитті әзірлеу үшін негіз бола алады. Себебі ол латын графикасымен қазақ тілінде шығарылған еңбегі осынша танысма болса, оны ғылыми негіз деп те атауға болады. Алайда оның еңбегін табу қиынға соқты, сондықтан осы еңбегін басып шығаруға ат салысу қажет деп ойлаймыз.

Өмірде еш нәрсе адамға жеңіл жолмен келмейді. 1932-1937 жылдары математика профессоры Ермеков ғылыми математикалық терминологияны әзірлеумен және қазақ тілінде математикадан оқулықтар мен оқу құралдарын жасаумен қарқынды айналысты. Арнайы тапсырма бойынша ол басқаратын математиктер тобы (Н. Бақаев, Р. Бөкейханов, Р. Маскеев) қазақ тіліндегі математикалық терминология бойынша бірнеше бюллетендерді табысты әзірлеп, жариялады. Алайда 1990 жылдардың ортасына дейін шығарылған жиынтық терминологиялық сөздікте Ермеков есімі аталмаған. Ал қазіргі кезде қанша түсініксіз сөз аудармаларын ұсынып жатыр. Бұл салада көптеген олқылықтар мен кемшіліктер бар екені құпия емес. Ермековтың терминология саласындағы еңбектері де оқушылар арасында зерделеніп, қажетті терминдерді аудару үшін негіз болуы тиіс. Тек ғылыми еңбектерде ғана емес, сонымен қатар оларды мектеп оқулықтарына енгізу керек.

А. Ермековтың "Жоғары математика курсы" оқулығы қазақ тілінде жоғары техникалық оқу орындары мен педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған. Ол 1935 жылы Қызылорда қаласында Қазақ мемлекеттік баспасында латын графикасында 10 мың дана таралыммен шығарылды. Оның мазмұны сол уақытта қолданылып жүрген және ескірген бағдарламаларға сәйкес болғанымен, оқулық қазіргі кезде де үлкен қызығушылық тудырады. Жоғарыда аталған еңбектермен қатар А. Ермековтің "Ұлы математика курсы. Аналитикалық геометрия мен дифференциал және интеграл есептеу негіздері", сондай-ақ "Қазақ тілінің математика терминдері" сөздік-анықтамалық құралы құнды еңбектер болып табылады. Ол 1937 жылы "Детерминант теориясының негіздері" (Детерминанттар теориясының негіздері) кітабын басып шығаруға дайындап, баспаға шығарды. Кейін, Қазақстан тәуелсіздігі кезеңінде, 1995 жылы оның жоғарғы математика оқулығы қайта басылып шықты. [3]

Оның еңбектері мен істері біздің қоғамымыздың бүгінгі проблемаларымен үндесіп отыр. Бұл заңды үдеріс, өйткені ол жас Қазақ мемлекетінің қалыптасу жылдарында өмір сүріп, жасаған, сондықтан Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінде оның еңбектері біз үшін өзекті. Және жастар арасында зерделеніп, танылуға лайықты.

Бүгін біз оның қызметінің қандай жағын қарастырсақ та, қазақ тіліндегі терминология, латын тіліндегі еңбектер, шекараларымыздың тұтастығы үшін күресі біздің тәуелсіздігімізді нығайту мақсатында міндеттерді шешу үшін негіз бола алады.

Әлімхан Ермеков сияқты адамдардың өмірі жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісінде үлгі-өнеге болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж. У. Кыдыралина Алимхан Ермеков: судьба и время
2. https://rus.azattyq.org/a/alimkhan_ermekov_ash_leader/24209606.html
Султан-Хан Аққұлы. «Алимхан Ермеков. Чудом выживший в ГУЛАГе лидер «Алаша».
3. <https://e-history.kz/ru/biography/view/330> Қазақстан тарихы – Персоналии – Алимхан Ермеков

Тиімді басқарудың практикасы

Ашыкбаев Н.Ж., «№ 23 ЖББОМ» КММ директоры

«Адамға көмектесудегі ең тиімді жолы – сенім арта отырып, жауапкершілікті арттыру»

Д. Вашингтон

Қарым-қатынастағы барлық кикілжіңдер бір-біріне ұқсас, өйткені пайда болу себебі бір. Егер де адамдардың көзқарасы, тұжырымында қақтығыс болса, онда екі жақтың мүддесіне қиянат жасалынды деген сөз. Бұл жердегі негізгі ұғым – «мүдде». Неге, міндетті түрде ол? Мұны түсіну бізге не береді? Бұл бізге қарым-қатынастағы кикілжіңді жоюға көмегін тигізе ме?

Мүдде деген не?

Мүдде деген кең ұғым. Бұл физиологиялық, материалдық, әлеуметтік, рухани сияқты қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған, белгілі бір қызметтегі адамның ішкі итермелеу күші.

Қажеттілік қызығушылықты тудырады. Қажеттілік жоқ жерде қызығушылық та болмайды. Нақты жеке адамның қажеттілік құрылымы мен басымдылықтары тұлғаның өзімен ғана анықталады және өзіндік қана. Алайда, адамдардың қажеттілігі әр түрлі болғанымен, олардың қызығушылығы мазмұны жағынан жақын болып келеді.

Осы тұжырымдама арқылы қызығушылықтың екі тобын анықтауға болады. Бір топтың мақсаты – жаңа мүмкіндіктер, өзгеден артық болу, бір сөзбен айтқанда, пайда табу. Басқа қызығушылық тобы – қажетсіз шындықтан қорғану немесе құтылу (қорқыныш, қауіп, шығын, қиыншылық, проблема), атап айтқанда, «зиян» деген ұғымға әкелу. Қарапайым сөзбен айтқанда, әр адам жақсылыққа тартылып, жамандықтан алшақ болғанды қалайды. Міне, осы адамның шынайы мүддесінің айнасы.

Базалық қажеттілік

Егер де адамзаттың қажеттілігі туралы теорияны жан-жақты қарастырса, онда мектеп басшысының міндетті түрде кездесетін қажеттіліктерін анықтауға болады.

Өмір сүру қажеттілігі. Бұл, физиологиялық немесе биологиялық қажеттілік. Өмір сүру үшін біз демалуымыз, су ішуіміз, ұйықтауымыз, тамақ ішуіміз, демалуымыз, киім киюіміз, басымызда баспана болуы қажет. Бұның бәрін қамтамасыз етпей адамның бойында басқа затқа деген қызығушылық, мүдде болмайды.

Қауіпсіздікке қажеттілік. Қоршаған ортадан келетін қауіптен қорғану, жұмыс орнының сақталуы, еңбекақыны уақытылы алу кепілдігі, еңбек қауіпсіздігі, жайлы өмір, өз мәртебесінің тұрақтылығы және ертеңгі күнге деген сенімділік сияқты мұқтаждықтар айқындалады.

Ресурстарға қажеттілік. Мұнда, кәсіби қызметте табысқа жету, жеке тұлға қызығушылығының қамтамасыздығы, материалдық проблемаларды шешудегі қанағаттануы үшін құралдар мен ресурстарды (материалдық және әлеуметтік) меншіктену тілегін айтқым келеді.

Қарым-қатынастағы қажеттілік. Адамдар қарым-қатынасқа мұқтаж – бұл аксиома. Жеке өміріндегі, кәсіби қызметтегі қарым-қатынас бір-бірімен араласу мен бірін-бірі түсінуісіз мүмкін емес.

Керек-жарақтарға қажеттілік. Кез келген адамзаттық қауымдастықта (отбасы, достар, әріптестер, ұжым) өзіне жақын адамдармен (дос болу, сүйе білу және сүйгені болу) позитивті эмоционалды қарым-қатынаста болу қажеттілігі.

Құрметке ие болу және өзіндік құрмет қажеттілігі. Бірінші қажеттілік қоғамның лайықты мүшесі, құрмет пен сүйіспеншілікке ие тұлға, сырт адамның көңіл бөлуі, бағалай алуы, қолдауы сияқты түйінге негізделсе, екінші қажеттілік, балалық кезде қалыптасқан сенімсіздік пен фобияны жеңуге және есейген кездегі тұлғалық жетістікке жетуге бағытталған түйін.

Автономиялық қажеттілік. Бұл – мақсатты таңдаудағы дербестік, шығармашылық, тәуелсіз шешімдер қабылдау, қатаң бақылау мен жетекшіліксіз жұмыс істеу, өзі үшін, өзінің ісі мен өмірі үшін жауапты болу және еркіндік.

Басқару қажеттілігі. Бұйрық беру, басқару, үстемдік ету мүмкіндігі. Кейбір адамдардың бойында бұл қажеттіліктер өмірінің басты мақсатына айналады.

Жетістіктерге жету қажеттілігі. Алдына қойған мақсаттарға жету және сол үшін марапат, қошемет, алғыс, сыйақы алу. Бұл санаттың адамдарына жұмыс, оқу және басқа да істерде табыс қажет.

Сәтсіздіктерден аулақ болу қажеттілігі. Аса қиын, жаңа, бұрын орындалмаған жұмыстардан, қауіптен және белгісіздіктен, іс пен оның нәтижесіне қатысты жеке жауапкершіліктен жалтару.

Танымдық қажеттілік. Туған кезімізде бізге барлық өмірімізге жететін білім мен дағдыны бермейді. Біз алда көп заттарға үйренуіміз қажет, өз қабілеттеріміз бен кәсіби құзіреттілігімізді дамытуымыз керек. Бұл қызығушылық, танымдық қызмет, оқу, жаттығу, ғылыми зерттеу сияқты әрекетермен танылады.

Эстетикалық қажеттілік. Тәртіпке, үйлесімділікке, әдемілікке ұмтылу.

Аталған қажеттіліктердің тізімі осымен аяқталмайды: жоғарыда тізілген қажеттіліктері барлық адамдардың өмірлік мүддесі емес. Мүдденің құрылымы мен басымдықтары әр адамда басқа.

Қажеттілікті қанағаттандыру тек қана қызығушылық аз етеді: сонымен қатар, әрекет жасау керек. Қызығушылық немесе мүдде ір-әрекетті туындататын «алау от» сипатты.

Өзеннің екі жағалауы немесе мүдделелердің қақтығысы

Адамдардың мүдделері әртүрлі. Егер де мүдделер бір-біріне сәйкес болса, жанжал да болмас еді. Алайда, мүдделер сәйкес келе бермейді, сол себептен де қақтығыстар да болады (тікелей немесе жанама). Мысалы:

| Бірінші жақтың мүддесі | Екінші жақтың мүддесі |
|-------------------------------|------------------------------|
| Ішкі | Сыртқы |
| Қысқа мерзімді | Ұзақ мерзімді |
| Жеке | Жалпы |
| Пішін | Мазмұн |
| Қарым-қатынас | Тәртіп |
| Тактика | Стратегия |
| Процесс | Нәтиже |
| Материалдық (заттар) | Идеялық (қағидалар) |
| Экономикалық | Саяси |

Кез келген кикілжің мүдденің қанағаттануындағы бәсекелестік. Кикілжің жағдайда күрес «табыс» алуға бағытталған, яғни, әр тұлға өзінің мүддесіне қарай әрекетті икемдейді.

Олай болса, не себептен білім ұйымы қақтығыстың ауыртпалығынан ыдырап кетпеген? Тіптен, одан әрі қарай өз жұмысымен айналысуда және оң нәтиже беруде. Жауап төмендегідей: қанша жерден мұндай себептер болғанмен, адамдар арасындағы адами қарым-қатынасты ешкім сыртқа тастай алмайды. Адамдар ерегістен гөрі, ымыраға келгенді жақсы көреді. Міне, осы тұжырымды кез келген басшы жұмысында басшылыққа алу керек.

Қақтығысты шешудің кілті

Қақтығысты шешу кезінде өзіңіз бен қарсыласыңыздың негізгі мүддесін анықтаңыз. Өз мүддесіңіз өзіңізге мәлім, ал қарсыласыңыздың мүддесін ол кісінің көмегінсіз анықтау мүмкін емес. Адамдар көп жағдайда өз сезімдерін, мүмкіндіктерін жасырады, себебі көп адамда мені басқа адам дұрыс түсінбеуі мүмкін деген ой қалыптасқан. Мүдденің белгісіздігі қақтығысқа әкеледі. Сондықтан да, қайталап айтамын, мүддені нақты анықтау маңызды.

Бұл мәселені шешуде ең негізгі рөл – қарым-қатынас. Ол қандай болу керек? Бұл қарым-қатынас оппонентті конструктивті әңгімеге бағыттау қажет, яғни, неге? не үшін? деген сұрақтарға жауап берілу керек. Мүддені түсіну қақтығысты шешудегі тиімді қадам болып табылады.

Мысалға жүгінейік. Басшы бұрыннан өте құнды және мінсіз әріптесіне шынайы, нақты талап қойды: жұмысты толық қанды жұмыс істемейсіз, еңбек тәртібін бұзасыз. Осыған орай тез арада өзгеруін талап етеді. Ал, қол астындағы қызметкерінің ақталуына мүмкіндік жоқ (басшының көзқарасы, бағынышты қызметкердің қиындығы мені қызықтырмайды). Қызметтік қақтығыс бар ма? Иә, бар. Бұл қақтығыстың негізі неде жатыр? Бір жағынан басшының қызметкеріне деген көңілінің толмауы. Екінші жақтан – басшы тарапынан құрмет көрсетпеу мен көңіл бөлмеу себепті қызметкердің көңілі толмауы. Міне, осы себеп басшының қол астындағы қызметкердің жұмыс пен еңбек тәртібіне деген теріс көзқарасының пайда болуына әкелді.

Егер де басшы жауап ретінде маманды өз еркіне мойынұсынуға қысым көрсетсе (көп жағдайда бұл қақтығыстың түп тамыры болуда), қақтығыс шешімі өзгеріссіз қалады. Бағынышты қызметкер жұмысқа деген құлшынысты көзбояушылыққа салады да, жұмыс сапасы төмендейді. Қақтығысты шешудің мұндай жолы екі жаққа да тиімсіз және пайда әкелмейді. Басшы құнды және мінсіз әріптесінен айырылады, ал қызметкер – өзінің ең жақсы қабілеттерінен айырылады және де өзін басшы тарапынан «жазалауға» итермелейді. Соңы, жұмыстың тиімділігі мен нәтижесіне кері әсер тигізеді.

Мұндай шешімнен айығудың жолы, екі жақтың шынайы мүддесін анықтау үшін ашық әңгімеге отыру. Басшы өзіне бағынышты қызметкердің жағдайын сұрап, жағдайын түсінсе, ал, бағынышты қызметкер өз тарапынан өз жұмысына деген бағаның және көмектің қажет екенін ашық айтса, қақтығыстың тамыры түбегейлі жойылу мүмкін еді. Қызметтік қақтығыстың шешу жолдары - егер де екі тарап бір-бірін ести, түсіне алуы және әріптестікте жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру.

Қақтығысты болдырмауды басқару әдістері

Пайда. Дені сау адам жақсы табыс пен лайықты өмір сүруді қалайды. Өркениетті басшы бұның бәрін түсіне отырып, қол астындағы қызметкерге мүмкіндік беру керек, себебі қол астындағы қызметкердің жұмыс мақсаты тек идеялық емес, сонымен қатар, іс нәтижесінде пайда табу. Бұл, өмір заңы. Алайда, біріншіден, басшы қызметкер санасына жеке мүддені қанағаттандыру жолы – адал, қиындыққа төзу және шынайы еңбек ету екенін жеткізу. Екінші жағынан, ол қызметкердің жұмыс нәтижесіне қарай, материалдық сыйақы қарастыру (мүмкіндікке байланысты), жұмыс істеу мен демалуға жағдай

жасау, қызметтік өсуге мүмкіндік беру, моральдік тұрғыдан (жылы сөзбен) қолдау жасау.

Бұл басқару – қызметкерлердің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, басқарып отырған мекеменің мақсатына жету жолында психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық зерттеуді қажет етеді. Қол астындағы қызметкерлерді білмеу – бұл басшының ең әлсіз жағы.

Артықшылық. Бұл тәсіл тек таңдаулы мамандарға ғана қолданылады. Кез келген ұйым бұл санаттағы мамандардың басқа жаққа кетпеуін қалайды.

Артықшылық – нәтижесіне қарай ерекше еңбек ақы төлеу.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мектеп директоры журналы – 2006 жыл.

Система профориентационной работы в школе-лицее № 101

***Кенешова Р.А., директор КГУ «Школа-лицей № 101 г. Караганда
Ибрагимова Г.К., ФАО «НЦПК»Өрлеу ИПК ПР по Карагандинской области***

Государственная программа развития образования и науки на 2020-2025 годы [1] ориентирует на решение новой задачи – обеспечение преемственности и непрерывности образования и профессиональной подготовки учащихся в соответствии с потребностями экономики и региональными особенностями.

Проблему непрерывности образования усиливает отсутствие единых подходов к профессиональной ориентации обучающихся. По результатам социологического исследования 2016 года "Будущее - мой выбор" (Білім - Центральная Азия) не более 15 % старшеклассников смогли определиться с будущей профессиональной деятельностью.

Для решения этой задачи необходимо создание системы организационно-методического и ресурсного обеспечения профессионального самоопределения школьников.

Особая сложность решения проблемы профессионального самоопределения в современных условиях определяется, с одной стороны, совокупностью экономических, социальных и психологических проблем, с другой, недостаточной подготовленностью личности осуществлять профессиональный и личностный выбор не только в процессе обучения в школе, но и всей жизни.

Указанные противоречия подчеркивают необходимость определения педагогических условий подготовки учащихся к профессиональному выбору с учетом их жизненного опыта и культурно-исторической и экономической ситуации в стране.

Теоретико-методологические основы профориентации школьников нашли отражение в работах учёных Г.Н. Резапкиной [2], Н.С. Пряжникова [3], К.А. Абульхановой-Славской [4], В.И. Слободчикова и других.

Анализ исследований и образовательной практики позволяет сделать вывод о наличии противоречия между существующими целями и требованиями современного общества к ранней профилизации учащегося и отсутствием механизмов их полноценной реализации в массовой общеобразовательной школе.

Указанное противоречие определило необходимость создания системы профориентационной работы в школе-лицее.

Цель ее - создание и организация условий, обеспечивающих профессиональное самоопределение учащихся в соответствии с потребностями экономики региона.

Исходя из цели, мы перед собой ставили следующие задачи:

1. Выявить и спроектировать условия профессионального самоопределения учащихся в условиях свободы выбора сферы деятельности в соответствии со своими возможностями, способностями и с учетом требований рынка труда.

2. Обеспечить широкий диапазон вариативности профильного обучения за счет стандартных и нетрадиционных форм и методов, применяемых на факультативах, курсах по выбору

3. Организовать взаимодействие учащихся старшей ступени школы-лицея с учреждениями дополнительного образования, колледжами, вузами, предприятиями города, региона

4. Апробировать систему профессионального самоопределения школьников и определить ее эффективность.

Погружение в мир труда должно начинаться системно, осознанно и непрерывно, поэтому мы стремимся, как можно раньше приблизить момент, когда человек по-настоящему понимает самого себя и принимает осознанное решение, кем он хочет стать. Это не значит, что в 10 лет каждый школьник должен решить, что он станет "хирургом" или "кузнецом" и всю жизнь будет именно им и работать. Но это значит, что к 10-ти годам он должен иметь целостные представления о мире профессий, к 14-ти годам знать правильную формулу выбора профессии, осознанно и ответственно подходить к определению своих личных качеств, психологических особенностей, интересов и способностей. А к 16-ти годам уже получить практический опыт в интересующей его деятельности, иметь представления о технологических переменах.

Нами разработана система профориентационной работы в рамках школы-лицея, которая нашла отражение в «Траектории становления профессионального самоопределения школьников», построенной на результатах исследований современных отечественных и зарубежных ученых в области профессиональной ориентации учащихся.

Траектория профориентации и самоопределения учащихся охватывает основные возрастные этапы и ступени обучения в школе; цели и задачи профориентационной работы; практические и методические инструменты, при помощи которых достигается ожидаемый результат.

Мы считаем, что основой самоопределения и всей будущей профессиональной успешности человека являются жизненные ценности (смыслы), которые закладываются в дошкольном и в младшем школьном возрасте.

В начальной школе проводится цикл занятий «В мире профессий», позволяющий получить целостное описание мира труда и профессий с использованием сюжетно-ролевых игр, изобретательских задач по технологии ТРИЗ и других практических материалов.

В средней школе ученикам предлагается изучение видов деятельности и профессий с точки зрения глубокого понимания профессионально важных качеств и совпадением с собственными личностными качествами, способностями и позволяет определить подходящие и неподходящие виды деятельности. Используются профориентационные игры о должностях, профессиях и специальностях, занятия в технологических мастерских, кружках по интересам, экскурсии на предприятия города, встречи с успешными в профессиональном плане людьми.

В старшей школе осуществляется построение индивидуальной образовательной профессиональной личностной траектории как закономерное следствие пройденных этапов самоопределения. На данном этапе расширяется спектр разнообразных профессионально-ориентированных занятий и индивидуализируются формы работы такие как занятия факультативов и курсов по выбору, социальные практики, дополнительное образование в развивающих центрах города, карьерное консультирование, профессиональные пробы на предприятиях социальных партнеров, в лабораториях вузов и колледжей, участие в конференциях, конкурсах и другое.

Для реализации системы профориентационной работы модернизирован Кабинет профессиональной карьеры, который работает в режиме офф-лайн и он-лайн. Кабинет был открыт в 2013 году, в 2018 году ему было присвоено имя Контаева Сабита Сеитовича, научного руководителя технологического направления лицея.

Кабинет оказывает профориентационную поддержку учащимся в процессе выбора профиля обучения и сферы будущей профессиональной деятельности.

Центральное место в Кабинете занимает информация о навыках, востребованных на рынке труда. На схемах отражен процесс эволюции от ручного труда к 4-ой индустриальной революции, в рамках которой будет раскрываться профессиональный потенциал нынешних школьников. Для того чтобы быть востребованным на рынке труда в 21 веке, ученикам необходимо

овладеть не только навыками *hard skills*, но и широкого спектра – *soft skills* [5].

Ретроспективный анализ показывает изменение рынка труда и влечет за собой смену облика профессии – типа специалиста и требования к нему. Если в середине 20 века выпускнику школы было достаточно знать свои интересы и склонности, особенности здоровья, уровень спроса на рынке труда, то сейчас изменилась Формула выбора профессии, которая включила новые показатели: карьерная лестница, медицинские противопоказания, трудовую мотивацию.

В целях повышения эффективности и результативности профориентационной работы в кабинете используются возможности Электронного киоска, где можно ознакомиться с разделами:

1. «Курсы по выбору, факультативы».

2. «Тематика и рекомендации по организации профориентационных мероприятий для учащихся и их родителей».

3. «Материалы проектной деятельности в рамках профориентационной работы».

4. «Информационно-справочные материалы».

5. «Банк профессиограмм «Мир профессий».

6. «Атлас новых профессий», разработанный управлением Сколково (Москва) [6].

Для расширения знаний о мире профессий спроектирована Карта Казахстана, на которую нанесены специальные обозначения QR-коды, позволяющие с помощью мобильного Смарт-приложения извлечь информацию о вузах страны.

В Кабинете благодаря подключению к Интернет и наличию 10 компьютеров ученики имеют возможность пройти электронное и виртуальное тестирование для оценки собственных профессиональных знаний и умений, получить информацию о своем профессиональном профиле.

Таким образом, разработанная нами система профессионального самоопределения позволяет осуществлять просвещение школьников о востребованных профессиях, знакомит их с условиями получения профессий в различных типах учебных заведений, организует процесс познания своих склонностей, индивидуальных особенностей личности (темперамента, характера, способностей), важных при выборе профессии. Кроме работы с учениками планируется оказание методической помощи педагогическому коллективу в изучении профнамерений школьников, а так же консультативная помощь родителям в руководстве выбором профессии их детьми.

С реализацией траектории становления профессионального самоопределения школьников и работой кабинета развития карьеры мы познакомили заместителей директоров, психологов, социальных педагогов, классных руководителей школ г. Караганды на Дне открытых дверей 28 февраля 2020 года. Полученные в процессе апробации промежуточные результаты позволяют прогнозировать успешную реализацию дальнейших этапов Проекта.

Список литературы:

1. Государственная программа развития образования и науки на 2020-2025 годы.
2. Резапкина Г.В. Учебное пособие. – М.: Академия, Московские учебники, 2012. – 112 с.
3. Пряжников Н.С. Профорентация в школе: игры, упражнения, опросники. - Москва: Вако, 2005. - 288 с.
4. Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни. – М.: Мысль, 1991
5. <https://proforientator.ru/publications/articles/chto-takoe-hard-i-soft-skills-v-chem-raznitsa-chto-vazhnee.html>
6. «Атлас новых профессий», Сколково (Москва)

Функционалдық сауаттылық – білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары

Смакова А.Ш., директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, «№18 ЖББОМ» КММ

Функционалдық сауаттылық туралы білім саласында аз айтылып жатқан жоқ. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде «Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады» делінген [1].

Ал бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың деңгейі қаншалықты маңызды? Әр пән бұл бағытта өзінше жұмыс атқарып жатса, белгілі бір арнаға тоғыспаса атқарылып жатқан жұмыстың нәтижесі болар ма екен? Оқушының функционалдық сауаттылығы тек сабақ барысында ғана жүзеге аспақ па? Неге біздің оқушылар мектепте алған білімін өмірде қолдана алмайды? Неге мұғалімдер функционалдық сауаттылық дегенді тек тіл сабақтарында ғана қолданады деген түсінік қалыптастырып алған? Осы мәселелердің шешу жолын қалай тапсақ болады?

Міне, осы сұрақтар төңірегінде ойлана келе биылғы оқу жылында мектебіміздегі әдістемелік жұмыстың бағыт-бағдарына өзгерістер енгіздім. Жалпы тақырыбымызды «Функционалдық сауаттылық – білім сапасын жетілдірудің негізгі бағдары» деп алдық. Мақсаты: оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді сыни ойлай алатын, пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Жұмысымызды жандандыру үшін мектептің әдістемелік жұмысына өзгерту енгізу қарастырылды. Апталықтың жұмысын айлық жұмыспен алмастырып, әр түрлі жұмыс түрлерін іске асыру жоспарланды. Әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жүйелеу керектігі ескерілді. Ол үшін ауқымын кеңейту қарастырылды. Әр бірлестіктің тақырыбы бірлестік мүшелерімен кеңесе отырып бекітілді. Әр бірлестік айлық жоспарда атқарылатын жұмыстарын алған тақырыптарына сай оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағыттады. Жаратылыстану-математика бірлестігі қараша айында «Оқушылардың жаратылыстану-математикалық функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында жұмыс атқарды. Желтоқсан айында гуманитарлық пәндер бірлестігі «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы сөйлеу, сыни ойлау, жазу, тыңдау, зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, тиімді нәтижеге жету» тақырыбында түрлі салада жұмыстар атқарды. Қаңтар айында шет тілдері бірлестігі «Шет тілдері сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы тіл мәдениетінің сөздік қорын жетілдіру» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырды. Ақпан айында бастауыш сынып бірлестігі «Бастауыш сыныпта түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру», наурыз айында сынып жетекшілер бірлестігі «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі басқару, шешім таба білу механизмін қалыптастыру» тақырыбында тәрбиелік маңызы зор жұмыстарды ұйымдастырды. Сәуір айында эстетикалық пәндер бірлестігі «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқылы дені сау, өнерлі тұлғаны қалыптастыру» атты тақырыпта өз жұмыстарын жоспарлады. Бұл жоспарланған айлық жұмыстардың аясында өздігінен білім жетілдіру, дарынды оқушымен жүргізілетін жұмыс түрлерін жандандыру, озық іс-тәжірибені зерттеу, жинақтау жұмысын ұжымға ұсыну, коучинг, тренинг, дөңгелек үстел және кездесу ұйымдастыру, ғылыми жоба, пән олимпиадалары, түрлі байқаулар өткізу, ашық сабақ, тәрбие жұмыстарын көрсету, ата-анамен жұмыс түрлерін ұйымдастыру көзделді. Сайып келгенде барлық атқарылатын жұмыстар оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға негізделді.

Бұл бағытта жұмысты бастамас бұрын, әрине, мұғалімдер ұжымымен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп алуға тура келді. Осы жайтты ескере келе әр айлықтың қорытынды есеп беру кезінде әр бірлестік функционалдық сауаттылық туралы коучинг ұйымдастырып отырды. Бұл жұмыс түрін де оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді бір жолы түрінде қарастырса, оның негізгі мақсаты оқушыға білім беретін ұстаздың өзінің функционалдық сауаттылығын жетілдіру болып табылады. Білім сапасы мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты.

Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көп білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке

керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» [2]. Сондықтан да мұғалім өзінің білімін жетілдіріп отыруы шарт. Бұл функционалдық сауаттылықтың бір тармақшасын қамтиды. Яғни, «Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға» делінген [3].

Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «Функционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады» – деп сипаттама беріледі [4]. Бұдан «функция» категориясы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Сондықтан да қай пәнді алып қарасақ та оның бала өмірінде атқаратын қызметі зор. Тек әр пәннен функционалдық сауаттылықтың басшылыққа алынатын негізгі сапаларын сараптай білу. Олар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Осы жұмыстар легін әрі қарай дамытсақ, әр пәннің маңыздылығын ескере отырып, зор жауапкершілікпен сабақты жаңа әдіс-тәсілдерді қамти отырып, түрлендіріп, өмірмен байланыстырып өткізсек онда халықаралық PISA, TIMES зерттеулеріне дайындық жұмысы күнделікті іс-әрекеттер арқылы іске асып жатады. Тағы бір қосатын ұсынысым кез-келген іс-шараны жүрдім-бардым өткізе салмай толыққанды талдау жұмысын жасап отыру. Атап айтсам, әр бірлестік атқарған іс-шаралары негізінде төмендегідей қорытындыға келіп отырды.

Жаратылыстану-математика пән бірлестігі: өз айлықтарында атқарған іс – шаралары және алдағы уақытта атқарылатын іс-шараларында «Функционалды сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ахуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп, кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты оқушының негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзіреттіліктерді меңгерген оқушы болып табылады» деп ой түйді, Қоғамдық гуманитарлық пән бірлестігі: «Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады. Оқушылардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету – мұғалімнің басты міндеті. Әл-Фарабидің: «оқыту дегеніміз – үйрету,

дағдыландыру, әрекеттендіру»,- деуі тегін емес. Жаңартылған білім беру мазмұнының басты принципі интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, функционалдық сауаттылықтарын дамыту негізінде сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін, сыни ойлау, жазу, тыңдау, зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, тиімді нәтижеге жету, өз бетімен іздену дағдысын дамыту болып табылатындылығына атқарып жатқан істеріміз куә деп ой бөлісті. Шет тілдер бірлестігі «Шет тілінің оқыту сапасын көтерудің басты шарты ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру оқушылардың коммуникативтік құзіреттерінің қалыптасуы ұстанымына, интерактивтік оқыту ұстанымына негізделуі қажет. Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының шет тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады» деп қорытындылады.

Бастауыш сынып бірлестігі негізгі фундамент бастауыш сыныпта қалыптасатындықтан және ғалымдардың пікірінше сауаттылықты бастапқы білім қалыптастыратындығын ескере келе (3-12 жас аралығы) «Оқу сауаттылығын дамыту арқылы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсініп, қорытынды жасап, өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері, математикалық сауаттылығын арттыру арқылы – өмірдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математиканы қолдана білу қабілеттерін дамыту, жаратылыстану сауаттылықтарын арттыру арқылы – жаратылыстану ғылымындағы білімін қолдана білу, қорытынды жасай білу қабілеттерін арттыру» мақсатында жұмыс жасалып жатқаны туралы айтып, қорытындылады. Енді сәуір айында эстетикалық пән бірлестігінің осы бағытта атқарылатын жұмыстары күтілуде.

Бұл атқарылған жұмыстар бірінші жылдың көрсеткіші, егер осы тақырыпта келесі жылы да жұмыстар атқарылып, ол жұмыстарды диагностикалап отырсақ нәтиже беретіні сөзсіз. Оған мен оқу жылының соңында барлық бірлестік жетекшілері тақырыпқа сай атқарған жұмыстары жайында ұжым алдында SWOT анализ жасауды ұсынып отырмын. Егер осы жұмыстар жүйелі атқарылып отырса, онда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және түйінді пәндік құзіреттерді қол жеткізуге бағыттауға мүмкін болады. Бұл, әрине, білім сапасының артуына ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «ҚР білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», 2010 ж.
2. «Қазақ әдебиеті – тұлғаның рухани дамуының бастауы» - Алматы-2005 ж. 96-148 б.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 Қаулысы.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі . Алматы, 2008 ж. - 967.б– (Қазақ сөздіктері. - – 9965-798-99-0(мүк.)

«Развитие исследовательских навыков учителей через внедрение подхода Lesson Study»

Лытнева Е. Г., заместитель директора по УВР КГУ «Гимназия № 1»


Актуальность развития исследовательских навыков педагогической деятельности в современном образовании настолько велика, что становится важной составляющей развития мастерства учителя.

В данной статье представлены результаты исследовательской работы учителей гимназии, приоритетные направления выбора эффективных методов обучения при внедрении подхода «Исследование урока», а также перспективы развития исследовательских навыков учителей.

Методов исследования большое количество, но наиболее эффективным в гимназии применяется подход Lesson study. Этот метод можно рассматривать как средство для развития и усовершенствования преподавания посредством концентрации внимания на обучении учащихся, он используется в качестве инструмента для совершенствования практики группы учителей. Осознавая, что при проведении исследования урока внимание сконцентрировано не на самом учителе, а на реакции учеников на проводимые им действия, педагог не испытывает давления со стороны коллег, находящихся на уроке. Как следствие, ему значительно проще критически взглянуть на процесс в целом.

Цель технологии заключается в изучении и последующем анализе самого процесса обучения, а не деятельности самого учителя.

Если описывать Lesson Study как управленческий процесс, то схема следующая



В течение трех лет в гимназии проводят исследование урока несколько фокус – групп, представленных следующими темами:

1. Организация проектной работы и практикумов как средство развития научной речи на уроках ЕМН.

2. Влияние формативного оценивание на развитие коммуникативных и рефлексивных навыков учащихся

3. Развитие у детей и учителей рефлексивных навыков через использование заданий формативного оценивания и дифференциацию.

4. Интерактивные методы обучения, развивающие коммуникативные и лидерские навыки.

В зависимости от выявленной проблемы и темы исследования группами были обозначены следующие цели:

- Изучение влияния методов проектов на развития устной речи
- Изучение влияния различных форм рефлексии и формативного оценивания на развитие устной речи
- Выявление интерактивных методов обучения, развивающих лидерские и коммуникативные навыки.

Актуальность внедрения данного подхода мы видим в том, что в процессе исследования определена необходимость использования эффективных методов обучения для решения проблем, выявленных в ходе анкетирования и анализа текущей ситуации. Каждая группа совместно планировала уроки, подбирая наиболее эффективные методы, затем наблюдала за учащимися и анализировала результаты. В рефлексивных отчетах фиксировались достижения и проблемы, что помогало при планировании второго и третьего циклов проведения «Исследования урока».

Учителя начальных классов несколько лет работают над проблемой развития у детей и учителей рефлексивных навыков через организацию подхода Lesson Study. В апреле прошлого года фокус-группа принимала участие в обсуждении проблем внедрения подхода «Lesson Study» для повышения качества преподавания на областном круглом столе. Выступление было подготовлено из опыта работы в гимназии, учителя выступили с результатами исследования. Также были опубликованы статьи в печатных изданиях по внедрению подхода.

Учителя 8-х классов работали над проблемой работы с одаренными детьми в среднем звене и развитием навыков устной речи через рефлекссию. Серия уроков «Lesson Study» помогла увидеть учителям проблемы развития устной речи. Фокус-группа пришла к выводу, если учитель целенаправленно подбирает стратегии устного счета, метод защиты проектов, устную рефлекссию, то у учащихся можно развивать навыки устной речи на уроках математики, литературы и естествознания.

Учителям гуманитарного цикла было рекомендовано составить и использовать языковые шаблоны, схемы, опорные таблицы с целью преодоления языкового барьера у учащихся, а также использовать метод Инсценирования с целью развития коммуникативных и лидерских качеств.

Учителя 7-х классов работали над проблемой диагностики талантливых и одаренных и исследования влияния критериального оценивания на качество обучения. В результате наблюдения за проведением исследования критериального оценивания у учащихся были выявлены проблемы с памятью и пониманием, поэтому были рекомендованы методики по эффективному развитию памяти и функциональной грамотности.

При организации второго цикла были учтены недостатки первого исследования, было выделено дополнительное время на обсуждение, план урока разрабатывали все члены группы, а не тот, кто проводил урок, поэтому наблюдение прошло более эффективно. Группа пришла к выводу, что на уроке, для того чтобы управлять процессом обучения, необходимо использовать конкретные стратегии для достижения цели.

Возникали трудности и барьеры, которые приходилось преодолевать в течение нескольких циклов. После проведенных исследований были разработаны рекомендации для учителей по использованию формативного оценивания, развитию навыков устной речи на уроках естественно-математического цикла, применению рефлексии для развития навыков саморегуляции. После внедрения данного подхода учителя используют рекомендации на уроках, которые помогают достигнуть цели. В рефлексивных отчетах они отметили, что исследование урока развивает рефлексивные, аналитические и коммуникативные навыки, помогает выбрать наиболее эффективные методы при планировании уроков.

Совместный анализ исследования уроков позволил резюмировать основные аспекты практической значимости данного метода:

- Взаимодействие и наблюдение за учащимися позволяет увидеть языковые барьеры в процессе коммуникации.

- Наблюдения показали, что активность участия в коммуникации развивает компетенции, необходимые в различных социальных сферах подростка.

- Взаимодействие с коллегами и наблюдение за учащимися позволяет увидеть недостатки собственной практики и подобрать наиболее эффективные методы для решения различных проблем.

- Конструктивное обсуждение урока с коллегами является очень полезным для развития профессионализма и практики преподавания.

- В процессе исследования урока учителя работают вместе, чтобы планировать, обучать, наблюдать и совместно анализировать урок.

- Взаимодействие с коллегами и наблюдение за учащимися позволяет увидеть недостатки собственной практики и подобрать наиболее эффективные методы для решения как методических, так и личностных проблем.

В нем задания составлены с учетом заданий суммативного оценивания за раздел и четверть. В результате, данные пособия оказали существенную помощь учащимся специальных классов и детям с низкой мотивацией из общеобразовательных начальных классов в успешном прохождении процедуры суммативного оценивания.

Результаты опроса учеников и родителей учащихся, показали, что 78% учащихся рабочие тетради помогают при выполнении коррекционных заданий, при усвоении новой темы, дают уверенность в учебе, мотивируют на успех.

74% родителей учащихся интерната отметили положительную динамику в мотивации учения, в социальной адаптации детей с ОВР.

Специалисты, которые начинают работу с детьми с ООП, смогут сконструировать любые виды инструментов оценивания, ориентируясь на поиск специально разработанных заданий. При необходимости оценочные инструменты важно составлять на определение навыков чтения, письма и математических навыков.

Проблему переподготовки специалистов коррекционного содержания можно решить и на местах. В школах работают тренеры, учителя и члены администрации, прошедшие курсы в учебно-методическом центре развития образования Карагандинской области и ЦПМ г.Караганды. На методическом совете школы-интерната было решено продолжить работу по обновленной программе со специалистами. Провести городской практический семинар и тренинги для специалистов по инклюзивному сопровождению в условиях обновленного содержания образования.

Педагоги и специалисты школы - интерната считают, что обновленная программа помогает детям с особыми образовательными особенностями максимально раскрыться в процессе обучения, если будут учитываться их индивидуальные потребности и способности.

Мы думаем, что можно успешно внедрять обновленную программу в условиях инклюзивного образования, если:

✓ составлять задания для общего развития с учетом способностей учащихся и требований обновленного содержания образования;

✓ составлять педагогам СОРы и СОЧи для детей с ООП совместно со специалистами;

✓ владеют основами обновленного содержания образования, наряду с учителями, и специалисты коррекционной поддержки;

✓ взаимодействовать всем членам коррекционной поддержки (администрация, учителя, учитель-логопед, дефектолог, психолог, родители).

Список литературы:

1. Красило А.И., Новгородцева А.П. Инклюзивное образование: методические проблемы и практические рекомендации. Изд. МПСИ, 2016. – 186 с.

2. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан в 2016-2017 учебном году: Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2016. 278– с.

3. Указ Президента Республики Казахстан от 1 марта 2016 года № 205: Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы, 2016.

Саморегуляция – важное качество в обучении в условиях обновленного содержания образования

Ахимова З.А., заместитель директора по УВР КГУ «СОШ №35 им. Ю.Н.Павлова»

Качество знаний является на сегодня основным показателем результативности процесса обучения. Каждое нововедение всегда сопровождается минусами и плюсами.

Система образования в Казахстане с 2016 года претерпевает изменения. Это неизбежный процесс, обусловленный динамикой развития общества, науки и техники, расширением информационного пространства. Человек должен быть мобильным и результативным, иметь возможность быстро менять профориентацию, быть готовым к освоению меняющихся технологий.

Все это существенно изменило требования к школьному обучению. Эффективность индивидуума определяет не количество полученных им знаний, а разнообразие умений и навыков, которыми он овладел, и возможностями их применения. Достаточно получить навыки работы с

информацией, развить критичность мышления, сформировать умение устанавливать аналогии между фактами и интерпретировать их. Тогда проще менять профессиональные направления, повышать собственную результативность и, следовательно, конкурентоспособность на рынке труда. [3]

Однако каждое нововедение несет в себе плюсы и минусы.

Основными проблемой для школ сегодня является:

- низкая мотивация учащихся;

- сосредоточение усилий и внимания учащихся на показателях внешних (баллах);

- установка большинства учащихся на «удачную сдачу СОРов и СОЧей»;

Привыкшие к каждодневному контролю домашних заданий и работы на уроке, они в большинстве своем перестали готовить домашние задания. А ведь домашнее задание – мощный инструмент повторения и закрепления полученных знаний. Многие учащиеся иногда позволяют не затруднять себя работой на уроках. Потому что нет привычного каждодневного оценивания, которое для кого-то было стимулом, для кого-то инструментом избежания наказания. Почему это происходит? Причина - непонимание учащимися сути своей деятельности, отсутствие навыка саморегуляции.

В этом направлении педагогу необходима скрупулезная и кропотливая работа, требующая терпения, знаний. Для этого необходимо выстроить целую систему работы с учащимися.

Новые подходы, такие как диалогическое обучение, обучение тому как учиться, подводят их к умениям самостоятельно добывать знания. Групповая работа, при которой учащиеся могут высказывать свои мнения, работать в команде, мощный инструмент снижения тревожности, и, как следствие, повышения мотивации к обучению.

Для решения проблемы необходимо выявить причину низкой мотивации. Что же является причиной низкой мотивации? Мотивация, прежде всего, – это побуждение к действию. Поведение всегда мотивировано. Это может быть творческое отношение к учебе, а может быть некий «протест», уклонение от учебы. Ученые отмечают множество разных причин снижения мотивации. Я считаю, для решения нашей проблемы необходимо учитывать причины снижения мотивации, зависящие от учителя. Это могут быть неправильный отбор содержания учебного материала, вызывающей перегрузку учащихся, не владение учителем современными методами обучения и их оптимальным сочетанием, неумение строить отношения с учащимися и организовывать взаимодействия школьников друг с другом, особенности личности учителя. Как показывает практика, учителя далеко не всегда уделяют должное внимание мотивации учащихся. В таких случаях деятельностью учащихся движет, прежде всего, желание, избежать разного рода неприятностей. Соответственно у учеников постепенно формируется страх перед школой, страх перед учителем. А длительность этого процесса перерастает в тревожность. Авторы книги "Эмоциональная устойчивость школьника" Б. И.

Кочубей и Е. В. Новикова считают, что тревожность развивается вследствие наличия у ребенка внутреннего конфликта, который может быть вызван противоречивыми требованиями, предъявляемыми школой, неадекватными требованиями (чаще всего завышенными), негативными требованиями, которые унижают ребенка, ставят его в зависимое положение. Большинство детей испытывают трудности эмоционального характера, что соответственно снижает уровень мотивации. [2, с.88]

Для повышения качества знаний, как конечного результата любого обучения необходимо повысить мотивацию. Однако прежде чем решить такую масштабную проблему необходимо снизить уровень тревожности, причины которого зачастую отвлекают учащихся от получения знаний [3]. Современные методы и формы организации урока при обновленном содержании образования дают много возможностей для решения этой проблемы. К примеру, при профессионально организованной групповой работе (с соблюдением всех требований к организации групповой работы, хотя зачастую учителя учитывают лишь внешние показатели групповой работы) учащийся не боится, что его неожиданно спросят, он может попросить помощи у одноклассников. Во-вторых, обучение на основе взаимодействия учащихся содействует развитию коммуникативных навыков, формируют у ребенка конструктивные навыки поведения в трудных ситуациях, преодолевается его стремление действовать всегда и везде по правилам. Он обучается доступным способам снятия излишней тревоги, напряжения, учится расслабляться и т.д. Еще важно научить тревожного ребенка самостоятельно оценивать результаты своей деятельности и доверять собственным оценкам.

Второй, не менее важной проблемой является сосредоточение усилий и внимания учащихся на показателях внешних (баллах), установка большинства учащихся на «удачную сдачу СОРов и СОЧей». Считаем, что решением этой проблемы станет развитие навыков саморегуляции своей учебной деятельности. Он должен понимать, что СОРы и СОЧи - это некая ступень к дальнейшим знаниям.

Саморегуляция – важное качество в обучении в условиях обновленного содержания образования. По определению саморегуляция учебной деятельности – это специфическая регуляция, осуществляемая учеником как субъектом деятельности. Ее назначение состоит в том, чтобы привести в соответствие возможности ученика с требованиями учебной деятельности, то есть ученик должен осознать свои задачи в качестве субъекта учебной деятельности. На данном этапе многие учащиеся не осознают свои задачи, не совсем четко видят свои цели. Часто нам кажется формальным озвучивание цели урока. Думаем, на начальном этапе надо не только озвучивать, но и прописывать цели. Каждый ученик должен визуально видеть (визуальное внимание более результативно) эти цели. А в конце урока акцентировать внимание ученика на выполнении данной цели по пунктам. Эта система в

конечном итоге приведет к желаемым результатам. В начале изучения раздела эффективно ознакомление учащихся с целями данного раздела.

Учащийся, запоминая цель, подсознательно начнет строить траекторию своей деятельности на данном этапе. Это важно. Далее он перейдет к планированию конкретных действий. На данном этапе педагогу важно не пропустить контроль и дать ученику необходимые рекомендации.

Овладение учеником компонентами саморегуляции – сложный процесс, который проходит на всех этапах обучения учащихся. Саморегуляция - необходимый навык для функционально грамотного и конкурентноспособного выпускника, ведь конечной целью нашей педагогической деятельности в новых условиях является формирование именно такой личности.

Список литературы:

1. Кочубей Б.И., Новикова Е.В. Эмоциональная устойчивость школьника М.: Знание, 1988.

2. Лютова Е.К., Моница Г.Б. Шпаргалка для взрослых: Психокоррекционная работа с гиперактивными, агрессивными, тревожными и аутичными детьми. - М., 2000

3. Гольник О. Новая система образования в Казахстане 2019–2020 <https://www.nur.kz/1773601-novaa-sistema-obrazovania-v-kazahstane-2018-2019.html>

Мектеп жасына дейінгі балалардың оқшаулануының себептері

Рассаднева Л. А., «Гүлдер» бөбекжайы КМҚК

директор

Халықтық мәдени құндылықтар және салт-дәстүрлер, рухани-өнегелік сапаларды жас ұрпақ бойына сіңіруді, патриотизмге тәрбиелеуге, ұлттық ар-намыс, абыройды сезіндіру білімсіз дами қоймайды. Сондықтан да қоғам адамдардың бірігіп тіршілік ету ортасы адамдар қарым-қатынасында және жалпы өмір сүру барысында топтасқан (еңбек ету, оқу әрекеті), бірлескен іс-әрекетте ұжымның әрбір мүшесіне белгілі бір істі тұрақты атқарып тұру жүктеледі. Осыдан әрбір адамның қоғамдағы орны қызметі және әлеуметтік рөлі анықталады.

Осыған орай жас ұрпақты оқытып, тәрбиелейтін барлық ұжымдардың алдына қойылып отырған талаптардың бірі – тәлім-тәрбиеге баса көңіл бөлуі болып табылады. Қазіргі қоғам жағдайында балалар ұжымы жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды факторы. Ұжым проблемесын зерттеушілер қазір оны зерделеудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін жасалуда. Жеке тұлға және ұжым

мәселелерімен философтар, әлеуметтанушылар, әлеуметтік педагогтар, психологтар айналысуда. Бұл аталған мәселенің педагогикалық ғылым мен практиканың шеңберінен әлде қашан шығып кеткендігінң дәлелі екені анық. Ұжымның педагогикалық теориясын дамытуға П.П. Блонский , Л.С. Выготский, Н.К.Крупская, П.Н. Лепешинский, В.И.Сорока-Росинский, С.Т. Шацкий және т.б. өз үлестерін қосты.

Теориялық көзқарастарының әр түрлілігіне карамастан, ғылымдарды бір мақсат біріктіреді: балалардағы әлеуметтік оқшауланудың ерте формаларын зерттеу, олардың пайда болу механизмдерін анықтау, сонымен қатар балалардың болашақта адамдармен қарым-қатынас жасау барысында туындайтын қиыншылықтарды болжай білу.

Т.Гутеил және Р.Шейдер еңбектерінде оқшаулану ұғымын жан-жақты түсіндіруге тырысады. Олардың айтуы бойынша адамдардағы бостандықты шектеу-әрдайым үлкен жауапкершілікті іс.[1]

Тәрбие саласында баланың қандайда бір теріс қасиетіне байланысты өз бөлмесіне қамап қою, яғни бір өзін болдыру жазасы қолданылады, көптеген балалар мұны қатаң сөгіс, жазалау деп қабылдамайды. Дегенмен, кейбір балалар өзін мен қажетсіз адаммын, маған бәрі теріс қарайды деп сезінеді.

Жалпы алғанда оқшаулану дегеніміз-балалардың ұжымнан шектетіліп қалуы. Жалпы адамды әлеуметтен оқшаулау, өз еркі немесе міндетті түрде болып бөлінеді екен.

Міндетті оқшаулану экстремалды жағдайда қолданылуы мүмкін. Жалпы адамды ұжымнан оқшаулануының өзіне тән ережелері болады:

1.Адамның өз қалауы бойынша оқшаулану, мұны ұжыммен байланыстыратын болсақ, бала топта өзіндік ерекшеліктері мен қалауы бойынша бөлек жүруді ұнататындығын көрсетеді.

2.Дәрігерлік емдеу мақсатында жоспарлы түрде құрылуы мүмкін. Ал мұны тәжірибиемен байланыстыратын болсақ, кей жағдайда баланың өз мінез-құлқындағы теріс қылықтарды жөндеу мақсатында тәрбиеші ол баланы топтан оқшаулата отырып, жеке әрекеттер орындату арқылы, жалғыз өзі орындату шараларын қолдану негізінде психологиялық коррекциялық жұмыстар жүргізілетінің көрсетуге болады. [2]

3.Медицина саласында оқшаулану әркеті емдеу әдісіне қосымша ретінде қолдануы сияқты педагогикалық тәжірибеде де бала тәрбиесінің әдіс-тәсілдеріне қолдану арқылы жүргізілуі мүмкін.

Ендігі кезекте осы айтылғандарды педагогикалық тәжірибеде қолдануға байланысты сипаттауға тырысайық.Балабақша қабырғасында көрінетін баланың ұжымнан оқшаулану жағдайлары бірнеше себептің негізінде болады. Дегенмен, балалардың өз арасында туындаған оқшаулану жағдайларын тәрбиеші аңғарысымен-ақ оны тиімді және дұрыс басқаруды, оны басқаруға қойылатын талаптарды тиімді жүзеге асырып отыру қажет.

Балалар ұжымындағы оқшаулану мәселесін шешу және оның алдын-алу жолдарын айқындау негізінде тәжірибе жүргізілді. [3]

Зерттеу жұмысы Гүлдер бөбекжайында жүргізілді. Эксперимент жұмысының мақсаты – балалар ұжымындағы оқшаулану мәселесін шешу және оның алдын-алу жолдарын анықтау. Сонымен қатар, бақылаушы және эксперименталды топ болып бөлінді. Эксперимент жұмысының мақсатын жүзеге асыру барысында төмендегідей міндеттер қойылды:

1. Балалар ұжымындағы оқшаулану мәселесін шешу және оның алдын алу жолдарының мазмұнын айқындап, соған сәйкес әдістемелерді іріктеу. алынған мәліметтерге сүйеніп тәжірбиелік жұмысты өткізу үшін ойындар, әңгімелер, тренингтер өткізілді, соның ішінен Дж.мореноның социометриялық әдістемесін атап өтуге болады.


Кесте 1

Дж.Мореноның социометриялық әдісінің қорытындысы

| № | Деңгейі | Эксперимент тобы | Бақылау тобы |
|---|---------|------------------|--------------|
| 1 | Жоғары | 23% | 24% |
| 2 | Орташа | 32% | 34% |
| 3 | Төмен | 45% | 42% |

Сонымен, Дж.Мореноның социометриялық әдісін қорытындылайтын болсақ эксперимент тобында жоғарғы деңгейді 23%, ал бақылау тобында 24%. Орташа деңгейді эксперимент тобында 32%, ал бақылау тобында 34%. Төмен деңгейді эксперимент тобында 45%, ал бақылау тобында 42% (Кесте 1).

Жоғарыдағы Дж. Мореноның социометриялық әдісін қорытындылай келе біз оны гистограмма түрінде көрсеттік (Сурет 1). [4]



Сурет 1. Дж.Мореноның социометриялық әдісінің гистограмма көрсеткіші.

Қорыта келгенде уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер үзіліссіз тәрбие негізі болып саналады.

Балалық қатыгездік- барлығына танымды құбылыс екені бәріне мәлім. Әлемдік педагогиканың бір парадоксының нәтижесі бойынша ересек бала көбірек өзінің қатарластарына қатыгездік көреді екен. Оқушылардың агрессивтік қылықтарының генезисі олардың жеке тұлғалық әлеуметтенуінің дефектерімен байланысты. Мектепке дейінгі балалардың ата-аналарының

жазалауының жиілігі мен балалардың конфликтке түсуі, олардың жас ерекшеліктеріне байланысты болады. Яғни, өзімен жастылардың оны моральды этикалық критериімен бағалауы және т.с.с. [5]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ/
2. Намазбаева Ж.И. Психология: Оқу құралы. Алматы: Алматы кітап, 2005. 256 б.
3. Намазбаева Ж.И. Жалпы психология: Оқу құралы. Алматы: Алматы кітап, 2006. 230 б.
4. Бабанский Ю.К. Педагогика. -М., 1998.
5. Жарықбаев Қ., Қалиев С., Қазақ тәлім – тәрбиесі. Алматы, 1990.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлтымыздың болашақ айнасы

Тебай Р.Ұ, «Бәйтерек» бөбекжайы ҚМҚК

директор

Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын да заман талабына сай, уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ететін кез келді.

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу бағдарламалары әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, арнайы әдіс – тәсілдер арқылы бастауыш білім берудің бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады.

Қазіргі қоғам жастардың бойына адами құндылықтарды - мейірімділікті, сүйіспеншілікті, қайырымдылық-ты, әділдікті, қамқорлықты бойына сіңіріп тәрбиелеуді талап етеді.

Рухани-адамгершілік тәрбие ерте балалық шақтан бастау ала отырып, адам өмірінің әр кезеңдерінде жүйелі дамый келе, осы тәрбие үрдісін дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде, рухани бай, дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуге өріс ашады.

Адамгершілік -адам бойындағы ең асыл қасиеттің бірі. Ол қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өзінде бағаламайды.

Өзінді және өзгені сыйлай білу адамгершілікке жатады. Қарағанды қаласы ҚМҚК «Бәйтерек» бөбекжайы 2015-2019 оқу-жылдан бері С.А.
Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы

бойынша пилоттық жобада жұмыс жүргізіп. 2018жылдан бастап базалық ұйымға қадам басты..

Біздің мақсатымыз бірыңғай адамгершілік-рухани білім беру жүйесін құру болып табылады. Жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған тұлғаны дамыту үшін құқықтық және этикалық, адамгершілік мінез-құлық құндылықтарға, қағидалар мен дәстүрлерге құрметпен қарау.

Басты бағытымыз рухани-адамгершілік құндылықтарға бағытталған. Барлық атқарылып жатқан іс-шаралар «Бөбек» ҰҒПББСО және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығымен тығыз қарым-қатынаста. Семинарда тренерларымыз «Өзін-өзі тану»- пәнінің басқа пәндермен интеграцияланған мектеп алды даярлық топтарының оқу қызметіне қатысып, балалардың білімін көрді.

Әр ұйымдастырылған оқу –қызметінде балалар құндылықтарды аша біліп, өз ойларын еркін жеткізе білді. Республикалық семинар бөбекжайымызда «Бөбек» ҰҒПББСО арнайы келген тренерларымыз Райхан Мұратханқызымен Гүлжан Аманкелдіқызының қатысуымен өтті. Бөбекжайдың «Наурыз-тойының» құтты қонағы болып, «Балауса» ортаңғы тобының «Армысың Әз наурыз» ертеңгілігіне қатысып, балалардың қуанышына ортақ болып, біздің тәрбиеленушіміздің "Тұсау кесу" рәсімін өткізді. Бұл біздің бөбекжайымыздың ата-аналарының көңілінен шықты..

Гульжан Амангельдиевна біздің бөбекжайымызда ата-аналар кездесіп өзара пікір алмасып, өткізген тренингі сәтті аяқталды. «Өзін-өзі тану пәнін білім беру үрдісіне интеграциялау сияқты бірлескен семинарлар, конференциялар жоспарлы түрде жиі өткізіледі. Бұл біз үшін тәжірибе алмасуымызға өте маңызды. Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен психологтарына арналған «Қазіргі өмірдің құндылықтары» атты семинар және мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына арналған:

««Өзін –өзі тану» рухани адамгершілік білім беру бағдарламасын іске асыру жолдары» атты, жас мамандармен «Сүйіспеншілік пен шығармашылық педогогикасы» тақырыбында бөбекжайда ауқымды семинарлар жоғары деңгейде өтті деп айтуға болады.

Бүгінгі күні жұмыс жүйесі нақты қалыптасып ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасаймыз. :Бөбекжайымыздың ата-аналары барлық іс-шараға өте белсенді араласып, шығармашылық конкурстарда лауреат және жеңімпаз болып табылды. «Толеранттылық апталығы», Отбасы күніне арнайы ұйымдастырылған «Біз бақытты отбасымыз» байқауында әр Отбасы өз шығармашылықтарын паш етіп, көңілді концертке ұласты. «Қайырымдылық жаса» акциялары тұрақты өткізіліп тұрады. 3.02.2020.-12.02.2020-жылы аралығында «Өзін өзі тану: Махаббат пен Шығармашылық педогогикасы» апталығы жоғары деңгейде бөбекжайда аталып өтілді.

«Сүйіспеншілікпен өмір сүру», атты тақырыпта С.А.Назарбаеваның қызметі жайлы, оның ішінде автордың жазған кітаптары жайлы әңгімелер ұйымдастырылды. «Алтын жүрек анамыз» атты байқау ұйымдастырылып, мектеп алды даярлық топтары балалары анамызға арнап өлеңдер оқыды. Ата

аналар мен балалар бірлесе отырып «Руханилықтың мөлдір бұлағы» атты көрме, «Ән-көңілдің ажары» атты ән фестивалі «Мейірімді жүрек» атты театрлық қойылым балалардың көңілінен шығып қызығушылықтарын арттырды. Барлық мектепалды даярлық топтары ұйымдастырылған оқу-қызметтерін өткізіп, ортанғы топ бүлдіршіндері «Бәрі сүйіспеншіліктен басталады» атты концерттік бағдарлама, және «Қайырымдылық жер бетінде» флеш-мобпен жалғасып балаларды қызыққа бөледі. Апталықтың жабылуы ата-аналармен бірігіп ұйымдастырылған «Жүректен-жүрекке» концертімен аяқталды. Жүректен салған ән, жүрекке жетті. Балаларға жақсылық сыйлау, қамқорлық жасау барысында апталықта ата-аналар өте белсенділік танытты. Бөбекжайда өткізілген «Мейірімді жүректер ынтымақтастығы» қайырымдылық акциясына өз отбастарының атынан әртүрлі танымдық ойындар әкеліп, жүрек жарды лебіздерін білдірді. Әр бала бақытты өмір сүруге құқұлы.

Біздің кішкентай сәбилеріміздің кірпігін ешқашан мұң шалмасын дей келе осы жиналған ойыншықтарды «Үміт» балалар үйіне ата-аналар өз қолдарымен табыстады.

«Ұлы дала мұрагерлері» форумы қарсаңында «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі», «Қазақ халқының мұрасы» атты іс шаралар ата-аналармен бірлесе отырып жүргізілді. «Шеберлер қаласы» атты көрмеге қыштан жасалған ойыншықтар мен бұйымдардан көрме ұйымдастырылып, көпшілікке ұсынды.

«Батыр» мектепалды даярлық тобының ата-анасы Бақытжанов Данияр өз отбасымен шебер сынып көрсетіп қыштан жасаған кеселері барлық адамдардың көңілінен шықты. Рухани Жаңғыру аясында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын негізге ала отырып, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының арасында алғашқы рет жоғары деңгейде ұйымдастырылған, қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін, тілін, ұлттық құндылықтарымызбен, қасиетті жерлерімізді насихаттау барысында жас ұрпаққа үлгі болатын ауқымды іс-шараны Қалалық Білім бөлімі ұйымдастырған «Ұлы дала мұрагерлері» форумы жоғары деңгейде өтті.

Біздің бөбекжай педогогтары мен тәрбиеленушілері «Қазақтың 100 әні» алаңында «Мен қазақпын» атты әнді асқақтата әуелетті. Жүректері Елім деп соққан жас бүлдіршіндер ертеңгі еліміздің болашағы.

Ең бастысы, білім берудің базалық мазмұнын жүзеге асыру балаға тұлғалық-бағдарлық және жеке ерекшеліктеріне қарай қарым-қатынас жасау мен балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту үдерісіне ата-аналарды белсенді қатыстыру мақсатында ұйымдастырылып, жүзеге асырылғанда ғана баланың жеке басының даму сапасы жоғары деңгейге жететіндігін естен шығармауымыз керек.

«Өзін-өзі тану» бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізетін тәрбиешілер жүріс-тұрысы, мінез-құлқы, адами сапаларымен балаға, оның ата-анасына үлгі болуға, олармен жақсы қарым-қатынаста болуға тырысуы қажет.

Ата-ана мен тәрбиешілер баланы оқыту мен тәрбиелеуде отбасының ерекше рөл атқаратынына баса назар аударып, бірлесе, ынтымақтаса әрекет

еткені жөн. Сонда ғана осы бағдарлама бойынша жүргізілетін жұмыс нәтижелі болады. Қазақстандық жас азаматтардың барлығы дерлік жат қылықтардан аулақ болып, қазақ халқының адамгершілік құндылықтарымен танысып, өз бойына осы қасиеттерді сіңіріп өссе, нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. "Қазақтан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты халыққа арнаған жолдауы. "Егемен Қазақстан" газеті, 2017ж ,
2. Сатай Сыздықов. "Мәңгілік ел". "Бұл көне тарихтан тіл тартқан идеяның жаңа дәуірмен ұштасуы". "Егемен Қазақстан" газеті 2016ж

Бастауыш буындағы оқу процесіндегі үлгермеушіліктің педагогикалық-психологиялық себептері және оларды алдын алу жолдары

Шутенова С.С., педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы, Ізгілік педагогика орталығының директоры ЖММ «Bolashaq» Академиясы

Қазіргі жеделдету, демократияландыру жағдайында Қазақстан Республикасында басты міндеттердің бірі - ұлттық ерекшеліктерді еске алып, жастарға терең білім мен тәрбие беру ісін одан әрі дамыту және жетілдіру. «Қазақ мектептері - қазақтарға білім берудің басты құралы, біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі, осы мектептерде. Сондықтан мектептерде жақсы білім беретін болсын. Ғылыммен қаруланған, әр нәрсеге дұрыс көзқарасы бар адамдар қазақ арасында көбейіп, бүкіл халыққа әсер ете алады», - деп Ұлы ұстаз Ы. Алтынсарин өсиет айтып кеткен[2].

«Қазақстан – 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын әрбір қадамын сенімді басқан мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтар қатарынан қалмай, болашақты оптимистік көзқараспен болжамдап, өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдей алатын, өркениетті даму жолындағы жаңа бағыттарын айқындаудың жолы деп білеміз. Жолдауда айтылғандай, бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолында Елбасының айналасына бірігу «Мәңгілік ел» мұратымызға жетудің берік негізі болып табылады[3].

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруге бетбұрыс жасауда. Өйткені, ҚР Білім туралы Заңында «...ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп көрсетілген[4].

Көптеген мектептерде мемлекеттік білім стандарттарын енгізумен қатар жаңа пәндердің көптеп қосылғандығы, авторлық білім беретін және тәрбиелік

бағдарламалардың жиі қолданылатындығы, халықаралық білім беру бағдарламаларының игеріліп өз нәтижесін беріп жатқандығы кеңінен мәлім. Сол орайда, үлгермеушілік деген феномен көп орын алуда. Үлгермеуші балалармен жұмыс, оның түрлері, жұмыстың сапасы және үлгермеушіліктің алдын алудың ең тиімді жолдарын табу - осы зерттеу жұмысының негізгі мәселесі болып табылады.

Еліміздің еркіндік алуы, тіл аясының кеңеюі, қазақ мектептері санының көбеюі бүгінгі талапқа сай кадрларын әзірлеу, жас педагогтарға өзіндік бағыт, бағдары бар түйінді ойларды жинақтап жеткізу қажеттігін туындатып отыр. Сол себептен де қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді күтуде. Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкершіл педагог-мамандардың қажеттігін мойындап отыр. Себебі адам тағдырында мектептік кезеңі аса маңызды. Ал әрбір адам өмірінде мектеп кезеңінің алғашқы сатысы болып табылатын бастауыш білім алу уақыты өте сапалы, нәтижелі болу керек. Балалардың өмірлік бастауында жетесіз педагог тұрса, одан келер шығынды өлшеп болмайды[5]. Сондықтан да педагог білікті маман, өз ісінің шебері болуы керек, яғни педагог шебер болу үшін: өзінің мүмкіндіктерін жаңа формация мұғалімі ретінде объективті бағалай алуы керек, кәсіби мамандығына қажетті қабілеттерді меңгеруі тиіс, жалпы мәдениетті, интеллектуалды іс-әрекетті, мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі тиіс, өтіп жатқан интеграциялық процестерге, әлемдік білім беру кеңістігі қарқынына бағыттала алуы тиіс. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндет ауыр» деген болатын. Қазіргі заман Мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын терең меңгерген, білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейіндешығармашыл ұстаз күнделікті әрбір сабағын түрлендіріп өткізуге тырысады. Оқушының білімін көтерудің, ең басты шарты, оның пәнге деген қызығушылығын арттыру. Пәнге деген қызығушылығы болса ғана, бала оған көңіл қойып тындап, тереңдете оқып үйрене бастайды. Пәнге қызыққан оқушының білім сапасының жоғары болатыны белгілі. Шебер мұғалім үнемі оқушының ойлау белсенділігін арттырып, білімге қызығушылығын тудырғанда ғана ұстаз мақсатына жетеді. Сондықтан да үлгерімі төмен оқушылардың қатары да азаяды.

П.П.Блонский өзінің «Қиын оқушылар» атты еңбегінде үлгермейтін оқушылардың типтерін физикалық және психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты бөліп қарастырған. Ғалым мектептегі үлгермеушілікті мектептің тәрбиелік және дидактикалық талаптарына тәртіп пен оқудың нәтижелерінің сәйкес келмеуі жағдайы деп түсіндіреді.

Үлгермейтін оқушылардың типологиясы бойынша құнды материал Л.С.Славинаның «Үлгермейтін және тәртіпсіз оқушыларға жеке ықпал ету» еңбегінде бар. Бұл еңбекте үлгермейтін оқушылардың топтары, үлгермеушіліктің негізгі себебі анықталған.

Б.Г.Ананьев еңбегінде педагогикалық процестегі бағаның рөлі көп-жақты зерттелді.

В.С.Мерлин (1959) «Жеке тұлға психологиясының очеркі» еңбегінде кейбір оқушыға, мына жұмысты жақсы орындадың деген жеткілікті. Ал басқаның жұмысын осы түрде бағалағанда, ол жеткіліксіз, оған үлкен баға қажет екенін анықтады.

Ғалым-педагог Л.В.Занков: «Оқыту оқушының жалпы рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет», - дейді[1].

Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, оны тиянақты істей білуі мен танымдық белсенділігін арттыру - қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бірі. Оқушылардың нәтижелі оқуына әсер ететін сыртқы және ішкі күштер немесе себептер болады. Оқушылардың білім алуды ілгері қарай бастауына себепкер болатын негізгі күш - түрлі қайшылықтар. Бала білмеуден білуге қадам басқанда әр түрлі қиындықтар мен қайшылықтарға кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асырылады. Оқыту үрдісіндегі ең негізгі қайшылық, ол – педагогикалық міндет талаптарымен оқушылардың мүмкіндіктерінің білімі мен дағдысының және дамуының қазіргі деңгейі арасындағы қайшылық. Сол қайшылықтарды шешудің дұрыс немесе тиімді жолын таба алмағандықтан, үлгерімі төмен оқушылар пайда болады. Оларға дер кезінде көмек беріп, мәселені шешу жолдарын анықтау бағытында көптеген педагог-психологтар жұмыс істеуде.

Оқытудың, тәрбиелеудің, білім берудің сапалы деңгейін қалыптастыру қазіргі мұғалімдердің ең басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан үлгермейтін оқушылардың білімін жаңғырту және қалыптастыру жағдайын және сыныптардағы үлгермеушілікті болдырмау жөніндегі өзіміздің әрекетімізді талдау үшін осы берілген мақаламызда көрсеттік.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бабаев С.Б., Оразов Ш.Б., Бабаева К.С. Педагогика. -Алматы, 2008. 15 б.
2. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. Монография.–Алматы: Ғылым, 2003. 140 б. (бірлестікте: Әбілқасымова А.Е.).
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 11 қарашадағы ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы // <http://www.akorda.kz/kz/allNews>.
4. ҚР Білім туралы заңы. Астана, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
5. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. Монография.–Алматы: Ғылым, 2003. 144 б. (бірлестікте: Әбілқасымова А.Е.)

Өздігінен білімін жетілдіру арқылы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру

Нүркенова Г.Қ., Маженасова М.С., «Болашақ» академиясы

*Барлық нақты білім тек өздігінен білім алу арқылы ғана өндіріледі.
Н.А. Рубакин.*

Жаһандану теңізіне желкенін жайған мемлекетіміздің ертеңгі алға бастайтын мықты ескегі болатын өткелен ұрпақты тәрбиелеу мен оқу-білім қайнарымен сусындататын осынау абыройлы мамандық иегерлері біздер педагогтар болып табыламыз. Біз тәуелсіз татулығы жарасқан осынау дархан мекеннің болашағы үшін жастардың оқу – тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Ал жастарға қоғам талабына сай білім мен тәрбие беру үшін педагог үнемі білімін жетілдіріп отыруы тиіс.

Үнемі өздігінен білімін жетілдіру – «қазіргі заманғы ағымнан» қалыс қалмауға көмектесетін қазіргі заманғы адам өмірінің айқындаушы активі. Кәсіби қызметтің ең тән ерекшелігі ақпараттық ресурстар мен технологиялардың өзгеруіне байланысты оның қозғалмалылығы болып табылады және біз бұрынғы кәсіби біліктер мен дағдылар тез ескіретінін, жұмыстың басқа түрлері мен әдістерін, аралас ғылымдардың теориялық білімін және т.б. талап ететіндігін айқын түсінеміз. Осы үрдістерді оқып үйрену үшін адамда үнемі оқу қажеттілігі туындайды.

Педагогтің өздігімен білімін жетілдіру мәселесін А.Дистервег А.Г. Мысливченко, И.Л.Наумченко, Н.А. Рубакин, А.П.Владиславлев, Б.С.Гершунский, А.К Трошева, А.В. Даринский, Ю.К.Кулоткин, Г.Н.Сериков және т.б. көптеген ғалымдар қарастырған.

Өздігімен білім алуда бір жағынан мақсат жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу болса, екінші жағынан әлеуметтік негативтілік, апатия және инженерлік-педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін талап етпеудің өсуі орын алуда. Осыған орай педагогикалық қарама-қайшылық туындайды. Бұл аталған қарама-қайшылық қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында педагогтің өздігінен білім алу мәселесінің өзектілігін айқындап отыр.

Мұғалімнің өзін - өзі жетілдіруі дегеніміз педагогтың кәсіби шеберлігін арттырудың бір түрі. Өздігімен білім алу арқылы пәнді оқыту сапасы артады, педагогикалық шығармашылыққа дайындық жүзеге асырылады, кәсіби және мансаптық өсу байқалады, заманауи жаңашыл мұғалім, мұғалім – шебер, мұғалім-тәлімгер имиджі құрылады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі үшін өздігінен білім алудың маңызына келесілер жатады:

- пәнді оқыту сапасын арттыру;
- педагогикалық шығармашылыққа дайындық;
- кәсіби және мансаптық өсу;

- заманауи жаңашыл мұғалім, мұғалім-шебер, мұғалім-тәлімгер имиджін құру;

- мұғалімнің қоғам мен мемлекет талаптарына сәйкестігі.

Өзін-өзі жетілдіру ерікті, саналы түрде жүзеге асырылады, жоспарланады. Оны педагогтың өзі басқарады және бақылайды. Өздігінен білім алу қандай да бір қасиеттер мен дағдыларды жетілдіруде аса қажет.

Өздігінен білім алу мынадай іс-әрекет түрлері арқылы жүзеге асырылады:

- педагогикалық және әдістемелік әдебиеттермен танысу;

- қандай да бір тақырып бойынша өздігінен білім алу жұмысы;

- ақпараттар ағымы болып табылатын ғаламтордағы ақпараттарға шолу жасау;

- семинарларға, конференцияларға, әріптестердің сабақтарына қатысу;

- пікірталастар, кеңестер, әріптестермен тәжірибе алмасу;

- біліктілікті арттыру курстарынан жүйелі түрде өту;

- білім беру технологияларын меңгеру (оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын, құралдарын іріктеу);

- ашық сабақтар өткізу және оларды талдау;

- желілік қоғамдастықтағы әріптестермен қарым-қатынас;

- кәсіби конкурстарға қатысу [1].

Өзін-өзі жетілдіру үздіксіз, бірақ оны кезең-кезеңмен жоспарлау керек. Осыған орай педагогтердің өздігімен білім алуын ұйымдастыру технологиясы келесі кезеңдерден тұрады:

1 кезең-диагностикалық: ол өздігімен жұмысқа белгілі бір көңіл-күйді құруды қамтиды; кәсіби қиындықтар мен мүдделерді талдауды; мәселе қою, жұмыс мақсатын таңдау, жеке тақырыпты тұжырымдау, өз іс-әрекетінің реттілігін ұғындыруды (нәтижелерді жоспарлау және болжау) көздейді.

2 кезең-педагог таңдаған білім беру мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттермен танысады; қаладағы, өңірдегі, елдегі әріптестерімен тәжірибе алмасу; педагогикалық фактілерді жинақтау, оларды іріктеу және талдау, тақырып бойынша картотеканы қалыптастыру.

3 кезең-практикалық, теориялық материалды нақты жағдайға (пәнге) бейімдеу; таңдалған жұмыс әдістерін тәжірибеде байқаудан өткізу; мониторинг, сауалнама жүргізу. Практикалық жұмыс әдебиеттерді оқумен қатар жүреді. Осы кезеңде жинақталған фактілерді түсіну, талдау және жинақтау жүріп жатыр. Әріптестермен оқыған педагогикалық әдебиет пен сынақтан өткен тәжірибені ұжымдық талқылауды ұйымдастыру орынды.

4 кезең – енгізу, онда педагог одан әрі жұмыс істеу барысында өз тәжірибесін пайдаланады, сондай-ақ оны таратумен айналысады. Теориялық материалға (дидактикалық материалдар, сабақ әзірлемелері, сыныптан немесе аудиториядан тыс іс-шаралар және басқа да әдістемелік жұмыстар) сүйене отырып, таңдалған тақырып арнасында өзіндік жұмыс жасау; апробациялау, түзету, нәтижелілігін бақылау жатады.

5 кезең-қорытынды (немесе қорытынды-бақылау), онда педагог өз білімін жетілдіру тақырыбы бойынша өзінің дербес әдістемелік жұмысына талдау

жүргізуі, нәтижелерін, әріптестеріне арналған ұсынымдарды ресімдеуі тиіс. Бұл кезеңге әдістемелік бірлестіктердің, педагогикалық кеңестердің отырыстарында мониторинг жүргізу, сауалнама жүргізу және материалдарды таныстыру кіреді [2].

Өздігінен білімін жетілдіру мәселесіне педагогтардың өзіндік көзқарастарын анықтау мақсатында өзіміз қызмет атқаратын «Болашақ» академиясының «Мектепке дейінгі және бастауыш мектепте оқыту теориясы мен әдістемесі» кафедрасының педагогтарынан шағын сауалнама алдық.

Өздігінен білімін жетілдіру мәселесіне педагогтардың өзіндік көзқарастары

| | Сұрақтың мазмұны | Жауаптары | | |
|----|--|------------|--------------|----------|
| | | Келісе мін | Келіспей мін | Бейтарап |
| | Зерттеу процесінде рефлексия жасау қажет | 60% | 15% | 25% |
| I | Зерттеушілік іс-әрекет кәсіби дағдыларды жетілдіреді | 65% | 25% | 10% |
| II | Зерттеушілік іс-әрекетпен үнемі шұғылдану керек | 45% | 30% | 25% |
| Y | Lesson study (LS) технологиясын әр педагог оқу барысында қолдануы тиіс | 35% | 45% | 20% |
| | Lesson study (LS) педагогтардың кәсіби шыңдала түсуіне көмектеседі | 30% | 40% | 30% |

Өздігінен білімін жетілдіру мәселесіне педагогтардың өзіндік көзқарастарын анықтаудың диаграммалық бейнесі



Сауалнамадан алған нәтижелерден көріп отырғанымыздай педагогтардың басым көпшілігі өздігінен білімін жетілдіру мәселесіне байланысты оң көзқарастар байқатты. Алайда өздігінен білімін жетілдірудің қаншалықты маңызды екенін әлі де сезіне бермейтін оқытушылар да байқалды. Бұл оқытушылар жас мамандар болып табылды. Сондықтан да өздігінен білімін жетілдіру ерікті, саналы түрде жүзеге асырылуы тиіс болғанымен, жас мамандарға бұл тараптан бағыт бағдар берілгені маңызды деп ойлаймыз. Сондай-ақ кейбір оқытушылар өздігінен білімін жетілдіруге уақытының

жоқтығымен байланыстырды. Сол себепті өздігінен білімін жетілдіру мәселесінің маңызын аса бағаламайтындығы байқалды.

Сонымен қорытындылайтын болсақ, педагогтың өздігінен білімін жетілдіру оның зерттеу әлеуетін арттыру мен кәсіби дамуында маңызы өте зор. Педагогтардың үнемі ізденіс үстінде болуы олардың кәсіби құзыреттілігін дамытады.

Пайдаланған әдебиетер:

1. Гуслова М. Н. Инновационные педагогические технологии; Академия - Москва, 2010. - 288 с.

2. Матяш Н. В. Инновационные педагогические технологии. Проектное обучение; Академия - Москва, 2012. - 160 с.

**Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттауды
қалыптастыру және оның маңыздылығы**

Кенжебек Ш.К., КМҚК «Думан» бөбекжайы

директор

Қазіргі ғаламдану заманында еліміздің әлемдік деңгейге көтерілуге бет бұруы кезеңіндегі ұлттық мәдени-тарихи, рухани құндылықтарымызды бойына сіңірген азаматтарға қоғамның сұранысының өсуі балабақшадан бастау алады. Жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, білім жетістіктерін өркениетті елдердің білім деңгейіне көтеру қажеттілігін алға тартады. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі ел болашағы. Олай болса болашағымыздың іргесі бүгіннен берік қалануы тиіс. Адамға тән қасиеттердің бәрі баланың бойына 7 жасқа дейін қалыптасатыны белгілі. Бүгінгі қоғамға лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен психология қалыптасқан тұлға тәрбиелеп өсіру отбасының, балабақшаның, мектептің, қоғамның алдында тұрған міндеті.

Елбасы «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу» деп орынды атап көрсеткені белгілі. Елбасы өз мақаласында біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгерту қажет деген сұбелі ойларын ортаға салып отыр. Ең негізгісі – Қазақстанды әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосу[1, 36]. Осы саясатты жүзеге асыруда еліміздің барлық білім беру жүйелерінде арнайы іс-шаралар жоспары құрылып жұмыстар қарқынды жүргізілуде.

Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Баланың шын мәнісіндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін, зор еңбекті қажет ететін, ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс. Ұлы Абай: «Адам ата-анадан туғанда

есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе дүниедегі жақсы жаманды танидыдағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» бала тәрбиесі сол сияқты, өзін қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді, деген екен.[2, 176] Осы ретте балабақшамызда көптеген жұмыстар, ауқымды шаралар атқарылуда. Биыл елімізде тойланғалы жатқан Абай атамның 175 жылдық мерей тойына біздің балабақшамызда үлкен өз үлестерін қосып жатыр. Тәрбиеленушілеріміз челленджерге қатысып Абай атамның өлеңдерін жатқа оқуда алдарына жан салмады. Оған мысал: Қонысбай Әдемай 5 жас – Күншуақ тобының тәрбиеленушісі Абай атасының «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңін жатқа айтты:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.



Сонымен бірге Республикалық «Зере әженің ізімен» ұлы Абайдың әжесі Зере бейнесі арқылы ұрпақ тәрбиесіндегі әжелердің ролін арттыру арқылы балалардың бойындағы шығармашылық қабілеттерді және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған байқауға, балабақшамызда жұмыс жасап жатқан «Асыл әжелер мектебі» жобасының бір жұмысын жібердік. Онда әжеміз Абай атаның 45 қара сөзінің ішіндегі 38-қара сөзін балаларға мәнерлеп айтып, оның мазмұнын жеткізе отырып, балаларымыздың ұйып тындай білуін, еркін және ашық ойларын айта білу әдептерін дамытуға үлкен үлес қоса білді.



Елбасымыздың алға қойған міндеттерінің бірі «Рухани жаңғыру». «Халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан ауқымы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деп жазған болатын Елбасымыз өз мақаласында. Осы ретте қалалық білім бөлімінің бастамасымен мектепке дейінгі білім меемелері арасында ұйымдастырылып өткізілген «Ұлы дала мұрагерлері» үлкен қалалық іс-шараны атап өтуге болады. Осы үлкен көште біздің балабақшамызда өзіндік үлес қосып, атсалысып «100 кітап» жобасы бойынша «Бәйтерек» қойылымымен барып, тәрбиеленушілеріміз бойындағы ұлттық құндылықтармен еліне деген сүйіспеншіліктерін дәріптеп және оны үлкен көпшілік алында да көрсете білді.



Сонымен қатар балабақшамызда «Асық терапиясыда» өте жақсы жолға қойылып, жұмыс жасап жатыр. Олармен жаңа мазмұнды ойындар құрастырып, оқыту барысында да қолданудамыз «Ханталапай», «Үш табан», «Шеңбер», «Бес тас» т.б.



Қандай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде ол өзін еркін ұстайды. Баланың психологиялық ерекшелігі қуанышы мен реніші осында анық байқалады. Сондықтан да білімін, танымын диагностикалап отыру - маңызды жұмыстардың бірі. Сол мақсатта тоқсан сайын мониторинг жүргізіледі[3,216] Ол баланы жетілдіруге, тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айта келе, әр үйдің үміті болған кішкентай балапандарымызды, ертеңгі болашағымызды Отансүйгіштікке, ұлттық салт-дәстүрімізді құрметтеуге, құндылықтарымызды дарытуға балабақша табалдырығынан бастау алуы қажет екенін тағы да айта кеткім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев // Егемен Қазақстан, 2 наурыз, 2006ж.
2. «Бала мен балабақша» журналы № 6, 7. 2012ж.
3. «Білім беру ұйымдарының әдіскерлері» журналы, № 9, 2018ж.
4. БАҚ материалы

Не ексең, соны орасың!

А. Ж. Айнабекова, «Алданыш» бөбекжайы КМҚК

директор

«Еңбекқор адам», «ұстамды және табанды», «сабырлы, өжет», «қайсарлы адам» дегенді жиі естиміз. Бұлардың астарында адамның қоршаған ортаға, еңбекке, адамдарға, өзіне деген көзқарасы жатқаны бәрімізге де аян. Мысалы, адамның қоғамдық құбылыстарға көзқарасы қандай? Оның қарым-қатынасқа бейімділігі ше? Мейірімділігі мен сезімталдығы, қарапайымдылығы мен өзіне сын көзбен қарай алуы, еңбекқорлығы мен имандылық қасиеттері бар ма? Қорыта келгенде, тұлғаның адамгершілік негізі қандай болса, оның азамат ретіндегі өмірлік ұстанымы да сондай болмақ.

Қай ата-ана болса да өз баласында адамға тән ең жақсы қасиеттердің болуын қалайды. Алайда, қалағанымыз оны әлі жүзеге асырғанымыз емес қой. Сондықтан, өсіп келе жатқан бала аяқ астынан жылпостанып, өтірік айтып, қарсы шығып, үлкендерді тыңдамай, сабаққа зейін салмай, дөрекілік көрсете бастағанда, ата-аналар «Бұл қайдан шыққан мінез? Біз сонша тырыстық қой!»,- деп, таң қалады. Кейде өздерін ақтау үшін «Өзінің құдай берген мінезі сондай»,- деп, баланың мінезі енді өзгермейтінімен келісе салғылары келеді.

Осы тұжырым дұрыс па? Өсіп келе жатқан жеткіншектің мінез-құлқы шынымен де өз-өзінен қалыптасып, ата-ананың оған еш қатысы жоқ екені рас па?

Әрине, бұл не өрескел қателік, не баланы дер кезінде, ол туысымен тәрбиелеуді қажет деп санамайтындардың өздеріне ыңғайлы позициялары.

Мінез-құлық негіздері өте ерте қалыптасады және оның дамуы әлеуметтік ортаға, ал ең бастысы, тәрбиеге байланысты. Мінез – адамгершілік санаты. Егер сіз ең басынан бастап баланы дұрыс тәрбиелесеңіз, уақыт өткен сайын ол адмагершілік, имандылық ұғымдары мен ұстанымдарын дұрыс қабылдап, бұл оның мінезінің негізі болады.

Мысалы, сіз балаңыз жақсы оқысын десеңіз, мектепке дейінгі жастан бастап оған еңбекқорлық, тәртіпке бағыну, адамгершілік пен қайсарлық қасиеттерін дарытуыңыз керек. Оқу – бұл күш пен қауқар талап ететін еңбек, бұл – білімге жетуге бағытталған жігер, бұл – қалаулар мен міндеттерді тәртіпке келтіру, бұл - өзінің «қалаймын-қаламаймындарын» міндетті «қажетке» бағындыру, бұл - өзінің тәртібі мен оқу түріндегі жұмысына саналы қарау.

Тәртіптілік – бұл тұлғаның тәрбиелігінің, жинақтылығының, өзін өзі ұстай алуының көрсеткіші. Тәртіпті адамға жұмыс істеу де, өмір сүру де оңай. Сіз балаңыздың ертеңгі өмірін жеңілдеткіңіз келсе, бүгіннен бастап оның сезім, іс-қимыл, қалауларының мәдениеттілігімен сипатталатын тәртіптілік негіздерін қалыптастыруға ұмтылуыңыз қажет. Тәртіптілік негіздерін бала өте ерте кезден бастап – «болады» және «болмайды», «жақсы» және «жаман» ұғымдарын түсінісімен сіңіре бастайды. Осы ұғымдардың баланың көкейінде қатар тұруы өте маңызды. Себебі, аз уақыттан кейін оларға «керек» деген ұғым қосылады. «Керек» ұғымымен бірге өсіп келе жатқан балаға өз іс-қимылдары үшін жауапкершілік сезімі де келеді. Тәрбиелеудің бұл жолы тұлғаның дамуына бағытталған [1, 16-б.]. Қазақстанға қайсарлы, шығармашылық сезімдері дамыған, өз бетімен шешім қабылдай алатын, қиындықтарға төзе білетін азаматтар қажет.

Ал бұл дегеніміз ең кішкентай кезінен бастап баланы белсенді болуға, дербестілік, бастамашылық, саналылық танытуға бағыттау деген сөз. Бұл бағалы қасиеттердің көзі әдеттерден басталады. «Әдет ексең – мінез орасың», - деген мақал бекер айтылмаған ғой. Бұлар тиісті түрде өсіп, дамуға қажетті тазалық, мәдениет, адамгершілік әдеттері. Олар балалар өміріне тәртіп енгізеді, демек, қиқарлық, еркелік, бағынбаушылық тәрізді келеңсіз көріністердің алдын алады.

Мінез-құлықтың бағалы қасиеттерінің дамуына адамгершілік әдеттері ерекше әсер етеді. Мысалы, мектеп табалдырығында тұрған балаларда қалыптасуы қажет әдеттер: тазалық, ұқыптылық, өз заттарын тиісті түрде ұстай білу, өзін өзі күте білу; ересектердің еңбегін бағалай білу; еңбекке құлшынып, өз бетімен пайдалы істер таба білу әдеті; ойыншықтарына, оқулықтары мен кітаптарына, өз заттары мен қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау; ересектерді құрметтеу, оларға көмек көрсету; ата-ананың сөзіне зейін салу әдеті, тәртіпті, шыншыл және әділ болу; өзін мәдениетті ұстай білу - әдепті, сыпайы, ұстамды болу, және т.с.с., өсіп келе жатқан тұлғаның мінезінің негізін қалайтын, көптеген жақсы әдеттер.

Мектепке дейінгі шақ – балада өз тәртібі мен сыртқы және ішкі іс-қимылдарын саналы басқаруға мүмкіндік беретін еріктің (воля) пайда болу кезі [2, 23-б.]. Ата-ананың міндеті – баланың ерікті қасиеттерінің дамуына көмектесу, оған ерік беріп, әлі келетін қиындықтарды жеңуге итермелеп, өз бетімен таңдау жасауға талпындыру.

Мінездің қалыптасуына отбасындағы барлық жағдайлар әсер етеді. Отбасы – баланың бірінші ұжымы. Осында ол басқа адамдармен қарым-қатынас

жасаудың бірінші тәжірибесін алады, қамқорлықтың бірінші негіздерін игереді. Жауапкершілік, борыш, еңбек деген не екенін түсіне бастайды. Мектепке дейінгі баланың өмірі тиісті түрде ұйымдастырылған жайлы отбасы – баланың мінез-құлқының қалыптасуына елеулі ықпал ететін көрсеткіш [3, 63-б.].

Босаңсуға, «қаламаймын» сезіміне, әдетте, қатаң күн тәртібіне үйренбеген бала үйір болады. Сондықтан, отбасы мен бала бақшадағы күн тәртіптерінің сәйкес келуі - балада адамгершілік-қайсарлық қасиеттерін қалыптастыруда көп септігін тигізетін жағымды жағдай.

Мінез балаға, сыртқы ұқсастығы, шашының, көзінің түстері бірдей болуы тәрізді, туған-туыстарынан дарымайды. Егер бала әкесінің, шешесінің немесе әжесінің мінездеріне тән мінез-құлықты болса, бұл оның балалық қабылдағыштының және олармен көп араласуының нәтижесінде орын алған жағдай. Жақын адамдар балаға тек арнайы тәрбиелік шаралармен ғана емес, жеке тұлғасымен де әсер етеді! Ал ата-ана үнемі баласы туралы (баланың көзінше) тұжырым жасайтын болса, олар өздері байқамастан, балаға не жағымды, не жағымсыз қасиеттер дарытады. Осының нәтижесінде бала өзін ізгі, зерек, еңбекқор немесе, керісінше, қырсық, жалқау, тіл алмайтын деп сезініп, өзін осы мінез-құлықтарға сәйкес көрсетеді.

Адамның мінезі мен бақыты – бір бірімен байланысты ұғымдар. Адамгершілік қасиеттері көп адам өзін қоршаған ортадан тек жақсылықты игеріп, жақсылық жасауға талпынатын болғандықтан, оның жарқын сәттері де көп екені сөзсіз ғой. Ал мінезі нашар адам, әдетте, ұсақ-түйекке бола өз өмірінің шырқын өзі бұзады емес пе...

Абай – шын мәніндегі жаңашыл тұлға. Ол қамтымаған сала жоқ сияқты. Поэзия, өнер, философия, тарих, музыка, этика, эстетика, педагогика, дін, тағы басқа салалар. Осылардың ішінде поэзия – Абай үшін айдынында еркін жүзген шалқар теңіз.

Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?!
Оны айтқанда толғанып,

Іштегі дертті жоярсың,-деп Абай күңіренгенде, жаныңды қоярға жер таппайсыз. Онымен бірге қайғырып, мұңын бөліскіңіз келеді. Осы шумақтың құдіретіне табынып, тылсым сырына еніп кеткеніңізде ақынның «тіл өнері дертпен тең» екендігін керемет түйсінгендігі есіңізге оралады.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім, - деген өлең жолдарынан ақынның жан азабын тану қиын емес. Жастық шағын елтең-селтеңмен өткізіп, кейін бармағын тістеп жүргендерді көріп жүрміз. Абай алтын уақытты арзан өткізбей, жастық шақта бойда бар күш-қайратты өнегелі іс қууға арнағанды жөн көреді.

Мен боламын демендер,
Аяқты алшаң басқанға,
Екі көзі аларып,

Құр қарайсың аспанға... осы бір шумаққа кім дау айта алар? Ешкім де. Екі көзін шел басқан, ұлтының болашағында шаруасы жоқ, тамағы тоқ, көйлегі көк, уайым-қайғысы жоқ, қолындағы барын бұлдап, өзгенің көзін шұқып

жүргендер көп-ақ. Нарық заманына жаңа ғана енген қазіргі ағайындардың қырық қырлы қалтарысын, тоқсан талғам сырын көзбен көріп айтқан Абай көрегендігі қайда жатыр десенізші! [1, 45-56 б.]

Ұлы ақын туған халқын шексіз сүйді, міней отырып, болашағы үшін күресті. Жүрегі «қазағым, халқым» деп соқты. Абай – адамдықтың алтын бағасын берген адам. Ар-ұятты қастерлеу, намысқа тырысушылық, талап пен жігер – адам бойындағы үлкен қасиет. Мұндай ұнамды қасиеттерден ада болғандардың Абай сынының қырына ілінгендері қаншама.

Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,
Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған,
Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек...

Немесе

Сабырсыз, арсыз, еріншек,
Көрсө қызар жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін-

Алты бақан ала ауыз,

Өзін-өзі күндейді...-деп, арсыздық, ұрлық, жалқаулық, шаруаға құнтсыздық адамдардың ақылсыздығынан, білімсіздігінен, жігерсіздігінен екенін айтады.

Абай өз дәуірінде қатал сыншы болған адам. Қалың бұқараның қорлық көріп келе жатқанына қынжылады. Ел берекесін алып, дау-жанжалды қоздырып жүрген қулардың зұлымдық бетін ашты. Олардың болыс болғандағы мақсаттары ел қамы емес, өз құлқыны екенін әшкереледі. [2, 14-15 б.]

Қайнайды қаның,

Ашиды жаның,

Мінездерін көргенде,-деп, Абай бұларға қарсы ашына наразылық білдіреді.

Абай – табиғаттың тамаша жыршысы. Ол табиғат лирикалары арқылы ірі реалист суреткер дәрежесіне көтерілді.

Жаздүгін шілде болғанда,

Көгорай шалғын бәйшешек,

Ұзарып, өсіп толғанда,

Күркіреп жатқан өзенге,

Көшіп ауыл қонғанда...

Ақын көшіп келген ауылдың тіршілігі арқылы табиғат аясындағы жанды өмірді оқырманға аса нанымды етіп бейнелейді.

Абай – тамаша сыршыл ақын. Сыртқа бой ұра бермейтін, іштей ғана сезіп білуге тиіс кейбір сезімнің нәзік иірімдерін «Жүзіктің көзінен өткендей» әдемі оймен жеткізеді. [3, 63-66 б.]

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,

Апанда ай менен күн шағылса да,

Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ...

Осы өлең жолдарынан кейіпкер сезімінің тұрақтылығын, тереңдігін жеткізуге арналған жан тебіренісін көреміз. Оқимыз да «Дүниеде, сірә, сендей

маған жар жоқ» деген сөздерге сенбеске лажымыз қалмайды. Ғашық жанның сүйіктісіне айтар сезім-сырын бұдан өзгеше қалай айтуға болады?! «Махаббатсыз дүние бос» деп махаббаттың туын көтерген Абайдың ғашықтық жайлы жырларын тебіренбей, сезінбей оқу мүмкін емес.

Абай лирикаларын оқи отырып, Абайша ойланып, толғанбасқа, Абайша шаттанбасқа, күйзеліп, тебіренбеске, Абайша шамданбасқа шараң қалмайды. Ол – ұлттық әдебиетіміздің классигі. Кезінде М. Дулатов: «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды», - деген екен. Иә, Абайдай данагөй ғажайып тұлғаны қадірлей алмасақ, бұл елдігімізге сын. Қазақ жерінің ақыны, данышпаны көп болғанымен, Абайы біреу-ақ. Абайы бар елдің мерейі үстем. Ақын өлеңдері оқырманына керемет ләззат береді. Ол кейде шексіз қуаныш бесігінде тербетсе, кейде қайғы-қасіреттің қара түнегінде душар етеді. Ұлы ақын адам санасына сәуле түсіре сөз қозғайды. Сондықтан да Абай сөздері күні өткен тарихтың мүлкі бола алмайды, қазіргінің ең қажет рухани құралы болып қала береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. С. Қирабаев. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері, - Алматы: «Білім», 1996 ж.
2. «Жас Алаш» газеті №14, 1995 жыл.
3. «Тіл және Рух» журналы №10, 2012 жыл.
4. Ниеталина Ә. Кәсібім-берекем. – Алматы, «Үш қиян» баспасы, 2013.

Дулат ақын мен Абай поэзиясындағы үндестік

Аймуханова А.М. «№3 гимназия» КММ

Дулат мұрасына үңілген, біздіңше, ең алдымен, ақынның өзі болса, екіншіден, Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев сияқты қазақ әдебиеті тарихын жақсы танушылардың Дулат жайындағы оң көзқарастары болған тәрізді. Әсіресе, Дулатты дұрыс тануда Мұхтар Әуезовтің еңбегі даусыз.

Бұл шығарма тарихи роман болғанмен, дәл 1858 жылы бала Абай мен 56 жастағы «қарт» Дулат бұлайша жүздесті ме, жоқ па – бұл эпизод шындыққа сай түспеуі де мүмкін, бірақ жазушыға Абайдың рухани дүниесінің қалыптасуына, ақындық дарын бұлағының көзі ашылуына әсер ететін факторларды – образдарды іздеу керек болды.

Тегі, Абайдың назарына Дулаттың ақындық дүниесіндегі әлеуметтік үні іліккені байқалады. Әрине, әлеуметтік үн, яғни қоғам өмірін, халық тағдырын, оның өткені мен болашағын, өз кезеңдерінің жай-күйін жырлау Бұқар, Махамбет, Мұрат, Шортанбайларда да бар. Бірақ сол үннің ащылығы мен ашықтығы, бояуының (ақындық шеберлігінің) жұқалығы мен қоюлығы,

аумағы мен ауқымы барлығында бірдей болмағаны аян. Бұл орайда Дулаттың өзгелерден шоқтығы әлдеқайда биік.

Ақын творчествосының дені өткен ғасырдың 40-50 жылдарына тұтас келеді. Бұл – Ресей патшалығының қазақ жерін отарлаудағы саясатының барлық салада шарықтай бастаған кезі. Дулат осыны жер өзегі етсе, өткенді («кертартпа феодалдық-хандық дәуірді») жоқтағаны емес, тәуелсіздікті, еркіндікті аңсағаны еді (ол тәуелсіздікке қазақ халқы мейлі феодалдық дәуірде ме, социализм дәуірінде ме– әйтеуір қолы жетіп тұрса ғой!)

Ақын: Сауыр жерден айрылып,
Қазақ елі жұқарды.
Сауыр емес, шап болды...

десе, тіпті өткен ғасырдың орта тұсы емес, одан 100-150 жыл кейінгі біздің заманымыздағы қазақ халқының, оның қоғамының күй-қалпын суреттеп тұрғандай. [2,42-б.]

Орыстың көрсе ұлыған,
Қыздан дағы қылықты..

Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып құйрығын
Ел пысығы жортады-ай, [2,53-б.]

сияқты шындық жергілікті басшыларға бұдан бір, бір жарым ғасыр бұрын ғана емес, «одақтасып» тұрған кезіміздегі біздің де ұлықтарымызға тән еді. Дулат ақынның бұл жердегі байқағыштығын кейін ұлы Абайдан да көреміз.

Отаршылдық қамытын мықтап киген қазақ қоғамының ащы шындығын жырлауға келгенде, Дулат пен Абай көп сәттерде бір-біріне үндес келіп жатады. Дулат суреттеген өз елін, қазақты қорқытатын «ел пысығы», айталық, болыс «майырдың бұйрығын алғанда, борбайына құйрығын қысып, алдына түсіп томпаңдаса», Абай бейнелеген болыс та:

Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап...
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап, [2,51-б.]

деп өзі мойындады. Абай да:

Мәз болады болысың
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға, [4,21-б.]

деп, Дулат айтқан «шек-шекпенге сатылған, батпаққа елін батырған» ұлықтар портретін ұқсас етіп беріп тұр. Абайдың қазақ халқының тағдырын толғаған көп сөзі жүз жыл кейінгі біздің заманымызға арналғандай көрінсе, Дулаттың да:

Жеріңнің алды шұрайын,
Дуан салып жайланып.
Датыңды айтсаң майырға,
Сібірге кеттің айдалып.

Бейнең қандай болды екен,
Қарасаңшы бір мезгіл [2,29-б.]
Қолдарыңа айна алып, - дегенді де бейне бүгінгі

бізге айтып тұрғандай .

Жалғыз ел билеу, заң-сот істеріне қатысты ғана емес, өзге сәттерде де екі алыптың үндес, идеялас тұрғанын көреміз. Мысалы, ақынға, ақындыққа екеуі де қатаң талап қояды. Дулат:

Жыршының аты жыршы ма,
Әркімнен өлең жаттаса?
Сөз – жібек жіп, жыр – кетсе,
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз қылып баттаса, [2,43-б.]

десе, Абай:

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, [4,28-б.]

деген талап қояды.

Ұлы Абай «сөзімді айналама жеткізе алмадым, ұғып тыңдар адам аз» деп күңіренсе, осы ойды Дулаттан да көреміз. Ол бірде:

Ел құлағы саңырау,
Кімге айтамын сөзімді...
Бәрін айт та, бірін айт,
Ұғынар мұны ел қайда? [2,43-б.]

деп, заман жайын толғап, ел билеген ұлықтар мен қадірі асқан жақсыларды сынап, «қармайтұғын талы қалмай, тереңге сүңгіген елі» туралы «түнде ұйқы бермеген көзінен төккен арманын» айтады. Бұл – Дулат пен Абайдың ортақ зары, заманы, ортасы тудырған шындық үні.

Дулаттағы әлеуметтік мұң – қазақ санасында бұрын болмаған жаңа күй, жаңа сарын. Әлеуметтік азып-тозудың назасы.

Дулаттың аңсары – өткенде. Абайдың тілеуі – келешектен күдер үзбейді. Абайдың назары – болашақта.

Дулат, көбінесе, заманның жалпы сипатын мінездейді. Адамның кемшілігі, кеселді мінез, кесірлі құлық– сол заманның кейіп келбетінде детальдар ғана.

Абайдағы зар – адамнан басталады. Тұстастарының надандығын, күйкілігін, алауыздығын, ынтасыздығын, пәле-қорлығын, кербакқан берекесіздігін... мінеуден басталады. Пенденің құлқы түзеліп, көкірегіне ғылым, білім шам жаққанда ғана заман оңалмақ, қазақтеңелмек, Абай шығармашылығының әлеуметтік пафосын айқындаған – осы сенім.

Абай жаңа поэтикалық тіл жасақтады дедік. Оның бұл жөнінде де ең жақын кеңесшісі – Дулат болғаны күмәнсіз.

Дулат: «Ел құлағы саңырау – Кімге айтамын сөзімді?» деп торыққанда. Абай: «Құлағын салмас, Тіліңді алмас, Көп наданнан түңілдім», - деп

налып, бұл қайғыны тұтас бір тақырыпқа айналдырып жіберді.

Дулат:

Бай мен кедей андысып

ай

Абай:

Аңдыстырған екеуін құдайым-

...

Үй күшіктей үреді

Отынның басын айналып

Немесе:

Қымыз құмар, сөз құмар,

Сор құмар, өңшең сорлылаар. /Дулат/

Не ол емес, бұл емес,

Менің де күнім күн емес. /Абай/

...

Үйден үрген

ит құсап

Ұлы Абай «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Сабырсыз, арсыз, еріншек» т.б. өлеңдерінде: ел ішіндегі жағымсыз мінез-құлықтар, сабыршылдық, өсекшілдік, мақтаншақтық, еріншектік, тіленшілік, арамтамақтық, құбылмалық, өтірікшілдік, даукесшілдік, арызшылдық, пәлешілдік, жауыздық, озбырлық, мықтымшылдық т.б. сияқты ұласқан шымшытырық бәлекет жауыздық атаулыны санаса, енді бір өлеңінде ақын көп наданмен алысып, өзін күрес майданында жеңілген жандай сезініп:

Мұндай елден бойың тарт,

Мен қажыдым, сен қажы.

Айтып-айтып өтті қарт,

Көнбеді жұрт, не лажы? –дейді [4,32-б.] .

Міне, Дулат та өз кезінде халықтың береке-ынтымағын кетірген алтыбақан алауыздығын, «бәленің атын үрлеген» ел басшысы сан пысықтарды барынша қатты сынады.

Ер шөгіп, есер ер жетті,

Дұрыс бастар басшы жоқ,

Әділетке шөлдетті, -деп замана жайын кеңінен

тербете сөз қалды . [2,88-б.]

Бізге қазақ әдебиеттану ғылымында ақынның:

Кешегі өткен заманда

Қасиетті еді хан-қараң.

Мынау азған заманда

Қарасы – антқор, ханы –арам, [2,73-б.]

деген сияқты бір-екілі жолдарына сүйеніп, Дулатты «ескіні аңсайды, келешекке сенімсіз көзбен қарайды, келешектен үміт күтпейді» деп сынау бар.

Ал Дулат не дейді? «Ескіден қалған бәтуалы, ырымды даңғыл жол бар еді, шиырға із салып, сол жолдан адастырып кетті; бұрын сөзінде бәтуа бар еді, биі сенімді, қара халқы көнімді, «жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре беретін» еді; сондықтан ел тыныш болатын, сол үшін де ханы да, қарасы да қасиетті еді, ал қазір «жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың» себебі: қарасы антқор болып алды, ханы арам болып алды», - дейді. Абай да,

Дулат та бір-ақ жайды әңгіме етіп отыр.

Өз жаңалығына толғатқан Абай да ескілікті сынға алады. Бірақ, жаңаның жадында қашанда күңіреніп көне тұрмақ– ескіні жаңа ұмыта алмайды. Абайдың алуан сырмен жаңғырып, сан бояу, мың сәулемен құбылған поэтикалық ғажайып ғаламында дулаттық ұлы өнердің де нұры шалқып жатқаны анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әуезов М.О. Абай жолы. Алматы., 1982.
2. Дулат Бабатайұлы. Шығармалары мен тағылымы. А., 2003.
3. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы. 1960.
4. Жұмалиев Қ. ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті. А., 1967.
5. Омаров Б. Зар заман поэзиясы. А., 2000.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда мұғалімнің күзіреттілігі

Атамбаева А.К., «№87НОМ» КММ

Білім беру жүйесінде қазіргі мұғалім оқушылардың білім алуын ұйымдастырушы ғана емес, олардың танымдық-тәжірибелік әрекеттерін, өзара қарым-қатынасын реттеуші, әрі олардың өмірлерінде кездесетін кез келген қиыншылық жағдайларға бейімделуіне қажет негіздерді қалаушы. Мұндай жаңа міндеттерді мұғалімнің кәсіби санасының өзгеруінсіз, кәсіби күзіреттілігінің өсуінсіз ескі психологиямен, ескі әдіс-тәсілдермен, ескі біліктілік арттыруы жүйесімен шешу мүмкін емес.

Функционалдық сауаттылық деген ұғым жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделе алуы және өмірде қолдана білудің базалық факторы болып табылады. Қазіргі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесуі. Осымен қатар, функционалдық сауаттылық әр адамның мамандығының ерекшелігіне қарамай, өзінің жанына қарамай әрдайым үздіксіз білім алып, білімін жетілдіріп отыруы қажет. Осындай ауыр міндет әр пән мұғалімінің кәсіби күзіреттілігін талап етеді.

Пәндік білімдеріне, ептіліктеріне, дағдыларына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісі ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде жүзеге асады. Ойлау дағдыларын қалыптастыру және дамыту құралдарына тапсырма түрінде ойластыру пән мұғалімінің күзіреттілігі. Мұғалім сабақты тиімді жағдаяттар тудыра отырып, оқушының сыни ойлауын өмірмен байланыстыра отырып ойлануына мүмкіндік тудырады. Осыған байланысты ойлау дағдыларының өзі мұғалімнің күзіреттілікке көшуінің құралы ретінде қызмет атқарады.

Қазақ тілі мен әдебиет пәні арқылы оқушының оқу мен жазудағы сауаттылығын, оқушының адами құндылықтарын құрметтеп, өмірге бейімделу дағдысының қалыптасуына ықпал етеді. Осы мақсатта мұғалім алдымен оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда коммуникативтік құзіреттілікке баса назар аударуы ықтимал. Коммуникативтік құзіреттілік дегеніміз:

-тәрбие, әдеп нормасына сай өзіндік пікірін білдіруі;

-нақты өмірде өз шешуін қолдануы;

-жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі ұстанымдағы адамдармен топта қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

Заман талабына сай оқушылардың білім-білік дағдыларын қалыптастыруда сындарлы оқытуды жүзеге асырып, тиімді интербелсенді әдістерді қолдану басты назарда болуы қажет. Ұтымды тапсырмаларды ойластырып, құрастыра отырып, жағдаятты өмірмен байланыстырған жөн.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру - қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушының өмірлік дағдыларын дамытудың басты шарты болып табылады. Сондықтан тіл мен әдебиетті оқытуда білім мазмұны жеке тұлғаға бағдарлай оқыту және жаңа технологиялар негізінде ұйымдастырылатын түрлі шығармашылық тапсырмалар түрінде жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақ тілін оқыту барысында қалыптастырылуы тиіс деп күтілетін «функционалдық сауаттылықтың» белгілерін төмендегі модельден көруге болады.



1-сызба. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықтың (ФС) белгілері

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз мектепте білім алу барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, білімін жүзеге асыра алатын білім иесі болып табылады[1].

Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын ескеріп отырған жөн. Оқытушы оқу-танымдық процестің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде оқушының әлеуметтік дамуын үйлестіріп

отыруды баса назарда ұстайды. Жасөспірім кезінде баланың танымдық қызметі ерекше белсенділікпен өтеді [2].

Абай атамыздың 7- қара сөзінде айтылған танымдық қызығушылық енді мектепте және орта сыныптарда түрлі салаларды меңгере бастауымен арта түседі. Осы ретте оқушының қазақ тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігінің оны белгілі бір шынайы жағдаяттарға түсіре отырып, төселдірілуіндегі даму процесі туралы айтып өту керек [3].

Бұл кезеңде оқушының қабылдауы, зейіні, қиялдауы туралы мәліметтер алуы қиын болғанымен, ес пен жады, сөйлеу мен ойлау сияқты таным процестерін тану мүмкіндіктері мол [4].

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақтың еншісінде. Ал осы ұрпақты бүгінгі таңда терең білімді, жан-жақты өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың жолы, оқушыны шығармашылыққа жетелеу болып табылады. Оқытушының осындай әрекетіне оқушының өзі де бойындағы бар білімін көрсете алып, кері байланыс жасағанда ғана сапалы нәтижеге жетуге болады деп ойлаймын. Ұстаздардың өз білімдерін жүйелі көтеріп, біліктілігін әрдайым жетілдіріп отыруы қажет. Қазіргі таңда мұғалім мемлекеттік стандартты толық саралап өз іс-әрекетіне сәйкес қолданып, өз жұмысында басқару функциясын орындай білуі қажет. Міне, осыдан мұғалімнің құзіреттілігі көрінеді. Сонымен қатар психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіріп үйренуімен қатар, сол білімін өз ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек.

Функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік ортамен қарым-қатынас барысында оқу мен жазу дағдыларын пайдалана алу қабілеті және де адамның сауаттылық деңгейінің қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауы және тез бейімделуге мүмкіндік береді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту барысында олардың бойында мынадай құзіреттіліктерді дамытуға жол ашуға болады:

- түрлі технологияны таңдап, қолдана білуіне;
- жағдаяттарды көре білу және шешу жолдарын таба алуына;
- өмір бойы оқу қабілеттілігін арттыруына бағыт-бағдар беруге жетелейді.

Сондықтан да оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдарын саралап, білім беру мазмұнын, бағдарламаны игеруімен қатар соған сай өзге дерек көздерін ұсыну қажет.

Халқымыздың көсемі А.Байтұрсыновтың: «Мұғалім әдісті көп білуге тырысуы керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», - деген сөзін басшылыққа ала отырып, түрлі технология әдістерін өз сабағымда пайдалануға тырысамын.

Өз тәжірибемде қолданылатын оқушылардың белсенділіктерін арттыратын интерактивтік тәсілдер мыналар: миға шабуыл, кластер, синквейн, инсерт, эссе, РАФТ, SWOD-талдау, жұппен, топпен жұмыс, пікірталастар, сұхбат кері байланыс т.б. Мәселен сұхбаттасып оқыту барысында оқушылар сыни ойлауды, балама көзқарастарды талдауды, дұрыс шешімдер қабылдауды,

пікірталасқа қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым- қатынас жасауды үйренеді.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға...», - деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз болу үйретушімен қатар жүреді. Жалықпай еңбектенуді талап ететін қиындығы мол жұмыс. Сонымен қатар еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақтың еншісінде. Бүгінгі таңда оқушыларымыз жан-жақты, интеллектуалдық деңгейі жоғары өз бетімен ізденуге қабілетті болуы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. - Ақтөбе, 2010. – 144 б.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.
3. Абай . Қара сөздері. - Алматы: Ғылым, 1995. - 306 б.
4. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. - Алматы: Атамұра, 1982. - 204 б.

Оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін енгізу

Базарбаева М.А., «№54 ЖББОМ» КММ

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда Қазақстанда ғалымдардың зерттеулерінде оқытудың жаңа технологиялары жан-жақты қарастырылады.

Мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Сондықтан да оқушылардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді.

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы өкілі ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Бүгін мектеп табалдырығын аттаған жас өркеннің ертең қандай адам болып шығатыны ата-аналар мен ұстаздар қауымының арасында мәңгілік таусылмас тақырып болып отырғандығы да сондықтан.

Бәрімізді бүгінгі таңда алаңдататын мәселе – жас ұрпақтың сапалы білімді игеруі. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.

Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Өзекті мәселе – жас ұрпақтың тұңғыш елбасы бастаған көш – керуенге кідіріссіз ілесуі. Ілесе алмаса – бізге сын. Халқымыздың тағдыры, еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында [1,43 б.].

Бүгінгі таңдағы оқыту үдірісі жаңа әдіс – тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс – тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Сол үшін заман көшіне ілесу, өз білімін жетілдіріп отыру қажет. Оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарын еркін және ерікті түрде білдірсе екен деп ойлаймыз. Тек білдіру емес, сонымен бірге өз пікірлерін дәлелдей алатын және оны іс жүзіне асыра алатын тұлға болып қалыптаса алса, онда мұғалімнің биік мақсатқа жеткізгені болмақ.

«Мұғалімге арналған нұсқаулықтан» білім берудегі Кембридждік әдістің теориялық негізін оқып, таныса отырып, оқытудың жаңаша әдіс – тәсілдері – 7 модульді практикалық түрде қолдану арқылы оның білім негізін қалыптастырудағы артықшылықтарына көз жеткіздік. Осы орайда 7 модульге қатысты туындаған ұсыныстарымды білдіргім келеді:

Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында сын тұрғысынан ойлау бағдарламасын өз сабақтарымызда қолданып жүрміз. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тек тындаушы болса, енді ізденуші, оуланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы, жөн сілтеуші [2,34-45 б.].

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегеннің өзі толықтырып, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық қабілеттерін арттыру. Басты мақсаты оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға үйрету.

Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға бірден – бір тиімді бағдарлама деп есептеймін.

Сын тұрғысынан ойлау-сынау емес, белгілі бір әрекетке деген тың ойынды туғызу, шыңдалған ойлау. Оқушылардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажетсін алуға үйретеді.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасымен жұмыс жасау кезінде бұл сабақтар баланың танымдық белсенділігін арттыруға өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. [4,48-65 б.].

Жаңа білімді меңгерту үшін ең тиімді әдіс сұрақ – жауап, әңгімелесу, диалог болып табылады. Әр сабағымызда диалог құрылады. Топтық жұмыс арқылы оқушы арасында, оқушы мен мұғалім арасында диалогты тиімді ұйымдастыру арқылы мақсатқа қол жеткізе алдым. Әрбір сабаққа жоспар құрар алдында: «Менің оқушыларым не істей алады?» - деп сабақ жоспарын оқушылардың өз беттерімен меңгеруіне ыңғайлы етіп және олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрамын. Бұл оқушылардың жауапкершіліктерін арттырумен қатар, өзін – өзі бағалаулары үшін де тиімді болмақ. Оқушы алдымен өзіне – өзі баға беріп үйрену керек. Көп жағдайда оқушылар өзін-өзі бағалауда көп қиналады. Өзін – өзі реттеу әдісі оқушылардың өздері топтық ереже құрып, оны бұзбауға әрекет еткендерінен, Белсенділіктерінен, сабақтан жиі қалатын оқушының сөйлегенінен, топтағы өздерінің рөлдерін жауапкершілікпен орындағанынан көрініп жатты.

Сабақ кезеңінде 7 модуль түрін пайдалану –жұмыстың нәтижесін берері сөзсіз.

1. Сабақтағы жаңа әдіс-тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Оқушы білімін бағалау және оқытуды бағалау.
4. Сабақта ақпараттық технологияларды пайдалану.
5. Талантты жәгне дарынды баланы анықтау.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тапсырма беру.
7. Сабақ кезіндегі оқушылардың өзін – өзі басқаруы. [2,43-69 б.].

Жаңа сабақты дәстүрлі оқыту кезінде өзім түсіндіріп белсенділік танытсам, енді интербелсенді әдіс-тәсілдер мен сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын тиімді қолдана отырып «оқушы және оқушы» байланысы арқылы тақырыпты оқып меңгерулеріне басшылық жасай отырып, мұғалім көшбасшылығы анық байқалады. ЖЭаңа тақырыпты меңгеруде ЖИГСО әдісін қолдануда жақсы нәтижеге жеттім. Оқушылардың айтуына қарағанда жаңа тақырыпты жеке және жұппен оқи отырып, қажетті сызбаларды сызып, топпен талдап оқып меңгергенін басқа оқушыларға түсіндіріп, түсінгенін қағаз бетіне түсіргендері естерінде жақсы қалғанын айтады. Мұғалім әр сабағында және өзіне рефлексивті бере отырса, жұмыс жасау қарқыны жақсарып жанданады. Мұғалімнің рефлексиялық қызметінің мақсаты: педагогикалық әрекеттің негізгі компонентерін есіне түсіріп, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу. Тек сонда ғана алдағы жұмыстарда дұрыс мақсат қойып, алға қарай шығармашылықпен жылжудың жобасын жасау мүмкін болады. Ендеше, мұғалім сыныпқа баға қою үшін емес, балаларды шабыттандыру, ең болмағанда, ынталандыру үшін кіру керек.

Еліміздің ертеңгі тізгінін қолына алып, елін, жерін көркейте алатын ұрпақ – қазіргі мектеп партасында отырған қабілеті ерекше, талантты немесе дарынды ұрпақ. Жас ұрпақты оқытуда біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, әлемді мойындататын рухани биікке көтеру біздің міндетіміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Оразақынова Н.А., Әбдіреймова Қ.Ә., Сәрсенбаева А.Қ., Әбітова М.Қ. Сатылай комплексті талдау.-Алматы. 2006 ж.-10-66 б.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық екінші (негізгі) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлігі орталығының баспасы, 2014 ж. – 34-81 б.
3. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.-Алматы. 2005 ж. 48 б.
4. Мирсеитова С «Мұғалім философиясының қалыптасуы және дамуы» Алматы. 2011 ж. 45-62 б.

Жаңартылған білім беру мазмұнындағы функционалдық сауаттылық

Жақсыбекқызы Ә., «№3 гимназия» КММ

«Тегінде адам баласы бір-бірінен ақыл, білім, ар мінез деген нәрселермен озады» - деп ұлы ақын Абай Құнанбаев айтқандай, қазіргі заман- тек білім мен ғылымның ғана заманы деп айтсақ әдбен болады. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстанның болашағы – білімді ұрпақта» -деп, ертенгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал ететін, адамзат қоғамын алға апаратын құдірет тек – білімде екенін түсінетін заман болды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» аясында еліміздің жаңа кезеңге аяқ басқанын және де Қазақстанның үшінші жаңғаруы басталғаны туралы жариялаған балатын. Осы мақаладағы «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқушылардың сауаттылығын арттыру» бағытында «Оқушылардың сауаттылығын арттыру» дегеннің өзі сонау ғылым мен білім жүйесінде келе жатқан оқушының санасының кемелденуі дегенді білдіреді екен. Ендеше, ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынов сол кездің өзінде-ақ «Бала білімді тәрбие арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, әдісті шебер қолдануының орны», - деген екен.

Қазіргі заманғы мектеп оқушыларына білім беру үрдісін жаңаша қалыптастырудың түпкі мақсаты ауқымды да қомақты. Бүгінгі уақытта тез өзгерістер туындап тұратын қоғамға ілесе алатын білімді де білікті, бәсекеге қабілетті ұрпақ даярлауда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға зор маңыз берілген.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз әрбір қоғам мүшесінің әлеуметтік, мәдени, саяси, сондай-ақ экономикалық салаларға белсене араласа білуі арқылы жаһандану дәуіріндегі заман ағымына ілесе алатындай дәрежеге жетуі деп білеміз. Функционалдық сауаттылық дағдыларын мектеп қабырғасында қалыптастыруда оқушының әрбір пән бойынша алған білімін кез-келген

жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етумен бағаланады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда білім деңгейін арттыруға қажетті ақпаратты өз бетімен іздестіру, тапқан ақпаратын талдау, оған өз тарапынан қосымшалар қоса білу дағдыларын қалыптастыру және оны дамыту басты орынға шығады. Бұның маңыздылығы өмір бойы оқушыға керек екенін білеміз. [2,8 б.].

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда оқушы бойында шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, оның ішінде өзі қабылдаған шешімнің дұрыс екенін дәлелдей білу дағдыларын қалыптастыру маңызға ие. Бойында бұл дағдылар қалыптасқан шәкірт білімді өз бетімен игеріп, өмір бойы білім алуға дайын тұратын болады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі оқушылардың келешекте өз мамандығын дұрыс таңдай алуына ықпал жасау. Ұстаз өз шәкіртінің бойындағы қабілетін ескере отырып, оның қай салаға бейімділігін болжай алатын тұлға болуы тиіс.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда мынандай әдістерді қолданамын: белсенді оқыту, мән беріп оқыту, Блум жүйесі, сыни тұрғыдан ойлау, «Әдебиет үйірмесі», галереяда ой шарлау, «БББ» , қарлы кесек, ыстық орындық, үш қадамдық сұхбат, Сократтық семинар, Джигсо, т.б. [4,23 б.]. Бұл әдістерді қолдану оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырады. Ең маңыздысы осы әдістерді күнделікті сабақ барысында жүйелі пайдалану арқылы мынадай нәтижелерге жетуге болады:

- ❖ Оқушы бойында топпен және өзі жеке шығармашылық жұмыс жасай алуы үйренеді;

- ❖ Топ ортасында белсенділік таныту дағдыларын қалыптастырады;

- ❖ Сыныптастарымен дұрыс қарым-қатынас жасай білу дағдыларын қалыптастырады;

- ❖ Өтілген тақырып бойынша алған білімін ортаға салып, ой бөлісуге дағдыланады;

- ❖ Оқыған шығармалары арқылы өмірде кездесетін әр түрлі оқиғалардан ғибрат алуы үйренеді, пікір таластыра алуға жаттығады.

Жоғарыда көрсетілген әдістерді оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда тиімді қолдану оқушының күнделікті іс-әрекетінде мынадай артықшылықтарға жеткізетінін байқауға болады:

- ❖ Өзі қарым-қатынас жасайтын ортада басқалардың ой-пікірлерін құрметтей білу, әр түрлі пікірлермен санаса білу.

- ❖ Мәселені шешу барысында айтылған пікірлер арасындағы құнды пікірді анықтау және талдай білу;

- ❖ Ой бөлісу арқылы дұрыс шешім қабылдау жолдарын қарастыруды үйрену. [3,11 б.].

Түптеп келгенде осының барлығы оқушының білім алуға деген ынтасын арттырып, олардың бойында алдына дұрыс мақсат қоя білу дағдысын қалыптастырады және мақсатқа жету жолдарында талмай іздену қажет екеніне

көздерін жеткізеді. Соның нәтижесінде оқушы бойында функционалдық сауаттылық қалыптасады.

Алаштың аймаңдай тұлғасы, қазақ қара сөзінің құлжасы Ж. Аймауытұлы 1929 жылы жазған «Комплекспен оқыту жолдары» атты еңбегінде «Балалардың білгені, тапқан-таянғаны өмірге жанасып, жарыққа шығып отырып, барлық жұмысты балалардың белсене, құлшына өздері істеуі шарт. Өзі еңбектеніп, өзі бейнеттеніп тапқан білім берік болады. Өмірінше ұмытпайды», - деп көрсеткен. Демек, жаңартылған білім мазмұнына сай құрылған әр сабақ оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге жол ашады. Қазіргі заманда табысқа жету үшін талап етілетін сын тұрғысынан ойлау, проблема шешу, қарым-қатынас жасау және бірлесіп әрекет ету сияқты негізгі дағдыларды меңгеруге ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»,17.01.2014 ж.
2. «Мәтінмен жұмыстың тиімді әдіс-тәсілдері» Астана, 2016ж.
3. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана, 2014ж.
4. «Түрлі деңгейлік тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту» Астана, 2016ж.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту: мәселелері және оны шешу жолдары

Жомартова З.Е., «№10 ЖББОМ» КММ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауында жүктелген міндетке сәйкес елімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында бес жылдық ұлттық жоспар қабылданғаны баршаға аян. Ұлттық жоспардың басты мақсаты - Қазақстанда білім сапасын жетілдіру үшін негізгі бағдар ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылар шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімдеуі үрдісінде пайдалана алатындай негізгі құзіреттіліктерді сіңіре алу керек. Атап айтсақ:

- басқарушылық;
- ақпаратты - коммуникативтік;
- тұлғалық;
- азаматтық;

- технологиялық.

Білім алушы осы аталған негізгі құзіреттіліктермен қатар пәндік құзіреттіліктерді меңгеруі тиіс.

Жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты тәрбиелік мәні бар жаттығу тапсырмалары әр сынып оқушыларының жалпы сөйлеу мәдениетін дамытып, олардың ой-өрісін жетілдіру мақсатын көздеген, сондай-ақ бағдарламада тіл дамыту жұмысы айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым тапсырмалары мәтін, эссе, мақала, шығарма сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асыру міндеттелген. Қазақ тіліндегі жазба жұмыстарының негізгі мақсаты - дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Қазіргі таңда біздің мемлекетіміз мемлекеттік тілде еркін сөйлей алатын, өз пікірін айтып жеткізе білетін, мемлекеттің тарихын, этномәдениетін, салт-дәстүрін, әдебиетін тани білетін, бәсекеге қабілетті, Ұлы даланың жеті қырын меңгеруге, зерттеуге бейімделген тұлғаны даярлауды қажет етіп отыр. Мұғалім алдындағы оқушының ерекшеліктерін біле отырып, оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған білім беруде жеке оқытудың дамуын көздейді. Қабілеттілік туа біткен қасиет емес, ол тікелей пәндік әрекет арқылы дамиды. Оның дамуы баланың жаңа білім алуымен, біліктілігі мен дағдыларының қалыптасуымен тікелей байланысты. Әр оқушының шығармашылық мүмкіндігін анықтап, әрі қарай осы қабілеттерді дамыту керек.

Сабақты қалай тиімді, қызықты, табысты етіп өткізуге болады? Мектептен шыққан оқушы бүгін алған білімінің пайдасы, жаңалығы туралы айта алатындай дәрежеде оқыту үдерісін қалай ұйымдастыруға болады? Мұғалім мен оқушы өзара іс-әрекет нәтижесінен қанағаттану сезімін алу үшін не істеу керек? Осы сұрақтарды шешудің бір жолы оқытуда белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану.

Қазақ тілінен жазба жұмыстары мынандай критерий арқылы бағаланады.

- 1) мазмұнына, стиліне, сөздерді дұрыс қолдануына;
- 2) орфографиялық және пунктуациялық сауаттылығына.

Жазба жұмыстары оқушылардың игерген білімдері мен біліктерін қолдануға бағытталады. Бұл сабақта сөз құдіретін танытатын мақалдар мен даналық сөздерді талдауға, тілдегі сөйлеу этикетіне жататын сөздер тізбегін жасауға, халқымыздың жақсы дәстүрлерін сақтап келген шешендік сөз үлгілерін әрі қарай дамытып, оны оқушылардың сөйлеу дағдысына сіңіру бағытында түрлі стратегиялар арқылы жұмыс жүргізуге болады. Мәселен, «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» деген мақалдың мәнін ашқызу.

Жазба жұмыстарына арналған тапсырмалар тақырыбы мен мазмұны жағынан әр түрлі. Бұл мәтіндер оқушыларды отанды сүю, табиғатты қорғау, сыйластық, адамгершілік, ерлік, елжандылық, жаңа технологияларды меңгеру, биотехнологияның дамуы, жаһандану, мамандық таңдау, кәсіпті игеру, әлем

құпиялары, аспан денелері сияқты дүниелерді білуге тәрбиелеу міндетін көздейді. Мәтінмен жұмыс істеу барысында оқушылардың білік дағдыларын қалыптастыру мақсатына орай жұмыс түрлері де түрлендіріліп отырады. Берілген тапсырмалар оқушылардың сабақта, сабақтан тыс кезде айтылым әрекеттеріне қолдануына, жазу дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік береді. Тапсырмаларды жеке, жұпта, топта түрлендіріп пайдалануға болады. Мысалы,

1. Өлең құрастыру (оқушыға ұсынылады)

2. Мәтін құрастыру. «Көзіңді жұмып, көз алдыңа мынандай суретті елестетіп көр. Таңғы көрініс. Арайлап атқан таң. Шөп басындағы таңғы шық. Құстардың әдемі үні» Суретші бұл көріністі бейнелеу үшін қажетті бояу іздейді.

| Таңғы көрініс қандай? | Жануар, құстардың іс-әрекеті | Адамдардың іс-әрекеті | Туған жеріңе деген сезімді қалай жеткізуге болады? |
|--|---|------------------------------------|---|
| Қызарып атқан күн, таңғы шық, самал жел, әдемі үн. | Құстардың сайрауы, жан-жануарлар оянады, азықтарын аулайды. | Малдары н өріске аудауы, от жағуы. | Ыстық қой шііркін, туған жер. Отан. Отан бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем. Өз үйім- өлең төсегім. |

3. Өзіл аралас сұрақтар беріледі.

4. Сөзжұмбақтар беріледі.

5. Модель, жоба жасау, болжамдар ұсыну, оны қорғау, дәлелдеуге дағдыландыру.

6. Қызықты оқиғалар, ұлы адамдар өмірі, әр түрлі тағдырлар туралы айту.

Жазба жұмыстарының өнімді бір жолы модельдеу технологиясы. Модельдеу - шығармашылық жұмыстың бір түрі ретінде айтылым дағдысының тіл дамыту үрдісінің жемісі, өнімді тәсілі болып табылады.

9-сыныптың қазақ әдебиеті пәнінде М.Өтемісұлының «Тарланым» өлеңі оқуға, талдауға ұсынылған. Азаттық күрестің басшысы Исатай өлгеннен кейін шыққан бұл өлеңде жоқтау әрі мақтау үлгісі басым.

Бірінші кезеңде оқушылар толғаудағы Исатайдың сөзбен берілген тұлғасына барлау жасайды.

Екінші кезеңде оны өз ойы, қиялына ерік бере отырып бір нәрсеге ұқсатады. Бұл үрдіс оқушының дүниетанымы, сезімі, ой-өрісіне де байланысты болып келеді.

Үшінші кезеңде оқушылар ұқсатуын сызбаға түсіреді не сөзбен жеткізуге тырысады.

Тапсырмалар:

1. Исатай бейнесіндегі ақынның көркем образды тілін төмендегі үлгіде жинақтаңдар да сын есімдерді табыңдар.

2. Исатайды ақын таудан ұшқан тарланға, арыстанға балап, құлан құлжаға теңейді. Өны өздерің қалай ненің бейнесінде елестетесіңдер, кімнің бейнесінде қабылдайсыңдар, соның бейнесін салып түсініктеме жазыңдар. Қабілеттеріңе қарай модельдеріңді сөзбен жазуға болады. Модельдеудің тиімділігін төмендегідей саралауға болады:

- Көркем бейнелі тәсілдердің дамуына, сөздік қорларын байытуына ықпал етеді.

- Сауатты жазуға, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге дағдыланады.

- Алған білімді жобаға, бір бейнеге түсіру қабілеттері дамиды.

- Модельдерін қорғау арқылы табандылық, қайраттылық, өзін-өзі қорғау, ситуациядан шығу сынды мінез-құлықтары қалыптасады.

- Пәнге деген қызығушылығы таным белсенділігі жетіледі.

Жас ұрпақты қазақ әдебиетінің нәрімен сусындатып, адамгершілігі жоғары талғамы биік азамат қалыптастыру оңай шаруа емес. Әр мұғалім сабақ берудің алдында Жүсіпбек Аймауытовтың «Сабақ беру-үйреншікті жай шеберлік емес, ол- жаңадан жаңаны табатын өнер».-деген сөздерін есінде ұстап, шеберлік шыңынан көріне брсін демекпіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. III деңгей (базалақ 2012ж.)
2. Қазақ әдебиті оқулғы. 9-сынып. С.Ч Тұрсынғалиева., Г.Д.Рыскелдиева, 2019
3. А.Әлімов «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері» Алматы, 2013 ж.

**Ә.Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы» кітабын
басшылыққа ала отырып, қазақ тілі сабағында оқушылардың
функционалдық сауаттылығын арттыру**

Копбергенова Ж.К., «№15 ЖББОМ» КММ

Қазақтың белгілі лингвист-ғалымы Әсет Болғанбаевтың қазақ тіл білімінде көрнекті лексиколог ретінде алатын орны ерекше. Ғалымның қаламынан туған көптеген еңбектері мен танымдық мақалалары тіл білімінің бай мұрасы, қазынасы және де ұрпақтан-ұрпаққа берілер құнды қазынасы деуге болады. Менің бұл баяндамада ғалым Әсет Болғанбаев ағамыздың «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» атты еңбегіне сүйене отырып, қазақ тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары және үйретудің тиімді жақтарын қарастырмақпын.

«Айтқысы келген сырын, танытқысы келген шындығын жан тебіренер әсерлі суретке айналдырып, қағаз бетіне көңілдегі қалпынан айнытпай түсіру үшін ең қажетті бірден-бір сөз іздеп табу – шебер суреткердің қасиетті парызы. Оның дәл осы жағдайда сөз іздер атырабының бірі – синоним», - дейді З.Қабдолов. Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру, оларды білуге ынталандыру, шығармашылыққа ұмтылдыру, ойлана іздене білім алуға, өз ойын дәлелдеп, тиянақты айтып беруге дағдылану сияқты сапаларды оқушы бойына дарыту – әр мұғалімнің міндеті, десе де болады. Осы тұрғыдан келгенде оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру, сөздік қорларын байыту мақсатында мен қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында Әсет Болғанбаевтың «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» еңбегінде қолданылған синоним сөздер негізінде жасаған картотека материалдарымды пайдаландым. Мақсатым: оқушыларды шығармашылық іске жұмылдыру, іздене білім алуға, өз ойын дәлелдеп, тиянақты айтып беруге дағдыландырып дамыту.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағадарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетінің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, оларға саяси, рухани-адамгершілік, эстетикалық, қоғам дамуына белсенді қатысуға т.б.тәрбие беру, дүниеге көзқарасын, мінез-құлқын, жалпы мәдениетін қалыптастыру үшін көркем әдебиет құралының бірі ретінде пайдалану – әдебиет пәнінің басты мақсаты болып саналса, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, тұтас айтқанда грамматикасын үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып табылады. [7-10б.]

Келешек ұрпақ өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған елінің тарихымен, ділі мен тілімен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің грамматикасын терең меңгерген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады. [18-23 б.]

Қазақ тілі сабағында оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулуда жазба жұмыстарының маңызы зор. Жазба жұмыстары оқушылардың іс-әрекетіне негізделген ой еңбегі, шығармашылық ізденісінің қайнар көзі. Қазақ тілінде жазба жұмыстары арқылы шығармашылық жұмыстарға қол жеткізу – мұғалімнің де шеберлігін талап етері сөзсіз анық.

Ә.Болғанбаевтың «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» еңбегінде «Бәрі шеру тартып аттанып, жүріп келіп таңертеңгі алағөбеде тұс-тұсынан Амантайды қамап алысты. (Сейфуллин)», - деген сөйлемде алағөбеде деген сөзді алагеуімде, таң сәріде, құлқын сәріде, елең-алаңда, ала көлеңкеде, сәріден деген сөздер алмастыра алатынын көрсеткен. Сонымен қатар «Ақылды өз басын кіналайды, Ақымақ жолдасын кіналайды. (Мақал)» бұл

мақалдағы «ақымақ» сөзіне мәнделес бола алатын сөздерді тапқызу. Бұл жұмыс түрін әр оқушыға жеке беруге болады. Бұл оқушыны ойлануға, өз бетімен ізденуге, сұраққа жауап табуға бәсекелестік белсенділігін арттыруға жетелейді.

Сонымен қатар, ұжымдық және жұптық тапсырмалар беру арқылы да бір-бірін тыңдай білуге, сыни көзқараспен қарай білуге, бір-бірінің жұмыстарын талдай білуге дағдыланады. Аталған ғалымның кітабынан тағы бір мысал алатын болсақ, «айбатты, қаһарлы, кәрлі, айбарлы, айдынды, айбынды» синонимдік қатарына жұпта постер құратқызу. Тапсырма түсінікті болу үшін оқушыларға аталған кітаптан осы сөздерге байланысты мысалдар беру. Қаһарман еліміз айбатты, Ақындық ерге бұйым ба! (Аманжолов), Кәрлі ояздың Құнанбай жағын сүйейтіні тағы мәлім (Әуезов). Бұл жаттығулар берілген сөздердің орнын таба білуге жетелейді. Айтылған сөздікті басшылыққа ала отырып, бейнелі сөздер, қызықты мәлімет, тартымды үзінді оқу мұғалімнің шеберлігіне байланысты болмақ. Жүргізілген бұл жұмыстардан оқушыларда сөздікпен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады, өздігінен кітап оқуға қызығушылықтары артады, ұжым болып жұмыс істеуде бір-біріне деген қарым-қатынастары жақсарады, шығарманы талдай білуге үйренеді, әдеби тілде сыпайы сөйлей білуге дағдыланады. Синоним сөздерді жетік меңгерген оқушының тіл байлығы молайып, шешен сөйлеуге үйренеді. Ғалым еңбегін басшылыққа ала отырып, оқушыларға көркем мәтінді оқудың түрі, тандап оқу, оның ішінде өзара мағыналас сөздерді, синонимдерді табу ұснылады. Өзі ұлыққа, кәдірі жоққа, қарамай өз халқына, Сөз қайырмай, жөнді айырмай, Жұтқа шабар алқына (Абай). Келесі минутта-ақ Оспан тентектігін танытып абыройдан арыла бастады (Әуезов). Жоспардан асыра орындаса, ақшасы да, беделі де арта береді (Мұстафин). Бұл сөйлемдердегі «абырой, кәдір, бедел» деген сөздер синоним сөздер. Берілген жаттығулар білім алушыларды қиын, түсініксіз сөздерді ұғына оқуға жетелейді. Сонымен қатар ғалым селқос, енжар, бейқам, селқос, сүлесөк, салғырт, самарқау, бой күйез, марғау; сәл, әнтек, азғантай, шақ ; шебер, ұста, мініскер; өлу, қайту, үзілу, өту, дүние салу, дүниеден көшу, дәмі таусылу, демі біту, уақыты жету, келмеске кету, жан беру, жан тәсілім қылу, қайтпас сапар шегу, жер жастану, дәм-тұзы түгесілу деген сияқты ұмытылып бара жатқан сөздерді де сөздікке енгізген. [23-45 б.]

Қорыта айтатын болсақ, Әсет Болғанбаев – өмірде өте сирек қолданылатын қазақтың көне сөздерін қолданысқа енгізген, сөздік қорымызды жаңа сөздер мен толықтыра білген өресі биік тұлға. Әсет ағамыздың халық игілігі, болашақ ұрпақ үшін сіңірген еңбегі өте зор. Ана тіліміздің әр сөзін көзінің қарашығындай қорғаған ғалымның еңбектері ешқашан ұмтылмайды.

Ұлттық мұрамызға қасиетті істі алға апарушы, шәкірттерді баптаушы ұстаздар қауымының да атқарар еңбегі зор болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ә.Болғанбаев «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» «Мектеп» баспасы – 1975, 23-45 б.
2. Оразахынова Н. «Функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру жолдары» «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы -2013, №2, 18-23 б.
3. Құрманова Ж. «Оқушының шығармашылық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру арқылы жеке тұлға қалыптастыру жолдары. Өскемен, 2014, 7-10б.

Жалпыұлттық идея құндылықтарын тіл мен әдебиет сабақтарында жүзеге асыру

Қасым Г.М, «№36 Жалпы білім беретін орта мектебі»КММ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылдың 17 қаңтарындағы Жолдауында «**Мәңгілік Ел – біз үшін ортақ тағдыр. Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Мәңгілік Ел - барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар**» деп анық айтқан болатын. [1]

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Сондықтан да Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің Жолдауларында білім саласына айрықша көңіл бөліп, еліміздің жарқын болашағы білікті де парасатты жастардың қолында екенін назардан тыс қалдырған емес. Білім беру ұйымдарында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын тиімді жүзеге асыру мәселелерін талқылай отырып, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі педагогикалық тәсілдерді талдау, мектептердің тәжірибесін зерделеуді мақсат етті. [2]

| «Мәңгілік Ел» құндылықтары | Білім беру стандарттарында анықталған құндылықтар |
|---------------------------------------|---|
| Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана | Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік (Отанға және халқына деген сүйіспеншілік, елінің жетістіктері үшін мақтаныш, Қазақстан мүддесіне қызмет ету) |

| | |
|--|--|
| Жалпыға бірдей еңбек қоғамы | Еңбек және шығармашылық (өз жұмысын ұйымдастыру білу, белсенділік, бастамашыл, адалдық, жұмысқа әуесқойлық, үздік нәтижелерге жету) |
| Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу | Өмір бойы білім алу (білім мен дағдыларының өсуі, тұлғаның потенциалын дамыту, экономикалық білімін дамыту, ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің өсуі) |
| Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы | Құрмет (мақтаныш, ата-аналары, отбасы, үлкендер, достары, адамдарға қамқоршылық және жылы сезім) |
| Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы | Ынтымақтастық (әртүрлі елдердің азаматтарымен, жергілікті және мектептің қоғамында, мұғалімдермен, достарымен командада жұмыс істей білу қабілеті) |
| Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім | Ашықтық (іскерлік және жеке қарым-қатынаста адалдық, академиялық адалдық, басқа адамдармен бірлесіп жұмыс істеуге дайын болу, ортақ мақсатқа жету) |
| Зайырлы қоғам және жоғары руханият | Басқа адамдармен бірлесіп жұмыс істеуге дайын болу, ортақ мақсатқа жету |

Білім мазмұны жаңартылған бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын, оқу бағдарламаларын әзірлеу «Мәңгілік Ел» құндылықтарына бағдарлануымен жүзеге асырылды. Жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін төмендегідей құндылықтар мен дағдылар анықталған:

| Құндылықтар | Дағдылар |
|---|--|
| <ul style="list-style-type: none"> шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; қарым-қатынас жасау қабілеті; өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; жауапкершілік; | <ul style="list-style-type: none"> сын тұрғысынан ойлау; білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; проблемаларды шешу қабілеті; ғылыми – зерттеу дағдылары; қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса |

| | |
|--|--|
| <ul style="list-style-type: none"> • денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; • өмір бойы оқуға дайын болу. | <p>алғанда);</p> <ul style="list-style-type: none"> • жеке және топпен жұмыс істей алу қабілеті; • АКТ саласындағы дағдылар. |
|--|--|

Пән бойынша білім, дағдылар мен құзіреттіліктерді анықтайтын оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескерілген. Мұны осы құндылықтар мен дағдылар қарастырылған қазақ тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетінің оқу бағдарламаларынан көруге болады.

Қазақ тілі, 5- СЫНЫП



Қорытындылай келе, оқушылардың бойында азаматтық – патриоттық сана – сезім, іс -әрекет адам бойына өздігінен қалыптасатын қасиет емес екендігін, оның өзі білім мен тәрбие барысында Отанды ұлағаттау, халықтың төлтума мәдени – рухани әлеміне терең бойлау арқылы қалыптасатынын теория мен тәжірибе дәлелдеп келеді.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында патриоттық тәрбие берудегі жауапкершілікті неғұрлым терең сезініп, бар мүмкіндікті пайдаланып, шыныққан да шымыр отансүйгіш азаматтар даярлау ісінде тәрбие маңызы ерекше.

Тәрбие бағыттылығының дербес идеясы мұғалімнің балаға ерекше көңіл аударуын қажет етеді. Ол педагогикалық жұмыстың ең жоғары мақсаты. Сондықтан баланы зор ұқыптылықпен зерттеген жөн. Барлық тәрбие жұмысының барысында еске алатын басты тұлға – бала екендігін ұмытпауымыз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2014жыл, 17 қаңтар: www.akorda.rz
2. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. / Т.Н.Ермекова, Ж.К.Отарбекова, Р.Н.Мұнасаева. –Астана:Арман-ПВ, 2017ж.

Жаңартылған білім мазмұны аясында қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау

Максұтова Г.Х., Кусенова Ж.С, №34 ЖББОМ КММ

Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туғаны белгілі. Тәуелсіз елдің тірегі–білімді ұрпақ екені баршамызға аян. Қазақтың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деп айтқан сөздері ұстазға бағытталған пікірі болмақ. Тәуелсіз еліміздің тірегі еліміздің болашағының кепілі- жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Жас ұрпақты білімді етіп, көзі ашық көкірегі ояу етіп тәрбиелеу ұстаздар қауымының басты мақсаты және қазіргі мектеп алдындағы басты міндеттерді шешуде мұғалімнің білім деңгейі, мәдениеті жоғары болуы шарт екенінде білеміз. Алайда ол үшін кәсіби біліктілігімізді, білім деңгейімізді көтеріп, жаңалықтарға назар аударып, жаңашылдыққа бет бұрып отыруымыз керек. Жаңартылған білім мазмұнының тиімді, белсенді әдістерін игеріп, сабақ беруде оны тиімді қолдана білу қажет. Жаңартылған білім мазмұнынан күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел – өзіндік ойларын, уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды. Бағдарламаның ерекшелігі - білімді меңгеруге емес, жеке тұлғаның таным қабілеттері мен таным үрдістерін арнайы жасалған оқу және танымдық жайлар арқылы дамытуға, жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі көрсетуін, маңыздылығын анықтауға, өзара қарым-қатынас, ойын арқылы шығармашылық қажеттіліктері мен белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға бағытталады. Жаңартылған оқу бағдарламасында қазақ әдебиеті пәнінің алатын орны зор. "Қазақ әдебиеті" пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында: «Қазақ әдебиеті пәні бағдарламасының басты бағыты – білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық

қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерінің жетілдірілуіне іргетас қалап, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу. Білім алушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді...Қазақ әдебиеті бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Креативті ойлау-мәселелерді тез шешуге, тез ойлап табуға, жетістікке жетелейтін қабілеттілік. Олардың өз ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту.»[1,82]

Осының ішінде оқушыларды креативті ойлауға бағыттауда, ойларын еркін және оны дәлелдей білуде шығармашылыққа еркіндік беріп, сабаққа деген қызығушылығын арттырудың жолдарын іздеуіміз керек. Креативті ойлаудың жолы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, шыңдау.

Шығармашылық–бұл адам іс-әрекетінің түрі, бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігімен сапалы, дәлелді шешімдер кезінде қабылдай білуге үйренуі керек. Шығармашылық қабілеттің жоғары болуы адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді. [2,1] Мұндай күрделі мәселені шешуде қазақ әдебиетінің алатын орны ерекше. Қазақ әдебиеті сабағын түрлендіру арқылы жоғары нәтижелерге жетуге болады. Сонымен қатар оқушының ойлау қабілетіне, өзіндік сыни пікір білдіре отырып, сол ойды жазбаша бере білу дағдысын дамытатын, көмегін тигізетін әдіс - эссе жазуды қолдана білу. Сабақта шығармашылықты әр түрлі жолмен көрсетуге шектеу жоқ. Яғни оқушы оқыған шығармасы арқылы мысалы, қандай ой түйдіңіз? деп өз ойыңызды аргументативті эссе түрінде беріңіз, қандай маңызды мәселе сіздің назарыңызды аударды? немесе бұл шығарманы сіз қалай аяқтар едіңіз? деген тапсырмалар берілгенде оқушыға кейде тек эссе жаз деп шектемей, оның шығармашылық қабілетіне байланысты сурет салу, өлең шығару, мақала жазу, мәтін құрау, репортаж жасау, т.с.с тапсырмалар беру оқушыны әр қырынан таныта түсетіні анық. Бұл жерде эссе жазу оңай деп ойламау, сол эссені сауатты, эссенің талаптарына сай жазуға жолдарын іздеп, жетелеу. Осы шығармашылық қабілеттерін тану арқасында оның болашақта қандай мамандық таңдауы, кім болуы деген сияқты маңызды мәселелерде өз нәтижесін береді. Өсе келе бала өзіне деген сенімділігі артып, мамандық таңдауда еш қателеспейді. Тағы да айта кететін жайт әдеби кітапты көп оқыған жастардың көкірегі ояу, көзі ашық болатынына, сөз саптауы шебер, өз ойын шебер де шешен тілмен жеткізе алатыны бізге мәлім. Әдебиеттің басты қайнар бұлағының көзі - әдеби кітаптар. Әдеби кітаптарды оқыта отырып және ақындардың мүшәйрасына оқушыларды қатыстыру, ақындармен кездесу ұйымдастыру, сұхбаттасу оқушының шығармашылығын арттыруға ерекше ықпал ететіні анық және сабақ барысында оң нәтиже бермек. Сабақ барысында оқыған шығармаларын шынайы өмірмен салыстыру, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін сыни тұрғыдан баға беріп,

шығарманы әр қырынан талдау тапсырмалары да оқушының сыни тұрғыда ойлау қабілетін арттырып, өмірге бейімдейтіні анық. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңызы ерекше. Мұндай сабақтардың тиімділігін атап өтсек: сабақ құрылымының ұйымдастырылуы, сыныптағы оқушылардың іс — әрекетін бақылауға қолайлылық, оқу — танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқыту уақытының үнемделуі». [2,2] Қазіргі таңда оқу процесінде «ең бірінші тыңдаймыз» деп оқушыларды тыңдау дағдысын қалыптастыру және күнделікті сабақ басталмас бұрын бүгінгі сабақтың мақсатын таныстыру оқушының өз алдына мақсат қоя білуіне, сабақ соңында бүгінге мақсатқа қол жеткізетіндіктеріне қайта шолу жасау арқылы өз нәтижесіне саралау жасауға мүмкіндік беру бұл да жаңа білім беру мазмұнының жаңа қыры болмақ.

Осы жүйелі жұмыстарды жасай отырып, күтілетін нәтижелер:

- Өз бетімен оқуға дағдыланады;
- Шығармашылық ізденіске жетелейді;
- Өз-өзіне сенімділігі артады;
- Сыни көзқарастар білдіреді;
- Бағалап салыстырады;
- Талдап пәнге деген қызығушылықтары артады.

Жалпы, «Сабақ беру- үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңаны табатын өнер»- деп, Жүсіпбек Аймауытов атамыз айтқандай жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, біртұтас дүниетанымын арттыруға, жаңаша білім нәрін сіңіруге, адами құндылықтарын дамытуға ұстаздың тапқырлығы мен кәсіби шеберлігі, білімі басты орында болмақ. Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Шындығында ұстаздың алдында сапалы білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Ұстаз оқушылар үшін тек пән мұғалімі емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, жаңашыл, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға ерекше тұлға болу керек. «Ұстазы мықтының— ұстамы мықты» демекші ұстаздар қауымы оқушының білімге деген сенімін нығайта отырып, ақыл мен білімнің дәнін себе отырып, сапалы білім берсек болашағымыз жарқын болмақ.

Қорыта айтқанда, оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық. Ол үшін жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкіртіміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі. Әр ұстаздың өзінің мамандығын шексіз сүйетін, жүрегінде мейірімі бар, оқушыға үйретуге

жалықпайтын ұстаз қашанда жаңашыл болатыны анық. Тез, өзгермелі уақытта өзгеруге дайын шығармашыл болу және болашақта жас ұрпақты еліміздің арқа сүйер білімді азаматтары мен азаматшалары етіп тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы (25.10.2017 № 545);
2. Педагогикалық журнал - <https://adisteme.kz> Рашаева Қ. Ж.18.05.2016

Абай қарасөздеріндегі тәрбие мәселелері

Мейрханова Р.О., Ә.Бөкейхан атындағы №76 ЖББОМ

Ақынның шығармалары мен қарасөздері педагогикалық ой-пікірге, тәлім-тәрбиеге, даналыққа толы. Мектеп қабырғасында Абай шығармалары бастауыш сыныптан басталады. Абай туындыларын бастауыш сынып оқушыларына оқыту үлкен шеберлікті қажет ететіндігі анық, дегенімен осы жастан бастап баланың бойында ұлттық бірегейлік қалыптаса бастайды. Бастауыш сынып оқушыларына Абай еңбектері негізінде берген тәлім-тәрбие ұлттық ерекшелік қасиеттерін қалыптастыруына әсер беретін алғашқы қайнар көзіне айналды. Ең алғашқы қара сөзінде алдағы өмірінде нені кәсіп қылып, қайтіп өткізетіні жайлы талқылап, жазған. Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, софылық қылып дін бағу, балаларды бағу - қажып, жер ортасы жасқа келгенде бұлардың ешбірін кәсіп қылғысы келмеді. Осы уақытқа дейін қылып жүрген істерінің байлаусызын, баянсызын, барлығының қоршылық екенін 1-ші қара сөзінде атап көрсетеді. Қорытындысында ойына келген нәрселерді қағазға жазып, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылуды жөн көреді: "Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ", - деп ойын түйіндейді.

Ақынның өнер-білімге қатысты нақыл сөздерінде айрықша философиялық түйіндеулер бар. Мысалы: Бірінші қара сөзінде «... Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да, ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретесің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсіз де кезмені жайып салып, қолыңа кез алып отырғаныңның не пайдасы бар?» - дейді Абай. Сонау дүниенің қараңғы тереңде күнделікті тіршілік қамы, жазғы мал өрісі - жайлау үшін, қысқы мал тебіні - қыстау - ықтасын үшін, осы екі қамға тоғысар ел таңдау құралы-надан, содыр билік - мансап үшін тартысқан дау, ұрлық-зорлық негізгі әрекет-кәсіп болған; ғылымнан да болашақ жайы

туралы саналы ойдан махрұм жұрт та қалған жоқ. Қазақтың даласының соншалықты артта қалғандығы - надандығы, «надандық-ғылым-білімнің жоқтығы» - деп осы надандықпен күреске түсті. Мұны өзінің алдына үлкен бағдарлама, зор мақсат етіп қойды. «Мақсатым — тілге ұстартып өнер шашпақ, наданның көзін ойып, көңілін ашпақ», - деген нақыл сөзі осы жолда туған оның жастарға ең алдымен айтатын ақылы - талапты болу. Ол: Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге!!! - дейді де, осы «талап қыл» сөзін, насихат сөздерінде кеңейтіп былай дейді: «Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар, оларды білмей, іздегенмен табылмас. Әуелі білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемеске керек. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға «мейірленіп, тезірек қолға түседі».

Абайдың:

Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл берсеңіз -

деген нақыл сөзі білім-өнердің кілті, өнер білім; мағынасы өмір деген пікірді айтады. Ақын қазақтың бұл күнге дейінгі ғылымсыз тіршілігін санатқа қоспай «Ғылымсыз дүние жоқ», - деген берік байлам жасайды [1, 2013.-500б.].

Мектепте оқу-тәрбие үрдісінде Абай мұрасын қолдану өсіп келе жатқан ұрпақтың ақыл-парасаты биік болуына, мінез-құлқы, іс-әрекетіне ықпалы зор. Абайдың педагогикалық көзқарасындағы басты нысаны «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп жас буынды елдің, халықтың қамын ойлайтын,. адамгершілік қарым-қатынас атаға бөлуге байланысты болмау керектігін айта отырып адал қызмет ететін ұрпақ болуға шақырады

Қазіргі уақытта Абайдың «Қара сөздері» рухы мықты ұрпақ тәрбиесіне үлесін қосуда. Абайдың қара сөздерінде басты құндылық ретінде Адам танылады. Адам бойындағы әділдік, жанашырлық сияқты жоғары адамгершілік құндылықтарды бірінші орынға қояды. Ақын өмірдің құндылығын айта отырып, уақытты бос өткізбей, мәнді, пайдалы іспен шұғылдануды ұсынады. Әр адам баласын қарасөздері дұрыс жолға салар асыл мұра.

Абайдың айтқан әрбір сөзі адамның көкірегіне ой сала отырып адамгершілікке жол ашады. Өсіп кележатқан ұрпақты тәрбиелеуде Абайдың 17-ші сөзі «үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» адамның имандылыққа және адамдыққа бастайтын жол. Оның әрбір өлеңі балаға жан-жақты тәрбие беруді ойластырады. «Ғылым таппай мақтанба», «Сабырсыз, арсыз еріншек», «Әсемпаз болма әрнеге», «Бойы бұлған» өлеңдері балаларды ғылым-білім үйенуге шақырып, адам бойында кездесетін жақсы, жаман қасиеттердің жігін түсінуге жетелейді.

Адамның өсіп жетілуіндегі тәрбиесіне де ерекше мән берген ақын. Оның дәлелі: «адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап татып – естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген

нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» деген даналық ойы, яғни адам ақыл-ойының, есінің тәрбие арқылы ғана жетілетінін ғылыми түрде дәлелдеген. «Досыңа достық – қарыз іс» деп, дос болған соң, достық жасаудың жолдарын жақсы білуді уағыздайды. Шын дос болу – бақыт, жалған достық – жауыздық. Досқа атылатын оққа өз кеудесін тосып, досы үшін жанын құрбан еткен нағыз достар тарихта көп болған. Досқа сыйлық тарту, достың қалағанын беру, досқа сауға (араша) болу, достың көңілін сұрау, оған көңіл айту, т.б. халықтық жөн-жоралғылар салт болып қалыптасқан. Ұлы Абайдың «бірің қазақ, бірің дос, көрмесен істің бәрі бос» ежелден ынтымақты іргелі ел екендігімізді көрсетеді.

Тәрбие тал бесіктен бастау алып, шеберлікпен, бірізділікпен алтын - ұя мектепте ұштасып жатса келешек ұрпағымыз рухы күшті тұлға болы даусыз. Бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне Абай еңбектері баға жетпес ұлтымыздың қазнасы. Абайдың 19-шы қара сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады» деп ақылестің тәрбие негізі екенің айқын айтады. Абайдың 37-ші қара сөзінде «Адамның мінезін өзгертуге болмайды – деп айтқан адамның тілін кесіп алар едім», — деген. Осы сөздеріне қарап адам мінезін тәрбие негізінде өзгертуге болатындығын көреміз.

Абай 15-ші қара сөзінде: «Егерде есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» деген сөздерінен психологиялық ойларды көруге болады, замануи психологияда әр күнде алған білімін істеген әркетін туралы есеп беру мақсатқа жетелейтін мотивация түсінігі деп тұжырымдайды ғылымда. Демек Абайдың әрбір сөзі тұнып тұрған психология сонымен қатар қазіргі дамып кележатқан психологиялық бағытардың ішінде Абайдың сөздерін әрбір қағидасында қоруге болады. Ал 38 қара сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Әуелі–надандық, екінші-еріншектік, үшінші- залымдық»-дейді. Адам бойындағы ең жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға үйрете отырып адам болып туғанан кейін надандықтан алыс болуды үйретеді [2,2006-124 б.].

Абайдың қай еңбегіне көз жүгіртсек сол жерде ұлттық тәлім-тәрбие, психологиялық ойлар кездестіруге болады. Біздің ұрпақа берілген асыл қазынаны әр өсіп келе жатқан нәрестеден, яғни балабақшадан бастап, мектеп табалдырығын аттап, оны тамандау кезіне дейін осы тағылымдармен тәрбиелейтін болсақ, иманды, білімді және мәдениеті тұлға болатындығы сөзсіз.

Абайдың қарасөздері-оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазынасы. Абайдың өз тұсында болған тарихи шындықпен, қоғамдық құрылыспен, күнделік сан алуан надандық, қанаушылық, озбыр зұлымдық

атаулының барлығымен байланысты туған шығармалар. Қарасөздердің бағасы - Абай заманындағы жағдайды, тарихтық шындықты өз қалпында бұлжытпай толық танытып береді. [3, 2006. – 124 б.].

Қорытындылай келе, Абайдың психологиялық –педагогикалық ойлары, өсіп келе жатқан ұрпақа ақыл-ой, адамгершілік, еңбек-кәсіптік тәрбиелеудің негіздерін ашып көрсетіп берді. «Асыл сөзді іздесең Абайды оқы, ерінбе!» деп Сұлтанмахмұт айтқандай, біз данышпандықтың бар асылын бір басына жинақтаған Абай өлеңдері мен қара сөздерінен рухани күш аларымыз сөзсіз. Сондықтан Абай даналығынан бастау алу керек. Ұлылықтың биік деңгейіне көтерілген ғұлама АБАЙ-дың имандылық тәрбиесінің қайнар бұлағынан сусындап өсетін жеке тұлғаны Абай тағылымы арқылы тәрбиелеуді басты мақсат ету отбасының, балабақшаның, мектептің, барша халықтың міндеті.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013.-500б.
2. Абай – мәңгілік поэзия. Егемен Қазақстан. №152 (29133) 10 тамыз 7-б.
3. Абай. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006. – 124 б.

Өз бетімен білім алу – мұғалімнің кәсіби даму формасы

Өмірсерік М. Н., «№65 ЖББОМ» КММ

«Мұғалім – білім берудегі ең маңызды адам. Ең озық педагогикалық оқу құралдары, үкімет қаулылары, өте қатал инспекторлық бақылау маңызы жағынан мұғалім дәрежесімен теңесе алмайды. Сондықтан, мен үшін мұғалім әлемдегі барлық асыл заттардан қымбат». Бұл ағартушы ғалым атамыз Ыбырай Алтынсариннің тәжірибеден түйген сөзі. Осы бір ауыз сөз алдымен мұғалімнің жеке тұлға ретінде үлгі болуы керек екендігіне ой тастап тұр. Шынымен де, өз айтары болмаса, өзінде үлгі болмаса, педагогтің еңбегі желге ұшады. Кішкентай бала тәрізді мектеп қабырғасындағы оқушылар да айтқаныңды емес, көргенді істейді. Олардың мектеп табалдырығын аттағаннан бастап, өзінің білім ордасынан түлеп ұшқанына дейінгі, одан әрі білімін жоғарғы және орта оқу орындарында жалғастыруына дейінгі аралық жарқын болашаққа жол ашады. Сол себепті баланың тұлға болып қалыптасуына, әлеуметтенуіне бірден-бір ықпал етуші тұлға - ұстаз.

Қазіргі заманда бәсекеге қабілетті дамыған елдермен тереземіз тең болудың көрсеткіші – білім деңгейімен өлшенеді. Сол білімді дарытушы тұлға ұстаз екені анық. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» – деген еді.[1] Расында білікті ұстаз білімді ұрпақтың, жарқын болашақтың кілті іспетті. Сондықтан, ұстаз болу – жүректің батырлығы деп білемін.

Өздігінен білім алу барлық мамандық иелеріне қажет дүние. Ол даусыз ақиқат. Адам өзін жетілдірген сайын өз мамандығының үздігі бола бастайды, әрі қазіргі заман талабы осыны қажет етеді. Осыған орай өз тәжірибеммен бөлісем. Мұғалім өзін жетілдіру үшін арнайы жоспар құрады. Өзге әріптестерінің сабақтарына қатысып, өзіне керек ақпараттар мен әдіс-тәсілдерді алады және оқушылардың мінез-құлықтарымен танысады. Өздігінен білім алудың негізгі көздері: семинарлар мен конференциялар, іс-тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар, біліктілікті жетілдіру курстары, экскурсиялар, театрлар, мұражайлар, концерттер, газеттер, журналдар, кітаптар, ғаламтор жүйесі т.б. Сонымен қатар мұғалім өзіне не қажет екенін оқушыларына сабақ бере отырып та зерттеуіне болады. Оқушы талаптарын қанағаттандыру үшін оқушылардан сауалнамалар алынып, ашық әңгімелер жүргізілуі тиіс. Осы арқылы мұғалім өзіне нендей білім керек екенін түсінеді және сол бойынша жұмыстар жасайды. Қазіргі заман оқушылары ақпараттарды өзіндік іздену арқылы көбірек біліп отырады. Мұғалім одан артығырақ білуі шарт. Осыған орай кітаптарды көбірек оқып, шеберлігін арттыру жұмыстарын үнемі жүргізіп отыруы керек. Сондай-ақ, тек оқушы емес жалпы мұғалімнің өзіндік білім алуына ықпал ететін факторлар баршылық. Мысалы: бәсекелестік, қоғамдағы пікірлер, өмірде, қоғамда болып жатқан өзгерістер, қазіргі ғылымның жылдам дамуы, ақпараттардың көп болуы т.б. факторлар мұғалімнің өзіндік білім алып, заман талабына сай болуына түрткі болады. Мұғалім бір орында тұрмай осы аталған мәліметтерді ескере отырып, алға жылжуы керек.

Шәкірттердің айнасы ретінде ұстаздарға ерекше жауапкершілік артылады. Ізденіс жаңалықтардан хабардар болу ғана емес, оны тәжірибе де қолданысқа үнемі енгізіп отыру деген сөз. Себебі теория емес, практика оқушының санасына айрықша ықпал етіп, ықыласты арттырады. Сондықтан ұстаз әрқашан ізденіс үстінде болып, үнемі жаңашылдыққа ұмтылып, шәкірттерінің бойына сол қасиетті дарыта білуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Egemen.kz сайты
<https://egemen.kz/article/164115-tarbie-saghaty-informatikany%C2%A0terenh-menheru-%E2%80%93-igilik%C2%A0>

Абай қара сөздерінің қазіргі қоғамдағы құндылығы

Сейтжанова Т.Г., Сатыбалдина Л.С., «А.Байтұрсынұлы атындағы 41 мектеп-гимназия» КММ

«Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні.
М.Әуезов

Абай атамыздың әрбір сөзі баға жетпес асыл мұра, мағынасы өте құнды екені белгілі. Биылғы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және 21 ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Абайды танудың, оқудың мән – маңызының зор екендігін атап көрсетті. Оған дәлел, Абайдың «Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақтық» деген он сегізінші қара сөзінде. Осы қара сөзінен-ақ Абайдың барлық қара сөздерінің мән-мағынасы ашылып тұрғандай. Абай қара сөздерін жазу барысында адамды, адамдық қасиеттерді зерттеп, толық адам бейнесін қалыптастыруды мақсат тұтқанын түсінеміз. Жеке адамға ақыл, мінез, іс, адамшылықты сақтайтын ұят - намыс керек дегенді айтады. Ал осындай адамшылықты жүрекпен байланыстырады. Жүрек - адамның ішкі сезімі деген ұғымда қолданған.

Мектеп бағдарламасында Абайдың көптеген қара сөздерімен оқушылар танысады. Мен қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі ретінде өз пәнімде Абай қара сөздерінің құндылығының шексіз екенін үнемі оқушыларыма айтып, мысал келтіріп, ұғындырып отырамын. Қара сөздерінің қайсысы болмасын бізді ғана емес оқушыны да жақсылыққа, игі істерге шақырады, жамандық пен жалқаулықтан жирендіру үшін түрлі әдіспен сөздерден маржан түзіп әсерлі жеткізе білген. Оқушылармен сабақ процесінде Абайдың тілі күрделі болғандықтан, үнемі сөздікпен жұмыс жасап отырамыз. Оқушылардың да қызығушылығы өте жоғары.

Абайдың «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» сөздері жоғарғы ілім - білімге ұмтылуға бөгет жасайтын надандық, мақтаншақтық мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, «Алтыншы сөзінде» Абай: «Бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес», - десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Ырыс - алды тірлік» дейді. Жанын қорғалап жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады...

«Кеселді жалқау, қылжақ бас,

Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың пысық, ішің нас,

Артын ойлап ұялмас, - болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», - дейді. Ұлы ақын осы пікірін өзінің «Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар - намысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп жала жабу, ауызбіршіліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан, мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, еңбексіздіктен келіп туатынын дәлелдей келе, ақын өзінің оқырмандарын бұл мінездерден қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, келешек ұрпақ үшін құндылығы да осында.

Өзінің өлеңдеріндегі тәрізді қара сөздерінде де ұрлық, паракорлық, пәлекорлық, мансапқорлық, тағы басқалар елдің ел болуына зор бөгет екендігін айта келіп, «Қырық бірінші сөзінде» ұлы ақын екі нәрсені ұсынады: біріншісі – «Бек зор үкімет», екіншісі – қаржы. Үкіметтің күшімен қазақтың

ұл, қыздарын еріксіз түрде мектепке беріп, оларды ғылымның әр саласынан мамандандырып, ой – санасын жаңаша тәрбиелеп, бұрынғылардан мүлде өзге психология, өзгеше наным – сенімдегі адамдар етіп тәрбиелесе, сонда ғана елдің түзелетіндігін айтқан.

Абайдың «Он жетінші сөзі» қайрат, ақыл, жүрек, ғылымға арналады. Алдыңғы үшеуі адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әр қайсысы өзін бірінші орынға қойып таласады да, ғылымға төрелікке жүгінеді. Ғылым үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынайды. Жеке – жеке үшеуінде де кемшілік бар. «...Осы үшеуің басынды қос, оның ішінде жүрекке билет», - деп үкім шығарады. «Егер үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтаймын», - дейді оларға ғылым. Демек Абай жүректі, яғни адам – адамды сүю, адам үшін қызмет етуді бірінші орынға қояды. Бірақ ғылым бойынша да, Абайша да ең идеал нәрсе – осы үшеуінің бірлігі. «Осы үшеуі (ақыл, қайрат, жүрек) бір кісінде менің айтқанымдай табылса, табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам сол», - дейді.

Абайдың білім-ғылым туралы қара сөздерінен мен ерекше қуат алып, мотивацияда жүремін. Әрбір қазақ азаматы осы қара сөздерін оқып шығуға міндетті деп санаймын. Әлбетте ол ұлтының нағыз жанашырын, білімді адаммын тәрбиелеп шығатыны анық.

Біз ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының дәуірінде айтып кеткен сөздерінің әлі күнге дейін өз өмірімізге қажеттілігін ұғындық. Оның адамгершілікке баулыған, тәрбиеге негізделген қара сөздері арқылы рухани азық алдық, адамдық сипатта бой түзеуге тырыстық. Демек бұл ақынның халықпен бірге жасағандығы. Ақын мұрасы – халықтың сарқылмас асыл қазынасы екені анық.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 2-том. Алматы, «Ғылым» -1977
- 2.Әуезов.М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа.Алматы, «Санат» -1997.

Білім алушыларды критериялы бағалаудың заманауи жүйесі: жаңа тәсілдер, жаңа шешімдер

Ташпулатова А.У., Бурленова С.К., «№ 40 негізгі мектебі»КММ

«Заманың түлкі болса, тазы болып шап» демекші, заман талабына сай елімізде ғылым мен білім дамып келеді. Жастардың білімге деген күштарлығы, жаңашылдығы, ізденімпаздығы көз қуантады, жанға демеу беріп, жүрекке жылу ұялатады.

Дарынды және талантты ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі ұстаздардың қолында. Ал қазіргі ұстаздар білікті, білімді, сегіз қырлы, бір сырлы десек шатаспаймыз. Өйткені жыл сайын әртүрлі жаңалық енгізіп келе жатқан білім саласында талмай, шегінбей қызметін адал атқарып келе жатыр.

Әр оқушыны жеке тұлға ретінде танып, оның білімді қажетті дәрежеде қабылдауы үшін аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздар көп. Заманауи технологияларға сүйене отырып, оны жетік меңгеріп келеді. [1, 75-78б]

Баланы оқуға қызықтырудың себебі мен салдарын қарастырып, бағалаудың, әсіресе, критериялды бағалаудың маңыздылығын ұғынып жатыр. Критерийлерге негізделіп отырып, әр түрлі тәсілдермен бағалауға болады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні арқылы қазақтың тарихы мен салтын, әдебін өзге ұлт өкілдеріне үйрету өте жауапты міндет. Оқушының тек тілі емес, жан дүниесі қазақ тілін білуі қажет. Осы мақсатқа негізделіп отырып, балалардың қазақша сөйлеуіне, сауатты жазуына, тілді үйренуге құлшыныстарын арттыруға барын салып жүрген ұстаздармыз.

Елбасының «Рухани жаңғыру» жобасының аясында жаңартылған білім беру бағдарламасымен дәріс беріп келеміз. Бағалаудың түрлі тәсілдерін қарап, соның ішінде критериялды бағалаудың мүмкіндіктері мол екенін білдік. Өйткені берілген әр тапсырманы белгілі критерийлер негізінде бағаланатынын оқушы да, мұғалім де біліп отырады. Соның нәтижесінде әділ бағалау жүйесі жүріп отырады. Ал бұл – оқушының білімге қызығушылығын арттырады. Құлшынысын күшейтіп, алға талпынуға, өзі үшін әрекет жасап, сыни ойлауға ықпал етеді.[4, 99-100б.]

Сонымен, критериялды бағалау дегеніміз – оқу жетістіктерін білім алушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті, нақты анықталған критерийлер негізінде бағалау үрдісі.[2, 10-15б.]

Өз тәжірибемізге тоқталар болсақ, 7 сыныпта әр түрлі ұлт өкілдерінің балалары оқиды және де олардың мемлекеттік тілді меңгеруге қызығушылықтары жоғары. Олардың жеке мотивациясын одан да көтеру мақсатында, әр тапсырмаға сай бағалау критерийлерін қарастырамыз. Бағалаудың әділ өткенін сезінген олар, бір-бірімен жарыса оқиды. Досынан қалмауға, білімін көтеріп, қазақ тілінде еркін сөйлеуге талпынады. Өзін-өзі, бірін-бірі бағалау арқылы сыни ойлауға да дағдыланып келуде. Өзіне берілген тапсырманы әр қырынан қарап, жан-жақты ойланып, толық жауап беруге, жазба жұмыстарда сөйлем құрылымын сақтап жазуға тырысады. Қазақ тілінің сөйлем құрылысына мән беруге тырысады, өйткені оған да қосымша ұпай алатынын біледі. Сонымен қатар, бастапқыда үнемі тапсырманы дескрипторлар негізінде бағалап отырса, біртіндеп, оларда қалай бағалану , тапсырманы қалай орындау біліктілігі артады.

Ақпараттық коммуникациялық технологияны еркін пайдаланып, диалогтік оқытуды дамыту барысында да бағалаудың осы заманауи жүйесі көп септігін тигізуде. Диалогтік оқыту механикалық әңгіме, жауап алу, түсіндіру және талқылау сияқты әңгімелесуге үйретудің барынша дәстүрлі түрлерімен тығыз байланысқан. Ол сабақ барысында танымдық/бәсекелестік өзара қарым-

қатынас қалыптастыратын стратегиялар жиынтығы. Әсіресе, «Бес саусақ» әдісін оқушылар жақсы меңгерген. Өз қолының суретін сала отырып, сабақ соңында өз бағасын өзі ашық түрде жариялай алады. Баланың сын тұрғысынан ойлауын дамыту үшін көп таңдауы бар сұрақтар, қысқа немесе толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады. Ал «Термометр» арқылы бастапқы бағасы мен жаңа материалды меңгергеннен соң алған білімін бағалап, қаншалықты білім сапасы көтерілгенін немесе төмендегенін бақылай алады. Мұның бәрі, әрине, мұғалімнің сабақ жоспарын ұтымды құра білуіне байланысты. [3, 25-40б.]

Мұғалімнің еңбегі арқылы жас ұрпақтың болашағы өлшенеді. Сонымен қатар, мектеп жұмысы мен оқушының жетістіктерін дамытатын, жетілдіретін де мұғалім. Сондықтан, әрбір мұғалімнің жаны жаңалыққа құмар болғаны абзал. Критериалды бағалау да осыны қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасындағы білім. Астана, 2013ж. [75-78б. қалыптастырушы бағалау тапсырмалары мен жиынтық бағалаулар бойынша әдістемелік ұсыныстар. Алматы, 2017ж. [10-15б.]
2. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» ҚР ПҚБАБ. Үлестірме материалдар. Астана, 2016ж. [25-40б.]
3. «Заманауи білім берудегі сапалы өзгерістер: оқу үрдісіне жаңа көзқарас» Қарағанды қаласы ББ, 2017ж. [99-100б]

Көркем шығарманы оқытудағы анализ және интерпретация дағдысын қалыптастыруда кездесетін қиындықтар және оны шешу жолдары

Тлеубергенова Ж.С., «№92 гимназия» КММ

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік-эстетикалық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу; ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру; көркем шығарманы тануда қажетті біліммен қаруландыра отырып, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру. «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы басшылыққа алатын үш негізгі дағдының бірі- анализ және интерпретация.

«Анализ және интерпретация» бойынша оқушылардың әдеби шығарма композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, композициялық амал-тәсілдерді талдау, шығармадағы автор бейнесін анықтау, оның рөлін талдау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын, көркем шығарманың тілін, көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау, әлем және

қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту, көркемдегіш құралдарды пайдалана отырып, шығармашылық жұмыс жазу дағдыларын қалыптастыру мақсаттары көзделеді. [3,102-б.]

Ал Халықаралық *PISA* - оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау бағдарламасында оқу сауаттылығын бағалау үшін білім алушыларға берілген мәтіндегі материалдарды салыстыру, автордың ойын аңғару, жауапқа дайындалу барысында нақты дәлелдемелер табу ұсынылады.

Әдебиеттануда интерпретация көркем шығарманың тұтастай мағынасын, мазмұнын, оның идеясын, концепциясын тану, түсіну, зерделеуді қарастырады. Көркем шығарманы оқып, оны түсіну барысында автор мен оқырман арасында диалог жүреді. Өйткені жазушы шығармада өмір шындығын өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді, ал оқырман ондағы оқиға мен кейіпкерлер әлемін өз биігінен, өзінің дүниетанымы тұрғысынан бағалайды. Мәтінді интерпретациялау теориясы және мағынаны түйсінугылымы-герменевтика (грек тілінен аударғанда түйсінуге) деп аталады. «Герменевтикада түсіну ұғымы басты орын алады, бұл орайда мәтінді интуитивті тану мен ондағы мағынаны пайымдау, түсіндіру аса маңызды. Сондықтан түсінудің басты шарты– интерпретация (зерделеу) болмақ», - дейді зерттеуші ғалым Қ.Т. Жанұзақова.[1] Мәтіннің мағыналық мазмұны мен композициялық құрылымының ерекшеліктерін түсініп қана қоймай, сонымен қатар авторлық ұстанымды, автордың ішкі әлемін, шығармашылық даралығын, дүниетаным ерекшелігін, оның шығарманы кімге бағыттап жазғанын да айқындаған дұрыс.

Оқыту процесінде 8-сыныптағы қазақ әдебиетінен М. Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы тақырыбында анализ және интерпретация дағдысы бойынша автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау (8.2.2.1) оқу мақсаты [4] кезінде автордың көтерген мәселесіне қасиетін сақтай отырып, табиғатты аялау екендігін тапқанымен, оқушылардың көп жіберетін қателіктері: идеясы мен көзқарасы, кейіпкерді сомдау әдісін негізге ала отырып, автор бейнесін тани алмауы. Осыған байланысты шығармадағы кейіпкерлер диалогі немесе монологін түсініп оқу арқылы автор бейнесін ашуға үйрету керек. Осы шығармада әкесінің «киеліге оқ атпаймын», -деп Жетімкөлге бармауынан, жылқышы қарт пен әйел –ана арасындағы диалогтен, көл сұлулығын көріп, тамсанған әйелдің сөзінен автор бейнесін оның өмірге деген түсінігін ашуға бағыт беруге болады. Осы шығарма бойынша шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу (8.2.4.1) мақсатында [4] көлдің қазіргі табиғатын автор стилін сақтай отырып, өлеңмен сипаттау және анаға кеңес беру немесе «Анықтама бюросы» ойынын жүргізіп, туристерге ақпарат беру арқылы жүзеге асыруға болады.

Интерпретация дағдысы бойынша шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау (8.2.3.1) оқу мақсаты бойынша[4] қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындауда кейбір оқушылар көркемдегіш құралдарды ажырата алғанымен, қолданысын

сипаттап, автор стилін бағалауда қиналады. Мысалы диалект, кәсіби, ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздерді шығармадағы оқиғаны шынайы беру мақсатында қолданады. Оған Әбіш Кекілбаевтың «Шыңырау» повесіндегі құдықшылардың еңбегін суреттеуі дәлел бола алады. Көркемдегіш құралдарын (теңеу, метафора, метонимия, антитеза, т.б.) қолдану арқылы образды ой тудыру, әсерлі суреттемелер, зат пен құбылысты шынайы бейнелеу көркем шығармада қоғамдық-тарихи оқиғалар мен мәселелерді қозғауға, бағалауға үлес қосады. Тұрақты сөз тіркестері, қанатты сөз, астарлы, айшықты, бейнелі, қорытылған ой-тұжырым көріністері басым мақал-мәтелдер аз сөзбен көп мағына беретін ықшамдылығымен, жинақылығымен тілдің стильдік сапасын арттыра түседі. Өзіндік ізденісімен сөз қолдану тәсілдері автордың стиліне жан бітіреді. Әр суреткердің тілдік амал-тәсілдеріне қарай өзіндік стилін тануға үйрету арқылы оқушы бойында интерпретация дағдысы қалыптастырылады.

Қорыта келгенде, көркем шығарманы оқытудағы анализ және интерпретация дағдысын қалыптастыру кезінде оқудың белсенді әдістерін қолдана отырып және көркем шығарманың тұтастай түсінуді қамтамасыз етіп, оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын қалыптастыруға қол жеткізуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жанузакова К.Т. Герменевтика – интерпретация теориясы. – Алматы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, 2013.
2. Отарбаева Ғ.Н. Мәтін және интерпретация: көзқарастар мен концепциялар, Хабаршы. Филология сериясы. №4 (172). 2018
3. 2019–2020 оқу жылында ҚР жалпы ОББ ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. Астана – 2019, 124 – бет.
4. 8-сыныпқа қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні сабақтарынан жаңартылған білім мазмұны бойынша күнтізбелік сабақ жоспары.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың тиімділігі

П.А. Шарипова № 15 ЖББОМ

Қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялардың бірі – оқушылардың жазу мен оқуда сын тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Осындай әдістеме негізінде жасөспірімдерге қазақ тілі мен әдебиетінен терең де тиянақты білім беруді өз тәжірибемде жиі қолданамын.

Адамның танымы неғұрлым биіктей берген сайын дүниенің көкжиегі де соғұрлым кеңейе бермек. Дүние, табиғат бір қалыпта емес, ол үнемі динамикада. Сондықтан да біз бәріміз бұрынғының қажеттісін ала отырып, бір жаңашылдыққа ұмтыламыз. Неміс ақыны: «Біліп қана қою - аз, сол білгенінді істе қолдана білу қажет, ниеттену ғана аз, сол ниетінді іске асыруың керек», - деген тамаша пікір білдірген екен. Адам санасында көп білімді жинақтайды, бірақ соларды іске асыруға құлшылық ете білмейді. Соңғы жылдары мен «Қазақ тілі мен әдебеті» журналынан «Тақырыптас шығармаларды сабақтастыру» деген қызықты мақаламен таныстым. Онда белгілі тақырыпқа арналған бірнеше автордың шығармаларын бір сабақта өту, сол арқылы өмір құбылысын бейнелеудегі әр автордың шеберлігін салыстыра отырып, тақырыптас шығармаларды сабақтастыра оқыту балалардың білім өрісін өсіріп, аталмыш тақырыптарды жан-жақты танытуға, көркем туындыны талдау мен жазушы шеберлігі туралы дәйекті пікір қалыптастыруға көбірек мүмкіндік беретіні туралы жазылған. Осы мәселе көпке дейін ойымда жүрді. Бұндай сабақтардың мұғалімге де, оқушыға да тиімді екенін байқадым. Өзімнің іс-тәжірибеме енгізу үшін мен педагогикалық еңбектерден осы мәселеге жуық материалмен таныстым. Бұндай әдіс педагогикада сонау В.Шаталов кезінен қолданылады екен. В.Шаталов оқыту материалдарын ірілендірген. Яғни, ұқсас, туыстас бірыңғай ұғымдарды оқытуды біріктірген. Бұл тәжірибені педагог П.Эрдниев те көп жылдар қолданған. Ол «дидактикалық бірлік» ұғымын енгізіп, оған мынадай түсінік береді: «Бір сабақ көлемінде ұқсас материалдың немесе тапсырмалардың біте қайнасуы, дидактикалық бірліктермен меңгерту - оқу процесінің негізгі «клеткасын» көздейді, яғни күрделі, көп компонентті материалды аз уақыт көлемінде салыстыра және нақты меңгеру.»

Оқушы нақты білімді және оны қызықты жолдармен меңгерткенді қажет етеді. Жоғарыда аталған еңбектермен танысып болып, мен 7-сыныптың әдебиет сабағында өнер тақырыбына арналған І.Жансүгіровтің «Әнші» өлеңі мен Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесін сабақтастыруға болатынын аңғардым. Әр шығарманы жеке меңгерткеннен кейін оларды салыстыра отырып, мазмұн мен түр жағына шолу жасау, көркемдігі мен тілін талдау арқылы шығармадағы сабақтастық пен ерекшеліктерді тани білу, жазушы стилі мен шеберлігін сөз ету, балалардың ойын жинақтау мен талдау, салыстыру машығын қалыптастырып, өнер туындысын тереңірек тани түсуіне әсерін тигізері нақ. Сабақ тірек – кестемен бекітіліп отырылады. Яғни, авторлары, прототиптер, жанрлар, тақырыбы мен идеясы, көркемдігі талданады. Бұндай сабақтар басты мәселеге әр автордың бейнелеу тұлғасынан келіп, оқушының өзіндік ой қорытуына мүмкіндік жасайды. Кей жағдайлардағы бір шығармадағы ой, сурет екіншісін толықтырып, тақырыпты тереңдетуге жол ашады. Бұндай сабақтарда көбіне логикалық «талдау, жинақтау, диагностикалық жеке ізденіс зерттеу», оқулықпен, жеке әдістерді қолдануға болады. Оқыту процесінде көбіне білім

беру ақпараттарының көлемін ұлғайту мен оқушының оларды меңгере алмауы арасында қарама-қайшылықтар туып жатады. Осында көп ақпараттардың ішінде ең керектісін негізгі, нақты, қажеттісін меңгертетін бұндай әдістердің оқушыға пайдасы мол. П. Эрдниевтiң «дидактикалық бiрлiктердi iрiлендiру» технологиясын қазақ тiлi мен әдебиет сабақтарында жиi пайдалануға болады. Мысалы көркем шығармаларды талдау кезiнде «кубизм» стратегиясын қолдану- оқушының түпкiлiктi ойлануына, өз пiкiрiн қалыптастыруға, сабаққа қатысуына, ойларын қопаруға, мәтiнмен жұмыс iстеуiне, өзгенiң пiкiрiн құрметтеп, өз ойын ұсына бiлуге зор әсерiн тигiзедi. Кубтың алты жағында алты түрлi тапсырма бар. Яғни, суреттеңiз, ойыңызбен байланыстырыңыз, қолданыңыз, зерттеңiз, салыстырыңыз, талқылаңыз немесе қарсы шығыңыз. Мен бұл стратегияны көбiне әдебиет сабағына қолдануды жөн көремiн. Оқушылар қызығушылықпен сабаққа қатысып, құнды ой-пiкiрлерiн жеткiзе алуға дағдыланады. Бұндай жұмыс түрi тақырыпты жан-жақты қамтуға мүмкiндiк туғызады. Сынып алты топқа бөлiнiп, алты түрлi жұмыс жасайды. Мұнда сабаққа қатыспай қалмайтын оқушы болмайды. Әркiм өз ойын бiлдiредi. Және де осы тақырып бойынша өзi бiлмейтiн өзгелердiң қызықты пiкiрлерiмен танысып, бiлiмiн толықтырады. Бұндай сабақтарда мен ынталандыру- қызықтыру әдiстерi (қызықтыру жағдайлары) , апперцепция әдiстерiн қолданамын. Оқушы көрген- бiлгеннен айтуға тұрарлық, құнды пiкiрiн бөлiп алып айтады. Осындай жұмыс түрлерiнiң үнеми жүргiзiлуiнiң пайдасы мол. Ұстаз аракiдiк қана шұғылданбай, өзiнiң әдiстемесiнде жиi қолданып отырса, нұр үстiне нұр. Сонда бiз баланы тәрбиелей отырып бiлiм беремiз. Әл- Фараби тәрбиесiз берiлген бiлiмнiң ең қауiптi екендiгiн айтқан ғой. Ендеше бiз алдымызда отырған әр баланы ертең өмiрдiң шатқалдарында, асуларында адаспайтындай, шаршамайтындай етiп тәрбиелеуге мiндеттiмiз.

Оқушыларды жеке тұлға ретiнде ала отырып, олардың iс-әрекет түрлерiн мақсатты қалыптастыру, өздiк, дербес iзденуге баулимыз. әрбiр оқушыны өз беттерiмен көркем туындыны оқуға, талдауға, бағалауға жетелеймiз. «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы дайын бiлiмдi қайталап айту емес, оны өз белсендiлiктерi бойынша алуға тәрбиеленедi. Оқушылардың өзiндiк жұмысына мақсатты бағдарлар, айқын мiндеттер қойғыза бiлуге үйретемiз.

Қазақ тiлi мен әдебиетi сабақтарында проблемалық сабақтарды бөлiп алу, әзiрлеу, соны талқылау, өзiндiк қорытынды жасау, өз беттерiмен анализ, синтезге, бағаға жету, өзiн-өзi бақылау, жұмыстары балаларды шығармашылыққа, жүйелi бiлiмге жетелейдi.

Сонымен, қазақ тiлi мен әдебиетi сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша үйрету барысында мынадай қорытындыға келдiм:

1. Оқушы өмiрге деген өз ойын бiлдiретiн жазу стилiн тапты.
2. Жаңа бiлiм бойынша өз жобалары, модельдерi, болжамдарын тыңдап, талқылау (өздерi талдайды, бiр-бiрiн тыңдайды)
3. Өзiндiк қорытындылары, оның қаншалықты ғылыми, шындыққа жақын екенiн саралайды.

4. Білімді өз бетімен алуға деген ынтасын, шығармашылық жұмыстарға қабілетін, танымпаздық белсенділіктерін арттырамыз.

5. Білім дәрежесі деңгейін саралау /өзіндік анализ, синтез, бағалауының деңгейі қалыптасады/

6. Бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуі, қорғай білуі, айтыса білуге дағдыланады.

7. Оқушыларда жазу кезінде ғажайып ойлар пайда болады, онымен қатар өзінің және өзгеледің пікірі мен тәжірибесіне құрметпен қарауға үйренеді.

8. Оқушы әрекеті адамның ойлау қабілетін дамытады және ол кітап оқыған кезде өз ойын тұжырымдайды.

9. Оқушылар өз ойымен, іс-тәжірибесімен, пікірлермен бөлісуге үйренеді, бұл бағыт топпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

10. Жұмыс барыстарын алмасу арқылы оқушының өз ойын ашық, жасқанбай айтуға, басқа адамның ойын дұрыс қабылдауға үйренеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Т.А. Ильина «Педагогика» А, 1977ж
2. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы «Тақырыптас шығармаларды сабақтастыру» А, 1999, №6
3. Л.М. Фридман» Педагогический опыт глазами психолога»(Опыт В.Ф. Шаталова М., 1987 стр65-71
4. «Даналардан шыққан сөз» нақыл сөздер жинағы А., 1987
5. А.Женни Стилл, Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құрылымының оқу жоспары». 1 Методикалық құрал.280б.

Функционалдық сауаттылық және Абайдың қара сөздері

М.А. Бекенова , №25 ЖББОМ КММ

Абайдың қай шығармалары болса да, қалың көпшілік жағында, соның тілегінде болды. Халқының жарқын болашағы үшін күресіп, өзінің бойындағы бар күшін сарп етті.Кемеңгер ұлы ойшыл ақынның қай қара сөзін оқысаңыз да, халқының қамын жеген,өмірді сыншыл реализм бағытымен суреттепжүрегімен жеткізген Абайдың қара сөздерінің мағынасына көңіл қойып астарына ой жүгіртіп қарасаң, үлкен ғибратты сөздер ұлы сабақ аларың сөзсіз.

Абайдың қай қара сөздерін оқысаңыз да, бүгін айтылғандай, түсінбейтіні жоқ сияқты ,оқыған сайын жаңа ойлар ашыла береді.Абайдың заманында кездескен кереғар мәселелер бүгінгі күннің өзекті мәселесіне жазылғандай.

Абайдың 10-қара сөзінде Абай айтады-қазақ құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын, артымнан құран оқысын, қартайғанда асырасын дейсіңдер, дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің жасаған иттігің азболдыма? Баланың жақсысы –қызық, жаманы

күйік. Саған бала берді,енді оны өзіңжақсыасырайбілесіңбе? Білмейсің. Әуелі өз күнәнді өзің көтергеніңмен тұрмай, балаңныңда күнәсі не тағы ортақ боласың. Абайдың негізгі ойы-баланың іске татырлығы бар, іске татымайтын бала да бар, яғни, баладан бас тарту емес, қазақ алдымен өзін дамытуға шамасы жетпеген,нәпсісін жеңе алмаған қазақтан адамның бойына керекті құндылықтарды дәріптеді. Бала жауапкершіліктен туындайды. Рухани дамуың керек, рухани байуың керек деп сынға алады.

Кезінде қазағымның сұранысы өте мықты болған.Сұраныс ол ұсынысты тудырады.Шындыққа көз жүгіртсек кәзіргі кезде әлжуаз,ерке,өлімсіреген көзінде оты жоқ балардың дүниеге келуі, мұндай балалар сұраныстың жоқ болуынан,Қазақ айтқан; ұл болсаң от бол, от болмасаң жоқ бол деген.Ішінде кімнің от болса,қар жауса да сөнеме дейді ұлы Абай.Ішінде оты бар бала ешқашан мойымайды,бұзып-жарып еліне қызмет етеді.Еліне елеулі,халқына қалаулы азамат, азаматша жеке дара тұлға болады.Ал ішінде оты жоқ бала өмірге құлшынысы да болмайды,малдың берекеті де болмайды,яғни бақ-дәулеті артпай,қоғамға пайда әкелмейді.Бала деген ата-анасының жемісі ол әке-шешесінен асып түсуі керек. М.Жүсіп былай дейді;баланы өзіңнен артық қылып тәрбиелеу, бағбанның егіні сияқты және кімде-кім өзінен артық қылып тәрбиелесе нағыз адам –сол дейді.Бала біздің болашағымыз,дәнекеріміз.

Ұлы Абайдың отыз жетінші қара сөзінде мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам,адам өзінің мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім дейді.Мінезі жаман долы,көкбеттік адамға пайда әкелмеген,Ұлы Абайдың заманында да кертартпа қыңыр мінез қоғамға кесірін тигізген.Менің мінезім осындай туа біткен мінезім дегендерге ойшыл ақын басқаша түсінік қалыптастырады.Ұшпаққа шығам десең қазағым түзел,қазақ қашан түзеледі,мінезін өзгерту арқылы,өз-өзіңмен арпалысу арқылы бір белеске жетуің әбден мүмкін деп құнды ойымен бөліседі.

Біздің қоғамда да мінезі шайпау,бірде бие,бірде түйе адамдар жетерлік.Мінезің жаман неге түзелмеске деп сұрасаң менің мінезім осындай,барым осы деп түзелуге енжар қарайды. Ұлы Абайдың пікірімен санассақ барлығы да адамның өзінің қолында,түзелуге,өзімен арпаласуға шамасы жетпейді. Адамның тағдыры,қарым–қатынасы бәрі де мінезіне байланысты.Мінезі жақсы адамға қайдан болса да бір кісілік орын табылады».Сүзеген сиырға мүйіз бермейді»демекші болып жатқан қиындықтарымыз,көңіл-күйіміз,жайлы өмір сүруіміз сол мінезімізге байланысты сол мінезді көркем мінезге өзгерту арқылы жақсы игілікті істерге жетеді екенбіз.Жан-жағымызды шуаққа бөлеп,әдемі сөйлеу,жақсы ой ойлау арқылы жақсылықтың ауылы сізге жақындай береді.Әдемі сыңғырлаған бұлақ болыңыз,сол сыңғырлаған бұлаққа лай суды құйсаң да,түбінен қайта тазарып тап-таза болып аға береді.Жүрегіңнен тазалық шыға бастаған кезде өміріңіз де өзгере бастайды. Ашуға ерік бермеңіз. Ашу-дұшпан,ақыл-дос деп бекер айтылмаған сияқты.

Абайдың қырық екінші қара сөзінде пысықай, тегін тамақ жеп, қулық, сұмдығы көп жігіттеріміз көбейіп кетті дегені сол ұлы Абайдың заманында да кездескен мәселе қазіргі таңда кең етек алуда соларды рет-ретімен тізбектеп айтар болсам өзегінді өртейтін, көңіліңді құлазытатын ауқымды мәселе. Орақ тілді ата-бабаларымыз нағыз жігітті атаулыға терең ойлы, өткір көзді «ар алдында ақ, сауысқандай сақ» деп бір-ақ ауыз сөзбен көркем суреттеген. Мұндай жігіттерді жігіттің сұңқары және сұлтаны деп білеміз. Баяғының қариялары тіпті бүкіл ел танымаса да, тек сол ауылы ғана білетін сол қариясының түрінде айбын-айбар көрінетін. Бір сөзді ойланып сөйлейтін сол қарияның көзіне қарасаң аржағынан әлем, сөзінен тұңғыық дария есетін болған. Сол бұрынғы қазақ жігіттерінің еті тірі, өмірге іңкәр болған. Марқасқа, жаны жайсаң сырбаз болған айтатын сөзі көңіл күйіңе гүлдей әсер еткен. Ал сол марғасқа, жаны жайсаң жігіттеріміз қазір саусақпен санарлық қана. Еркектердің орны қашанда биік, бірақ қазіргі таңда еркектер ұсақталып барады. Нағыз еркекке тән мінез жоқ. Қыздардан бетер нәзік және қорқақ. Әрине бүкіл жігіт атаулыға тиіселі емес. Жігіттер күлмейтін нәрсеге күледі, аузында сағыз шайнадап өзінді жол ұсынбай қағып кетеді. Нағыз жігіт болатын ерлеріміз нәзікжандылармен айтысып, санасып өзінді жолда қалдырады. Жігіттеріміздің бойындағы байсалдылық, адами құндылық кетіп барады. Еңбек етіп, жұмыс жасауға, алға ұмтылуға тынбай ізденуге енжар. Табыс таба алмай сенделіп оңай олжаға кенелгісі келеді. Үйленіп алып, жұмыс істемей әйелінің есебінен өмір сүрсем дейді. Өзінен жоғарғы адамдардың алдында құрдай жорғалайды, жарамсақтанып жүрген еркектің қадір-қасиеті болмайды. Дана Абай оныншы қара сөзінде құдайдан мал тілейсіңдер, не қылайын деп тілейсіңдер ал берді бергенін алмайсыңдар Алла саған он екі мүшенді сау етті. Яғни, он екі мүшені сау болса кедеймін деп айтуға болмайды екен. Нағыз еркек жігері жүн болып, құлшынысы құм болып түсіп кетпейді. Депрессияға түссе де көрсетпей ішкі рухын түсірмей болаттай мықты болады. Алған бетінен қайтпай, мәселенің бетін қайтарып сабырын серік қылады. Нағыз еркек көңілі көлдей кең, ірілігі таудай болуы шарт бұл ер азаматтың ірілігі

Бұл еркектерге тән ірілік, яғни, кеңпейілділік кең болып Отанына болысу, кең болып туысқанына болысу, кең болып отбасына болысу т.б. Нағыз еркек- отбасының тірегі. Отбасын толық жауапкершілігін мойнына алу. Еркектің айырмашылығы оның денесі немесе бойы емес оның табысы, іскерлігі. Оның мықтылығы табыстылығында отбасының жағдайын жасап қоюында. Ата-анасын, отбасын, бауырларын қамқорлығына алады. Нағыз еркектің болмысына мен үшін мыналар кіреді:

Қиындыққа қарсы қасқиа тұрады. Жыланып, ешкімге шағымданбайды. Кез-келген жағдайдан шешім табады. Шешімді өзі қабылдайды. Нағыз еркектің сөзі мен ісінде алшақтық болмайды. Ол әрқашан ұстамды, өз отбасының қорғаны, оның әлсіз болуға уақытысы жоқ. Өсек өтірік айтпайды. Мылжындап сөйлемейді. Әрбір сөзін ойланып айтады. Өзі білмейтін нәрсеге араласпайды. Өзі білмейтін бейтаныс адам жайлы талқыламайды. Әйелдерге

тән нәрселерге әуес емес, мысалы шаш бояу немесе тар шалбар кимейді. Өзгелермен екі сағат айтыспайды. Уәде берсе орындайды. Әйелін отбасын Алланың берген сыйы деп біледі. Тобықтай сөздің түйіні жігіттеріміздің мойнындағы жүктері де ауырлау, себебі көп нәрсеге сол кісілер жауапты болады. Әрине, мінсіз адам болмайды. Сол марғасқа, жаны жайсаң жігіттеріміз өте жоғары болып, нәзікжандыларға құрметі болса, әйел жанын елжіретер сөзі болса, көп сөйлемей уәдесін орындайтын, жүрегі кең мәрт болса, керемет өмір құлпырып кетер еді. Абайдың қара сөзінің барлығы қазіргі заман ағымымен қатар келеді. Ұлы ойшыл ақынның шығармалары несімен құнды, ол дер кезінде ақиқатты аша білуі. Абайдың туындылары құнды.

Құндылығы соншалықты өмір шындығын Абайдың шығармалары дәлелдей түседі. Абай заманында қанша адам сүрді, байы да, бағланы да, төресі де болды. Абайдың айырмашылығы сол кездегі заман ағымына өзін билетпеді, қайта сол аласапыран заманға жол нұсқады. Ол мәңгіліктің сұрағымен айналысқан. Ұлы Абай артына өзіне-өзі мәңгі жоғалмас даналық сөздер қалдырған, елден ерен озық ойларын өзінің бөлек болмысымен биікке көтерген асқақ тұлға.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай шығармалары, 2 томдық жинағы, Алматы »Жазушы баспасы, 2016ж.

Жаңалықтар порталының тілдік ерекшелігі

Маратқызы Ақнұр №3 гимназия

Еліміздің егемендік алып, тәуелсіздік тұғырына көтерілуі, тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы қазақ баспасөзінің де жаңа арнаға түсіп, жаңаша дамуына алып келді. Еліміздің қоғамдық-саяси, рухани-мәдени салаласындағы өзгерістер мен тасқындап еніп жатқан ақпараттар ағыны арқылы баспасөз лексикасы толығымен түссе, керісінше сол жаңа қолданыстар мен сөздерді қалыптастыруда, тың ақпараттарды оқырманға жеткізуде баспасөздің де қызметі арта түсті.

Зерттеуші Б.Момынова «Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы)» деп аталатын ғылыми еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарын оқылатын (визуальды), тыңдалатын (аудиальды) және әрі тыңдауға, әрі көруге болатын (аудио-визуальды) үш түріне жан-жақты тоқталады. [3; 80].

БАҚ тілін зерделеуде әуелде баспасөздің, радио мен телеарна тілі зерттеу объектісі етіп алынса, бүгінде интернет тілі (online форматтағы медиамәтіндер) нысанаға алынып отыр. [1].

Біз осы сайттардың тілдік ерекшелігіне тоқталамыз. Жаңалықтар порталында қоғамдық мәні бар мәселеге көпшілік назарын аударту

мақсатында ой мен сезімге қатар әсер етерліктей экспрессивті-эмоционалды мәндегі тіл біліктері мен риторикалық сұраулы сөйлемдерді, қоғамдық-саяси және шет тілінен енген терминдерді, тұрақты сөз тіркестерін, қос сөздерді, бұйрық рай тұлғалы сөздерді, қаратпа сөздерді, риторикалық сұрақтарды, әртүрлі қайталамалар мен, қысқартылған сөздерді жиі кездестіреміз.

Кестедегі 2019 жылдың соңғы айлары мен 2020 жылдың басында жазылған жаңалықтар порталдарынан алынған мысалдарға назар аударайық:

| Тенгриныйс | Нур.kz | Информбюро |
|---|---|---|
| Қазақстанда алғашқы "ақылды қала" пайда болады. | Өскемендік отбасы "Что? Где? Когда?" бағдарламасынан 300 мың теңге ұтып алды. | Work and travel. АҚШ-қа сапар. Таным да, табыс та болады. |
| "Сары жилеттер" Францияда түрмеге баса-көктеп кірді. | "Тәрбие тал бесіктенбасталады": МСМ танымалжурналистіңсынынажауапқа йтарды. | Astana Hub – көп миллиардтық кезекті шығын ба, экономикалық өріс пе? Мұнда стартаптарға талап қандай? |
| Алматыда "Green Bus" жолаушыларды тасымалдау компаниясы мен келісімшарт үзілді. | "Ерлігі ел есінде": Тоқаев браконьерлер өлтірген инспекторға жазба арнады. | "Ақылды" протез семейлік жасөспірімнің өмірін түбегейлі өзгертті. |
| Нұрлан Сейтімов ҚР СІМ жауапты хатшысы болып тағайындалды. | Шымкентте "разборкада" 17 жасар ұлынан айырылған ана жанайқайын жеткізді. | Айналарға лазермен VIN-код салу: өзіңізді және көлігіңізді ұрылардан қалай қорғау керек? |
| ШҚО-да тасжолда 312 адам эвакуацияланды, 200-ден | «Ине шаншар орын жоқ»: астаналықтар азық-түлік дүкендерінің астан-кестенін шығарды. | Министрлік "временкаларда" тұруғатыйымсалуды ұсынды. |

| | | |
|------------------------------------|--|--|
| аса көлік жолда қалып қойды. | | |
|------------------------------------|--|--|

Жаңалықтар порталында кездесетін тағы бір ерекшелік – өзгетілдік элементтердің қолданылуы. Қазақ тіліне өзге тілдік сөздердің (негізінен ағылшын тілінен) жаппай енуі бүгінгі қоғамның ашықтығымен, жариялылығымен және ықпалдастықпен байланысты болып отыр.

Жаңалықтар порталында кездесетін кейбір тілдік ерекшеліктерге тоқталып өтсек:

1. Шетел тілімен араласып ана тілімізді шұбарлап, қолданылған терминдер кездеседі.

1. Жеке-дара немесе сөз тіркесі ыңғайында қолданылған түсініксіз атаулар. (Қазақстандық жігіт *NASA* байқауында жеңіске жетті. Tengrinews.kz.); (24 жастағы қазақ қызы "*Miss Intercontinental*" байқауында бақ сынамақ. Nur.kz.); (Отырарда қазақ ғалымы *Spirulina* өсіріп жатыр. Informburo.kz.)

Берілген сөйлемдерде шетелдік сөздер жеке-дара қолданылған. Олар, әрине, оқырманның бәріне бірдей түсінікті бола бермейді.

2. Қысқартылып қолданылған сөз тіркестері. Қысқа хабарламаларда шетелдік термин сөздер қысқартылып та қолданыла береді. (NASDAQ, *S&P*, Брексит, Меркель және Франциядағы толқу. Қазақстан жаңа дағдарысқа төтеп бере ала ма? Informburo.kz.); (**Q-POP**, яғни QAZAQ поп музыкасы қазаққа не береді? Informburo.kz)

Келтірілген мысалдардағы термин сөздердің әрқайсысына автор тарапынан түсініктеме беріп отырғанда ғана жаппай оқырмандарға ұғынықты болар еді.

3. Эмоционалды-эспрессивті сөздердің қолданылуы.

Тіл білімі сөздігінде **Эмоционалдық** (лат. Emovere – еліктіру, толқыту) фр. emation – қоршаған болмысқа деген адамның әр түлі көңіл күйі, сезімі, әсері деп түсіндірілсе, **Экспрессивтілік** (лат. Expressio – выражение, мәнерлілік) ағыл. Expressivity expressivite Expressivitat (мәнерлілік) – тіл единицаларының семантикалық-стилистикалық белгілерінің жинақталған түрі деп түсіндіріледі [2; 6].

Жаңалықтар порталында кездесетін эмоционалды-эспрессивті сөздерге біренеше мысал келтіріп өтсек: ("Көзіме жас келді": Данэлия Тулешова Америкада әділ-қазыларды аузына қаратты. Nur.kz); ("Балалар қуансын": Астаналық жұбайлар үйлену тойын интернатта атап өтті. Nur.kz); ("Тойып біттік": Астанада көпбалалы аналар шу шығарды. Nur.kz).

Жаңалықтар порталында фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер де жұмсалады. Бұл сөздер көбіне сөзге эмоционалды-эспрессивті баға беру мақсатында қолданады. Мысалы: ("Тәрбие тал бесіктен басталады": МСМ танымал журналистің сынына жауап қайтарды. Nur.kz); («Ине шаншар орын жоқ»: астаналықтар азық-түлік дүкендерінің астан-кестенін шығарды. Nur.kz); Бірінші мысалдағы мақал-мәтел: "Тәрбие тал бесіктен басталады";

екінші мысалдағы фразеологизм: «Ине шаншар орын жоқ» сөзге эмоционалды-экспрессивті баға беріп тұр.

Қорыта келгенде, қазір еліміздің ақпараттық кеңістігіндегі ақпарат ауқымы адам қабілеті қорыта алар мүмкіндіктен де асып кетіп отыр. Жаңалықтар порталы саяси жаңалықтарды дер кезінде жариялап тұратын ең қолжетімді ақпарат таратушы болып табылады.

Жаңалықтар порталында түрлі тілдік ерекшеліктердің, экспрессивті мағынадағы эмоцияны бейнелейтін сөздердің көптеп кездесетінін аңғаруға болады. Бірақ, жаңалықтар порталында кездесетін түрлі тілдік ерекшеліктер мен эмоционалды-экспрессивті құралдардың рөлі бүгінгі таңда арнайы зерттеуді қажет етеді. Жаңалықтар порталының қоғам өмірінде маңызды қызмет атқаруына орай терең зерттелуі, жаңа бағыттағы жаңа еңбектермен толыға түсуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007.

2. Жонкешов Бауыржан Сейсенбекұлы. Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты. «Тіл білімі» баспаханасы.

3. Ш. Мажитаева, Ж.Д. Рапишева. Әдеби тілдің функционалдық стильдері: қалыптасуы мен дамуы. Оқу құралы. Қарағанды: ҚарМу баспасы, 2017. – 211 бет.

Оқушылардың рухани мәдениетін жетілдіруге көркем шығарманың ықпалы

А.У. Қуанышбаева «№5 ЖББОМ» КММ

Қоғамның дамуы жас ұрпаққа білім беру және тәрбиемен тікелей байланысты. Бүгінде үздіксіз талаптанып, жан-жақты ізденуді қажет етіп отырған кезеңде білім ошағының ұйытқысы ұстаздарға қойылар талап ерекше. Қоғамдық танымды жаңғыртуды жүзеге асыруда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» мақаласы өскелең ұрпақтың санасында ұлтжандылық сезімін қалыптастыруды көздейді. Тәрбие мен білім берудің жаңа құрылымы мен оқу-тәрбие әдістерінің мазмұнының өзгеруі мұғалімдерден өз кәсіби шығармашылық шеберлігін шыңдауды, жаңартуды талап етеді. Ұлттық жаңғыру – ұлттық сананың кемелденуі сана-сезім көкжиегін кеңейту әрі ұлттық болмыстың өзегін сақтап, бірқатар сипаттарын өзгерту болып табылады. И. Ғабдиров : «М. Әуезов өз шығармаларында ұлттық болмыстың басты сипаттарын суреттейді. Ол халық өмірінің ұлағатты жақтарын-үлкенге құрмет, анаға-ақылшыға деген сүйіспеншілік,

қонақжайлылықты әңгімелейді» дейді /2,19/. Сондай-ақ Тәкен Әлімқұловтың шығармаларынан да тұнып тұрған ұлт өмірін, ұлттың тыныс-тірлігін, мінез-тәрбиесін, сезім-сенімін көреміз. Академик Рымғали Нұрғали: «Қазақ әдебиетінің бүгінгі халық сүйген, әдебиетшілер таныған қаламгерлерінің бірі – Тәкен Әлімқұлов» /1,86/- деп баға береді. «Дәл осы жөнінен «Көк қаршыға», «Қараой» әңгімелерім өзіме де ұнайды. Және оның себебі қалай десем, әсірелемей, әрлемеіш шындықтың өзін суреттеп бергеннен ғой деймін. Ақан, Махамбет болмаса, шыншыл әңгіме тумас та еді» деп жазған қаламгердің мектеп қабырғасында оқытылатын ең әсем туындыларының бірі - «Қараой» әңгімесі. Т.Әлімқұловтың «Қараой» әңгімесіндегі Махамбеттей асыл еріміздің өмірінің соңғы шағын суреттей отырып, осындай ердің қазасы сырттан келген жау емес өз туысы Ықыластан келуі қазақ қазақ болып ес жиып етек жапқаннан бергі уақыттан Абайға дейінгі аралықта одан артық «қалың елі қазағы, қайран жұртының» қамын ойлап қабырғасы қайысқан жақсылығымен қоса жамандығын жіліктеп айтып берген туған жұрты мінезінің жарамсыз жағы жанына батпандай батқан ақын да азамат та өтпеген сияқты. Ал осындай адамды:

...Бірінді қазақ, бірін дос,
Көрмесең істің бәрі бос.
Малыңды жауға,
Басыңды дауға.
Қор қылма, қорға, татулас!
...Таласып босқа,
Жау болып досқа
Қор болып, құрып барасың! -

деген жолдарды жанымен, қанымен жазған сөз зергерін осы ұлттың ұлы патриоты деп айтпағанда кімді айтамыз.

Іргемізді ірітіп, шаңырағымызды шайқалтып тұрған, жайлар
...Алтыбақан, алауыз
Өзін-өзі күндейді.
Жақынын жалған мінейді,
...Алашқа іші жау боп, сырты күлмек.

Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек, - деген өлең жолдарындағы Абайдың поэзия тілімен берген ой толғанысын қаламгер өзінің осы бір шағын прозалық шығармасымен бізге жеткізіп берген. Алтыбақан алауыз алыс, жақын ағайын жұрты күш сынасқан күндестікпен күн кешкен замандастары. Т.Әлімқұловтың «Қараойындағы» Ықылас бойындағы жамандықты, ойындағы надандықты көрсету данышпан Абай ойымен іштей үндесіп жатқанын байқауға болады. Міне, Тәкеннің кереметтігі қайда жатыр!

Сонымен «Қараой» - асыл Махамбет турасында жазылған ең қысқа, ең терең, соншалық шағын, соншалық керемет, ширақ, кесек туынды. Шығарманың өзегінде ел ішіндегі алауыздық, опасыздық жеріне жете әшкереленеді. Махамбеттей асыл туған дарабоздар өмірінің өкінішті ақыры жан- дүниенді бұлқынып, жүйе- жүйкенді шымырлатады. Жазушы Т.Әлімқұлов

шығармашылығының мән-маңызын айқындайтын өзекті тағы бір сала – өнер мен өнерпаздар мұратына бағышталған туындылар. Осы орайда жазылған туындысы – «Көк қаршыға» әңгімесі. Көкшетау мен Атыраудың сылқылдаған бұлағы, күрсінген көлі, шулаған орманы, сыбызғы шалған желі Ақанын қиянаты мен амал-айласы жүйкелеткен адам қоғамынан жырып алып, оған өзінің нәзік, сыршыл, дарқан, тәкаппар мінезін дарытып, бөлінбес бөлшегіне айналдырып жібереді. Кешегі ұлы Абайға да етек бастылықты көп көрсеткен кенеусіз кер заман озбырлығынан әбден мезі болған Ақан Ыбан есімді мылқау баласымен екеуі Қоскөлдің жағасын мекен етіп, табиғатқа алаңсыз бауыр басады. Пәк сезім, өнерпаздық, үздік бапкерлік қасиет, дегдарлық мінез Ақанын қайта табады.

Осы әңгімеде мынадай бір штрих бар. Бұл кез – баршаны аузына қаратып, дүйім жұртты таң қалдырған өнер иесінің жасы ұлғайып, өмір көшінің де бесінге ауып бара жатқан шағы. Сонда да Көкқаршығасы – жан серігі. Мұнысы да әлдебір ермектен гөрі бойына туа біткен серіліктің ізін аңғартады. Осы бір жадау тіршілігіне жаны ашығансып, әрі салтанатты тұрмысына мақтану мақсатымен, оның үстіне, қыранға қызығуы да мол ауқатты біреу серіні ауылына шақырады. Ақанның оған айтқаны мынау:

- Шырағым, Шорақазы! Сенің бейіл-ықыласыңа ризамын. Ұзақ өмірде көпшіліктен қошамет-қолпашты да аз көргенім жоқ. Келмеске кеткен сол бір жылдарды еске түсіру үшін құс салып, серуен құрамын. Менің үмітім алда да, уанышым артта.../4,70/.

Абайласаңыз, кәрілігін сезеді, бірақ торыққан адамның кейпі жоқ. «Үмітім алда» деуі – нағыз оптимистік қасиетін айқындайтын лебіз. Поэзия тілімен өнердің құдіретті қуатын көрсете білген І.Жансүгіров поэмаларындай айрықша әсер ететін бұл әңгіме өнердің адам өмірінде атқаратын ерекше қызметін дәлелдей түсті. Жаңғыру– елдің ұлттық -рухани тамырынан нәр алу керек. «Барлық мәселе сол ескіні жаңа мақсатқа пәрменді қызмет ете алатын етіп жаратуда ғой» /3,245/. Өз ұлттық рухани байлықтарын біліп өскен бала болашағына сенімді қарай алады. Елінің келешегін ойлайтын патриоты бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлімқұлов Т. Сейтек сарыны. – Алматы, 1999[3, 245].
2. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. –Алматы, 1983[4, 246] .
3. Ғабдиров И. Шабыт қайнары. –Алматы, 1978.
4. Нұрғали Р. Күретамыр. – Алматы, 1

Критериалды бағалау заманауи мектепте бағалаудың жаңа тәсілі ретінде

Г. Т. Балгабекова, №32 ЖББОМ КММ

Біз қазақстандық білім беруді дамытудағы үлкен тарихи оқиғаның қатысушысы болып табыламыз. Біз өмір салты, ойлау және қарым-қатынас өзгеретін өзгерістер дәуірінде өмір сүреміз. Жаңа ғасыр бізге қатаң талап қояды. Жаңа көзқарас пен уақыт білім беруді жүйелі түрде жаңарту қажеттілігін негіздейді. Сондықтан бүгінгі күні орта білім беру моделін, оның құрылымын, мазмұнын, оқыту, тәрбиелеу тәсілдері мен әдістерін қайта қарау, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін енгізу жүріп жатыр.

Білім берудің тиімділігі қоғамда сұранысқа ие қажеттіліктерді қанағаттандыруға байланысты. Білім алуға, ойлауға, шешім табуға және өз болашағын құруға үйрету-білім берудің негізгі міндеттері. Қазіргі мектеп оқушылардың қажетті ақпаратты сын тұрғысынан бағалау және іріктеу, мәселелерді шешу, қойылған міндеттерді орындау, өмірлік маңызды мәліметтерді дұрыс қабылдау біліктерін қалыптастыруға жеткілікті көңіл бөлмейді. Сондықтан бүгінгі күні оқу - тәрбие үдерісін ұйымдастырудың дәстүрлі түрлеріне сүйенуге болмайды. Оқытудың тәсілдері, мақсаттары, әдістері өзгеруі тиіс.

"Оқушылардың ата-аналарынан келесі сөздерді естуіміз мүмкін:" Менің балама тиісті бағасы қойылған жоқ! Менің балам жақсы оқиды, ол «үш» алуы мүмкін емес!" Кейбіреулер оқушылардың білім сапасын бағалау өте оңай деп санайды. Баланың қалай жауап бергенін тыңдап, тіпті ата-анасының өзі оны объективті бағалай алмайды. Оқушылардың білімін бағалау-бұл әлі де күрделі педагогикалық мәселе. Оқушының жұмысын бағалаусыз игеру процесін жүзеге асыру мүмкін емес. Ол оқушыларға, оның пәнге, мұғалімге, мектепке және жалпы қоршаған әлемге деген қатынасына үлкен әсер етеді.

Сондықтан бағалау үдерісі әр мектептің мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар алдында тұрған өзекті және ең талқыланатын тақырыптардың бірі болып табылады. Бағалау? Адам бұл сөзді айтуда жиі қолданбасын, бірақ оны күн сайын тамақтанғанда, киінгенде қолданып пайдалансың. Сабак кезінде оқушылар мұғалімдерден, өз құрдастарынан баға алады. Ал оқушыны бағалау арқылы көңіл-күйін көтеруге болады, сонымен қатар оның эмоционалдық жағдайын төмендетуге де болады. Қазіргі кезде адамдар күйзеліске жиі ұшырайды, бұл өмірдің заңдылығы. Бағалау арқылы баланы күйзеліс жағдайға енгізбеу үшін мұғалім не істеуі керек?

Сонымен, құрметті әріптестер! Бағалау мәселесі және оның объективтілігі оқыту тәжірибесінде мұғалімдер алдында да, оқушылардың алдында да, өз оқушының табыстылығын бағалау үшін өткір тұр. Мұғалім үшін маңыздысы баға қоюдың көмегімен оқушының пәнге деген қызығушылығын жоғалтпай керісінше алға ұмтылуға ынталандыру. Бағалау оқушының таным жолында жаңа мүмкіндіктерін ашатын, бағыттаушы мұғалімнің қолындағы құрал болуы тиіс. Әсіресе, біз білім беру парадигмасын өзгерту арқылы мұғалім оқу үрдісінің ортасында тұрған бағыттаушы ғана, ал оқушылар ізденіп жүзеге асырушылар.

Барлық қоғамда формалды жағдайда білім беру ұйымдарында оқитын оқушылардың мектепте оқытылатын идеяларды меңгеру деңгейін анықтау

үшін оқушыларға қолайлы немесе кейбір оқушыларға оңтайлы болатын оқытудың, жұмыстың келесі кезеңдерін анықтау үшін бағалаудың қандай да бір нысандарын пайдалану болып табылады.

- Дәстүрлі (нормативтік бағалау) бағалау - бұл оқушылардың жеке жетістіктерін оқушылардың көпшілігінің нормасымен немесе нәтижелерімен салыстыру. Журналға бес балдық шкала бойынша қойылған цифр нені білдіруі мүмкін. Егер ойласаңыз, жауап өзі сұралады: барлығы немесе ештеңе.
- Дәстүрлі бағалау жүйесінің артықшылықтары неде?
- Біріншіден, бұл қарапайымдылық.
- Екіншіден, дәстүр
- Үшіншіден, процестің барлық субъектілері үшін (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, әкімшілік) түсініктілігі.
- Төртіншіден, оны түрлі білім беру жүйелерінде қолдануға мүмкіндік беретін ерекшелігі.
- Бесіншіден, айқын әсер ету күші.

"Мұғалімдердің жұмыс тәжірибесі көрсеткендей, сандық бағалау жүйесі өте сенімді және тиімді болып табылады". Бес балдық жүйе өте қарапайым және өрескел құрал, бірақ осы қарапайымдылықтың салдарынан – өте көп жақты және тиімді.

Сонымен қатар, барлық кемшіліктері бола тұра бес балдық жүйеге балама табу әзірге мүмкін болмады. Бұндай жағдайда не істеуге болады? Бұл сұраққа жауапты критериялды бағалауды оқыту жүйесіне енгізу арқылы біле аламыз.

Критериялды бағалау - бұл оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін нақты анықталған, ұжымдық әзірленген, процестің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критерийлермен салыстыруға негізделген процесс.

Критериялды бағалау - бұл өлшемдер бойынша бағалау. Өлшемдер дегеніміз не? Критерий - бұл мәселе туралы баға беруге мүмкіндік беретін өлшеуіш. Әрбір критерий латын әліпбиінің әрпімен белгіленеді, оның мазмұны нақты сипатталған және алдын ала белгілі.

Бағалау критерийлері не үшін қажет?

Оқушылар үшін:

- Өз жұмысын жақсарту тәсілдерін, оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін және нақты түсінуді қамтамасыз етеді.
- Оқушылардың мұғалімнің нәтижені күтуіне қатысты нақты ұсыныстары бар
- Оқушылар үнемі бағалау критерийлерін пайдалануға үйренген кезде, олар нәтиже үшін үлкен жауапкершілікті сезінеді.

Мұғалімдер үшін:

- Оқу жүйесіне арналған айқын бағдарларды қамтиды
- Оқушылардың оқу материалын меңгеру процесін бағалау үшін нақты критерийлерді қамтиды
- Бағалау процесін объективті және дәйекті етеді
- Мұғалімдер үшін оқушылардың ілгерілеуін бағалау процесін жеңілдетеді

Енгізу қиыншылықтары:

- Көп еңбек етуді қажет етеді;
- Мұғалімдердің стереотиптері;
- Ата-аналарды оқу үдерісіне тарту қиындығы;
- Педагогтардың жаңа бағалау жүйесіне дайындығының болмауы.

Біздің міндетіміз қазіргі заман талабына сай оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту. Егер мұғалім тез өзгертін заман жағдайларына өзі дайын болмаса, бұл міндетке қол жеткізу мүмкін емес. Педагогтердің басым бөлігі "егер біз бүгін кешегідей үйретіп оқытатын болсақ, ертеңнен айырылып қалуымыз мүмкін" дегенді түсінеді. Демек, мұғалімнің жұмысы бүгін "ертеңнен айырылып қалмау" үшін жаңаша білім алуға қабілетті өзін дамытуға бағытталуы тиіс. Мен Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесіне енгізілген өзгерістер мен перспективалардың ауқымын әлі де ұғынуға тура келетініне сенімдімін. Егер мұғалім болып жатқан өзгерістердің мәнін түсінсе, осы өзгерістерді жүзеге асыруға дайын болса, жұмысты ұйымдастыру ресурстарына ие болса – демек, қазақстандық мектептердің жаңартылған болуы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 ж.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
3. Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі. Әдістемелік құрал, Алматы қаласы, 2013ж

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында сабақты қызықты өткізуде қолданылатын ойын тәсілдері

Игенова С.Б., «№38 гимназия» КММ

Еліміздің болашағы – өскелең ұрпақ. Ал оларды, ең алдымен, тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатып өсіретін орта – мектеп. Мектептің жаны – ұстаз. Ендеше, ел тұтқасын берік ұстанатын, салт-санасын сақтай алатын, арыстандай ақырған елдердің арасында бәсекеге қабілетті бола білетін ұрпақтың тәрбиесіне тікелей ат салысатын құрметті кәсіп иелері – ұстаздарға артылып отырған жауапкершіліктің жүгі бүгін де жеңіл емес. Бірнеше жылдан бері білім саласындағы өзгеше өзгерістерге ұлағатты жандар қауымы үйренісіп, тәлімді тәжірибелерін ортаға салып, білімдерін одан әрі жетілдіруде. Қазіргі білім беру жүйесі мұғалімнің көп ізденісі мен шеберлігін, уақыты мен пайымын, жауапкершілігі мен шығармашылығын талап етеді.

Ендеше, қазақ тілі пәні бойынша бірінші сыныптарда жұмыс жасаған алғашқы жылдардың жемісті нәтижесіне көз жүгіртіп, сабақты қызықты өткізудің бірнеше сәттерімен әріптестерім арасында бөлісуді жөн санаймын. Мен ұсынып отырған стратегиялармен барлық ұстаздар курстық дәрісте танысқаны анық. Бірақ, көбінесе ойын технологиясын орынды қолданудың жөнін таба алмай, бір екі түрімен шектеліп қала беретініміз тағы бар. Сондықтан, егжейлі-тегжейлі ойын түрлерін қай сәтте қалай қолданғаным жайлы бөліскелі отырмын, себебі сабақтың қызықты әрі мазмұнды өтуі – тікелей қолданатын әдіс-тәсілдеріңізге байланысты.

Сонымен, **«Өрмекші торы» ойыны**. Бұл әдісті қолданудың бірнеше бағыт бағдары бар. «Өрмекші торы» әдісін топқа бөлу үшін қалай пайдаланамыз? Мысалы, сыныпты үш топқа бөлетін болсаңыз, кішкентай әдемі қорапшаға бала санына байланысты үш түстен тұратын жылтыр моншақтарды салып бәріне бірдей таратасыз. Айталық, қызыл, көк, жасыл түстер. Оқушылар теңдей моншақтарды таратып алған соң үш топқа алдын ала бөлінген үстелдерге тура сол түстегі тоқыма жіптерінің жиынтығын қоясыз. Әр оқушы өз қолындағы моншақтарының түсіне сәйкес жіп тұрған орындарға отырады. Мысалы, оқушының қолында жасыл түсті моншақ болса, жасыл жіп тұрған үстелге отырады. Оқушылар осылайша тез арада үш топқа бөлінеді. «Өрмекші торы» әдісін үй жұмысын тексеру мақсатында қалай пайдаланамыз? Оқушылар жіп түйірін тарқатып үй жұмысына берілген тапсырманы орындайды. Мысалы, бір оқушы келесі оқушыға жіпті үстел үстімен дөңгелетіп сұрақ қояды, екіншісі жауап беріп, келесі оқушыға жіберіп, тура сол әрекетті қайталайды. Осылайша, үй жұмысы тексеріледі және әдемі өрмекшінің торы пайда болады. Оқушылар үшін бұл өте қызық. Рефлексияны да тура осы жолмен сабақ соңында өткізуге болады. **«Миналы алқап» ойыны**. Бұл әдісті өткен тақырыпты қайталау немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында қолданған өте ұтымды. Сөздерді қайталату, сұраққа жауап алу, бір сөзден сөз тіркесі, сөйлем құрастыру, бір сөзді тақырып етіп, шағын мәтін құрастыру кезінде өте тиімді тәсіл. Ол үшін қағаздарға тақырыпқа сай сөздерді жазып, бірнеше қағазды умаждап, жерге шашыратып тастайсыз. Ойынға қатысушы оқушы көзін байлап шашырап жатқан қағаздардың арасынан өтеді. Аяғы сәл тиіп кетсе, көзін ашып, қағаздағы сөзді оқып, тапсырманы орындайды. Мысалы, «ата» деген сөз болса, ол сөзбен сөйлем құрастырады. **«Не өзгерді?» ойыны**. Заттардың, әріптердің, сөздердің орнын ауыстырып қою, суреттерді алмастыру. Мысалы, интерактивтік тақтада слайд арқылы берілген «Мен автобуспен барамын» деген сөйлем берілген. Келесі слайдта тура осы сөйлем сурет арқылы берілген. Оқушы сол суретті сөйлемді оқиды. **«Иә, жоқ» ойыны**. Мұғалімнің қандай да бір қойған сұрағына балалар не «иә», не «жоқ» деп қана жауап береді. **«Бір шындық, бір жалған» стратегиясы**. Оқушылардың әрқайсысының қолында стикерлер болады, жасыл және қызыл, егер жалған ақпарат айтылса қызылды көтереді, егер шындық ақпарат айтылса шындықтың белгісі ретінде жасыл түсті көтереді, бұл бір жағынан оқушылар үшін сергіту сәті де болмақ. Мысалы, слайдта «Оля

велосипед тебеді» деген сөйлемге сәйкес сурет бар. Ал мұғалім оқушыларды шатастырып, «Оля бассейнге барады» дейді. Оқушылар қызыл стикерді көтереді. Әрекет солай жалғаса береді. Мұғалімнің орнына тапсырманы оқушылар айтса да болады. **«Қабырғадағы рөл» әдісі:** Оқушылар қандай да бір тақырыпқа сәйкес нысанның іші мен сыртын топқа бөліне отырып толтырады. Мысалы: «Мектеп» тақырыбында мектептің ішін бір топ сипаттаса, екінші топ мектептің сыртын сипаттайды. **«Пікірлер сызығы» стратегиясы:** Екі топ мәтіндегі ақпаратты келісу, келіспеу арқылы салыстырады. Мысалы:

1 топ: Біздің мектеп үлкен.

2 топ: Жоқ, біздің мектеп кішкентай.

1 топ: Біздің мектеп үш қабатты.

2 топ: Жоқ, біздің мектеп екі қабатты.

Немесе кез-келген тақырып көлемінде пікірлерін айтады.

«1 минут қана» әдісі. Кез келген тақырыпты өткен кезде тақырып көлеміндегі сөздерді немесе қайталау кезінде барлық білетін сөздерін 1 минут ішінде айтып шығу. Бұл ойынға құмсағатты пайдаланса дұрыс болады. **«Хикая картасы» стратегиясы.** Мәтінмен жұмыс жасаған кезде ыңғайлы. Мәтіндегі оқиға желісін оқушылар сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер, тіпті суреттер арқылы тізбектей алады. Бұл «Мақта қыз бен мысық», «Үйшік» сияқты ертегілерді меңгерту кезінде өте ұтымды тәсіл. **«Прожектор» әдісі:** сөйлем ішінде жоқ сөзді немесе сөздің орнына қойылған суретті атап өту арқылы мәтінді немесе сөйлемді оқу.

Мысалы: «Мен   ойнаймын.»

«Стоп-кадр» әдісі: мәтін желісіне байланысты іс-қимылдарды қатып қалу арқылы көрсету. Оқушы мәтіннен осы іс-әрекетке байланысты сөйлемді немесе сөзді тауып оқиды. Екі топпен жүргізген абзал. Мысалы: youtube желісінде бар «Әліппе» бейнеүзгінен «Ә» және «Ө» дыбыстарына байланысты бейнелерді тоқтатып көрсетесіз. Сол суреттің атауларын оқушылар дыбыстарды дұрыс айту арқылы айтады. **«Гармошка» ойыны.** Топтарға қағаз беріледі, мұғалім әр топқа екі көкөніс атын атап кетеді, оқушылар сол айтқан көкөністің суретін салу керек, сосын салған суреттерін екінші топқа береді, басқа топ сурет жанына көкөніс атауын жазу керек. Төрт топ болса, бір қағаз төрт топты да аралап шығады да, төрт түрлі тапсырма орындалады. Басқа тақырып көлемінде де осындай жұмыстарды жасауға болады. Жеңілден күрделіге қарай принципі ұсталады. Мысалы, қызыл алманың суреті беріген. Келесі топ оның қызыл алма екенін жазады. Кейінгі топ: «Мен қызыл алма жеймін» деп жазады. Төртінші топ сол сөйлемді ағылшын тілінде айтса да болады.

Міне, осылайша түрлі стратегиялар мен ойын тәсілдерін түрлендіре отырып пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын оятып, белсенділіктерін арттырады. Нәтижесінде оқушы жетістіктері өз жемісін береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі. Т2 Үлестірме материал. «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясы
2. Қазақ тілі. Т2 Оқу жоспары (орта білім мазмұнын жаңарту аясында)
3. Қазақ тілі. Тілашар. Оқулық. Ф. Ш. Оразбаева, А. Қ. Рауандина, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, Л. С. Нұрмұханова

Жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында модульдік оқыту технологиясының тиімді жолдары

Мамежанова Г.М., Сатбекова З.М., №38 гимназия

Бүгінгі жаңартылған білім беру ісіндегі өзекті мәселе- мемлекеттік тілді оқытуды нәтижеге бағыттау. Сондықтан бұл салада оқыту технологиялары кеңінен қолданылуда. Солардың бірі – модульдік оқыту технологиясы. Бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру болып табылады. Әр мұғалім өз бетінше сыныппен жұмыс істеуде, оқытудың жаңа формаларын ойлап таба алады.

Модульдің негізгі мақсаты – сабаққа жаппай барлық оқушылардың қатысуы арқылы, сабақты негізінен диалог арқылы ұйымдастырып, есте сақтау, қайталау мен оқушының сөздік қорын молайту болып табылады.

Бұл технологиямен жұмыс істегенде оқушы рөлі де, мұғалім рөлі де өзгереді. Мұғалім әр сабақта балаға психологиялық қолдау көрсетіп, психологиялық жайлы орта туғызуы қажет:

- берілген модуль бойынша оқу материалдарының тұтас мазмұнын оқып, зерттеу;

-негізгі мағынаны білдіретін түйінді ұғымдарды, сөздерді табу, олардың өзара байланысын анықтау;

-тұтас тақырып бойынша тірек сызбаларын құрастыра білу;

-оқу модулінің тұтас мазмұны бойынша тестілеу тапсырмалары мен сынақ тапсырмаларын құрастыру;

-сөйлесу бөліміндегі оқытудың белсенді формаларын таңдай білу.

Модульдік технологияның құрылымы үш бөлімнен тұрады:

1. Кіріспе бөлімі

2. Диалог бөлімі (мұғалімнің шығармашылық зертханасы)

3. Қорытынды бөлімі (қалыптастырушы және жиынтық бағалау, тестер, өз бетімен жұмыс)

Диалог бөлімінде:

1. Оқушы мақсат пен міндетті түсінеді, қабылдайды, орындайды.
2. Диалог бөлімі оқушыларға үлкен әсер етеді.
3. Шамалы топта: а) «орындай алмаймын» деген қорқыныш сезімі жойылады б) әр сәтте шығармашылықпен жұмыс істейді.
4. Әр сабақта білім алуға, іскерлігін дамытуға, еңбегін бағалауға жағдай бар.

Оқушыларға үш деңгейдегі жеңілден қиынға қарай тапсырмалар беріледі. Диалог бөліміндегі тапсырмалар сабақ түріне байланысты нұсқау кесте түрінде беріледі (жұмысты қалай орындау, қалай бағалау түсіндіріледі).

Сабақ жалпыға бірдей ұйымдастырылса, әр оқушыға үш деңгейлі тапсырмалар дайындалады. Сабақ ойын түріне ұйымдастырылса, тапсырмалар тақтада немесе нұсқау кестеде жазылады.

Топтық немесе жалпы сыныпқа ұйымдастырылған сабақта тапсырма күрделі беріледі.

Диалогтің бөлімдегі тапсырмалар сабақ түріне байланыс нұсқау кесте түрінде беріледі. Диалог бөлімде мына мәселелерге көңіл бөлінеді:

- Оқушылардың логикалық ойлануына мүмкіндік туады;
- Сыныпта мейірімді ахуал орнату, оқушылардың бір-біріне оңтайлы психологиялық ықпал жасауға үйрету жүреді;
- Жұмыс орнын (көрнекіліктерді) әр оқушыға дайындау;
- Оқушылар қорытынды сынаққа, емтиханға дайындалады;
- Бір-біріне қойған бағалаулары дұрыс болуы үшін, мұғалім әр сұраққа дайын жауапты салыстыру үшін береді;
- Оқыту түрлері сұрақ-жауап түрінен проблемалық тапсырмаларға және шығармашылық ізденіс түріне ауысып тұрады;
- Тапсырмаларды бірігіп, өзара сөйлесіп, серіктестік қарым-қатынасты орнату үшін ойындар ұйымдастырылады.

«Ойын мінез-құлықтың ырықты дамуының алғашқы баспалдағы», - дейді Д.Б. Эльконин. Әр ойын төрт функция жүктейді

1. Қарым-қатынастың мұқтаждығын арттыратын құрал.
2. Білім құралы.
3. Ақыл-ой кеңістігін ұлғайтатын құрал.
4. Кез келген қимылды дамыту құралы.

Психологиялық бақылаулар мен зерттеулерге жүгінсек, егер балаларды екі топқа бөліп ойнатқан жағдайда бірін-бірі жеңуді көздейді. Ойын барысында бір-біріне көмектеседі, тіл табысады.

Дамыту ойындары оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға, зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін, ауызекі сөйлеу тілін, ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туғызады.

Ойын – баланың интеллектуалдық ой-өрісінің тереңдей түсуіне, шапшаңдық қасиеттерінің шындауына, бала өміріндегі ең негізгі жетекші

әрекеті болуына жетелейді. Ол оқушылардың пәнге қызығуына, шығармашылықпен ойлауына алып келеді, білім сапасын арттырады. Ойын арқылы баланы тәрбиелеу, әрі оқыту тиімді. Ойын арқылы баланың психикалық жай-күйін, жеке басының дамуына диагностика жасалынады.

Оқыту және даму бір-біріне байланысты. Мұғалім оқушының білуіне, дамуына жағдай жасайды. Қорытынды бөлімінде мына мәселелер қарастырылады:

Диалог бөлімінде алған білімдерін тексеру, әр оқушыға мониторинг жүргізу қамтылады. Мониторинг көмегімен оқушы білімді меңгеру деңгейін ғана емес, білім сапасын анықтайды. Жүйелі жүргізілген тексеру және бағалау оқушылардың жауапкершілігін, оқуға ынтасын қалыптастырады, өз жұмысына сын көзімен қарауға мүмкіндік береді. Әр оқушының бақылау парағында білім сапасының мониторингі құрылады.

Біздің зерттеу жұмысымыздың барысында қойылған мақсат – қазақ тілі сабақтарында модульдік оқыту технологиясын қолданып, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Осы оқыту технологиясын қазақ тілі пәніне қолдану үшін жаңа нұсқа жасап, осы нұсқаны пайдалана отырып, пән сапасын, оқушыларды тұлға ретінде дамыта отырып, пәнге қызығушылығын арттыру болып табылады

М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы оқушылардың қабілеттерін арттырып өз бетімен жұмыс істеуге, қортындылар жасауға жүйелі білім алуға жетелейді.

7-сыныптағы **«Жердегі климаттық өзгерістер»** модулін өту үлгісін ұсынамыз.

1.сабақ. Кіріспе бөлім. Модульдік құрылымын тірек сызбалардың көмегімен Жердегі климаттық өзгерістер туралы мағлұмат беріледі

Үйде: Сызбаларды қарап келу. Қазақстанның табиғатын білу, деңгейлік тапсырмаларды орындау.

2.сабақ. Ғаламдық экологиялық мәселелер. «Жалғасын айт» ойыны.

Үйде: Қоршаған ортаны қорғаудың қарапайым ережесін дайындау

3.сабақ. Экологиялық сауаттылық» тақырыбына диалог құрастыру

Үйде: Мәтінге жоспар құру

4.сабақ. «Қазақстандағы мұздықтардың еруі». «Қақпа» ойыны.

Үйде: Суреттер дайындау

5.сабақ.. « Ауыз су қорының азаю себебін білесің бе?». «Мәтін құра» ойындары.

Үйде: Реферат дайындау.

6.сабақ. Рольдік ойыны **«Әлем климатының өзгеруі»** «Ойлан тап!» ойыны

Үйде: Табиғат туралы мақал-мәтелдерді дайындау

7.сабақ Нәтиже сабақ. Эссе жазу

Біз оқушыларға әңгіме құруға келетін бір тақырыпты беріп, өзіміз алғашқы сөйлемін бастап бергенде ойын жеткілікті дәрежеде қызықты өтеді. Әр оқушы бір сөйлемнен құрастыруы керек, бірақ құрастырылған сөйлемдер бір –

бірімен логикалық байланыста болып, алдыңғы сөйлемдегі ойды аяқтап отыруы, ойын соңында толық мағыналы әңгіме құрылуы шарт.

Осылайша, оқытудың модульдік технологиясын пайдалану арқылы оқушылардың үлгерім сапасының өсуі байқалады, жалпы дамуда алға жылжу болады. Оқушылардың белсенділігі артқанда, ауызекі сөйлеу дағдысы дамып, пәндік–сөйлеу тілі, назар, ес, ойлау, пәнге деген қызығушылығы жоғарылап, өз бетінше білім алуға бағыт алады. Модульдік оқыту технологиясы қазақ тілі сабақтарында оқушылар білімін жүйелеуге, білімді сапалы меңгеруге толық мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Беспалько В.П. «Слагаемые педагогической технологии» М: Педагогика 1989.
2. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы » №2, №7-8/2004 №2, №9 2003.
3. Ибрагимов К. Қазақ тілі. 7-сынып. Алматы: Шын кітап 2003

Формативтік бағалау тапсырмаларының тиімділігі

Сартбаева Г. Р., №38 гимназия

Бүгінгі мектептің негізгі міндеті баланың жеке басының қалыптасуын, оның қабілетінің ашылуын, оқуға деген қызығушылықтарын қамтуы болып табылады. Педагогика ғылымының көрнекті өкілі М.И.Махмұтов «Баланың ойлау қабілетін дамыту үшін алдымен оны өз жұмысының мақсат-міндеттерін анықтауға үйрету керек»- дейді. Егер бала әрбір оқу жұмысын не үшін, қандай мақсатпен жасау керектігін, қандай жаңа нәтиже беретінін білсе, онда оқушы әрекетінің саналылығы артады. Оқу міндеттеріне сай баланы өз бетімен жұмысын жоспарлай білуге, уақытты дұрыс пайдалануға, өз әрекетін қадағалауға, бағалауға қысқаша айтқанда, өзін-өзі басқаруға дағдыландырудың маңызы зор. [3]

Бағалау -одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.[3]

Бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Оқытушы ауызша және жазбаша түрде бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында объективті бағалау ғана емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады. (Александр, 2001, МАН 51- бет).

«Бағалау» термині латын тілінен аударғанда «жақын отыру» деген мағынаны білдіреді екен. Ол кездейсоқ емес, себебі бағалауда бір адам басқа адамның не істеп, не айтып отырғанын және өзін-өзі бақылау арқылы дербес ойлауын, түсінігін, тәртібін мұқият бағалау болып табылады.

Сонымен биылғы оқу жылында маған бірінші сыныптарға дәріс беру бұйырыпты. Бірінші сыныптарға дәріс бермегелі біраз жыл болғандықтан, қорқыныш сезімі де болды. Дегенмен барлық күш –жігерімді жинап жұмыс жасауға кірістім. Бірінші сыныптарға алғашында формативті тапсырмалар құрастыру барысында қиындықтар туды. Біріншіден алдымда отырған оқушылар басқа ұлт өкілдері болғандықтан, ал екіншіден сөздік қорлары аз, көп сөздерді түсіне бермейтіндіктен. Алғашында ауызша түрде түрлі ойындар арқылы өткізіп жүрдім. Бұл ойындар оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, сабақ барысында өтілген тақырыптарды тереңірек меңгеруге күш салды. Мұғалімнің әр сабағы формативті тапсырмалар мен формативті бағалаудан тұрады. Алдыға қойған мақсатымызға жету үшін сабақ барысында формативті тапсырмалар мен формативті бағалаудың маңызы зор. Сабақ барысында «Дауысынан тап», «х және о», «Күн мен түн», «Доп лақтыру» ойындары арқылы тапсырмалар орындап, Лотер Зомверттің «Бес саусақ» әдістері, стикер арқылы бағалау, сөздік бағалау, бірін-бірі бағалау, өзін-өзі бағалау әдістерін қолдануға тырыстым.

Сөздік бағалауға «тамаша», «өте жақсы», «жарайсың» сөздерін қолдандым.

Бірінші сынып оқушылары арасында әртүрлі формативтік тапсырмалар ойластырылып өткізудемін. Мысалы, оқушылармен өзінің аты, жасы, сыныбы жайлы тексеру мақсатында,

Менің атым - ...


Мен ... жастамын.

Мен ... сыныпта оқимын.

Менде  ... бар.

Мен  ... ойнаймын.

– деген сияқты формативтік тапсырмалар құрастырылып орындатудамын, ол тапсырмаларға дескриптор құрастырылып, балдық жүйеде оқушының жұмысы бағаланып отырды. Бұл тапсырмалар арқылы баланын оқу мақсатына қаншалықты жеткендігін байқауға болады десек, екінші жағынан оқушыларды жиынтық бағалауға дайындау жағынан да көмек болды. Әр сабақта игерілген жаңа сөздер ауызша, жазбаша сөзде үнемі қолданылып отырғанда ғана сөздік жұмыстары нәтижелі болады. Сөздікпен жұмыс грамматикалық анықтамалар, жаттығу жұмыстарын, суретпен жұмыста, өлең,





жұмбақ түсіндіргенде, сұрақтарға жауап бергенде де жүргізіліп отырады. Жаңа педагогикалық технологияларды оқып-біле келе бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамытуда әрбір сабақта «Конверттегі он сұрақ», «Жауапты қағып ал», «Ыстық орындық» тәрізді әдіс-тәсілдерінің маңызы өте зор. Осындай әдіс-тәсілдің нәтижесінде оқушылар бір-бірімен еркін пікір алмасады, өз ойларын ортаға салады, сабаққа қызығушылықтарын танытып, белсенділік көрсете алады. Сөздерді меңгерту барысында және де қызығушылықтарын ояту мақсатында «Оқу құралдары» мен «Киімдер» тақырыптарына байланысты өткізілген формативтік тапсырма

4. Жасырын тұрған сөздерді тап.
Найди спрятанные слова.

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Т | Ә | К | І | Т | А | П |
| А | Ю | Ү | Н | О | Ю | Р |
| Қ | А | Л | А | М | Қ | П |
| Т | Я | Л | О | М | Т | А |
| А | К | У | Р | Ө | Я | Р |
| С | Ы | З | Ғ | Ы | Ш | Т |
| Б | О | Р | О | У | Ә | А |

тақта
кітап
қалам
парта
сызғыш
бор

Сонымен қатар үй жануарлары тақырыбына байланысты формативті тапсырмаларды мысалға келтіре кететін болсам, төртінші «Артығын тап», «Дыбыстарға саяхат» тапсырмалары



Аталған тапсырмалармен қатар формативті сұрауды да қолданамын. Бұл әдісті сабақтың басында қолданамын. Онда мен «Сен нешінші сыныпта оқисың? Сен нешедесің? Сенің досың кім? Ол қандай? Сен мектепке немен келесің? Сен мектепке кіммен келесің? Сенің туған жерің қай жер? Сен қайда тұрасың?» деген сұрақтарды әр сабақта пайдаланамын. Көбінесе оқушылар өзара бір-біріне сұрақтар қойып, сол сұрақтарға жауап береді. Мұндағы мақсат оқушыларды бір –біріне сұрақ қоя білуге және де сұрақтаға жауап бере білуге дағдыландыру.

Қорыта айтқанда, формативті тапсырмалар және формативті бағалау оқушылардың білімін жан-жақты бағалау үшін өте тиімді. Жоғарыда аталған формативті тапсырмаларды қолдана отырып, оқушыларды жиынтық бағалау кезіндегі тапсырмаларды қиналмай, қобалжымай орындауға сәл де болса көмек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі (әдістемелік құрал), Орал-2013
2. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау: жаңаша көзқарас. /Әдістемелік құрал/Чекетаева Р.С., Шаянбаева Ж.А., Оразбаева А.М
3. Тажеева П.Р.Формативтік бағалау ерекшеліктері. А.:Ізденіс, 2002
4. «Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық.

Жаңартылған білім беру аясында жаңа әдіс- тәсілдер арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту

Ахметова Г.А., Жансағимова Ж.Т., «№62 ЖББОМ» КММ

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым – қатынас біліктілігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді меңгеріп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда қазақ тілін оқытудың жаңа әдіс- тәсілдерін меңгеру – үлкен істің бастамасы. Тәуелсіз Қазақстанның әр азаматы мемлекеттік тілде еркін қарым- қатынас жасауы керек. Ол үшін адамдармен қарым-қатынас жасау, яғни коммуникацияға түсуді үйрету қажет.

Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз. Оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады.

Мысалы: 6-сыныптағы «Қазақстан және «Ұлы Жібек жолы». Д. Досжан «Жібек жолы» (үзінді)» тарауындағы «Рухани мұрамыз туралы не білесің» тақырыбы бойынша сабақ жоспары оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымының оқу мақсаттарына негіздеп құрылды. Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:

-Тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау.

-Коммуникативтік жағдаят бойынша диалогтік қарым-қатынасқа түсу, өзіндік ойды тұжырымдау.

Сабақты бастамас бұрын «Карусель» әдісі арқылы тренинг өткізу оқушыларға жағымды әсер етеді. Оқушылар қиық қағаздарда сөз тіркесімен (жақсы көңіл-күй, ашық аспан, нұрлы жол, оң қадам, жұлдызды сәт, сәтті күн, нұрлы күн) берілген тілектерді алады, алған тілектерін жұпта бір-біріне айтып, қағаздарымен алмасады. Келесі оқушымен жаңа жұп құрып, барлық тілектермен танысады.

«Атом және молекула» әдісі бойынша оқушылар топқа бөлінеді. Оқушылар сынып ішінде атомдар мен молекулалар сияқты еркін қозғалыста болады. Мұғалімнің басқаруымен әртүрлі сандар айтылады. Сол санға сәйкес әр ойыншы бір-біріне жұп таба білу қажет.

«Дара диаграмма» әдісі арқылы алдыңғы білім негізінде жинақтаған ойларын ұсынылған кестеге түсіреді. Мақсаты: алдыңғы білімге шолу жасау, ой қозғау, кестеге жинақтаған ойларын түсіру.

Ой шақыру:

-«Рухани мұра» сөзін қалай түсінесіңдер?

-Рухани мұраға не жатады?

-«Ұлы Жібек жолы» туралы не білесіңдер?

Жауаптарын «Бас бармақ» әдісі арқылы оқушылар өзара бір-бірін бағалайды.

Бас бармақ жоғары қарап тұрса – *Мен түсінемін.*

Бас бармақ көлденең тұрса – *Мен түсінгендеймін.*

Бас бармақ төмен қарап тұрса – *Мен түсінбедім.*

Мәтіналды тапсырма «Галереяда ой шарлау» әдісімен басталады. Мұғалімнің жетелеуші сұрақтарына жауап бере отырып, оқушылар суреттердің тақырыбын және мазмұнын анықтайды. Орындалуы: сабақ басында тақырыпқа сай бейнелі суреттер сынып ішіне ілінеді. Оқушылар ілінген суреттерді көру барысында жаңа сөздермен танысады, мағынасын ашып көрсете отырып, сөздік жұмысын жүзеге асырады.

Дескриптор:

– мұғалімнің жетелеуші сұрақтарына жауап береді;

– суреттердің тақырыбын және мазмұнын анықтайды;

– жаңа сөздерден сөз тіркесін және сөйлемдерді құрастырады.

Бұл тапсырманы «Қосу, алу, қызықты» әдісі бойынша бір-бірін өзара бағалайды.

Орындалуы: «Қосу» бағанына ақпараттың ұнаған тұстарын жазылады.

«Алу» оқушының пікірінше, бұл ақпарат ол үшін керексіз.

«Қызықты» бағанына оқушылар қызығушылықты тудырған деректерді жазады.

«Идеялар себеті» әдісі арқылы берілген тірек сөздердің көмегімен сабақ тақырыбын болжайды. Оқушылар бойындағы оқуға және нәтижеге қол жеткізуге деген ынтаны оятуда белсенділік танытқаны және таныта алмағандарын смайликтер арқылы бағалайды, өзін-өзі бағалау әрекеті жүзеге асырылады.

«Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі арқылы мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдай отырып, төмендегі сұрақтар арқылы көтерілетін мәселені болжайды.

Мәтінді талқылау сұрақтары:

1. Мәтіннің бастапқы бөлігінде не туралы баяндалған?
2. Ұлы Жібек жолы қашан пайда болды?
3. «Ұлы Жібек жолы» деп атаған кім?
4. Неліктен «Жібек жолы» деп аталды?
5. «Ұлы Жібек жолында саудагерлер қандай тауарларды алып өткен?

Дескриптор:

- сұрақтарға нақты жауап береді;
- көтерілетін мәселені болжайды.

Бағдаршам түстері бойынша өзара бағалайды:

«Қызыл» – мәтін бойынша қойылған сұрақтарды толық түсіне алмады;

«Сары» – кейбір сұрақты түсінбеді, әлі де ойлану керек;

«Жасыл» – берілген сұрақтарды толықтай түсінді.

Жаңартылған оқу бағдарламасы ең алдымен оқушы қажеттіліктерін ескеруге аса үлкен мән береді. Оқушы қажеттілігін ескеру өз кезегінде олардың білім, білік, дағдыларын саралаудан келіп туындайды. Мәтіннің соңындағы жұмыста тыңдалған мәтін бойынша кестедегі тапсырмаларды орындайды. Оқушылардың жеке қабілетіне сай түрлі түсті стикерде тапсырмалар таратылады.

Қызыл түсті иеленгендер (барынша қолдауды қажет ететін оқушы) берілген диалог үлгісі және жетелеуші сұрақтар бойынша тыңдалған мәтін негізінде диалог құрастырады.

Сары түсті иеленгендер (қолдауды орташа қажет ететін оқушы) төмендегі тірек сөздерді қолдана отырып, диалогке түседі. Керекті тірек сөздер: Ұлы Жібек жолы, сауда жасаған, басты тауар, саудагер, жібек, бағалы терілер, қалалар, саудагерлер, ирандық ыдыстар

Жасыл түсті иеленгендер (қолдауды аз қажет ететін оқушы) жағдаятқа негізделген тақырыпқа диалог құрастырады.

Дескриптор:

- мәтін негізінде, жетелеуші сұрақтар арқылы диалог құрастырады;
- берілген тірек сөздерді қолдана отырып, диалогке түседі;
- жағдаятқа сәйкес диалог құрастырады.

«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы топтар өзара бағалайды. Екі жұлдыз – құрастырылған диалог бойынша екі ұнаған нәрсе, бір тілек – диалогтің

құрылымын жақсартуды қажет ететін нәрсе.

Сабақ соңында рефлексияны «Ойлаудың алты қалпағы» арқылы сабақ барысында игерген білімдеріне кері байланыс жасайды, өзіндік көзқарасын білдіреді. Орындалуы: оқушылар өз қалпағының түсіне қарай ой бөліседі.

Үйге «Ұлы Жібек жолының» бойында болған Қазақстан қалалары туралы ақпарат жинап, 5 слайдтан тұратын таныстырылым жасап келу тапсырылады.

Жаңартылған білім мазмұнының маған ерекше ұнаған бір қағидасы - «Жоспар сабақ үшін жасалады, сабақ жоспар үшін емес». Сабақ үрдісінде жоспар өзгеруі мүмкін. Яғни, мұғалім үшін шығармашылық еркіндік бар. Тек, оқу мақсатына жетсең болды.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабағында «Карусель», «Дара диаграмма», «Галереяда ой шарлау», «Идеялар себеті», «Ойлан, жұптас, талқыла» атты белсенді оқу әдістерін тиімді қолдансақ, оқушылардың тілдік дағдылары дамиды, ойлау қабілеті артады. «Бас бармақ», «Қосу, алу, қызықты», бағдаршам түстері бойынша бағалау, «Екі жұлдыз, бір тілек» сияқты қалыптастырушы бағалау түрлері арқылы өзін және сыныптасын әділ бағалап үйренетініне көз жеткіздік. Болашақта сабақтарда осындай жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдансақ, алған білімдерін кез-келген ортада қолдана алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптасатынына сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Қ. Әлімов. «Оқытудағы интербелсенді әдіс – тәсілдер». / Алматы, 2014ж.

Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту

А. К. Айдарбекова, №82 ЖББОМ

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – қазақ тілі сабақтарында оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың басты шарты. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – оқушының танымдық-қатысымдық қабілеттерін дамытуға деген ішкі мүдделігі мен әлеуметтік

сұранымды үйлестірудің жолы. Сондықтан оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілін меңгертуде білім мазмұны аяларға бөлініп, қатысымдық, дара тұлғаға бағдарлай оқыту және сұхбаттық әдістер негізінде ұйымдастырылатын жағдаяттық, рөлдік ойын, шығармашылық тапсырмалар біртұтас әдістемелік жүйе түрінде жүзеге асырылып отыр. Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден-нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден-мемлекеттің экономикалық дамуына, үшіншіден- елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын.


Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Тілді меңгеруде грамматиканың орны ерекше, өйткені онсыз ойды жинақтап сөйлемге айналдыру, байланыстырып жеткізу мүмкін емес. Сондықтан грамматика толыққанды тілдесімге жетудің құралы ретінде қарастырылады. Бірақ үйренетін тілдің ауқымындағы грамматикалық жүйе туралы ережелер, категориялар, ұғымдар туралы білімдер сол тілді меңгергендіктің көрсеткіші бола алмайды. Үйреніп отырған тілде шынайы коммуникациялық тілдесімге түскенде ғана сол тілде сөйлеу сауаттылығына қол жеткізіледі. Қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде функционалдық тұрғыдан оқытуда грамматика сөйлеуді үйретуге қызмет етеді және қолданбалы мәнге ие болады. Себебі ол оқушылардың өзге тілде сөйлесімді дұрыс құрастыра алуына; айтылған сөзді бақылап, талап етілген грамматикалық форма мен құрылымды саналы түрде құра алуы үшін керек. Еңбекте грамматикалық дағды, оның түрлері және дағдының қалыптасуы туралы тұжырымдар ұсынылды. Дағдыны қалыптастыруда жүргізілген жаттығу түрлері сараланды. Өз тәжірибемнен оқушыларды сауаттылыққа жетелейтін және сауаттылықты дамыту мақсатында әр түрлі тақырыпта бірнеше тапсырмалар мен тест тапсырмасын ұсынамын.

1. Сызба бойынша мәтін құрастыр.



2. Әңгімені толықтыр.

Бұл- менің  . Сөмкемде  ,  ,  ,  бар.

Менің  көп.  әр түрлі. Менің оқу құралдарым таза.

3. Сурет бойынша сөйле.



4. Сөздерді сәйкестендір.

| | |
|------------|--------------------|
| Тәртіпті | дружба |
| Тәуелсіз | многонациональный |
| Мәдениетті | дисциплинированный |
| Көп ұлтты | суверенный |
| Егеменді | культурный |
| Достық | независимый |

5. Әрине сабақ барысында оқушылар арасында ұжымдық, топтық, жұптық жұмыс түрлерін қолданамын. Мәтінді ұжымдық оқу.

Оқушылар мұғалімнің көмегімен ескі кітаптардан әңгімелер, ертегілер, суреттері бар өлеңдерді қиып алып қатты қағазға жабыстырады. Осы арқылы сыныпта қанша оқушы болса, сонша мәтін дайындауға болады. Әр оқушы өзі дайындаған мәтіндерді алып оқиды. Осыдан кейін жұптық жұмыс басталады. Оқушылар мәтіндерді кезек-кезек оқып, суреттеріне назар аударады, бір-біріне сұрақтар қояды, бір-бірімен ауысады. Ұжымның әрбір мүшесі әңгімені қалайда көбірек оқып шығуға тырысады. 15-20 минуттық ұжымдық жұмыстан соң оқушылар «кім-кіммен жұмыс істеді?», «әңгімені қанша рет қайталап оқыды?», «қандай әңгіме көбірек ұнады?» деген сияқты мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.

6. Тапсырманы аяқта.

| | | |
|---------|----------------|-------------------|
| I жақ | Менің Отан... | Біздің Отан... |
| II жақ | Сенің Отан... | Сендердің Отан... |
| | Сіздің Отан... | Сіздердің Отан... |
| III жақ | Оның Отан... | Олардың Отан... |

7. «Қазақстан» сөзіне бес тармақты өлең құрастыр

8. Сұхбатты толықтыр.

- Сәлем!
- ...
- Жазғы демалыста сен қайда барасың?
- ...
- Кіммен барасың?
- ...
- Немен барасың?
- ...
- Онда кімге барсың?
- ...

9. Тапсырманы аяқта.

А.С. Оқушы

I.C.
B.C.
T.C.
Ж.С.
Ш.С.
K.C.

10. Оқушылардың ізденімпаздық қабілеттерін дамыту мақсатында, тест тапсырмаларын құрастырдым.

1. Тек жуан дауыстылар қатарын анықта

A) а,о,ү,ұ,ы B) ә,і,и,ө,е C) а,о,ү,ұ,у D) а,о,ұ,ы, E) ұ,ү,і,е,ө

2. Қатаң дауыссыздар қатарын тап

A) б,в,г,ж,д B) п,ф,қ,т,с C) к,л,м,н,ң D) к,к,с,х,б E) р,л,а,е,ж

3. Тұйық буынды сөзді көрсет

A) қала B) бесік C) мектеп D) таңғажайып E) ұлт

4. Туынды сөзді тап

A) күзгі B) оқу C) бас D) біл E) көр

5. «Пырақ» сөзінің аудармасын белгіле

A) герб B) флаг C) гимн D) символ E) мифический конь

Қорыта айтқанда, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рауандина А.Қ., Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы, 2010

2. Әуілбекова Г.Д., Оқытудың ұжымдық технологиясын оқыту үрдісіне қолдану. – Алматы, 2007

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында белсенді әдістерді қолданудың тиімді жолдары

Мойлбекова Р.А., Туранова М.А., «№93 гимназия» КММ

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды, белсенді әдіс-тәсілдерді пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Белсенді әдіс-тәсілдер оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді.

Белсенді оқу мен оқыту әдістері: жеке, топтық, жұптық жұмыстар; жоба жасау; сұхбат, сахналау, интервью; шығармашылық жұмыстар; ой шабылуы; ақпарат көздерімен жұмыс; пікірталас, оқу, рөлдік ойындар, жағдайлық тапсырмалар, кері байланыс жасау; Оқытудың белсенді әдістерін сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Жақсы ойластырылған оқыту әдістерінің көмегінсіз оқу материалының игерілуін ұйымдастыру қиын.



Сабақтың «қызығушылықты ояту» кезеңі-жаңа сабаққа деген оқушы белсенділігін арттырудың ең бір маңызды кезеңі. Бұл кезеңде оқушыны жаңа сабақты бастамас бұрын түрлі әдістерді қолдану арқылы «нені білетінін», «не қызықтыратынын» аңғаруға болады. Мысалы, 7-сыныпта А.Құнанбаевтың «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңін өткен кезде алдымен оқушыларға ақын туралы не білетіндігі сұралады.

-Ақын туралы не білеміз? Бұл жерде «ББҮ» әдісін пайдаланамыз.

| | | |
|---------|--------|----------|
| Білемін | Білдім | Үйрендім |
|---------|--------|----------|

Оқыту оқушының бастапқы білімі мен дағдыларын назарға алып, оларды өрістетуді мақсат еткенде мәнді болады. Топта бір-біріне үй тапсырмасын түсіндіру немесе үй тапсырмасын пысықтау кезеңінде «Ыстық орындық», «Аквариум», «Үштік әңгіме», «Білім футболы» және басқа белсенді әдістерді қолдануға болады. «Қарлы кесек» әдісін үй тапсырмасын пысықтау кезінде жиі қолданамыз. Оқушылар бір-біріне ақ қағаз лақтыру арқылы сұрақтар қояды, сұрақтарға толық жауап беруге үйренеді, шапшаңдыққа төселеді.



Жаңа тақырыппен танысу кезеңінде «Миға шабуыл», «Таныстырылым», «Сұрақ-жауап» әдістерін тиімді қолдануға болады. «Миға шабуыл» әдісінде проблемалық сұрақ ортаға тасталады; оқушылардың жауаптары тақтаға баған етіп жазылады; кез-келген пікір, жауап қабылдана береді; соңынан мұғалім қорытындылайды. Оқушыларға мынадай сұрақ қойылды: Ғаламтор бізге не үшін керек? Осы сұрақ төңірегінде өздерінің ойларын айтуға ұсыныс жасадым. Оқушылар «Ғаламтор-заман талабы» деген қорытындыға келді.

«Аквариум» әдісі көбіне жаңа тақырыпты меңгеру барысында жүргізіледі. 9-сынып оқушыларына мәтін беріледі, түсінгендері мен білгендері ортаға салынады. Оқушылар үлкен шеңбер болып, айнала отырады. Ортаға екі оқушы балық рөліне енеді де, бір-біріне қарам-қарсы отырып, диалог құрады. Сыртта отырғандар диалогқа араласа алмайды. Соңынан аквариумның сыртында отырған көрермендер балықтардың пікіріне өз ойларын қосады. «Фишпул» әдісі «Аквариум» әдісіне ұқсас. Мұнда оқушылар екі шеңбер құрады да, ішкі шеңбердегілер өз ойларымен бөліседі. Берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді [1,126]

«Карусель» әдісін сабақтың барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Мысалы: алған білімді қорытуда, өздік

жұмысты ұйымдастырғанда, сабақтың нәтижесін жасағанда, кері байланыста қолданған өте тиімді.

«Карусель» әдісін қазақ әдебиеті сабағында жиі қолданамыз. М.Әуезов шығармашылығы бойынша оқушылар 3 сұрақ құрастырады. Сынып екі топқа бөлінеді: бірінші топтың оқушылары сұрақ қояды, екінші топтың оқушылары жауап береді. Сұраққа жауап берсе, жұлдызша алады.



Сабақтың «Мағынаны тану» кезеңінде мұғалім бағыт беруші де, оқушы белсенді рөл атқаруы тиіс. Мысалы, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушыны көркем әдебиет үлгілерінің мәтінімен, өлең мәтінімен таныстырғанда, мұғалім мазмұндап бермей, оқушы өзі оқып, талдау кезінде түрлі әдістер арқылы тақырыбы мен идеясын ашып, кейіпкерге мінездеме беруге, жан-жақты талдауға, салыстыруға болады. Мысалы,

Б. Ұзақовтың «Жантаза» повесі бойынша ұсынылатын жұмыс түрі-әңгіме кейіпкеріне мінездеме жасау. Бұл жұмыс түрі тарау бойынша жиынтық бағалау жұмысында кездеседі. Мінездеме беру үшін ВЕНН диаграммасы, бес жолды өлең әдістерін қолдануға болады. Сабақтың осы кезеңінде «Ой жалғау» әдісін тиімді қолдануға болады. Мұғалім мәтінді жартылай оқиды, ары қарай 1-топқа қайғылы, 2-топқа – көңілді аяқтауға тапсырма беріледі. Жұмыс аяқталған кезде топ мүшелері белгі береді. Спикер шығып оқиды.




«ДЖИГСО» әдісінде топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылайды. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін құрастырады. Топтарға мәтіннің толық нұсқасы таратылады. Толық мәтін мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесіп отырып аяқтайды. Оқытудың осы ұжымдық әдісін жүзеге асыру мақсаты — жалпы мәселені алдымен жұпта, кейін ұжымда талқылау, үйрену мен үйрету, идеялармен бөлісу, ынтымақтастықты дамыту. Бұл жағдайда әрбір оқушы бір сәт өзін мұғалім ретінде сезінеді, оқуға деген жауапкершілігі артады.[3, 69 б] «Броундық қозғалыс» әдісі сабақтың бекіту кезеңінде және мағынаны тану кезеңінде өткіземіз. Сынып ішіне тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ақпараттар орналастырылады. Оқушылар бүкіл сынып ішінде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды.

«Планшет» әдісін көбінде «Блиц-турнир» өткізгенде қолданамыз. «Блиц-турнирді» сабақтың қорытынды бөлімінде өткізген тиімді. Сұрақтар қою арқылы оқушының тақырыпты қалайша меңгергендігін анықталады.

Сабақтың әсіресе «ойтолғаныс кезеңі» -оқушының жеке шығармашылық қызығушылығы артып, түрлі ой-пікірлер айтылып, жазба жұмыстары

орындалатын кезең. «Мұғалімге хат жазу» әдісі сабақ аяғында өткізіледі. Оқушылар өтілген тақырып бойынша сұрақ қояды немесе түсінбеген, түсініксіз сұрақтар бойынша ұсыныстарын жазады. «Эссе жазу» - сабақты қорытындылауға өте тиімді әдіс-тәсілдің бірі. Үш минут ішінде өтілген тақырып бойынша не түсінгенін жазады. Бұл әдіске «Автор орындығы» әдісі ұқсас. Оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдіс үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді. «Көршіңізге айтыңыз» әдісі оқушыларға өз ойын дауыстап айтуға мүмкіндік береді. Оқушыға сұрақ беріп, ойлануға уақыт беріледі, содан кейін мұғалім оқушыдан өз ойын көршісімен бөлісуді өтінеді. Оқушыларға жаңа тақырып айтылады және осы тақырып төңірегінде не білетінін өзінің көршісіне айтуды өтінеді. Осылайша оқушылар бірінің білімін екіншісі толықтырады. [2,316]

Сарапатама жасай білу, салыстыра білу, негізгісін анықтай білу, мәселені шеше білу, өзін-өзі баламалы бағалай білу, жауапты болу, өз бетінше жұмыс істей білу – міне, жоғарыда аталғандардың барлығы балаға өмір жолын бастауға қажеттіліктер деп атасақ та болады. Соңғы үш жылда белсенді әдіс-тәсілдерді, ойындарды кеңінен қолданудың нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызулығы артып, шығармашылық мүмкіндігі ашылып, білім сапасы көтерілді.



Сабақта қолданылған әдістер оқушыны ойлауға үйрету керек және тапқан ақпараттарын практика жүзінде қолдана білуге үйрету – мұғалім үшін өте маңызды. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері осыған жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Молдағалиев Б., Махимова А. Сатқанова Г. Интерактивті оқыту әдістері. «Қазақстан мектебі» -2006., №9
2. Оспанова С.Х. БҚО, Зеленов ауданы, 2016 жыл «Белсенді оқу әдісі – белсенділікке жетелейді»
3. Сарсекенова А.Б «Өрлеу» БАҰО, 2016 жыл «Белсенді оқу мен оқыту әдістері»

Қазақ тілін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту

Жеңіс Б.Е., №95 мектеп-гимназия

2012 жылғы 27 қаңтардағы Елбасы Н. Назарбаевтың «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында 5 жылдық ұлттық жоспарды қабылдау міндеті қойылған болатын. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр[1]. Оқыту қазақ тілінде емес сыныптарында қазақ тілін оқытудың негізгі міндеті оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту болып табылады: оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдылары. Оқушылардың сөйлеу әрекетінің осы түрлерін дамыту жұмысы барлық оқу кезеңінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, оқу барысында мұғалімнің мәтінмен жұмыс істеу кезінде оқушылардың белгілі бір проблемалары мен қиындықтарына жиі тап болатыны ешкімге кұпия емес. Осылайша, оқушылар көптеген сөздердің мәндерін білмейді, мәтінді атай алмайды, берілген сөздер мен сөйлемдердің мағынасын түсінбейді, түйінді сөздерді бөле алмайды, сұрақты тұжырымдай алмайды, тапсырманы шешу тәсілін таңдай алмайды.

Мұндай проблемалар мен қиындықтардың себебі неде? Мұның бәрі нашар дамыған функционалдық сауаттылықпен байланысты, бұл «адамның оқу және жазу дағдыларын оның қоғаммен қарым-қатынасы аясында қолдана білу (банктік шотты құру, нұсқаулықтарды оқу, кері байланыс нысанын толтыру және т.б.)», сауаттылық деңгейі, бұл адамға қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатуға және оған тезірек бейімделуге және жұмыс істеуге мүмкіндік береді»[4, 4б].

Басты сөздер: функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы, мәтінмен жұмыс, оқу стратегиясы.

Сондықтан функционалдық оқу дағдылары қалыптасқан оқушыны не сипаттайды? Ең алдымен, бұл оқушы, ол " мәтіннен ақпарат алу үшін оқу және жазу дағдыларын еркін қолдана алады – оны түсіну, қысу, түрлендіру және т. б.". (А.А.Леонтьев). Функционалдық сауаттылық дағдылары қалыптасқан оқушы оқудың әр түрлі түрлерін қолдана алады (оқып үйренуші, көру, таныстыру). Ол мәтінді оқу мен түсіну тәсілдерінің бір жүйесінен екінші жүйеге көшуге қабілетті.

Әрине, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту үшін мұғалім тиісті тапсырмаларды таңдап алуы немесе құруы қажет.

Бұл ретте, функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмаларды құрастыру кезінде мұғалімге келесі сұраққа жауап беру маңызды: олар қандай мақсаттарды көздейді, мәтінді түсінудің қандай деңгейін бекітеді немесе тексереді?

PISA зерттеуінде Л.Рождественская, И.Логвина атап өткендей, оқу сауаттылығы келесі деңгейлерге бөлінеді:

1) мәтіннен қарапайым өлшем бойынша қажетті ақпаратты іздеу (ең төменгі деңгей);

2) мәтінде көптеген өлшемдер бойынша қажетті ақпаратты іздеу;

3) мәтінде қажетті ақпаратты іздеу, ақпарат үзінділерінің арасындағы байланысты тану, белгілі, бірақ қарама-қайшы ақпаратпен жұмыс істеу;

4) терең жасырын ақпаратты қамтитын үзбелердің бірізділігін немесе комбинациясын іздеу және белгілеу, тапсырманы орындау үшін мәтіндегі қандай ақпарат қажет екендігі туралы қорытынды жасай білу;

5) күрделі мәтіндерді түсіну және оларды түсіндіру, мәтін мазмұнына қатысты тұжырымдар мен гипотезаларды тұжырымдау [3, 6б].

Нақты ақпарат мәтінінде іздеуге бағытталған ең типтік тапсырмалардың бірі баламаларды дұрыс/дұрыс емес таңдауға арналған тапсырмалар болып табылады. Мұғалім "дұрыс-дұрыс емес" құралының көмегімен мәтінде маңызды (немесе түсіну қиын) орындарды өңдейді, содан кейін бұл сұрақтарға оқушыларға жауап беруді ұсынады. Оқушы мәтінді белгілі бір мақсатпен бірнеше рет мұқият қарайды-қажетті ақпаратты табу немесе мәтінде жоқ екеніне көз жеткізу. Бірақ "дұрыс-дұрыс емес" түріндегі тапсырмаларды көрегендік қолдану болуы мүмкін. Мысалы, оқушыларға осы құралды қолдану арқылы мәтінді өзі өңдеуді ұсынуға болады. Баламаларды таңдауға арналған тапсырмаларды тұжырымдау мынадай болуы мүмкін::

мәтінде хабарланбайтын нәрсені "белгімен" белгілеңіз.

1. Мәтінге сәйкес жауаптың дұрыс нұсқасын * белгісімен белгілеңіз .

2. Оқып біліңіздер, мәтін. Мәтінге сәйкес жауаптың дұрыс нұсқасын таңда.

3. Мәтіннің қандай тұжырымдары сәйкес келеді?

4. Мәтінді оқыңыз және мәтінге қатысты суретті белгілеңіз.

Мәтіндерді іріктеу кезінде келесі критерийлерді басшылыққа алу қажет: оқушылар үшін мәтіннің өзектілігі; мақсатты топтың жас ерекшеліктерін есепке алу (мәтіннің бейімделуі); жаңа ақпараттың болуы (оқушылар үшін); фактілердің, ұғымдардың, атаулардың, географиялық атаулардың, тауарлардың атауларының, сандардың, күндер мен т.б.; иллюстрациялардың, схемалардың, диаграммалардың болуы; мәтінде "фактілер мен пікірлердің" болуы [2].

Функционалдық оқуды тексеруге арналған тестілердің ерекшелік ерекшеліктеріне мыналар жатады: мәтіннің үлкен көлемі; бапталмаған мәтін; суреттер, схемалар, диаграммалар, кестелер, графиктер түрінде ұсынылған ақпарат; орындау үшін білімді түрлі пәндерден интеграциялауды талап ететін тапсырмалар; білімнің қай саласына жүгіну керек екені түсініксіз тапсырмалар.

Функционалдық оқу тапсырмаларына тұтас мәтіндерді іріктеудің кейбір ережелерін сақтау маңызды:

1. Мәтін оқушы үшін қызықты болуы керек.

2. Мәтінде оқушыға белгісіз ақпарат болуы тиіс.

3. Мәтін ой-өрісін дамыту керек.

4. Мәтін сандармен, даталармен, терминдермен қайта тиелмеуі тиіс.

5. Иллюстрациялар алаңдамайды, мәтіннің мазмұнын түсінуге көмектеседі.

Иллюстрациялар танымдық белсенділіктің дамуына ықпал етуі тиіс.

6. Мәтіннің қиындық деңгейі оқушының жасына сәйкес болуы тиіс. Қажет болса, мәтінді бейімдеу керек.

7. Бейтаныс сөздер мәтіннен "шегерілуі" немесе сілтемелерде ұсынылуы тиіс.

8. Мәтін көлемі нормадан аспауы тиіс.

9. Қаріп оқушыға мәтінді оңай оқуға көмектесу керек.

10. Мәтін құрылымдалуы тиіс.

11. Мәтінде қате болмауы керек [2].

Тапсырмалардың бұл түрінің бір түрі ақпаратты ұсақ шрифтпен іздеуге арналған тапсырмалар болып табылады (тіпті кейбір PISA тестерінде кездеседі: оқушыларға журнал немесе кітап мұқабасының мазмұнын немесе мысалы, фильммен CD-дискісін талдау, сонымен қатар туындының сипаты, оның атауы, авторлары және т.б. туралы қорытынды жасау ұсынылады).

Жоғарыда аталғандардың барлығы да PISA терминологиясындағы мәтінге қатысты. Бұл театр билеттері, бағдарламалар, постерлер, шағын афишалар, мәдени шараларға кіру билеттері, жол жүру билеттері, жол жүру сызбалары, көрмелер мен мұражайлардың жоспарлары, сайттардың скриншоты және т. б. болуы мүмкін.

Осылайша, функционалдық сауаттылықты дамыту үшін негізгі жаттығулар мәтінмен жұмыс жасаудың әртүрлі түрлері болып табылады.

Белгілі болғандай, оқу әдебиетінде өз оқу және мәтінді аудару тапсырмаларынан басқа, сондай-ақ мәтін алдындағы, мәтіндік және мәтіннен кейінгі тапсырмалар бар. Мұндай тапсырмалар мәтін мазмұнын жақсы түсінуге, лексика-грамматикалық материалды меңгеруге және меңгеруге, жазу және ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ әртүрлі ойлау дағдыларын, ақпаратты қолдану дағдыларын, оны талдау, бағалауды дамытуға бағытталған.

Сабақта мәтіндік материалдарды дайындау кезінде оқытушы топтағы педагогикалық үдерістің барысын ескере отырып, сондай-ақ оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, осындай тапсырмаларды өз бетінше әзірлей алады. Бұл ретте тапсырмалар оқушыларға тілдік материалдарды меңгеру деңгейіне байланысты сараланған түрде берілуі мүмкін. Мәтінмен жұмыс оқытудың бастапқы және кейінгі кезеңдерінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жазбаша Л., Янкевич М. Мәдениет. Тұтас мәтінмен жұмыс.

2. Қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерін меңгеру кезінде негізгі мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ерекшеліктері. Әдістемелік құрал. - Астана, 2013

3. Л. Рождественская, И. Логвина функционалдық оқу дағдыларын қалыптастыру. Пособие для учителей. Орыс тілі пәні мұғалімдеріне арналған курс.

4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.

Оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары

Касымжанова С.М., №95 мектеп-гимназиясы

Қазіргі дамыған жаңа заман талаптарына сай Қазақстанның білім беру саласына да біршама жаңашылдықтар енгізіліп, өзгертілген. Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, сауатты тұлға тәрбиелеу. Сол үшін де оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Тілді оқытып, үйретіп, сол тілде сөйлеуге машықтандыру – ол оңай жұмыс емес. Басты мақсат - тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау. Ол үшін оқушыны қызықтыра отырып, оқуға тиімді жаңа түрлі әдіс – тәсілдерді қолдану керек.

«Сабақ беру –үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол — жаңадан жаңаны табатын өнер» - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу - оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бір жолы екенін білеміз. Өз тәжірибемде, оқыту барысында алдыма қойған мақсатым — баланы жеке тұлға ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның басты ерекшелігі — оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау,сөйлеу дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету.

Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытудағы мақсатым – мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыру, қазақ тілін түсініп, өз ойын еркін қазақ тілінде жеткізе алу, өмірден өз орнын таба алатын, өзіне сенімді, тәрбиелі, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Осы мақсатта педагогика үлгілерін жаңашылдықпен пайдалана отырып , мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- оқушының оқуға деген қызығушылығының артуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;
- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- өздігінен оқып негізгі түйінді ойды анықтап алуы;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігінің артуы;
- шығармашылық дағдысының қалыптасуы;
- өзіндік пікір айтуы.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту өте маңызды өзгерістердің сатысында тұр. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен қарым-қатынас дағдыларын дамытатын табиғи тілдік орта құру, оқушыны қызықтырып, сөйлеу, ойлау деңгейлерін арттыру керек. Мұғалім әр сабаққа дайындалып, сабағын жоспарлағанда балаға нені үйретем? қалай үйретем? қалайша үйретем? - деген сұрақтарды басшылыққа ала отырып сабақтың мақсатына жету үшін түрлі әдіс – тәсілдерді қолданып, оқушыны қызықтыра отырып, оның назарын білсем, үйренсем деген ниетіне жеткізу.

Оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырма үлгілері:

- тыңдауға, мазмұнын түсініп оқуға арналған мәтіндерді ұсыну;
- мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
- мәтін бойынша жоспар құру;
- тыңдалған мәтіннің бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;
- мәтіннің мазмұны бойынша қарсы пікір айту, өз ойын дәлелдеу
- мәтінге өзгертулер енгізіп, мәтінді қорытындылау;
- мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу;
- ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;

Оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырма үлгілері:

- мәтінді өз беттерінше оқу;
- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, мәтіндегі оқиға өз бетінше өрбіту, болжау
- мәтінді оқи отырып, негізгі ойды анықтау;
- мәтіннен қажетті бөлікті тауып, оқу, талқылау.

Оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырма үлгілері:

- оқушылар өздері оқыған ертегі, әңгіме, өлеңдердің мазмұнын қысқаша жазу;
- сөздерді қатесіз, сауатты көшіріп жазуға арналған тапсырмалар беру;
- жарнама, шағын хабарлама/мақала жазу;
- бір оқиғаны өрбітіп, өз ойын білдіріп жазу.

Оқушыларға мемлекеттік тілді үйретуде негізгі осы тілдік дағдыларды қалыптастыруда айтылымға, тыңдалымға, оқылым мен жазылым әрекеттеріне назар аударған жөн. Оқушылардың ойлау дағдыларын қалыптастыра отырып, сөйлесім әрекетін қалыптастыру керек. Баланың дұрыс сөйлеуі, тілінің дұрыс дамуына басты назар аударған жөн. Егер айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын қалыптастыра білсек оқушылар тілді еркін меңгеріп, өзара қазақ тілінде еркін қарым – қатынасқа түсе алады. Алған білімдерін өмірде қолдануға бейімделеді. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда да түрлі әдіс – тәсілдерді қолдану керек.

Сабақ беру барысында сыныптағы психологиялық ахуалға көп мән беремін, осының нәтижесінде оқушылар өздерін еркін ұстайтынын

байқадым. Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру үшін «Шаттық шеңбері» әдісін пайдаланамын. Бір-біріне жақсы тілек айту арқылы олар өздерін еркін және сенімді ұстауды үйренді. Ал сабақ барысында олар бір-біріне сыйластықпен қарайды. Бір-бірін тыңдап, сөз алмасуды үйренеді. Баланы қалай бағыттасаң сол бағытқа қарай жүреді. Үлкен еңбектің арқасында сабағымда оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін дұрыс пайдалана отырып, дұрыс ойлауға, топта бірлесіп ұжыммен жұмыс жасауға үйрете білдім. Үй тапсырмасын орындауда не меңгергендерін анықтау үшін «Үш сөйлем» әдісін пайдаланамын. Осы әдіс арқылы оқушы өз ойын ашық, еркін түрде жеткізе алатындығын байқадым. Оқушыларды топқа бөлу кезінде де түрлі әдістерді қолдана отырып олардың қызығушылықтарын арттыруға болады. Топқа бөліп оқытудың тиімділігі- үлгерімі төмен, орташа оқушылар басқа да оқушылармен диалогқа түсіп, өздерінің білімдерін толықтырады, лидерлік қырлары ашыла түседі.

Топтық жұмыстардың артықшылығы:

Оқушылар топта жұмыс жасау арқылы бір – бірімен достыққарым – қатынаста болады, өзара талқылау арқылы білімдерін жетілдіре түседі. Шығармашылық белсенділіктерін арттырады. Егер мұғалім оқушыларды проблема тудыратын тапсырмаларды беріп қызықтыра түссе, топта бос отыратын оқушы болмайды. Яғни барлық оқушылар тапсырмаларды орындауда ізденіс үстінде болады. Жаңа сабақ өткізгенде оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында ойын түрлерін, сөзжұмбақтар қолданған тиімді тәсілдердің бірі. Сабақ барысында оқушылар тақырыпты басқа топпен талқылайды, ойларын дәлелдей түседі.

Топта жұмыс жасау кезінде оқушылар «Ой қозғау», «Миға шабуыл» стратегиялары арқылы өткен тақырып бойынша алған білімдерін қайталап, білетін ақпараттарын еске түсіріп, білмейтіндерін есте сақтап, жұмыс жасайды. Орыс мектептерінде қазақ тілі сабақтарында «Екі жақты күнделік», «Аквариум», «Топтастыру», «Айналым» стратегияларын қолданудың пайдасы мол. Оқушылар жаңаша бағалауға қызығушылықпен қарайды. Білімдерін бағалау оқушылар үшін жаңашылдық. Бұрын тек мұғалім ғана бағалап келген болса, енді оқушылар бір – бірінің қатесіне қарай бір – бірін бағалау арқылы сабаққа деген ынталары арта түсті. Оқушылар бір бірінің жұмысына талдау жасап, оның жақсы, жаман жағын айтып, баға қою оқушылар арасындағы тығыз қарым қатынасты жасады. Сабақта «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «ББҮ» стратегияларын қолдану оқушылар жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырып, кеңейте түседі. Орыс мектептерінде қазақ тілі сабақтарында тиімді жаңа әдіс-тәсілдердің бірі диалогтық оқыту. Диалогтық оқытуда сабақтарда сұрақ-тапсырмаларға жауап беру, жекелеген, топтық іздендіру жұмыстары, жаттығу орындау, бірін-бірі тексеру, реферат, тест сұрақтарын дайындау, әңгіме құрау, мәнерлеп оқу, танымдық ойындар құрау, сызба дайындау — оқушының білімін көтеруге мүмкіндік туғызады. Сабақта пайдаланған оқыту-үйрету

ойындары мен топтық, жұптық жұмыстар қазақ тілі сабағында оқушылардың тілді еркін меңгеруіне мүмкіндік туғызады.

Бастысы тіліміздің мәртебесін биіктетіп, өзге ұлт өкілдері қазақ тілінде сөйлей білсе, ол біздің жетістік деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.«ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдаламасы» 2010 ж.

2. ҚР Жалпыға міндетті білім берудің Мемлекеттік стандарттары// 12 жылдық білім беру 2012 ж.

3. ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. 2010ж.

4.Тұрғынбаева. Б. А .Ұстаздық шығармашылық. Алматы. 2007 ж. №5.

5. «Қазақ әдебиеті - тұлғаның рухани дамуының бастауы» - Алматы-2005 ж. 96-148 б.

Өнер арқылы оқушыларды көркемдік –эстетикалық құндылыққа тәрбиелеу

Муханова К.А., № 101 мектеп –лицейі

Білімді ізгілендіру күрделі де ұзақ мерзімді үдеріс , сол себепті мектепті ізгілендіруге қайта бағдарлау үдерісінде оқушылардың мүмкіндіктерін ескеретін пәндер қарастырылуы керек. Бұл ең алдымен көркемдік эстетикалық бағыттағы пәндерге байланысты.Өнер соның ішінде ұлттық өнер – адамды өзінің жеке басына тән рухани тәжірибесі арқылы, сезімге бөлену арқылы жалпыадамдық рухани құндылыққа бейімдейтін маңызды құрал. Ол баланы адамгершілікке , қарым- қатынас мәдениетіне бейімдейді, адамның өзіне деген көзқарасын қалыптастырады. Сондықтан көркемдік – эстетикалық бағыттағы пәндердің мүмкіндіктері де, міне осымен айқындалады. Көптеген жылдар бойы мектепте оқытылатын өнер сабағы айтарлықтай нәтиже бермеді. Оқушылардың мүмкіндіктері бағаланбады, сондықтан бұл пәндерге мектептің бүгінгі жағдайына өзгерістер енгізілуі керек. Көркемдік – эстетикалық дамытудың басты мақсаты – балалардың қоршаған ортаға деген көзқарасын ояту керек. Мұны балаларда көркемдік- эстетикалық пәндерді оқыту барысында дамытуға болады. Көркемдік – эстетикалық пәндерді оқыту негізінде жас өспірімдерді қазақтың ұлттық өнеріне, көркемдік бейнені қабылдауы мен жасауы арқылы орын алған рухани –эмоционалдық тәжірибесіне бейімдеу көрініс алуы керек. Осының тәтижесінде балалардың көркемдік қабілеті, шыңармашылық ойы, эстетикалық сезімі, іскерлігі меңгеріледі. Көркемдік – эстетикалық пәндер арқылы ұлттық өнерді меңгерту балалар бақшасынан басталуы керек.Бұның жалғасы жалпы білім беретін

мектептерде, арнайы орта және жоғары оқу орындарында жалғастырылуы қажет. Мәңгілік ел азаматы – патриоттық сезімі биік, парасатты, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды түсіне білетін, мәдени және өнегелік деңгейі жоғары болу керек. Бұл өз заманының талабына сай өмір сүруге қабілетті, эстетикалық талғамы жоғары, әсемдік құндылықтарды бағалай білетін мұғалімдерді даярлауға алып келеді.

Елбасы Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «...барлық дамыған елдердің сапалы білім беру жүйесі бар. Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуды бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр.. оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау , өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс Мәдени саясаттық ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Онда қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыруға заманауи мәдениет кластерлерін дамытуға бағытталған шаралар белгілеу керек» , - деді. Көркемдік өнер мен халық шеберлерінің туындысы бүгінгі жастарға үлгі және халықтың ғасырлар бойы жинаған көркемдік тәжірибесінің сарқылмас көзі болып отыр. Мектепте оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беруді қамтамасыз ететін оқу-технология пәні. Пәннің мақсаты оқушыларға түрлі іс – әрекеттер арқылы белгілі істі орындау бейнелеу, мүсіндеу, көркем құрастыр , жапсыру, әшекейлеу сияқты көркем материалдық құндылықтарды қабылдауға, эстетикалық көзқарасты тәрбиелеуге бағытталған.

Оқушылардың эстетикалық сезімі мен талғамының қалыптасуына ықпал ететін құралдар аз емес. Соның ішінде көркемөнердің, әсіресе дәстүрлі қолөнердің алатын орны ерекше. Халқымыз қолөнерді ертеден қастерлеп бағалай білген. Жас ұрпаққа қолөнер кәсібінің бір саласын меңгерту өздеріне байланысты деп түсінген ата-ана өздеріндегі бүкіл жақсы қасиеттерді солардың бойына сіңіруге тырысты. Бұл тұрғыда, аналар қыз балаларды қолөнердің кең тараған түрлері – киіз басу, сырмақ сырып, киіз үйдің ішкі-сыртқы жабдықтарын әзірлеуге, кілем, алаша, ши, кесте тоқуға үйретсе, ер балаларды зергерлік бұйымдарды әзірлеуге, ер- тоқым, құрал-жабдық, сауыт-сайман жасауға үйретіп отырған. Осы айтылғандардың барлығы дерлік қолөнер өрнектерімен безнедіріліп, әшекейлі жасалатын болғандықтан, нәзік икемділікті, жоғары эстетикалық талғаммен шеберлікті талап етеді. Бүгінгі егеменді елімізде жастарға әсемдік тәрбие беруде халықтық мәдени мұрасы айрықша рөл атқарады. Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы зор. Оның мазмұны халқымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамтиотырып, жас ұрпақ санасын, әсемдік сезімін, талғамын дамытады. Салт-дәстүр дегеніміз- халықтардың кәсібіне, сенім нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан, ұрпақтан- ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс. Ол отбасылық тәрбиеде қалыптасады. Тәрбие отбасынан қалыптасады дегендей, балаға имандылық, ар, ождан уағызы, қоршаған орта, табиғат сырына жастайынан тәнті ету тәрбиеден туатын үрдіс. Жалпы алғанда, оқушылардың эстетикалық тәрбиесі оқу-тәрбие процесінде іске асырылады.

Эстетикалық білімнің негізі-оқу пәндері. Мектеп оқушылары әр түрлі пәндерді оқудың нәтижесінде табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс-әрекетінің әдемілігін бағалай білуді түсінеді.

Ана тілі – мәдениетті сөйлеу, көркемдік танымын қалыптастырып, қиялын дамытады.

Музыка – сезімдерін дамытып, музыкалық мұратын қалыптастырады. Музыканы тыңдау, ән салу балалар үшін өнегелік – әсемдік мәні бар, себебі көтеріңкі көңіл, оларды рухани өрлеу үстінде біріктіреді және топтастырады.

Бейнелеу өнері шығармалары әсемдікке тәрбиелейді, сурет салу арқылы олардың іс-әрекеті қалыптаса бастайды. Балалардың шығармашылық жұмыстарының басты формаларының бірі – көрмелер, сайыстар. Сайыс оқушыларды қуанышқа бөлейді, келешекке үмітін арттырады. Шығармашылық конференцияларда оқушылардың зерттеу жұмыстары талқыланады.

Сыныптан тыс эстетикалық жұмыстың барлық түрлері оқушылардың еріктік, қызығушылық, бейімділік принциптері негізінде іске асырылады. Ата-аналар мен мұғалімдер оқушы жастардың эстетикалық тәрбие жұмысының мазмұнын, нормаларын және әдістерін жетілдірудің жолдарын іздестіріп, іске асырады.

Оқушылардың өмірге деген көркемдік –эстетикалық көзқарасын дамытуға қатысты басты мақсатпен бірге, аса маңызды жекелеген міндеттерді де назардан тыс қалдыруға болмайды; ұлттық өнерге бейімдеу арқылы оқушылардың өмірге қызығушылығын қалыптастыру; олардың ұлттық өнерді қабылдай білу қабілетін және сұранысын дамыту; оқушыларға көркемдік – шығармашылықтың құнды тәжірибесін меңгерту – мұның бәрі оқушылардың көркемдік – бейнелі ой -өрісін, қабілетін, өмірге шығармашылық көзқарасын, бірқатар сезімдік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, ал кейбір балаларды өнерді кәсіби мамандық ретінде таңдауға бағдарлайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. «Қазақстан жолы -2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы.

2. Қазақ мектептері мен мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі имандылық –эстетикалық тәрбие берудің кешенді программасы // Қазақстан мұғалімі . 1990. 2-3 б

3. Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы. 1998. 165 –б

4. Ұзақбаева С. Қазақ халық педагогикасы. Алматы.»Глобус» ,2013.438-б

Мастер-класс «Фокус обновленной программы: ключевые компетенции XXI века»

Акбаева Б.К., Кусаинова Н.Ж, Каржасбекова М.К., КГУ «Гимназия №39 им.М. Жумабаева»

Одной из актуальных задач нашего времени становится взаимодействие и сближение образовательного учреждения и семьи, а также распространение накопленных в этом направлении опыта и технологий. Сделать родителей активными участниками педагогического процесса одна из главных задач школы. Одной из форм работы с родителями является мастер-класс. Предлагаемая разработка мастер-класса – это неформальное объединение родителей с педагогами, а также интересная и результативная форма взаимодействия школы с семьей.

Цель: выявить ключевые компетенции XXI века – предпосылки обновления содержания образования - через активные формы работы в ходе мастер-класса.

*Мы слишком часто даем детям ответы,
которые надо выучить,
а не ставим перед ними проблемы,
которые надо решить”.*
Роджер Левин

1. Организационный момент

- Формирование групп. Радуга (собрать пазлы). (2 мин).
- Создание ситуации успеха. Видео. Притча о царской двери: «Наберись смелости - сделай попытку!». (1 мин)

2. Работа над усвоением теории

- *Групповая работа.* (10 мин.) На доске ученик 1 класса, рисунок школы и выпускник.

Дорогие родители, ваш ребенок переступил порог школы, а через несколько лет он окончит школу и вступит во взрослую самостоятельную жизнь. Перед вами контуры стрелок – указателей дороги во взрослую жизнь. Вашим группам предстоит отобрать необходимые навыки и качества, которые, по-вашему, будут необходимы ему в жизни, и приклеить их на эти указатели.

- *Выступление групп.* Почему вы отобрали эти навыки и качества?

- **ФО.** Японский кулак.

- **Теория (5 мин.)**

- В 2016 году президент Всемирного экономического форума в Давосе

Клаус Шваб объявил, что началась Четвертая технологическая революция. Это значит, что скоро все за нас будут делать роботы, а к 2020 году каждый востребованный сотрудник должен будет уметь: решать комплексные задачи, думать критически, творчески мыслить, управлять людьми, работать в команде, распознавать эмоции других людей и свои собственные, управлять

ими, формировать суждения и принимать решения, ориентироваться на клиента, вести переговоры, быстро переключаться с одной задачи на другую.

Оценка и развитие человеческого капитала, навыков и компетенций – центральные темы любого прогрессивного общества сегодня. Вызовы современности диктуют переход к решению более сложных задач, принятие комплексных решений, работу с большими объемами сложной информации, развитие ключевых компетенций у каждого человека. Сегодня только наличие развитых компетенций определяет потенциал человека и позволяет занять достойное место в обществе. Критическое мышление, решение комплексных задач, компьютерная грамотность, высокоразвитые коммуникации, работа в команде и многие другие навыки и компетенции становятся необходимыми для достижения успеха. Ключевые компетенции являются одним из приоритетных стратегических образовательных ориентиров, выступают в качестве возможного механизма повышения человеческого капитала и уровня развития экономического благосостояния страны и каждого гражданина.

– **Сопоставление двух программ.** Какая из этих программ поможет нам сформировать и развить навыки 21 века?

Таблица mailto:1981_madika@mail.ru?subject=таблица

Сегодня главной задачей является подготовка выпускника такого уровня, чтобы, попадая в проблемную ситуацию, он мог найти несколько способов её решения, выбрать рациональный способ, обосновав своё решение. Но как реализовать данные цели на уроках русского языка и литературы, чтобы сформировать необходимые нам навыки?

3. Практическая работа (20 минут) Родителям предлагается представить себя в роли учеников и поработать на уроке русского языка и литературы.

Фрагмент урока mailto:1981_madika@mail.ru?subject=таблица

4. Осмысление и выводы (5мин).

| | |
|----------------------------|--|
| Проверка домашнего задания | Стратегия «Внешний и внутренний круг» https://znanio.ru/media/otsenivanie-dlya-obucheniya-2504833 |
| Словесная оценка | https://tak-to-ent.net/load/56-1-0-19035 |
| Объединение в группы | https://multiurok.ru/files/pravila-raboty-v-ghruppie-3.html |
| Правила работы в группе | https://vk.com/wall-73056935_4779 |
| Тема и цель урока | Раздел «Ценности: дружба и любовь» Урок «Мой друг» 5.1.5.1- прогнозировать содержание текста по вопросам. |
| Критерии оценивания | http://groiro.by/informatizaciya/Kriterii-uroka.pdf |

| | |
|----------------------------|---|
| Изучение нового материала. | https://masam.by/graficheskie-organajzery/ . |
| Просмотр ролика | https://moluch.ru/th/2/archive/8/178/ |
| Самооценивание | https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/obshchepedagogicheskie-tehnologii |

5. Рефлексия «Все в твоих руках» (5мин) .

Список литературы:

1. Пазл « Радуга» <https://www.google.kz/search?safe=strict&ei=qaJ4XfP7IbT>
2. Видео. Притча о царской двери
<https://www.youtube.com/watch?v=KUI1V96CB2M>
3. Презентация мастер- класса
4. Видеоролик выразительного чтения стих « Мой друг»
<https://ok.ru/video/707891628734>
5. Материал для рефлексии
<https://www.google.kz/search?q=картинки+рефлексии+все+в+твоих+руках&tbm>

Создание буктрейлера книге Б.Момышулы «За нами Москва»

Аманжолова Г.А., КГУ «СОШЛ №53»

Всем давно известно, что за последнее время интерес к чтению книг в нашей стране снизился. Это в первую очередь беспокоило нас, учителей-словесников, которые все же нашли метод повышения интереса к чтению своих учеников, с помощью буктрейлера. Именно об этой инновационной деятельности я поделюсь в данной статье, как на уроках русского языка и литературы я с учащимися создаю «Буктрейлер», т.е. короткий видеоролик, созданный по мотивам любой книги, который может рассказать о ней в произвольной форме, а также видео аннотации книг.

Буктрейлер в переводе с английского языка означает «book»- книга, «trailer»- киноафиша. Можно считать, что буктрейлер - это инновационное средство повышения интереса к чтению у школьников, с целью привлечь внимание к книгам при помощи визуальных средств. При создании буктрейлера, информацию о книге надо подать так, чтобы сразу захотелось прочитать ее.

Самые первые буктрейлеры были в виде слайд - шоу из иллюстраций с подписями, именно такое первое видео было снято по роману Джона Фэрриса в 1986 году. В Луизиане, в 2003 году на книжной ярмарке, был впервые показан буктрейлер к книге Кристин Фихан «Темная симфония». Именно это событие помогло распространению буктрейлеров для нас. Буктрейлеры

бывают разными: игровые, неигровые, анимационные, повествовательные, атмосферные, концептуальные. Мы чаще всего делаем повествовательные буктрейлеры, т.е. презентуем основу сюжета произведения. Обычно именно сжатый сюжет с яркими кадрами и недомолвками лежит в основе повествовательных буктрейлеров. И вызывает у нас желание узнать: а что же дальше будет?

Простейшие буктрейлеры создают с помощью компьютерной программы Power Point, Photo Story, Movavi Video Editor Plus, а для сложных понадобится Киностудия Windows Live или Windows Movie Maker. Мы в своей работе применяем компьютерную программу Movavi Video Editor Plus.

Наша цель в создании буктрейлеров - это продвижение книг - юбиляров. Но нельзя забывать о том, что выбранные книги, в первую очередь, должны быть интересными и любимыми для вас самих.

Для создания буктрейлера мы выбрали книгу нашего любимого писателя, Героя Советского Союза, самую яркую личность в истории Казахстана XX века - Бауыржана Момышулы «За нами Москва».

Для нашего буктрейлера мы использовали рисунки ученицы 8 класса Зейноллаевой Айым:



Эти рисунки нарисованы на листах А4, затем проводим их через сканер и сохраняем на рабочем столе, как рисунок, в формате JPEG или можно сразу отправить в Movavi Video Editor Plus. Далее проводим подбор материала: музыкальное сопровождение, наложим эффекты и переходы.

Буктрейлер должен быть коротким 1-3 минуты, поэтому при написании сценария стоит взвешивать не просто каждое предложение, а каждое слово. Текст для нашего буктрейлера таков: *(читает ученик)* «Эта книга о единой интернациональной семье советских воинов, о боевых буднях и подвигах легендарных панфиловцев, разгроме гитлеровских войск под Москвой, об освобожденных наших городов и сел от немецко-фашистских оккупантов.

Бауыржан Момышулы, лауреат Государственной премии Казахской ССР, был непосредственным участником описываемых им боев. Война изменила всю судьбу его, к 1941 году он уже командовал артиллерийскими подразделениями, был командиром 202-го отдельного противотанкового дивизиона. Батальон Бауыржана Момышулы героически сражался на Волоколамском шоссе у деревни Матренино. Руководство Момышулы

позволило на три дня задержать фашистов на данном рубеже. После чего старший лейтенант Момышулы вывел батальон из окружения боеспособным. Как говорил Бауыржан Момышулы: «Это была битва не на жизнь, а на смерть. Мы все сознавали: за нами - Москва», «Высокие нравственные качества человека куются только и только в труде. Не стойкий в труде – нестойкий и в бою».

Книга «За нами Москва» рассчитана на массового читателя. Прочитайте книгу! Она ждет Вас в школьной библиотеке КГУ «СОШЛ № 53».

Как мы видим, создать буктрейлер, в общем - то, не так уж и сложно. Главное здесь - учесть некоторые моменты оформления и подачи основной темы. В основном, для меня и моих учеников это занятие, как одно из увлекательнейших на сегодняшний момент. Это возможность раскрыть творческие способности, научиться мыслить по - новому, быть модным и современным. Дети будут читать, если их заинтересовать, они будут творить, изобретать, если им показать, как это делать.

И в заключение хочется поделиться словами великого ученого Д.С. Лихачева: «Каждый человек обязан заботиться о своем интеллектуальном развитии. Это его обязанность перед обществом, в котором он живет, и перед самим собой. Основным способом интеллектуального развития - чтение».

Список литературы:

1. Википедия [Электронный ресурс]: <https://ru.wikipedia.org/wiki>
2. «За нами Москва» Баурджан Момыш-улы. Записки офицера.- М.: Воениздат, 1988-256 с.
3. Буктрейлер - современный способ продвижения книги в библиотеке : методические рекомендации. Вып. 1 [Текст]/ Детско-юношеская библиотека Республики Карелия им. В.Ф. Морозова; [авт.-сост. Т.А. Лисовская] – Петрозаводск: ДЮБ РК, 2014г.
4. Продвижение книги и чтения с использованием программ по созданию видеороликов: методические рекомендации по работе с программой Windows MovieMaker [Текст]/ БУКОО «Библиотека им. М.М. Пришвина»; сост. Г.Н. Петрова. – Орёл, 2015. –14с.

Организация внеклассного чтения как методическая проблема: выявление и анализ читательских предпочтений учащихся 6 классов

Асхатова Г. А., КГУ «Гимназия №92»

Внеклассное чтение создает необходимые предпосылки для изучения литературы на уроках. Это основа литературного развития, а не фон. Заинтересованность в изучении литературы, как правило, возникает на основе

широкого читательского опыта. Этим можно объяснить частое опережение внеклассным чтением уроков литературы. В то же время внеклассное чтение стимулируется и направляется уроками литературы. Но внимание учителя к внеклассному чтению не должно привести к стандартизации самостоятельного чтения учеников, ведь разность читательских предпочтений – залог заинтересованного обмена впечатлениями на уроках внеклассного чтения. Свобода выбора литературы для внеклассного чтения помогает учителю определить уровень литературного развития учащихся, их литературные вкусы, а также проанализировать, насколько подростки способны переносить знания и умения, полученные на уроках, в сферы реальной жизни, свободного общения с искусством. Цель внеклассного чтения — шире познакомить с русской литературой, привить навыки осмысленного чтения про себя, беспереводного понимания, расширив при этом круг фоновых знаний, необходимых для глубокого понимания русской литературы, обогатить потенциальный словарь учащихся, а также закрепить и повторить изученный лексический материал, грамматические и синтаксические структуры. Таким образом, внеклассное чтение последовательно приобщает нерусских учащихся к чтению русской литературы.

Было проведено анкетирование учащихся 6 классов и учителей-словесников с целью выявить круг чтения подростков, направленность их чтения, уточнить процесс внеклассного чтения и выявить проблемы организации внеклассного чтения. В опросе участвовали учащиеся и учителя «Гимназии №92» города Караганды.

аспекты, в том числе: свободное владение языком, произношение, грамматические знания, умение взаимодействовать и т.д. Как оказалось, на практике дети стали плохо взаимодействовать. Им легче работать в привычной ситуации для них, а именно, монолог или работа в паре с известным им партнером, или вообще написать ответ. Это современные реалии, влияние социальных сетей и интернета, где говорить надо всё меньше, детям быстрее напечатать текст, чем сформулировать устно. Вовлечение учащихся в разговорную практику через решение проблем, обсуждение, объяснение своего решения; работа в парах или группах – всё это увеличивает возможность в взаимодействии и позволяет развивать целый комплекс навыков, сопутствующих говорению. Каждый учитель должен понимать насколько важна подготовка учащихся к этому процессу. Учащиеся должны владеть словарным запасом по заданной теме, им необходимо время на формулировку своей мысли, подготовка в произношение новых слов, и, наконец, сама практика разговорной речи. Сложная, но одна из самых продуктивных, задача для учителя – подготовить учащихся к говорению и проконтролировать данный этап. На мой взгляд, качественно подготовленный speaking – лучший способ развитие функциональной грамотности учащихся, так как за хорошим говорением стоят глобальные знания предмета.

И конечно, необходимый элемент на любом этапе урока – обратная связь. Обратная связь (feedback) - необходима как ученикам, так и учителю. Ученик понимает насколько хорошо, эффективно проведена работа; учитель может сконцентрировать своё внимание на знаниях учеников, на их поведении, на качестве работы, на понимании задач и т. д. Всё это способствует повышению качества знаний и понимания требований и потребностей. При этом обратная связь работает не только в модели «учитель ↔ ученик», но и в модели «ученик ↔ ученик». В то же время ученики могут давать feedback работе учителя, например, в подборке материала и т.д. Мы можем давать feedback устно и письменно, индивидуально, в группах и всему классу, мы можем организовать peer feedback оценивание друг друга.

Все этапы урока и технологии преподавания должны приближать нас к поставленной цели – функциональной грамотности учеников. Но чтобы реализовать это, учитель должен любить своих учеников и хорошо знать своё дело и постоянно совершенствоваться.

Список литературы:

1. CELTA Course Trainee book . Scott Thornbury, Peter Watkins. Cambgidge University Press. 2013.
2. TKT: CLIL Handbook for teachers. Cambridge English Language Assessment - 2016
3. The TKT Course. Mary Spratt, Alan Pulverness, Melanie Williams. University of Cambgidge ESOL Examination. Cambgidge University Press
4. Далингер В.А. ИННОВАЦИОННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ – ПРОВОДНИКИ НОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ

СТАНДАРТОВ // Международный журнал экспериментального образования.
– 2014.

5. Манвелов С.Г. Конструирование современного урока. –
М.: Просвещение, 2002.

6. <http://nsportal.ru>

Сабақтағы кері байланыстың маңыздылығы

Мусаева Г.М., Абдигалиева К.М., «№12 ЖББОМ» КММ

Жаңа заман талабына сай жас ұрпақтарымызға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Білім жүйесіндегі осы өзгерістерді жүзеге асыратын, оның сапасын көтеретін ұстаздың теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі екені белгілі. Жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары етіп қалыптастырудың бірден-бір жолы – оқушыға білімді терең игертудің тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелеу. Кез келген әлеуметтік ақпараттық қарым – қатынастың, сондай ақ оқу үдерісінің қатысушылар арасындағы өзара қарым қатынастың тиімділігінің дәлелі ретінде кері байланыстың алар маңызы өте зор. Өйткені мұғалім де оқушы да сабақ барысында екі жақты өзара іс әрекеттің ұйымдастыру нәтижесінде дер кезінде кері байланыс алуға мұқтаж. Бұл тақырып қазіргі кезде өте өзекті тақырыптардың бірі болып келеді. Біздің ойымызша кері байланыс – адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі болып табылады.

Кері байланыс әрекетін ұйымдастыруда көзделетін басты мақсат: Оқушының саналы ішкі рефлексиясын даярлау, сол арқылы қазіргі кездегі маңызды болып саналатын бәсекеге қабілетті болу, ұшқырлық, жауаптылық сияқты қабілеттерін дамыту. Әрбір адамның өзіндік жақсаруына қол жеткізудің ең негізгі құралы- ол, кері байланыс. Әрине, кері байланыстың саны емес, сапасы маңызды. Мұғалім берген түсініктемелердің көбін оқушылар бағаламайды және назарына алмайды. Ойлау деңгейі дамыған оқушылар кері байланысты құптайды және оны өздерінің оқу үлгерімін жақсарту үшін қолданады. Жазбашаға қарағанда, ауызша кері байланыс анағұрлым тиімдірек. Ең тиімді кері байланыс оқушыдан мұғалімге беріледі.

Кері байланыстың ережесі:

Ол нақты бір мақсатқа жетелейтін әрекет түрі деп қарастыруға әбден болады, қысқаша айтқанда талас тудыратын сұрақтар мен мәселелер төңірегінде түсінік алу және түсінік беру тәсілі болып табылады. Сабақтың барысындағы оқушыға түсінік қалыптастырудың бірден бір құралы, оқу міндеттері мен

мақсаттарына жету деңгейін анықтауға мүмкіндік бере алады және мұғалімді оқушының жеткен нәтижелері мен кемшін тұстары жөнінде хабардар етеді.

Кері байланыс формалары мен әдістерінің көптеп кездеседі: мысалы ауызша талдау, талқылау; жазбаша сауалнамалар алу, графикалық суреттер, смайликтер, оқушының бойында, ішкі дүниесінде болып жатқан өзгерістерді рөлдік ойындар арқылы сезінуі (жаңа білім алу, өзін-өзі тануы, көңіл-күй, белсенділік немесе селқостық таныту деңгейін анықтау үшін түрлі тренингтер ұйымдастырылады. Жалпы айтқанда кері байланыстың түрі мен формасын дұрыс таңдау мұғалімнің өз құзырында.

Кері байланыс техникаларына тоқталар болсақ:

- ✓ Бақылау;
- ✓ Сұрақ-жауап/ блиц сұрақ/
- ✓ Кері байланыс күнделігі;
- ✓ Бір минут эссе;

Аталған техникалардың ішіндегі өзіміз көп қолданатын, тиімді деп санайтын «Кері байланыс күнделігі» болып табылады. Бұл техника оқушыларға да, мұғалімге де тиімді.

Тағы бір тиімді техника түрі балалар өз қолдарының саусақтарын қағазға түсіріп, әр саусақтың- өзінің орны /позициясы/ бар, солар бойынша өз ойларын айтады:

- Бас бармақ –мен үшін сабақ (маңызды болды, себебі....)
- Сұқ саусақ- маған қиындау болды.....
- Ортаншы саусақ- мен жеткілікті түсінбедім...
- Төртінші саусақ –менің көңіл күйім.....
- Бесінші саусақ – менің ұсынысым....

Кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн: кері байланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру, кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету. Кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Кері байланыстың түрлерін сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады.

Сабақтың кезеңдерінде қолданатын кері байланыстың үш түрі бар:

1. Көңіл –күймен эмоциялық жағдаятты анықтауға анықтауға арналған кері байланыс.

Көңіл –күйді білдіретін смайликтер, суреттер, бояулар түстері арқылы анықтауға болады. Сабақтарымызда пайдаланған әдіс-тәсілдер: «Ауа райы», «Бағдаршам», «Алма ағашы», «Бас. Жүрек. Қол» рефлексиясы.

2. Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс.

Мысалы: «Табыс сатысы» әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі.

- 1-ші баспалдағы Мен.....білемін,
- 2-ші баспалдағы Ментүсінемін,
- 3-ші баспалдағы Мен жасай аламын.

3. Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс.

Мысалы: «Қосу, Алу, Қызықты». «Қосу»- оң әсер еткен фактілерді, алған білімдері жайлы жазады. «Алу»-қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын жазады. «Қызықты» - деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады.

Жоғарыда келтірілген кері байланыс түрлері жеке оқушының жұмысына бағытталған екені белгілі. Сонымен қатар, осы зерттеуіміз барысында мұғалімдер үшін қаншалықты тиімді?- деген сұрақ төңірегінде мектеп мұғалімдерімен сауалнама жүргіздік.

Сауалнама барысында төмендегідей сұрақтар қарастырылды:

1. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсарады ма?
2. Оқушы өзінің мықты, осал тұсын анықтай алады ма?
3. Оқушының оқуға қызығушылығын арттырады ма?
4. Мұғалім мен оқушы кері байланысына қарай өз жұмыстарын ұйымдастыруға алады ма?
5. Кері байланыс арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады ма?



Кері байланыстың тиімділігін зерттеу барысында, тиімділігі тек оқушыға ғана емес мұғалімге де тиімді екенін аңғардық.

Кері байланыс орнату тиімді: оқушылар үшін және мұғалім үшін

| Кері байланыстың оқушылар үшін тиімді жағы | Кері байланыстың мұғалімдер үшін тиімді жағы |
|---|---|
| <ul style="list-style-type: none"> - оқушыны өз-өзіне есеп беруге баулиды; - оқушының қажеттілігін біле аламыз; -оқушының өзіндік көзқарасы қалыптасады; -білім беру барысының сапасын жақсартуға болады; -оқушының сыни көзқарасы қалыптасады, өз-өзіне баға бере алады | <ul style="list-style-type: none"> - оқытудағы кемшін тұстарын анықтайды; - келесі сабақтың жоспарына өзгерістер енгізуге, түзетуге яғни оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін таңдауға мүмкіндік береді; - уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндіктер береді |

Қорыта айтқанда, кері байланыс –нәтижелі білімнің жоғары көрсеткіші. Бұның нәтижесін оқушылардың сабақтағы жеткен жетістіктері арқылы көре аламыз. Рефлексия арқылы оқушының сабақты қай деңгейде меңгергенін, қажеттілігін біліп, оларды ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеуге болады. Кері байланыстың тиімділігі арқылы оқыту мен оқу сапасын жақсартуға болады деп айта аламыз.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. III басылым-2012 жыл
2. «Оқыту нәтижелерін бағалау әдістемесі» - Зулкашева Ш.М. Орал 2013
- 3.«Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналы №8-9 2015 жыл

Оқу сапасын жақсартуда қалыптастырушы бағалаудың рөлі

Мусаева Г.М., Нурманбаева Б.А., «№12 ЖББОМ» КММ

Егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуға.

Ұстаздарымыздың алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп, жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі кезде білім беру үрдісінде көптеген технологиялар қолданылады. Соның бір тармағы ретінде қалыптастырушы бағалаудың маңыздылығы мен тиімділігі жөнінде өз іс-тәжірибімізбен бөліскенді жөн санап отырмыз. Мектептегі оқу үдересінде оқыту үшін бағалауды қолданудың нәтижесінде білім сапасы артады. Оқушылардың бірін-бірі, өзін-өзі бағалауы жүзеге асады, сабаққа деген ынтасы оянады. Оқушы тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергенін ұғады. Егер білімді тексермесе, онда оқушы өз білімін терең, жан-жақты және дұрыс бағалай алмайды.

Қалыптастырушы бағалаудың дәстүрлі бағалау жүйесінің артықшылығын қарастырар болсақ:

- Оқушының жетістік деңгейін нақты сипаттайды;
- Білімге деген ынтасын арттырады;
- Баланың өзіне деген сенімділігі артып, жауапкершілікті сезінеді;

Оқушының өзін өзі бағалауы дамып, оны тек сабақ барысында ғана емес, кез келген өмірдегі болып жатқан қайшылықтарға өзіндік бағалау жүргізе алатын тұлға қалыптасады.

Қалыптастырушы бағалауды пайдаланудағы мақсат: мұғалімдерге оқыту үшін бағалау және оқудағы бағалаудың оқыту жүйесіндегі маңыздылығын түсіндіру, критериалды бағалауды қолдануға бағыт-бағдар беру. Оқушылардың оқуын жақсарту үшін, мұғалімдердің сабақтың әр кезеңінде қалыптастырушы бағалауды, кері байланыстың түрлерін үздіксіз жүргізіп отыруына ықпал ету.

Өз іс-тәжірибемізде қолданып жүрген қалыптастырушы бағалау түрлерімен бөлісер болсақ:

Күнделікті іс-тәжірибеміз барысында қалыптастырушы бағалау оқушының меңгеру деңгейінің өлшемі мен ілгерілеуін анықтауда, оқыту үдерісінде төменгідей әдіс-тәсілдерді қолданып жүрміз:

- Дембо және Рубинштейннің «Ғажайып сызғыш»,
- «Табыс баспалдағы», «Қол сигналы», «Жапондық бағалау»,

- «Қорытындылауға арналған карточка индексі»,
- «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері»,
- «Екі жұлдыз, бір тілек», «Үш минуттық үзіліс»,
- «Ауызекі баға», «Дыбыстау»,
- «Элективті тест», «Kahoot», «Learning apps».

Аталған әдістерді таңдаудағы мақсатымыз – өзгені бағалау арқылы өзінде жоқты табу немесе өзгенің жетістігі арқылы өз кемшілігін тауып, оны түзетуге бағыттау. «Learning apps», «Kahoot» тәсілдерінде интернет желісі арқылы тапсырмалар беріледі. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын оятып, дамытып, ынталандырады.

Үй жұмысын пысықтауда, жаңа тақырыпты түсіндіруде, тапсырма орындау кезеңінде, мұғалімнің оқушыға жұмысының нәтижесін жақсарту мақсатымен кері байланыс ретінде ақпарат беру барысында да қолданылады. Мысалы, мұғалім оқушының жазба жұмысын тексеріп болған соң, оған баға қоймайды, әр түрлі қалыптағы сурет пен бояуларды қолданып белгілей алады. Әрбір белгі мен олардың түстері (сары, қызыл және жасыл, жұлдызша немесе қанатты белгілер) оқушының жауабындағы дұрыс немесе бұрыс орындалған жақтарын көрсетеді.


- **«Ұлы дала мұрагерлері»** атты мектебімізде өткен ауқымды іс шарада ата-аналарға **«Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау түрлері»** шеберлік-сынып өткізіп, қалыптастырушы бағалаудың оқушылардың оқуға деген ынталарын арттыруда бірден-бір тиімді тәсіл екендігіне көз жеткіздік.

- **«Сабақ үдерісінде қалыптастырушы бағалауды тиімді пайдалану-табысты оқытудың кепілі»** тақырыбында педагогикалық кеңесте өз тәжірибемізді ортаға салдық.

- **«Қалыптастырушы бағалаудың тиімділігі»** атты ата-аналар жиналысында қалыптастырушы бағалау жүйесі туралы таныстырылып, 9 сұрақтан тұратын сауалнама алынды, рубрика жүйесінің тиімділігі айтылды.

Ата-аналардан алынған сауалнама нәтижесі төмендегідей болды:

1. Балаңыздың оқуын күнделікті қадағалайсыз ба? - 70%
2. Жаңартылған білім жүйесінің құрылымымен таныссыз ба? - 80%
3. Осы оқытудың болашақта тиімдігін бағыттай аласыз ба? - 65%
4. Критериалды бағалауға келісесіз бе? - 75%
5. Тиімділігіне көзіңіз жетті ме? - 60%
6. Балаңыздың алға жылжуына, өз деңгейін айқындай алуына көмегі бар деп ойлайсыз ба? - 70%
7. Мұғалім мен ата-ана арасында ынтымақтастық болу керектігін айқындайсыз ба? - 100%
8. Сіз өз тарапыңыздан қолдау көрсете аласыз ба? - 100%
9. Кері байланыс түзуге дайынсыз ба? -90%



Сауалнама қорытындысын түйіндей келе, қалыптастырушы бағалау күнделікті алған білімінің меңгеру деңгейін анықтайтындығы; негізгі бақылау жұмысына дейін білімін жүйелейтіндігі; кездескен қиыншылықтарын қалыпқа келтіруге оқушыға мүмкіндік беретіндігі байқалды.

Біздің зерттеу барысында байқағанымыз - қалыптастырушы бағалаудың тиімділігі:

| Мұғалімге | Оқушыға | Ата-анаға |
|--|--|---|
| <ul style="list-style-type: none"> Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға; Оқытудың сапасын жақсартуға; Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға; | <ul style="list-style-type: none"> Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге; Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға; Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді. | <ul style="list-style-type: none"> Баланың оқудағы прогресін қадағалауға; Оқу үдерісінде оқушыға қолдау көрсетуге; Мұғалімдермен кері байланыс орнатуға; |

Мектеп білім алушыларға білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың білімін бағалап, олардың алға ұмтылуына ынталандырады. Оқушының дұрыс қалыптасуындағы басты рөлді бағалау атқарады- деп түсінеміз. Бағалау дегеніміз - оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен қоса, оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жинақтауға бағытталған термин болып табылады. «Бағалау» сөзі, «жақын отыру» дегенді білдіретіні де кездейсоқтық емес, себебі өзін-өзі бағалау, өзгені бағалау, топты бағалау олардың ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау әр сабақта және күнде жүргізіліп тұрады. Оқыту үшін бағалау бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай баспалдағында тұрғанын, нені жетілдіру керек, қандай бағытта даму керек екендігін анықтау үшін және мұғалімдердің қолданатын мәліметтерді түсіндіру үдерісі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы
2. Педагогика. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М., Алматы-2004, 3-басылымы
3. Современные средства оценивания результатов обучения: Учебное пособие /Сост. Е.В.Телеева - Шадринск: Изд-во Шадрин. пединст-та, 2009.

Система критериального оценивания: проблемы и пути их решения

Янкина Е.Р., КГУ «СОШ № 74»

Последние годы принесли изменения в содержании образования: приоритет формирования общеучебных компетентностей, учащихся заменил традиционные методы преподавания. Соответственно изменилась и система оценивания. При внедрении обновленного содержания образования используется система критериального оценивания.

Критериальное оценивание – это оценивание по критериям, то есть оценка, складывающаяся из составляющих (критериев), которые отражают достижения учащихся по разным направлениям развития их учебно-познавательной компетентности. Критериальное оценивание - это подход, в рамках которого используются разные виды, формы и методы оценивания и самооценки. [1]

Критериальное оценивание положительно сказывается на показателях качества знаний обучающихся. Главным отличием критериального оценивания от традиционного является то, что при традиционном оценивании достижения обучающихся сравниваются со среднестатистической нормой (оценка выставляется, ориентируясь на средний уровень знаний класса/аудитории в целом), а при критериальном оценивании достижения обучающихся сравниваются с планируемым результатом обучения.

Любые реформы воспринимаются с некоторой опаской, требуют апробации на практике. Необходимо время, выявление плюсов и минусов любой новой программы, представленной для внедрения в реальность. В ходе освоения новых стандартов мы столкнулись с множеством вопросов. Разобраться в новой системе образования помогли курсы повышения квалификации: «Лидерство учителя в педагогическом сообществе» (ЦПМ г. Караганда 2016 г.), курсы по образовательной программе повышения квалификации педагогических кадров по предметам «Биология» и «Естествознание» в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан (ЦПМ г. Караганда 2018 г.).

С какими же трудностями я столкнулась?

Первая проблема - формативное оценивание. Практически все сводилось к знаковым элементам, но дальнейшее внедрение в практику преподавания

показало, что это организация учебного процесса, анализ деятельности класса, самооценивание обучающихся с последующей корректировкой.

Вторая проблема - отсутствие отметок, много вопросов со стороны родителей. Ведение письменной обратной связи ежедневно отнимает очень много времени. Взаимодействие с родителями конечно стало эффективнее, но уходит слишком много внеурочного времени.

Третья проблема - задания суммативного оценивания слишком сложные, часто не соответствуют материалу учебника, что понижает общий уровень оценок учащихся. Также при проведении СОР и СОЧ очень трудно соблюдать регламент времени.

Итак, практическое применение новых стандартов требует изучения, поисков приемов применения.

Что же требуется от учителя?

- формулировать учебные цели;
- строить учебный процесс по организации усвоения учебного материала;
- готовить учебные материалы в соответствии с учебными целями;
- создавать атмосферу психологического комфорта и поддержки;
- готовить учащихся к самообразованию и самореализации;
- оценивать текущие результаты.

А что необходимо научиться ученику?

- уметь выстраивать индивидуальную систему самообразования;
- усваивать и использовать умения, способы, приемы и навыки для разрешения учебных ситуаций.

Система проста: недочеты будут исправлены учеником на итоговой работе и получено больше баллов. Со своей стороны, учитель учтёт над чем ему надо поработать с отдельно взятым учеником.

Суммативное оценивание представляет собой четкую систему критериев, по которым выставляются баллы, так что автоматически отпадают претензии учащихся к своим результатам. Кроме того, ученик в любом случае зарабатывает баллы за одно задание, что практически всегда исключает получение двойки. Такая методика позволяет не уравнивать тех, кто плохо знает материал, и тех, у кого незначительная ошибка в ответе может привести к негативному результату. Еще это дает понять, с какой проблемой столкнулся ребенок при выполнении задания, и восполнить пробел в знаниях.

При составлении заданий суммативного оценивания учителям в помощь приходит сборник, специально разработанный специалистами. Лично мне очень помог семинар ЦПМ АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» в рамках Каникулярной школы по критериальному оцениванию. Полученные знания, учет особенностей программы, возможности учеников моей школы в совокупности позволяют мне составлять задания суммативного оценивания. Как пример предлагаю составленный СОР для 10 класса:

Суммативное оценивание за раздел 10.4В «Движение»

Цель обучения

10.1.6.1 Исследовать ультраструктуру поперечнополосатых мышц

10.1.6.2 объяснять механизм мышечного сокращения

10.1.6.3 установить связь строения, локализации и общих свойств быстрых и медленных мышечных волокон

Критерий оценивания

Обучающийся

• Объясняет ультраструктуру поперечнополосатых мышц

• Описывает механизм мышечного сокращения

• Определяет взаимосвязь строения, локализации и общих свойств быстрых и медленных мышечных волокон

Уровень мыслительных навыков: Применение Навыки высокого порядка

Время выполнения 20 минут

Задания

1. Назовите основные белки, компоненты саркомера мышечного волокна


А. Актин В. миозин С. тропонин Д.

тропомиозин

2. Укорочение мышцы без формирования напряжения — это тип сокращения мышечного волокна -

А. Ауксотоническое В. изотоническое С. изометрическое

3. Рассмотрите рисунок строения мышечного



волокна, подпишите структуры.

1. Схема строения мышечного волокна:

а _____

б _____

2. Схема строения миофибриллы:

а _____


б _____

в _____

г _____

д _____

4. Рассмотрите рисунок



(а) Обозначьте на диаграмме актин.

(б) Обозначьте на диаграмме

миозин.

5. Заполните таблицу сравнив типы скелетных мышц.

| № | Критерий сравнения | Медленные мышечные волокна | Быстрые мышечные волокна |
|---|-----------------------|----------------------------|--------------------------|
| 1 | Цвет | | |
| 2 | Количество гликогена | | |
| 3 | Количество миоглобина | | |
| 4 | Кровоснабжение | | |

| | | | |
|---|-------------------------|--|--|
| 5 | Характер обмена веществ | | |
| 6 | Характер сокращения | | |
| 7 | Возбудимость | | |
| 8 | Утомление | | |

Новая система максимально мотивирует учеников. Они понимают, что оценивание происходит по строго определенным критериям, невыполнение несет потерю баллов. Самый большой плюс в том, что растет личная ответственность ученика за свое обучение. Им должен двигать не страх перед плохой отметкой или родительским гневом, а уровень собственных знаний.

Список литературы:

1. Звонников В.И. Современные средства оценивания результатов обучения: учеб. пособие для студ. высш. учеб. Заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 224 с.
2. Система критериального оценивания учебных достижений учащихся. Методическое пособие. Министерство образования и науки Республики Казахстан Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 14 с.

Оқытудың белсенді түрлері арқылы биология сабақтарында функционалды сауаттылықтарын дамыту

С.Т.Арконова, «№ 93 гимназия», А.Н.Кожаяева «№ 85 ЖББОМ

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әрбір оқу пәні контекстінде шешілуі мүмкін. Оқушының пәндік-спецификалық және жеке қасиеттеріне ие болуын білдіретін пәндік құзыреттілік ұғымын да ажырату керек: оның іс-әрекет тәжірибесімен байланысты білімнің, іскерліктің, дағдылардың құндылық-мағыналық бағдарын.

Ұсынылған құзыреттілік формуласы келесі негізгі компоненттерге ие.

Біріншіден, білім, бірақ жай ғана ақпарат емес, тез өзгеретін жаңадан тек қажеттісін ғана тауып өз қызметінің тәжірибесінде пайдалану.

Екіншіден, бұл білімді нақты жағдайда қолдана білу; бұл білімді қандай тәсілмен алуға болатынын түсіну.

Үшіншіден, бейбітшілікті әлемдегі өз орнын, нақты білімдерді, өз қызметі үшін құзыреттілік қажеттілігін алу мен пайдалану әдісін бағалау.

Бұл формула осындай жолмен көрінуі мүмкін:

құзыреттілік = білім ұтқырлығы + әдіс икемділігі + сыни ойлау.

PISA халықаралық зерттеуінде барлық сұрақтар мен оқу тапсырмалары үш жалпы топқа бөлінеді:

"Қалай білуге болады?"- бұл таным әдістерін қолдануға арналған тапсырмалар.

"Түсіндіруге тырысыңыз" – құбылыстар мен фактілерді түсіндіру тапсырмалары.

"Қорытынды жасаңыз" – деректер негізінде қорытынды жасау білігін анықтауға арналған тапсырмалар.

Таным әдістерін қолдануға арналған тапсырмаларда ғылыми білім алу тәсілдері көрсетіледі. Бұл тапсырмаларда оқушыға қандай да бір фактілерді, температураны анықтау (өлшеу), гипотезаларды тексеру әдістерін табу; ұсынылған проблеманы зерттеу жоспарын белгілеу ұсынылуы мүмкін.

Құбылыстар мен фактілерді түсіндіруге арналған тапсырмаларда оқушылар себеп-салдарларға байланыстарды белгілейді, логикалық ойлау мен коммуникативтік дағдыларды дамытады, өз көзқарасын қорғайды.

Үшінші бағыттыңдағы тапсырмаларында қолда бар деректер негізінде қорытынды ала білуді қалыптастыратын тапсырмалар енгізілген. Бұл деректер сандардың, суреттердің, графиктердің, схемалардың, диаграммалардың, сөздік сипаттамалардың массиві түрінде ұсынылуы мүмкін. Бұл деректерді талдау, оларды құрылымдау, жинақтау логикалық жолмен қандай да бір заңдылықтарды, үрдістерді, бағалауларды және т.б. табудан тұратын тұжырымдарға келуге мүмкіндік береді. Бұл іскерліктер құбылыстарды түсіндіру іскерлерімен сәйкес келмейді, себебі көбінесе формальды, логикалық іс-әрекеттерге сүйенеді, ал түсіндіру (үлгіні "генерациялауды" қоса алғанда) — бұл елеулі дәрежеде эвристикалық іс-әрекет.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, бірқатар тақырыптық тапсырмаларды ұсынамыз:

7 сынып «Өсімдіктер» бөлімі:

1. Бір жасушалы балдырлар - бұл жасуша-ағза екенін дәлелдеңіз.

2. Кейбір деректерде " өмірдің алғашқы кадамбасушылары " қыналар деп аталады. Неліктен?

3. Луи Пастер зерттеушісі XIX ғасырда алғаш рет микробтармен күресу үшін пастерлеуді ұсынды. Енді бұл әдіс барлық жерде пастерленген сүтті дайындау үшін қолданылады. Стерильденген сүтті және пастерленген сүтті сақтау мерзімін салыстыру ұсынылады. Бұл өнімдерді сақтау мерзімдерінің айырмашылығын қалай түсіндіре аласыз?

Біржасушалы қарапайымдылар:

1. Тұщы суда мекендейтін қарапайымдыларда жиырылғыш вакуольдер болмағанда қандай қауіп төнер еді?

2. Аз қозғалатын қарапайымдылар цитоплазмада тұратын бір жасушалы балдырлардың атқаратын рөлін түсіндіріңіз?

3. Қандай жасуша көптеген қызметтерді орындайды:

А) қарапайымдылар жасушалары:

Б) көп жасушалы жануар ағзасының жасушасы?

Өз дәлелдеріңізді келтіріңіз.

Тапсырма: Омыртқасыз жануарлар қатарындағы екі нысанның жүйелік топтарын анықтаңыз, олардың әрқайсысына топтарын орыс немесе латын атауларын жазып, осы жануарлардың сипаттамасын ерекше белгілері бойынша

анықтаңыз

| | | |
|---------------------------------|---------|---------|
| Жүйелік топтары | 1 нысан | 2 нысан |
| <i>Отряд</i> | | |
| <i>Тұқымдас</i> | | |
| <i>Туыс</i> | | |
| <i>Қоректік тізбектегі орны</i> | | |

8 сынып «Қан және қанайналым жүйесі» бөлімі

Тапсырма 1. Қан тамырлар құрылысын сипаттайтын кесте құрыңыз.

| Қан тамырлар | Қан қозғалысы - бағыты | Жылдамдығы | Қабырғасының құрылысы | Қан қысымы |
|---------------------------|------------------------|------------|-----------------------|------------|
| Артериялар / салатамырлар | | | | |
| Веналар / көктамырлар | | | | |
| Капиллярлар/қылтамырлар | | | | |

1. Сізге артериялық қысымды ұсынылған формуласы бойынша есептеулерді жасау ұсынылады. 16-20 жастағы адамдар үшін қалыпты қысым келесідей есептеледі: АД систолалық = $1,7 + 83$ жасқа көбейтеміз; АД диаст. = $1,6$ жасқа көбейтеміз + 42;

2. Алынған ақпарат негізінде адам ағзасының қан тамырларының құрылысының ерекшеліктері туралы қорытынды жасаңыз

3. Өмірде тығыз аяқ киім кию, белдіктің тығыз байлауы қан айналымына теріс әсер етуі мүмкін фактілерін дәлелдеңіз

Тапсырма 2: Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Аппендицитке күдіктенген кезде қан алу неге жасалады?

2. Созылмалы баспа туралы қан көрсеткіштерінің бірі куәландыруы мүмкін. Бұл көрсеткіш қандай?

3. Дәрігерге қаралған кезде пациент гематома жиі пайда болуына, аздаған соққылар кезінде қан ағуына, аяқ-қолдың ауыруына шағымданады. Дұрыс диагноз қою үшін дәрігерге қан анализінің қандай көрсеткіші көмектеседі ?

4. Жаңа туған нәрестелердің өмірінің алғашқы күндерінде эритроциттер саны ересек адамға қарағанда көп болады. Бірақ бірінші жыл ішінде деңгей төмендейді. Неге ?

Тапсырма 3: Тақырып бойынша оқу материалын меңгеру сапасын тексеру мақсатында оқушыларға үш тапсырманы орындау ұсынылады:

1. №1, 2, 3 кестелердің деректерін пайдалана отырып, науқасты емдеуде нақты көмек көрсету үшін ұсынылатын азық-түлік өнімдерінің тізімін жасаңыз.

Науқастың қанын талдау нәтижесі:

| Көрсеткіш | Нәтижесі |
|--------------|------------------------|
| Гемоглобин | 95 г / л |
| Эритроциттер | $3,1 \times 10^{12}$ л |
| Лейкоциттер | $5,2 \times 10^9$ л |

| | |
|--------------|-------------|
| Тромбоциттер | 270 x 109 л |
| ЭТЖ | 6 мм / сағ |

№1 кесте «Жарма туралы»

| Атауы | Құрамы | калориясы |
|-------------------|--|-----------|
| Сұлы жармасы | Минералды заттар– фосфор, калий, кальций, темір В тобының дәрумендері Нәруыздар -13%, майлар – 7%, көмірсулар – 65%, | 330 ккал |
| Күріш | Минералды заттар мен дәрумендер аз мөлшерде Нәруыздар -8%, майлар – 1%, көмірсулар – 75%, | 361 ккал |
| Қарақұмық жармасы | Минералды заттар кальций, магний, фосфор, темір А тобының дәрумендері Нәруыздар -13%, майлар – 2%, көмірсулар – 68%, | 331 ккал |
| Ұнтақ жармасы | Минералды заттар мен дәрумендер басқа жармалармен салыстырғанда өте аз мөлшерде Нәруыздар-11%, майлар – 1%, көмірсулар – 73%, | 334 ккал |

№2 кесте «Азық-түлік өнімдерде химиялық элементтер»

| Элемент | Азық-түлік өнімдері |
|---------|--|
| Кальций | Бұршақ, үрмебұршақ, ақжелкен және аскөк, сүт өнімдері, жұмыртқа сарысы. |
| Магний | Шпинат, бұршақ тұқымдылары, жаңғақтар, бидай ұны, бауыр, сиыр еті , асшаян, бұршақ. |
| Темір | Пияз, қияр, ақжелкен, балдыркөк, алма, бүлдірген, таңқурай, итмұрын, өрік, мейіз, жаңғақтар, асқабақ және күнбағыс тұқымдары, Кебек, шошқа еті , бұзау еті, күркетауық кеудесі . |
| Фосфор | Жаңғақ, үрмебұршақ, бұршақ, нан, ет, жұмыртқа, ірімшік, балық. |

№3 кесте «Азық-түлік өнімдер құрамындағы темір»

| Азық тілік өнімдері | мл/100г темір құрамы | Азық тілік өнімдері ты | мл/100г темір құрамы |
|---------------------|----------------------|------------------------|----------------------|
| 1. Банан | 0,6 | 9. Шоколад | 20 |
| 2. Грейпфрут | 0,2 | 10. Бал | 0,9 |
| 3. Орамжапырақ | 20 | 11. Жұмыртқа сарысы | 7,2 |
| 4. Шпинат | 0,3 | 12. Сиыр еті | 60 |
| 5. Сельдерей | 16 | 13. Сиыр бауыры | 12 |
| 6. Аскөк | 12 | 14. Сұлы қауызы | 4,5 |
| 7. Бобы | 10 | 15. күріш | 0,8 |
| 8. Жаңғақ | 25 | | |

Сабақта оқушы мақсатқа қол жеткізіп қана қоймай, өзінің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін барынша іске асыру керек.

Сабақ барысында шешілетін негізгі міндеттер:

- 1) оқушылардың дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;
- 2) Білімді, іскерлікті меңгеру;
- 3) Өмір бойы өз білімін толықтырып, дамыту қажет.

Әр мұғалім өз сабақтарында оқушының қажеттілігін ескере отырып өолданса біз мақсатқа жету арқылы міндеттерімізді орындаймыз. Оқушыларымыз кез келген қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық зерттеулерден жоғары нәтиже көрсететіндеріне нақты сенімдіміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Крупник, С.А. Функциональная грамотность / С.А. Крупник, В.В. Мацкевич. – М.: Педагогика, 2010.

2. «Қазақстан мектебі» ғылыми-педагогикалық журналы № 10 қазан, 2018 жыл.

3. Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-талдамалық журнал «12 жылдық білім беру» № 2, 2018 жыл.

Профильное обучение в классах химико-биологического направления

Мустафина Ж. К., КГУ «Гимназия № 1»

Обучая и воспитывая подрастающее поколение, мы должны подготовить его к созидательному труду. Чтобы завтра труд приносил радость и удовлетворение молодым людям и был во благо окружающим, необходимо позаботиться об этом сегодня: прежде всего помочь сегодняшним школьникам в выборе профессии. И здесь очень важна профессиональная ориентация, которая представляет собой систему подготовки молодежи к свободному, сознательному выбору профессии, основанному на знании индивидуальных особенностей личности и потребностей рынка труда региона.

Понятно, что молодому человеку, вчерашнему школьнику, очень сложно сделать правильный выбор. Девятиклассники имеют лишь смутные представления о профессиях, а потому некоторые из профессий юриста, экономиста, менеджера кажутся им необычными, многообещающими, таят много загадок. Они еще не научились слышать, видеть и познавать самих себя. Зачастую профессию выбирают родители, не учитывая ни мнения своего ребенка, ни его способностей и возможностей, ни потребностей региона, ставя

во главу угла престижность профессии, не задумываясь над тем, подойдет ли она их ребенку.

На современном этапе профориентационная работа все более вытесняется профагитационной: преподаватели и сотрудники учреждений среднего профессионального образования идут в школы, чтобы познакомить старшеклассников со своими учебными заведениями и пригласить поступать к ним. А эти две формы работы — профагитационная и профориентационная — должны сосуществовать. Профориентационную работу необходимо проводить уже в начальной школе, подбирая подходящие по возрасту игровые формы, продолжая работу в среднем звене.

Выбирая профессию, сегодняшние школьники прежде всего должны пройти профессиональную диагностику и получить профессиональную консультацию педагога или психолога, чтобы познать себя, увидеть свои перспективы. Здесь велика роль классного руководителя, который, как никто другой, знает своих учеников. Провести профессиональную диагностику поможет хорошо продуманная подробная тестовая анкета, которую сможет обработать и проанализировать сам старшеклассник. В анкете вполне уместны три категории вопросов: о желаниях и предпочтениях школьника, способностях, возможностях и нравственных качествах. Хорошая профессиональная диагностика поможет выявить профессиональную направленность девятиклассника. А дальше уж и учителя-предметники подключатся.

В союзе с представителями учреждений среднего профессионального образования классные руководители призваны помочь учащимся общеобразовательных учреждений узнать себя, примерить понравившуюся профессию на себя, сделать выбор. Нельзя, чтобы выбор профессии стал случайным, потому что от него будут зависеть успех и счастье в дальнейшей жизни. Важно, чтобы школьники это понимали. Чтобы выбор стал успешным, чтобы он стал началом карьеры, необходимо девятикласснику следовать триединой формуле успеха: «Хочу, надо, могу». Хочу, потому что это мне нравится, и я делаю это с большим желанием. Надо, потому что эта профессия востребована на рынке труда моего региона, и я не буду безработным. Могу, потому что мои знания и умения, мое здоровье, мои нравственные качества делают это возможным.

Как учитель биологии, хочу раскрыть значимость введения факультатива «Биология в медицине» в классах химико-биологического направления. Сегодня мы являемся свидетелями стремительного развития биологии. Современные достижения учёных в области генетики, биотехнологии, бионики делают биологию наукой XXI века. При этом обучающиеся зачастую не понимают практического значения предмета биологии, не видят возможности применения знаний в дальнейшей жизни. Необходимость данного факультатива объясняется введением профильной подготовки в общеобразовательных учреждениях с целью создания базы для ориентации учащихся в мире профессий, знакомства их с видами профессиональной

деятельности, поддержания мотиваций учащихся в выборе профессий, связанных с медициной, биологией. Действительно, небольшой процент выпускников выбирает профессию, связанную с биологией. Поэтому развитие биологической компетентности выпускника, а тем более выпускника, готового продолжить биологическое образование, способного решать проблемы как личностные, так и социальные, является одним из приоритетов современной школы. Данный курс является ориентационным и дает учащимся основы медицинских знаний и навыки, которые позволят им сохранить свое здоровье и оказать помощь пострадавшему. Общетеchnологический компонент факультатива включает в себя вопросы, особенно интересующие старшеклассников при осуществлении профессионального выбора.

Система подачи информации рассчитана на особенности восприятия современного человека и состоит из шести основополагающих блоков:

1. Необходимые медицинские знания и термины для понимания угрожающих жизнисостояний
2. Сострадание и человеколюбие
3. Реанимация и тактика оказания помощи.
4. Навыки и манипуляции.
5. Предупреждение ошибок.
6. Практическое использование полученных знаний в конкретных ситуациях

В ходе занятий факультатива школьники продолжают «углубляться» в медицину. Они знакомятся с основными симптомами при заболеваниях различных систем, рассматриваются вопросы неотложной помощи и особенностях ухода. Курс «Биология в медицине» продолжает формирование установки «о жизни и здоровье как высшей ценности», с этих позиций большое внимание уделяется вопросам первой медицинской помощи при различных экстремальных ситуациях, травматизме, техногенных катастрофах. В наше время, когда смертность от техногенных катастроф, автодорожных травм выходит на лидирующие позиции, грамотное оказание первой медицинской помощи может спасти человеческую жизнь, в этом и заключается актуальность программы. С целью интеллектуального развития учащихся, познавательных потребностей школьников в программе рассматриваются вопросы достижений медицинской науки, рассказывается о жизни великих ученых медиков, чья жизнь была образцом служения своему долгу. Заключительным этапом курса является зачетное занятие, на котором учащиеся проходят тестирование и демонстрируют полученные навыки.

Помочь учащимся осмыслить перспективу профессиональной деятельности, связанной с медициной, повысить интеллектуальное развитие школьников, сформировать у учащихся установку на жизнь как высшую ценность, удовлетворить познавательный интерес к медицине.

Список литературы:

1. Афанасьева Н. В. Психолого-педагогическая работа по профориентации учащихся 8-9 классов: практическое пособие / Н. В. Афанасьева, Н. В. Малухина, Т. В. Загоскина.- М.: АРКТИ, 2010.- 112 с.

2. Немова Н. В. Управление системой профильного обучения в школе (методическое пособие) / Н. В. Немова.- М.: Сентябрь, 2005.

3. Основы медицинских знаний. Под ред. Тонковой-Ямпольской Р.В. Москва. Просвещение. 1981.

4. Технология профессионального успеха: Учебник 10-11 кл. / В.П.Бондарев, А.В.Гапоненко, Л.А.Зингер и др.; По ред. С.Н.Чистяковой. – М.: Просвещение, 2004. – 144 с.

5. Чистякова С. Н. Педагогическое сопровождение самоопределения школьников: методическое пособие для профильной и профессиональной ориентации и профильного обучения школьников / С. Н. Чистякова.- М.: Издательский центр «Академия», 2007.- 128 с.

Жаңартылған білім беру мазмұнында саралап оқытудың маңыздылығы

Мұқаш Ж.Қ, Жакенова К.А. «№12 ЖББОМ» КММ

Қазіргі білім мазмұнында түбегейлі өзгерістер орын алуда. Атап айтар болсақ, жаңартылған мазмұн жағдайында оқытуды саралаудың маңыздылығына баса назар артуда.

Ал саралап оқыту дегенімізді барлығымыз бірдей түсінеміз бе, саралап оқыту дегеніміз не деген сұраққа жауап беріп көрейік.

Саралау дифференциация деген латын сөзінен шыққан («Дифференциация» латынша айырмашылық) – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру болып табылады.

Бағдарламада берілген сабақ мақсатына жету үшін саралау әдістерін қалай қолдансақ болар? - деген сұрақ толғандыратыны аян.

Ол үшін ең бірінші саралау алгоритмін басшылыққа алу керек.

Саралау алгоритмдері:

| Саралауды жүргізу алгоритмдері | Қарастырылатын мәселелер |
|--|---|
| Оқу мақсаттарын анықтау | Бұл сабақтың мақсаты не? Оқушылар нені білуі, түсінуі керек? Білім, түсінік, дағды мақсатқа бағытталған ба? |
| Сынып оқушыларының қызығушылығы мен дайындығы туралы ақпарат жинау | Оқу мақсатына сай оқушылардың дайындығы қандай болмақ? Мен оларды қалай анықтай аламын? |
| Сабақтың дәйектілігі | Оқушылардың дайындығына сабақ кезеңдері сәйкес келе ме? |

| | |
|---|--|
| Сабақты талдау, саралау мүмкіндіктері | Сабаққа саралау жүргізу. Кейбір оқушылар не істей алады? Оқушыларға ықпал ететін жағдайлар қарастырылған ба? |
| Саралап оқытуды жоспарлау яғни тәжірибе мен тапсырмалар | Саралау тапсырмаларын беру үшін қандай әдістерді қолданамын? Барлық оқушылардың жұмыс істеуін қалай қамтамасыз етемін? |
| Нақты сабақтың жоспары | Сабақ қалай жүргізіледі? Оқушылардың үлгерімін қалай бақылауға болады? |
| Сабақты жүргізу | Сабақ барысында оқушылар алға ұмтылды ма? Мен оны қайдан білемін? Бұған не дәлелдеме болады? |

Екінші, оқытушы өзінің әр сабағында саралау әдісін дұрыс қолдану үшін төмендегідей үш қағиданы басты назарда ұстауы шарт демекпіз. Оларға:

| Оқушы нені үйренуге тиіс? (мазмұнға қатысты) | Үдеріс барысында оқушы оны қалай меңгереді? | Оқушылардың меңгергенін қалай көруге болады? |
|--|---|--|
| Білім бағдарламасындағы меңгеруге тиісті идеяларды, ақпарат пен дағдыларды қамтиды | Оқушылардың сабақ барысындағы тақырыптың мазмұнымен жұмыс істеу жолдары | Оқушылардың үдеріс барысындағы тақырыпты меңгергендігінің дәлелдемелері. Бұл оларға өз әлеуеттерін көрсете отырып, қаншалықты меңгергенін көрсетуге мүмкіндік беруі керек. |

Саралау әдістерінің түрлері өте болғанымен, мұғалім сабақтағы тақырыптың күрделілігі мен сынып оқушыларының қабілеттеріне, деңгейіне байланысты саралау тапсырмаларының түрлерін тиімді қолдана білсе, жақсы нәтиже берері сөзсіз. Сабақ барысында көп қолданылатын саралау әдістері төмендегідей:

| Саралау тәсілдері | Тиімділік жақтары |
|--|---|
| Мақсат бойынша саралау | Сабақты жоспарлаудан бастау алып, сабақтың мақсатына негізделеді, оқушылардың көпшілігі, басым бөлігі, кейбір оқушылар (дарынды) үшін қол жетімді тапсырмаларды орындауға бағытталады. |
| Мәтін бойынша саралау | Түрлі деңгейдегі мәтіндермен жұмыс жасайды. Оқушының жұмыс жасау деңгейіне байланысты мәтіндерді әзірлейді және оқушыларға түрлі ақпаратты қол жетімді ету шараларын ойластыруы қажет. |
| Тапсырма бойынша саралау | Блум таксономиясын негізге ала отырып түрлі тапсырмалар ойластыр, оқушыларға түрлі таратпа материалдарын, кеспе қағаздар мен жаттығулар ұсынуға болады |
| Диалог негізінде саралау | Мұғалім мен оқушы арасындағы сұхбатқа мән беріледі, сөздік қор және қолданылатын тілдің мүмкіндіктері мен күрделілігі әр оқушының қабылдау деңгейіне сай бейімделеді |
| Оқушыға жеке қолдау көрсету арқылы саралау | Көмек ауқымы мен деңгейі де оқушы қажеттілігіне сай сараланады. Оқушыға қолдауды басқа оқушыдан, компьютерден немесе ақпараттық технологиялар арқылы қолдау көрсетуге болады. |
| Қарым-қатынас формалары бойынша саралау | Топтық жұмыс арқылы ынтымақтастық оқыту болып табылады. Шағын топтарда қабілеті орта оқушы өзінің құрбысынан көмек алуға мүмкіндігі болса, ал қабілетті оқушылар өз ойы мен идеясын жүзеге асыру арқылы топ жұмысына үлесін қоса алады. |

Жоғарыда көрсетілген саралау тәсілдері арқылы, әр түрлі тапсырмалар беру арқылы оқушылардың өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу, қандай деңгейде болса да қарым-қатынас жасай білу дағдылары дамиды. Қазақ тілі, әдебиеті сабағында саралап оқытуда БЛУМ таксономиясы мен сын тұрғысынан ойлау стратегияларын қолдану өте ұтымды. Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары: «Мінездеме берушілер», «Әдеби оқу», «Пирамидалық талқылау, «Ізденушілер», «Семантикалық карта», «ББТЗО» «FILA толтыру» әдісі» т.б. Оқушы өз білім - қабілетіне қарамай өз шығармашылығын көрсете алады. Бұл стратегиялар баланың еркін терең жан-жақты ойлауына үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады.

Мысалы: 6 сыныптың әдебиет пәніндегі С.Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесін алайық.

Сабақ тақырыбы: Т/Ж2. С.Мұратбековтің «Жусан иісі» повесінің тақырыбы мен идеясы

Сабақ мақсаты: 6.Т/Ж2 – әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру

Сабақ мақсатына сай төмендегідей саралау жұмыстарын іске асыруға болады. «Әдеби оқу» стратегиясы бойынша «Баяндамашылар» әңгімені толық оқып, алдымен жұпта, содан кейін топта бір-біріне түсіндіреді. Топтан бір оқушы шығып, барлық сыныпқа мазмұнын айтып шығады. «Мінездеме берушілер» әңгіме кейіпкерлеріне мінездеме береді. «Ізденушілер» «Талқылау кестесін» толтырады. «FILA толтыру» әдісі бойынша оқушылар тапсырма түрлерін бөліп алады, ізденеді, тақырыптың қорытындысында жұмыстарын біріктіріп, кестені толтырады.


| F/ Дерек/ кейіпкер туралы | I /Пікір/ кейіпкер туралы | L /Сұрақ/ кейіпкердің образын ашатын | A /Іс-әрекет/ автордың кейіпкерді суреттеудегі қолданған тәсілі |
|---------------------------------|---------------------------------|--|---|
| | | | |

Бұл сабақта мақсат, тапсырма, мәтін, топтық қарым-қатынас, диалог арқылы сұрақтар құрастыру саралау жұмыстарын жүргізе аламыз.

Химия пәні бойынша 8 сыныптың «Металдар белсенділігін салыстыру» тақырыбы бойынша оқу мақсатына сәйкес төмендегідей саралау жұмыстарын жүргіздік. Эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құрып және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендірді. Осы сабақ негізінде «Сап түзеу», «Адасқан формулалар», «Көршіңмен хабарлас», «Конверттегі сұрақ» әдісі арқылы саралау жұмыстарын жүргіздік.

Тәжірибемізден көріп отырғанымыздай, оқушыларға саралап оқыту әдісін қолдану оқушылардың білім сапасын, олардың біліктілік деңгейі мен қабілеттерін жақсартуға мүмкіндік береді. Тапсырманың түрлі деңгейде болуы баланың күш-жігеріне деген сенімін нығайтады, оны табысқа жетелейді, сабаққа қызығушылығын арттырады. Осы сабақтар бойынша саралап оқытудың тиімділігі төмендегідей нәтижені көрсетті.

Саралау әдіс - тәсілдерінің тиімді нәтижелері



Пайдаланған әдебиеттер:

1. Антропова М.В., Манке Г.Г., Кузнецова Л.М., Бородкина Г.В., «Дифференциация обучения: Педагогическая и физиолого-гигиеническая оценка» \ Педагогика, 1999, №10-12.

2. Глейзер Г.Д. «Индивидуализация и дифференциация обучения в школе» -М.1985. Осмоловская И.М., «Организация дифференцированного обучения в современной школе» - М.; Институт практической психологии; Воронеж: «Модек». 2001.

Интеграцияланған сабақ – білім берудегі заманауи технологиялардың бірі ретінде

Куанышева Ж.А., «№23ЖББОМ» КММ

Білім берудің басты міндеттерінің бірі - оқушыны заманауи өмірге дайындау. Және бұл дайындық оның қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыру арқылы жүргізіледі. Мектеп-барлық халық өтетін жалғыз мемлекеттік институт, сондықтан білім беру мазмұны мен оны іске асыру шарттары үдемелі даму мен мемлекеттік қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Биологияны оқу кезінде алған білім оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырады, балалардың табиғатқа деген ізгілікті қатынасын және жердегі өмірдің маңыздылығын анықтайды. "Биология" оқу пәні жалпы білім беру жүйесіндегі жетекші орындардың бірі болып табылады және өзінің маңыздылығымен, іргелі ғылыми теориялар мен заңдылықтарды танудағы мүмкіндіктерімен ерекшеленеді.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің негізгі міндеті бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру болып табылады. Жаңа білім беру стандарттары осы міндетті іске асыруға бағытталған. Мектеп алдында қоғамның сұранысына сәйкес оқу процесін қайта құру қажеттілігі туындап отыр. Жаңа мемлекеттік стандартты

іске асырудың бір жолы интеграцияланған сабақтарды өткізу болып табылады. Мен өз жұмысымда пәнаралық байланыстарды қолдану және оқушылардың ізденушілік-шығармашылық жұмысының рөлін арттыру басым деп санаймын.

Интеграцияланған сабақтарға деген қажеттіліктің себептері:

- қоршаған ортаның сан алуандығын оқушылар басқа пәнмен бірлесе отырып тани алады;
- интеграцияланған сабақтар дәстүрлі түрде болмағандықтан оқушылар үшін қызықты болады;
- білім алушылардың потенциалын дамытады, қоршаған шындықты ұғынуға, логикалық ойлауды, коммуникативтік қабілеттерін дамытуға, пәнаралық білім-білік дағдыларын қалыптастырады

Интеграцияланған оқыту технологиясында әдіс-тәсілдер жан-жақты қолданылады. Интеграция (лат. *integratio* - "біріктіру") - бөлшектенген бөліктерді біртұтас тұтастыққа біріктіру процесі. Оқытудың интеграциясы оқушылардың пәнаралық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді, ең алдымен пәнаралық байланыстардың маңызды дамуы мен тереңдеуін болжайды. Интеграциялау процесінде пәндер арасындағы аналитикалық оқу-ақпараттық, коммуникативтік-сөйлеу ептіліктері қалыптасады.

Оқытудағы интеграция дегеніміз не? Осы ұғымды түсіндіруде бірыңғай көзқарастардың болмағаны да белгілі. Мен интеграция туралы С.В.Кульневич пен Т.Т.Лакоцениннің «Заманауи сабақты талдау» жұмысы кезіндегі анықтамасын алып отырмын: «Интеграция-бұл қандай да бір саладағы жалпыланған білімнің бір оқу материалында мүмкін болғанша терең өзара кірігу, бірігу». «Интеграция» түсінігі екі мағына береді:

1) оқушылардың қоршаған орта туралы тұтас түсінігін қалыптастыру (мұнда интеграция оқытудың мақсаты ретінде қарастырылады);

2) білімдерді жақындата отырып жалпы платформаны табу (мұнда интеграция оқыту құралы ретінде қарастырылады).

Жалпы платформаның негізі - қазіргі мектепте оқытудың маңызды принципі пәнаралық байланыс болып табылады. Пәнаралық байланыстарды іске асырудың ең тиімді түрі – интеграцияланған сабақтар. Интеграцияланған сабақ-бұл бір ұғымды, тақырыпты немесе құбылысты зерделеу кезінде бір мезгілде бірнеше пән бойынша оқытуды біріктіретін сабақтың ерекше түрі. Мұндай сабақта әрқашан: интегратор болып табылатын жетекші пән және жетекші пән материалын тереңдетуге, кеңейтуге, нақтылауға ықпал ететін көмекші пәндер бөлінеді. Интеграцияның пәннің ішінде болуы оқушылар үшін өте қажет, өйткені оқушылар әр затты жеке қабылдайды, ал біздің міндетіміз барлығы өзара байланысты екенін көрсету. Пәнаралық интеграция - бұл тұрақты білім алу үшін әртүрлі пәндерден жақын ұғымдарды біріктіру ғана емес, бұл бір тақырыпты, тақырыптардың тұтас блогын жалпы тәсіл негізінде бір бүтін пәнге біріктіру. Біз үшін интеграцияланған сабақтар жұмыста ерекше қызығушылық тудырады. Өзімнің тәжірибемде мынандай сабақтар өткізілді:

- Жаратылыстану және қазақ тілі, 6-сынып «Мұхиттар» және «Астанадағы мұхитбақ»;

- Биология және қазақ әдебиеті, 6-сынып «Раушангүлділер тұқымдастығы» және М.Мақатевтың «Елім барда» өлеңі;

- Биология және қазақ тілі, 8-сынып «Қызыл кітап»;

- Биология мен химия, 8-сынып «Табиғи қышқылдар мен сілтілер».

Сабақ кезіндегі басты көмекшілер оқушылар болып табылады, өкінішке орай олардың жартысына жуығы "қауіптілер" тобына кіреді. Кез келген интеграция оң табысқа әкеледі, бірақ сабақтың негізгі нысаны болып табылатын және қалатын дәстүрлі сабақтар туралы ұмытпаған жөн. Дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақтарды салыстыра отырып, білімнің оқушыларға қалай берілетініне және өзара қарым-қатынас сипатына назар аудару қажет. Интеграцияланған сабақтар-бұл заманауи сабақтар, оларды өткізу кезінде мұғалім проблемалық, ізденушілік-шығармашылық және зерттеу әдісін қолданады, сондай-ақ сабақта өзара қарым-қатынас, серіктестік сипаты рөл атқарады. Интеграция-дәстүрлі пәндік білім негізінде жаңа түсініктер алу құралы. Ол оқушының эрудициясын дамытуға бағытталған. Бірақ интеграция оқытуды дәстүрлі пәндермен алмастырмауы тиіс, ол алған білімін бірыңғай жүйеге біріктіруі тиіс. Нәтижесінде оқытудың интеграциясы оқушыға жүйе ретінде әлемнің жекелеген бөліктерінің байланыстылығын көрсететін білім беруге, баланы оқытудың алғашқы қадамдарынан әлемді біртұтас ретінде көрсетуге үйретуге тиіс. Ұлы педагог Ян Амос Коменский: "Өзара байланыста тұрғандардың барлығы бірдей байланыста оқытылуы тиіс", - деп тегін атап көрсетпеген.

Менің ойымша, интеграцияланған сабақтар белгілі бір бақылауларды, оқушылардың түрлі пәндердегі қорытындыларын дәлелдейтін немесе тереңдететін жаңа фактілерді табу көзі болып табылады. Әр түрлі қызмет түрлеріне ауысу есебінен оқушылардың бойынан шаршағандық байқалмайды, сабақ барысында оқушылардың шамадан тыс жүктелуі төмендейді, оқушылардың алған ақпаратының аясын кеңейтеді. оқыту уәждемесін нығайтуды көздейді. Мен осы интеграция мәселелері бойынша әдебиеттерді зерделеп, жинақтап, осы мәселенің маңыздылығына және оның мектеп тәжірибесіндегі маңыздылығына көз жеткіздім.

Егер оқушының оқу еңбегі мен оқылатын материалға қызығушылығы болмаса, берік білімге қол жеткізу қиын. Оқушыларға белгілі бір білім беру ғана емес, олардың өздерінде қажетті ақпаратты іздеу, табу және пайдалану ниетін дамыту маңызды. Оқушылардың шығармашылық қызметі олардың күші мен қабілеттеріне байланысты. Шығармашылық қызметтің қажетті алғышарттары танымдық қызығушылық, білімді пайдалану, сындарлы қиял мен бастама болып табылады. Интеграцияланған сабақтардың нәтижелері оқушылардың бойында әртүрлі пәндерде оқылатын бірлік, тіл және сөйлеу мәдениеті, адамгершілік сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

Интеграцияны дұрыс пайдалана алмау жағымсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін. Сондықтан интеграция тек бірқатар жағдайларда ғана мүмкін екенін білу қажет:

-интеграцияланатын оқу пәндеріне сәйкес келетін ғылымдардың туыстығы;

-зерттеу объектісінің сәйкес келуі немесе жақын болуы;

-құрудың жалпы әдістері мен теориялық тұжырымдамаларының болуы. Сабақта өмір шынайы болуы керек, ал оны жасау - қазіргі мұғалімнің міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президенті – Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж 14 желтоқсан)

2. Республикалық ғылыми әдістемелік журнал: Педагогика мәселелері. №4, 2012ж

3. <https://adisteme.kz>

4. <https://ust.kz/>

Развитие функциональной грамотности учащихся через компетентностно-ориентированные задания

Саменова Л.Н., КГУ «ОШ №37» г.Караганды

Глобальные изменения в области образования происходят и в современном Казахстане. Государство выделяет большие средства для развития образования, повышения квалификации педагогов, внедрения информационно-коммуникационных технологий, совершенствования материально-технической базы. Это современные кабинеты химии, физики, биологии новой модификации, мультимедийные кабинеты, электронные подиумы, интерактивные доски, которые имеются в каждой школе с доступом в широкополосный интернет. Ребята, работая с ними в восторге, они как учёные создают свои препараты и с удовольствием занимаются. Глядя на них я вижу, как они заинтересованы и мотивированы к предмету.

Развитие функциональной грамотности на уроке – это условие развития компетентностей учащихся, важный момент адаптации к жизни. Предпосылкой развития компетенции личности является наличие определенного уровня функциональной грамотности.

Для учителя заниматься функциональной грамотностью означает:

- видеть проблему ученика, которая заключается в непонимании смысла текста, неумении его "прочитать";

- иметь представление о типологии заданий на разные уровни понимания текста;
- уметь отбирать материал для разработки таких заданий, уметь его адаптировать под разные учебные задачи;
- уметь создавать задания, направленные на развитие функциональной грамотности.

Процесс развития функциональной грамотности осуществляется на основе формирования навыков мышления средствами учебных дисциплин, исходя из предметных знаний, умений и навыков. Средствами формирования и развития навыков мышления являются компетенции, т.е. функциональная грамотность. Перед учителем стоит цель сделать урок, с одной стороны, содержательным и практическим, а с другой стороны, доступным и интересным.

Одним из способов формирования и оценивания ключевых компетенций является использование компетентностно-ориентированных заданий, которые позволяют существенно изменить организацию урока через создание специально организованной деятельности учащихся, создав тем самым условия и среду для самореализации и раскрытия творческих способностей учащихся.

Основа формирования компетентностей на уроках биологии – это целая деятельностная система обучения, идущая от развития сущностных сил учащихся. В ее основе лежит сотрудничество между учащимися и учителем. В основе обучения важны как личностные качества обучающихся, так и организация учебной деятельности, направленная на развитие компетентностей:

- Информационных
- Ценностно-смысловых
- Учебно-познавательных
- Когнитивных

Признаки компетентно-ориентированного задания:

- имитация жизненной ситуации;
- обучающий характер, адаптация к возрастному уровню учащихся;
- выход за рамки одной образовательной области;
- наличие заметно большего, по сравнению с обычными учебными задачами, набора данных, среди которых могут быть и лишнее;
- часть необходимых данных отсутствует; предполагается, что учащиеся должны самостоятельно найти их в справочной литературе.

Приведу примеры заданий ориентированных на развитие ключевых компетенций: познавательная компетентность, самообразовательная компетентность, компетентное отношение к собственному здоровью.

Пример задания №1

Однажды – в V веке до нашей эры – произошло событие, поразившее и напугавшее жителей древнего греческого города Абдеры. Один гражданин почтенных лет вышел прогуляться за город. Вдруг с неба на его голову упала

черепаша. Да так, что тот моментально расстался с жизнью. Необычное событие взбудоражило горожан. Они решили, что падение черепахи было божеским предупреждением абдеритам, погрязшим в грехах. Смущало одно: почему черепаха убила абдерита, за которым не было никаких грехов? Тогда решили, что ему пришлось нести кару за грехи предков. Все абдериты остались довольны этим объяснением и успокоились. Лишь один житель города не был согласен с таким мнением своих сограждан и высмеивал его. Это был Демокрит: философ Древней Греции.

Ответ (Загадочное убийство Демокрит объяснил так: некоторые орлы любят лакомиться черепашиным мясом. Но достать его из крепкого панциря не так просто. Для этого птица, схватив лапами черепаху, поднимается с ней высоко в воздух и, высмотрев скалу или камень, роняет на них свою добычу. От удара при падении панцирь ее разбивается, и орел, спустившись вниз, лакомится мясом. Случилось так, утверждал Демокрит, что орел, приняв блестящую на солнце голову гражданина почтенных лет за камень, бросил на него черепаху).

Пример задания №2

Солнце греет, помогает расслабиться, повышает настроение. Но если переборщить, то последствия будут плачевными, появятся невероятно болезненные ожоги. Ультрафиолетовые лучи сушат кожу, способствуют разрушению её клеток, регулирующих количество теплоты и причиняют повреждения маленьким кожным кровеносным капиллярам. Возникают покраснения, болезненность. Появляются все те признаки, которые мы называем понятием – солнечный ожог.

Человеку, получившему солнечные ожоги, необходима первая медицинская помощь. Внимательно прочитай предложенные способы первой помощи при солнечном ожоге. Выбери номера правильных действий. Обоснуй свой выбор.

1. Обожжённую поверхность смазать увлажняющим кремом (кефиром, простоквашей).
2. Приложить к месту ожога холодные примочки.
3. Если есть возможность, примите холодный душ или ванну.
4. Здоровую кожу вокруг ожога обработать раствором спирта или йода.
5. Наложить на обожженную поверхность стерильную повязку.
6. Защитить кожу от воздействия источника ожога.
7. Дать потерпевшему как можно больше минеральной воды.
8. Напоить горячим чаем и уложить в постель.

Пример задания №3

На приём к врачу пришёл молодой офицер, стройный, безукоризненно опрятный и подтянутый. Лицо офицера было покрыто многочисленными гнойничками.

Врач посмотрел внимательно на офицера и спросил:

- Кто были Ваши предки?
- Я потомственный моряк, - с гордостью ответил посетитель.

- Смените рубашки с воротом на один размер больше, - спокойно сказал врач.

- Доктор, на Вас последняя надежда, чего только не перепробовал, а прыщи не уходят.

Офицер, не ожидавший такого невнимания и недооценки своей беды, сухо поблагодарил и в явном разочаровании поспешно вышел. Прошло несколько месяцев.

Как-то на улице к врачу подошёл подтянутый, стройный, красивый молодой офицер и спросил:

- Доктор, вы меня помните? Вы мне посоветовали носить рубашки с большим воротником и я, прямо-таки в бешенстве, ушёл с приёма. Слава Богу, что я последовал совету: Вы видите - у меня теперь нормальная кожа на лице. Я вам благодарен. Скажите, как вы смогли понять, в чём причина моей болезни?

- Голубчик, ответил старый врач, я рад за Вас. А объяснение болезни подсказали Вы сами, сказав, что вы потомственный военный. Ваша подтянутость, туго застёгнутый ворот бросались в глаза и для меня означали, что ваши яремные вены хронически пережаты, кровоснабжение кожи затруднено. Отсюда всё остальное.... Если узнать о строении кровеносных сосудов, движении крови по сосудам, (АД), то можно понять, почему внешний вид является показателем здоровья.

Использование компетентностно - ориентированных заданий позволяет активизировать самостоятельную учебную деятельность школьника, развивает способности и помогает решать в повседневной жизни проблемы, успешно реализовать себя, где востребованными и успешными становятся люди, способные мыслить и действовать самостоятельно.

Список литературы:

1. Компетентностно-ориентированные задания на уроках как средство развития функциональной грамотности учащихся info@infourok.ru

2. Нуркина Е.А. «Компетентностно-ориентированное обучение на уроках истории и географии», 2013 г.

3. Сборник «Компетентностно-ориентированные задания по биологии и химии», 2014г. Составители: Саменова Л.Н., Буксман Т.В., Полтавец Ж.Г., Туйсина Т.М. и др.

Организация летней школы - один из этапов предпрофильной и профильной подготовки учащихся гимназии

Туйсина Т.М., Касимова Б.С., КГУ «Гимназия №38»

Старшая ступень общеобразовательной средней школы, занимая ключевое место в современном образовании, во многом определяет возможности образования и качество профессиональной деятельности молодых людей, представляет собой особое образовательное пространство, в рамках которого происходит социальное, профессиональное и гражданское самоопределение личности. От того, с каких гражданских и нравственных позиций молодой человек совершает свой образовательный и профессиональный выбор, зависит получение обществом квалифицированного специалиста-профессионала.

В «Концепции профильного обучения» обозначено: «Реализация идеи профильности старшей ступени ставит выпускника основной ступени перед необходимостью совершения ответственного выбора - предварительного самоопределения в отношении профилирующего направления собственной деятельности» [1, с.4].

Эффективность обучения в современной школе во многом определяется широким применением разнообразных форм и методов урочной и внеурочной работы [2].

Работая в команде творческой группы учителей нашей гимназии в проекте темы: **«Реализация профильного обучения в старшей школе на основе профессиональных интересов учащихся»** мы ставим следующие основные задачи, связанные с продолжением данного направления профильного обучения в летний период, осуществляя цикличность в обучении:

- обеспечение углубленного изучения отдельных предметов программы ГОСО;
- создание условий для существенной дифференциации содержания обучения учащихся с широкими и гибкими возможностями, создание для обучающихся индивидуальных образовательных программ;
- установление равного доступа к полноценному образованию разных категорий гимназистов в соответствии с их способностями, индивидуальными склонностями и потребностями;
- расширение возможности социализации учащихся, через обеспечение преемственности между общим и профессиональным образованием, более эффективной подготовки гимназистов к усвоению программ ГОСО.

Для реализации данных задач, с целью обеспечения преемственности между теоретическими и практическими знаниями, мы решили создать с 2018-2019 учебного года для учащихся, выбравших профиль естественных наук, летнюю химико-биологическую школу. Авторами идеи и создания программы летней химико-биологической школы **«Покорим естественные науки»** являются Касымова Б.С., Туйсина Т.М.

Занятия летней школы предусматривают:

- использование разнообразных наглядных материалов – видеофильмов, слайдовых презентаций, анимации, фотоизображений, таблиц и схем в цифровом формате, которые сопровождают теоретический материал и способствуют своевременному закреплению знаний;

- использование теоретического материала в бумажной и в электронной форме, который соответствует кодификатору элементов содержания контрольно-измерительных материалов, что позволяет при планировании занятий включать элементы самостоятельности;

- применение комплектов тестовых материалов и заданий, составленных по контрольно-измерительным материалам по химии и биологии 5+ЕНТ 2018-2019;

- дифференцированный подход к выпускникам 8, 9, 10 классов при подготовке к ЕНТ, конкурсам, олимпиадам, с учетом уровня их обученности, за счет повторения разделов химии и биологии на базовом уровне.

Прилагаемые к программе задания систематизированы по разделам, темам и типам, что позволяет эффективно контролировать степень усвоения как отдельных тем, так и всего курса в целом. Достаточно большое количество дифференцированных заданий способствует углублению знаний и расширению кругозора в области естественных наук. Программа может быть применена при подготовке к ВОУД, ЕНТ, на предпрофильном уровне обучения, при подготовке к олимпиадам разного уровня, что делает ее универсальной.

Эффективность обучения во многом определяется широким применением разнообразных форм и методов урочной и внеурочной работы. Преобладающими методами в работе летней школы являются: проблемный, исследовательский поиск. Современный урок невозможен без применения ИК-технологий, когда учащиеся, используя интерактивные ресурсы, оформляют исследовательские работы, делают презентации, создают видеоматериалы. Ресурсом работы учителя летней школы является проведение занятий в виде пресс-конференций, работа в группах, парах, семинары. Именно они помогают учащимся обсуждать проблемные вопросы, где в споре гимназисты отстаивают свои позиции, учатся аргументированно формулировать свои доказательства. Лабораторные и практические занятия – важная форма, которая связывает теорию с практикой дисциплин. В планирование работы школы включается лабораторный практикум, позволяющий вести визуальные наблюдения за флорой и фауной в естественной среде, что дает учащимся возможность знакомства с биологическими объектами и химическими явлениями в окружающем мире, актуализируют теоретические знания, делая их более понятными для ребят. Поэтому, в программу работы летней школы были включены занятия летней полевой практики, предусматривающие сбор коллекционного материала, видового разнообразия флоры и фауны местности, проведение опытов, наблюдений, экспресс-анализов. Каждый день работы нашей школы отражался в видео и фотоматериалах, фрагменты отдельных занятий мы включили в нашу статью (Приложение 1)

Список литературы:

1. Концепция предпрофильной подготовки учащихся и профильного обучения старшекласников. Астана, 2012 г

2. Организация учебно-познавательной деятельности учащихся в процессе изучения раздела «Человек и его здоровье». Собакина Т.Г., кандидат педагогических наук, Москва, 2018г.

Мұғалімнің функционалды сауаттылығы-оқушының функционалды сауаттылығын дамытудың негізі

Алиева А.М., «М.Жұмабаев атындағы №39 гимназия» КММ

Қазіргі кез құбылмалы әлемде функционалды сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға. Еліміз үшін маңызды болып табылатын стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалды дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Сол себептен жас ұрпақты үлкен өмірге тәрбиелейтін ұстаздардың міндеті ауыр. Яғни ұстаздар сабақ беру барысында оқушыға берілетін тапсырмаларды оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, ойлау қабілетін шыңдайтындай, алған білімін болашақ өмірде қолдана алатындай етіп ұйымдастыруы керек.

Функционалды сауаттылықты дамыту аясында биология пәндерінің мазмұны төмендегідей біліктілікті қамтамасыз етуі тиіс:

- оқушылардың биологиялық сауаттылығын қалыптастыру;
- биология мазмұнының басқа ғылымдармен интеграциясы негізінде заттардың, тірі ағзалардың, қоршаған ортаның бірлестігі және өзара қарым-қатынасы туралы әлемдік көзқарас қалыптастыру;
- қоғамның материалдық, интеллектуалдық және мәдени тұрғысының қайта қалыптасуында биология және биотехнологияның рөлдері туралы тұтастай көзқарасты қалыптастыру;
- ғылымның және техниканың қазіргі ашылуларымен биология бойынша бастапқы білімдерінің өзара логикалық байланысын жүзеге асыру;

Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен тәжірибені тығыз байланыстыруы олардың пәнге деген ынтасын арттырады. Оқушылардың білімге ынтасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына, білім сапасының жоғарылауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді. Білім берудің құрылысын оқушылар мұғалім берген мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және

оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушы болуы тиіс. Оқушылардың білімге ықыласын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолы-сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану болып табылады.

Осы орайда мен өзім сабақтарымда жиі қолданатын әдіс-тәсілдермен бөлісе кетейін: «Таза тақта», «Алдын – ала берілген атаулар», «Ойлан, жұптас, талқыла», «Модельдеу», «ДЖИГСО».

Осы әдістер негізінде қоғамдық–гуманитарлық бағыттағы 10–сыныпта «Липидтердің құрылымдық компоненттері. Майлардың химиялық құрылысы мен қызметтері» тақырыбында өткен сабағымда сабақ мақсатына жетуге бағытталып дайындаған тапсырмаларыммен бөлісе кетейін. Сабақ барысында «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі бойынша оқушыларға екі түрлі тапсырма бердім.

1-тапсырма: Әр топқа әр түрлі сұрақтар жазылған үлестірімелер тараттым.

Мақсаты: Майлардың қызметтерін сипаттау мақсатында берілген үлестірімелердегі сұрақтарға ойланып, жұптасып, топта талқылау арқылы жауап беру.

1 топ: Жер бетінің ең суық және ең ыстық аймақтарында сол ортаға бейімделген жануарлар тіршілік етеді. Суықта тіршілік ететін жануарлар не себепті аяздан үсіп кетпейді немесе ыстық аймақтағы жануарлар денесі ыстықтан қызып кетпейді?

2 топ: Аққу, үйрек т.б. су құстары суда жүзгенде не себепті суға батпайды? Олардың қауырсындары неге су болмайды?

3 топ: Түйе 1 айға дейін су іздемей жүре алады, ал аюлар қыс бойына ұйқыда болады. Бірақ олар осы уақытта тіршілігін тоқтатпайды. Себебі неде?

4 топ: Үнемі майсыз тағаммен қоректену адам ағзасының қай бөлігіне зиянды деп ойлайсыз және неліктен?

Дескриптор:

- Майлардың жылу сақтау қызметін біледі.
- Майлардың су жұқтырмау қызметін айтады
- Майлардың энергия және су қоры екенін біледі
- Майлардың жүйке жасушаларында электроқшаулағыш қызмет атқаратынын айтады

Сұрақтар жеңіл болғандықтан, сынып оқушылары түгелдей жауап бере алды.

2-тапсырма:

Майлардың қасиеті мен құрылысын анықтауға арналған тәжірибе жасау.

Мақсаты: Тәжірибені орындай отырып, ойланып, жұптасып, талқылау арқылы майлардың құрылысын сипаттау.

1 топқа өсімдік майы, су, спирт

2 топқа өсімдік майы су, бензин

3 топқа өсімдік майы, су, ацетон

4 топқа өсімдік майы, су, керосин беріледі.

Әр топ оқушылары алдарындағы екі ыдыстағы сұйықтықтарға өсімдік майын құя отырып, көрген қоспалары бойынша топпен ақылдасып, өз ойларын ортаға салады.


Дескриптор:

- Майлардың су және басқа да түрлі сұйықтықтарға байланысты ерігіштік қасиетін сипаттайды
- Майлар мен липидтердің ерігіштік қасиеттеріне байланысты химиялық құрылыстарын талқылайды

Тапсырма күрделілігі орташа деңгейде болғандықтан, көпшілік оқушылар орындаған тәжірибелері бойынша қорытынды шығарып, ойларын ортаға сала алды. Кейбір оқушылар тәжірибе нәтижесін түсіндіре алмады.

3-тапсырма «Венн диаграммасы» әдісі бойынша берілді.

Мақсаты: Майлар мен липидтердің химиялық құрамы, қасиеттері мен қызметтерін салыстыру




Дескриптор:

- Майлардың химиялық құрылысы, өзіне тән қасиеттері мен қызметтерін жазады
- Липидтердің химиялық құрылысы, өзіне тән қасиеттері мен қызметтерін жазады
- Майлар мен липидтердің құрылысы мен қасиеттері және қызметіндегі ұқсастықтарын табады

Тапсырма сыни тұрғыда ойланып, салыстырып, пайымдауды қажет ететіндіктен, кейбір оқушылар ғана тапсырманы толық орындады.

Тапсырмаларды оқушылардың орындау деңгейінің мониторингі



Осы әдістер арқылы мен өз сабағымда мақсатыма толық жете алдым ба, қандай әдіс-тәсілдер мақсатыма жету жолымда тиімді болды, қайсысы тиімсіз болды деген сияқты өзімнің сабағымға сараптама жасап, қорытынды шығарып отырамын.

Қорыта келгенде, функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе

алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне бару жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.«Биология және сауаттылық негізі» 2018 жыл.№ 4
2. Е.Иманғалиев. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы». № 9 (69) 2012 жыл.6-9 бет.
3. Н.Назарбаев. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. «Егемен Қазақстан» газеті. 10 шілде.2012.

Химия пәнін меңгертуде оқытудың белсенді әдістерін тиімді қолдану

М.Ж Жайназарова, «С.Саттаров атындағы №57 мектеп –лицейі» КММ

Қазіргі ғылым мен техниканың құлаштап дамыған кезеңінде, ақпарат ағымы жылдамдығының артуына орай дәстүрлі білім беру үрдісі өз құндылығынан айырылды. Сондықтан қазіргі кезеңде өзіне және өзгелерге, әртүрлі жағдаяттарға сыни тұрғыдан баға бере алатын, білімнің қажеттілігін саналы түрде ұғына алатын жаңа тұлға қалыптастыру қажеттілігі туындап отырғаны сөзсіз. Дайын білім беретін «дәстүрлі» стильмен оқытатын мұғалім сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамыған оқушыларды қалыптастырғысы келсе, өздерінің де сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жанашыл идеяларды қабылдауға дайын болуы керек. Сын тұрғысынан ойлау технологиясында да мұғалімнің ролі орасан зор, бірақ мұнда білім алушының өздігінен шығармашылық жұмыс жасауына мүкіндік туындайды. Осы орайда мұғалім сабаққа кәсіпкер бола отырып, сабақ кезеңдерін жоспарлау, оқушыларды бағалау әдістерін меңгеру қажет және сабақ барысында

оқушыларды ынталандыру, шектеу, көтермелеу тәсілдерін де білу қажет деп ойлаймын. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылар баламалық ойлар айтуға, әр жағдаятқа өз пікірін айтуға, қарсы пікір айтып дәлелдеуге бейімделе келіп өзінің ой ұшқырлығы мен сөздік қорын арттырады. Осы тұрғыда оқушыны жеке емес топтап, жұптап оқыту әдістері қолданылады. Жұмысты жұп немесе топ құрамында орындау барысында оқушылардың барлығы дерлік белсенділендіреді! [1] Мысалы, сыныпта және сыныптан тыс іс-шараларда топтап, жұптап оқыту барысында оқушылардың бойында мынадай қасиеттердің қалыптасуына мүмкіндік туындайды:

1. Жауапкершілік
2. Сенімділік
3. Белсенділік
4. Бір-біріне деген құрмет
5. Шыдамдылық, мейірімділік
6. Ұжымдық – қарым қатынас

Химияның ғылыми теориялары дәлелдеуді қажет ететіндіктен білім негізін көп жағдайда тәжірибемен ұштастыру - негізгі міндет болып саналады. Осы орайда оқушыларды тәжірибе жасауға баулу арқылы пәнге деген қызығушылығын арттырудың тағы бір мүмкіндігі туындайды. Сыныптан тыс шара - топтық сайыс немесе «Қызықты химиялық кеш» өткізу барысында оқушылар түрлі қызықты тәжірибелерді: «Жанбайтын орамал», «Шайда көгергіш нан», «Тиімді операция», «Отсыз жұмыртқа пісіру», «Жанартаудың атқылауы» тағы басқа да тәжірибелерді жасау арқылы заттармен жүретін құбылыстардың олардың қасиеттерімен тікелей байланысты болатынына оңай көз жеткізе алады. Мектебімізде химиялық кештер мен топтық сайыстар ұйымдастырылып тұрады, солардың бірі «XXI ғасыр химигі» атты сайыс. Енді қазіргі таңда кейбір тәжірибелерге қажетті реактивтер тапшы болған жағдайда және уақыт үнемдеу мақсатында виртуалдық тәжірибелердің өткізілуі де әбден мүмкін. Осы орайда, қазіргі заманғы оқытудың ең тиімді әдісі – ол компьютерлік технологияны пайдалану. Оның қатарына интернет технология, электрондық пошта, компьютерлік оқыту бағдарламалары, (E-learning), bilimland, бейнефильдер, презентация, және түрлі интеллектуалдық ойындар мен компьютерлік ойындар(kahoot, quizlet) жатады.


E-learning (ағылшын тілінен қысқартылған *Electronic Learning*)- электрондық оқыту жүйесі, электрондық оқыту, қашықтықтан оқыту, компьютердің көмегімен оқыту, желілік оқыту, виртуалды оқыту, ақпараттық, электрондық технологиялардың көмегімен оқыту деген термин сөздерінің синонимі. Ал ЮНЕСКО мамандарының берген анықтамасы бойынша E-learning - интернет және мультимедиа көмегімен оқыту.

Ерекше тоқтала кететіні, ол- «bilimland» цифрлық оқыту ресурсы. Неге? Себебі мұнда барлық пәндерден сабақ жүргізу барысында қажет болатын тақырыпқа сай қажетті ақпараттарды, яғни видеофильмдерді, цифрлық тапсырмалар мен тақырыптық тесттерді пайдалануға болады. Сонымен қатар тақырыпқа байланысты тапсырмалары бар таратпа қағаздарды шығарып алып

пайдалануға болады. Ақпараттық технологияның тағы бір жемісі - электрондық пошта арқылы кез-келген құжатты не басқа да мәліметті қажетті орынға көзді ашап-жұмғанша жеткізу қазіргі таңда ешқандай қиындық тудырмайтыны белгілі. Ендеше осы электрондық поштаны да білім беру мақсатында тиімді пайдалануға болатынына көз жеткіздік. Электрондық поштаға оқушылар үйден дайындаған шығармашылық презентацияларын, интернет желісінен алған видеофильмдерін, басқа да ақпараттарды салып сабақта өз жұмыстарын таныстыра алады.

Жан-жақты білімді, білікті тұлға тәрбиелеуде үштілді қатар меңгертудің де маңызы зор. Мысалы, үштілділік бағдарламасын негізге ала отырып, 8 сынып оқушыларына химия пәнінің негізгі түсініктері мен заңдарын ағылшын тілінде ойын ретінде өткізген тиімді.

“Young Chemist” атты интеллектуалдық ойынды топтар арасындағы сайыс ретінде өткізу арқылы пән бойынша негізгі түсініктер мен заңдарды оқушының ағылшын тілінде меңгеруіне жағдай жасауға болады. Ұяшықтардағы ұпай санының өсуіне қарай сұрақтың қиындық деңгейі де артып отыратыны белгілі.



Мұндай ойындарды оқушылардың өздеріне құрастырып келуді тапсыру олардың шығармашылық ізденісін арттырады. Ал «kahoot», «quizlet» ойындарының ерекшелігі ол - оқушылардың жеке және топ болып сайысқа түсуіне мүмкіндік туғызады және сонымен қатар ойын олардың эмоциональды көңіл күйіне оң әсерін тигізеді. Себебі «kahoot» ойыны барысында әр сұрақтың жауабының дұрыс не бұрыс берілгендігі туралы мәлімет жылдам, артынша көрсетілетіндіктен оқушы азарттық сезім арқылы білімге құштар болып отыранын өзі де сезбей қалады.

Компьютерлік технологиялардың өзі мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай қолданылуы мүмкін. Бірақ енді қазіргі таңда жаңа технологияны пайдаланбай білім алу мүмкіндігі жоқпен тең.

Қорыта айтқанда еліміздің әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алып, білім берудің жаңа жүйесі жасалып жатқан тұста[2] педагог сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден гөрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа белсенді әдіс-тәсілдерін пайдаланып, оқушыға білімді тек дайын күйінде емес, сол білімді алудың жолдарын үйрету арқылы оның дағдысын қалыптастыруға бағыттаған жөн. Ал дағдысы қалыптасқан баланың өз-өзіне сенімділігі артады және кез-келген уақытта, түрлі жағдайларда тығырықтан шығатын жол таба алатыны сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Асхат Әлімов «Интербелсенді әдістемені ЖОО –да қолдану мәселелері» оқу құралы, Алматы -2013ж,135 бет
2. «Химик анықтамалығы» №3(59)-2017мамыр-маусым, 15 бет

Жалпы білім беру мекемелеріндегі балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы

Аймуханбетова А.Б., «58 ЖББОМ» КММ

Мектептегі 9-11 жыл, оның қарқынды даму кезеңіндегі баланың белсенді қызмет ететін орны болып табылады. ҚР "Білім туралы" Заңына сәйкес білім алушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға кепілдік беретін жағдай жасауы тиіс. Алайда, жалпы білім беретін мектептің реформасына байланысты, әсіресе соңғы жылдары білім беру жүйесін саралау қарқынды жүріп жатыр: оқу орындарының жаңа түрлері пайда болды, оқу бағдарламалары нығаюда, оқу жүктемелері ұлғаюда және "сау емес мектеп ғимаратының синдромы" сомасында оқушылар денсаулығының нашарлауы үшін алғышарттар жасалуда. Жасөспірімдік кезең физиологиялық ерекшеліктерге байланысты патологияның дамуының "қауіп" жасы болып табылатындығын ескеру қажет. Келтірілген деректер осы патологияға байланысты факторларыдың себептерін зерттеу және мониторингі бойынша зерттеулердің өзектілігін анықтайды. Зерттеудің мақсаты - білім беру ортасын кешенді гигиеналық бағалау және "мектеп аурулары" деп аталатын бірқатар патология бойынша оқушылардың денсаулық жағдайына қауіп факторларының әсерін зерттеу[2].

Қазіргі оқушылардың денсаулығын зерттеу - жан-жақты ғылыми талдауды және оны талқылауға мүдделі барлық мамандардың белсенді қатысуын талап ететін өзекті мәселе. Оқушының денсаулығына кері әсер ететін Қазақстанның қазіргі дағдарысты әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескере отырып, әлеуметтік жұмыс бойынша мамандардың қатысуымен мектептерде профилактикалық және насихаттау бағытын белсенді әзірлеу және іске асыру қажет. Оқушылардың денсаулығын тек білім беру жүйесінен тыс шешілетін таза медициналық мәселе болып табылатын патологиялардың болуы немесе болмауы ретінде қарастыруға болмайды. Шаршау, оқушының жалпы физикалық дамуы - бұл оның танымдық белсенділігі мен оқуға қабілеттілігі тікелей байланысты факторлар, бұл да ресурс ретінде денсаулықты құраушы. Әдетте, мектептің оқытушылар құрамы оқушылардың денсаулық проблемаларына алаңдамайды, керісінше, оқушыларды ауру бойынша сабақтан босатқаны үшін жазалайды. Алайда, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты оқытушылардың түсінуі (немесе түсінбеуі) қазіргі уақытта олардың денсаулығына жете бағаланбаған әсер ете алады.

Сәйкесінше, оқушылардың денсаулығы-медициналық, педагогикалық ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мәселе, себебі бұл болашақ мамандар мен болашақ ата-аналар. Оқушылардың денсаулығын нығайту, олардың жұмысқа қабілеттілігін арттыру-жоғары білікті кадрларды даярлаудың басты міндеттерінің бірі, өйткені оқушылардың денсаулығын кәсіби құзыреттілікпен қатар, даярлау сапасының көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастыру керек [3].

Қазіргі жағдайда оқу материалының көлемі мен сабақ санының көбеюінен оқу процесінің тұрақты қарқындылығы байқалады. Соның салдарынан дені сау балалар санының төмендеуіне алып келетін мектеп жүктемелерінің үлкен шаршағандығы мен үлкен физиологиялық белгілері пайда болады. Мектеп онтогенезінің ең қолайсыз кезеңі сырқаттанушылық өсімінің айтарлықтай қарқынымен ілесе жүретін бірінші сыныпта, орта сыныптарда және 10–11-сыныптарда оқу кезеңі болып табылады. Бұл оқушылардың оқытудың жаңа сатысына бейімделуі кезеңіне байланысты.

Оқу ақпаратының өсіп келе жатқан көлемі мен оқу процесінің қарқындылығы салдарынан балалардың шамадан тыс жүктелуі мектеп оқушыларының денсаулығының нашарлауының анықтаушы факторы болып танылады. Алайда, оқушыларды шамадан тыс жүктемеден қорғау проблемасының өзектілігі туралы айта келе, ғалымдар бұл күрделі құбылыстың бірсандық жағына баса назар аударады. Осылайша, оқушылардың денсаулығы қолайсыздығының басты факторы:

- білім алушылардың функционалдық - жас мүмкіндіктеріне оқу бағдарламалары көлемінің, олардың ақпараттық толықтығының сәйкессіздігі;
- ұйым жүйесінің стрессогенділігі мұғалімдердің көп санымен өткізілетін білім беру процесі мен көптеген пәндер;
- жоғары сынып оқушыларының көпшілігінің жоғары оқу орындары жанындағы дайындық курстарында немесе репетиторлармен қосымша айналысуға мәжбүр болуы [5].

Мамандардың назарын "жаңа үлгідегі мектептерде" – гимназияларда, лицейлерде, жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептерде, сондай-ақ жоғары лауазымды мектептің сыныптарында "дамыта оқыту" жүйесі бойынша оқитын оқушылардың оқу жүктемесінің "сандық" факторына аударды. Бұл жерде "оқушылардың денсаулығына қолайсыз жағдай" – жүйке-психикалық бұзылыстардың айқын байқалуы, иммундық және гормоналды дисфункциялармен қоса жүретін шаршағыштық, ауруларға төзімділіктің төмендігі байқалады. Әлбетте, бұл барлық мәліметтер мен қорытындылар ерекше назар аударуға тұрарлық. Бірақ проблеманың "сандық" жағына баса назар аударатын болсақ, біздің ойымызша, аса маңызды – "сапалы құрамдауыш". Денсаулық сақтау мәселелеріндегі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің төмен деңгейі оқушылардың дене және психикалық денсаулығына белгілі бір зиян келтіруі мүмкін. Білім беру процесінің режиміне қойылатын гигиеналық талаптарды педагогтардан білмеу немесе елемей оқушылардың ауру болуына себеп болуы мүмкін және жиі себеп

болады: олар тек шаршағандықты ғана емес, сонымен қатар көру мүшелерінің, жүйке жүйесінің және т.б. ауруларын туды.

- Сабақта бақылау жұмыстарын жүргізудің орындылығы туралы;
- Оқушылардың шаршауының, дене бітуінің және көруінің бұзылуының алдын алу мақсатында барлық сыныптарда сабақтарда дене шынықтыру сабақтары мен көзге арналған гимнастика өткізудің орындалуы туралы;
- Білім алушылардың оқу іс-әрекетінің әр түрлі түрлерінің орташа үздіксіз ұзақтығы туралы (қағаз тасымалдаушыдан оқу, жазу, тыңдау, сұрау және т. б.) және техникалық оқыту құралдарын пайдалану, сондай-ақ көзге дәптерге немесе кітаптарға дейінгі оңтайлы қашықтық туралы;
- Үй тапсырмаларының ең көп көлемі туралы (астрономиялық сағаттарда орындауға кететін уақыт шығындары: 2-3 сыныптарда – 1,5 сағаттан, 4-5 сыныптарда – 2 сағаттан, 6-8 сыныптарда – 2,5 сағаттан, 9-11 сыныптарда – 3,5 сағаттан аспауы тиіс. Өкінішке орай, оқушының денсаулығына келтірілген зиян мөлшерін және оның мұғалімнің іс – әрекетіне тікелей тәуелділігін анықтау өте қиын және әрқашан мүмкін емес. Бүгінгі Қазақстан үшін жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда педагогикалық күш-жігер білім беру қызметтеріне әлеуметтік тапсырыспен қарама-қайшы келеді. Жаңа әлеуметтік стандарттар мен құндылықтарға бағытталған (конкурентабельділік, табыстылық, статустылық және т.б.) оқушылардың ата-аналарынан шығатын бұл "тапсырыс" көбінесе білім беру мазмұнын физикалық зиянына қарай зияткерлік дамуға бағыттап қана қоймай, педагогтерден оқу жүктемесінің артуын талап етеді. Ол олардың деңгейін қалаған нәтижені алумен тікелей байланыстырады. Мұғалімдердің оқыту процесін стандартты емес етіп жасауға, оны өзін-өзі дамытуға және оқушылардың өзін-өзі билеуіне ҰБТ-ға апару талпыныстары нашар, әдетте, әлеуметтік тапсырыспен қарама-қайшы, ата-аналар тарапынан да, мектеп әкімшілігі тарапынан да, ең алдымен, есептік көрсеткіштерді жақсартуға және онымен байланысты мектеп табыстылығының рейтингін жақсартуға мүдделі.

Әсер ететін қауіп оқушыларды денсаулық сақтау мәселесінде бастысы мұғалім мен әкімшінің позициясы емес, бұл әлеуметтік тапсырыс және білім сапасын бағалау критерийлері болып табылатындығымен байланысты. Олар: мектепті тек қана оқушылардың оқудағы "табыстылығын" растайтын және оның денсаулық жағдайын елемейтін нәтижелерге қол жеткізуге бағыттайды. Осы мәселені тиімді шешу білім беру жүйесі мектептегі білім беру сапасына қойылатын талаптар мен денсаулық сақтау компонентін елеусіз деңгейде ескеретін талаптар мен денсаулық сақтау мектеп ортасын ұйымдастыруға қойылатын заңды талаптары арасындағы қарама-қайшылықты еңсермей, оның вариативтілігін (бейімділігін, тереңдігін және т.б.) ескермейтін және осыған байланысты білім алушылар контингентінің әртүрлі деңгейлілігін ескермеу мүмкін емес. Оларды кейіннен сол немесе басқаларды, керісінше, сол және басқаларды бір мезгілде өзгертумен келісу қажеттілігі- бұл перспективалы болып табылатын жол. Егер көрсетілген қарама-қайшылық шешілген жағдайда, іс жүзінде жүзеге асырылатын жалпы білім беру жүйесінде ата-

аналардың, педагогтардың, мектеп әкімшілігінің, білім беруді басқару мүшелерінің негізгі оқу көрсеткіштері бойынша мектептің табысты болуы шартымен "үнсіз келісуімен" көрінетін денсаулық сақтау қызметінің имитациясы қаупі болады. Осы іс жүзін міндетті түрде іске асырудың басты теріс салдары тек жағдайды бақылаусыз және басқарылмауда ғана емес, ең бастысы– мектеп оқушыларының денсаулық жағдайының нашарлауында көрініс табуы мүмкін. Осылайша, мектептегі нақты функционалдық ауытқулар мен созылмалы аурулардың таралуының өсуі туралы қорытынды жасауға болады. Бұл ретте мекеменің мәртебесіне қарамастан (гимназия т.б. пәндерді тереңдетіп оқытатын білім беру мекемесі немесе дәстүрлі жалпы білім беру мектебі) онда мамандандырылған валеологиялық қызметтің болуына, өз оқушыларының денсаулық жағдайы бойынша мекемелердің бір-бірінен шамалы айырмашылығы бар екенін атап өткен жөн. Мысалы, қалалық гимназияда үш жылдан астам уақыт бойы қалыпты дене бітімі дамыған оқушылар пайызы қала бойынша орташа көрсеткіштерден төмен. ХХІ ғасырда бүкіл жер бетіндегі халықтың денсаулық жағдайының жағымсыз үрдістері ерекше байқалып отыр. Бүгінгі таңда халықтың денсаулығы бірқатар факторлардың әсеріне байланысты екені ғылыми дәлелденген – экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, экологиялық, табиғи-климаттық және т.б. Бұл ретте олардың әрқайсысының қоғамдық денсаулықтары әр түрлі. Көптеген зерттеулер халықтың, оның ішінде балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайын, өмір салты факторларымен анықталады [4].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әбілқәрім Х. Спирометриялық диагностика. – Алматы: Медицина: 2010. – Б.74-77.
2. Берсенева А.Т. Оценка возможностей организма и риск развития заболеваний. – М.: Медицина, 2009. – С. 201-205.
3. Бородкина Г.В. Медико-психологическое обеспечение учебного процесса.- М.: Медицина, – 2009. – С. 117-129.
4. Демеуов Ж.Д., Байназарова Б.Я., Алиакбарова З.М., Бекетаев А.М. Мектепке дейінгі балалардың анатомиясы, физиологиясы, гигиенасы. - Алматы: Медицина, 2012. - Б.74-85.
5. Исмагулова Ф.А. Анатомия, физиология және гигиенаның кейбір мәселелері. Алматы. 2006. – Б.231-240.

Химия сабағындағы мұғалім іс-әрекетінің шеберлігі

Уралбаева К. Р., химия пәні мұғалімі, «№61 ЖББОМ»

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында химия сабақтарындағы тұлғалық-бағытталған оқыту. Мұғалімнің шеберлігі - тек қана мұғалімнің жан-жақты және әдістемелік сауаттылығына ғана емес, ол - әр сөзін білім алушыларға жеткізе білу және олардың толық қабылдай алуы болып саналады. Шеберліктің негізі - балалардың өз еркімен дамуына және дарынды тани отырып, оны дамытуға жол аша білетін, оқу-тәрбие процесінде білім алушылармен педагогикалық ынтымақтастықтар орната алу, жұмысты атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру болып табылады.

Қазіргі заман талабында мұғалім тек өз пәнінің терең білгірі болып қоймай, рухани бай, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік пен ақпараттық сауаттылықты ұдайы талап етілуде, яғни педагог –өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті пәнін терең меңгерген маман.

Шығармашыл мұғалімнің ерекше қасиеті – педагогикалық тапқырлық. Сабақ мұғалім мен білім алушының арасындағы жұмыстың маңызды түрі десек, мұғалімнің ізденісі, білімі, біліктілігі, әдістемесі, шығармашылық шеберлігі осы сабақта көрініс табатыны айдан анық. К.Д.Ушинский былай дейді: «Өз сабағына барлық оқушыларды тарта білуі, белсенділігі мен шығармашылығын оята білуі – мұғалімнің көрсеткіші». Сондықтан мұғалім оқытудың неғұрлым тиімді жолдарын іздестірсе, білім алушы соғырлым тез дамиды, білімді тез меңгереді, шығармашылыққа үйренеді, сабақ санасы артады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша өзімнің сабақтарымда білім алушылардың қабілеттеріне, білім деңгейіне, ынтымаққа қарай топтап, өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, қорытынды жасауға машықтандырамын, білім алушының ақыл-ойын дамытып, өзіндік дүниетанымын қалыптастырамын, сабаққа ынтымақ арттырып, тапсырманы орындау барысында жіберілген кемшіліктерді уақытында анықтап, жеткен жетістігі үшін марапаттап, мадақтап,яғни қалыптастырушы бағалау жүргізе отырып, үнемі кері байланыс беріп отырамын.

7 сыныптарда «Металдар мен бейметалдардың жануы»

тақырыбында қолданған әдіс – тәсілдер және білім алушыларға берген тапсырмалар мен дескрипторларымды ұсынбақшымын:

(ЖЖ) 1 тапсырма: Берілген теңдеулерді толықтыр:



Мыс + ... = мыс оксиді;



Күкірт + оттек = ...



... + темір = темір оксид



... + ... = фосфор


оксид

Дескриптор Білім алушы

- тапсырманы дәптерге жазады;
- көп нүктенің орнына тиісті зат атауын жазады.

ҚБ: «Жұлдызшалар» арқылы бағаланады.

(ТЖ) 2 тапсырма: «Модельдеу» әдісі. Қарағанды облысы аймағының кен орындарын шартты белгілері бойынша картаға орналастыр:



БК-2 Дескриптор Білім алушы

Картамен жұмыс жасайды.

- Шартты белгілерді ажыратады;
- Шартты белгілері бойынша кен орындарын картаға орналастырады.

Сабақтың барлық кезеңдерінде ынталандыратын, ішкі уәжін тудыратын, қалай жұмыс істегені және оқу мазмұмын қандай дәрежеде игергенін көрсететін қалыптастырушы бағалаудың әдістерін: ауызша мадақтау, бірін-бірі бағалау, өзін-өзі бағалау «Бас бармақ», «Мадақтау» арқылы ұйымдастырамын. Сонымен қатар **«Қазақстанның пайдалы қазбалары»** тақырыбында жаңа сабақты (ЖЖ, Ж, Т) **«Ойлан, жұптас, бөліс»** стратегиясын қолдана отырып, 3 топта отырған білім алушыларға тақырыпшалар беріледі. Мәтін бойынша алған ақпараттарымен алмасады. Әр топ өздеріне берілген тапсырмаларды постер арқылы қорғауда тақырыптың мағынасының ашылуына, шығармашылығына, түйінді идеясының болуына және өмірмен байланыстылығына мән береді.

ҚБ. «Екі жұлдыз бір тілек» топтар тірін-бірі бағалайды.

Бағалау критерийі:

1.Қазақстанның минералды және табиғи ресурстарының кен орындарын анықтайды;

1 тапсырма:

(Ж) «Визуалды айғақтар» әдісі бойынша Қазақстандағы кен орындарды картадан көрсетіндер?



Дескриптор Білім алушы

-Қазақстанның картасынан минералды және табиғи ресурстардың шартты белгілерін табады;

- кен орындарды картадан көрсетеді.

Бағалау критерийі:

2. Пайдалы қазбаларды ажыратады

2 тапсырма:

«Айқыштар мен нөлдер» ойыны арқылы шикізат пен алынатын өнімдер бойынша кестедегі бос орындарды толтыру:

| Шикізаттың атауы | Өнімдер |
|------------------|---------|
| мұнай | |
| | қола |
| мыс | |
| | ұшақ |
| газ | |

Дескриптор Білім алушы

-пайдалы қазбалардың өнімдерін біледі;

3 тапсырма:

«Вен диаграммасы» әдісі арқылы Мұнай мен газ кенін салыстыра отырып жауаптарыңызды тұжырымдаңдар.



Дескриптор : Білім алушы

- бір-бірінің айырмашылығын ажыратады

- ұқсастығын салыстырады;

- жауаптарын дәлелдейді.

Мұндай сабақтардың нәтижесінде сабақта саналы білім қалыптасады, оқушылардың шығармашылық қасиеттері артады, бос отырған оқушы болмай, мұғалім мен білім алушының арасында ізгілік қарым-қатынас орнайды, топ алдында сөйлеп, өз ойын еркін айтуға және дәлелдеуге тақырыпты талдауға үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Білім шыңы - ғылым сыры» республикалық ғылыми-әдістемелік, танымдық журнал №8, жыл.

2. Бұзаубақова Қ. «Жаңа педагогикалық технологиялар», Тараз - 2003 жыл.

3. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал «Химия мектепте» №5, 2016 ж.

Білім алушыларды критериалды бағалаудың заманауи жүйесі: жаңа тәсілдер, жаңа шешімдер

Рахметолла С. Қ., Рахимжанова А. Ж., «Ә. Бөкейхан атындағы №76 ЖББОМ» КММ

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі — әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар — шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең ілімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі таңда оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау — оқу үдерісінің маңызды, салмақты бөлігі болып табылады. Сол себептен зерттеу іс-әрекеттерін кеңінен қолданып, оқушылардың жетістіктерін бүгінгі күннің талабына сай жаңаша бағалау жүйесі қажет етіледі. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Себебі, дәстүрлі бағалау жүйесінде оқушы жауап бергені үшін ғана бағаланып келген болатын. Сол кезде оқушы қаншалықты әділ баға алғанына күмәнмен қарауы мүмкін. Бұл жағдайда білім алуға деген қызығушылықты жоғарылатуға мүмкіндік жасайтын бағалаудың нақты критерийлері, мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс жағдайлары болмады [1].

Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:

- Мектепте оқыту сапасын жоғарлату;
- Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;
- Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;
- Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;
- Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға;
- Әртүрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге;
- Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;
- Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге жағдай жасау. [2]


Ал, бағалаудың жаңа әдісінде оқушы бағаны қандай критерийлер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай критерийлерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесі мен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Себебі; «Бағалау» терминінің өзі «жақын отыру» дегенді білдіреді. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолданаалады. Біріншіден, оқушының қызығушылығы артады, екіншіден, мұғалімнің жұмысында жеңілдейді (оқушылар бірін — бірі бағалау, топпен бағалау, топты бағалау әдістерін қолданғанда).

Қалыптастырушы бағалау оқушылардың қай кезеңде, қай бағытта екенін анықтау және оданда зор жетістікке қалай жету керектігін жоспарлау үшін қолданылады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті сабақта үлкен рөл атқарады, себебі күнделікті оқу жетістіктері мен кері байланыс оқушыларға өз оқуы туралы қорытынды жасауға және нәтижені жақсарту үшін керекті шешім қабылдауға ықпал етеді. Қалыптастырушы бағалау оқушының әр сабақтағы іс — әрекетін бағалайды. Бұл жерде оқушының сабақтағы белсенділігі, еркін өз ойын білдіруі, сыныптастарына көмектесуі, бірлесіп жұмыс жасауы және т.б.жатады. Қалыптастырушы бағалау баға қою мен жүзеге асырылмайды. Мақтау, мадақтау, жылы шырай таныту, қолдау көрсету, ынталандыру қалыптастырушы бағалаудың түрлері болып табылады.

✚ Микроконтроллер (Arduino) кросс-платформасы – Arduino бағдарламалық қамтамасыздандырылуы Windows, Macintosh OSX и Linux операциялық жүйелері арқылы жұмыс жасайды.

✚ Arduino микроконтроллерінде дайын электронды блок және бағдарламалық қамтамасыз етіп тұратын жиынтықтар бар. Мұндағы электрондық блок – оның жұмысы үшін қажет микроконтроллер және элементтердің ең аз жиынтығы бар тақта.

✚ Ол сыртқы құрылғыларға арналған қосқыштары, сондай-ақ компьютерге қосылуға арналған қосқышы арқылы микроконтроллерді бағдарламалау жүзеге асырылады. [2, с. 106].

Arduino платформаларымен жұмыс істеудің бірнеше әдістері бар.

Соның ішінде 2019 жылы қараша және желтоқсан айларында оқушылармен



«Ақылды үй»



«Ақылды қала»

«ақылды үй» және «ақылды қала» жобасы аясында Нұр-Сұлтан қаласында өткен «**Инновациялық білім беру -STEM олимпиадасы**» атты тақырыпта I –ші Республикалық STEM олимпиадасы және Қарағанды қаласында өткен «**Мэйкатон – 2019**» қалалық STEM – жобалар фестиваліне қатысып жүлделі III – орынды және «үздік журнал» номинациясымен марапатталдық. Жобалық жұмысымызды ұлы ақын, композитор, философ, саясаткер, ағартушы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай Қарқаралы қаласында орналасқан «Құнанбай қажы» мешітінің макетін жасап, қазіргі заман талабына сай SMART басқару жүйесі «Arduino Uno» платасына светодиодтар мен бес уақыт намаз уақытында азан шақыру құрылғысын орнатып, қашықтықтан Bluetooth арқылы басқару жүйесін орнаттық [4]. Алдағы уақытта осы жобамызды өмірде іске асыру мақсатында жобалық жұмысымызды әрі қарай жалғастырудамыз.

Жобалық жұмыста жаңа электронды SMART басқару құрылғысын жасау үшін мынадай құралдарды пайдаландық:

Плата Arduino Uno -



Макетная плата Arduino Uno -



4 жолақты 5V реле платасы -



Аккумулятор -



Штекер -



Светодиод -



Аrduinoны тоққа қосатын мама – папа сымдары -




Жобалық жұмыстың бірінші бөлігі:

«Құнанбай қажы» мешіті макетінің құрылу барысы



Жобалық жұмыстың екінші бөлігі:

«Құнанбай қажы» мешітіне қашықтықтан басқару құрылғыларын орнату схемасы



Жобалық жұмыстың бірінші және екінші бөлігі орналастырылған толық нұсқасы

Қорыта келгенде біз SMART басқару жүйесін қолға алсақ, «Arduino Uno» платасымен қашықтықтан Bluetooth арқылы немесе программаны орната отырып, XXI ғасыр талабына сай жоғары технологияларды меңгеріп, адамның көмегінсіз тек программа арқылы басқару жүйесімен уақытты, қаражатты үнемдеп, қауіпсіздік шарасын күшейтіп, болашақта ақылды үй, ақылды қала, ақылды басқару жүйесіне толықтай қол жеткізер едік. Сонымен қатар дамыған елдер қатарына қосылуға бір қадам алға жылжып, еліміздің көркеюіне үлес қосар едік. Әрбір берілген мүмкіндікті білім ордаларында тиімді қолдана білсек, болашақта бәсекеге қабілетті мамандардың шығуы анық. Бірнеше жылдардан соң барлық технологиялар өзгереді, сонда ескі жүйе өзекті болмай, жаңашылдыққа жол бастайтын дамыған елдер қатарынан көрінерімізге кәміл сенімдеміз. QR код арқылы оқушыларымызбен бірге жасаған жобалық жұмысымыздың толық нұсқасын көре аласыздар.



Пайдаланған әдебиеттер:

1. Торо Карвинен, Киммо Карвинен, Вилле Валтокари. Делаем сенсоры. Вильямс. 2017
2. Виктор Петин. Электроника. «БХВ-Петербург». 2017
3. <ftp://ftp.bhv.ru/9785977536462.zip>
4. www.bhv.ru

Абай мұрасы – халық мұрасы

Билисова А. Р., №61ЖББОМ КММ

“... Жастарға сапалы білім берумен қатар, сол білімін қоғамдық- әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне баса көңіл аудару керек.”

Н. Назарбаев

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру - жаратылыстану бағытындағы пәндер оқушылардың өмірлік дағдыларын дамытудың басты шарты. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру - оқушының логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту үшін жаратылыстану бағытындағы пәндер оқушылардың сапалы есептерді өз бетінше шығаруына көп көңіл бөледі. Сабақта әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың ой - өрісін дамытуға, есептер шығару кезінде қызығушылығын арттыруға, теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйретеді.

Қазіргі кезде есімі әлемге әйгілі Ұлы Абай атамыздың кейінгі ұрпақтарға қалдырған асыл мұралары ақыл мен адамгершіліктің, тағлым мен тәрбиенің өнегесіне айналып отыр. «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы ерінбе», - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай өнегелі өсиет айтқымыз келсе алдымен аузымызға «Абай атамыз айтқандай» деген сөз тіркестері оралатыны сөзсіз. Артына өшпес із, асыл мұра қалдырған ақын:

Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық,

Үзілмес үмітпенен бос қуардық.

Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп

Жүрмесін деп, аз гана сөз қалдырдық – деп, кейінгі ұрпақтарға өнеге боларлық асыл мұралар қалдырған. [3]

Абай атамыздың 175 жылдық тойы қарсаңында халқымыздың ұлт ерекшелігін, салт-дәстүрін айқынырақ түсінуге баулу, романды оқуға оқушылардың құмарлығын арттыру үшін мен математикадан «Абай жолы» романының оқиға желісі бойынша есептер құрастырдым. Ақынның өнегелі өмір жолын тәрбие жұмыстарымен қатар математика пәніне де үнемі қолданып отыруға болады.

1. «Абай шығармасы есеп сабағында»

1) Мұсылманқұл соғысы. (Абай жолы», 1 том,158-бет). [2]

Құнанбай мен жігітек руларының арасында қақтығыс, жер дауы, ел дауы.

Есеп шарты: *Құнанбай мен Жігітек сарбаздарының саны – 2040.*

Құнанбай қолы жігітектен 2 есе көп болса, әрқайсында неше сарбаздан болады?

6 сыныпта «Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесі» тақырыбына: Жігітекті – x айнымалысымен , Құнанбады – y айнымалысымен белгілеп, екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін құрамыз .

$$\begin{cases} x + y = 2040 \\ y = 2x \end{cases}$$

Шешуі: $x+2x=2040$, $3x = 2040$, $x = 680$. $y = 2x = 2 \cdot 680 = 1360$.
Жауабы: Ж- 680 сарбаз, Қ - 1360 сарбаз.

2) Бөжей асы. (Абай жолы», 1 том,180-бет).

Абай шешесі Ұлжанмен ақылдаса отырып, Бөжей асына атсалысуға қамданды. Осы жолы асқа жиналған ел ағалары Абай құрметіне риза болып, ол үлкен құрметке ие болды. [2]

Есеп шарты: *Асқа Жетісудан Бөжей нағашылары Найман, Матай, Сыбан руларынан келген кісілер саны оларға арнап тігілген үйлерден 12 есе көп болды. Егер олардың қосындысы 130 болса, нағашылар саны мен тігілген үй саны қанша?*

Екі айнымалысы бар теңдеулер жүйесін құрамыз:

x – үй саны, y - нағашылар саны.

$$\begin{cases} x + y = 130 \\ y = 12x \end{cases}$$

Шешуі: $x+12x=130$, $13x = 130$, $x = 10$.

$y = 12x = 12 \cdot 10 = 120$

Жауабы: 10 үй, 120

адам.

3) Асық ойыны. (Абай жолы», 1 том,70-бет).

Оспан, Смағұл – Абайдың тетелес өскен інілері. Олардың асықтарының саны – 60. Смағұлдың асық саны Оспандікінен 3 есе көп. Әрқайсында неше асықтан бар?

Екі айнымалысы бар теңдеулер жүйесін құрамыз: Оспан - y , Смағұл – x болса,

$$\begin{cases} x + y = 60 \\ x = 3y \end{cases}$$

Шешуі: $3y+y=60$, $4y = 60$, $y = 15$.

$x = 3y = 3 \cdot 15 = 45$.

Жауабы: Оспанда 15 асық, Смағұлда 45

асық.

4) Тәкежан еншісі. (Абай жолы», 1 том,514-бет).

Абай мен Тәкежан отау болып бөлініп шыққанда әкесі Құнанбай еншіге әрқайсысына 80 бас жылқыдан берген. [2]

Есеп шарты: алғашқы жылы жылқы саны 80 бас болды. Бір жылдан кейін 120 басқа өсті. 5 жылдан кейін, 7 жылдан кейін қанша болды? Жылқы саны неше жылдан кейін 480 басқа жетеді?

9 сыныпта өтетін арифметикалық прогрессия тақырыбына :

80;120; a_5 , a_7 , a_n . $a_1=80$, $a_2=120$ болса, онда $d=120-80=40$.


$a_5 = a_1 + 4d = 80 + 4 \cdot 40 = 80 + 160 = 240$;

$a_7 = a_1 + 6d = 80 + 6 \cdot 40 = 80 + 240 = 320$;

$a_n = a_1 + d(n-1)$ формуласы бойынша $80 + 40(n-1) = 480$ болады.

$80 + 40n - 40 = 480$, $40n = 440$, $n = 11$.

| ЖЫЛ | a_1 | a_2 | a_5 | a_7 | a_{11} |
|------------|-------|-------|-------|-------|----------|
| Жылқы саны | 80 | 120 | 240 | 320 | 480 |




Жауабы: 240 бас, 320 бас, 11 жылдан кейін.

5) Құнанбай олжасы. (Абай жолы», 1 том, 100-бет).

Аға сұлтан Құнанбай Қарқаралыға өз қаржысымен мешіт салдырып мұсылман қауымының құрметіне ие болады. Еліне қайтар сапарында Шұбартау, Абыралы, Дегелең қойнауын жайлаған ауылдар арқылы жүреді. [2]

Есеп шарты: Шұбартау, Абыралы, Дегелең қойнауын жайлаған 10 ауылдың ру басыларының әрқайсысы аға сұлтанға сәйгүлік сыйлайды. Сол 10 ауылдан алынған сәйгүліктердің саны қанша?



Арифметикалық прогрессияның алғашқы n – мүшесінің қосындысын табу (S_n) және айырымын табу формуласын қолданамыз)

$a_1=3$, $a_2=5$ болса, онда $d=5-3=2$. $a_{10} = a_1 + 9d = 3 + 18 = 21$ болады. [1]

$$S_{10} = \frac{3+21}{2} \cdot 10 = 120.$$

Жауабы: 120 сәйгүлік.


| ауыл | a_1 | a_2 | a_3 | a_4 | a_5 | a_6 | a_7 | a_8 | a_9 | a_{10} |
|---------------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|----------|
| Сәйгүлік саны | 3 | 5 | 7 | 9 | 11 | 13 | 15 | 17 | | 21 |

6) Жайлауда (Абай жолы», 1 том, 324 - 344 беттер).

Жайлауда Әйгерім отауының қасына бірнеше үй тіккізіп, арқаға аты шыққан Біржан салды Абай құрметті қонағы етіп сыйлайды. Құрметті қонақты ел-жұртымен, туыс-туғанымен таныстыру – халқымыздың дәстүрі. Абай ақын Біржанның құрметіне тобықты елінің өнер сүйер жастарын шақырады.

Есеп шарты: Жігітектен Базаралы, Орынбай нөкерімен – 5 адам, Бөкеншіден Керімбала нөкерімен – 7 адам, тағы сол сияқты Тотай, Ырғызбай ауылынан бірнеше топтар келеді. 6-шы топ Әмір, Үмітай нөкерімен неше қыз, жігіт болады?

5, 7, a_n , $a_1=5$, $a_2=7$ болса, онда $d=7-5=2$. $a_6 = a_1+5d = 5+5 \cdot 2 = 5+10 = 15$;



Жауабы: Әмір, Үмітай нөкерімен 15 қыз, жігіт болады.

Тағы да осы есеп шартындағы оқиға желісі:

Жайлауда бірнеше күн бойы сонау алыс Көкшетаудан келген өзі ақын, өзі әнші, өзі сері Біржанды тамашалап, Тобықтының өнерлі жастары ән салып, өнер көрсеткенде, осы ән базары Абай жүрегін толғандырып,

«Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй».- деген өлең жолдарын ақын осы жолы Біржанға айтқан екен. [3]

Қорытынды:

Ұлы Абайдың шығармаларындағы ойлар, өсиеттер айна қатесіз осы күнгі халыққа, жас ұрпаққа арналғандай. Олай болса, Абай есімі, өсиеті біздер үшін жасай беруі керек!

Қорытындылай келе айтарым: Абайдың әр саладағы ілімін зерттеп, қазіргі заман талабына сай көлемді еңбектер, оқулықтар жазатын кез жеткен сияқты. Мен жобамда Абай шығармалары арқылы оқушыларды білімге, ғылымға шақыруының қазіргі заман тұрғысындағы маңызын көрсетуді мақсат еттім.

Пайдаланған әдебиеттер :

1. Алгебра -9 сынып. Алматы . Атамұра 2018 .
2. «Абай жолы», I, II том
3. «Қазақстан мектебі» журналы. №7.1995ж.

Новые технологии в физике для статистических расчётов на ПК

Ахмет Р.Б., КГУ «СОШ № 61» г.Караганды

В последние десятилетия среди специалистов многих отраслей науки и техники отмечается постоянно растущий интерес к использованию физико-статистических методов. Физическая статистика стала действенным средством научного исследования, широко используемым при изучении самых разнообразных массовых процессов и явлений. Она становится важнейшим аналитическим инструментом подготовки исходных данных для принятия решений.

Проникновение физико-статистических методов в практику научных исследований проходило очень не просто. Громоздкие и трудоемкие вычисления, связанные с реализацией сложных расчетных формул, серьезно затрудняли практическое использование статистических методов и не способствовали расширению круга специалистов-практиков, использующих в своей работе эти методы. Во времена «ручных» вычислений (в эпоху арифмометров и калькуляторов) с этими трудностями боролись путем постоянного совершенствования алгоритмов статистических вычислений. Эти алгоритмы, реализованные в виде весьма остроумных расчетных таблиц, упорядочивали вычисления, снижали их трудоемкость и позволяли контролировать правильность расчетов, буквально на каждом шаге вычислений [1].

Появление и бурное развитие электронной вычислительной техники (ЭВТ) значительно увеличили масштабы и ускорили темпы внедрения статистических методов анализа данных в практику научных исследований. Большие возможности для использования методов физической статистики открылись в результате появления персональных компьютеров (ПК). Использование ПК для обработки данных стало особенно эффективным с появлением *электронных таблиц (табличных процессоров)* — пакетов прикладных программ для автоматизации табличных расчетов. Сначала это были пакеты VisiCalc, Super Calc, Lotus 1-2-3, затем Quattro Pro и наконец ряд следующих друг за другом версий табличного процессора Excel. Отработанные и выверенные за многие десятилетия практического использования таблицы для «ручных» расчетов обрели вторую жизнь в виде электронных таблиц. Благодаря этим таблицам многие сложные статистические методы, доступные ранее лишь узкому кругу профессионалов-физиков, стали доступны широкому кругу пользователей-прикладников.

Параллельно с разработкой статистических пакетов шел довольно интенсивный процесс включения статистических функций в физические пакеты общего назначения. Статистические пакеты, табличные процессоры и физические пакеты с включенными в них статистическими функциями сделали анализ данных более доступным и наглядным. Стало ненужным

«вручную» выполнять трудоемкие расчеты, вычерчивать таблицы и строить графики. Всю эту черновую работу взяли на себя ПК. Человеку осталась главным образом творческая работа: постановка задачи, выбор метода ее решения и, главное, правильная интерпретация результатов решения [1].

Наиболее широкое распространение в нашей стране нашли DOS-версии универсального многопрофильного пакета STATGRAPHICS. Одним из достоинств этого пакета было очень подробное и в то же время хорошо обозримое главное меню.

С появлением операционной системы Windows на рынке программных продуктов стали появляться Windows-версии «старых» пакетов (SPSS, STATGRAPHICS, SYSTAT и др.) и «новые» пакеты, разработанные специально для среды Windows (STADIA, STATISTICA и др.) [1].

В Windows-версиях пакетов нашли отражение некоторые последние достижения теоретической и прикладной статистики (в частности, методы, не зависящие от распределения), что существенно расширило область их применения. Работа с данными, графиками и текстами стала выполняться почти так же, как в других приложениях Windows, входящих в комплекс программ Microsoft Office. Все эти нововведения довольно значительно увеличили возможности Windows-версий статистических пакетов. В то же время новые пакеты стали сложнее, что заметно затруднило их освоение и практическое использование. Существенно увеличилась стоимость лицензионных копий этих пакетов.

По мере того как на смену более простым DOS-версиям статистических пакетов приходили более сложные Windows-версии, происходило «расслоение» общей массы специалистов, использующих в своей работе методы физической статистики. Более четко обозначилась «элита», состоящая из специалистов в области прикладного статистического анализа, систематически использующих статистические методы для обработки больших массивов данных, имеющих сложную структуру. Высокая профессиональная подготовка этих специалистов в области физической статистики позволила им быстро освоить новые универсальные и специализированные статистические пакеты и успешно использовать их на практике [2].

Определилась и большая группа «массовых» пользователей. В нее вошли специалисты различных отраслей науки и техники, периодически использующие в своей работе «стандартные» статистические методы для обработки данных. Столкнувшись с трудностями освоения и практического использования новых, более сложных версий статистических пакетов, эти пользователи стали искать другие, более простые средства решения типичных для них задач статистического анализа. Коллективный разум этой группы пользователей сделал выбор в пользу табличного процессора Excel, ставшего к тому времени довольно мощным инструментом для проведения инженерных и научных расчетов.

Такой выбор вполне логичен – табличный процессор Excel, являясь составной частью интегрального программного комплекса Microsoft Office, работающего на платформе Windows, в полном объеме реализует функциональные возможности этой операционной системы. Единая концепция построения составных частей этого комплекса обеспечивает высокий уровень унификации принципов и технологии их использования, а также максимальную степень совместимости и взаимодействия «порождаемых» ими программных продуктов. Большое значение для отечественных пользователей имеет и то обстоятельство, что стоимость лицензионных копий программного комплекса Microsoft Office, устанавливаемого практически на всех ПК, значительно ниже стоимости лицензионных копий новых статистических пакетов.

К числу достоинств табличного процессора Excel, определяющих широкие возможности его использования для анализа статистических данных, относятся:

- довольно значительное число встроенных статистических функций
- наличие надстройки Пакет анализа, содержащей процедуры для решения сложных задач статистического анализа;
- возможность создания пользователем «собственных» программных модулей для анализа данных на языке Visual Basic for Applications (VBA);
- наглядность статистического анализа данных, выполненного в табличной форме;
- практически неограниченный объем электронных таблиц.


Количество «массовых» пользователей, применяющих для анализа статистических данных Excel, намного превышает количество специалистов-профессионалов. Таких пользователей много не только в нашей стране, но и за рубежом. Возникновение и бурное развитие методов, связанных с исследованием случайных величин вызвано проникновением количественных методов анализа в такие науки, как биология, медицина, психология, социология, экономика и т. д. Методы, свободные от распределения, успешно конкурируют с классическими методами, основанными главным образом на предположении о нормальном распределении исследуемых случайных величин.

Excel не имеет встроенных средств реализации методов, свободных от распределения, поэтому в нём рассматриваются вопросы реализации этих методов с помощью встроенных процедур и функций Excel, формально не относящихся к категории статистических средств.

В среде Excel можно освоить технологию статистического анализа данных и использовать ее в своей практической деятельности.

Сравнительная диаграмма успеваемости и качества знаний за 2 и 3 четверти 2019-2020 учебного года

| Предмет | 2 четверть | | | | 3 четверть | | |
|---------|------------|------------------|------------|-------|---------------------|------------|-------|
| | Класс | Количество уч-ся | % качества | % усп | Количество учащихся | % качества | % усп |
| физика | 7 Б | 25 | 84 | 100 | 25 | 54 | 100 |
| | 7 В | 20 | 70 | 100 | 20 | 52 | 100 |
| | 7 Г | 22 | 77 | 100 | 23 | 52 | 100 |
| | 8 Б | 29 | 24 | 100 | 29 | 35,7 | 100 |
| | 8 В | 28 | 60 | 100 | 28 | 45 | 100 |
| | 8 Г | 24 | 42 | 100 | 24 | 52 | 100 |
| | 9 Б | 24 | 45 | 100 | 24 | 47 | 100 |
| | 9 В | 24 | 37 | 100 | 24 | 62 | 100 |
| | 9 Г | 16 | 25 | 100 | 16 | 23,5 | 100 |
| | 10 Б | 12 | 75 | 100 | 12 | 83 | 100 |



Список литературы:

1. Вадзинский Р. Статистические вычисления в среде Excel. Библиотека пользователя. – СПб.: Питер, 2008. – 608 с.:ил. – (Серия «Библиотека пользователя»).
2. Финансово-экономические расчёты в EXCEL. Издание 3-е, переработанное и дополненное./ Овчаренко Е.К., Ильина О.П., Балыбердин Е.В. – М.: Информационно-издательский дом «Филинь», 1999. – 328 с.

Ақпараттық технология арқылы математикалық сауаттылықты арттыру

Аятаева С.А., «№54 жалпы білім беру орта мектебі» КММ

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің реформалауды іске асырудың қажеттігі күн санап арта түсуде бұл мақсатты іске асырудың өзекті мәселелерінің бірі-оқушылардың ой-өрісін дамыту жеткіншектерді компьютерге үйретіп, бәсекеге қабілетті маман болып шығуларына мүмкіндік жасау.

Информатика пәні осы мақсатта жетекші құрал болып саналатыны анық. Оқу пәнінің жалпы мақсаты - оқушылардың ақпаратты алу, өңдеу, тасымалдау, сақтау және қолдану процестері туралы іргелі білімді жанжақты, әрі саналы түрде меңгеруін қамтамасыз ету және оның негізінде оқушыларға қазіргі кездегі әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастырудағы ақпараттық процестердің мәнін және ақпараттық қоғам дамуындағы АКТ-ның рөлін ашу.

Пәнаралық байланыс дегеніміз – шын өмірдің объектілері, құбылыстары мен процестері арасындағы синтездеуге, интегралдауға ұшырайтын қарым – қатынасты бейнелейтін білім берудің құрамды бөлігі. Я.А.Коменский: «Әр түрлі пәндерді оқытудағы өзара байланыс, оқушылардың жан – жақты болуына әкеледі» - деген. Олай болса, пәнарлық байланысты күшейту оқушылардың екі пәннен де үлгерім сапасын жақсартады, сонымен бірге олардың практикалық қызметке дайындалуына көмектеседі. Сондықтан бұл пәндерді әр сабақ сайын үнемі қатар ұстану аса қажет деп түсінемін.

Нәтижесінде бір пәннен алған білімді екінші пән толықтыра түсері сөзсіз. Сондықтан, информатика саласы бойынша «ГеоГebra» бағдарламасының мүмкіндіктерін қолдану арқылы математиканы компьютер арқылы оқытып, онымен жұмыс істеу мүмкіндіктерін үйретуде бірден-бір құрал болып саналады.

Бұл бағдарлама кез келген функцияның формуласынан «ГеоГebra» терезесіндегі координаталық жазықтықта функция графигін тез көруге мүмкіндік береді. Егер бұл бағдарламаны мектептерге математика мен информатиканы үйрену мен үйретудің көмекші құралы ретінде ұсынылса, оқушылардың математикалық сауаттылықтары артып осы пәндерге деген қызығушылықтары арта түсер еді.

Енді, өзімнің сабағымның құрылымына ішінара енгізіп жүрген ГеоГebra бағдарламасына тоқталып өтсек.

ГеоГebra – геометрия және алгебраны байланыстыратын компьютерлік интерактивті бағдарлама. Әлем бойынша ең көп таралған, 150-ден астам елде қолданылып отырған математикалық бағдарламаның бірі. Авторы – австриялық математик, PhD докторы Маркус Хохенвартер. Бағдарлама 50-ге жуық тілге аударылған және осы бағдарлама төңірегіндегі жұмысын 2001 жылы бастаған.

Элементар салуларды геометрия курсының құралдар аксиомаларын сақтай отырып, сабақ барысында заманауи технологияларды қолдануға қосымша мүмкіндік беретін Geogebra бағдарламасын қолданып салуды қарастырайық.

GeoGebra (www.geogebra.org) тегін интерактивті математикалық орта (ИМО) болып табылады. Планиметрия курсының сызбаларын, әсіресе, сызғыш пен циркуль көмегімен салынатын есептерді салуда пайдасы көп.

Бағдарлама толығымен қазақ тіліне аударылған.

www.geogebra.org сайтынан ақпарат ала аламыз, кез-келген компьютерге тегін орната беруге болады. Проекторы бар әр сыныпта математика сабағында пайдаланып, сабағыңды көрнекі етіп өтуіңе болады. Оқушылар абстрактті түсініктерді өз көзімен «көре алады». Әрбір жаңа тақырыпты өту барысында осы бағдарламаны қолданған тиімді. Бұл оқушыларға ерекше қызық әрі түсінікті болады деп ойлаймын.


ГеоГebra арқылы:

- «Жансыз» фигураларға, графиктерге жан бітіреді. Яғни, олар интерактивті болады.

- Фигураларды анимациялауға болады.
- Компьютерлік сауаттылықты арттырады.
- Әзірге ГеоГebra қазақ тіліндегі жалғыз бағдарлама.

Бағдарлама интерфейсі

Ең алғаш бағдарламаны іске қосқан кезде (1 сурет) мына түрдегі бағдарлама терезесі пайда болады:



1 сурет

- ***Мәзірде:*** тіл, шрифт, сақтау, көрініс, басып шығару, баптаулар сияқты орналасқан.

- ***Құралдар тақтасында:*** Бұл жерде Графиктер алаңында геометриялық фигураларды салуға болады.

- ***Құралдар сипаттамасында:*** Бұл жерде біз таңдаған немесе орындаған фигураларға сипаттама берілген.

- ***Алгебралық сипаттамада:*** Бұл жерде Графиктер алаңында салынған фигураларға алгебралық сипаттама беріледі.


- ***Кіріс алаңында:*** Бұл жерде сіз кез келген функцияның формуласын тересіз, Графиктер алаңында графигі салынады.

- ***Графиктер алаңында:*** Кез келген геометриялық фигураны, графиктерді салуы суретте көрсетілген.


Бірқалыпты кеңістікті компьютерде модельдеу үшін үшөлшемді модельдеу орталары бар. Мұндай орта кеңістіктің ауқымын пішіндеп, оны әртүрлі нүктелерден бақылауға, нысанды қозғалтып және өзгертуге мүмкіндік береді. Үшөлшемді модельдеу әртүрлі деңгейдегі күрделілікті қамтиды.

- Қарапайым 3D модельдеу. Үлгіні ықшамдалған пішінде құруға (2 сурет) болады.

- Күрделі 3D модельдеу. Құралатын үлгінің ұсақ-түйек (3 сурет) детальдарының барлығы қамтылады.



2 сурет



3 сурет

Үшөлшемді графика ғылыми есептеулер, инженерлік жобалау және физикалық нысандарды компьютерде үлгілеу облыстарында кең таралған. Жалпы қазіргі ақпараттанған уақытта үшөлшемді графика адаммен байланысты саланың барлығында қолданылады десек артық болмас[4].

Компьютердің мультимедиалық мүмкіндіктерін, анимация мүмкіндігін, гиперсылқа көріністерін пайдалану әрекеттерін қолданып, тамаша, көрнекті, оқушыларды қызықтыра түсетін білім беру сабақтарын ұйымдастырамын.

Математика – ерекше құдіретті ғылым, ал математика пәнінің мұғалімі баланың бойындағы ақыл, білім, парасат, сабырлық, шығармашылық қасиеттерін бойынан аша білетін тұлға. Қазіргі уақытта математика ғылымы кең етек алып дамуда. Сондықтан математиканы оқытудың мазмұнын ашуды жүзеге асыру үшін жаңа ақпараттық технология құралдары ауадай қажет. Қазіргі ақпараттық технологияның озық жетістіктерін математика сабағында қолдану арқылы танымдылық іс-әрекеттерін ұйымдастыра отырып, оқушылардың құзіреттілігін дамытуға болады.

Қазіргі таңдағы ақпараттандырылған заманда өз сабағымда интерактивті тақтаны геометрия сабағында сызбаларды сызу кезінде тиімді пайдаланамын. Он бірінші сыныптың геометрия сабағында түрлі кескіндерін салу кезінде оқушылар ақпараттық технологияны сабақта жиі қолданамыз.. Ол үшін мен тиімді интерактивті әдістер арқылы проблемалық ситуациялар туғызып, оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өз бетімен тақырыпты түсінуге қолайлы жағдай туғызып, танымдық қызметін басқарып,

ілгері жетелеп отырамын Соңында оқушылар өздері қорытындысын шығарып, практикалық жұмыстармен бекітеді. Әсіресе математикада геометрия сабағындағы сызбаларды сызып есеп шығаруға зор мүмкіндік береді.

Жаңа технологияның тиімді әдіс- тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу - ұстаздардың басты міндеті.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. “Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы, 2011 жыл
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
4. Иванчук Н.В., Эйкен О.В., Мартынова Е.В., Самылова Ю.В., Данько О.Е. Использование компьютерной программы на уроках математики в 7-11 классах: Методическое пособие. – Мурманск: МГПУ, 2008. – 36 с.
5. Мұханбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

Профориентация через учебный предмет

Дударь Ю.В., КГУ «Гимназия №97»

Ранняя профориентация учащихся школ – одна из главных задач современной школы. Реализация поставленной задачи осуществляется через учебный предмет. В процессе преподавания дисциплины, мы знакомим учащихся не только с предметом, но и необходимо познакомить ребят с миром профессий, показать, как каждый учебный предмет содействует решению задач профориентации различными средствами.

Школа больше всех в ответе за правильный выбор школьников своей будущей профессии. И вся школьная работа должна быть поставлена так, чтобы помочь ребёнку выбрать свой путь правильно[1].

Профориентационная работа с учащимися включает информацию о профессиях, путях их приобретения, помогает решению задачи формирования социальной активности личности, ориентации на общественно полезный труд согласно своим способностям и возможностям. В процессе этой работы

развиваются интересы и склонности, формируется позитивное отношение к будущей трудовой деятельности [2].

При работе по прифиллизации учащихся на своих уроках математики и физики, все начиналось с уяснения для себя перечня профессий и специальностей, с которыми можно познакомить детей в процессе обучения. При решении задач, возникающие в практической деятельности человека и показывающие необходимость математических знаний, на уроках показывается связь массовых профессий с профессиями, которые не требуют технического, профессионального или высшего образования.

На уроках математики с начальной школы задачи на практическую значимость учащиеся решают. Это задачи на совместную работу, на проценты, на движение и пр. в старших классах можно разнообразить и давать задачи следующего характера[3].

Например, начисление амортизации основных средств на предприятии.

Задача. Первоначальная стоимость фрезерного станка составляет 270 000 тенге. Срок полезного использования – 5 лет, или 60 месяцев, остаточная стоимость составляет 30 000 тенге. Рассчитать ежемесячную сумму амортизации (используем линейный метод).

Решение.

Амортизируемая величина основного средства составляет:

$$270\,000 - 30\,000 = 240\,000 \text{ тенге}$$

Ежемесячная сумма амортизации

$$240\,000 : 60 = 4\,000 \text{ тенге}$$

На уроках можно показать основы задач линейного программирования, т.е. методы математического моделирования производственных и экономических процессов, используя симплекс метод.

Например, пусть собственные средства банка в сумме с депозитами составляют 100 млн. долларов. Часть этих средств, но не более 35 млн., должна быть размещена в кредитах. Ценные бумаги должны составлять не менее 30% средств, размещенных в кредитах и ценных бумагах. Определить максимальную прибыль от кредитов и ценных бумаг.

Решение. Составляем систему ограничений

$$\begin{cases} x + y \leq 100 - \text{балансовое ограничение} \\ x \geq 35 - \text{кредитное ограничение} \\ y \geq 0,3(x + y) - \text{ликвидное ограничение} \\ x \geq 0, y \geq 0 \end{cases}$$

И целевую функцию $f=c_1x+c_2y \rightarrow \max$

Решаем симплекс методом.

Можно рассмотреть задачи логистики – транспортные задачи.

Например, уголь, добываемый в двух месторождениях, отправляется трем потребителям. Известно, сколько угля добывается в каждом месторождении за месяц, и сколько его требуется на тот же срок любому из потребителей. Задана стоимость перевозки тонны угля от каждого месторождения к каждому потребителю. Необходимо определить сколько угля, предназначено к отправке

от каждого месторождения к потребителям, при этом спланировать перевозки угля таким образом, чтобы затраты на них были минимальными.

При выборе школьниками курса физики в качестве одного из профильных предметов в сочетании с другими существует объективная потребность учёта специфики выбранного комплекта профильных предметов.

В составе естественнонаучного профиля необходимо учитывать единство методов познания, более подробно рассматривать проблемы атомно-молекулярного учения, молекулярно-кинетической теории, физики атома, элементов квантовой механики и др.

При изучении физики в профильных классах необходимо акцентировать внимание на межпредметные связи физики и математики. Также необходимо уделять внимание роли математики при изучении тех или иных разделов физики, обращать внимание на законы и теории, открытые теоретическими путями с помощью математических вычислений. Для эффективного усвоения материала целесообразнее многие понятия математики и физики формировать совместно. Именно при параллельном изучении основ механики и математического анализа открываются наибольшие возможности для формирования физических понятий – мгновенная скорость, мгновенное ускорение, перемещение, работа, так и математических – производная, первообразная, интеграл.

Учащиеся должны понять, что абстрактные математические положения, относящиеся к функциональным зависимостям, переплетаются с конкретными физическими представлениями.

В ходе преподавания физики и математики необходимо обращать внимание учащихся на то, что математика является мощным средством для обобщения физических понятий и законов. При изучении различных разделов физики необходимо производить подробные математические выкладки формул, решать задачи наиболее сложного математического уровня. По возможности знакомить учащихся с различными уравнениями в дифференциальной и интегральной формах. Производить расчёты природных явлений и закономерностей и др[4].

Обеспечивая помощь учащимся в сознательном выборе профессии, учитель-предметник должен:

- знакомить учащихся с различными видами труда и профессиями;
- изучать склонности, особенности и профессиональные интересы учащихся, формировать у школьников общественно-значимые мотивы выбора профессии;
- консультировать учащихся по вопросам, связанным с продолжением образования и трудоустройством[5].

Работа по профориентации очень длительная и кропотливая, и только проводя ее систематически на уроках и во внеурочное время можно достичь каких либо результатов. Только такая деятельность оправдывает себя, и ученик находит профессию, которая ему интересна.

Список литературы:

1. Творческий научно-методический журнал «Воспитание школьников» №9 – 2009, №102010.
2. Пряжников Н.С. Методы активизации профессионального и личностного самоопределения.
3. <https://kopilkaurokov.ru/matematika/prochee/matiematikaiproforiientatsiiavshkolie> Математика и профориентация в школе.
4. Томилов А.В. Подготовка студентов к обучению физике в профильных классах Учебно-методическое пособие. Тобольск 2012
5. Демина Т.Б. Предпрофильная подготовка как одно из условий профессионального самоопределения школьника.//Профильная школа,№1 2006г

Кәсіптік бағдар - болашаққа қадам

Рысбекова А. К. №61ЖББОМ КММ

Кәсіптік бағдар беру- ол оқушының қабілеті мен бейімін ескеріп, кәсіптік қызығуы мен қабілетін қалыптастыруға және мамандық таңдауына көмектесу болып табылады. Мен өз оқушыларыма 9-сыныптан бері осы бағытта кәсіптік ақыл кеңес беру жұмысы ретінде олармен бірге кәсіптік колледждер мен өндірістік оқу цехтарына, және көптеген жоғарғы оқу орындарына саяхат жасадым. Онда оқушылар мамандықтар туралы көптеген ақпараттар алып, барлығын өз көздерімен көріп кейбір мамандықтарға қызығушылықтары оянды. Сонымен қатар кейбір маман иелерімен кездесу-сынып сағатын өткіздім. Сабақта қазіргі заман талабына сай қажеттілікті қанағаттандыратын кейбір маман иелерін сынып сағатына қонаққа шақыра отырып ата-аналармен және оқушылармен бірге үлкен пікір алмасу жасадым. Бұл сабақтың әсері кейбір оқушылардың келешекке деген көзқарастарын өзгертіп, мамандықты дұрыс таңдаудың маңыздылығы туралы ойларын кеңейтті деп айтуға болады. Алдын-ала мамандық туралы алынған сауалнамаға оқушылар өте жақсы жауап бере отырып кездесуде кейбір момын аз сөйлейтін оқушылардың өзі мамандыққа үлкен жауапкершілікпен қарау керектігі жөнінде өз пікірлерін ашық айтып ортаға салғандары мен үшін өте қуанарлық жайт болды. Сонымен бірге шақырылған қонақтарға сауалдар қою арқылы оқушылар көкейлерінде жүрген көп сауалдарға жауаптар алып біршама мамандықтардың қыр-сырымен, ол мамандықтардың маңызымен мәні туралы білім алды. Кейбір мамандықтардың адамға қоятын талаптарымен танысып сол мамандықтардың ерекшеліктері туралы толық ақпараттар және олардың қоғамда алатын орны сипатталып түсіндірілді. Сол сабағымның жоспарын назарларыңызға ұсынамын.

Сынып сағатының тақырыбы: Мамандық таңдау маңызды іс

Мақсаты:

• Оқушылардың мамандық таңдауы туралы ойларын кеңейту, нығайту.
Қосымша түсініктер бере отырып ұғымдарын жетілдіру

• Оқушыны өз ойын айта алуға, эстетикалық талғамға сай, бүгінгі өмір талабына сай рухта тәрбиелеу

• Оқушының жүйелі ойлау қабілетін арттыру. Мамандықтар түрлеріне мүддесін арттыру

Өткізілу түрі: Кездесу сабақ

Қолданатын әдіс-тәсіл: пікірлесу, сұхбаттасу

Сынып сағатының барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

○ Ата-аналар мен мұғалімдер арасынан шақырылған қонақтармен таныстыру:

1. Сынып ата-анасы Нұржанова Ғалия – медбике

2. Сынып ата-анасы Қазобекова Алтын-жұмыссыз

3. Ахметов Тойбек - технология пәні мұғалімі

4. Батырбекова Гүлжазира – мектеп психологы

5. Рысбекова Шолпан – кәсіпкер

6. Журабаева Динара - аспаз

II. «Болмасаң да ұқсап бақ ...»

Ата-аналар мен мұғалімдер арасынан шақырылған қонақтармен сұхбаттасу. Шақырылған қонақтармен сұхбаттың сұрақтары:

1. Сіз өз мамандығыңызды қашан таңдадыңыз?

2. Мамандық таңдауда неге сүйендіңіз?

3. Мамандық таңдауда сізге ықпал болды ма? Кімдердің ықпалы көбірек болды?

4. Өз балаңыздың мамандық таңдауына ықпалыңыз бар ма?

5. Жақсы маман болу үшін сіздің ойыңызша не қажет?

6. Таңдаған мамандығыңызды өзгерткен кезіңіз болды ма? Не себепті таңдауды өзгерттіңіз?

7. Біздің оқушыларға мамандық таңдау туралы қандай ақыл-кеңес айтасыз?

III. «Сен қай мамандықты таңдадың?» Оқушылармен сұхбат.

Құрметті жас дос! Сен өз келешегіңді таңдау алдында тұрсың!

Осы жолды бастар алдындағы негізгі міндетің мамандық таңдау. Ендеше

1. Мамандық таңдау дегенді қалай түсінесің? Мамандық таңдау не үшін керек?

2. Осы айтылғандарға қол жеткізу үшін ең әуелі не керек?

3. Мамандық таңдауды қалай қабылдайсың? Қорқынышты ма?

4. Өзіңді мамандықтар әлемінде табу дегенді қалай түсінесің?

5. Дұрыс таңдалмаған мамандық немесе мамандық таңдауда кездесетін қателіктердің келешекте қандай әсері болады деп ойлайсың?

6. Мамандық таңдау сеніңше қалай орындалады? Талдауға А және В нұсқалары ұсынылады.

Өз таңдаған мамандығыңның адамға қояр талаптары мен оқу шарттары туралы білесің бе? (оқушылармен жүргізілген жабық сауалнама)

Сауалнама нәтижесінде:

| | | |
|----------|-----------------------|-----------|
| 23 оқушы | ”толық хабардармын” | 82%- Ы |
| 2 оқушы | ”аз ғана хабардармын” | 7%-Ы |
| 3 оқушы | “ хабарым жоқ” | 11%- Ы |

IV. Өз болашағың өзіңнің қолыңда! Ендеше өз болашағыңды анықтауда мына ережелер назарыңда болсын:

- Мамандық таңдауда оның сырт келбетіне назар аударып қана қоймай, мүмкіндігінше қалаған мамандығың жөнінде көбірек білуге тырыс.

- Өмірлік жоспарың қандай болмасын, шет тілін үйреніп, компьютерде жұмыс істегеуді игергенің аса пайдалы.

- Мектептегі оқу пәндері - нақты мамандық емес екендігін есінде сақта!

- Егер мамандық сенің досыңа ұнаса, саған да ұнайды деген ойдан аулақ бол!

- Сен үшін өзіңнің қолыңнан келетін істі мамандық етіп таңдаған пайдалы екенін есінде ұста!

- “Жақсы адам”- бұл мамандық емес.Егер саған бір адам ұнаса, оның меңгерген мамандығын мен де таңдауым керек деген қортынды жасауға болмайды.


- Заман ағымына қарай кейбір мамандықтар ескіріп, оның орнын басқа мамандықтар басып жатқандығына назар аудар.

- Мүмкіндігіңше өзіңнің таңдаған мамандығыңның өз денсаулығыңа сай келетін- келмейтіндігі жөнінде дәрігерден кеңес алғаның дұрыс!


- Өзіңмен алдын –ала психологиялық зерттеу жүргізбей –ақ , нық қадам жасап таңдай беруге болатын бірде бір мамандықтың жоқ екендігін есінде сақта!

V. Сынып сағатын қонақтардың пікірлерімен қорытындылау...

Осындай жұмыстардың нәтижесінде оқушылар өздері нақты қадамдар жасап болашақ мамандықтарын таңдап 9-сыныптан кейін кейбір оқушыларым колледждерге оқуға түсіп өмірден өз орындарын тауып орналасты.



Ал 11-сыныпты мектепте жалғастыруға қалған оқушылар да өздерінің таңдаған мамандықтарына жоғарғы оқу орындарына оқуға түсуге ҰБТ-ге дайындық жасауда.



Сонымен қатар кейбір оқушылар таяуда өткізілген «Мамандықтар әлеміне жол ашамыз» атты IV Облыстық форумға қатысып мадақтамалармен марапатталды.

Сөзімді қорыта келе айтарым бүгінгі таңда қоғамның басты талаптарының бірі әр азаматтың өмірде өз орнын тауып, қоғамдағы байлықты еселей түсуге еңбек үлесін қосуы, еңбекке адал, саналы қатынасуы болып табылады. Еңбек тәрбиесінің басты мақсаты еңбекке даярлау ғана емес, сонымен қатар жас жеткіншектерді біліммен, іскерлікпен және дағды мен қаруландыру қабілеттілігін дамыту мамандық таңдауға көмек беру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сынып жетекші журналы. №4. 2005ж.
2. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар

Абай шығармашылығындағы физика

Кошанова Ж.Ж., №61 «ЖББОМ» КММ

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті - баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастыру арқылы өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Сыни тұрғыдан ойлау барысында, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы артады, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір айтуға үйренеді.

Өзектілігі – бұл мақалада оқушыны шығармашылық іс-әрекетке, ізденіске баулуға, іргелі физикалық теорияларын, физикалық заңдылықтар мен құбылыстарды меңгерумен қатар қазіргі заманда халық мұраларының өмірмен тығыз байланысты екендігін көрсетеді.

Мақсаты: Оқушының өздігінен оқуға, ойлануға физикалық сауаттылығын және шығармашылық қабілетін дамытуға үйрету.

Ұлы ғұлама ақын Абай - ғылым-білімді терең үйреніп, оның жеміс шапағатын молынан пайдалану қажеттілігін дәріптеп өткені мәлім. Абай атамның даналығы, дарындылығы, жан – жақтылығы, ғұлама ақындығы туралы талай адамдар, талай да ғалымдар зерттеу жүргізіп ой – пікірлеріне арқау болған деп ойлаймын. Ол тіпті ғылымды Алланың бір сипаты ретінде балап, оны жан-жақты меңгеру құдайды танудың тапсырмас құралы екенін барынша уағыздап өткен. Ғылым- өнер жолында өмірлерін сарп еткен ардагер хакімдерді ол ұлт-милетіне, дініне қарамай қадірлеп, қастерлеп, олардан үлгі өнеге алуға шақырады. Өзінің шоқтығы биік шығармасы «Отыз сегізінші сөзінде» Абай бұл туралы былай пайымдайды: «Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармашылығына яғни, электрді тауып аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, уахсусан әсіресе адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пен батылдықты өтірікті, жалғанды айырмашы үйреткендігі-баршасы пайдалы болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жоқ».

Өте дұрыс та дәл айтылған, мәні тозбас, бұл қағидадағы «от пен суға айласын тауып, мың адам қыла алмастан қызметтер істетіп тұрғандығы» деген пікірінде, үлкен ғылыми-техникалық, дәлірек айтсақ механик-математикалық астар бар. Қазіргі «механика» деген термин сөздің түп-төркіні «айлакерлік, қулық» деген ұғымды білдіретін грек сөзінен шыққан. Сонымен қатар Абайға оның ақындық шабытына түрткі болған үлкен дүние-табиғат. Физикаға, табиғатқа Абай шығармашылығы тікелей байланысты. Табиғаттағы заңдылықтар мен құбылыстар оның шығармаларында кең, әрі ғылыми терең негізде көрініс тапқан. Абай табиғатты жан-жағынан әсем келбетте суреттейді. Табиғат пен физикалық құбылыстарды бір арнаға ұштастыра отыра жыл мезгілдерін сипаттайды.

Табиғаттағы заңдылықтар мен құбылыстар оның шығармаларында кең, әрі ғылыми терең негізде көрініс тапқан. Абай табиғатты жан-жағынан әсем келбетте суреттейді. Табиғат пен физикалық құбылыстарды бір арнаға

ұштастыра отыра жыл мезгілдерін сипаттайды. Мысалы, Ұлы Абайдың «Күз» деген өлеңінде:

«Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,

Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан»-деген жолдары аспанды жаппай торлап 4-5 км-ге дейінгі биіктікте болатын тұнжыр бұлт сұр бұлтты, күздің айнымас серігі тұманды-дымқыл тұман деп алуы күздің басқа жыл мезгілінен айырмашылығын айқын таныту үшін осындай ғылыми керемет сөзді қолдана білген. «Қыс» деген өлеңінде

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр, мылқау таңымас тірі жанды.

Үсті –басы ақ қырау, түсі суық.

Басқан жері сықырлап келіп қалды ... - деген жолдарында: «*Ақ қырау*»- кристалл мұздардың жұқа қабаты. Бұл кристаллдар әртүрлі пішінде болады. Бұл ауадағы су буының қатуы. Қырау болуы үшін міндетті түрде аздап болсын аяз болуы керек, сондықтан ауадағы ылғалдылық кристалланады. Яғни кристалл тақырыбымен байланыстыруға болады.

«*Басқан жері сықырлап*» қар тек қана аязды күндері ғана сықырлап дыбыс береді. Сықырлау үндестігі ауа температурасына байланысты болады. Мысалы, аяз қатты болған сайын, сықырлап дыбыс шығару сарыны жоғарлай түседі. Кейбір адамдар, қар дыбысының сипатын қабылдауына қарай ауа температурасын бағамдай алады. Қар сықыры – қардың өте ұсақ кристаллдарының шығарған дыбысы.

Сонымен бірге «*Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,*

Аязбен қызарланып ажарланды» - деген жолдарындағы «*Ұшпа*» - сөзі бұлт екенін, яғни шашыранды бұлт екені түсіндірілген.

“Күркіреп, күңіреніп, ұласып аспан, Сіркіреп, бұлт тамшылап, жаңбыр жауар”

деген өлең шумағындағы бірнеше сөздерді физикалық тұрғыдан түсіндіруге болады. Күркіреу, бұлттың пайда болуы, жаңбырдың жаууы, тамшы формасы, төмен құлауы. Физикада конденсация құбылысын түсіндіру, яғни үндестіктегі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты.

Бұл қазіргі физика –математикаға сай келеді. Байыптап қараған кісі Абай да ғылымды өнерге пайдаланудың айла-есебін табу туралы, осы нұсқаны жобалап, меңзеп отырғанын байқайды. Абай атамыз Аристотель, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ұлықбек, тағы да басқа Шығыс хакімдерінің еңбектерімен жақсы таныс болған деген дерекке сүйенсек, оның жоғарыдағы пайымдаулары жай ғана айтыла қалған сөз емес, үлкен білімпаздықтың көрінісі болып табылады. Мұның үстінде ол электр, су мен бу энергиясын пайдалану туралы нақты айтылып отыр, ал бұлар физика-математикасыз мүмкін еместігін Абай білген, сезген.


Абай тек қана табиғатты суреттемеген, табиғаттағы дыбыстарды ести білген, оны әнге қосқан. Абайдың “*Құлақтан кіріп бойды алар*” өлеңі бойынша мынадай сұрақтар қою арқылы өлеңнің физика тұрғысынан шешімін табуға болады. Ән-күй, яғни музыкалық дыбыстар қалай пайда болады, қалай

таралады. Дыбысты адам құлағы қалай қабылдайды, құлақтың осы тұста атқаратын функциясын қандай болатынын терең жеткізген.

Абай адам құрылысы мен дүние құрылымын байланыстыра білген. Біз аңыз ертегілерден 7 қат жер астына түссең де, 7 қат көкке ұшсаң да деген сөз тіркестерін кездестіреміз, тіпті мұсылман аңызында аспанның жеті қабаты бар деп түсіндіріледі. Қазіргі ғылыми тұрғыда дәлелденген ғарыш бөліктерімен сәйкес келеді. Ғарыш,яғни тәртіптелген әлем дегеніміз үйлесімді әсем үннен тұрады.Сөйтіп, «ғарыш»сөзі мен ұғымымда ғылымда алғаш рет қолданушы да Пифагор болған.Оның оқуы бойынша:Күн кіндігіне орналасқан,ал күннің төңірегінде қабат-қабат сфера бойымен Жер,Шолпан,Марс, аспан денелері үндескен гармониялық тәртіппен әндете зырлап тұрған әлемдік жүйе ғарыш деп аталады.Абай сөздерін оқи отырып дәйек келтірсем:Ғалым мен ойшыл-адамзат баласының мақтанышы. Ақылы мен сезімі басым адам ғана ғалым бола алады. Ғылымды біз ойдан шығармаймыз, ол бізді қоршаған әлем туралы түсінігімізді, бақылауымыздың және ойларымыздың нәтижесі ретінде көрініс табады.

Абайды ұрпағы халқының кемеңгері, өз ұлтының ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын дәл бейнелеп, қоғамдық дамудың қиындығын дұрыс көрсете білген қайраткері ретінде таниды. Абай – туған халқының, болашақ ұрпақтың өнегелі тәрбиешісі, ана тілінің бастауы, қамқоры. Ұлы ақын қозғамаған тақырып не мәселе бар ма? Оның аз сөзбен көп мағына беруі, өмірлік тірі дүниелерге теңгеріп айтуы, айналадағы сан алуан құбылыстарды дәлме-дәл айтуы – оның ойшылдығының белгісі. Абайдың кез-келген өлеңдер шумағын алып, оның әрбір сөйлемінің әр сөзін талдасақ, олардың сыры физикалық тұрғыдан ашылмақ. Әр сөзі өмірді танып білуге, адамның дүние танымдық көзқарасын қалыптастыруға ықпалын тигізеді.Табиғатты сүюге, оны қорғауға шақырады. Абай даналығын өлеңдерінің жан-жақтылығын қарастырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, алған білімдерін өмірде, кез келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйретеміз. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды екендігін естен шығармауымыз қажет.

Физика пәнінің 2 тоқсан бойынша білім сапасының көрсеткіші.



1. Қазақстан мектебі №7. 1995 ж
2. «Математика және физика» журналы, №2, 2004 ж
3. «ИФМ» журналы, №5, 2000 ж

Преимущества использования мультимедийных средств на уроках математики

Москаленко А.Н., Гимназия №45

Математика – предмет настолько серьёзный, что воспользоваться каждой возможностью оживления уроков – чрезвычайно важно. Необходимо стараться помочь ученику увидеть в серьёзном – доступное в скучном – занимательное, в обычном – необычное. Ведь интерес служит стимулом к дальнейшей работе ученика. Регулярное использование на уроках математики информационных технологий и заданий, направленных на развитие познавательных возможностей и способностей, расширяет пространственный кругозор школьников, способствует математическому развитию, повышает качество математической подготовленности, позволяет детям более уверенно ориентироваться в простейших закономерностях окружающей их действительности и активнее использовать математические знания в повседневной жизни. Чтобы ребёнок учился в полную силу своих потребностей, надо постараться вызвать у него желание к учёбе, к знаниям, помочь ребёнку поверить в себя, в свои способности. Дальнейшая работа требует от преподавателя ещё более интересных, разнообразных, целенаправленных упражнений по применению информационных технологий, чтобы добиться ощутимых результатов и быть удовлетворённым знаниями своих учащихся. Мы не можем не задумываться над тем, что ожидает наших учеников, зная, что будущее потребует от них огромного запаса знаний в области современных технологий. В данный момент, на пути становления информационного общества, основанного на разуме, интеллекте, эрудиции, необходимым качеством учащегося становится высокий уровень информационной культуры. Мы должны помочь ученикам освоить новые жизненно необходимые навыки в связи с тем, что современные информационные технологии всё глубже проникают в их жизнь.

Компьютер на уроках математики становится реальной необходимостью. Обучать на основе прогрессивных методов – значит обучать методам приобретения знаний. Эффективность проведения урока повышается за счёт того, что уменьшается роль «классной доски» как основного инструмента преподавания математики. Вместо доски используются демонстрации,

динамические рисунки, дающие возможность повторить объяснение, обращая внимание учеников на вызывающие затруднения моменты [1].

Увеличение умственной нагрузки на уроках математики заставляет задуматься над тем, как поддержать у учащихся интерес к изучаемому предмету, их активность на протяжении всего урока. Огромную помощь в решении этого вопроса может оказать компьютер. Его использование при обучении позволяет создать информационную обстановку, стимулирующую интерес и пытливость ума ребёнка.

Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша жұмыс формаларын қолдану өте маңызды. Мысалы: балалармен тақпақтар, мақал-мәтелдер, ертегілер оқу, музыкалық шығармаларды тыңдау, балаларды қазақ халқының қол өнерімен таныстыру, ашық есік күндерін өткізу, дөңгелек үстел, Шеберлік мектебі, экологиялық акциялар, лэпбуктар дайындау, танымдық-зерттеу іс-әрекеті, мультфильм, презентациялар көру, ермек ойындар, КТК, ойын-сауықтар, экскурсия, спорттық іс-шаралар.

Адамгершілік-патриоттық тәрбие беруде ең маңызды роль ана тілі болып табылады. Балаларды халық даналығының мөлдір бұлағы: мақал-мәтелдермен, жаңылтпаштармен, ертегі, аңыздармен сусындатамыз.

Қазіргі таңда іс-әрекеттің алуан түрін тиімді меңгеру үшін оқу-тәрбие процесін сапалы жүргізуге өз себебін тигізетін инновациялық жұмыс формалары кеңінен қолданылуда.

Мектеп жасына дейінгі ұйымның жұмысына инновацияны енгізу мектеп жасына дейінгі білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды кезеңі болып табылады. Кез келген инновация ортаны сапалы өзгертуден туатын жаңа компонентті құру және келесі кезекте оны енгізу болып табылады. Ал технология іс-әрекетте қолданылатын әртүрлі әдістердің жиынтығы болып табылады. Олай болса, мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық технологиялар заманауи компоненттер мен әдістерді құруға бағытталған.

Инновациялық іс-әрекеттің бағыттарының бірі педагогикалық жобалау болып табылады. Жобалау әдісін МДҰ-ның білім беру процесінде қолдану топ болып (тәрбиеші, балалар, ата-аналар, МДҰ мамандары) жұмыс істеуге үйретеді. Алға қойған мақсатқа жету үшін жеке алгоритм әрекеті өндіріледі. Қазіргі таңда балабақшада қолданылатын білім беру технологиялары өте көп. Оның ішінде денсаулық сақтау технологиялары, жобалау технологиясы, ақпараттық-коммуникациялық технология, ойын технологияларын атап өтуге болады.

Қорыта келе, инновациялық жұмыс формалары дегеніміз түсіндіруден түсінуге дейінгі аралық, монологтан диалогқа, әлеуметтік бақылаудан дамытуға, басқарудан өзіндік басқаруға өту болып табылады. Педагогтың басты нұсқамасы танымға емес, қарым-қатынасқа, тәрбиеленушілермен өзара түсінушілікке, шығармашылыққа талпынысынан тууы керек.

Өрлеу, алға басу бір орында тұрмау керек. Ол балабақшадағы білім беру саласында болуы керек және енгізу керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Бала мен балабақша» Республикалық педагогикалық журнал 2014 ж. № 3, 7-8 б.
2. «Бала мен балабақша» Республикалық педагогикалық журнал 2014 ж. № 10, 8-9 б.
3. Ғаламтор желісінен алынған мақалалар.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін
дамыту**

Абильмаженова Г. Б., «Балапан» бөбекжайы КМҚК

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының негізгі міндеттерінің бірі баланың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды міндеттесе, жеке тұлғаның шығармашылық ойлауын әрбір адамның жаңа білімді игеруіне, интеллектісі мен ойлау қызметінің артуына қажетті ықпал ретінде дамыту өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Соңғы жылдары отандық педагогика мен психологияда шығармашылық қабілеттерін дамытуға қызығушылық артта түсуде. Соның ішінде эксперименталды зерттеулер нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері арасында ерекше түрдегі қабілет - ерекше идеяларды тудыру, ойлаудағы дәстүрлі сызбалардан бас тарту, мәселелік жағдайларды тез шешу қабілеті анықталды. Мұндай қабілет шығармашылық деп аталады [1].

Сонымен шығармашылық дегеніміз – адамның өмір шындығына, өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек.


Мектепке дейінгі кезең - шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу үшін ең оңтайлы кезең. Дәл осы жас кезеңінде тұлғалық жеке қасиеттер пайда болады, ал олардың негізінде қабілеттер мен бейімділіктер қалыптасады. Балабақшада бала әр түрлі іс-әрекет түрлері негізінде шығармашылық тұрғыдан дами алады. Балабақшадағы әр түрлі оқыту және ынталандыру ойындары баланың шығармашылық әлеуетін ашуға арналады [2].

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту үшін бірнеше шарт орындалуы керек. Олар:

- шығармашылық қабілетін ерте бастан қолға алу;
- жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болуы;
- ойлау мүмкіндігінің ең жоғары деңгейде болуы;
- шығармашылық іс-әрекетке жағдай туғызу.

Біз өзіміздің «Балапан» бөбекжайымызда мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша мақсатты жүйелі жұмыстар жүргіземіз. Осы негізде біздің тараптан өнделген ұсыныстардың расталуын тексеру мақсатында балабақшадағы балалардың шығармашылық қабілетінің дамуына диагностикалау жұмыстары жүргізілді. Бұл диагностикалық жұмыстың мақсаты балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді жолдарын зерделеу болды.

Шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтауға «Сенің таланттарың» әдістемесі (В. В. Юсупова) қолданылды. Диагностикалау жұмысы барысында әдістемесі бойынша келесі нәтижелер алынды. Шығармашылық әлеуеттің төмен деңгейі – 60 %, өйткені шығармашылық ойлау тек өздеріне маңызды мақсатпен әуестенген кезде ғана пайда болды, шығармашылық әлеуеттің орташа деңгейі 40% – қызығушылық танытқан кезде тапқырлық пен парасаттылық көрініс береді және жоғары деңгей-0 % (сурет 1).



Сурет 1. «Сенің таланттарың» әдістемесі бойынша зерттеу нәтижелері (В. В. Юсупова)

Осылайша, мектеп жасына дейінгі балаларға арналған психодиагностикалық жұмыс балалардың шығармашылық қабілеттер деңгейін

анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен, сыналушылардың 60 % - да шығармашылық қабілеттің төмен деңгейінің белгілері байқалады, бұл шығармашылық қабілеттерін дамыту деңгейін арттыруға бағытталған дамытуға жұмыстарын жүргізуге негіз болды.

Балалардың шығармашылық қабілетінің дамуына қол жеткізу үшін шығармашылық тапсырмалар қолданылып, шығармашылық ахуал жасалды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған ойындар кешені келесілер:


- «Айналдыру» - балаға 4 шеңберді салу ұсынылады, олардың әрқайсысын бір нәрсеге айналдырып жалғастырып салып жіберу керек, мысалы, күнге, гүлге, әуе шарына және т.б. айналдыруы қажет. Басқа да геометриялық фигуралармен дәл солай істеуге болады.

- «Онда не бар, қандай да бір затты қорабшаға салыңыз, бала онда не жасырынғанын табуы керек, сұрақтар қоюына болады.

- «Жақсы-жаман» сіз затты немесе құбылысты атайсыз, ал бала оның жақсы - жаман жақтарын атауы керек. Мысалы, үтіктеу: жақсы - киім –кешек үтіктеледі, жаман жағы күйдіріп алуға болады, жел: жақсы - күні ыстық болмайды, жаман-суық тиіп ауырып қалуға болады.

- «Не болады, егер...» - балаға қиялдауға ұсынылады: егер барлық адамдар алпамысқа айналса..., ыдыс-аяқ жоқ болып кетсе..., мысықтар адам тілімен сөйлеп кетсе... және т.б.

Жүргізілген жұмыстың тиімділігін анықтау үшін диагностиканы қайтадан жүргіздік. Диагностика барысында «Сенің таланттарың» әдістемесі бойынша (В. В. Юсупова) келесі нәтижелер алынды. Шығармашылық әлеуеттің төмен деңгейі – 35%, өйткені шығармашылық ойлау тек өздеріне маңызды мақсатпен әуестенген кезде ғана пайда болды, шығармашылық әлеуеттің орташа деңгейі 50%– қызығушылық танытқан кезде тапқырлық пен парасаттылық көрініс береді және жоғары деңгей-15 %-ға жетті (сурет 2).



Сурет 2. «Сенің таланттарың» әдістемесі бойынша зерттеу нәтижелері (В. В. Юсупова)

Жүргізілген зерттеу жұмысының қорытындысына орай келесідей ұсыныстар беруге болады:

1. Баланың шығармашылық қиялын арнайы бөлінген уақыт пен орында ғана емес, барлық жерде де дамытуға болады.

2. Баланың дамуына қоршаған жағдайы мен атмосферасы ықпал етуі тиіс.

3. Балада балалар шығармашылығына арналған барлық материалдар мен құралдар: бояулар, ермексаз, түрлі-түсті қағаз және басқалар болуы тиіс.

4. Баланың қауіпсіз шығармашылық бастамаларын ынталандыру қажет.

5. Баланың шығармашылық ізденісінің салдарларынан оның қолы бояулармен былғанған болса ұрыспау қажет.

6. Баланың бастамасын қолдау қажет және сабақтарды қызықсыз етіп жібермеу керек.

7. Баланың миына мүмкіндігінше көп ақпарат беруге тырыспаған жөн. Басты міндет балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

8. Шығармашылық қабілеттерін дамыту уақытпен жүзеге асырылмай, тұрақты сипатта болуы тиіс.

9. Мектепке дейінгі жастағы баланы дамыту және оқыту тек ойын, ойын тапсырмалары мен жаттығулар арқылы ғана өтуі тиіс.

Қорыта келгенде мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша «Балапан» бөбекжайымызда жүргізілген мақсатты жүйелі жұмыстарымыз оң нәтижесін берді. Осы негізде біздің тараптан қойылған болжамымыз расталды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді тәсілдер зерделенді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. URL: <http://www.expeducation.ru/ru/article/view?id=9130> (өтініш берген күні: 06.01.2020).

2. Қани Ж. Шығармашылыққа баулу. Алматы, №3, 2012, №3.

3. «Творим, изменяем, преобразуем» / О. В. Дыбина. – М.: Творческий центр «Сфера», 2002 г.

«Бейнелі рөлді ойын – бала үшін өмірлік тәжірбие»


КМҚК «Айсұлу» бөбекжайы, Ажибаева Б.Е., Усенова Г.К.

Ерте заманнан үлкендердің іс – тәжірбиесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін, ойын ірекеті балалардың бағалы өмірінің алғашқы күндерінен бастап – ақмаңызы зор. Белгілі педагог А.С.Макаренко баланың ойын үстінде түрлі таным түсініктері, қасиеттері дамып, қабілеті мен белсенділігі артатынын атап көрсеткен. Ойын түрлері бірнеше топқа бөлінеді. Қимылды ойындар, ұлттық ойындар, дамытушылық ойындар сонымен қатар бейнелі рөлдік ойындар. Ойын балалардың ой – өрісін дамытып, ойлау қабілетін, сонымен қатар шығармашылық ойлау қабілеттерін, көп көмегін береді. Балалар ойын ойнау барысында үлкендерге еліктейді.[1]

Ал бейнелік рөлдік ойындарды ойнау балаларға өздерін үлкендердің орнына қойып, ата – ана рөлін атқаруға үлкен мүмкіндік береді. Ойын барысында балалардың мүмкіндіктері мол болады. Балалардың

серіктестікке, ынтымақтастыққа, бірігіп ойнауға деген қызығушылықтарын арттырады.


Баланың жас ерекшелігіне қарамай, яғни адам балалық шағынан бастап кәрілікке жеткенше ойын қажеттілігі жетелеп отырады. Ал жас баланың ой – өрісі ойын арқылы дамиды. Ойын барысында баланың адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы қалыптасады. Ойынның бала өміріндегі маңыздылығы сол, бала бойында мына қасиеттер дамып, қалыптасады. Атақты педагогтар В.А. Сухомлинский, Н.К.Крупская, К.Д. Ушинский ойын балалардың ой өрісін дамытуда, дүние танымын қалыптастыруда практикалық маңызы зор екенін атап көрсеткен.[3]



Кез келген ойын элементі бірнеше мақсатқа бағытталады. Баланың қызығушылығын, ынтасын, тілін дамыту, зейінін, ойлау қабілетін белсенділік қасиеттерін арттырады. Ойында кішкентай баланың мінезі, оның өмірге деген көзқарасы мен армандары айқындалады. Балалар, ойнап жүріп күрделі өмірлік проблемаларды шешеді. Осы ойындардың арқасында балалар өз істеріне баға бере білуге, өзінің сезімін, әдет-дағдысын бақылай және басқара білуге, сонымен қатар жанындағы адамдарды табиғи болмысымен қабылдап, ізгі ниет, ықылас таныта білуге үйренеді. Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді – адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі болып табылады. Өз ойындарында балалар отбасының тұрмысын, елдің жағдайын, адамдардың жұмысын жалпы күнделікті өмірде көретін және еститін құбылыстарды бейнелейді.

Бейнелі - рөлдік ойынның міндеті – баланың қызығушылығын туғызып, сезімін оятып, рухани – адамгершілік қасиеттерін арттыру. Сонымен қатар өзара сыйластық, қамқорлық, жанашырлық құндылықтарын дамыта отырып, мейрібандылық, жақсылық жасауға тәрбиелеу. Бұл құндылықтар – бір күнде қалыптаса қалатын қасиет емес. Бұл балабақшадан бастау алып, өмір баспалдақтарында шыңдалып, біртіндеп қалыптасатын қасиет. Ойынды бала күнделікті өмірмен байланыстырып отырады. Көрген, білгенін үлкен адамның көленкесі ретінде қайталап бере алады. Мысалы: «Дүкен» «Емхана» «Мектеп» «Шаштараз» «Жанұя» ойындарын балалар рөлдерге бөліп жиі ойнайды. Ойында балалар қиялдағы ойларын іске асырады және екі немесе бірнеше бала арасында диалог туады. Мысалы, балалар ойын ойнап жүргенде бақыласақ үлкендерге еліктеуде тек жағымды қасиеттерін емес сонымен қатар ата-ананың жағымсыз жақтарын яғни, қатыгездік немесе маскүнем адам рөлінде де ойнап жататын кездері болады. Ойындай жағдайда ойын шартын

бұзып алмай тәрбиеші педогог ретінде емес бала есебінде болып ойынға араласып дұрыс бағдар беруге міндетті. Ойын тақырыбын, оны әрі қарай өрбітіп, түрлендіріп, жағдаяттардың тіпті қалай аяқталатынын да балалар өздері шешіп іске асыра алады. Сәбилер тобынан бастап бейнелі ролдік ойындарды іске асыру барыысында, балалардың мына қасиеттері дамып бала бойына қалыптаса береді.[2]



Балаға ойынды ұсынбас бұрын тәрбиешінің алдына қоятын талабы:

- Балаларға рөлді орындауда жағымды қарым-қатынасты орната білуге көмек көрсету.
- Жағдаяттар туғызу арқылы, іс-әрекетте ойын сюжетін құрастыра білуге.
- Ойынға қатысушылардың санын шектемеуі.
- Ойын жабдықтарының эстетикалық талаптарға сай дайындауы.
- Құрал – жабдықтарды пайдалануда қауіпсіздіктің сақталуын қадағалау.

Тәрбие мен білім беруді ұштастыру ойынның басты – мақсаты. Ойынға белсенді түрде қатыстыруда баланың ұжымдық әрекеттері дамиды.

1. Қисынды ойлау қабілеті дамиды.
2. Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді.
3. Сөздік қоры, тілі дамиды.
4. Зейіні қалыптасады.
5. Байқампаздығы артады.
6. Өзара сыйластыққа үйретеді.
7. Ойынның ережесін бұзбау, тәртіп сақтауды үйренуі.
8. Бір-біріне деген бала сенімі артады.
9. Ойынға қызығушылықтары артады.

Ойын соңында тәрбиеші балалардың іс – әрекетін қортындылай отырып, ойын барысындағы мінез – құлықтарының жағымды жақтарын айтып өтіп жоғары баға бергенін айтып мадақтайды. Ал бейнелі рөлді ойынды әрі қарай өрбіту үшін тәрбиеші әртүрлі сюжетті суреттерді балаларға қарауға ұсыныс жасайды. Уақыт өтіп, балалар ойынның уақытын ұзаққа созып ойнайтын болса, онда біздің мақсатымыздың орындалғаны. Яғни, ойындағы ауырпашылықтарды жеңу оларды қызықтыра түседі де, олардың достық қарым – қатынастары нығаяды.

Қорытындылай келе, ойындар балалардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі. Олар кез – келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, балалардың көңіл – күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және өтілген тақырыпты жеңіл меңгеруге көмектеседі. Тақырыпты ашу барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі қолданылып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана тәрбиешінің ойын мақсатын ашуына мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Ойын әрекеті арқылы белсенділікке баулу» Петров А.В. 2001.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы, Алматы – 1981 жыл
3. Балабақшадағы балалардың тілін дамыту әдістемесі Алматы – 1985 жыл

Жаңартылған білім беру жүйесін мектепке дейінгі білім беру үрдісіне енгізудің маңыздылығы

Айгирова Б.А., «Бәйтерек» бөбекжайы ҚМҚК

Мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сүйене отырып, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бағдарламаның негізгі бағыттарын ескере отырып бір жылға бекітіліп жазылатын құжат. Бес білім саласы бойынша оқыту және оқу жоспарын жасайды. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында қарастырылған тиімді өзгерістер балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес балауәні, дербестігі, қызығушылықтары, қажеттіліктері, коммуникативтілік дамуы, сыни ойлауы, командада ұжымдық жұмыс істеу, сыни ойлауы қарастырылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі мақсаты баланың жас ерекшелігіне сай әлеуетті мүмкіндіктерін барынша дамытуға, функционалдық тұрғыдан сауатты, кез келген өмірлік жағдайларда меңгерген білім, білік, дағдыларын тиімді қолдануға қабілетті бірегей тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Перспективалық жоспардың тиімді жағы смарт мақсаты, күтілетін нәтижесі анық, мақсаты өлшемді, нақты, шынайы бір уақытқа негізделген. Бағдарламаның негізгі идеялары балалардың бойында ерте жастан дамыту қажет негізгі дағдылармен тығыз байланысты. Сыни ойлау, креативтілігі, коммуникативтік қарым-қатынасқа түсу. Командада жұмыс істеу. Бұл идеялар балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін, олардың психофизиологиялық және жас ерекшеліктерін ескерумен тығыз байланысты және баланың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына оң ықпал етуге бағдарланған.

Балалардың өз ойларын еркін, анық жеткізе білу болашақта жеке тұлға болып қалыптасуына көп мүмкіндік тудырады.

Смарт мақсатында балалардың түйінді идеялары көрсетіледі. Күтілетін нәтижені мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сүйене отырып жазамыз. Күтілетін нәтижеден мақсаты жазылады. Ойын барысында мақсат анық, нәтижелі меңгеріледі. Мақсатына жету арқылы дағдыны бағалаймыз. Дағдыны мемлекеттік стандартқа сүйене отырып жазамыз. Баланың даму қарқына қарай бағалау, индикаторлар қойылады. Индикатор әр жеке балаға бағаланады. Болашақта баламен ары қарай жұмыс істеуге, тиімді әдіс-тәсілдерді ұсынуға бағыт-бағдар береді.

Жаңартылған оқу бағдарламасында мақсаты: балалардың жас ерекшеліктеріне және мүмкіндіктеріне сәйкес білім, керекті ресурстар ұсына отырып, жан-жақты дағдыларды қалыптастыру, сөздік қорларын дамыту, еркін, дербестік қалыптастыруға реттеу.

Баланың қажеттілігі ескеріледі. Баланың өмірін қорғауды, денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық кеңістіктік дамытушы орта құру, балалардың қол жетімді, сапалы материалдармен толықтырылып, жаңартылып отырылады.

Циклограмма-перспективалық жоспарға сәйкес әр апта бойынша балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқып-үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған ортақ тақырыптарды жан-жақты ықпалдастырып апталық жоспар жасалады.

Циклограммада санитарлық ережелер талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктері ескерілген әрбір режимдік кезеңнің міндеттері, мазмұны және ұзақтығы белгіленеді.

Ұйымдастырылған тәрбие мен оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін қолдана отырып, күнделікті баланың өмірін мен тәрбиесін апталық ұйымдастырудағы жоспарлайтын құжат. Бір аптаға негізделіп жазылады. Күн тәртібі анық уақытымен баяндалынады. Жаңартылған білім беру бағдарламасына сүйене отырып түйінді идеялармен құрылды. Ойын баланың басты ісі болғандықтан ойындар жас ерекшеліктеріне қарай қауіпсіздік ережелерін сақтау ескертіледі.

Ойындар тәрбиешінің жетекшілігімен жүргізілетін, құрылымдалған, еркін ойындар, ережелі ойындар. Ойындарда денені шынықтыру, белсенді жаттығулар, тілдерін дамыту, коммуникативтілік қарым-қатынас, сыни ойлау, қызығушылықтары, белсенділігі, дербестілігі ескеріледі.

Ұсақ қол моторикасы артады. Танымдық қабілеттері (түстерді, пішіндерді) арттады. Менің тәжірибиедегі танымдық оқиға барысы:

Бақылау барысында «Балдәурен» тобында Камшат есімді қыз баланың қызығушылығымен осындай танымдылық оқиға орын алды. Камшат атты баланың қарға қызығушылық танытуы, қар қайдан пайда болады? - деген сұрақ кезінде туындалған жағдаят. Бір баланың қызығушылығымен басқа балаларды қамти отыра, нақты іс-әрекет арқылы, ертегіні сомдау, сурет салу, сұрақ жауап арқылы балалармен бірге қардың түсі, салмағын, пайдасын, денсаулыққа тиімсіз жақтарын түсіндіру. Сурет бойынша әңгімелесу барысында балалардың

қызығушылығы арттып, өзара коммуникативтілік тіл қарым қатынасқа түсіп қызу талқылады. Сурет бойынша әңгімелесе отырып балалар киім кию реттілігін және сол киімдердің пайдасы, ойын ойнағанда ыңғайлығы туралы түсінді. Дәстүрден тыс сурет салу барысында балалар тіс щеткасымен сурет салуға қызығушылықтарын танытты. Әр бала салған суреттерін өздері бір бірімен салыстырып, қаршықтардың қандай пішінде, түстерімен айырмашылықтарымен бөлісті. Сурет салу барысында сурет салу техникасын сақтай отырып, кеңістікті дұрыс бағдарлау, қылқаламды дұрыс ұстау, түстерді дұрыс таңдауы назардан тыс қалмады. Қардың түсін таңдағанда балалардың өз еріктерімен ақ пен көк түсті араластырып, көгілдір түсті пайдаланды. Балалардың дербестігі, қызығушылықтары, креативтілігі, сыни ойлауы орын алды.

Ертегіні сомдау барысында балалар бір-бірімен еркін қарым-қатынасқа түсе білді. Эмоционалды көңіл-күйлерімен ертегіні әр кейіпкер өздері таңдаған рольдерің ойнап шықты. Ертегіні сомдау барысында тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, дыбыстың айтылу артикуляциясын қалыптастыру, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдана білу. Ойын баланың басты ісі болғандықтан ойын барысында балалардың ой өрісін дамытып, креативтілігі артыру, баланың қызығушылығын арттыру. Зерттеу барысында балалар қызығып, зерттеуге кірісіп кеттік.

Балалар өздері көріп, қолдарымен ұстап сынағылары және зерттелмегенін зерттегілері келеді Сонымен қатар балалар тәжірибе жұмысында бірнеше тұжырым жасауды үйренеді, мысалы, «қарға ыстық су құйылса қар ериді, алақанға салып уқалағанда қардың еруі». Бала ойын барысында, сурет салу, мүсіндеу, тәжірибе жасаудың көмегімен жеңіл түсінеді және қоршаған әлемде заңдылық байланыс орнатады. Жануарлардың тұрмыс тіршілігімен таныстыра отырып, ұйымдастырған оқу қызметіне әр түрлі ресурстарды, жануарлардың суреті, жануарлардың іздерінің суреттерін пайдалана отырып жетелеуші сұрақтар қою арқылы балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыра алдым. Ата-аналардың көмегімен бірге көрме ұйымдастырып, қызығушылықтарын аттырдық.

Әр топқа бөлінген балалардың жұмыс жасау барысында әр баланың қызығушылығы, сыни ойлауы орын алды. Көрме ұйымдастыру барысында балалар бір бірімен коммуникативтік қарым қатынасқа түсе білді. Бір біріне қолдау қорсетіп, салынған суреттері арқылы өз ойларымен бөлісті. Ойын арқылы баланың креативтілік, шығармашылық, зияткерлік, әлеументтік және тұлғалық дамуына оң ықпал ете алдым. Балаларды мадақтап, қолдап отырдым.

Ата-аналар балаларының іс-әрекеттеріне өздері баға беріп, ары қарай бірге іс-шараларды бірге өткізуге қызығушылықтарын білдірді.

Бүгінгі жасаған тәжірибе жұмысындағы мақсатым, балаларға табиғат құбылыстарымен қызықты тәжірибе арқылы ұсынысын қалыптастыру. Ертегі, суретпен жұмыс істеу барысында креативтілік, командада жұмыс істеу, сыни ойлауы, қызығушылықтары, қажеттіліктері ескертілді.

Қардың табиғаттағы өзгеруін ұғындыру, қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен, жаңашырлықпен қарауға тәрбиелеу.

Қорытындылай келе балалардың қабілеттің тұлғалар ретінде қарастыратын қарым-қатынастар құруға мүмкіндік беру. Әр түрлі бала жасына сай ойындарды болашақтағы жоспарлауымда балалардың сеніміне, зияткерлігіне, болашақта азаматтық тұлға ретінде дамуына ықпал ете отырып осы ойын түрлерін тиімді әдіс-тәсілдерді, түйінді идеяның негізгі аспектеріне көңіл аудара отырып жүзеге асыруына өзімнің шешімімді қабылдадым.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқудың үлгілік оқу бағдарламасы. Астана 2016ж
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДБҰҰ, 2016ж
3. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика/әдістеметік құрал/Алматы, 1994ж

Включение фольклорного жанра в раздел «ФЭМП» ОУД

Александровская Н.И, КГКП «ясли сад «Алтын сақа»

Изучать точные науки нынешним детям скучно. Старыми способами обучения, их ничем не удивишь. Требование же современного обучения в школе – это умение детей не просто называть, показывать и рассказывать, а логически рассуждать и доказывать. А математика занимает особое место в интеллектуальном развитии ребёнка, так как он усваивает такие понятия как геометрическая фигура и тело, число и счёт, величины и измерение, также ориентировку в пространстве и другое. Она развивает логическое мышление, познавательные способности, даёт понятие о научных терминах.

Некоторые выдающиеся педагоги говорили о возможностях, которые заложены в народном фольклоре (УНТ – устное народное творчество) как средстве обучения и воспитания, повышения общего и математического содержания интеллекта детей. Именно поэтому мною было предложено воспитателям включать в раздел «ФЭМП» малые фольклорные формы. Тем более, что на современном этапе воспитания очень большое внимание уделяется нравственно-патриотическому воспитанию.

Детский фольклор связан с игрой и является частью народной педагогики. Его жанры основаны на учёте психических особенностей детей. Ведь малые фольклорные формы коротки по содержанию, большей частью зарифмованы, доступны пониманию для детей. Из устного народного творчества можно применять пословицы, поговорки, загадки, считалки, скороговорки и даже

короткие математические сказки. УНТ – это сокровища народной речи и мудрости, они полны ярких образов, построены на оригинальных звучаниях. Мы считаем, что они могут широко использоваться в работе с дошкольниками, таким образом:

1) Как приём обучения при знакомстве с новым материалом (предмет, фигура, число, знак).

2) Как приём, который развивает внимание при закреплении знаний.

3) Как игровой (занимательный) материал.

Конечно, есть программы и методические указания, которые можно использовать в обучении детей математическим основам. Но они разработаны без включения игровых моментов, что делает обучение скучным. Поэтому для повышения интереса детей к математике и развитию у них способности анализировать, экспериментировать, заниматься поисковой деятельностью мною разработаны рекомендации для воспитателей по использованию малых фольклорных жанров в ОУД по разделу «Математика». И я предлагаю в работе с детским фольклором придерживаться следующего:

- Обучение должно носить развивающий характер.

- Воспитание должно включать культурно-нравственные основы и развитие этических чувств, в соответствии с культурным наследием народа (Исаев И.Ф., Мухамбаева А.А., Ушинский К.Д. и другие.).

- Для воспитания нравственно-патриотических чувств использовать идеи народной педагогики или этнопедагогики (Виноградов Г.Н., Ушинский К.Д., Яковлева Т.В., Нүсіпбекова М.И., Сейілгазинова С.А. и другие.).

Мы с воспитателями подобрали и систематизировали фольклорный материал, который можно использовать на математике в разных возрастных группах. Например:

1. Загадки. Загадки являются средством усвоения представлений о некоторых математических понятиях (множество, отношение, величина, число, геометрическая фигура и т.д.), привития любви к народному творчеству, образному слову, развитию памяти, мышления и речи.

➤ Загадки, в которых есть слова, связанные с понятием числа и цифры. «Восемь ног, как восемь рук вышивают шелком круг» (Паук).

➤ Загадки, в которых есть слова, связанные со сравнением множеств, величин, чисел: больше-меньше, выше-ниже, длиннее-короче, шире-уже и т.д. «Чуть дрожит на ветерке лента на просторе, узкий кончик – в роднике, а широкий в море» (Река).

➤ Загадки, в которых есть слова, связанные с временными представлениями и понятиями: части суток, вчера, сегодня, завтра, дни недели, месяца, времена года и т.д. «Братьев этих ровно семь. Вам они известны всем. Каждую неделю кругом, ходят братья друг за другом. Попрощается последний – появляется передний» (Дни недели)

➤ Загадки, в которых есть слова, связанные с пространственными представлениями и понятиями. «Тра-та-та! Тра-та-та! Сверху кожа, снизу тоже, в середине пустота» (Барабан).

➤ Загадки, в которых есть слова, связанные с формой предметов, раскрывающие свойства геометрических фигур. «Кругла как шар, красна, как кровь, сладка, как мёд» (Вишня).

Загадка может стать исходным материалом для знакомства с некоторыми математическими понятиями: число, отношение, величина, части суток, геометрические фигуры. Например, загадку «Вспушит она свои бока, свои четыре уголка. И тебя, как ночь настанет, всё равно к себе притянет» (Подушка), можно использовать для знакомства с числом и цифрой. «Он давно знакомый мой, каждый угол в нём прямой. Все четыре стороны одинаковой длины. Всем его представить рад, как зовут его?» (Квадрат) – для знакомства с геометрическими фигурами. Использование загадок по математике способствует не только знакомству, закреплению, конкретизации знаний детей о числах, величинах, геометрических фигурах, но и обогащению словаря.

2. Скороговорки, пословицы, поговорки, считалки.

➤ *Скороговорки.* Можно использовать скороговорки со словами, связанными с математикой, например, при знакомстве с числом и цифрой 4 предложить разучить скороговорку «У четырёх черепашат по четыре черепашонка». Вспомнить, какое слово связано с данным числом, какая цифра соответствует этому числу, назвать соседей этого числа. Методика работы над скороговоркой проста. Сначала воспитатель произносит её, дети слушают, затем они повторяют очень медленно, но не по слогам, потом убыстряя темп, а взрослый, в этом случае, выступает в роли дирижера.

➤ *Пословицы и поговорки.* Пословица – краткое изречение с назидательным смыслом, народный афоризм. Поговорки – выражение, преимущественно образное, не составляющее, в отличие от пословицы, высказывания и не являющееся афоризмом. «Не узнавай друга в три дня – узнавай в три года». Поговорка, не имеет нравоучительного, поучающего смысла, тем не менее, ей свойственна метафоричность: «Убил двух зайцев. Семь пятниц на неделе. Заблудился в трёх соснах».

➤ *Считалки.* Интересные возможности представляет воспитателю работа со считалочками, то есть короткими рифмованными стихами, с помощью которых дети могут выбрать ведущего, или распределения ролей в игре. Считалки обучают детей артистизму, развивают память, учат честности в игре, учат вести пересчёт. Таким образом, считалка способствует выработке личностных качеств: благородство, честность, товарищество, способствует физическому развитию детей, так как чаще применяется в подвижных играх. Считалки можно использовать на математике и с целью закрепления счёта в прямом и обратном порядке, развития временных представлений и другое. «Один, два, три, четыре, пять – вышел зайчик погулять» «Один, два, три, четыре, пять, шесть, семь, восемь, девять, десять – выплыл в небе ясный месяц. Девять, восемь, семь, шесть, пять, четыре, три, два, один. В прятки мы играть хотим», «Раз-два, раз-два, раз-два-три! Вслед за мною говори: в понедельник, вторник, среда – в гости к бабушке поеду. А в четверг и пятницу

санки к дому катятся, за субботой воскресенье, в этот день пекут печенье. Раз-два, раз-два, раз-два-три! всю считалку повтори!»? «Бес балаға бір бешпет, берге киіп, бір шешпек. (қолғап)

3. Сказки. Мир детства невозможно представить без сказки. Задачи со сказочным сюжетом помогают связать имеющиеся знания у детей дошкольного возраста с окружающей действительностью, применять их при решении различных жизненных проблем, способствуют формированию более глубоких и чётких представлений о числах и смысле производимых над ними действий. Присутствие сказочного героя на занятиях придаёт обучению яркую эмоциональную окраску, что в свою очередь способствует более эффективному усвоению как математических представлений, так и литературного содержания.

Предлагаю воспитателям подготовить подборку пословиц, поговорок на основе наследия казахского народа. Сделать картотеку по разным рубрикам. Включать в организованной учебной деятельности фольклор для повышения интереса у детей. Картотека поможет находить необходимый материал для того или иного раздела.

Думаю, что результатом работы по включению народного фольклора в обучение детей математическим понятиям будут являться положительные эмоции, веселое, бодрое настроение детей, которое поможет в развитии памяти, мышления, речи и даст возможность заинтересовать детей. И если мы будем включать народный фольклор на такой организованной деятельности, как математика, то короткие запоминающиеся поговорки, пословицы и считалки помогут детям не только усвоить необходимый материал раздела «ФЭМП», но и национальное воспитание придаст самобытность, наделит духовностью, будет воспитывать у детей дух патриотизма.

Таким образом, в фольклоре сочетаются разные функции: познавательная, практическая, воспитательная, эстетическая, мнемоническая. Он помогает прививать ребёнку навыки поведения в коллективе, повышает интеллектуальный уровень, приобщает к народным традициям. Народный фольклор приносит радость приобщения к светлым мыслям, стимулирует познавательную активность детей, конкретизирует знания детей о форме, величине, пространстве предметов, способствует тренировке мышления, памяти, речи.

Список литературы:

1. Берёзина Р.Л., Михайлова З.А., Столяр А.А. «Формирование элементарных математических представлений у дошкольников». – М., 1988.
2. Ерофеева Т.И. «Математика для дошкольников. Книга для воспитателей детского сада». – М., 2007.
3. Нүсіпбекова М.И., Сейілгазинова С.А. «Хрестоматия» 2007.
4. Фидлер М. «Математика уже в детском саду». М., 1991.

Об инновационном обновлении логопедической работы коррекционно – образовательного процесса, посредством развития сенсорного восприятия у детей с особыми образовательными потребностями

Алексушина В.В., Бордунова О.Н., КГКП «Ясли – сад «Ақбота»

Модель логопедической деятельности дошкольного образования представляет собой целостную систему, включающую диагностические и коррекционно - развивающие аспекты, обеспечивающие уровень речевого развития у детей с особыми образовательными потребностями [1, с 11].

В связи с этим работа учителя – дефектолога и логопеда дошкольной организации ведется в следующих направлениях: коррекция психических процессов, развитие общей моторики, развитие мелкой моторики пальцев рук, развитие артикуляционной моторики, развитие фонематических процессов, формирование элементарных математических представлений, обучение грамоте, развитие лексических навыков, развитие связной речи, сенсорное развитие.

Овладение эффективными современными образовательными технологиями определяет компетентность педагога в дошкольной организации к его педагогической инновационной деятельности. [5, с 37].

В образовательном процессе эффективно используются традиционные и современные методы и приемы, в их числе:

- методы гуманной дидактики – деятельность с детьми, основанная на развитии познавательного интереса, широком применении игровых методов и приемов;
- интегративный метод (непосредственно образовательная деятельности, где в основу положен принцип интеграции образовательных областей;
- использование ТРИЗ – технологий в развитии креативности и детского творчества»;
- методы, основанные на применении современных информационно-коммуникационных технологий (компьютерные презентации, видеоэкскурсии);
- метод – взаимодействия детского сада и семьи ребенка;
- метод сенсорной интеграции – это процесс, во время которого происходит получение информации нервной системой от рецепторов всех чувств.

Любая инновация представляет собой не что иное, как создание и последующее внедрение принципиально нового компонента, вследствие чего происходят качественные изменения среды [3, с 4].

Все эти составляющие можно реализовать через эффективное использование современных образовательных технологий.

В нашей работе мы используем метод сенсорной интеграции, как важный инструмент преодоления негативизма без речевого ребенка. Вот некоторые группы игр, которые используются в коррекционной работе с детьми с особыми образовательными потребностями:

Ходьба по коврику - стимулирует точки ощущения на стопе, развивает координацию движения, равновесие.

Это многофункциональное пособие для развития моторики, которое можно использовать для эмоционального настроя ребенка. Для проведения рефлексии. Мы применяем данное пособие, как на индивидуальных занятиях, так и на групповых. Данное пособие играет не маловажную роль в процессе развития и становления личности ребенка.

Математические игры - формируют интересы к математике через интересные и познавательные задания, игры, создание условий для развития внимания, памяти. Используя данный вид пособия на занятиях, у детей развиваются все мыслительные процессы [4, с 31].

Волшебный куб-формирует у детей ассоциативно-творческое мышление, тактильные чувства, развивает воображение, память, внимание, восприятия. Волшебный куб эффективно применять на индивидуальных занятиях, что улучшает знания ребенка об окружающем мире. Дошкольник познает предмет сначала на ощупь, затем ему предлагается рассказать об этом предмете. В этот момент формируется развитие связной речи, так как у ребенка задействованы все процессы его развития.

Песковая терапия - развивает психические процессы, влияет на эмоциональное состояние детей. Песок – это развивающая среда, в которую ребенок вступает без страха сделать что-то не так. Дошкольник переносит все свои фантазии на плоскость песочницы, он самостоятельно контролирует свои побуждения и желания. Выражает их в той или иной форме. Применение данной терапии на занятиях способствует созданию психоэмоционального комфорта, в данной терапии у ребенка уходит напряжение, утомляемость, развиваются положительные эмоции [2, с 21].

Игры с крупами - формирование мелкой моторики пальцев рук и кистей, координация движения, усидчивости. Учит сравнивать предметы разных размеров. Как и во все остальные игры, с крупами надо играть, чтобы ребенок был положительно настроен. В такой момент он готов познавать что – то новое. Данная игра подходит и для домашнего пользования. Данное пособие также эффективно для групповых и индивидуальных занятий. Дети выполняют задания на скорость, на эффективность, на результат. Мы на занятиях используем все виды круп, различные игры с ними. Все это благотворно влияет на развитие ребенка в целом.

Бизиборд – развивающая игра, созданная по методике Марии Монтессори, развитие мелкой моторики рук, речь, тактильные ощущения, воображение, память, мышление, усидчивость. Данное пособие вырабатывает у ребенка усидчивость, внимательность, закладывает фундамент формирования ребенка в развивающей предметно- пространственной среде. Используя бизиборд на занятиях, я повышаю интерес детей к выполнению заданий. Данное пособие служит предметом интеграции элементов всех образовательных областей развития ребенка. Применяя бизиборд на

подгрупповом занятии, можно наблюдать, как дети совместно выполняют задания, ищут различные способы решения той или иной ситуации [1, с 17].

Таким образом, используемые нами в коррекционной работе приемы сенсорной интеграции способствуют удовлетворению потребности ребенка в осознании себя, а так же окружающего предметного мира, обеспечивают развитие моторных, речевых, коммуникативных, познавательных, сенсорных умений и благотворно влияют на развитие ребенка в целом.

Список литературы:

1. Венгер Л.А. «Дидактические игры и упражнения по сенсорному воспитанию дошкольников» М.: Просвещение, 2008.

2. Гуслова М.Н. «Инновационные педагогические технологии» Учебное пособие Academia 2011.

3. Дмитриев А.А. «О некоторых проблемах интегрированного обучения детей с особыми образовательными потребностями» Дефектология №4. 2005.

4. Сборник: - В помощь педагогу в ДОУ «Инновационные формы взаимодействия ДОУ с семьей» Изд.: Учитель-2014.

5. Сборник методических разработок «Организация процесса воспитания детей: современные подходы и методы» Воспитание дошкольников: М.: 2013

Қазақтың ою-өрнектерімен таныстыру арқылы балалардың сезімдік-эмоциялық қиялын дамыту

А.Р.Алиева, «Алданыш» бөбекжайы» КМҚК

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптардың бірі – баланың шығармашылық ойлау мәдениетінің негізі ретінде оның сезімдік-эмоциялық саласы мен қиялын дамыту. Бұл талаптарды шығармашылық оқу әрекеттерде қазақтың ұлттық ою-өрнектерін таныстыру арқылы жүзеге асыруға болады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызды бүлкілдетіп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» дейді. Балаларды Қазақстанның қасиетті ұлттық құндылықтарының бірі қолданбалы өнер нәрселерімен таныстырғанда безендірілген ою-өрнектеріне ерекше мән беремін. [3, 70 б.]

Қолданбалы өнер – қазақтың этномәдениетінің негізгі бөлімдерінің бірі. Жазу-сызу болмаған уақытта көшпенді халықтар өз өмірі мен тұрмысының ерекшеліктерін қолданбалы өнер бұйымдары арқылы көрсеткен. Бұл өнерден біз ата-бабаларымыздың өмірі туралы мәліметтер алуымызға болады. Қазақ халқының дәстүрлі бұйымдарында: қару-жарақтарында, киіз үй

бұйымдарында, зергерлік бұйымдарда, төсеніштерінде, ыдыстары мен киімдерінде ою-өрнекті кеңінен қолданылған [1, 112 б.].

Ою-өрнек – көне халық өнерлерінің бірі болып табылады. Бұл өнердің пайда болу тарихы көне дәуірлерден басталады. Ою-өрнек атауы және оның түрлері халықтың тұрмысына байланысты өзгеріп және жаңарып отырған. Бүгінгі таңда ою-өрнек өнері қазақ халқының ерекшелігін көрсететін өнерлерінің біріне айналып отыр. [2, 36 б.]

Біздің мақсатымыз өсіп келе жатқан ұрпаққа бірнеше мыңжылдықтар бойы сақталып келе жатқан өнер түрін жеткізу.

Алдымен оқу әркетіне қонаққа келген әже балаларды ою-өрнектермен әшекейлендірілген бұйымдармен: киіз үй, сырмақ, текемет, аяққап, кесе, басқұр, торсық, білезік, ертоқым, т.б. таныстырып шығады, ол бұйымдардың барлығынан бастырып немесе жиекпен өрнектеліп сырылып жасалған ою-өрнектің бірнеше түрлерін көруге болады. Содан кейін ою түрлерін қарап, оның мағынасын түсіндіреді. Мысалы, «мүйіз» – барлық ою-өрнектің негізі, қазақ ою-өрнегінің ең көне түрі. Мүйізді ою-өрнектердің ұсақ және ірі түрлері болады. Ұсақ түрі ағаштан, сүйектен, мүйізден жасалған өнер туындыларына пайдаланылады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілемдерді безендіргенде қолданылады. Мүйізді элементтердің мынадай түрлері бар: «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «қырықмүйіз», «маралмүйіз», «өркешмүйіз», «қошқармүйіз». «Қосмүйіз» – бұл элемент қойдың, ешкінің, сиырдың мүйіздерін бейнелейді. «Қосмүйіз» оюы жиһаздар мен қару-жарақтарды безендіргенде қолданылады. Бүгінгі күні «қосмүйіз» оюы қалыңдықтың баскиімі сәукелеге, ер адамдардың баскиімі айырқалпаққа, камзолдардың алдын және етік қонышына да салынып жүр. «Арқармүйіз» – бұл «қошқармүйізге» ұқсайтын ою, бірақ ол көбірек иілген және тарамдалған. Онымен кілемдер, тұскиіздер, сырмақтар, киімдер, жиһаздар, үй тұрмысындағы заттар әшекейлендірілген. Балалар ою-өрнектермен әшекейленген бұйымдарды, ондағы ою түрлерін қызығушылықпен қарап шығады. Оюдың суретін салу әдіс-тәсілдері түсіндірілгеннен кейін балалар ойып жасалған бейнені оюмен әшекейлейді.

Балалар дайын бұйымдарды қызықтап қана қоймай, өздеріне таныс ою элементтерінен әртүрлі өрнектер жасаса, шығармашылық өнерге қызығушылығы арта түседі.

«Атамның тақиясы» тақырыбында өтілген ұйымдастырылған оқу қызметіне қонаққа Айсұлу келеді де балалардан атасының туған күніне тақияны әшекейлеп беру үшін көмек сұрайды. Балалар «тақия» деген не, ол не үшін керек, оны қалай әдемілеп безендіруге болады деген сұрақтар қояды. Айсұлу «Тақия – ер адамдарға арналған баскиім» екенін айтып, оны қандай өрнектермен безендіруге болатынын көрсетеді. Балалар түйенің ізіне ұқсас «түйетабан» оюы және құстың қанатын еске түсіретін «құсқанаты» оюмен тақияға айнала жапсырып, әшекейлеп береді.

Ересек топтарда қолданбалы өнердегі ою-өрнектермен танысу «Шеберге қонаққа бару» қоршаған ортамен танысу оқу әрекетінде кеңейе түседі. Қазақ халқының ою-өрнек өнері түрі көп:

- ✓ көкөніс өрнек (жапырақ, үш жапырақ, шыршық, гүл, ағаш және т.б.),
- ✓ зооморфтық өрнек (жан-жануарлардың табиғи және фантастикалық бейнелері, қошқар мүйіз және оның түрлі нұсқалары: қос мүйіз, қыңыр мүйіз, сынық мүйіз, сондай-ақ табан, өркеш, қаз мойын және т.б.),
- ✓ геометриялық өрнек (сүйір, шаршы, тұмарша, жұлдызша, көпбұрыш, балдақ, қармақ және т.б.),
- ✓ космогониялық өрнек (дөңгелек, төрт құлақ, шұғыла және т.б.)

түрлерімен танысады.

Ою-өрнекке сонымен қатар симметрия заңдылығы да сақталу керек. Ою-өрнек кию үшін алдымен қағаздағы үлгісі жасалынып алынады. Ою-өрнекке ерекше өң беретін оның түсі екенін де естен шығармау керек. Қазақ ою-өнерінде шеберлер мынадай түстерді қолданған: қызыл, көк, сары, жасыл, ақ және қара. Бұл түстер әртүрлі белгілерді берген:

- ✓ көк – аспанның түсі,
- ✓ ақ – тазалықтың белгісі,
- ✓ сары – данышпандықтың, адамгершіліктің және қайғының белгісі,
- ✓ жасыл – жастықтың, көктемнің белгісі.

Түстердің бір-біріне үйлесуін колорит дейді. Ою-өрнектегі бір элементтің қайталануын бір қалыптылық дейміз. Ою-өрнекті жасағанда симметрия заңымен қоса бір қалыптықты да сақтау қажеттігін де түсіндіремін.

«Киімдерге арналған оюлар» сурет салу оқу әрекетінде алдымен «Оюларды құрастыр» дидактикалық ойынында балалар дизайнерлер болады, содан кейін құрастырған оюларын қиып алған киім бейнесіне бастырып, ою-өрнектер туралы алған білімдерін бекіте түседі.

Қоршаған табиғат және ұлттық мәдениет бейнеленген қазақ халқының қолданбалы өнеріндегі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы болған ою-өрнектер баланың жеке тұлғасын жан-жақты дамытуда бай білім көзі болып табылады. Қазақ оюларының беретін мәнін де балаларға түсіндіре отыру керек:

- ✓ түйенің ізіне ұқсас «түйетабан» оюы – жолың болсын,
- ✓ құстың тұмсығын еске түсіретін «құстұмсық» оюы, құстың қанатын еске түсіретін «құсқанаты» оюы – еркіндік пен бақытты,
- ✓ малдың мүйізін еске түсіретін «мүйіз» оюы – үйдегі тоқшылық пен молшылықты білдіреді.

Аналар мерекесі қарсаңында балалар аналарына арнап ою элементтері арқылы хат жазды. Бұндай ерекше сыйлыққа аналар қатты қуанып, таң қалды. Ал балалар аналарына бұл оюлардың мәнін, және оның не білдіретінін түсіндіріп берді.

Түрінде де, түсінде де, мәнінде де үлкен астар жатқан қазақтың әрбір ою-өрнегін балаға қызықты әрі ойын түрінде түсіндіру арқылы олардың:

- өз халқын мақтан тұтуға,

- қазақ өнерін, тарихын, мәдениетін тануға қызығушылығын оятуға,
- қазақ халқының өнері туралы қарапайым түсінік, ондағы әдемілікке,
- туған елге деген сүйіспеншілікке,
- тұрмыстық затқа эстетикалық талғаммен қарауға,
- тағы да білсем, үйренсем деген жағымды эмоция тудыруға,
- түстерді таңдай білуде талғампаздыққа тәрбилеуге,
- сұлулықты сезіне білуге баулуға,
- баланың шығармашылық ойлау мәдениетінің негізі ретінде оның сезімдік-эмоциялық саласы мен қиялын дамытуға болады.

Халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық көзқарасына сай қазақ халқының өмір-тіршілігінде айрықша орын алған ою-өрнек өнері ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса дамып келе жатқан өнер түрі. Ұлтық рухымыз асқақтатын осы өнер түрі жас ұрпақтың бойында мәңгі қалуға тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысы)
2. Төленбаев С., Өмірбекова М. Қазақтың ою-өрнектері. – Алматы: Қазақстан: «Қағанат» ЛТД, 1993.
3. Омирбекова М.Ш. Традиционная культура казахов. – Алматы: ОАО «Алматыкітап», 2004.

**Салауатты өмір салты негізінде балалардың денсаулық сақтау
құзыреттілігін қалыптастыру**

З.Б. Аманбай, «Алданыш» б/ж» КМҚК

Қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде. Осы ретте, елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» бағдарламасындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі – «Мемлекетіміздегі азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл ауқаты тармағында» және кезекті Жолдауында денешынықтыру мен спортты дамытуға айрықша көңіл бөлу қажеттілігі көрсетілген. Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта білім беретін мекемелерде жан-жақты, дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан жеке тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған, [1.3б.].

«Денсаулық – зор байлық, адам бақытының бастауы» дейді халқымыз. Ата- бабаларымыздың бұл дана ой-пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған шындық. Ұлттың денсаулығы ұлан асыр байлық екені рас, тек оған ие болу үшін көп күштер жұмсауымыз қажет. Денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы. Ол тұрақты, мәңгілікке берілмейді, үзбей өзгерісте болады. Оны сақтау үшін еңбек сіңіру, ауырмай тұрып іс-әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта-ықылас, ерік-жігер қажет, әрі ұзақ денсаулықты сақтау қиын. Балалардың салауатты өмір сүруін отбасынан, балабақшадан бастап, одан кейін мектептерде жалғасын тапса.

Мектепке дейінгі кіші топтардан бастап сауықтыру іс-шаралары ұйымдастырылуы арқылы біз өзіміздің денешынықтыру сауықтыру және сауықтыру ем- шара жұмыстар жүйелі түрде дамытып келеміз. Ұйқыдан соң сауықтыру жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын өткіземіз. Жас ерекшелігіне байланысты денеге әсер ететін жаттығулар жасап отырамыз. Шынықтыру жаттығуларын өткізбес бұрын, олардың жас ерекшеліктері мен дене дамуы ескеріледі. Баланың ойын ойнау арқылы өзін-өзі тануына достарын бағалай білуге құрметтеуге, ренжітпеуге, есте сақтау қабілеттерінің дамуына, денсаулығын сақтау құзиреттілігін қлыптастыруға ат салысамыз.

Адамның бала кезінде ойнаған ойындары өмір бойы ұмытылмай сақталып қалуы және жасы ұлғайған сайын аңсауы ойын әсерінің күштілігінің белгісі. Ұлттық ойындар арқылы салауатты өмір салтына баулу мүмкіншілігі жоғары бағалауға болады және тәрбиелік әсерінің төмендегідей бағыттарын басшылыққа алып қарастырылды:

- қазақтың ұлттық ойындары – халық мәдениетінің бір тармағы ретінде;
- ұлттық ойындар негізінде баланың денесін шынықтыру және болашақ еңбек дағдыларына қажетті дене қозғалыстарына баулу;
- ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары арқылы балалар жерін, елін сүйетін патриоттыққа тәрбиелеу;
- ұлттық ойындар салауатты өмір салтына қалыптастырады және көптеген оқу құралдары арқылы ізденуге болады, [2. 6-7б.].

Ойынның ұлттық деп атауының астарында түрлі мағына жатыр. Олай болатыны ұлт ойындары әртүрлі ерекшелігін даралап көрсететін ұлтқа тән қасиеттерді ашып айтып көрсете алатындығымен ерекшеленеді. Екіншіден, ұлттық ойындар, ұлттық әдет-ғұрыптарды, салт-сананы, дәстүрді өз ойына жақсы сіңірген, сол арқылы жас ұрпақ ана сүтімен ұлтқа тән қасиеттерді ойын барысында еркін меңгеріп бойына жастайынан дамытуға мүмкіншілік алады. Наурыз айында «Қыз қуу», «Ат жарыс», «Тоғыз құмалақ» сияқты ойындар, ересек топтарда денешынықтыру ойын-сауықтары жүргізіледі, [4.56-57б.]. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын-сауықтар балалардың ой-санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан-жақты жетілуіне әсер етеді. Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада жылына төрт рет

Денсаулық күні өтеді. Соның бірі балабақшамызда өткен «Әкем, шешем және мен» тақырыбында жанұялық жарыс өтті. «Көңілді жарыстар», «Біз демалатын ауа», «Бәрімен бірдей жаса, бәрінен күшті жаса», «Біздер

спортшылырмыз», Биік ағаштар», «Тазалық еліне саяхат» атты спорттық шынықтыру шаралары өтті [3.8-9б.].

Денсаулықтың мықты болуы – адамның өзіне байланысты, бірақ біріншіден, табиғатынан да денсаулығы мықты адамдар кездеседі. Әдетте, денсаулықтың қадірін адам ауырғанда ғана білетіні өкінішті-ақ. Денсаулықты сақтаудың бірден-бір жолы – зиянды, жат қылықтардан бойын аулақ салып, салауатты өмір салтын ұстанып өмір сүру. Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеу әлдеқайда тиімдірек. Егер әр адам ақылға салып, табиғаттың өзіне сыйлаған мүмкіндіктерін орынды пайдаланып, гигиеналық тәртіпті бұзбай жүрсе, денсаулығына зиян келтірмей, ұзақ өмір сүрген болар еді. Бала күннен қалыптасқан жеке бастың тазалығын сақтау әдеті болашақта да өз денсаулығына зор қамқорлықпен қарауға үйретеді.

Балалардың сымбатты тұлғасын қалыптастыру үшін денені тік ұстауға көмектесетін бұлшық еттерін үнемі шынықтыру қажет. Сондықтан, мектепке дейінгі денешынықтыру нұсқаушылары балаларға осы мәселелерді жете түсіндіру үшін, алдымен өздері жаттығуларды жүйелі түрде жасап, басқаларына үлгі көрсетуі қажет. Сонда балалардың санасы оянып, денешынықтыру оқу әрекеті қызықты өтеді. Бүгінгі күнде ата-аналар балалардың дене тәрбиесіне қатты алаңдауда. Олардың денсаулығына жүріс-тұрысына теріс қылықтарына көңіл бөлуде. Сондықтан блабақшадан тыс балалар денешынықтырумен айналысқаны дұрыс. Жүзу, баскетбол, футбол сияқты ойындар балаларды әрі қарай үлкен спортқа жетелейді. Спорттық мерекелер осыған көп септігін тигізеді.

Спорттық жарыстарда балалардың топтық бірлігі арта түседі. Мерекелік жарыстарда балалардың қандай спорт түрімен шұғылдануға мүмкіндігі бар екені көрінеді. Мерекелік жарыстардың мақсаты балаларды тәрбиелеу мен жаппай спортпен айналысуы болып табылады. Сонымен қатар салауатты өмір салты негізінде балалардың денсаулық сақтау құзіреттілігі арта түседі. Спортқа қызығушылығы оянған әр баланың салауатты өмір салтын сақтап жүруге жетелейтіні сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Дене тәрбиесі. Әдістемелік нұсқау. Алматы «Мектеп» 2012.
2. Сапарбаев Б.С. Қазақтың ұлттық спорт ойындарының тарихы.
3. Сағындықов Е. «Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы «Рауан» 1991.
4. Төтанаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы.

Жүйедегі заманауи педагогикалық технологиялар

Амирова Г.Т, КМҚК «Алтынай» б/ж

Қазіргі заман дәуірінде қарқынды өзгерістер қандай да бір жаңа салаларда үнемі жетілдіріледі. Біздің соңғы онжылдықтағы қазақстандық педагогикалық жүйеміз де көп өзгерді. Бүгінгі күні білім беру технологияларының кең ауқымды арсеналын зерттемей, педагогикалық сауатты маман болуға болмайды.

Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттарын іске асыруға бағытталған.

Көп жылдар бойы өтетін барлық білім беру жүйесін қайта ұйымдастыру процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруға жоғары талаптар қояды, осы үдеріске жаңа, неғұрлым тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдерді іздестіруді жеделдетеді.

Қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі инновациялық үдерістер баланың әлеуетті қабілетін ашудың бастапқы сатысы ретінде мектепке дейінгі білім беру жүйесін бірінші кезекте қозғайды. Мектепке дейінгі білім беруді дамыту, жаңа сапалы деңгейге көшу инновациялық технологияларды әзірлемей жүзеге асырылмайды.

Инновациялар педагогикалық тәжірибеде қолданылатын, баланың тұлғасына, оның қабілеттерін дамытуға бағытталған жаңа әдістерді, формаларды, құралдарды, технологияларды анықтайды.

Қазіргі уақытта МДҰ-ның педагогикалық ұжымдары инновациялық технологияларды жұмысқа қарқынды енгізуде. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым педагогтарының негізгі міндеті – тұлғаны дамытудың қойылған мақсаттарына оңтайлы сәйкес келетін әдістер мен формаларды, инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау.

Мектепке дейінгі білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету білім беру жүйесіндегі өзекті міндеттердің бірі, оны шешуде, әдетте, екі мәселе: оқу мазмұнын өзгерту және оқу қызметін ұйымдастыру.

Әрбір мектепке дейінгі білім беру ұйымы осы бағыттағы өз жолдары мен тетіктерін іздейді. Мектепке дейінгі білім берудің сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін осы бағыттардың бірі тәрбиешілердің инновациялық қызметі болып табылады.

Білім беру процесі мен оның инновациялары өзара іс-әрекет алмасудың, яғни өзара іс-қимылдың өзіндік өрісін құрайды. Бұл ретте оның әрбір қатысушыларының қызметі осы өзара әрекеттестіктен туындайтын мазмұнды тікелей жаңғыртады. Өзара байланыс пен өзара шарттасу қатынастарымен сипатталатын тұтастық қалыптасады.

Осы мәселе бойынша теориялық және әдістемелік әдебиеттерді талдау бізге негізгі ұғымдарды анықтауға мүмкіндік берді: инновациялық білім беру қызметі, тәрбиешінің инновациялық қызметі.

МДҰ-да инновациялық қызметті қамтамасыз ету үшін бірнеше бағыттарды бөлу қажет:

- мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту: заманауи білім беру бағдарламаларын, қосымша білім берудің парциалды бағдарламаларын енгізу;

- әдістемелік жұмысты жаңарту: әдістемелік мазмұнды іріктеу, өнімді формаларды пайдалану, шығармашылық педагогикалық еңбекті ынталандыру;
- білім беру сапасын басқаруды жаңғырту: жағдайлар топтарын іске асыру (Нормативтік-құқықтық, перспективалы-бағдарлы, іс - әрекет-ынталандырушы).

Инновациялық өзгерістер жүйелі сипатқа ие. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жаңа типтері, түрлері мен бейіндері ғана емес, сонымен қатар баланың тұлғасына бағытталған тәрбие - білім беру процесінің вариативтілігін, сондай-ақ оның отбасының сұраныстарын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жаңа білім беру бағдарламалары да құрылады.

Тәрбиешілердің инновациялық қызметінің жалпы мақсаты - білім беру мекемесінің педагогикалық жүйесінің білім берудің жоғары сапалы нәтижелеріне қол жеткізу қабілетін жақсарту.

Біздің ойымызша, инновациялық білім беру қызметі-бұл білім беру үдерісін дамытатын қызмет.

Инновациялық қызмет деп біз кәсіби - басқару, педагогикалық қызметтің бір бөлігі деп түсінеміз:

- даму режимінде білім беру ұйымының жұмысын қамтамасыз ету;
- мектепке дейінгі жастағы баланың тұлғалық дамуын, оның өзін-өзі дамуын қамтамасыз ететін инновациялық қызметтің мазмұнын іріктеу;
- педагогтарды инновациялық фактілер мен құбылыстар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету, сараптаманы ұйымдастыру;
- педагогтарды баланың тұлғалық дамуына тиімді ықпал етуді қамтамасыз ететін кәсіби-педагогикалық іс-әрекет тәсілдерімен жабдықтау.
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымы ұжымының инновациялық қызметінің шарттары::
 - білім беру қызметінің сапасы мен деңгейін арттыру;
 - білім беру қызметтері нарығында педагогтардың бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру;
 - білім беру процесін әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
 - білім беру процесін дидактикалық қамтамасыз ету.

Инновациялық қызмет оқыту мен тәрбиелеудің сапасы мен тиімділігіне, мектепке дейінгі ұйым жұмысының соңғы нәтижелеріне елеулі әсер етеді, сондықтан оны басқарудың маңызды факторы ретінде қарау заңды. Инновациялық қызметтің ұйымдасқан нысандарының екі тобын бөліп алған жөн: ұжымдық және жеке. Біріншісі-семинарлар мен практикумдар, ғылыми-практикалық конференциялар, әдістемелік бірлестіктер, педагогтардың шығармашылық топтары, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әдістемелік кабинеттері. Екінші орынға-тағылымдама, жеке кеңестер, тәлімгерлік, жеке шығармашылық тақырып бойынша жұмыс, жеке өзін-өзі білім алу.

Тұтас және мақсатты үдеріс ретінде мектепке дейінгі білім беру ұйымы тәрбиешілерінің инновациялық қызметін модель түрінде ұсынуға болады. Модельдің тұтастығы төрт компонентпен (мақсатты, мазмұнды-мағыналы, іс-

әрекет, бағалау-нәтижелі) қамтамасыз етіледі. Мақсатты компонент МДҰ тәрбиешілерінің инновациялық қызметін дамыту процесін жобалау үшін ақпараттық негізді құрайды және ықтимал нәтижелерді болжау үшін негіз болады. Мазмұндық-мағыналық компонент инновациялық қызмет аспектісінде өз бетімен білім алу және тәрбиешілердің құзыреттілігін арттыру үдерісі мазмұнының салыстырмалы дербес бөлігін көрсетеді. Бағалау-нәтижелі компонент тәрбиешілерде инновациялық білім мен іскерлікті, инновациялық тәжірибені, инновациялық ойлауды, инновациялық қызметке қосу уәждемесін қалыптастыру нәтижелерін, сондай-ақ тәрбиешілердің инновациялық іс-әрекетке және жеке қасиеттерге (бастамашылық, рефлексия, коммуникабельділік) қабілеттерінің даму нәтижелерін сипаттайды.

Зерттеу деректері бойынша, тәрбиешінің инновация саласындағы қызметі туралы айтуға болатын көрсеткіштер болуы мүмкін:

- басқа әлеуметтік құрылымдармен және жүйелермен өзара қарым-қатынаста МДҰ қаралатын сапа. Осылайша, жүйені, сондай-ақ оның білім беру және педагогикалық компоненттерін инновациялық өзгерту қажеттілігі туындайды.

- білім берудің түрлері мен түрлерінің ғана емес, сонымен қатар білім беру және педагогикалық жүйелердің алуан түрлілігі. Жүйені ұйымдастыру принциптері ретінде ресімделген алуан түрлілік пен вариативтілік инновациялық қызметте олардың дамуының кепілі болып табылады.

- инновациялық қызметті ұйымдастыру шарттарының қалыптасу дәрежесі, оны тиісті инновациялық инфрақұрылымды қамтитын инновациялық атмосфера ретінде анықтайды,

- инновациялық қызметке, ғылыми қызметке ішкі дайындығының болуы-
- әдістемелік және ғылыми-консультациялық қамтамасыз ету,
- инновациялық кеңістіктің ұтқырлығы және т.б.

Инновация ерекше түрде ұйымдастырылған іс-әрекет ретінде болғандықтан, ол МДҰ тәрбиешісі тұлғасының мінез-құлқының белгілі бір жиынтығын талап етеді.:

- өзгеріс қажеттілігі, дәстүр билігінен кете білу;
- шығармашылық ойлауға дайын белсенді тұлға қажеттілігі;
- идеялар табу және оларды іске асыру мүмкіндіктерін пайдалану қабілеті;
- жаңашылдықтарды іріктеуге және ұйымдастыруға жүйелік, болжамдық көзқарас;

- белгісіздік жағдайында жылдам бағдарлау және тәуекелдің рұқсат етілген деңгейін анықтау қабілеті;

- тұрақты туындайтын кедергілер мен қиындықтарды еңсеруге дайындық;
- рефлексия, өздігінен талдау қабілеті дамыған.

Жоғарыда айтылғандардың барлығын негізге ала отырып, тәрбиешілердің инновациялық қызметі деп білім беру сапасын арттыру мақсатында жаңалықтарды енгізуге және оларды мектепке дейінгі білім беру мекемесінде тиімді пайдалануға бағытталған кейбір бірлескен қызметті түсінеміз.

Осылайша, МДҰ-дағы тәрбиешінің іс-әрекетінің мақсаты мен мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіру педагогтің сана-сезімінің және сана-сезімінің дамуына ықпал етеді, одан әрі өзін-өзі білім алу қажеттілігін қалыптастырады және ғылыми ізденістің сипатына ие болады. Осының арқасында Педагогикалық қызметті ұйымдастырудағы инновациялық тәсілде барлық күш-жігер оңтайлы педагогикалық шешімдерді іздеуге және таңдауға бағытталған.

Сондықтан жаңа енгізілімдер тек МДҰ үшін ғана емес, жалпы білім беру жүйесі үшін де үлкен теориялық және практикалық мәнге ие болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген, Герасимов Г.И.,

2. Л. В. Илюхина білім берудегі инновациялар: мәні және әлеуметтік механизмдері.- Ростов н/д: Нмд "Логос", 1999. — 136 б.

3. Лазарев В. С. мектептегі инновацияны басқару./В. С. Лазарев.—

Еңбекке баулу – балаларды мектепке дайындау құралы

Аубакирова М.С., «Алданыш» бөбекжайы КМҚК

Адамның жақсы өмір сүруіне үш негіз сапа бола алады, олар барлығынан басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек.

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Еңбек қуанышы – еңбек адам іс-әрекетінің басты түрі ретінде адамзат сезімінің ең жоғары нысаны болып табылады. Осы сезімді балалар бойында дер кезінде тәрбиелеу балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен ата-аналардың міндеті болып табылады. Егер мектепке дейінгі жаста бала бойына еңбексүйгіштікті тәрбиелемесе, кейінгі жылдары бұл жұмыс елеулі қиын болады. Еңбек іс-әрекеті баланың жалпы дамуын, қызығушылық өрісін кеңейтіп, қарапайым ынтымақтастық қасиеттерін туғызады, еңбекқорлық, тапсырған іске жауапкершілікпен қарау, парыз сезімі, өзіне-өзі сенімділік, лидерлік қасиет, мақсатқа жетуге ерік-жігер тәрізді қасиеттерді қалыптастырады [1,22-б.].

Еңбек процесі кезінде баланың ойлау әрекетіне тікелей әсер ететін саусақтарының ұсақ моторикасы, сөйлеу қозғалысы аппараты жетіледі. Дұрыс ұйымдастырылған еңбек сабақтарының педагогикалық ықпалы көп. Ересектердің шебер басшылығы арқасында бала еңбектің не екендігін түсініп, еңбек машықтарын алады, қандайда бір жұмысты өз бетімен орындай алу тәжірибесін жинақтайды.

Еңбек тәрбиесі мектепке оқуға дайындаудың қажетті шарты болып табылады. Жастайынан еңбекке баулынған бала мектепте өздігімен, ұйымдасқанымен, жинақтылығымен, өз-өзіне қызмет ете білуімен ерекшеленеді. Баланы әлі келетін еңбекке тарту, ересектердің жұмысымен таныстыру жеке тұлға етіп қалыптастыруға, ізгілік және ерік-жігер қасиеттерін дамытуға көмектеседі. Балалардың мүмкіндіктерінің артуына байланысты еңбек әрекеті көлемі, мазмұны және орындау тәсілі күрделене түседі. Мектепке барғанда бала білу керек: құрастыру, қол еңбегі, шаруашылық-тұрмыстық еңбек, өз-өзіне қызмет көрсету, табиғат бұрышындағы жұмыс еңбек түрлерін.

«Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам болуы керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап өсіп жеткенше тәнімен қатар ой-санасы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болуы керек» - деп түйіндейді ғұлама ақын А.Байтұрсынов [1,5-б.]. Ғұламаларымыздың осындай педагогикалық, психологиялық пікірлері ешқашанда ескірмейтін, бүгін де ертең де тәрбие ісінде басшылыққа ұстанатын тағылым. Өз ұрпағының өнегелі, өнерлі еңбек сүйгіш абзал да айбатты ер бала мен қылығы қызықты, сымбатты да сыпайы, ізетті қыз баланы тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлген.

Балабақша қызметкерлеріне сеніп тапсырған бүлдіршін бойына, еңбектің дәнін табалдырықты аттап кіргеннен бастап, үйіне оралғанға дейін еңбек іс-әрекеттерін бала бойына сіңіру басты мақсатымыз. Таңертең табиғат бұрышындағы еңбекті орындаған бала күні бойына өзінің өсімдіктерге, табиғат бұрышындағы жануарларға берген қол ұшын, көмегін жанындағы достарына айтып, көңілі-күйі көтеріледі, табиғатты аялауға, тіршілік атты әлемге өз пайдасын тигізгеніне қуанады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық барысында кезекшілік міндетін атқарған балалар педагогтің оң қолы болып, сенімін атқаруға тырысып, өз қолдарынан келгенін әрекет етеді де алдағы оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығы артырады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қажетті материалдар мен құралдарды таратуға, сабақтан кейін орнына қоюға, жапсыруда, сурет салуда қолданған қылқалам, шүберекті жууға, жұмыстан кейін үстел үстін сүртуге үйрету.

Балаларды апта сайын топ бөлмесін жинауға қатыстырып (жиһаздың, ойыншықтардың шаңын сүрттіріп, өсімдіктердің жапырақтарын жуу) және балабақша ауласын (жолды сыпыру, құмға су құю, қыста жолды қардан тазалау) ретке келтіріп, еңбек түрлерін орындатып еңбексүйгіштікке үйретеміз. Асханада кезекшілік міндетін орындаған бала түскі асмәзірін айтып, өз достарына асының дәмді болуын, тәбеттерінің ашылуын, досына деген ақ-пейіл сезімдерін ортаға бөліседі.

Тәрбиеші көмекшісіне үстел үстін жинауға көмектесе отырып, бала үлкен кісінің еңбегіне деген қызығушылығы артып, үлкендерге деген құрметі оянады. Өзінің сыртқы түрін қадағалау қажеттілігін дамып (өздігінен киіну

және шешіну, киімді шкафқа дұрыс және ұқыпты жинау, аяқ киімді орнына қою, су киімдерді уақытында кептіру). Балалардың бос уақытында ойыннан кейін ойыншықтарын күтіп, орнына қойып, тәрбиешісінің айтқандарын істеп тәртіп сақтауға тырысады да балалар мұның бәрін саналы түрде істейді. Өзінің ісін бітірсе, өзгеге келіп көмек көрсетуге дайын тұрады. Бұлар ол кезде еңбек деген сөздің мәнін жақсы түсінеді.

Сондықтан өздерінің іс-әрекеттерін «еңбек еттік» - деп жариялайды. Балалар ер жетіп, өскен сайын ұқыптылыққа, тазалыққа, еңбек сүйгіштікке бой алдырады. Жыл мезгіліне сай еңбек түрлері де өзгешеленеді.

Бау-бақшада өнім жинауға, топырақты қопсытып, тыңайтуға, өсімдікті басқа ыдысқа көшіріп отырғызуға, жәшіктерге қысқы-көктемгі көшеттерді отырғызуға (жасыл пияз, түбірлі көкөністер, жануарларға жасыл шөп), көшет өсіруге көмектесуге қатыстырады. Жұмыс процесінде өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылауға, өсімдіктерді, жануарларды дұрыс күтіп-бағу мен олардың жай-күйі арасындағы байланысты белгілеуге үйреніп болашаққа деген сенімдерін молайтылады.

Қол еңбегімен айналысу ынтасын тәрбиелеу барысында, балалар табиғат материалымен, қағазбен және қатырма қағазбен жұмыста құрастыру мен қол еңбегі бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіндегі меңгерген дағдылар мен біліктерді қолдануға үйретіледі [3, 3-б.].

Балабақшамыздың жылдық жоспарына байланысты «Күз жомарт», «Күз сыйы», «Отан-Отбасынан басталады», «Қыс келбеті», «Жаңа жылдық ерекше шырша», «Сүйікті қалам - Қарағанды!», «Анашым-ақылшым!», «Бір саған арнаймын...», «Құстар біздің достар», «Ешкім де ұмытылмайды, ештеңе де ұмыт қалмайды», «Ұланымын елімнің!» атты тақырыпта әртүрлі мерекелер көзделіп, ата-анамен біріге жасалатын байқаулар мен көрме жұмыстары ұйымдастырамыз. Ондай мерекелік жұмыстарымыздың мақсаты ата-аналардың шығармашылығын оятып, өздерінің қолдарынан келетін өнерді баласымен біріге жасап атадан балаға берілетін мұра ретінде түсініп, өз білгендерін өзгелермен бөлісу, отбасымен балабақша ортасындағы ынтымақтастықты нығайту мен отбасындағы бала мен ата-ана ортасындағы ыстық ықылас пен бірлікті бекіту көзделеді.

Бүлдіршіндеріміздің бойына осындай еңбек түрлерін сіңдіріп, алдындағы жарқын болашағына пайдалы дәнімізді сеуіп жатсақ, егеменді еліміздің өркендеуіне қосқан үлесіміз деп сенеміз.

Ұрпақтың қамын ойлау-бүкіл қауымға ортақ парыз. Бала өсіру, оны өнер-білімге, адамгершілікке тәрбиелеу, шығармашылығын дамытып, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, тазалық пен тәртіп әдетін, жан-жақты қалыптасуы оның нәрестелік жағынан жүйелі түрде берілетін тәрбиесіне, тәрбиелей отырып меңгерілетін білім-білік дағдыларын ұштастыру әрбір педагогтің парызы деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Еңбек». Әдістемелік құрал. Астана – Қарағанды. 2003ж.

2. «Отбасында баланы мектепке дайындау». Шартарап Алматы 2000ж.
3. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана-2012ж.

Методы применения на занятиях русского языка в дошкольных организациях

Ахметова Г.Б., КГКП я/с «Гауһар»

Чтобы добиться максимальной эффективности на занятиях русского языка в детском саду, необходимо использовать различные методы работы. Поэтому, для педагога очень важно использовать методы и средства, которые помогают сделать классическое занятие более интересным и увлекательным в современных условиях дошкольного образования.

Материал для занятия должен подбираться с учетом логической последовательности и его усложнения. На всех этапах занятия должна активизироваться речевая и умственная деятельность детей. Постепенная смена деятельности позволит избежать переутомления детей. На занятиях должна прослеживаться четкая структура построения, соответствия теме и задачи занятия, логичность и последовательность. Реализация цели занятия должны способствовать применению различных групп методов: наглядного, словесного, практического, которые отображают одну тематику и взаимосвязаны. Данный комплекс методов позволит повысить освоение материала детьми. Использование разнообразного приема: образец речи учителя, вопросы, речевые пояснения к действиям, приемы мнемотехники, тоже способствует освоению материала. Для получения более высоких результатов деятельности детей можно применить разнообразные материалы: наглядные пособия, дидактические игры и т.д.

Детей дошкольного возраста пытаемся обучать по-новому, ставя во главе обучения игру. Следуя новым образовательным требованиям необходимо вносить свои новые идеи. Очень важно создавать комфортные условия для детей. Начинать занятия с динамических упражнений (Улыбнулись друг другу, рассердились, удивились) – позволит снять напряжение у детей. И ребенок, после таких упражнений готов к восприятию информации.

В системе современного дошкольного образования игре отводится ключевое место. Задача: разбудить в ребенке такие качества, как активность, любознательность, общительность, эмоциональность, отзывчивость.

Одна из любимых игр детей – это пальчиковый театр. Можно театральных кукол сделать без лица, т.е. персонажи не имеют эмоции, чтобы настроение задумывали дети сами. Таким образом развивается эмоциональное воображение. Такая работа учит детей распознавать свои эмоции и эмоции сверстников, чтобы было легче общаться с другими. Воображение, мышление, речь – все это в детях развивается комплексно. Необходимо создавать

инструменты, которыми можно учить детей. Нужно дать детям возможность стать самостоятельным. Развивая детскую инициативность, дать возможность детям учиться рассуждать, планировать и оценивать свои действия. Используемые методы должны позволять каждому ребенку индивидуально развивать свои особенности и проявлять стремление к получению новых знаний. Какие цели и задачи не ставил бы перед собой педагог, главным критерием успешности деятельности является заинтересованный рассказ воспитанника о том, что нового он узнал на занятии.

Список литературы:

1. К.Ю. Белая. Инновационная деятельность в ДОУ. Методическое пособие.
2. Н.В. Микляева. Инновации в детском саду. Пособие для воспитателей.
3. Инновационный процесс в образовании: теория и практика. Сборник научных статей. Москва - 2003

Көптілділік - заман талабы және көптілділік жағдайында тілдерді оқыту

Ахметова Д. М., «Балақай» б/ж КМҚК

Қазіргі инновациялық үдеріс ғылым салаларының тоғысуы мен бірігуіне ғана емес, сонымен қатар тың ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына да әсер етті. Лингвистика ғылымы соңғы жылдары көптеген жаңа бағыттарды қамтып, ғылыми-теориялық және практикалық жағынан кең өріс алып, дамып келеді. Мұндай бағыттар қазіргі өмір талабы мен уақыт сұранысына сәйкес пайда болып отырғаны белгілі. Бұған дейін біз бір тілге көңіл аударып келсек, қазір заман талабына сай жаңа салаға, жаңа бағытқа - когнитивтік лингвистикаға айрықша көңіл аударып келеміз. Бұл сала қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жарыстыра отырып, бір-бірімен салыстыра, жалғастыра отырып үйрету принципіне негізделген. [1]

Көптілділік біздің қоғам үшін Елбасының «үш тұғырлы тіл» тұжырымдамасынан бастау алғаны мәлім. Бұғанға дейін тілдерді қатар дамытуда Қазақстан тәжірибиесінің аз екендігі де ескерілген болуы керек, аталған бағытта нақты іс-шаралар қоғамда өз нәтижесін берерліктей жүзеге асырыла қоймады. Кеңестік кезеңге дейінгі бай дәстүрі, мол лексикалық қоры бар қазақ тілінің кейінгі кезеңдерде әдебиет тілі ғана болып, ғылым мен экономика тіліне айнала алмауы да, қостілділікте (билингвизмде) орыс тілінің басымдылығы ғана емес, үстемдігіне әкелді.

Билингвизм (қостілділік) және полилингвизм (көптілділік) – қазіргі таңда ғалымдар тарапынан қызығушылық тудырып отырған өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі күні қостілділік өзара қарым-қатынас жасаудың негізгі факторына айналып отыр. Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, билингвизм – жеке адамның

екі тілде ұдайы қарым-қатынас жасауы, яғни сөйлеу, жазу тәжірибесі дегенді білдіреді. [2]

Социолінгвистикалық тұрғыдан қазақтың үлкен ғалымы Б.Хасанұлы қостілділік мәселесіне көп назар аударып жүр. Б.Хасанұлы мына мәселеге ерекше көзқарас білдірді: «Ана тілінің дамуы жанұядан бастау алады. Алайда кейбір қазақ жанұясында ана тілінің қолданылуы көңіл көншітпейді. Мемлекеттік қамқорлыққа алынған орыс тілінің арқасында көптеген өз тілін білмейтін қала қазағы бақуатты, ана тілін білмегендіктен, ұлттық мәдениеттен мақрұм, сондықтан да ондайлар ұлттық патриотизмнен ада болады. Оның жанұясында балалары мен немерелері басы біріккенде ана тілінде сөйлесе алмаса, оларда отансүйгіштік те болмауы, керек десеңіз, көзқамандық орын алуы мүмкін. Сондықтан да Қазақстанның облыстары мен қала, аудандарында «Мемлекеттік тілдің тұрмыста, үй жағдайында қолданылуы» айрықша зертте жобасы нысанына айналуы керек. Нәтижесінде бесік жыры, ауыз әдебиеті, қазақ халқының бай мәдениетінен, тарихы мен салт-дәстүрінен мағлұмат беретін эпикалық туындылар жалғасын тауып, қазақ төрінен орын алары хақ».

Көптілділік ауызекі сөйлеу тілінің даму кезеңінде қалыптасады. Себебі бала отбасында бір тілде сөйлесе, балабақшада немесе аулада бірнеше тілдерді игеруі мүмкін. Мәселен, қазір өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілді балабақшаларға өз балаларын беру жағдайы көп кездеседі. Көп балабақшаларда қазақ, орыс және ағылшын тілі сабақтары жүргізіледі. Сонда бала мектепке дейінгі жасында-ақ бірнеше тілді қатар үйрене бастайды. [3]

Көптілділіктің қалыптасуына интернационалдық некенің де әсері бар. Мұндай әлеуметтік жағдай баланың екі тілді (орыс тілі және қазақ тілі, қазақ тілі және татар тілі, т.б.) қатар үйренуіне әкеледі. Сонымен, мектеп жасына дейінгі балада табиғи билингвизм, кей жағдайларда көптілділік қалыптаса бастайды. Ғалым В.П.Беляевтың пікіріне сүйенсек: «...табиғи билингвизм сәйкесті тілдік ортада (теледидар мен радио) туындайды. Бұл тұста тілдік жүйенің ерекшелігін тану әрекеті жүрмеуі де мүмкін».

Отбасында компьютердің болуы мен интернет желісінің үнемі пайдаланылуы жайы да бірнеше тілді игеруге және қолдануға жағдай жасайды. Бірақ тілдерді игеру әр адамда әр түрлі жүреді.

Табиғи көптілділіктің ерте қалыптасуы балалық шағындағы сөйлеуді бастау кезеңімен тығыз байланысты. Бұл кезеңде ата-ананың әсері жоғары болып келеді. Қостілді немесе интернационалды отбасының ата-аналарын мына сұрақтар толғандырады: екі тілді де балаға игерту, баланы көптілді азамат ретінде тәрбиелеу, оқытуда олар «бір адам – бір тіл» деген қағиданы қолданады. [4]

Көптілділікте бала тілдік қатынас жағдайына қарай нақты бір тілді қолдану мүмкіндігіне ие болады. Көптілді бала үшін туыс емес бір тілден екінші тілге көшу қиындық тудырмайды.

Егер де мектеп жасына дейінгі баланың ата-анасы түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты көптілділікті дамытуға көңіл бөлмесе, баланың қолданысындағы бір тіл қарым-қатынас жасаудан біртіндеп шыға бастайды

(тілдік аттриция), дамуын тоқтатады (фоссилизация), қолданыстан ығыстырылады (тілдің ауысуы), ұмытылады, қолданысын тоқтатады (тілдің өлуі).

Еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» заңының 5-бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген. [5]

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Королевство трех языков. В пяти книгах. ТОО «Шикула и К». Шымкент, 2011.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» білім стандарты - Астана, 2012.
3. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы - Астана, 2011.
4. Гез Н. И. Методика обучения иностранным языкам в начальной школе. М.: 1982.
5. Коростелев В. С. Обучение иноязычному общению на начальном этапе. Иностранные языки в школе. – 1992, №1.

Инклюзивті білім беру принциптерін жүзеге асыру-заман талабы

Аязбаева А.М., КМҚК «Бәйтерек» бөбекжайы

Қазіргі таңда барлық әлемдегі білім беру жүйесінде назар аудартып отырған мәселе әр баланың жеке ерекшелігі мен сұранысын ескере отырып толыққанды, теңдікте ықпалдастырып білім беру. Бұл мәселе Еуропа елдерінде ХХ ғасырдың 70-ші жылдары белең ала зерттеліп, тұжырымдамалар жасалып, білім жүйесіне енгізіліп келді. Қазіргі таңда осы елдердің тәжірибесінен сабақ алып, өз білім жүйеміздің ерекшелігі мен ментолиттеттік ерекшелік, эконимкалық және әлеуметтік дамуды ескере отырып енгізуді қолға алдық. Елбасымыз 2002 жылдың 11-шы қарашасында «Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары мен олардың әлеуметтік қамсыздандыру туралы» заңы қабылданып, «ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамалық тәсілдері» (Астана, 2015ж.) анықталып жүзеге асырудың жылдық міндеттері көрсетілді, енгізу және жүзеге асырудың бағдарламалар жарық көруде[1].

Барлық балалар нәсіліне, ақ-қаралығына, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да түсінігіне, туған жері мен жағдайына қарамастан – ерекше қамқорлықпен қорғалуға, сондай-ақ жақсы тамақ ішуге, баспана және медициналық қызметпен қамтамасыз етілуге, тәрбиеленуге, рухани және физикалық жағынан дамуға, денсаулығы әлсіз болса, емделуге, сырттан

шектеу болса, ерекше қамқорлыққа, туысқандары мен ата-анасы жәрдемдесе алмаса, онда үкіметтің қарамағында қамқорлықта болуға құқылы...» деп шетелдік «Бала құқығы» (1959) декларациясында аталып көрсетілгендей әлемдік тәжірибе білім беру ұлттық немесе ғалымдық саясаттың жеке саласы болып есептелмей, ол адамның құқығын сыйлауға, жақсы тұрмыс пен тиімді басқаруға, қазіргі қоғамның әлеуметтік, экономикалық, саяси экологиялық тұрақтылық даму процесстерінің негізгі шарты екендігін түсіндіруге жол ашады[2].

Инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процесінің бірі болып табылады. Қазақстандағы инклюзивті білім берудің бағдарламалары мен даму жолдары халықаралық құжаттарға сәйкес әзірленген және әлемдік үрдістерді, білім беру саласындағы әлемдік практиканың жетістіктерін жеке қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басым міндеттерін ескеріп әзірленген. Еліміздегі мүмкіндігі шектеулі балалардың білім берудің жалпы жүйесіне ендіру үрдісінің, нақты әлеуметтік – мәдени жағдайлар мен басшылықтың саяси еркін есепке алып, бірте-бірте жүзеге асып келеді.

Біздің қоғамда да инклюзивті білім беру жүйесіне қарсылық танытып, түсініспеушілікпен қарағандар да бар. Жалпы білім беретін мектептің көпшілік мұғалімдері интеграцияны теріске шығармайды, бірақ оны сынып өміріне енгізудің бірқатар қиындықтары болғанын жасырмайды. Себебі арнайы білімі жоқ мамандарға аталған бағыт бойынша жұмыс жүргізудің кедергілері көп болды. Келе келе ол оқылықтардың орны толықтырылуда. Педагогтерді инклюзивті білім бойынша арнайы курстардан өткізіп, педагог дефектолог, логопед, психолог т.б. арнайы мамандар бірлесіп сабақ өткізуде.

Заманауи тәрбиеші инклюзивті топпен тиімді жұмыс істеу үшін қосымша күзіреттіліктер қажет:

- ✓ Балаға байқау жүргізуді, оның дамуының жеке жоспарын түзете білу;
- ✓ Балалармен әріптестік дағдыларын меңгеру: ұйымдастыруға көмек көрсете отырып, олардың белсенділігін арттыруға жағдай жасай отырып ойындық өзара әрекетін дамытуға белгісіз бола отырып балаларға көмектесу;
- ✓ Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, сонымен қатар балалардың бірлескен ойын әрекетіне жағдай жасайтын әртүрлі «мазмұнды» пәндік орта құра білу;
- ✓ Бірлескен қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы топтық ортақтық құру;
- ✓ Ата-аналармен ортақ қызметтестік құру[3].

Инклюзивті білімі бар тәрбиеші - білім берудегі сапалы өзгертулердің үрдістері мен қорытындылары туралы білім береді, білім берудегі инклюзивті үрдісінің тиімділігі туралы жалпы түсінікке ықпал етеді, болашақ ұрпақтың толерантты қарым-қатынас орнатуды және қоршаған ортаның дамуын сақтауды, оның құрдастармен, ересектермен қарым-қатынасына дайындауға, әлеуметтік бірдей тәртіп ынтасын қалыптастырушы болады.

Балабақшаларда мүмкіндігі шектеулі, психикалық ерекшелігі бар, гиперактивті балалар жалпы топтарға қабылданып тәрбиеленуде.

Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың барлық осы ерекшеліктері бірлескен оқу мен тәрбиелеу төнірегінде шиеленіседі және педагогтардың ерекше назары мен жағдайын талап етеді. Сондықтан да тәрбиешілер инклюзивті білім берудің әлеуметтік –психологиялық аспектісіне ерекше назар аударады, себебіәдеттегі емес баланың білім беру интеграциясы әлеуметтік ретінде де, топтың психикалық портреті ретінде де өзгеріске ұшырайды. Бұл оқыту барысында әртүрлі даулы, ескіреген тәуекелді, психикалық зақымданған жағдайларды туғызу ықпал етуі мүмкін, мұндай жағдайда тәрбиеші алдын ала білуі, дұрыс шешім жасай білу қажет. Балабақшадағы мұндай балалармен жұмыс жүргізудің басты ұстанымы:

- ✓ Толық дамып келе жатқан балалармен тең құқылы болуы;
- ✓ Өзінің ынтасын сезіне білу, тұлға ретінде өзін бағлау және қабылдау;
- ✓ Қарапайым өмірде ересектермен қарым-қатынас жасай білуге, қатарластарымен ойында және басқада бірлескен әрекетте қабілеттілік нәтижесі болуы;
- ✓ Бір-бірімен қарым-қатынас жасау және табысқа жету;
- ✓ Көмекке келе білу;
- ✓ Басқа адамдарды көре білу, басқа адамның қайғысына ортақтаса білу;
- ✓ Меңгерген дағдысын өз өмірінде қолдана білу т.б. ие.

«Бәйтерек» бөбекжайы М.Монтессори, ТРИЗ, «Step by step» т.б. технологиясымен қатар «Өзін-өзі тану» рухани бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Орта бағдарламаға сәйкес ерекше түрде ұйымдастырылған. Барлық дамыту орталығындағы жабдықтаулар мен материалдар (шығармашылық, табиғат бұрышы, құрастыру, ойын алаңы, үстел үсті ойындары, театр орталығы т.б.) аталған орталықта бала қызметтің әртүрлі деңгейіндегі түрімен айналыса алады. Қай орталықта, нақты немен айналысқысы келетіндігі өте маңызды, бұл- баланың жеке өз таңдауы. Орталықтағы тапсырмалар баланың қызығушылығына сай жинақталған және бала дамуының әртүрлі деңгейін есепке алады. Дамыту орталықтары және шағын топ құрамындағы жұмыс табиғи қарым-қатынас үшін жағдай жасаса, оның барысында балалар туындаған мәселелерді шешеді, шешімін қабылдайды, өзін көрсетуге тырысады. Театр орталығында тәрбиеші балаларға көркем шығарманы оқып, дарматизациялауды ұсынады. Бұл жағдайда әр бала өзінің кейіпкерін таңдап, сомдауға тырысады. Кейіпкерінің іс-әрекетіне баға беріп, тәуелсіз тұлға қалыптаса бастайды, алған білімдерін көрсетіп, пікірімен бөліседі. Осылайша бала қоғамдық ортаға ерте жастан бейімделеді және метептік инклюзивтік білім беру жүйесіне дағдылануына жол ашылады[4].

Инклюзивті білім беруде ата-аналармен жұмыстың ролі де зор. Екі жақтың ата-аналарын осындай ортаға психологиялық тұрғыдан дайындау, олардың өзін –өзі ұстау, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасауына арнайы мамандардың кеңесін ұйымдастыру. Яғни, инклюзивті орта құру. Инклюзивті орта ата-аналарға не береді? Осындай орта құрғандықтан, осы жүйені жүзеге асыруға ынталанғандықтан бәріміз бір «ниеттес» боламыз. «Ниеттестер» командасының бір бөлігі бола отырып, олар қажетті қолдау

алады және жалғыз еместігін біледі. Бұл оларға күнделікті балаларды бағып-қағуға қамқорлықты жеңуге көмектеседі. Ата-аналар басқа ата-аналар арасынан өзіне дос табады және олардың қолдау ортасы пайда болады. аранйы қажеттілікті керек етпейтін балалардың отбасында да маңызды жаңа қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік алады.

Әрбір мемлекетте әлеуметтік – мәдени ерекшеліктеді және халықтың ұлттық менталитетін есепке алатын, дамуында ауытқуы бар балалардың әлеуметтік білім беруші интеграциялауды ұйымдастырудың өзіндік тұғырлары мен өзінің тәжірибесі болатындығы анық. Алайда, шет елдік тәжірибені нормативтік-құқық ретінде тұтасымен көшіріп алу біздің міндетіміз емес, халықаралық тәжірибе көрстекендей инклюзивті білім беру жүйесі–ол бірізділік, үздіксіздік, сатылықта ең бастысы- қоғамның толеранттылығында кешенді жүйені талап ететін үлкен стратегия. ол әрбір баланың құқығын қанағаттандырылатын қауымдастықты құруға дайын әрбір педагогтың игі ісіне айналуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР «Білім туралы» Заңының 3-бабының 1,2-тармақтары.
2. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж. №343 заңы
3. «Открытая школа» журналы, №4 (114) наурыз 2012 жыл. «Инклюзивті білім беру жолдары»
4. «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамасы» журналы, №11, 2014 жыл. Инклюзивті білім беру.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық ойлауын дамыту

Байжигитова Р.Б., КМҚК «Ақбота» бөбекжайы

Қазақстан Республикасының қазіргі мектепке дейінгі мекемеде жаңа өзгерістер мен әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыттағы жобаны іздестіру және қолдануға арналған Республиканың «Білім туралы» Заңында «әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымында атап көрсетілген.

Мектепке дейінгі білім беруді жаңғыртудың қазіргі кезеңінде мектепке дейінгі жастағы білім беру сапасын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылады, бұл мектепке дейінгі балалардың қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, ақыл-ой әрекеттерінің логикалық тәсілдерін дамытудың тәсілдері мен құралдарын іздеу қажеттілігін туғызады. Психологтардың барлық зерттеулері, оның тақырыбы-баланың ойлау қабілетін дамыту

тәсілдері мен шарттарын талдау: бұл үдерістерге әдістемелік басшылық жасау мүмкін емес, сонымен қатар тиімділігі жоғары.

Басқаша айтқанда, мақсаты-ойлаудың логикалық тәсілдерін қалыптастыру баланың дамуының бастапқы деңгейіне қарамастан процестің нәтижелілігін айтарлықтай арттырады. Мектепке дейінгі жас баланың негізгі қызметі - ойын кезеңі. Ойын барысында білім, білік, дағды оңай игеріледі, ойын жағдайында баланың назарын аудару оңай, ол материалды жақсы есте сақтайды, сондықтан мектепке дейінгі балалардың логикалық ойлауын Дидактикалық ойындарды қолдана отырып дамыту жақсы. Бұл мәселеге А.В. Запорожец, Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, Ж. назар аударды. Пиаже, К. Распэ, Л.А. Венгер, А.А. Столяр, А.З. Зак. Ойлау-бұл адам қойылған тапсырманы шешетін психикалық процесс.

Ойлаудың нәтижесі-сөзде көрсетілген ой. Сондықтан, ойлау мен сөйлеу өзара тығыз байланысты. Ойлаудың көмегімен біз білім аламыз, сондықтан оны бала кезінен бастап дамыту өте маңызды. Ойлау үш кезеңде дамиды: көрнекі-әрекетті (бала затты манипуляциялау арқылы әрекет еткен кезде) бұл ерте жастағы баланың негізгі ойлау түрі; көрнекі-бейнелі (бала бейнелердің көмегімен құбылыстар, заттар түсініктерінің көмегімен ойлаған кезде)- мектепке дейінгі жастағы баланың ойлауының негізгі түрі болып табылады; ауызша - логикалық (бала ақылға түсінік, ой, сөздер арқылы ойлаған кезде) - ойлаудың бұл түрі мектепке дейінгі ересек жаста қалыптаса бастайды [3].

Мектеп жасына дейінгі балаларда негізгі ойлаудың алғашқы екі түрі болып табылады. Егер балада ойлаудың барлық түрлері жақсы дамыған болса, онда ол кез-келген міндеттерді шешу оңайырақ болады, сол арқылы ол өмірде үлкен табысқа жетеді. Бейнелі ойлау негізінде логикалық ойлау қалыптасады. Ол ойлауды дамытудың жоғары сатысы болып табылады. Салыстыру - бұл заттар мен құбылыстар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға бағытталған тәсіл. Баланы салыстыруға үйрету үшін оған келесі іскерліктерді меңгеруге көмектесу қажет: бір объектінің белгілерін (қасиеттерін) басқа объектімен салыстыру негізінде бөле білу; объектінің елеулі қасиеттері берілген немесе оңай табылған кезде елеулі және елеулі емес белгілерін (қасиеттерін) айыра білу; салыстырылатын объектілердің жалпы және ерекше белгілерін (қасиеттерін) анықтай білу.

Мектеп жасына дейінгі балалар әдетте пәнде тек екі - үш қасиет бар, ал олардың шексіз жиыны. Бала бұл көптеген қасиеттерді көре алуы үшін, ол затты әр жағынан талдап, бұл затты басқа қасиеттерге ие басқа затпен салыстыруды үйренуі тиіс. Салыстыру үшін заттарды алдын ала таңдап алып, баланы бұрын жасырылған қасиеттерді біртіндеп көруге үйретуге болады. Сонымен қатар, бұл іскерлікті жақсы меңгеру - заттың қасиеттерін бөліп қана қоймай, оларды атауды үйренуді білдіреді [4]. Мысалы, "барлық қышқылдарды табу" белгісі берілген.

Алдымен әрбір объектіде осы белгінің болуы немесе болмауы тексеріледі, содан кейін олар бөлініп, "қышқыл" белгісі бойынша топқа біріктіріледі. Мұнда "суреттерді салыстыра", "немен ұқсас және немен

ерекшеленеді", "дәл солай тап", "ұқсас фигураны тап", "басқалардан ерекшеленетін затты көрсет", "артық затты тап" және т.б. сияқты ойындарды жатқызуға болады. Бірінші кезекте бөлінген қасиеттерге салыстырмалы талдау жасай білуге және олардың айырмашылықтарын табуға үйрету қажет. Талдау-белгілі бір белгі бойынша объектінің қасиеттерін топтан бөлу немесе объект тобынан объектіні бөлу. Синтез-әр түрлі элементтерді (белгілерді, қасиеттерді) біртұтас тұтастыққа қосу. Психологияда талдау мен синтез бір-бірін өзара толықтыратын процестер ретінде қарастырылады (талдау синтез, синтез - талдау арқылы жүзеге асырылады) [3].

Содан кейін жалпы қасиеттерге өту керек. Бұл ретте баланы алдымен екі пәнде, содан кейін бірнешеуінде жалпы қасиеттерді көруге үйрету маңызды. Осындай дидактикалық ойындарға "фигураны сал", "фигураны құрастыра", "суретті құрастыра", "кілемше", "Танграм", "Колумбово яйцо" және т. б. ойындарды жатқызуға болады. Бала заттарда жалпы және ерекше қасиеттерді ерекшелеуді үйренгеннен кейін келесі қадам жасауға болады: оны елеулі, маңызды қасиеттерді елеусіз, екінші дәрежелі заттардан ажыратуға үйрету. Ол үшін көрнекі тапсырмалар қолданылады, онда маңызды белгі анықталған немесе оны оңай табу үшін "бетінде" болып табылады. Мысалы, түрлі гүлдер бір-біріне ұқсас болуы немесе көптеген қасиеттермен ерекшеленуі мүмкін: түс, нысан, мөлшері, жапырақшалар саны және т.б.д., бірақ барлық түстерде өзгермейтін бір қасиет қалады: жеміс беру, бұл оларды гүлдермен атауға мүмкіндік береді.

Егер өсімдіктің осы қасиеттері жоқ басқа бөлігін (жапырақтар, бұтақтар) алса, онда оны гүл деп атауға болмайды. Осылайша, егер мүліктік емес қасиеттерді өзгертсе, зат бұрынғысынша сол ұғымға жатады, ал егер Елеулі қасиеттерді өзгертсе, зат басқаша болады. Баланың назарын жалпы белгі әрдайым маңызды емес, бірақ маңызды - әрқашан ортақ болып табылатынына аудару маңызды. Жіктеу-бұл ең маңызды белгілерге сәйкес сыныптар бойынша ойлау бөлу. Мектепке дейінгі жастағы бала жалпылау және жіктеу тәсілдерін толық көлемде меңгере алмайды, өйткені осы жаста ол үшін қажетті формальды логиканың элементтерін меңгеру әлі қиын. Алайда, жинақтау және жіктеу тәсілдерін меңгеру үшін қажетті кейбір іскерліктерге оны үйретуге болады. Ойындарды қолдана отырып: "заттарды бөлуге көмектес", "бір сөзбен ата", "Төртінші артық", "көпше бөліп, оларды ата" және т. б.:

Нақты нысанды ересек топқа жатқыза білу және керісінше, жалпы ұғымнан бірлі жарым. Нақты объектіні ересек топқа (мысалы, тәрелке - "ыдыс" тобын жатқыза білу немесе жалпы ұғымнан бір - бірімен (мысалы, "ойыншық" - бұл пирамида, машина, қуыршақ) бөлу үшін балалар жалпылаушы сөздерді білуі тиіс, тек қана бұл жағдайда жалпылауды және кейіннен жіктеуді жүзеге асыруға болады.

Өз бетінше табылған жалпы белгілер негізінде объектілерді топтастыра білу және құрылған топты сөзбен белгілеу. Бұл іскерліктің дамуы әдетте бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен бала заттарды бір топқа біріктіреді, бірақ

білімді топты атай алмайды, өйткені бұл заттардың жалпы белгілерін жақсы сезінбейді. Келесі кезеңде бала топтастырылған заттарды белгілеуге Әрекет жасайды, бірақ рулық сөздің орнына топтың бір затының (шие, шие, құлпынай - "шие") атауын пайдаланады немесе зат өндіретін немесе затпен (төсек, орындық, кресло - "отыруға") өндіруге болатын әрекетті көрсетеді.

Объектілерді сыныптар бойынша бөле білу.

Мұндай бөлу әрдайым салыстырмалы сипатқа ие, себебі көптеген объектілер өз күрделілігіне байланысты тек бір класқа есептелмейді. Барлығы жіктеу жүргізілетін негізге байланысты. Жіктеудің негізі ретінде бұл жиын класқа бөлінетін белгі түсініледі. Жіктеуді берілген негіз бойынша немесе негіздің өзін іздеу тапсырмасы бойынша жүргізуге болады (бұл нұсқа көбінесе 6-7 жастағы балалармен қолданылады, өйткені логикалық ойлаудың белгілі бір деңгейін талап етеді).

Мектепке дейінгі жастағы балалармен жіктеуді: атауы бойынша (тостағандар мен тарелкалар, ракушкалар мен тас, кеглдер мен доптар және т. б.); өлшемі бойынша (бір топқа - үлкен доптар, екінші топқа - кішкентай, бір қорапта - ұзын қарындаштар, екінші топқа - қысқа және т.б.); түсі бойынша (осы қорапта - қызыл түймелер, бұл - жасыл); нысаны бойынша (осы қорапта - квадраттар, ал бұл қорапта - кружкалар; бұл қорапта - текшелер, бұл қорапта - ұзын қарындаштар, кірпіштер және т. б.); математикалық емес сипаттағы басқа да белгілер бойынша (не болуы мүмкін және не жеуге болмайды; кім ұшады, кім жүгіреді, кім жүзеді; үйде кім тұрады және Орманда кім тұрады; жазда не болады және қыста; бақшада не өседі және орманда не болады және т.б.) [1]. Жоғарыда аталған барлық мысалдар-бұл берілген негіз бойынша жіктеу: ересек адам оны балаға хабарлайды, ал бала бөлуді орындайды. Басқа жағдайда сыныптау бала өз бетінше анықтаған негіз бойынша орындалады. Мұнда ересек адамдар көптеген заттарды (нысандарды) бөлу керек топтардың санын анықтайды, ал бала тиісті негіз іздейді. Жүйелеу - заңдылықтарды табу) - жүйеге келтіру, объектілерді белгілі бір тәртіппен орналастыру, олардың арасында белгілі бір бірізділікті орнату. Мысалы, "қателікті түзе", "моншақты жина", "қатарды жалғастыра", "алдымен не, содан кейін", "бұрын болған", "жолды құр" және т.б. ойындар.

Басқаша айтқанда, ол салыстырудың қарапайым әрекеттерін орындай білуі керек. Жүйелендіруді орындау кезінде талап етілетін негізгі логикалық әрекеттер объектілердің сериясында және жіктеуінде тұрады. Серия-таңдалған белгі бойынша реттелген өсу немесе кету қатарын құру. Сериацияларды көлемі бойынша, ұзындығы бойынша, биіктігі бойынша, ені бойынша ұйымдастыруға болады, егер бір үлгідегі заттар (қуыршақтар, таяқшалар, таспалар, тасшалар және т.б.), егер әр түрлі үлгідегі заттар (ойыншықтарды бойы бойынша отырғызу) болса. Сериялар түсі бойынша, мысалы, бояудың қарқындылық дәрежесі бойынша ұйымдастырылуы мүмкін (ерітінді түсінің қарқындылық дәрежесі бойынша боялған суы бар банкаларды орналастыру).

Мектепке дейінгі ересек жастағы бала жүйелендіруді жүзеге асыру үшін қажетті келесі іскерліктерді меңгеруі мүмкін: Бір белгі бойынша реттелген

және бір қатарда орналастырылған объектілердің орналасу заңдылықтарын таба білу. Бұл іскерлікті дамыту үшін әдетте реттелген объектілерге тағы бір қосу қажет, бірақ олардың орналасу заңдылықтарын бұзбайтын тапсырмалар қолданылады. Тапсырманы тек осы заңдылықты тапқан жағдайда ғана шешуге болады. Ал оны табу үшін бала қатарға енгізілген әрбір объектіні мұқият талдап, әрбір келесі объект алдыңғы объектіден ерекшеленетін белгіні (принципін) табу керек. Жаттығудың бастапқы кезеңінде бұл Біліктіліктің осы түрдегі тапсырмаларында тек көрнекі белгілерді, яғни баланың көзбен көре алатын белгілерін ғана пайдалану керек. Мұндай белгілер объект элементтері санының өзгеруі, оның пішінін, түсін және т. б. өзгеруі мүмкін.

Екі және одан да көп белгілер негізінде реттелген объектілердің орналасу заңдылықтарын таба білу. Бұл іскерліктің дамуы кезінде ең бастысы-баланы бір уақытта бірнеше белгілердің заңдылықтарын іздестіру кезінде ескеруге үйрету. Осы мақсатта матрица (қандай да бір элементтердің кестесі) қолданылады, онда объектілер арасындағы қатынастарды тек көлденеңінен ғана емес, тігінен де ескеру қажет. Бұл ретте қарапайым матрицадан (2 x 2) және бір - екі белгіден бастау керек. Мұндай белгілер болуы мүмкін: Объектінің пішінін, түсін немесе кеңістіктік орналасуын өзгерту, объектілер санының өзгеруі, объектінің бөліктерін қосу немесе азайту. Осындай міндеттерді табысты шешу үшін балаларда бір қатар объектілердің белгілерін қорыта білуді және осы белгілерді екінші қатардағы объектілердің жалпылама белгілерімен салыстыра білуді дамыту қажет.

Осы операцияларды орындау барысында есептің шешімін іздеу жүзеге асырылады. Бұдан басқа, баланың өз шешімін негіздеу, осы шешімнің дұрыстығын немесе қателігін дәлелдеу, өз болжамдарын ұсыну және тексеру, ақыл-ой-пікірлерді жасау біліктілігінің дамуына назар аудару маңызды.

Ақыл-ой оқиғалары - бір тұжырым-қорытынды, қорытынды бірнеше пайымдаудан тұратын ойлау тәсілі. Мысалы: "біздің топтың барлық қыздары - әдемі" (бірінші пікір); "Маша біздің топқа барады" (екінші пікір); Маша - әдемі (қорытынды, екі пікірден қорытынды). Заттардың мағынасы бойынша арақатынасы (мағыналық арақатынасы) олардың арасында қандай да бір байланыс табу. Егер бұл байланыстар заттардың немесе құбылыстардың маңызды белгілеріне, қасиеттеріне негізделсе жақсы. Алайда, екінші дәрежелі, аз маңызды қасиеттер мен белгілерге сүйену маңызды. Бұл байланыстарды табу үшін заттарды олардың функцияларына, арналуына, басқа да ішкі қасиеттеріне немесе белгілеріне назар аудара отырып, өзара салыстыру керек. Салыстырылатын заттардың әртүрлі қатынастар түрлеріне негізделген байланысы болуы мүмкін. Мысалы: "бөлік-бүтін " (дөңгелек-машина, үй-шатыр); заттардың немесе құбылыстардың қасиеттеріне қарама-қарсы (тұз - қант, түн-күн); заттардың ұқсастығы немесе функцияларына қарама-қарсы (қалам-қарындаш, қарындаш-резинка); бір түрге немесе түрге (қасық-шанышқы, алма-алмұрт) және т.б. [4]. "Мағыналық арақатынасты" оқыту-бұл осындай қарым-қатынасты жылдам алуға (табуға) үйрету.

Оқыту реті келесі болуы керек:

Көрнекі екі заттың мағыналық арақатынасы Алдымен бала өзі тікелей қабылдайтын заттарды мағынаға сәйкес келуін үйренуі керек. Сондықтан ол олардың ерекшеліктерін талдап, олардың мақсаты мен функцияларын анықтау оңай болады. Бұл үшін балаға заттардың өздері немесе олардың суреттегі бейнелері ұсынылады.

Көрнекі ұсынылған заттың сөзбен белгіленген затпен арақатынасы ("сурет-сөз"). Суретте бейнеленген затты сөз түрінде ұсынылған затпен салыстыру бала үшін күрделі міндет болып табылады. Өйткені, тапсырманы орындау үшін, бала ауызша түрде берілген затты анық көрсетуі керек. Оқытудың бұл кезеңі келесі кезеңге өту ауызша ұсынылған заттар мен құбылыстар арасындағы мағыналық байланыстарды табуды дамыту болып табылады.

Сөздер түрінде ұсынылған заттар мен құбылыстардың мағыналық арақатынасы ("сөз - сөз"). Сөз қандай да бір затты, оның жеке қасиетін, табиғат құбылысын және т.б. белгілеуі мүмкін. Содан кейін салыстыру үшін заттардың қасиеттерін, табиғи құбылыстарды және т. б. білдіретін неғұрлым абстрактілі ұғымдар ұсынылуы мүмкін. "Кімге", "қажетті затты тап", "сұрақ белгісінің орнына не салу керек", "қажетті суретті таңда", "сұраққа жауап бер" және т. б. заттарды мағынаға қарай сәйкестендіру білігін дамытуға бағытталған ойындарға жатқызуға болады.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық ойлауын дамытуға бағытталған Дидактикалық ойындарды қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру бойынша тікелей білім беру қызметі процесінде, балалардың еркін іс-әрекетінде, бос уақыттарда, ойын, әңгімелесу, проблемалар мен жағдайларды бірлесіп шешу сияқты әртүрлі әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Е. Агаева логикалық ойлау элементтерін қалыптастыру: мектепке дейінгі ересек жас // мектепке дейінгі тәрбие. - 1981. - № 1. - с. 38-4
2. Афонькина Ю. А., Г. А. Урунтаева. Мектепке дейінгі психология практикумы. - М.: Академия, 2000 - 304 б.
3. Л.А. Венгер, В. С. Мухина. Психология: оқу құралы, пед. қатысушы - М.: Просвещение, 1988. - 336 б.
4. Туғаннан мектепке дейін. Мектепке дейінгі білім берудің негізгі жалпы білім беру бағдарламасы. /Под ред. М. А. Васильева, Н. Е. Вераксы, Т. С. Комаровой, - М.: МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2012. - 304 б.
5. Е.В. Доценко. Мектепке дейінгі мекемелердегі балалардың психодиагностикасы,-Изд-во: Волгоград Учитель, 2012. - 297 б.

Психолог жұмысындағы кинезиология

Балабекова Н.К., «Алданыш» бөбекжайы» КМҚК

Дені сау және жан-жақты дамыған баланы тәрбиелеу тәжірибеде неғұрлым өзекті мәселе болып қала береді, бұл оны іске асырудың тиімді құралдарын іздеу қажеттігін білдіреді. Бұл мәселені қарастыру кезінде балалармен дамыту қызметін ұйымдастыру ерекше маңызға ие. Егер сіз баланың табиғи бірегей мүмкіндіктерін, оның жеке қабілеттерін дамытқыңыз келсе, психикалық үдерістерді, оның ішінде сөйлеу мен интеллект дамуына жауап беретін мидың жұмысын жақсартқыңыз келсе, - кинезиология сізге көмектеседі [1. 21-бет].

Кинезиология - белгілі бір физикалық жаттығулар арқылы адамның ақыл-ой қабілетін және физикалық денсаулығын дамыту туралы ғылым. Ол баланың және ересек адамның табиғи физикалық қозғалысы арқылы дамуы туралы ілім болып табылады. Бұл бағыт жеке тұлғаның үйлесімді және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруын дамыту үшін ми мен дененің қызметін оңтайландыратын арнайы ұйымдастырылған қозғалыстарды ұсынады. Кинезиологиялық жаттығуларды қолдану баланың еске сақтауын, зейінін, сөйлеуін, кеңістіктік көріністерін, ұсақ және ірі моториканы жақсартуға мүмкіндік береді, шаршағандықты төмендетеді, еркін басқару қабілетін арттырады. Кинезиология балаға және ересек адамға ұсынылады [1. 21-бет].

Балалар кинезиологиясы балалардың психоэмоционалдық және интеллектуалдық дамуы үшін түрлі қимыл-қозғалыс, тыныс алу және энергетикалық жаттығуларды қолданады. Кинезиология денсаулық сақтау технологиясына жатады.

Кинезиологиялық жаттығулардың әсерінен ағзада жағымды құрылымдық өзгерістер болады. Жүйке процестерінің күші, тепе-теңдігі, қозғалысы, икемділігі жоғары деңгейде жүзеге асырылады. Мидың гимнастикасы адамның жасырын қабілетін анықтауға және оның миының іс-әрекетінің шектерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Дамуында қиындығы бар балалармен кинезиологиялық жаттығуларды қолдану ерекше өзекті. [2. 8-бет].

Кинезиологиялық жаттығулар дереу және жинақталатын әсер береді.

Арнайы кинезиологиялық жаттығуларды қолданудың негізгі талабы қозғалыс пен тәсілдерді дәл орындау болып табылады. Психолог алдымен барлық жаттығуларды меңгереді, содан кейін оларды баламен өткізеді. Барлық материал балаларға өлең түрінде ұсынылады. Өлең ырғағы сөйлеу тыныс алудың дамуына, үйлестіруге және еркін моторикаға, сөйлеп есте сақтауына ықпал етеді. Жаттығуларды таңертең, күн сайын, екі апта бойы, үстел үстінде тұрып немесе отырып, тек қана жағымды кеңістікте өткізген дұрыс .

Жаттығуларды 2-3 жастан бастап қолдануға болады. Олар гимнастикаға немесе физминуткаға жақсы және жай ғана қызықты жаттығулар түрінде де жақсы. Әр жаттығу 1-2 минуттан орындалады, бұл көп уақытты қажет етпейді. Оларды сүйікті динамикалық музыканы пайдалана отырып, әр түрлі тәртіппен және үйлесімде орындауға болады. Ән айтуға, шапалақтауға немесе жаттығуды санамақ түрінде және жаңылтпаш ретінде айтуға тыйым салынбайды. Қарапайым қозғалыстар мен жаттығулар көңіл-күйді көтереді, қуанышты, шығармашылық оқытуға, оң тұлғалық өсуге, оқу дағдылары мен

біліктерін перспективалы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаттығулар кешенін қолданған дұрыс: созулар, тыныс алу жаттығулары, көз қозғағыш жаттығулар, дене жаттығулары, ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар, релаксацияға арналған жаттығулар.

Созылу Гипертонус (бақыланбайтын бұлшықет кернеуі) және гипотонус (бақыланбайтын бұлшықет әлсіздігі) қалыпқа келтіреді. Тыныс алу жаттығулары ағзаның ырғағын жақсартады, өзін-өзі бақылау мен еркіндікті дамытады. Көз қозғағыш жаттығулар көру өрісін кеңейтуге, қабылдауды жақсартуға мүмкіндік береді. Көзбен тілдің бір бағыттағы және әр бағыттағы қозғалыстары құлақаралық өзара іс-қимылды дамытады және ағзаның энергетикасын арттырады [3. 12-бет]. Релаксацияға арналған жаттығулар босансуға, кернеуді жоюға мүмкіндік береді.

Кинезиологиялық жаттығуларды сипаттау және орындау:

1. «Жұдырық» «Қабырға» «Алақан». Бұл жаттығулар ойлау қызметін жақсартады, жарты шаршының жұмысын синхрондайды, есте сақтауға ықпал етеді, зейіннің тұрақтылығын арттырады, жазу және оқу процестерін белсендіреді. Бастапқы жағдайы: отырып, қолдар үстелдің жазықтығында болады. Қолдың үш күйі бір-бірін біртіндеп ауыстырады. Жұдырықталған алақан, үстелдің жазықтығында алақанның қырымен тұруы. Алдымен оң қолмен, содан кейін сол қолмен, содан кейін екі қолмен бірге орындалады. Қайталау саны 8-10 рет.

2. «Жалқау сегіздік» жүйке желілерінің миелинизациясы жүреді, бұл іскерлікті, дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді, ал бұл әсіресе балалардың сензитивті даму кезеңінде маңызды. Шығармашылық тоқырау кезеңінде көмектеседі, қиын жағдайда шешім табу оңай болады. Бастапқы ұстаным: тұру немесе отыру. Қолыңызды алға созыңыз, шынтақ буынында бүгіңіз, бас бармағыңызды мұрын көпіріне көтеріңіз, көру горизонтындағы сегіздіктерді сипаттаңыз. Сонымен қатар, бас бармақтың қозғалысын тек көздермен бақылаңыз. Сегізді оңнан солға, солдан оңға, жоғарыдан төменге қарай сызыңыз. Жаттығулар 8-10 рет орындалады.

3. «Піл». Бұл ең біріктіруші жаттығу. "Мидың Әнұраны". "Интеллект-дененің" барлық жүйесін теңгереді, жүйке желілерін ынталандырады және қалпына келтіреді, зейінді шоғырландыруға ықпал етеді. Сыртқы көз бұлшық еттерін нығайтады, компьютерде жұмыс істегеннен кейін кернеуді жояды, арқадағы кернеу мен ауырсынуды жояды. Бастапқы жағдайы: тұрып. Тұрып босансыңыз. Тізе сәл бүгілген. Басыңызды иыққа еңкейтіңіз. Осы иықтан қолды пілдің тұмсығы ретінде алға тартыңыз. Қол "Жалқау сегіздік" салады, содан бастап көру өрісінің ортасынан жоғары және сағат тіліне қарсы; бұл ретте көз саусақтар ұшының қозғалысын бақылайды. Жаттығуды үш реттен беске дейін сол қолымыз, сол құлақпен қысылған, оң құлақ, оң қолмен қысылған үш реттен беске дейін баяу орындаймыз.

4. «Айналы сурет салу». Жаттығу жарты шаршының жұмысын синхрондауға, ақпаратты қабылдауға, ақпаратты есте сақтауды жақсартады. Бастапқы жағдайы: тақтада немесе таза қағаз парағында екі қолға

қарындашпен немесе фломастермен алып, бір уақытта айналы -симметриялы суреттер, әріптер салу.

5. "Энергетикалық есінеу". Беттің, көздің, ауыздың, мойынның бұлшықеттерінен кернеуді алып тастайды. Дауыстық байламдардың функциялары жақсарады, сөз анық болады. Бастапқы жағдайы: отыру. Саусақтарыңызбен жоғарғы және төменгі жақ сүйектерін қосатын созылған буынға басу арқылы аузыңызды ашып, есінеуге тырысыңыз. Ол 5-8 рет орындалады. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған жаттығулар кешені: «Аққала» созылу: Әрқайсыңыз жаңа жасалған аққала екендеріңізді елестетіңіздер. Дене қатты, қатып қалған қар сияқты. Көктем келді, күн қызып, Аққала ере бастады. Алдымен" ериді " және басы салбырайды, содан кейін иықтарын түсіреді, қолды босаңсытады және т.б. жаттығудың соңында бала еденге жұмсақ құлайды және су көлшігін бейнелейді. Босаңсу қажет. Күн қызып, көлшікте су буланып, жеңіл бұлтқа айналды. Жел соғады және бұлтты аспанға қуады. «Шам» тыныс алу жаттығуы: бастапқы жағдайы – үстел үстінде отырып. Елестетіңіз, сіздің алдыңызда үлкен шам тұр. Терең дем алып, қолыңыздың саусақтарын жанып тұрған шам деп елестетіп бір деммен шамды өшіріңіз. Ал енді алдыңызда 5 кішкентай шам деп елестетіңіз. Терең дем алып жаңағы шамдарды кішкентай бөліктермен үрлеп өшіреміз. «Диірмен» дене жаттығуы: қол және қарама-қарсы аяғы алдымен алға, содан кейін артқа, көздің оңға, солға, жоғары, төмен айналуымен айнала бастайды. Орындау уақыты 1-2 минут. Тыныс алу еркін. «Бұлтқа саяхат» релаксацияға жаттығу: ыңғайлы отырыңыз және көзді жұмыңыз. Екі-үш рет терең дем алып, дем шығарыңыз. Мен сіздерді бұлтқа саяхатқа шақырғым келеді. Жұмсақ тау тәріздес томпақ жастыққа ұқсас, ақ жұмсақ бұлтқа секіріңдер, Сендердің аяқтарын, арқаларын үлкен бұлтты жастыққа ыңғайлы орналасқанын сезініңдер. Ал енді саяхат басталады. Бұлт баяу көк аспанға көтеріліп жатыр. Желдің сендердің беттеріңе тигенін сездіңдер ме? Бұл жерде, жоғары аспанда бәрі тыныш. Бұлт сендерді қазір бақытты болатын жерге апарсын. Бұл орынды мүмкіндігінше дәл көруге тырысыңыз. Бұл жерде сендер өздеріңді бақытты және тыныш сезінесіңдер. Мұнда керемет сыйқырлы нәрсе болуы мүмкін. Енді сіздер қайтадан бұлтта, және ол сізді артқа, сіздің орныңызға апарарды. Бұлттан түсіп оған алғыс білдіріңіз, сізді қыдыртқаны үшін. Енді ауада оның баяу еріп кеткенін бақылаңыз. Потянитесь, выпрямитесь, и снова будьте бодрими, свежими и внимательными. Созыламыз, тік тұрамыз және тағы да күшті, сергек мұқият боламыз. «Көз – саяхатшы» көз қозғаушы жаттығулары: әр түрлі бұрыштарда және кабинет қабырғаларында ойыншықтардың, жануарлардың және т.б. түрлі суреттерін ілу. Бастапқы жағдайы – тұру. Педагогтың айтқан затын басымызды бұрмай көзімізбен табу.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А.Л. Сиротюк «Обучение детей с учётом психофизиологии», «Сфера», Москва 2001г.

2. А.Л. Сиротюк «Нейропсихологическое и психофизиологическое сопровождение обучения», «Сфера», Москва 2003г.

3. А.Л. Сиротюк «Синдром дефицита внимания с гиперактивностью», «Сфера», Москва 2002г.

Мектепке дейінгі балалардың креативті ойлауын дамыту

Балдайкенова Г.С., «Алданыш» бөбекжайы» КМҚК

Қазіргі заманғы қоғамның тұлғаға қояр талаптары өте жоғары. Әр тұлғаның креативті, шығармашылығының болуына көп назар аударады. «Креативтілік» - кейінде пайда болған сөз, көбіне жаңа идеяларға және күтпеген құбылыстарға қатысты қолданылады.

Креативтілік (creatio – латын сөзінен аударғанда жасау, жарату) - шығармашыл, жаңашыл іс-әрекеті мағынасын білдіреді.

Креативтілік деген не? «Жаңа» ой - бұрынғы ой элементтерінен жаңа ойды құрастыру. Жаңа ой құрастыру - ол баланың еш байланыспайтын ой элементтерінің арасынан жаңа ой құрылуын көре білуі, жасай алатын қасиетіне байланысты болып келеді. Креативтілік – ол «бұрын байланыспайды» деп есептелген ойлардың бірігуі [4. 62-бет]. Шығармашылық жұмыс алдындағы ойдың кейіннен шабыттануға, нұрға бөленуге апаратын процесс болып табылады. Шығармашылық процестің психикалық ерекшелігін белгілей отырып, К.С. Станиславский шығармашылық жұмысының пайда болуы барысындағы жеке тұлғаның рухани күштері мен жоғары саналығының бірігуі екенін анықтайды. Сонымен, креативтілік - жеке тұлғаның салыстырмалы түрде тұрғылықты мінездемесін сипаттайтын шығармашылыққа қабілеттілігі, шығармашылық дарындылығының деңгейі болып табылады

Креативтілік– тұлғаның айрықша идеяларды шығару, ойлаудың дәстүрлі схемаларынан кете алу, проблемалық жағдаяттарды шеше алу қабілеті. Өзін-өзі танытатын тұлғаға тән батылдық, еркіндік, спонтандылық, тұтастылық, өзін-өзі қабылдау, айқын ақыл-ой, сана сияқты мінездік қасиеттерді креативтілік әкеледі.

Креативтілік жайлы-ол, кез келген адамда болатын қабілеттілік, бірақ өсу барысында тәрбиенің және оқыту бағдарламаларының әсерінен жойылып кетеді деген пікір бар. Креативті ойлаудың дамуы төрт кезеңнен тұрады.

Әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болады:

1. Жалпы ойлау – балалық шақта пайда болады.
2. Критикалық ойлау – жеткіншек жаста қалыптасады. Бұл өз өмірінде өткен тәжірибесіне сүйене отырып, қорытынды жасау қабілеті.
3. Тәуелсіз ойлау – бұл нақты ойлай алу, жасалатын қорытынды бекітілген стереотиптерге тәуелді емес.

4. Креативті ойлау - бұл ең жоғарғы кезең. Ол тәуелсіз ойлаудың беретін еркіндігінің арқасында негізделеді.

Бойындағы бар қабілеттіліктерді, оның ішінде шығармашылықты мектепке дейінгі бала кезден бастап дамыту керек. Стандарттан тыс ойлауды дамыту 3тен 7 жас аралығындағы балаларда нәтижелі болады. Өйткені, бұл жастағы балалар өз фантазияларын қолдануды және басқара алуды тез үйренеді. Осының барысында, күтпеген және инновациялық шешімдерді қабылдай алатын, өз ойын толық жеткізе алатын, кез келген қиын жағдайларда тез және дұрыс жол таба білетін, қабілетті ұрпақ болашағымыздың басшысы болады. Осы жетістіктерге жетуде педагогтер мен ата-аналар балалардың жан-жақты дамуында көмек берушілер қызметін атқарады [1. 18-бет].

Мектепке дейінгі мекемелердің міндеттерінің бірі мектепке дейінгі балалардың креативтіліктерін дамыту үшін бар жағдайды жасау болып табылады. Өкінішке қарай балалардың білім алуға деген қызығушылықтары төмендеп кетті. Оқу қызметтерінің бір сарынды болуы аталып өткен мәселенің тереңдеп кетуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан әр педагог, маман, ата-ана балалардың қызығушылықтарын оятуды басшылыққа алулары керек [3. 17-бет]. Бала бойындағы креативтікті, шығармашылыққа деген ұмтылысты дамыту мақсатында арнайы жаттығуларды, ойындар мен жаттығуларды қолдану қажет. Тапсырма, ойындарды, жаттығуларды орындау кезінде үлкеннің көмегінсіз болмайды. Өйткені, бала өз іс-әрекетін толық ұйымдастырып, алған нәтижесін қорытындылап, бағалай алмайды. Ал, үлкендер балалардың іс-әрекеттеріне араласып, бағыт-бағдар бере отырып, мейірімділік пен шыдамдылық танытулары керек.

3-6 жастағы балалардың креативті ойлауларын қалыптастыруда педагогтердің алдында бірнеше міндеттер тұр:

- есте сақтаулары бойынша заттың қасиеті мен сыртқы түрін айта алу;
- заттың қасиеті мен белгілерін сөздік сипаттама бойынша тауып айту;
- заттың негізгі бөліктері бойынша сыртқы бейнесін құрау;
- анықталған графикалық формалардан әртүрлі заттарды тани алу;
- бір және бірнеше заттардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын таба білу;
- бір затқа қолданылатын іс-қимылдарды басқа затқа ауыстыра алу;
- кез келеген объект бойынша мазмұндық әңгіме құрай алу;
- объектіні жасалатын іс-қимылдарын сипаттамасынан тани алу.

Осы міндеттерді шешу барысында педагогтерге қойылатын талап баланың неғұрлым көбірек шешімдер жасауына құптаулар айту, содан кейін бірлесіп оның сапасын бағалау.

Креативті ойлауды дамытуға арналған жаттығулар, тапсырмалар, ойындар топтамасы.

1. Жаттығу. «Бар дөңгелек заттарды ата (бөлмеде, аулада, көшеде...)»

2. Жатығу. «Мен айтқан 2 белгіні қосатын 3 затты ата»

Мысалы: қызыл домалақ – қызыл домалақ доп, алма, шарик;

Үлпілдек жасыл – үлпілдек жасыл шырша, мақта, доп;

Мөлдір көк – аспан, су, бояу;
Тәтті жеңіл – мақта, алма, қант;
Күшті мейірімді – адам, балуан, бала;

3. Жаттығу. «Жұмбақтар жасыру»

4. Жаттығу. «Өмірде жоқ аңды, гүлді, ойыншықты, құсты, балықты, жемісті, көкеністі..... сал, оған өмірде жоқ ат қой, ол туралы ертегі құрап айт»

5. Жаттығу. «Керсінше айт». Тәтті тұз – ащы қант, ащы алма – тұщы пияз,.....

6. Жаттығу. «Пять +». Алма – тәтті, қатты, жұмсақ, үлкен, кішкентай.

7. Жаттығу. «Қарап-көру». Кез келген затты жақсылап қарастыру, көру арқылы есте сақтау керек. Біраз уақыт өткен соң нені қарастырып, не көргенін айтады. Келесі күні еске түсіріп айтуы керек. Осылай күнде бір зат жанына қосылып, айтылып отырылады.

8. Жаттығу. «Сия тамшысы». Қағаз, матаға тамған бояу, сияның тамшысын қарастырады, неге ұқсайтынын айтады.

9. Жаттығу. «Сен не көріп тұрсың?». Аяқталмаған суретті қарындаш беріп өзгертіп аяқтау ұсынылады. Салынған суреттің не екенін айтады.

10. Жаттығу. «Бұл не?». Балалар шеңберге тұрады. Педагог ортаға қызыл домалақ шеңберді қояды, допты бір балаға домалатып да «бұл не?» деп сұрайды. Балалар алма, доп, қызылша т.б. айтады.

Креативті ойлауды дамытуға арналған ойындар.

1. Ойын. «Артық сөз». Педагог атаған бес сөз ішінен артығын атайды, және неге артық екенін ажыратып айтады. Алма, алмұрт, балапан, банан. Балапан артық, өйткені ол құс, ал басқасының бәрін жемістер дейміз.

2. Ойын. «Айырмашылықтарын ата». Аталған заттың мүмкіндігінше көбірек айырмашылықтарын атау керек: шкаф-телевизор, магнитофон-қорап, кітап-машина, қоңырау-қарындаш, құс-ұшақ.

3. Ойын. «Сөздер топтамасы». Сөздерді топтау, неге топтағанын айту. Жебе, көбелек, ұшақ – ұшатын заттар; доп, шар, қарбыз – домалақ заттар...

4. Ойын. «Шынжырлы мәтін». Суреттер және бағыттамалар бойынша мазмұнды әңгіме құрайды, бірінші сөйлемнің соңғы сөзі, келесі сөйлемнің басы болуы керек.

5. Ойын: «Суреттер бойынша әңгіме құрау»

Мысал сұлбалары: - Суреттегі бейнеге дейін не болды деп ойлайсың?

- Кейіпкерлер не ойлап тұр?

- Әрі қарай не болады?

- Немен аяқталады?

- Сен не істер едің?

6. Ойын: «Ертегінің соңын аяқта». (Мысалы: Ертеде кішкентай сусиыр болыпты. Көп аңдар оның бойы кішкентай деп мазақтайды екен. Бәрінен де бір шыбын көп мазақтайды екен. Бір күні ол шыбын сусиыр жанындағы бұтаға қаонып, мазақтай бастапты..... балалар аяғында не болғанын өз ойларынын шығарады).

7. Ойын: «Қорытынды»

- Айдос Айымнан үлкен, ал, Айым Қанаттан үлкен. Кім ең үлкен, кім ең кішкентай?

- Асан Диастан толық, бірақ Қанаттан арық. Кім ең толық, кім ең арық?

8. Ойын: «Заңдылықтар»

Ойын бастаушы кез келген сөзді айтады, қатысушылар сол сөзге келетін заңдылықтарды кезек-кезек айтады. Тарақ – шаш, шаштараз, қайшы, фен, плойка.....(дәрігер – шприц, йод, халат.....)

9. Ойын: «Қолтырауын». Ойын бастаушы ұсынылған жолақтардың арасынан біреуін таңдап алады, ондағы суретті атамайды, қимылмен, мимикаме көрсетеді, қатысушылар тауып алулары керек.

10. Ойын: «Алты қалпақ». Аталған затты алты түсті қалпаққа қатысты талдап айтады. Ойын тапсырамаларды ойнап, орындаған өте көңілді, әрі қызықты [2. 62-бет].

Балалардың ойын барысында креативті және ерекше ойлаулары дамиды. Ойындарды топпен де, жекелеп, балабақшада да, отбасыменде ойнауға болады. Әркім ойын кезінде ұялмай ойларын айтуға, қарым-қатынасқа еркін түсуге пікір алмасып, таластарға түсуге мүмкіндік алады.

Тұлғаның креативтілік сапасы және креативті ойлауының қалыптасуы нәтижесінде:

1. Жоспарлардың кең, ауқымды құрай алу қабілеті;
2. Жалпыға бірдей норма және стандартпен келіспейтін, жаңа, ерекше, стандартты емес ойлардың туындауы – стереотипті ойлауды жояды;
3. Стандартқа сай емес ассоциацияларды жасай алу қабілеті;
4. Идеялардың мобильді генерациясы;
5. Бөлшектеу үрдісі барысында алғашқы ойлардың жетілдірілуі;
6. Заттардың таныстығын жаңашалап қолана алулары дамыды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А.К. Бондаренко, А.И. Матусик «Воспитание детей в игре».
2. Д. Силберг «500 пятиминутных развивающих игр»
3. «Отбасы және балабақша» № 7. 2011ж.
4. «Мектепке дейінгі білім» журналы №3 2011ж.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындар мен М.Монтессори жүйесін ұтымды пайдалану

Бапахова Р. Ж., «Алтын сақа» бөбекжайы» КМҚК

Қазіргі уақытта қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің біліс беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде баланың жеке басының қалыптасуы мен

дамуын ескере отырып ұлттық ойындар мен М.Монтессори педагогикасын ұтымды пайдалану жұмыстың ерекшелігін байқатады.

Қазақстан Республикасының мектепке дейігі білім беру ұйымдарында жаңа өзгерістер мен әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа бағыттағы жобаны іздестіру және қолдану арналған Республиканың «Білім беру» Заңында « Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты мәселелер мемлекеттің білім саясатының басты ұстанымында атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологиялар енгізілуі керек. Осыған байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ұлттық ойындар мен М.Монтессори педагогикасын жан-жақты талдау, қолданудың маңыздылығы ерекше айтылып жүр.

Ұлттық ойындар ұрпақтан ұрпаққа көшетін тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен қоғамдық нормалардың және халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің рухани негізін қалыптастыратын халық педагогикасының бір саласы. Балалардың дәстүрлі мәдениетке қызығушылығын арттыруда қазақ халқы мынадай принциптерді негізге алған: тәрбиенің мақсаттылығы, табиғатқа сәйкестілігі, жүйелілігі, бірізділігі, тәрбиенің еңбекпен, өмірмен байланыстылығы, жас және дара ерекшелігін ескеру, жаңа міндеттерді орындауға психологиялық-адамгершілік тұрғыда даярлау, тәрбиенің тұтастылығы, кешенділігі, халықтылығы, тәрбиенің ұжымдық формада жүзеге асырылуы және т.б.

Әр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп қана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді. Мысалы, бір ойын шеберлік пен ептілікке, енді бір ойын талғампаздыққа, ал енді бір ойын қиын-қыстау кезеңде тез шешім қабылдап, оңтайлы жол таба білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық ойындардан спорт пен патриоттық тәрбие айқын аңғарылады. Мұның өзі қазақтың ұлттық ойындарының тәрбие берудің таптырмас құралы екендігін дәлелдейді. Халқымыз «Баланы ойын өсіреді» деп тегін айтпаған. «Ойын тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімдеудің белгісі» деп халқымыз ойын әрекетін тәрбие құралы ретінде бағалаған. Төрт түлік мал туралы халық ауыз әдебиетінде ғана жырланып қоймай, ұлттық ойындарда да көрініс тапқан. «Ақ байпақ», «Түйе, түйе», «Соқыр теке», «Көк сиыр», «Асау мәстек» ойындарында басты рөлде төрт түлік мал сомдалып, ойын мазмұнына олар көздің қарасындай қорғалады. Ұлттық ойындар тақырыбына, мазмұнына қарай логикалық байланыста болып келеді. Халық арасында көп тараған «Мысық пен тышқан», «Үлек пен тайлақ» ойындары мысықтың тышқанды, үлектің тайлақты қуып ұстауы жануарлардың әлді, әлсіз жақтарын сипаттайды.

Ал, М. Монтессоридің педагогикалық жүйесі- адамның еркіндігі мен қадір қасиетіне деген көзқарас. Монтессори үшін адамның рухани дамуы оның

психикалық және физикалық дамуымен тығыз байланысты. Монтессори бойынша білім берудің девизи: «Өзіме істеуімен көмектес». «Мен өзім!» - педагог үшін баланың тілегі орындалуға міндетті. М.Монтессоридің ойынша, кішкентай баланың өзімен-өзі болуға, тәуілсіздікке ұмтылысын ересектер құрметтеуі керек, жауапты адам өссін десе, тәрбиелеу үдерісінде одан әрі бекітіліп, қолдануға ие болу керек. Ондағы басты мақсат әдісімен бірге дәстүрлі педагогиканы бірлесе қолдану баланың саналы әрекеті мен өзіндік қабілетін дамытуда нәтижелі болар еді.

Атап айтсақ, «**Бес тас**» (шекем тас) **ойыны**. Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар. Ойынға қатынасушылар дөңгелене отырады.

Бірінші тәсіл: Ойыншы бес тасты еденге шашырата тастайды да, ішінен бір тасты таңдап алады. Алған тасын жоғары серпіп жіберіп, жерден бір тасты іліп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгерді. Жерден алған тасын жанына қойып, сол тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.

Екінші тәсіл: Бес тасты еденге шаша тастап ішінен өзіне қолайлы бір тасты алады да, жоғарыдағы тәсілмен жерде жатқан тастарды екі-екіден жиып алады.

Үшінші тәсіл: Еденге бес тасты шаша тастайтайды да, ішінен біреуін алып, жоғары лақтырып, алдымен біреуін іліп алып, лақтырған тасын тосып алады, сонан соң жерде жатқан үш тасты сол тәсілмен бірден жиып алуы керек.

Төртінші тәсіл: Бес тасты қолына алады да біреуін жоғары серпіп жіберіп, қолындағы төрт тасты жерге қойып, жоғары серпіген тасын қағып алады. Сонан соң ол тасты жоғары қарай қайта лақтырып, жерге қойған төрт тасты жинап алып, жоғары лақтырған тасты қоса қағып алады.

Бесінші тәсіл: Бес тасты уысына алып, бірін жоғары қарай серпіп жібереді де, тасты алақанына қыса ұстап, шынашағымен еденді үш, не бес рет (ойыншылардың алдын ала келісімі бойынша) сипап өтіп (жалап өтіп деп те айтады) лақтырған тасын қағып алады.

Бұл ойын баланың саусақ бұлшық еттері мен алғырлыққа, ептілікке дамытса, Ал М.Монтессоридің түймелі рама, шыртылдағы бар рама, сыдырма ілгек рамаларын колданып, балаларға түймелерге мен шыртылдықты және сырмалы құлыпты ағытып және тағып үйренеді. Ал, ортаңғы және ересек топтарда белдіктері бар рама, бант байланған рама, бау өткізілген рама және түйреуіш тағылған рамалармен жұмыс жасайды. Бұл жаттығулар баланың ұсақ моторикасын дамытуға, қимыл-қозғалысын үйлестіруге, өз бетінше киінуге, дербестігін дасытуға септігін тигізеді. Асық ойыны баланың жастайынан нерв жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Мұндай қасиеті болмаса, адамда төзімділік, шыдамдылық та болмайды. Ондай қасиеттері болса, адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатынан шыға бермейді. Бұл ойынның еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін ойнайтын түрлері болған. Асық ойынының түрлері: алшы, асықты тігіп ойнау, омпта, тас қала, құмар, хан талапай, хан, т.б.

М.Монтессори жүйесі дәстүрлі педагогикадан мүлдем ерекшеленеді және ол Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына қайшы келмейді. Мемлекеттік жалпыға білім беру стандартының мақсаты «негізгі күзіреттілікке, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тұлғалық мәдениетке ие бала тұлғасын дамыту» болып табылады және Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі жастағы балаларды дамыту мен тәрбиелеуде отандық және шетелдік ғылымның инновациялық тәжірибесін қолдануды ұсынады.

Монтессори педагогикасының басты мақсаты, баланы өзіне –өзі қызмет жасауға үйрету болып табылады. Мысалы: өз бетінше киінуге, жуынуға, дастархан жасауға, оны жинауға т.б үйретеді. Балабақшалардың жай топтарында балалар белгіленген ережелер бойынша және ересектердің бақылауында ойнап, білім алады. Мұндай тәртіп дәстүрлі әдістемелер арқасында балаларды ересектердің талаптарын қатаң шектеулермен орындауға болады. Әрине, жақсы тәрбиеші ойын ұйымдастырып, не кітапша оқып баланы қызықтырады, балаға аппликация жасау мен қағаздан жасалған ойыншықтарды желімдеуге үйретеді. Баладан сол нәрсені шынымен істеуге құлқы бар ма деп сұрау сирек болар. Бала бақшаға ойнауға немесе тәрбиешінің басшылығымен оқуға келдіме, өзімен-өзі жұмыс жасау немесе біреуді тыңдау баланың ақыл-ойын дамыта ма, не белгілі бір үлгімен жұмыс істеуді дамыта ма? Бұл сұраққа жауапты М.Монтессоридың педагогикалық жүйесінен табуға болады. Өйткені ол баланың ойлау қабілетін суды өзіне сіңіретін жұмсақ сутартқышқа теңейді.

Монтессори әдісіндегі тәрбиешінің рөлі-баладан белгілі-бір нәрсені жасауды талап ету емес, керісінше баланың өзіндік дамуына кедергі келтірмей, сыртынан бақылау.

Қоршаған орта-балаға үлкен әсер ететін үлкен құрал болып табылады. Әрине, кез-келген орта бәрі бірдей дамуға әсер етеді демейміз. Орта дамытушы болу үшін оны дайындауымыз керек, сондықтан Монтессори педагогикада «дайындалған орта» деген термин қолданылады. Ол орта баланың қызығушылығын тудыратын және оны өз бетінше жасап құрастыруға арналған әртүрлі заттардан тұрады. Педагог топта балалардың жасап құрастыру ісіне септігін тигізетін өзара көмектің әділ қатынастары болуына, достық және тыныш жағдайға жауап береді.

1. Математика іс-әрекетінде «қоңыр баспалдақтарды» пайдаланып, балаларға 10-ға дейін санауды және жуан-жіңішке ұғымдарын енгізуді қалыптастыруға болады. Балаға ол баспалдақтарды қалай дұрыс тасымалдауды, қалай орналастыру керектігін көрсетіп, соңынан өз бетінше жасауды ұсынамыз. Баспалдақты ең жуан кесектен бастап, ретімен кілемше орналастырады. Балаға баспалдақты дұрыс орналастырғанын тексеріп көру үшін ең жоғарғы кесектен төмен қарай допты дөңгелетіп көруді ұсынамыз, егер дұрыс орналастырылмаса доп соңына дейін дөңгелемейді. Бала кесектерді біртіндеп тасыған кезде олардың қалыңдығын жақсы сезініп, жуан - жіңішке ұғымдары қалыптасады.

2. Ал, «қызыл штангаларды» пайдаланып, балалар 10-ға дейін санауға үйренеді, ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдары қалыптасады. Дәстүрлі топтармен салыстырғанда, Монтессори педагогының баланың тілінің дамуына көмектесу мүмкіншіліктері әлдеқайда көбірек. Өткені бұл жерде балаларға дербестік беріледі. Олар бір-бірімен араласып, өз беттерінше келісімге келуге үйренеді. Әріне бұл жерде педагогтың көмегі қажет болса, ол тек бақылаушы болып қала алмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Монтессори М. Балалар үйі. Ғылыми педагогика әдісі. – Гомель 1993
2. С. Гаппасов. Халық педагогикасының негіздері 1995
3. Сәтімбекова М.С. «Ойна да ойлан» 2000
4. Сорокова М.Г. Балабақшамен мектепте. 1997

Отбасындағы ата – аналардың балалармен бос уақытын тиімді пайдалануы

Батыкова Н. Ш., «Алтын сақа» бөбекжайы» КМҚК

«Отбасындағы ата-аналардың балалармен бос уақытын тиімді пайдалануы». Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер, дегені бар. Баланың бос уақытын тиімді пайдалануы баланы қол өнерге қызықтыру үшін отбасы мүшелері барлағы бірігіп қарапайым бұйымдарды істеу арқылы баланың бойына қол өнерге деген қызығушылығын оятып оны қоршаған ортадан әдемілікті, әсемдікті көре білуге, жұмыс барысында төзілімдікке, ұйымшылыққа ұжым мүшелерінің ойынмен санаса білу қасиеттерін бойларына сіңіру арқылы басқаның еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.

Біздің топта осы бағытта ата-аналарға жиналыстар өткізіліп кеңестер айтылып тесттер өткізіледі ол жұмыстардың есебі топтағы ата-аналармен жұмыс арқылы папкада жиналып толып тіркелген.

Баланың ата – анаға деген махаббаты:

Жақсы көреді, сипайды.

Кейде басымнан сипайды, сүйеді, анам: «Күнім», «Ботам» деген сөздер айтады.

Ойыншықтар сатып алады, тәттілер сатып әпереді.

Бдыс жууға көмектесемін, еден жуамын, жұмыстан қарсы аламын.

Төсек орын жинаймын, әкеме тыста көмектесемін

Анам сүйеді, құшақтайды, әкем менімен бірге ойнайды, бетімнен сүйеді.

Жұмсағанына барамын.

Көмектесемін, сыйлықтар жасаймын, аяймын.

Бақытты отбасы үшін еңбектену:

1. Бала - дайындалып, тек алға жүреді
2. Балабақша - тәртіп пен білім, тәрбие беруші
3. Ата-аналар - тәрбие беріп, жол көрсетеді

Ата-аналармен ойын ойнайық

«Тапқыр ата-аналар»

Ата-аналарға сұрақтар қойылады.

Сұрақтар:

1. Не тәтті?
2. Не жұмсақ?
3. Не қатты?
4. Кім жақын?
5. Не қымбат?

Жауаптары:

1. Ананың сүті тәтті
2. Ананың қолы
3. Мейірімсіздік қатты
4. Отбасың, туыстарың
5. Алтын ұяң Отан қымбат.

Ендігі кезекті ата-аналарға берейік бірінші өзінің жұмысын Шыныбекова Зылиқаның анасы Шыныбекова Светланаға сөз берейік.

Мен өз отбасымен таныстырайын. Әкеміздің аты Берік. Отбасымызда үш қыз тәрбиелеп отырмыз. Қыз бала болғандықтан, олар әдемі гүлдерге, әшекейлерге үйір болады. Сондықтанда мен қыздарыммен бірге күнделікті ас бөлмеде пайдаланатын қағаз майлықтардан гүлдер жасаймыз.

Әдемі кішкентай қыздарға арналған ободоктар

Бұл әшекей өткен жылғы жаз маусымының трендіне айналып, міне, биыл да сәнге оралды. Неліктен? Біріншіден, өзінің сәнділігімен кез келген сәнқойдың жүрегін жаулап алары хақ. Екіншіден, әрбір нәзік жандыға қажетті сән атрибутының біріне айналған. Жаз маусымында қыздар гүл принті бар киімдер, гүлді-гүлді әшекейлер таққысы келеді. Сондықтан шеберлері гүлден жасалған ободоктардың әртүрлі нұсқасын ұсынады. Жоғарыдағы суретте ободок кішігірім гүлдермен әрленіп, үлкен етіп жасалған. Ол көбіне бас пішіні кішірек, сопақтау келетін қыздарға жарасымды. Мен атлас ленталардан ободоктар жасаймын.

Мадинаның анасы Айжан. Құрақ – төрге төсейтін көрпеше. Мата қиындыларын қиюластырып, тұмарша, сегіз жапырақ, ромб және неше түрлі қазақи накыштағы оюлардан, өрнектерден құралған көрпені Құрақ немесе Құрақ көрпе деп атайды. Ежелден қонақжай қазақ халқы төрін қонаққа арналған “қасиетті орын” санаған. Ерте кезде баласы өліп, тоқтамаған үй “тіл-көзден аман болсын” деген ырыммен қырық Құрақ құрап, баласын соған ораған. Құрақ көрпенің арасына мақта және қойдың, түйенің жүнін салып немесе қазіргі кезде жасанды мақта синтепон салып, сырып тігеді.

Айжан өзінің қолыннаң тігілген құрақ көрпелермен таныстырды. Әдемі өрнектерден, оюлардан құрақ көрпелерді көрсетті.

Қазақта өмірге қыз бала келгеннен бастап қыз жасауын жинауды бастайды. Атам қазақ «алты жасынан жинасаң асады, жеті жасынан жинасаң жетеді» демекші бүгін біз сіздерге қазақ қызының жасауының ең басты бөлігі көрпе-жастығына тоқталмақпыз. Тәрбиеші ана-аналарды ортаға шақырады. Ата-аналар бойымызды сергіп алайық, мен сіздермен бір ойын ойнайық, ойынын аты «Балаларыңызды қалай еркелетесіз?»

Тәрбиеші ойының мақсатын түсіндіріп айтып кетеді.

Ата-аналар ойынға белсене қатысып ойнайды.

Тамаша құрметті ата –аналар рахмет сіздерге, енді кезекті Амантай Аминаның анасына берейік.

Аминаның анасы Сауле көпбалалы ана.Отбасында үш қыз,екі ұл тәрбиелеп отыр. Менінде қыздарым әдемі әшекейлерді ұнатады. Біз қыздарымызбен бос уақытымызда әдемі әшекейлер жасаймыз мысалы мына суреттегі әшекейлерді өз қолымызбен жасадық. Біз балалармен түрлі – түсті әдемі қағаздардан суреттер жапсырамыз, ермексазбен мүсіндер жасаймыз. Әдемі гүлдер қиып жасаймыз.

Мұрат Әділетің анасы Тезекбаева Алтынай. Көп балалалы ана, әнші, биші, ісмер, педагог. Екі қыз, екі ұл тәрбиелер отыр. Қыз балаларыда өнерлі. Қыздарым қазақтың ұлттық бұйымдарын өз қолдарымен жасайды.

Мысалы мына суреттегі бұйымдар өздері жасаған. Әшекей - киімді, тұрмыстық бұйымдарды безендіруге пайдаланылатын, сәндік үшін жасалынатын бұйымдар және зат, бұйымның бетіне салынатын ою-өрнек, түрлі нақыштар.

Қазақтың ұлттық әшекей-бұйымдары сән үшін тағылып қоймай, қорғаныс қызметін де атқарған. Сол себепті қазақ қыздарының әшекейлерін жасау үшін тазарту қасиеті бар күміс пайдаланылған. Және мен ұл балалармен кіндер жұмыртқаларынан, ермексаздан пайдалана отырып, жануарларды, құстарды, әдемі балалардың ойыншықтарын жасаймыз,бұл жұмысқа әкеміз де көмектеседі. Балалардың қызығушылығын арттырамыз.

Ата-аналармен өткізілген жобамыз және жұмысымыз жоғары деңгейде жоғары бағада өтті, ата –аналарымыз өздерін үйлерінде балалармен бос уақытты қалай өткізетіндерін көрме, слайд арқылы көрсетті. Ата –аналар тәрбиешілерге рахметтерін, өз тілектерін айтты. Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы- ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Ата-анаға баладан жақсы ешкім жоқ. Ал бар тәрбиеміздің көзі – ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздер, яғни небір кереметтің барлығы осы айтылған нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер екені сөзсіз.

Қорыта айтқанда, адам өмірінің мәні мен сұлулығы – баланың ата-анасын ардақтап, өзінің перзенттік қарызын бір сәт те есінен шығармауында.

Бала – ата-ана өмірінің жалғасы. «Баламның табанына кірген шөгір менің маңдайыма кірсін» деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа қатер төнгенде «Өзімді алып, баламды аман қалдыр» деп айтатын ата-ананың жүрегі не деген кең, не деген ерекше десеңші!

Бала тәрбиесінің қызығы мен қиыншылығы қатар жүретіні бәрімізге белгілі. Сондықтан бәріңіздің отбасыларыңызға амандық, тек жақсылық тілеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Бала мен балабақша» №7, 2016ж.
2. «Балапан әлемі» №1, 2016ж.
3. «Отбасы және балабақша» №3, 2017ж.

Художественно-эстетическое воспитание дошкольников

Бекенова Г.А., КГКП «ясли сад «Алтын сақа»

Художественно-эстетическое воспитание – это целенаправленный и систематический процесс воздействия на личность ребенка с целью развития у него способности видеть красоту окружающего мира, искусства и создавать ее.

Главная особенность дошкольного периода – это формирование личности, и творческое начало. В современной педагогике одна из актуальных тем является развитие творчества у дошкольников. Творчество необходима каждому современному человеку, и начинать его формирование нужно в дошкольный период.

Условием развития детского творчества является обучение, в процессе которого формируются способности, знания, позволяющие ребенку реализовать любой замысел. Для этого умения, знания формируемые у детей, должны быть гибкими, вариативными, навыки – «применимыми» в разных условиях. В противном случае уже в старшем дошкольном возрасте, у детей появляется так называемый «спад» творчества. Ребенок, понимая несовершенство своих рисунков и поделок, теряет интерес к изобразительной деятельности, что сказывается на развитии творческих способностей дошкольника в целом.

У педагогов есть немало возможностей для реализации программы художественно-эстетического направления. Необходимо обращать внимание детей на разнообразие цветов, форм, звуков, запахов в окружающем мире. Для развития у детей эмоциональной отзывчивости необходимо побуждать их к совместному переживанию эмоций радости, удивления, сострадания, восхищения через проявление различных внешних признаков. В реализации

художественно-эстетического направления, создано вовлечение детей в разные виды деятельности.

В изобразительной деятельности – рисовании, аппликации, лепке, художественном конструировании – экспериментирование с цветом, составление композиций; аппликация из рваной бумаги, папье-маше, знакомство с техниками оригами; работа с различными материалами: бумагой, пластилином, глиной, природным материалом, тканью. Используются такие средства, как кисточки, карандаши, ножницы.

Изобразительная деятельность содействует личностному воспитанию ребёнка. Ребенок приучается быть активным в наблюдении, выполнении работы, проявлять самостоятельность и инициативу в продумывании содержания, подборе материалов, использовании разнообразных средств художественной выразительности. Именно, в процессе рисования, лепки, конструирования формируются такие важные качества личности, как активность, самостоятельность, инициатива. Отметим также возможности изобразительной деятельности в социально-коммуникативном развитии, так в процессе изобразительной деятельности воспитывается у дошкольников чувство товарищества, взаимопомощи. Работая над изображением, дети нередко обращаются друг к другу за советом, помощью. В конце занятия коллективный анализ проводится детских работ, который способствует формированию объективных оценок своих рисунков, и рисунков товарищей. Обобщая изложенное, ещё раз отметим, изобразительная деятельность – важнейшее условие художественно-эстетического развития детей, условие гармоничного воспитания дошкольников. Таким образом, педагогическая целесообразность включения в непосредственную образовательную деятельность в изобразительной деятельности, объясняется её широкими возможностями в содействии познавательному, творческому, духовно-нравственному воспитанию детей.

Обеспечивается познавательное развитие детей расширением, углублением знаний в области изобразительного искусства, что обеспечивает необходимую базу, для освоения в будущем, всей мировой культуры. Освоение знаний об изобразительном искусстве и различных изотехниках, направлений в живописи выступает основой культурного и духовно-нравственного развития, стимулирует развитие художественно-творческих способностей, воображения, памяти и мышления. Духовно-нравственное воспитание осуществляется через приобщение детей к достижениям искусства, что обеспечивает художественно-творческое осмысление окружающего мира, и внутреннего духовного содержания человека. Здоровье и сбережение детей, благодаря оздоровительно-коррекционной функции достигается в изобразительной деятельности, которая выступает эффективным средством снятия психологического напряжения, инструментом разрешения межличностных конфликтов, осознания своего внутреннего мира. Ребенку, цвет помогает выразить свое настроение страх и печаль, удивление, восторг.

Одной из важных задач художественно-эстетического воспитания изобразительной деятельности детей, развиваются их способности в творчестве. Занятия изобразительным искусством, являются важным средством - эстетического и всестороннего развития детей.

Для развития детского изобразительного творчества, решения задач эстетического воспитания мы предоставляем детям широкие возможности использования рисования, лепки, аппликации. Применение полученных на занятиях изобразительных умений, навыков в практических, общественно полезных целях, имеет большое значение не только для повышения эффективности детского творчества, и для осуществления более широких, воспитательных задач.

В нашем детском саду проводились осенняя и зимняя выставки рисунков и поделок из природных, а также из подручных материалов. Родители и дети активно принимали участия, они с большим удовольствием представили свои творческие работы, которые поразили своей оригинальностью задумки, техникой выполнения, своеобразием, неповторимостью. Все мероприятия способствовали объединению усилий детского сада, семьи, воспитанию и обучению детей, развитию детского и семейного творчества. В работах детей проявились творчество, воображение и фантазии.

Таким образом, если в детском саду проводить выставки и конкурсы, такие мероприятия будут сближать детей и взрослых, увлекая совместным делом. Проведение такого рода мероприятий могут способствовать воспитанию у ребенка нравственных ценностей, приобщать к национальной культуре, казахскому народному искусству.

Список литературы:

1. Ветлугина Н. А. Основные проблемы художественного творчества детей/ Ветлугина Н. А. // Художественное творчество и ребенок. – М.: Педагогика, 1972. – 215 с.
2. Выготский, Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. СПб: СОЮЗ, 1997. – 96 с.
3. Давыдова Г. Н. Нетрадиционные техники рисования в детском саду. Часть 1, 2. – М.: «Издательство Скрипторий 2003», 2007. – 80 с.
4. Комарова Т. С. Дети в мире творчества. М. 1994.
5. Штанько И. В. Воспитание искусством в д/с., М. 2007.

Школа мышления для малышей

Белоус Н.Г., КГКП ясли-сад «Балақай»

Система образования в Казахстане модернизируется и необходимы новые условия для развития, воспитания и обучения детей. В современном обществе

необходимо развивать инновационные процессы. В каких образовательных учреждениях и, в каком возрасте, нужно начинать применять инновационные программы, технологии, направления? В первую очередь, это дошкольные учреждения, как начальная ступень развития и формирования личности ребенка. Накопление разнообразных новшеств, приводят к изменению содержания и качества в сфере образования.

Профессионализм воспитателя – одно из главных требований к педагогу! Уметь анализировать идеи, которые лежат в основе современных программ и технологий, конструировать процесс обучения и воспитания с учетом богатейшего опыта отечественной и зарубежной педагогики, а еще уметь вести исследовательскую деятельность и систематически повышать свою квалификацию.

Учитывая тот факт, что перед дошкольным образованием и воспитанием, стоит поиск и решение новых методологических подходов, а почему бы нам не вспомнить наше прошлое и опыт педагогической мысли?!

Находясь в очередном поиске, как обеспечить умственное развитие своих воспитанников, повысить креативность ребенка, создать дополнительную мотивацию при формировании учебной деятельности, активизировать самостоятельность и инициативу, его творческие способности, пришла идея применить опыт работы с палочками Кюизенера.

Джордж Кюизенер бельгийский математик основатель популярного нынче математического пособия «Палочки Кюизенера», используемые при изучении математики и языка. Коллега Кюизенера французский математик и философ Калебу Гатенью, который начал использовать пособие «Палочки Кюизенера» писал: «Помните, что успехи, достигнутые ребенком в какой либо области знаний, помогают развитию всех способностей в целом, и это поможет ему позже успешно овладевать и другими дисциплинами». [1,с 118]

Имея опыт работы с цветными палочками Кюизенера со старшими дошкольниками, решила применить и с детьми младшего дошкольного возраста. В игровой и занимательной форме познакомила малышей с цветными палочками, тактильно обследовали цветной материал, запоминали цвет на русском, казахском и английском языках благодаря цветным гусеничкам (гусеницы разноцвет и разной длины). Вначале знакомства с палочками многие малыши просто перебирали их в коробке, раскидывали на столе, накладывали друг на друга палочки, делали башни, визжали и громко хохотали, когда постройка рушилась. Постепенно вводила в игры с палочками новые ситуации и способы выполнения игровых действий. Очень важна живая беседа о том, что делает каждый ребенок и что отражено в его постройке из палочек.

Детям было предложено из палочек выложить бабочек, чтобы Гусенички не грустили и поиграть. Эдик расставил палочки, положил голову на стол и долго смотрел на свою работу.

– У тебя что-то болит? Ты себя плохо чувствуешь? Почему ты не играешь?

- Нет. У меня ничего не болит. Я играю.

- Как же ты играешь? Ты лежишь на столе.

- Я играю глазами, на них смотрю и думаю, в какую игру Гусенички и бабочки будут играть.

В этот момент, я понимаю, что трехлетний ребенок через игру мысленно преобразует действительность и создает сюжет игры. Распределяет роли каждому персонажу своих изображений, как они будут относиться друг к другу. Важна живая беседа, чтобы развернуть фантазию ребенка и возможно, что на первых порах необходимо педагогу помочь ребенку придумать разные ситуации.

Игры с палочками можно проводить в разных вариантах и это зависит от того, насколько сформированы у ребенка умения определять размер цветных палочек (большой – маленький, побольше – поменьше, самый большой – самый маленький). Упражнения эти нужно проводить сначала по образцу, а затем и словесно. Упражнять детей следует и в выработке у них тонкого глазомерного развития. Для такой работы можно провести дидактическую игру, требующую завершения изображений предмета путем дополнения их палочками нужного размера и цвета. Материалом для этого могут служить как пластмассовые палочки, так и палочки, вырезанные из цветного картона. [2]

Более сложный вариант развития навыком мыслительной деятельности в играх зрительно-осознательных показах. И провести их можно в форме игры «Чудесный мешочек». Перед ребенком лежит карточка, на которой нарисовано изображение из палочек, а сами палочки этого изображения лежат в мешочке. В начале используем изображения из двух – трех палочек (например: качеля, грибок, табурет, треугольник, и т.п.). Задача играющего заключается в том, чтобы безошибочно отыскивать в мешке на ощупь палочку нужного размера.

Задание можно усложнить и предложить выложить ряд с постепенным равномерным увеличением (уменьшением) цветных палочек горизонтально «Пирамидка» и вертикально «Ступеньки». Материалом для этого, служат все те же палочки Кюизенера.

Выполняя упражнение «Ступеньки для Гусеничек», Эмилия расстроилась, но слезы сдерживала.

- Эмилия, у тебя получились ступеньки, по которым можно спуститься нашим Гусеничкам? (палочки лежали беспорядочно)

- Нет, не получились.

- Ты не расстраивайся, сейчас мы все исправим. Выбери самую длинную палочку, потом поменьше, потом самую маленькую. Молодец! Можешь помочь спуститься Гусеничкам.

Для ознакомления детей с пространством, для развития представлений о пространственных взаимоотношениях вещей (спереди, сзади, слева, справа), можно поиграть в дидактическую игру «Гусенички идут в гости». Можно использовать условное обозначение на поле (например: красный треугольник – правая сторона, синий треугольник – левая). Для игры необходимо

приготовить игровое поле, представляющее собой рисунок разветвленной системы дорог из цветных палочек и у каждого основания палочки домик того же цвета.

Воспитатель предлагает ребенку: - Помогите гусенички Ақ пройти до гусенички Сары. Покажи и расскажи Ақ, по каким улицам ей надо пройти к домику Сары и старайся провести ее так, чтобы путь был как можно короче.

- Ақ выходит из своего домика и проходит по белой дорожке, поворачивает на право, на красную дорожку, доходит до желтой дорожки и поворачивает налево.

Можно придумать любые ситуации и ввести более сложные правила, в дальнейшем это поможет малышу познакомиться с планом группы, комнаты, участка и т.п. [3]

Не мало интересных игр можно придумать и провести с младшими дошкольниками для их развития и формированию математических способностей. Необходимо помнить, что упражнения которые мы предлагаем дошкольнику, должны обогащать детскую деятельность.

Список литературы:

1. <https://paidagogos.com/palochki-kyuizenera-opisanie-metodiki.html#i>
2. Новикова В.П., Тихонова Л.И. «Развивающие игры и занятия с палочками Кюизенера для работы с детьми 3-7 лет». М.: «Гном», 2008
3. Разноцветные полоски// сост. Кларина Л.М., Михайлова З.А., М.: «Гном», 2015г.

LEGO-құрастыру мектепке дейінгі балалардың сөйлеу қабілеттерін дамыту құралы

Боппшева Ж.К., «Бәйтерек» бөбекжайы КМҚК

Қазіргі таңдағы балалар белсенді ақпараттандыру, компьютер мен робот құрастыру заманында өмір сүріп келеді. Техникалық жетістіктер адам өміріне едәуір тез ене отырып, балалардың заманауи техникаға деген қызығушылығын оятады. Мектепке дейінгі жастағы балалар олардың қалай жасалғандарын түсінуге тырысады. LEGO компаниясының өнімдерінің арқасында қазіргі кездің өзінде мектепке дейінгі жастағы балаларды техникалық объектілердің құрастырылу негіздерімен таныстыруға мүмкіндік туып отыр.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық үрдістер, оның жаңа жүйесін ұйымдастыруды жалпы, мектепке дейінгі тәрбиелеу кезеңінен бастап талап етеді, өйткені, дәл осы кезеңде баланың іргетасы қаланады. Робототехника – бүлдіршіндердің заманауи технологияларды қолжетімді ұғынуына, игеруіне жағдай туғызатын әдістердің бірі.

Өзгеше танымал LEGO едәуір танымалдылығы қарапайым түрде, яғни ол адамдардың түрлі жас ерекшеліктеріне, ақыл-ой дамуының түрлі деңгейіне, бейімділіктеріне, темпераменті мен қызығушылығына сәйкес келетін ермек ретінде түсіндіріледі. Робототехника бүгінгі таңдағы өндірістің тұрақты дамып келе жатқан саласының бірі. Қазіргі таңда заманауи әлемді механикалық, тамақ өнімдерін дайындау мен өндеуге арналған бағдарламаландырылған, киім тігу, көлік жинақтау, басқарудың күрделі жүйелерін басқару машиналары және т.б. елестету мүмкін емес[1].

В настоящее время в системе дошкольного образования происходят значительные изменения. Успех этих изменений связан с обновлением научной, методической и материальной базы обучения. Одним из важных условий обновления является использование новых информационных технологий в образовании. И очень жаль, что в современной системе дошкольного образования, несмотря на плюсы, есть и минусы.

Ведь в целях повышения эффективности коррекционно-развивающего процесса с детьми имеющие речевые нарушения в каждом детском саду должен быть штатный логопед – дефектолог. Но увы, в данной время не во всех детских садах есть специалисты логопеды. Родители, дополнительно вынуждены обращаться к специалистам – логопедам, где сами оплачивают занятия с логопедом. Особенно важно взаимодействие семьи и детского сада как институтов социализации ребенка. И мы, педагоги дошкольники – придерживаемся модели сотрудничества педагогического коллектива и родителей.

Список литературы:

1. Кольцова М.М. Двигательная активность и развитие функций мозга ребенка. 1965 г.

2. Кудрявцева В.Т., Егоров Б.Б. Развивающая педагогика оздоровления 2000г.

3. Бородич А.Н. Методика развития речи детей дошкольного возраста 1984г.

Вареник Е.Н. Физическое и речевое развитие дошкольников: Взаимодействие учителя-логопеда и инструктора по физкультуре. 2009г.

4. Потапчук А.А. Овчинникова Т.С. Двигательный игротренинг для дошкольников 2009г

5. Безруких М.М. Здоровье формирующее физическое развитие 2001г.

Т.В Цветкова., Л.В. Макарова. Научно практический журнал Медработник в ДОУ 2013г.

Инклюзивті білім беру жүйесі мәселелері

Калмаганбетова Л.Н., «Батыр» санаторлық бөбекжайы» КМҚК

Қазіргі білім беру жүйесінде қаншама өзгерістер болып жатқаны сөзсіз. Соның бірі- инклюзивті білім беру жүйесі болып табылады. Әрине, бірінші оқыған адам бұл жайында таңдана қарауы сөзсіз. Инклюзивті білім беру дегеніміз – ол қалыпты балалар мен мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіре отырып, дамыту болып табылады. Осыған дейін мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоғамға қажетсіз деп санады. Тағдырынан түңілген жандардың шындап келгенде керемет ел азаматтар шығатынын біле тұра, қажетсіз деп санаймыз. Мүгедек, бірақ ақыл – есі дұрыс екенін біле тұра, біз оны неге қоғамнан шеттетеміз? Міне, осындай жандардың қалыпты мектептерде оқуына мүмкіндік неге туғызбасқа... Ол үшін инклюзивті білім беруді қолға алып, дамыту барысында ғана оң нәтиже ала аламыз. [2]

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне, өзінің тең құқылы екенін түсінуге және де өз жолдастарынан артта емес екенін ұғындыру мақсатындағы бұл білім беру жүйесін неге бізге және де сізге қолдамасқа?! Мүмкіндіктері шектеулі балалар--ы инклюзивті білім беруді оқытудың нағыз көтеретін сәті туды деп айтсақ, қателеспеймін. Себебі, оның пайдасы қоғамдағы мүмкіндіктері шектеулі балалардың қоғамға деген көзқарасын өзгертеді. Егер, оларды қалыпты балалармен оқытса, елім деп елжірейтін, жұртым деп жанатын азаматтарды тәрбиелеуші едік.

М.Монтессоридің философиясында басты нәрсе бала туғаннан бастап тұлға деген қағида. «Баланы оның өзі үшін ешкім дамыта алмайды, ол өз-өзін дамытады» - дейді. Егер мүмкіндіктері шектеулі балаларды қалыпты балалармен біріктіріп оқытса, олардың көзқарасы өзгеріп, алға талпынады, яғни қоғамға керек екенін сезінер еді [1].

Инклюзивті білім беру концептуалды мәселелерін зерттеу оны білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың өзіндік бағыты ретінде анықтауға мүмкіндік беріп, мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосуды ғана емес, оларды өмір сүру жағдайына дайындығын қамтамасыз етуді мақсат ете отырып, шет мемлекеттердегі инклюзивті білім беру жүйесіне назар аударуға болады [3].

Инклюзивті білім беруді әрі қарай құқықты дамыту үшін және нормативті құқықты құжаттарды келесі бағыттардағы өңдеу жұмыстарын жүргізу келесідегідей көрсетілген:

1. Құқықтық деңгейде:

- білім беру заңдарында инклюзивті білім беру мақалалары енгізілген;
- мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік және коррекциялық - педагогикалық қолдау туралы заңда жоба дайындау;
- дамуындағы физикалық немесе психикалық ауытқулары бар балалар мен жасөспірімдерде үздіксіз білім беру жағдайын бекіту;

- дамуындағы физикалық немесе психикалық бұзылыстары бар балалар мен жасөспірімдерге үздіксіз инклюзивті білім беру туралы жағдайды ойлап табу және бекіту;

- инклюзивті білім беруді қаражаттық қолдау қозғалысының механизмін анықтау, заң түрінде бекіту;

- «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау» туралы заңның орындалуы мониторингін мүгедектер реабилитациясы бойынша бағдарламасын және барлығына білім беру жоспарының әсерін қамтамасыз ету.

2.Ғылыми әдістемелік деңгейде:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларға бірыңғай әлеуметтік жүйедегі коррекциялық көмек беру концепциясын қарастыру;

- әдістемелік орталық құру (бағдарламалар, оқу жоспары, әдістемелік жоспар, кітаптар дайындау);

- инклюзивті мектептерге оқулық жоспарлармен жүктемелерді қарастыру және білім беру стандарттарына сәйкес келетін реттелген және тиімді жоспарларды құрастыру, сонымен қатар қарапайым сыныптардағы ерекше назарды қажет ететін балалардың жоспарларын құрастыру;

- республика бойынша мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдерге коррекциялық көмек көрсетуді қазіргі заманғы технологияға сәйкес ақпараттық орталықтар негізінде құру.

3.Басқару деңгейінде:

- ерекше қажеттіліктері бар балаларға байланысты бақылаулық ұйымдық және ұйымдастырушылықты мемлекеттік дәрежесінде бірыңғай және көп дәрежеге бағытталған жүйені қалыптастыру;

- мемлекет аралық көптеген секторлы бірлестіктерді құру және дамыту, (семинар, конференция, тәжірибе алмасу, веб сайттар құру және т.б.);

-ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімделу және реабилитациясы үшін мемлекеттік ғылыми тәжірибелік орталықтарды құру.

4.Мектеп деңгейінде:

- инклюзивті білім беруге ауысқан мектептерді мемлекеттік қамтамасыз етуде қаражаттық бюджетпен жекеленген ресурстарын кеңейту;

- инклюзивті мектептердің материалды техникалық базаларының арнайы құрал жабдықтарға (мүгедек арбалары, лупа, линза, есту аппараттары, әр түрлі протезді механизмдер, т.б.), ұйымдастырылған техникаға (арнайы жабдықтар мен компьютерлер), қажеттілігін оқыту және қамтамасыз ету;

- әр түрлі керекті ресурстармен қамтамасыз ету қаражаттандыру, жоспарландырудың сатылығы;

- білім беру жүйесіндегі өздігінен басқару ұйымдарының (ауылдық комитеттер) жұмыстарын реттеу [4].

Әрине, бұл мәселе туралы алдын ала ата - аналармен жұмыс жиі жүргізу керек деп ойлаймыз. Себебі, біз болашақта дефектолог маман ретінде, мүмкіндіктері шектеулі балалардың неге мұқтаж екенін, олармен қарым – қатынас жасау керек екенін білеміз...

Ал басқалар ше...? Тіпті, дефектология қандай мамандық екенінен хабары да жоқ. Сол үшін мектептерде ата – аналармен, балалармен жиі – жиі мүмкіндіктері шектеулі балалар жайлы ақыл - кеңес беру тренингтерін ұйымдастыру керек. Мысалы, ата – аналарды жинап оларды бір сәтке мүмкіндіктері шектеулі жандардың орнына өздерін қойып көруін сұрану. Олармен жұмыс жүргізу барысында яғни, оң қолдарыңыз мүлдем жоқ, ал сол қолдарыңызбен сурет салып немесе суретті қидыртып, көздерін байлап қойып баспалдақтан түсіріп немесе мінгізіп, тағы сол сияқты жаттығуларды орындату барысында ата – аналардың ойын неге өзгертпеске?! Міне, сонда ғана адам баласы қамшының сабындай қысқа өмірдің мән – мағынасын түсінетін еді. Сол кездегі сезім уақытша ғана, ал мүмкіндіктері шектеулі балалардың тағдырлары ше... Егер оларды біз әрқашан өзімізден төмен санасақ, жараларына тұз себе берсек, әрине олар өздерін қоғамға керексіз сезінеді емес пе? Оларды қоғамға тарта отырып, ортаға бейімдеп, олармен тығыз қарым – қатынаста болу керек. Ал, интеграция мәселесі бойынша оларды біріктіріп бірге оқытсақ, онда олардан үлкен әрі жарқын болашақ күтуге болады. Мүмкіндіктері шектеулі балалар сонда ғана бейімделіп, әлеуметтенеді. Қалыпты балалар сияқты өзіне деген сенімділігі артады. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың мінез – құлқы өзгертініне нық сенімдеміз. Әрине, бұл кезде педагогтардың да рөлі ерекше. Қалыпты балалар оларды кемсітпеуіне, достық қарым – қатынаста болуының тірегі – ол педагог. Егер педагог дұрыс бағыт – бағдар берсе бұрыс көзқарастар жойылатыны сөзсіз. Сонда ғана бала өзінің табиғи білім құштарлығын тудырып, шектелмей қандай материалмен айналысқысы келетіндігін өзі шешеді.

М.Монтессоридің педагогикалық жүйесінде былай деген:

- еркін жағдайда баланың дамуы;
- балалар өз ортасына тез бейімделеді;
- білім беру мен тәрбиедегі педагог орнының ерекше екендігі;
- әлеуметтік тәрбие және интеграция қағидасы қарастырылған [1].

Бұл қағидаға сүйене отырып, бала деген өз ортасына тез бейімделетініне көз жеткіземіз. Сондықтан қалыпты балалар мен мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытуға қазіргі таңда еш кедергі жоқ деп ойлаймын.

Әрине, қалыпты балалар мен мүмкіндіктері шектеулі балалардың бірлесуі барысында мынадай қорытынды жасауға болады:

Инклюзивті білім беру өзекті мәселе бола отырып, жарқын болашаққа қадам басудың ең алғашқы сатысы. «Тамшы тама - тама көл болар» , - дейді дана халқымыз. Егер, бәріміз бір жағадан бас шығарсақ, алынбас қамал болмас еді...

Қорыта келе, инклюзивті білім беру жүйесі ұзақ уақытқа созылатын процесс болғанымен бұтағын жайып, жемісін беретін білім беру жүйесі болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынова А.А. «Арнайы педагогика: проблемалар мен даму болашағы».- Алматы., 2008.-Б.21-35.
2. Человек и общество. Программа по социальной адаптации детей с глубоким нарушением интеллекта. /Под.ред Шипицыной Л.М., Хилько А.А., Асикритова В.Н.-Спб., 1996.-С. 14-20.
3. Малофеев Н.Н. Специальное образование в России и за рубежом.- М., 1996.-С. 86-95.
4. Сулейменова Р.А., Хакимжанова Г.Д. Зарубежный и отечественный опыт включения детей со специальными нуждами в общеобразовательный процесс. Проблемы и пути решения.- Алматы, 2001.-С. 23-35.
5. Малофеев Н.Н. Западноевропейский опыт сопровождения учащихся с особыми образовательными потребностями в условиях интегрированного обучения // Дефектология, 2005.- №5.-С 8-9.

Өздігінен білім жетілдіру бойынша жұмыс түрлері

Канлыбаева С.К., Абикенова А.Ш., «Арман» бөбекжайы КМҚК

Қалыптасқан байланыс тілі-баланы мектепте оқытудың табыстылығының маңызды шарты. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім берудің жалпыға бірдей білім беру мемлекеттік стандартына сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымы жұмысының маңызды бағыттарының бірі сөйлеуді дамыту болып табылады.

Балалардың байланыстыра сөйлеуін дамыту мәселесі педагогикалық қызметкерлердің, яғни тәрбиешілердің, мамандардың, психологтардың алдында тұрған өзекті мәселе.

Осы бағыт бойынша өзіндік білімді жетілдіру жұмысымыздың тақырыбын «Мектеп жасына дейінгі балаларды сурет бойынша әңгіме құрап айтуға үйрету жолдары» деп алдық. Басты мақсатымыз балалардың байланыстыра сөйлеу дағдыларын дамыту.

Міндеттер:

- ✓ Сюжеттік суреттер сериясы мен суреттер бойынша әңгімелер құрастыруды оқыту бойынша авторлық конспектілер сериясын жасау;
- ✓ Тәрбиеленушілердің сөйлеу қызметіне мотивация беретін ең тиімді әдістерді, тәсілдерді, құралдарды таңдау;
- ✓ Сурет және сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрастыру бойынша шеберлік пен дағдыларды қалыптастыру;
- ✓ Сурет және сюжеттік суреттермен жұмыс барысында балалардың сөздік қорын байыту және сөйлеудің грамматикалық құрылысын қалыптастыру.

Бұл міндеттер: көркем шығармаларды мазмұндап беру, табиғат заттары, нысандар мен құбылыстары туралы сипаттама әңгімелерін құрастыру, шығармашылық әңгімелердің әртүрлі түрлерін құру, сөйлеу-ойлау

формаларын меңгеру (түсіндіру, сөйлеу-дәлелдеу, сөйлеу-жоспарлау), сондай-ақ сурет бойынша әңгімелер шығару және сюжеттік суреттер сериясы және т.б. әртүрлі сөйлеуді дамыту іс-әрекеті арқылы шешіледі. Әңгімелеу үшін алынатын сюжеттік суреттерді таңдағанда, олардың мазмұны балаларға қолжетімді болуын, балабақшаның өмірімен, қоршаған ортамен байланысты екеніні ескеріледі.

Әңгімелеуге үйрету кезінде ертегілерді қолданамыз. Сабақта белгілі-бір іс-әрекет жалғасын тауып отыратын желілі ертегілер суретін қолданамыз. Мысалы: «Екі қомағай қонжық» венгер халық ертегісі; «Қаздар мен аққулар» орыс халық ертегісі; «Әтеш пен бұршақ дәні» орыс халық ертегісі; «Ат пен есек» қазақ ертегісі; «Бұлан» түркімен халық ертегісі; «Адасқан құмырсқа» қазақ халық ертегісі және т.б.

Сонымен қатар балаларға дәйектілікпен көрсетілген суреттерге сүйене отырып, әңгіменің логикалық аяқталған бөлігін құрастыруға үйретеміз, нәтижесінде тұтас әңгіме қалыптасады. Жаттығулар үшін үлестіру материалдарын қолданамыз, мысалы, сабақта әр бала алатын пәндік суреттер. Білім мен түсініктерін нақты жүйелеу үшін суреттер бейнелеу нысандары бойынша топтастырылады, мысалы: жабайы аңдар, үй жануарлары, көгөністер, жемістер, жидектер, ыдыс-аяқ, жиһаз, киім және т. б.

Мектепке дейінгі жастағы бала суреттерді қарастыруды жақсы көреді және олар туралы қызығушылықпен әңгімелейді. Оның қоршаған ортадан алған өз әсерімен бөлісуге ниеті зор. Осылайша, суреттерді қарастыру баланы сөйлеу белсенділігіне итермелейді, әңгімелердің тақырыбы мен мазмұнын, олардың адамгершілік бағыттылығын тудырады. Мысалы: «Допты ұста», «Құм салғышта», «Отбасылық ас үй», «Жайлауда» және т.б.

Мектеп жасына дейінгі балаларды әңгімелеуге үйретудің ең тиімді түрі- белгілі бір құрылымы, міндеттері, ойын ережелері және ойын әрекеттері бар дидактикалық ойындар. Атап өтсек: «Сендердің тілектерің – біздің тілегіміз»;

«Кімнің үйі?»; «Кімде не бар?»; «Ұзақ сөйлеммен айт»; «Нені қайда салады?»

«Кім? Не?»; «Кім не істейді?»; «Бұл қай кезде болады?» және басқа.

Байланыстыра сөйлеудің ерекше түрі пейзаждық сурет бойынша әңгімелер, яғни сипаттамалар. Бұл жағдайда әңгіме үлгісінің элементтері ретінде табиғат нысандары болады. Олар, әдетте, статикалық сипатқа ие болғандықтан, аталған нысандардың сапасын сипаттауға ерекше көңіл бөлінеді. Мұндай суреттер бойынша жұмысты бірнеше кезеңге бөлдік:

- суреттің маңызды нысандарын бөлу;
- оларды қарастыру және әрбір нысанның сыртқы түрі мен қасиеттерін егжей-тегжейлі сипаттау;
- суреттің жекелеген нысандары арасындағы өзара байланысты анықтау;
- шағын әңгімелерді бірыңғай сюжетке біріктіру.

Пейзаждық сурет бойынша әңгіме құру дағдыларын қалыптастыру кезінде "Суретті жандандыр" жұмысын алдық. Бұл жұмысты пейзаждық сурет бойынша әңгімеден сюжеттік сурет бойынша әңгімеге өту деп алуға да

болады. Балаларға пейзаждық нысандардың шектеулі саны (батпақтар, өзендер, таулар, бұлттар, қамыс; немесе үй, бақша, ағаш және т.б.) бар сурет және осы композицияда болуы мүмкін тірі заттардың ұсақ бейнелерін – "жандандыру" ұсынылады. Балалар пейзаждық нысандарды сипаттайды, ал олардың әңгімелерінің әсемдігі мен серпінділігіне тірі заттардың сипаттамасы мен іс-қимылдарын қосу арқылы қол жеткізіледі. Бірте-бірте модельдеудің көмегімен байланыстыра сөйлеудің барлық түрлерін меңгере отырып, балалар өз сөйлеу тілін жоспарлауға үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілдерін дамыту барысында біз өзіміздің де сөйлеу мәнерімізге ерекше көңіл бөлеміз. Педагогтың сөйлеу тілі туралы мәселегі де маңызды: ол анық, қысқа, мәнерлі болуы тиіс, өйткені кескіндеме туындысы балаларға көрнекі және әсем суреттермен әсер ете отырып, ол туралы бейнелі, эмоциялық сөйлеуді талап етеді. Педагог тарапынан қойылатын сұрақтарға жауап беруде бала бір-екі сөзбен шектелмей, жан-жақты байланыс сөздерін құруды үйренетіндей етіп тұжырымдалуы тиіс. (Кеңейтілген жауап бірнеше сөйлемнен тұруы мүмкін.) Балалар әңгімелерге мақсатты және сенімді жауап беруі үшін оларға суреттің мазмұнын логикалық және уақытша ретпен беріп, неғұрлым маңызды екенін көрсетуге көмектесетін сұрақтар қоямыз. Мысалы: "Кім шар ұстап серуенге шықты? Шар не үшін ұшуы мүмкін? Қызға шарды алуға кім көмектесті?" ("Шар ұшып кетті" суреті бойынша). Қысқаша әңгіме соңында нақты және қолжетімді түрде сөйлеу керектігін түсіндіреміз (мысалы, шары ұшып кеткен қыз туралы айту қызықты). Осылайша, суреттерді қарау арқылы мектепке дейінгі балалар бір мазмұнмен біріктірілген бірнеше сөйлемнен тұратын сөздерді құруға жаттығады. Олар сондай-ақ сурет бойынша педагогтың әңгімелерін тыңдауға үйренеді, сондықтан олардың сипаттама әңгімелерін қабылдау тәжірибесі бірте-бірте байытылады. Осының барлығы балаларды алдағы оқу кезеңдерінде-мектепалды даярлық топтарында әңгімелерді өздері құрастыра білуге дайындайды.

Маңызды міндеттердің бірі - суреттер бойынша жұмбақ-әңгімелер құрастыру. Бала өзінің әңгімесін сипаттама бере отырып суреттеп, не салынғанын болжауға болатындай етіп құрастырады. Егер тыңдаушылар, яғни топтағы басқа балалар бұл тапсырманы шешуге қиналса, балаға сипаттауына қосымша енгізуіне көмек береміз. Мысалы: «Қасқыр сияқты түсі сұр, қояндікіндей құлағы ұзын, тұяқтары аттыкіндей, ол не?» (жауабы: есек); немесе «Үстінде жасыл көйлегі бар, өзінің тәттілігі қанттың дәміндей, доп сияқты домалақ. Ол не? (жауабы: қарбыз), т.с.с.. Мұндай жаттығулар балаларға белгілі-бір нысанның ең басты белгілерін, қасиеттері мен сапаларын анықтауға мүмкіндік береді, бұл неғұрлым мазмұнды, ойластырылған, дәлелді сөйлеудің дамуына ықпал етеді.

Осылайша, балаларда сөйлеу дағдыларын қалыптастыру кезінде олардың шығармашылық және ойлау қабілетін дамыту, қоршаған орта туралы білімдерін тереңдету, әлемді жақсы жаққа қарай өзгертуге деген ниетін арттыру өте маңызды. Бұл міндеттерді шешу балаларды өнермен, көркем

әдебиетке деген қызығушылықтарын оятса, олар баланың сезіміне және ақыл-ойына оң әсер етеді, оның сезімталдығын, эмоционалдығын дамытады. Егер кез-келген педагог балаларға жаңа суретті ұсынып, содан кейін тұтас жүйе ретінде онда бейнеленген жеке нысандарды талдау жұмыстарын мақсатты түрде іске асырса, мектеп жасына дейінгі балаларды шығармашылықпен сөйлеуге үйрету мәселесі нақты шешілетін болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2018
2. Арушанова А.Г. Речь и речевое общение детей: Книга для воспитателей детского сада.-М.:Мозаика-Синтез, 1999.
3. Гербова В.В. Занятия по развитию речи в средней группе детского сада.-М.:Просвещение, 1983
4. Гусрова Н.Н. Беседы по картинке: Времена года.-СПб.: Детство-пресс, 2001
5. Елкина Н.В. Формирование связности речи у детей пятого года жизни: Автореф. дисс. канд. пед. наук.-М., 1999

Роль дидактических игр в связной речи дошкольника

Карпова И.А., Кутжанова М.М., КГКП «Ясли сад «Алтын сақа»

«Родное слово является основой всякого умственного развития и сокровищницей всех знаний» К.Д. Ушинский

С каждым годом растет число детей имеющих отклонения в развитии речи. А речь, как мы знаем, один из наиболее мощных факторов и стимулов развития ребенка в целом. Без речевого окружения ребенок никогда не заговорит. Но и этого недостаточно для возникновения у него речи. Ребенок с хорошо развитой речью легко вступает в общение с окружающими: он может понятно выразить свои мысли и желания, задать вопросы, договориться со сверстниками о совместной игре. И наоборот, неясная речь ребенка весьма затрудняет его взаимоотношения с людьми и нередко накладывает тяжелый отпечаток на его характер.

Изучая методическую литературу, анализируя результаты диагностики, наблюдая за играми детей, пришли к выводу, что через игру у детей дошкольного возраста развитие речи происходит быстрее. Почему? Да потому, что в дошкольном возрасте, игра является основным видом деятельности. Уже с самого раннего возраста детям доступны дидактические игры. Именно с помощью дидактических игр детям передаются определенные знания, формируются представления об окружающем мире, развивается правильная речь. Но, к сожалению, многие воспитатели заменяют игру

чтением художественной литературы или просто беседой. Конечно, заменять всю ОУД игрой тоже не целесообразно, но можно объединять две, три ОУД (занятия) в одну игровую ситуацию, где дать детям соответствующие задания, которые помогут достигнуть поставленной цели.

Мы успешно используем игровую форму подачи материала, чтобы облегчить детям усвоение необходимого содержания для решения задач социального развития или с целью освоения детьми определённых знаний и умений. В рамках дошкольной организации, когда в соответствии с образовательной программой решается комплекс образовательно-воспитательных задач, игра не может преобладать в деятельности детей. Но в ясли саду обязательно должны быть созданы условия, позволяющие дошколятам овладеть игровой деятельностью, которая и поможет педагогам научить, развить, воспитать дошкольника в свете современных требований.

Нынешнего выпускника ждут в школах всесторонне готовым во всех сферах: формирование системы знаний, способствующих разностороннему развитию личности, владеющей ключевыми компетентностями, воспитание творческой личности, способной к позитивным отношениям в социуме. Понимание ребёнком окружающего мира осуществляется через словесную форму, то есть общение. А контакт (общение) с любым ребёнком лучше всего налаживать через игры (словесные, дидактические, сюжетно-ролевые). Следовательно, необходимо повышать речевую активность детей, включая разные приёмы и методы. Так как дети сами с большой любовью и охотой предаются играм, задачи воспитателей создать условия для развивающей игры, в соответствии с возрастными особенностями детей, активизировать общение со взрослыми, обогатить знания детей по всем разделам образовательных областей, воспитывать грамотную личность.

В своей работе с детьми мы используем различные игры, но особое внимание уделяем словесным дидактическим играм. В процессе дидактической игры разнообразные умственные процессы активизируются и принимают произвольный характер, а также помогает закрепить полученные знания. Поэтому мы работаем по направлению «Развитие речи дошкольников через дидактическую игру». Выбрав тему и, поставив перед собой цель, направленную на развитие речи у дошкольников через дидактическую игру, нами были определены этапы работы. Собирается необходимый дидактический материал, изучаются способы проведения развивающих игр с детьми, планируется создать картотеку. Мы систематизировали дидактические игры по следующим 4 разделам: формирование словаря, звуковая культура речи, грамматический строй речи, развитие связной речи. От возраста к возрасту идет постепенное усложнение методов и приемов обучения, с учетом усложнений их по дидактическому содержанию. Особое внимание мы уделяем звуковой культуре речи и обогащению словаря, т.к. произносительная сторона речи у детей этого возраста еще недостаточно сформирована. А отсутствие большинства звуков сказывается на произношении слов. У старших дошкольников наблюдается рост активного словаря, употребление

предложений более сложной структуры, что часто является одной из причин увеличения количества грамматических ошибок. Для детей старшего дошкольного возраста наиболее характерным является активное освоение речевых конструкций разного типа. Ребенок осваивает форму монолога, параллельно с развитием связной речи происходит совершенствование грамматического строя, освоение смысловой стороны слова. В этом возрасте большое значение имеют дидактические игры на развитие фонематического слуха и зрительно-слухового анализа, на развитие мелкой моторики, что очень важно для подготовки пальцев руки к письму.

Мы включаем игры не только в ОУД на разделах «Развитие речи», «Художественная литература», «Ознакомление с окружающим», но и в общие режимные моменты. Использование дидактических игр способствует правильному и отчетливому произнесению звуков, слов, фраз, темпу речи, ее громкости, а также речевому слуху. В дальнейшем при работе со старшими дошкольниками полноценное развитие этих сторон речи является основой для обучения их грамоте. Опыт работы показывает, что наиболее эффективных результатов можно достичь только при условии совместной работы родителей и педагогов.

При этом работа была построена таким образом, что родители являлись равноправными участниками развивающего процесса. Для этого нами были разработаны консультации, памятки для родителей, были проведены тематические родительские собрания: «Игры и упражнения по развитию речи», «Речевое развитие детей старшего возраста», «Дидактическая игра и развитие речи детей» и др. И собрания стараемся проводить в разной форме. В индивидуальной беседе мы старались тактично и ненавязчиво объяснить родителям, дети которых нуждаются в помощи специалистов, всю серьезность положения. Ведь многие родители считают, что ребенок заговорит сам, без чьей либо помощи, но это заблуждение. Часто советуем родителям больше разговаривать с детьми, читать книжки на ночь, даже на кухне, когда готовят ужин, можно поиграть в словесные игры. Некоторые родители прислушиваются к советам и когда виден результат, говорят спасибо, но все замечают у своих детей некачественную речь.

Построенная таким образом работа позволяет детям к концу дошкольного периода не только научиться играть и совершенствовать речь, но и значительно расширяет знания дошкольника об окружающем мире. Необходимо повышать интерес детей к дидактическим и развивающим играм. Многие дети часто просят поиграть в понравившуюся игру, а отказать детям не в наших правилах.



К проведению дидактических игр мы подошли в соответствии с современными требованиями детей старшего возраста. Им уже не интересно играть в стандартные д/игры, поэтому мы разработали несколько новых с включением показа заданий на слайдах, экспериментирования, игра-презентация и другое.

К концу года наши дети стали активные в ОУД по развитию речи, монологическое высказывание стало связно и грамотно, дети стали охотнее вступать в диалог со взрослыми, составлять рассказы на предложенные темы, описывают картины, предметы и т.д. Мы видим результат своей работы по развитию речи детей и в том, что дети умеют рассуждать в беседах, экспериментальной деятельности, доказывать свою точку зрения на то или иное понятие. Дети стали использовать в речи сложноподчинённые предложения, умеют задавать вопросы как сверстникам, так и взрослым, повысилась самооценка, они стали увереннее в себе, погашают конфликтную ситуацию, считаются с мнением товарищей и т.далее.

Вывод: Игровая деятельность позволит повысить качественные и количественные показатели речевой компетентности, будет способствовать формированию словесно-логическому мышлению, сформирует коммуникативные навыки, внесёт дополнительное стимулирование в развитие творческого потенциала дошкольников. Если в детском саду будут созданы условия для становления и развития игровой деятельности с воспитанниками, то это позволит решить ряд задач, обеспечивающих психологическую готовность детей к школе, успешную социализацию и их психоэмоциональное благополучие.

В свете современных требований различных методических разработок мы добиваемся того, чтобы на каждом занятии по развитию речи были использованы дидактические игры которые развивают, творческую активность детей, логическое мышление, способность к анализу, тем самым мы закладываем основу для дальнейшей коммуникативной деятельности дошкольников, сформировывая положительное отношение к учебе.

Список литературы:

1. Алексеева М.М., Яшина В.И. «Методика развития речи и обучение родному языку дошкольников» - М., "Академия", 1998

2. Бондаренко А.К. «Дидактические игры в детском саду» - М., "Просвещение", 1991

3. Калинин А.В. «Развитие игровой деятельности дошкольников» - М., АЙРИС ПРЕСС, 2004

4. Ушакова О.С., Арушанова А.Г., Струнина Е.М. «Придумай слово. Речевые игры и упражнения для дошкольников» - М., "Просвещение", 1996

5. Шорохова О.А. «Речевое развитие ребенка» - М., 2009

Самообразование педагога как условие профессионального роста

Карымсакова А.Б., КГКП я/с «Арман»

«Учитель живет до тех пор, пока он учится,
как только он перестает учиться,
в нем умирает учитель.

К.Д.Ушинский

Педагог – одна из важнейших фигур в становлении гражданина, его социализации, развитии его творческих способностей. Поэтому очень важно, чтобы педагог, который работает с подрастающим поколением, был человеком творческим, был личностью неповторимой и особенной, обладал высоким профессиональным мастерством, был «на одной волне» с детьми. Поэтому современный педагог – это не прирывно развивающаяся личность, открытая для всего нового. Это человек, который готов не только учить, но и учиться сам. «Кто дорожит жизнью мысли, - писал Д.И. Писарев, - тот знает очень хорошо, что настоящее образование есть только самообразование и что оно начинается только с той минуты, когда человек, распроставшись навсегда со всеми школами, делается полным хозяином своего времени и своих занятий» /1/.

Самообразовательная работа педагогических работников направлена, прежде всего на улучшение качества обучения и воспитания, на решение практических задач, обеспечивающих действенную взаимосвязь учебно-воспитательного и производственного процессов, повышения их методического мастерства. Только путем самообразования и творческих поисков педагог придет к своему мастерству. Именно поэтому постоянное стремление к самосовершенствованию должно стать потребностью каждого педагога дошкольного учреждения.

На сегодняшний день все педагоги различных образовательных учреждений самообразовываются, и наш детский сад не исключение. Мы так же занимаемся важными для воспитания и развития ребенка-дошкольника вопросами. И поэтому я взяла тему самообразования «Влияние устного народного творчества на развитие русской речи у детей среднего дошкольного возраста в группах с казахским языком обучения». Важнейшим источником развития выразительности детской речи являются

произведения устного народного творчества, в том числе малые фольклорные формы (загадки, заклички, потешки, прибаутки, песенки, скороговорки, пословицы, поговорки, считалки, колыбельные, сказки). В процессе реализации данной темы я реализую основную суть- активное соучастие и сотворчество педагога и ребёнка. Взрослый должен приложить усилия, чтобы дети поняли смысловое содержание всего произведения, адекватно на него реагировали, вызвать у ребёнка чувство сопереживания с действиями персонажа. Для этого необходимо изучить большое количество научно-методической литературы, методических приемов по активизации речи у малышей. Взяв данную тему для самообразования, я углубилась в мир народного творчества с его многообразием устных произведений для малышей.

Осуществляя тесную связь с родителями, мы обучаем их рассказыванию произведений детям, показываем приемы воздействия на ребенка, тем самым повышая свою педагогическую компетентность. Поэтому для правильного подхода в социализации детей необходима планомерная работа педагога. Таким образом, работа по самообразования является важной неотъемлемой частью повышения квалификации. Однако каждая деятельность бессмысленна, если в ее результате не создается некий продукт, или нет каких-либо достижений. И в моем плане самообразования есть список результатов, которые должны быть достигнуты за определенный срок. Это разработанные конспекты, статьи, сценарии, разработка дидактических материалов, тестов, рекомендации, консультации как для родителей так и для педагогов нашего сада, наглядностей; разработка и проведение открытых уроков обобщение опыта по исследуемой проблеме. Были разработаны картотеки считалок, скороговорок, чистоговорок, загадок, и т.д.

Образец: «Влияние устного народного творчества на развитие русской речи у детей среднего дошкольного возраста» на 2019-2020 учебный год»

| Раздел | Сроки | Содержание работы | Практические выходы |
|---|--------------|--|--|
| Подбор и изучение методической литературы | Сентябрь-май | 1. Даль В.И. Пословицы и поговорки русского народа. М., 2009. 2. Жаворонюшки: Песни, приговорки, потешки, прибаутки, считалки / Сост. Г.Науменко. М., 1998. | Выписки интересных идей, мыслей, практических целей. |
| Работа с детьми | Сентябрь | Мониторинг | Проведение диагностики в средних группах № 7 «Жұлдыз» и № 10 «Ботақан» Мақсат/цель: выявить начальный уровень знаний |
| | Ноябрь | Игровая ситуация | «Укладываем куклу спать» (колыбельная «Баю, баю, баю, бай...») |

| | | | |
|-----------------|----------|---|---|
| Работа с семьей | Октябрь | Игровая деятельность «Поиграем с пальчиками». | Разучивание потешек на русском языке |
| | Март | Совместное творчество детей и родителей. | Семейный конкурс «Отгадай загадку – нарисуй отгадку» |
| Самореализация | Сентябрь | Анектирование | «Изучаем русский язык вместе!» |
| | Октябрь | Консультация | «Влияние устного народного творчества на развитие русской речи у детей среднего дошкольного возраста» |

Важным моментом работы по самообразованию является не столько подведение итогов проделанной работы, сколько определение ее значимости и необходимости, так и для образовательного учреждения в целом.

Итак, самообразование – это сознательная, целенаправленная планомерная, творческая работа над собой с целью улучшения своей профессиональной компетентности.

Список литературы:

1. Евдокимова Н.В., Додокина Н.В., Кудрявцева Е.А. Детский сад и семья: методика работы с родителями: Пособие для педагогов и родителей. М: Мозаика – Синтез, 2007год.

2. Елецкая О.В., Вареница Ю.А. День за днем говорим и растем. ТЦ «Сфера», М, 2007 год.

3. Лямина Г.М. «развитие речи ребенка раннего возраста», М, АЙРИС ПРЕСС, 2005 год.

4. Калугин Ю.Е. Виды самообразования // журнал дошкольное образование // 2- 2003 год.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындығы вариативтік білім беру процесі

Касымова Г. Б., Исакова А. С., «Айгерім» бөбекжайы» КМҚК

Мақаланың мақсаты - қазіргі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы вариативтік-білім беру процессінің мәселелерін көтеру. Вариативтілік - бұл білім беру жүйесінің сапасы, оның мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру бағдарламаларының нұсқаларын немесе олардың өзгермелі білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес таңдау үшін, білім беру қызметтерінің жекелеген түрлерін жасау және ұсыну, балалардың қабілетіне, мүмкіндіктеріне байланысты.

И. И. Зарецкаяның пікірінше, педагогикалық жүйенің вариативтілік дәрежесінің көрсеткіштері: онда бірнеше бірдей тартымды және мектепке дейінгі балалар үшін қолжетімді бағдарлама нұсқаларының болуы (бірдей тартымды нұсқалардың артық болуы); жүйенің икемділігі (балалардың білім алу қажеттіліктерін өзгерту үшін жағдай жасау) болып табылады.

Білім берудің вариативтілігі білім беруді дараландырудың барынша мүмкін болатын деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған. Осылайша, вариативті білім беру процесі білім беру процесіне қатысушылардың мазмұнын таңдау (Мемлекеттік стандарттар шеңберінде), қызмет және қарым-қатынас құралдары мен тәсілдерін, тұлғаның білім беру мақсаттарына, мазмұны мен үдерісіне құндылық-мағыналық қатынасын таңдау жағдайында жүзеге асырылатын білім беру мақсаттарын іске асыру бойынша өзара байланысты қызмет [2].

Егер педагогикалық модель педагогикалық ғылыми зерттеу нысаны ретінде қарастырылса, нақты педагогикалық объектінің құрылымы мен функцияларын ұғымдардың схемалық жиынтығы және өзара байланыс түрінде ауыстыратын және көрсететін жалпылама ойлы үлгі ретінде қарастырылады, ал орта - адам өмір сүретін және өз қызметін жүзеге асыратын әлеуметтік-экономикалық, мәдени және табиғи жағдайлардың жиынтығы, онда "вариативті", "білім беру" ұғымдары білім беру құрылымы мен мазмұнындағы ерекшелікті білдіретін анықтамалар ретінде әрекет етеді.

Қазіргі мектепке дейінгі оқу орнындағы білім беру процесінің тұтастығы қандай да бір бағдарламаны іске асырумен қамтамасыз етіледі. Қазіргі жағдайда бір жағынан нормативтік мақсатты бағдарлар (балалардың мүмкін болатын жас жетістіктерінің сипаттамасы), ал екінші жағынан білім беру процесінің жалпы моделінің сипаттамасы - оны ұйымдастырудың стратегиялық принциптерін қамтитын шеңберлі, қысқа құрылымы болуы тиіс білім беру процесінің бағдарламасын әзірлеу қажеттілігі туды.

Вариативтік компонент мектепке дейінгі нақты мекеменің ерекшеліктерін ескере отырып, оның таңдауына білім беру процесін құру кезінде тәрбиешінің тактикасы ретінде оған әдістемелік ұсынымдар есебінен іске асырылуы мүмкін, мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын пайдалану қажет.

МДҰ-ның білім беру процесіндегі педагогикалық шығармашылық, инновациялық іс-әрекет процесі аяқталмаған және аяқталуы мүмкін емес. Әрдайым жанашыл идеялар пайда болады, педагогтарды шығармашылық іздеу жалғастырылады, балалардың мүдделері, тілегі, сұраулары, мүмкіндіктері үнемі өзгеріп отырады, білім беру бағдарламаларының мазмұнын дамытуға жаңа ынталандырулар әкеледі, ең бастысы — өзінің білім беру бағдарламасында және жеке педагогпен, атап айтқанда білім беру мекемелерінде шығармашылық өзін-өзі анықтаудың қажеттілігі мен құндылығын ұғыну болады.

МДҰ педагогтарының көпшілігі заманауи қоғамдық үрдістерді айқын түсінеді және тиісті білім беру бағдарламалары мен технологияларын қажет етеді. Бірақ мектепке дейінгі білім берудің дәстүрлі нысандары мен әдістерін

ұстану, балалармен өзара әрекеттестіктің бұрынғы стилін пайдалану әдеті олардың, әдетте, осындай бағдарламалар мен инновациялық технологиялар бойынша өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қажетті кәсіпқойлық пен құзыреттілікті жинақтамауға әкеп соқтырады.

Авторлық жұмыс тәжірибесі бағдарламаларды, әдістемелер мен технологияларды таңдау, сондай-ақ олардың үйлесімі көбінесе балалар ұжымының ерекшелігін ескерместен, жинақталған мазмұнды нақты талдаусыз, сонымен қатар педагогтың қалауына байланысты болатынын дәлелдейді. Педагогтер тіпті өздері пайдаланған бағдарламаларды, әдістемелерді, технологияларды, сонымен қатар практикалық қызметте қолданылатын нашар диагностикалық құралдарды таңдауды түсіндіре алмайды. Бағдарламаның белгілі бір бөлігі балалардың қызметін жоспарлау кезінде пайдаланылатын, ал оның мазмұнының басқа бөлігі — жоқ кезде бағдарламалардың өзгеру үрдісі анықталды.

Тәрбиешілерде қандай да бір бағдарламаның өзектілігін негіздеуде, сондай-ақ нақты жас тобына енгізу қажеттігінде қиындықтар тіркелген. Біздің ойымызша, мектепке дейінгі оқу орны қызметінің басым бағытына ие бола алмайды, себебі бұл мамандар мектепке дейінгі баланың толыққанды дамуы, дене, психикалық, психологиялық, әлеуметтік және рухани денсаулығын сақтау қажеттілігі туралы ғылымның барлық жетістіктерін білулері тиіс.

Қазіргі кезеңде МДҰ-да вариативтік-білім беру процесін дамытуда бірқатар проблемалар бар, оның ішінде мыналар: инновациялық бағдарламаларды қолданыстағылармен үйлестіру; педагогикалық қоғамдастықтың көзқарастарын ыдырату және түрлі педагогикалық тұжырымдамалар өкілдерінің қатар өмір сүруі; мектепке дейінгі оқу орындарының жаңа үлгілерінің ата-аналардың күтулеріне, талаптарына сәйкес келмеуі; білім беру қызметін жаңа ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету қажеттілігі; жаңа педагогикалық кадрларға қажеттілік; вариацияларды жаңа жағдайларға бейімдеу; өзгерістер, оңтайландыру, жаңалықтарды ауыстыру проблемасы, ескірген, педагогикалық орынсыздықтан .

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың қолданыстағы тұжырымдамаларын талдау негізінде, олардың авторлары әртүрлі елдердің ғалымдары болып табылады, МДҰ-дағы вариацияның жетекші бағыттарында мыналарды жатқызуға болады: адамгершілік субъект-субъектілік қатынастарды бекіту; балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін, зияткерлік күштерін дамыту; бала тұлғасының жеке шығармашылық (креативті) дамуы; білім беру технологиялары мен инновация саласындағы практиктер мен зерттеушілердің байланысы [6].

Қаныққан және қауіпсіз іс-әрекет, ересек пен баланың вариативті-білім беру процесінде кездейсоқ байланысы, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы дамытушылық және тәрбиелік міндеттердің басымдылығы балаларды әлеуметтендіруге ықпал етеді және мектеп жасына дейінгі баланың әлемді игерудегі және қоғамдағы мінез-құлық нормаларын қалыптастырудағы негізгі құзыреттіліктерін қалыптастырады [7, 35 б.].

Тиісінше мектепке дейінгі білім беруді дамытудың негізгі үрдістері толыққанды білім беру кеңістігін құруға және мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке дамуын кешенді сүйемелдеуді ұйымдастыруға байланысты. Вариативтік-білім беру үдерісіндегі ересек және бала арасындағы мазмұнды және қауіпсіз қызмет, оқиғалық байланыс, МДҰ-дағы дамытушы және тәрбиелік міндеттердің басымдығы балалардың әлеуметтенуіне ықпал етеді және мектепке дейінгі баланың әлемді игерудегі және қоғамдағы мінез-құлық нормаларын дарытудағы базалық құзыреттілігін қалыптастырады [7, 35 б.].

Білім беру вариативтілігінің жаңа білім беру саясаты жағдайында жаңа ұрпақтың бірқатар отандық бағдарламалары мен педагогикалық технологиялары әзірленді. Барлық бағдарламалар балабақшадағы педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың әр түрлі тәсілдерін қарастырады. Мектепке дейінгі оқу орнының білім беру бағдарламасы - бұл нақты мекеменің мектепке дейінгі білім беру мазмұнының ерекшелігін және білім беру үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктерін сипаттайтын нормативтік-басқарушылық құжат, яғни белгілі бір уақыт кеңістігі шегінде көп компонентті білім беру мазмұнының қысқаша мазмұны

Білім беру бағдарламасының мақсаты-балабақша педагог ұжымының білім беру мазмұнын және оны жүзеге асыру үшін тиісті технологияларды таңдауының дәлелді негіздемесі. Мектепке дейінгі оқу орнының білім беру бағдарламасын әзірлеуді ұйымдастыру әкімшілік пен педагогикалық ұжымдарға: өз мекемесінің ерекшелігі мен мақсатын терең түсінуге; МДҰ-дағы білім беру мазмұнын анықтауға және негіздеуге; сабақтастық принципін қамтамасыз ете отырып, вариативтік бөлім мазмұнын таңдауға мүмкіндік береді.

Тұжырымдар. Әртүрлі үлгідегі және түрдегі мектепке дейінгі мекемелер бар болғандықтан, мектепке дейінгі білім берудің вариативтілігіне көшу үрдісі сөзсіз. Вариативті бағдарламаларды қолдану жеке тұлғаны-бағдарлы тәрбиелеуді қамтамасыз етуге ықпал етеді. Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беруде педагогтарға шығармашылық пен импровизация үшін үлкен мүмкіндік беріледі. Әрбір тәрбиеші мен маман негізгі кешенді бағдарлама бойынша жұмыс істей отырып, баланы дамытуға бағытталған, оның қызықтыратын тақырыбы бойынша тереңдетілген жұмысты қатар жүргізе алады

Тереңдетілген жұмыстың негізгі құрамдас бөлігі авторлық оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеу болып табылады, ол педагогикалық үдерісті құру мен балаға деген көзқарастың әртүрлілігіне және оның дамуына ықпал етеді. Дәл осындай терең жұмыста педагог балалармен өзара іс-қимылдың мазмұнын, нысандары мен әдістерін өзгертеді, импровизациялайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Зарецкая И. И. тұлғаның әлеуметтенуі процесін басқару-тәрбиелеудегі инновация / муниципалдық Білім: инновация және тәжірибе /

2. И. И. Зарецкая. — 2008. № 2. Крутой К. Л. қазіргі мектепке дейінгі оқу орнының жұмысын жоспарлау: түсінігі, ерекшеліктері, тиімді іске асыру шарттары.

3. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Астана 2016ж.

Балабақшадағы тіл жалғастығы – өмір жалғастығы

Ж.Е.Касимова, «Балбөбек» бөбекжайы КМҚК

«Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты емін-еркін бар бояуымен төгілтіп түсіретін тіл – қуатты тіл, қазақ тілі – сондай тіл», -деп Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, қазақ тілі - өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіңе тиімді, қысылтаяң қатал жағдайда қайрап, егеп «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендей, ерге, елге медет болып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл. Тілден биік асқар тау, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ.

Тіл – қазынаң, тіл – тағдырың...

Тіл – адамдардың бір-бірімен пікір алысып, қарым-қатынас жасайтын құралы болғандықтан, тілдің қоғамдық, тәрбиелік қызметі де ерекше. Сондай-ақ тіл ұлт мәдениетінің басты көрсеткіштерінің бірі екені белгілі. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін процесс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. [1, 36]

Баланың айналадағы өмірді танып, білудегі басты жәрдемшісі – тіл. Ал тілдің дамуы оның сана-сезімінің, ой-өрісінің жетіле түсуіне негіз болады. Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын, бала айналадағы адамдармен, өзі қатарлас балалармен белсенді қарым-қатынас жасайды. Өмірде кездесетін түрлі іс-әрекет жайын білуге құмарта түседі. Өзі түсінген түрлі жайттар туралы әңгімелейтін болады. [1, 176]

Қазақ тілін үйрену мен үйретудің қаншалықты маңыздылығын бүгінгі таңда өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Әрине, мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-тәрбие жұмысында тілді үйретудің, үйренудің санқилы тәсілдері мен әдістері қолданылып жатса, соның бәрі қайткенде тілді тез әрі сапалы игереміз деуден туған талпыныстың қамы.

Тіл меңгеру өздігінен орындала салатын оңай шаруа емес. Оған мұғалім мен баланың екіжақты ықылас-ынтасы керек. Кезінде көптеген тілді меңгерген белгілі полиглот Е Чернявский тілді меңгеруге қабілеті жоқтығын ұдайы көлденең тартып шағынатын жандар шын мәніне келгенде ешқашан

оқып-үйренуге мойны жар бермейтін енжар, жалқау адамдар немесе олар өз тараптарынан аз күш жұмсап, көп нәтиже алғысы келетін адамдар екенін айтқан еді. [3, 66]

Әрине, тілді оп-оңай меңгере саламын деу жаңсақ пікір. Сондықтан балабақшадағы қазақ тілі мұғалімдерінің алдына қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіру, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру, тілді үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсаты қойылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын меңгеруіне, белгілі бір тақырыпта диалогтар құра білуге, қарапайым сөйлемдер құрастыруға жаттықтыру арқылы оқып-үйренуді көздейтін түбегейлі жаңа тәсілі ретінде күн тәртібі сәттерінің маңызы ерекше. Сондықтан мемлекеттік тілді үйретуде күнделікті күн тәртібі сәттерін пайдалансақ, оқытудың тиімділігін арттыруымыз сөзсіз.

Күн тәртібі сәттерінің негізінде мемлекеттік тілді меңгертуге бағытталған қарым-қатынас іс-әрекетін ұйымдастыра отырып, баланың өзіне айтылған сөзді баланың сезінуіне түрткі болу керек. Бала педагогты бар ынтасымен тыңдай отырып, сөздік нұсқау бойынша қарапайым тапсырмаларды орындай бастайды. Балада тілдік еліктеу пайда болады, практикалық іс-әрекетпен баланың сөздік қоры байланысып, сөздік қоры дамиды. Мектеп жасына дейінгі шақтағы балаға айналасындағы заттар қызықты болады, сондықтан ол өзіне таныс емес дыбыстарға эксперимент жасауға ұмтылады, ол дыбыстарды дұрыс айтуға талпынып, оны әртүрлі комбинацияда қолдануға тырысады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен күн тәртібі сәттерін сөз ете отырып, төмендегі жаднаманы есте ұстау қажет:

- баланың зейінін өзіне аудару;
- не істейтіндерін айту (мысалы, киінеміз). Баланың іс-әрекетін педагог айтып отырады. Әр іс-әрекет түрі 1-2 апта талқыланады;
- тәрбиеленуші балалардың біреуіне не істеп жатқанын айтуды ұсыну (бала өзінің іс-әрекетін айтады);
- балаға күн тәртібі сәттерін қалай орындайтынын айтуды ұсыну;
- мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларымен апта бойы әртүрлі күн тәртібі сәттерін сөз ету;
- күн тәртібі сәттерін сөз етудің бір түрі ретінде көркем сөз қолдану.

Ойындық және заттық ситуацияны дұрыс ұйымдастыру өте маңызды. Педагог күн тәртібі үрдісінің ситуациялық сәттерін тиімді қолдана алуы керек. Балаға қысқа сөйлеммен ықылас білдіріп, айтылған сөзді қайталай отырып, бекітіп, іс-әрекетті бірнеше рет көрсету керек.

Мектеп жасына дейінгі бала күн тәртібі сәттерінде қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды ұғынып және бақылау негізінде ҰОҚ алған білімдерін қолданып, сөздік қорларын нақтылайды және кеңейтеді, сөздік үлгілердің жеткілікті қорын құрады.

Балалар ойнай отырып, оқыту жүргізіліп жатқанын сезбейді. Мысалы: балаларға серуенге киіну барысында заттардың атауын қазақша дұрыс айтуға

үйрету кезеңінде «Дұрыс-дұрыс емес», «Қатені тап!», «Көрсет, ата!» ойын технологияларын қолдану өте тиімді. Ал келесі кезеңде балалар заттарды суреттеп, түр-түсін айтып, санайды. Меңгерілген сөздерді қайталау кезеңінде «Түсі қандай?» , «Аудармашылар» ойындарын қолданамын.

Қазіргі заман жеке адамдардың ғана емес, тұтас ұлттардың да өткеніне үңіліп, болашағын бағдарлауға жол ашты. Ендігі жерде қазақ тілінің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, олқысын толтыру өз қолымызда, сіз бен біздің қолымызда. Олай болса, мемлекетіміздің мәртебесін көтеріп, оның кең қанат жайып, өркендеуі бүгінгі балабақшада тәлім-тәрбие алып жүрген бүлдіршіндердің қолында. Сондықтан осы жас бүлдіршіндердің бойында өз мемлекетіне деген терең құрмет сезімін оята білуіміз керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Б.Баймұратова. Методическая литература. Методика обучения родному языку детей от 2-х до 6-ти лет. Алматы: Рауан баспасы, 1991ж. 3-17 б.
2. Қазақ тілі. Әдістемелік құрал. Алматы: Алматыкітап баспасы, 2013ж.
3. Ойнайық та ойлайық. Поиграем поговорим. Алматы: Ана тілі, 1996 ж. 6 бет.

Благоприятная социализация ребенка в условиях коллектива дошкольников

Ким И.В., КГКП я/с «Мерей»

Таким образом, тимбилдинг как технология, предполагающая использование командообразующие формы и методы работы с детьми с ООП, формирует благоприятные условия для повышения двигательной активности,



развитие самостоятельности, переноса в повседневную жизнь необходимых двигательных навыков и умений, формирует адаптационные способности к жизнедеятельности в социуме.

Список литературы:

1. Мастюкова Е.М. «Коррекционно – педагогическая работа по физическому воспитанию дошкольников с задержкой психического развития».– М. АРКТИ, 2004г.
2. Иванов И.П. «Энциклопедия коллективно-творческих дел»– М.,1989г
3. Данилов А.А., Данилова Н.С. «Игры на каждый день»– Новосибирск,2005г.
4. Сиратюк А.С. «Воспитание ребенка в инклюзивной среде» - «ТЦ СФЕРА» - 2005

Мектепке дейінгі бала тәрбиесінде заманауи технологияны қолдану ерекшеліктері мен маңызы

Мукушева М.М., Ибраева Б. Е., "Балдырған " бөбекжайы КМҚК

Білім беру жүйесін жаппай модернизациялау, педагогика саласын жаңарту әлеуметтік өмірге тың өзгерістер алып келді. Жаңа идеяларды енгізу, оны әрі қарай дамыту педагогтар үшін де үздіксіз еңбекті талап ететіні сөзсіз. Соның ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдары үшін маңызы зор.

Жалпы инновация қалай туындайды?" Инновация "дегеніміз жаңалық енгізу, жаңашылдық деген мағынаны білдіреді. Ұлттық мәселеге айналған шешуі жоқ теорияны жаңа тәсілмен шешу, өзіңнің тәжірибеңді ортаға салып бөлісу, өзгенің теориясына сүйене отырып, сапалы қолдана білу.

Қазақстан Республикасының білім туралы Заңында "Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және заман талабына сай адамды қалыптастыру; кәсіби шыңдарға бағыттау; білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу; білім беруді ақпараттандыру; халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу" деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген.

Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі оқыту мақсаты болып табылады. Педагог үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап отырса, жаңашылдыққа жақын болғаны. Өзгелердің үлгісін өз ісінде пайдалана білсе, оған өзіндік қолтаңбасын қосып отырса, бала тәрбиелеу мен білім берудегі жетістігі сол болмақ.

Оқыту барысында инновациялық технологияларды пайдалану балалардың ойлау қабілетін дамытады, білім сапасын жақсартады, ой -өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін арттырады.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік- экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласына уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты- баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болып отыр.

Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, ол мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтың педагогикалық технологияларды білу сауаттылығына байланысты.

Білім берудің алғашқы деңгейлері балабақшадан бастау алады. Мақсаты- мектепке дейінгі біліммен балалардың білім алуына бірдей бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Кез-келген оқыту технологиясы тәрбиешіден терең теориялық, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, баланың жан дүниесіне үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Көп жылдар бойы мектепке дейінгі білім беру жүйесі балалардың танымдық дамуын қамтамасыз етіп келе жатыр. Алайда, мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту негізінен бала тұлғасы қасиеттерінің дамуына бағытталған. Бүгінгі таңда негізгі басымдық бала мен тәрбиешінің тұлғалы бағытталған әрекеті болып табылады.

Баланың жеке даралығын түсіну, қабылдау, қызығушылықтарын ескеру, шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, эмоционалдық игіліктерін сақтау міне, осылардың барлығы қазіргі кездегі тәрбиешінің басты міндеттері. Осылайша, жаңа технологияларды қолдану- тәрбиеші қазіргі заманға сай өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайын, денсаулығын сақтай алатын, білімі мен машықтарын көрсете алатын, шығармашылығы кең, ақыл ой өрісі дамыған, өз ойын сауатты жеткізе алатын, бәсекеге жарамды тұлғаны өсіруге жетелейді.

Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиеші педагогтардың алдында жаңа заманның мақсаттары мен сұраныстарына жауап беретін, баланың жан-жақты дамуына жоғары деңгейде әсер ететін технологияны таңдау міндеті тұр. Білім беретін оқу бағдарламалары балаларды тәрбиелеу, оқыту, өз ортасында өмір сүруге бейім, қабілетті, құзырлы, жоғарыда атап өткенімдей бәсекеге қабілетті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамытып, қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

Баланың бойына өз "МЕН"- ін сіңіру. Ол "Мен жеке тұлға" бағдарламасының негізінде жүзеге асады. Сонымен қатар, модульді блокты-рейтингті бағдарлама бойынша оқытудың келесі жаңа технологиялары

енгізілді. Олар дамыта, проблемалап, диалогті, жеке бағдарлы, денсаулықты сақтандырып оқыту және "Тәй- тәй" әдіснамасы.

Бұл әдіснама балалармен психологиялық- педагогикалық көмек көрсету, тілі мен ой шығармашылығын айқындау, жеке тұлға ұғымын бойларына сіңіру, өз-өзін дамыту жұмыстарын жүргізуді міндеттейді. Бұл міндеттер әрине, педагогтың белсенділігі мен шығармашылық ізденісін талап етеді. Осындай технологияларды қолдана отырып, бағдарламаға сәйкес оқытып отырсақ балалардың білімге деген құштарлығын арттыра аламыз. Сондай -ақ, оқытудың түрлі технологиясын қолдану арқылы балалардың қызығушылықтарын тудырып, шығармашылық қабілетін дамытамыз.

Халықаралық «Тәй-тәй» технологиясын балабақшаға ендіре отырып, мемлекеттік және халықаралық педагог стандартты деңгейі жауап беру бізді алдымызға жауапты міндеттерді қоюмен қатар, оны орындауда кездескен қиыншылықтарды шығармашылық ізденіспен қатар, бірлесе отырып, жеңуге болатының үйретті.

Белсенді даму ортасын құрудың негізгі мақсаты қалыптасып келе жатқан тұлғаға әлепуметтік, рухани жағынан өмір сүруіне аса керек қажеттіліктерді қамтамасыз ету болып табылады. Осы бағытта жұмыс атқара отырып, педагогикалық ұжым «Тәй-тәй» технологиясының принциптерін орындайды. Ол орталықтарындағы жүзеге асатын белсенділік көріністер әрбір жеке тұлғаның іс-әрекетінен байқалып отырады.

Белсенділік орталығының мүмкіндіктерін, қажеттілігін ескере отырып педагог өз білімін балалардың ерекшеліктерін, айрықша қабілетін ашуға, дамытуға пайдаланады. Осы бағытта жұмыс атқара отырып, педагогикалық ұжым «Тәй-тәй» технологиясының принциптерін орындайды.

Технологияның басты іс-әрекеті:

- 1-2 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы демократиялық қағидаларды қолдау;
- білім беру ісіне отбасын қоғамдық тарту;
- баланың жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып табиғи қабілетін ашу және дамыту.

Дамыта оқыту дегеніміз- балалардың ақыл ойының көрсеткіші ретінде жинақтай, қорытындылай алу дағдысы. Дамыта оқыту технологиясының негізінде баланың шығармашылық пен ойлау қабілетін дамыту мақсатында дивергенттік тапсырмаларды жүйелі түрде қолдану тиімді.

Заманауи білім беру технологияларының бірі -жеке бағдарлы оқыту технологиясы. Бұл технологияның мақсаты -баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін жан -жақты ашу.

Денсаулық сақтау технологиясы -ең алдымен баланың отырысы мен тұрысына, санитарлық гигиеналық жағдайлардың сақталуына назар аудартады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Отбасы және балабақша. №1.2014 қаңтар-ақпан

2. Бала мен балабақша. № 5. 2014 наурыз
3. Заманауи білім беру. Әдістемелік құралы. 2014ж.

Использование сенсорных коробок в работе с дошкольниками имеющих нарушение зрения

Муртазина Н.Н., КГКП «Ясли-сад «Алданыш»

Дошкольный возрастной период – это важный этап в развитии ребёнка. На этом этапе ребёнок делает качественный скачок в своём психическом развитии. К началу этого периода у него сформировались такие познавательные процессы, как ощущения, произвольное внимание, активная речь, предметное восприятие. В процессе действия с предметами он накопил опыт, словарный запас, он понимает обращённую к нему речь. Благодаря этим достижениям дошкольник начинает активно осваивать окружающий мир. И в процессе этого освоения формируется восприятие.

Восприятие – это основной познавательный процесс чувственного отражения действительности, её предметов и явлений при их непосредственном действии на органы чувств. Оно является основой мышления и практической деятельности, как взрослого человека, так и ребёнка, основой ориентации человека в окружающем мире, в обществе.

Процесс восприятия является основополагающим в сенсомоторном развитии ребёнка.

Сенсомоторное развитие – это взаимодействие сенсорных (чувственных) и моторных (двигательных) компонентов психической деятельности. Остановимся подробнее на каждом из определений, составляющих данное понятие.

Сенсорное развитие ребёнка – это развитие его восприятия и формирование представлений о внешних свойствах предметов: их форме, цвете, величине, положении в пространстве, а также запахе, вкусе и т. п.

Сенсорное развитие, с одной стороны, составляет фундамент общего умственного развития ребёнка, с другой стороны, имеет самостоятельное значение, так как полноценное восприятие необходимо и для успешного обучения ребёнка в детском саду, в школе.

Развитие сенсорной системы тесно связано с развитием **моторной системы**. При ознакомлении с каким-либо предметом, его нужно изучить: трогать руками, сжимать, гладить, т.е. совершать какие-то действия, которые называют **моторными**. Чтобы взять предмет одной рукой, ребёнок должен быть «моторно-готовым» к этому. Если он не может схватить этот предмет, то не сможет и ощутить его. При бимануальном (двумя руками) ощущении

предмета происходит его пространственное изучение. При таком действии ребёнок должен иметь тонкую и совершенную координацию движений рук.

Тонкая моторика является составной частью моторных способностей индивида и представляет собой высококодифференцированные точные движения пальцев руки и элементов артикуляционного аппарата преимущественно небольшой амплитуды и силы.

Тонкая моторика соответствует высшему уровню моторного развития человека. Её необходимо развивать в системе параллельного формирования всех основных видов моторных способностей, на основе крупной, или грубой, моторики.

Таким образом, понимание взаимосвязи между сенсорным и моторным развитием ребенка способствует полноценной реализации целей сенсомоторного воспитания и обучения дошкольников с учётом их возрастных и индивидуальных особенностей.

Сенсомоторное развитие детей с патологией зрения имеет ряд специфических особенностей, обусловленных структурой дефекта и нарушениями развития психических функций.

Слабовидящие дошкольники пользуются зрением как основным средством восприятия. Познание ими окружающего мира, формирование и развитие всех видов деятельности протекает в условиях нарушенного зрения и строится на суженной наглядной и действенной основе.

Острота зрения является ведущим фактором в восприятии объектов окружающей действительности. Дети с патологией зрения испытывают трудности в восприятии формы, размеров, глазомерной оценке пропорций и положения предметов, протяженности, расстояний.

У них наблюдаются ошибки в точности и полноте восприятия предметов и изображений. Выявлены следующие нарушения восприятия рисунков слабовидящими дошкольниками: замедленность обзора, неточность, пропуск деталей изображения. При обследовании объектов детьми данной категории отражаются лишь некоторые, часто второстепенные признаки, в связи с чем, возникающие образы искажаются, и часто бывают, неадекватны действительности.

Невозможность или сложность получения ряда чувственных данных препятствует тонкому различению и дифференцировке объектов, а, следовательно, и их сравнению.

Известно, что у значительного числа слабовидящих детей нарушено восприятие цвета. Формы и степени расстройства цветоразличения зависят от клинических форм нарушения зрения, их происхождения, локализации и течения. У детей наблюдается ослабление восприятия красного, зелёного и синего цветов.

Некоторые дети с патологией зрения имеют нарушения или недоразвитие тонкой моторики и зрительно-двигательной координации. Движения рук бывают неловкими, несогласованными. Дети порой не в состоянии одновременно действовать двумя руками сразу.

Недостаточное развитие зрительно-моторной координации приводит к тому, что слабовидящий ребёнок часто промахивается при попытке взять предмет, т.к. неверно оценивает направление, не может проследить зрительно за движением руки.

Вышеперечисленные особенности сенсомоторного развития у дошкольников, имеющих различные дефекты зрения, требуют организации специальной коррекционно-педагогической работы.

Основной формой воздействия на ребёнка с патологией зрения в дошкольном учреждении является организованная учебная деятельность, в которой ведущая роль принадлежит взрослым. Усвоение программного материала зависит от правильного выбора наглядных и развивающих пособий. Педагогу необходимо использовать такие пособия, которые могли бы привлечь внимание, заинтересовать каждого ребёнка. Этой цели и служат **сенсорные коробки**.

Сенсорная коробка (sensory tub) - универсальное развивающее пособие для детей, имеющих зрительные нарушения. Это емкость с неким наполнителем, главное назначение которой – дать возможность детям трогать, пересыпать, переливать, исследовать, изучать, то, что находится внутри.

Сенсорная коробка позволяет развивать у детей с патологией зрения мелкую моторику, тактильные ощущения, координацию в системе «глаз-рука», творческое и пространственно-образное мышление, концентрацию внимания, усидчивость, любопытство, воображение, фантазию и творческие способности.

Из чего сделать сенсорную коробку?

Емкость для наполнения подойдет практически любая, главное, чтобы она была удобной, безопасной и вместительной.

Это может быть: таз, миска, пластиковый контейнер, поднос с бортиками, надувной бассейн, картонная или деревянная коробка.

Чем наполнить сенсорную коробку?

Всевозможные крупы, бобовые, макароны, крахмал, кофе молотый и в зернах, чай, природный материал, водный и бумажный наполнитель, текстиль и швейная фурнитура, вата, ватные диски, кусочки поролона и губки.

Предметы, с которыми можно играть:

мелкие фигурки животных и людей, кубики, кольца, шарики, лоскуты, маленькие коробочки, камушки, игрушечные фрукты, искусственные и настоящие растения, деревянные буквы и цифры, лопатки, ложки, грабли, мисочки, чашки, щипцы, груша для воды, сито, воронка и др.

Техника безопасности во время игр с сенсорными коробками:

ОУД (игра) проводится группами по 2-3 ребёнка или индивидуально. Нельзя оставлять детей во время игры с сенсорными коробками наедине.


Перед созданием сенсорных коробок убедитесь, что у детей нет аллергии на какой-либо компонент.

На индивидуальных коррекционных занятиях мы используем тематические сенсорные коробки, что позволяет нам успешно решать задачи

сенсомоторного развития детей с учётом их психофизических и индивидуальных особенностей, в увлекательной форме познакомить дошкольников с объектами и явлениями окружающего мира, организовать поисково-исследовательскую деятельность.

Опыт использования тематических сенсорных коробок в коррекционно-развивающем обучении дошкольников с нарушением зрения, показал положительную динамику в сенсомоторном развитии детей данной категории.

Сравнительный анализ уровня сенсомоторного развития



Таким образом, формирование познавательной деятельности детей с патологией зрения посредством игр с сенсорными коробками способствует реализации целей сенсомоторного воспитания и обучения, обеспечивает всестороннее развитие дошкольников, способствует адаптации к условиям жизни и успешной подготовке к обучению в школе.

Список литературы:

1. Вишневская Т.А., Завалишина О.В. Программа дошкольного воспитания и обучения детей с нарушением зрения. Алматы. 2010г.
2. Ретина Т.Ю., Черемных Е.Ф. «Адаптивная комплексная программа укрепления здоровья «Открытый взгляд». Воспитание и обучение детей с нарушениями развития. 2007г. №5.

Мектеп жасына дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде жаңа технологияларды қолдану

Мустагулова Ж. К., «Алтын сақа» бөбекжайы» КМҚК

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалаң.
Сен де бір кірпіш дүниеде
Кетігін тап та бар қалан.
Абай

Бала – біздің болашағымыз , сол балаға жүйелі білім бере отыра, ынта – ықыласын дұрыс бағыттауды қарастырып, қабілет - қасиеттерін дамытуды бөбекжайдан бастау алғандары дұрыс, алғашқы қадамдары болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру стандарты тәрбиемен, сонымен қатар мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда, жан-жақты, жаңашыл әдіс – тәсілдерді қолдана отыра ойындар, дидактикалық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Бөбекжайда жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың ең басты мақсаты: соның ішінде оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтеріне қалай қолдана отырып, білімдерін дамыту, құзыретті тұлға ретінде қалыптастыруға тәрбиелеу жолдары.

Бөбекжайда ата-аналар ,бала, педагогтармен тығыз байланыста бірлесе отыра: тренинг,сауалнама, іскерлік ойындарды ойнату арқылы, ұйымшылдыққа,шығармашылыққа,еңбек сүйгіштікке баулимыз. Балалардың нәтижесін жан-жақты дамытып,білімдерін шындаймыз. Ата-аналар мен педагог арасында тыңғылықты жұмыс болады.Баланы бірге тәрбиелеу барысында үлкен жетістікке қол жеткіземіз.

Жаңа инновациялық білім технологиясының міндеттеріне тоқталып өтсек: Білім бере отырып жаңа инновациялық білім технологиясының әдіс-тәсілдерін түрлендіру арқылы , дамыта отыра меңгертуге болады.

Бөбекжайда ұйымдастырылған оқу қызметі барысында тиімді қолданатын технологиялар түрлері:

1. ТРИЗ технологиясын атап айтуға болады.
2. Тэй - тэй технологиясы,қадам басу жолдары.
3. Монтессори технологиясын қолдана отыра, баланың тілін,ұсақ қол моторикасын жан-жақты дамытуға болады.
- 4.Модульдік оқыту технологиясы,мнемо техника арқылы баланың ой-өрісін,сөздік қорын жетілдіреді,сөйлеу мәдениетін арттыру.

1) ТРИЗ технологиясы дегеніміз - баланың шығармашылық қабілетін арттырып, әр түрлі тапсырмаларды орындатуға үйретуге болады.

Ақыл-ойларын,тіл байлықтарын,сөздік қорларын,сөйлеу мәдениетін дамыту.

2) Тэй - тэй технологиясы. Тэй-тэй технологиясы дегеніміз - элементтерін пайдалану жолдарына тоқталсақ, балаларды топтастыру, бұл жаңа инновациялық білім технологиясының тиімділігі балалардың қай салаға жақын екендігі анықталып, ата-аналармен,педагогтармен жан-жақты байланыстарын нығайтамыз.Байласытыру барсында сюжеттік-рөльдік ойындарды ойната отырып, ұйымдастырылған оқу – қызметінің апталық тақырыптарына, инновациялық білім технологиясы ретінде қолдануға болады. Сюжеттік-рөльдік ойының мақсаты бала белгілі –бір рөльді сала отырып,өзіне деген сенімділігі артады .

Баланың дамуына ортаның ықпалы өте маңызды болып келеді.Сонымен қатар белсенділік ойындарына тоқталып өтсек:

Бұл бес патшалықтан тұратын ойын алаңы деп аталады.

1. Ғылым патшалығы
- 2.Өнер патшалығы
- 3.Құрылыс патшалығы

4.Көркем әдебиет патшалығы

5.Желілі ойындар патшалығы.

Ғылым патшалығы:

Шарты: Балалардың ортақ іс-қимылын ояту арқылы, ұсақ-қол саусақтарының моторикасының, қимылын дамытып, шығармашылығын арттырып, жан-жақты қызығушылығын оятуға болады..

Өнер патшалығы

Шарты: Жан-жақты өнерлерін ашу, өнерді сезіне отырып, өнерді сүйеге баулуға болады. Ақыл-ой қабілеттерін қалыптастырып, балалардың ұсақ-қол моторикасын, саусақ қимыл – қозғалыстарымен бейнелеп көрсетуге үйрету.

Құрылыс патшалығы

Шарты: Балаларға құрылыс материалдарымен заттарды қолдана білуге, дұрыс құрастыруға үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, шеберлігін шыңдап, ұқыпты болуға үйрету. Ұжым болып жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

Желілі ойындар патшалығы

Шарты: Балаларға әртүрлі рөлдерді ойнату барысында шеберліктерін арттырып, ертегі кейіпкерлерін сомдау арқылы сөздік тіл байлықтарын дамытып, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Көркем әдебиет патшалығы

Шарты: Балаларға кітапқа деген қызығушылықтарын ояту, қазақ ертегілерімен таныстырып, ондағы кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз қасиеттерін тануға, сипаттама беріп, әңгімелеуге үйрету. Дұрыс сөйлей білу мәдениетін қалыптастыру.

Балалардың нақты игеретін білім-біліктілігін арттыратын жолдарына тоқталсақ:

- сыйластықты түсіне білуге қабілетін арттыру.

- айналасындағыларға түсінушілікпен қарап, көмектесу, бойына жақсы қасиеттерді игеру.

Мария Монтессори технологиясын қолданудың әдіс – тәсілдері. Қай уақытта болмасын бөбекжайда Монтессори әдісінің орны ерекше, еш уақытта орнын жоғалтпайды да.

Мария Монтессори технологиясын қолданудың жолдары: Балалардың қоршаған ортаға қызығушылығын ояту және оны бақылауға үйрету. Сұрақ-жауап арқылы заттардың мағынасын түсініп, балалардың сөйлеулерін жетілдіру.

Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін әртүрлі жаттығулар арқылы дамытып, ұйымшылдық, тапқырлық, ізденімпаз қабілеттеріне қалыптастыру. Монтессоридің әдіс-тәсілдерінде көрнектіліктің көмегімен өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланады. Монтессори әдіс-тәсілдерінің тағы бір ерекшелігі балалар жеке жұмыс жасауға үйренеді.

Монтессоридің ойын түрлері: дидактикалық ойындар, құрылыс ойындары, логикалық ойындар, сюжетті-рөлдік ойындар, заттық ойындар.

Бөбекжайдың 2 ші кіші тобында М.Монтессори технологиясының бірнеше ойындарына тоқталатын болсақ, бау тағу, киімнің түймелерін тағу, моншақтарды жіпке тізу, сусымалы заттардың ішінен сыйпап сезу арқылы әртүрлі пішіндегі заттарды сипап сезу арқылы табуға үйрету. Әртүрлі ойындар ойнату барысында балалардың саусақ қол моторикасын дамытуға болады.

4) Модульдік оқыту технологиясының әдіс-тәсілдері:

Балаларға әртүрлі тақырыптардағы тапсырмаларды қысқаша сызбалар арқылы үйрету.

Модульдік технологияның әдіс-тәсілдерінің ерекшелігі: тірек сызба арқылы балалардың (есту, көру, қимыл) ойлауы, қабылдауы жақсы дамиды, шығармашылық қажеттіліктері оянады.

Қорыта айтқанда, баланың өміріне бей-жай қарамай, балаға қазіргі заман талабына сай, мағыналы білім берсек қана, біздің бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқан болмақ. Бала отбасында дұрыс тәрбие алса, тәрбиелеудің нәтижесі жоғары болмақ. Біздің басты мақсатымыз ата-анамен тығыз қарым-қатынаста болып, ынтымақтастық орнатып, баланы жеке тұлға ретінде қарап, жан-жақты тәрбиелеу болып саналады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Отбасы және балабақша» №1.2014
2. «Бала мен балабақша» №5.2014
3. «Заманауи білім беру» Әдістемелік құрал 2014

Профилактика, коррекция осанки и плоскостопия у детей дошкольного возраста

Мухамадиева Н.А., КГКП я/с «Арман»

Данная тема мной выбрана неслучайно, так как в настоящее время современные дети в большинстве своем испытывают «двигательный дефицит», то есть количество движений, производимых ими в течении дня, ниже возрастной нормы. Мы живем во время бурного развития современной массовой гиподинамии, и ребенок волей неволей становится заложником быстроразвивающихся технических систем (телевидения, компьютеры, сотовые телефоны и т. д.) – все это приводит к недостатку двигательной активности ребенка и отражается на состоянии его здоровья. «Спутниками» жизни наших детей стали такие заболевания как сколиоз и плоскостопие.

Работа по формированию правильной осанки тесно связана с предупреждением плоскостопия, так как плоскостопие одна из причин нарушения осанки. Основным средством профилактики и главным методом лечения плоскостопия является специальная гимнастика направленная на

укрепление мышечно-связочного аппарата стоп и голеней. Для решения задач по укреплению опорно-двигательного аппарата и стопы необходимо создание полноценной развивающей физкультурно – оздоровительной среды предусматривает наличие оборудования и инвентаря, способствующих укреплению мышц стопы и голени и оказывающих положительное влияние на формирование сводов стопы. Все это имеется в нашем детском саду.

В своей работе регулярно включаю в планы разнообразные комплексы упражнений, подвижные и малоподвижные игры.

Для создания положительного эмоционального фона с детьми выполняю утреннюю гимнастику под музыку (например «Утята»). Так же использую наглядные пособия (схемы, рисунки, картинки), а так же загадки, песни, стихотворения, соответствующие сюжету комплекса. Все это способствует повышению интереса, активности детей и следовательно более качественному выполнению упражнений.

В организованной учебной деятельности – использую коррегирующие виды ходьбы с музыкальным сопровождением и нетрадиционным физкультурным оборудованием изготовленными из подручных средств.

Основная ходьба – (мешочки с песком, горохом, солью, гречкой, манкой – весом 150-200гр

Стельки с приклеенными к ним пуговицами разного размера.

Массажные коврики: с ребристым покрытием, с образцами правильной стопы, поролоновые коврики разной высоты, дорожки с пуговицами, пробками.

Босоножье - организация сеансов босоножья требует небольших затрат и материальных и физических. Достаточно организовать «Дорожку здоровья» с разным покрытием или грунтом, либо островками рассыпать на траве речной песок, мелкую гальку, небольшие насыпные горки из песка не более 15см. При этом ребенок непроизвольно переносит тяжесть тела на наружный край стопы и поджимает пальцы, что способствует укреплению свода стопы.

Врачи рекомендуют детям с нарушенной осанкой и плоскостопием целесообразно не реже 2 раза в сутки проводить специальную гимнастику, что благотворно сказывается на решении проблем формирования осанки и стопы. У детей улучшается координация, общая физическая выносливость, повышается двигательная активность.

Активное участие родителей в работе профилактической и коррекционной направленности используются различные формы общения с семьей: открытые занятия по физической культуре, стенды для родителей, папки-передвижки, рекомендации и консультации. Это позволяет обеспечить преемственность в развитии обучении ребенка в условиях дошкольного учреждения и семьи, а так же повысить осведомленность родителей в коррекционно – профилактических вопросах воспитания детей.

Гимнастика, физические упражнения, ходьба должны прочно войти в повседневный быт каждого, кто хочет сохранить работоспособность, здоровье, полноценную и радостную жизнь.

Список литературы:

1. Вавилова Е.Н. «Укрепляйте здоровья детей» Москва, 1986.
2. Дидур М.Д. Поташнин А.А. «Осанка и физическое развитие детей» Санкт Петербург, 2001.
3. Кудрявцева В.Т. ., Егоров Б.Б «Развивающая педагогика оздоровления» Москва. 2000

Инклюзивті білім беру-өмір қажеттілігі

Мухаммедина С.Г., Темирбаева Г. Т., «Балапан» бөбекжайы КМҚК

Бүгінгі күні инклюзивті білім беру мәселесі өзекті болып табылады. Жыл сайын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар саны артып келеді. Соған орай қоғамның сұраныстарына жауап беру үшін инклюзивті білім беру мәдениетін қолдау, инклюзивті тәжірибені іске асыру қажет. Жыл сайын мектепке дейінгі ұйымдарда 4-5 жастағы балалар жоғары психикалық функцияларды қалыптастырудағы бұзушылықтарды уақытылы анықтау үшін психологиялық-логопедиялық диагностикадан өтеді. Бұл дамуында ақау болса оны дер кезінде реттеуге мүмкіндік береді. Диагностика нәтижелері бойынша сөйлеу және (немесе) психикалық дамуында ауытқулары бар балалар ата-аналарымен бірге қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияға жіберіледі.

ПМПК мамандары ата-аналарға баланы одан әрі оқыту мен тәрбиелеудің келешегі туралы ұсыныстар береді. Ата-аналардың баласына баратын мектепке дейінгі ұйымды таңдау құқығы қалады. Денсаулығында мүмкіндіктері шектеулі (ДМШ) бар баланы одан әрі сүйемелдеу үшін баланың ата-анасы таңдаған білім беру ұйымында консилиум жиналады. Оның құрамына инклюзия бойынша координатор, педагог-психолог, логопед-мұғалім, әлеуметтік педагог, педагог, тәрбиешілер, медбике кіреді. Консилиумның әрбір маманы баланың психофизикалық дамуының жай-күйін бағалайды және өзінің саласына сәйкес даму, тәрбиелеу және әлеуметтік бейімделу тұрғысынан оның мүмкіндіктеріне болжам береді.

Ауытқудың даму түрін, нақты түрінің себептері мен механизмдерін бағалау, психологиялық түзету жұмысының бағыттарын, оның реттілігі мен тактикасын педагог-психолог айқындайды. Тілдік дамымаудың сипатын мектепке дейінгі білім беру ұйымының логопед-мұғалімі анықтайды. Білім беру дағдыларының қалыптасуын тәрбиеші бағалайды. Әлеуметтік даму жағдайын, бала білім беру мекемесінен тыс болатын ортасын, отбасының әлеуметтік мәртебесінің ерекшеліктерін әлеуметтік педагог бағалайды.

Баланы психофизикалық тұрғыдан бағалағаннан кейін ПМПК келесі міндеттерді шешеді:

1. Жеке білім беру бағытын әзірлеу және нақтылау.

2. ДМШ бар баланы әлеуметтік бейімдеу бойынша іс-шаралардың тиімділігін динамикалық бағалау.

3. Осы санаттағы балалардың психофизикалық дамуының ерекшеліктерін ескеретін, қолданыстағы бағдарламалар мен икемді технологияларды қолдану негізінде жеке бағытталған білім беру және түзету-дамыту бағдарламаларын модельдеу.

4. Ата-аналардың келісімімен ДМШ баланың білім беру траекториясының өзгерту (жеке және топтық жұмыс түрлерінің ара қатынасының өзгеруі, баланың құрдастары мен т. б. ортасында болу уақыты);

5. Инклюзивті тәжірибені ұйымдастыру бойынша мектепке дейінгі ұйымның барлық мамандарының өзара іс-әрекетін үйлестіру;

6. Психофизикалық және соматикалық жай-күйлердің өзгеруі анықталған жағдайда ата-аналарды медициналық бейіндегі мамандарға кеңес алуға жіберу

Білім берудің дербес бағытын іске асыру кезеңіне жетекші маман-логопед тағайындалады. Ол баланың даму динамикасын және көрсетілетін көмектің тиімділігін қадағалайды, қалалық ПМПК-ға қайта бағыттауға бастамашылық жасайды, барлық мамандарды үйлестіруді жүргізеді, ата-аналармен жұмыс жүргізеді. Сондай-ақ, нормативтік балалардың ата-аналарымен олардың тобындағы денсаулығы шектеулі балалардың болуы олардың өз балаларына зиян тигізбейтіндігіне, шыдамдылық пен адамгершілікті болуға мүмкіндік беретіндігіне сендіру мақсатында жұмыс жүргізіледі.

Білім берудің дербес бағыты ДМШ баланы құрдастарының ұжымына ересектердің сүйемелдеуімен (топ тәрбиешілері, логопед-мұғалім, музыкалық жетекші, дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы және т.б.) енгізуді көздейді. Педагогтар білім берудің дербес бағытын әзірлеуде ең алдымен баланың жасына сәйкес келетін, бірақ әлі пайда болмаған психологиялық жаңа түзілімдерді қалыптастыруға бағытталуын басшылыққа алуы тиіс. Дамудың дербес бағдарламасының міндеттері баламен жеке және ішінара топтық сабақтарда шешіледі. Апта бойы тапсырмалар білім беру ұйымының барлық мамандарымен және ата-аналарымен бірге кешенде өңделеді. Әр тоқсан сайын жұмыстың қорытындысы шығарылып, жаңа мақсаттар мен міндеттер қойылады.

Зерттеу Қарағанды қ., «Балапан» бөбекжайында жүргізілді. Әдістемелердің кешені сөйлеу тілінің даму деңгейін тексеруге бағытталған.

Әдістемеді Р. И. Лалаева, Е. В. Мальцева, А. Р. Лурия ұсынған сөздік сынамалары қолданылды. Бағалаудың баллдық-деңгейлік жүйесінен тұратын сөйлеу тілін зерттеу әдістемесі. Ол:

- диагностика;
- сөйлеу кемістігінің құрылымын нақтылау және сөйлеу тілінің әр түрлі бұзылуының жақтарының айқындылық дәрежесін бағалау);
- жеке түзету жұмысының жүйесін құру;
- сөйлеу бұзылыстарының жалпы құрылымы негізінде топтарды жинақтау;

- баланың тілдік даму динамикасын қадағалау және түзету әсерінің тиімділігін бағалау.

Қысқаша айтатын болсақ, бұл шаралар баланың фонетика-фонематикалық механизмдерін дамытуға бағытталды. Бұл жұмысқа тәрбиеші, психолог маман және фонетика-фонематикалық механизмдерін дамуында кідірісі жоқ балалардың әсері оң нәтижеге қарқынды түрде жетеледі. Осы орайда инклюзивті білім беруді табысты екенін айта кету керек. Оны іске асырудың басты міндеттерінің бірі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. Біздің тараптан жүргізілген түзету жұмыстарымыз топтық және жеке түрде өтетін жұмыстар топтамасы болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Инклюзивное образование // Методические рекомендации по организации инклюзивного образовательного процесса в детском саду: М., Центр «Школьная книга» 2010.

2. Большакова, С. Е. Речевые нарушения и их преодоление [Текст] сборник упражнений / С. Е. Большакова – М.: ТЦ Сфера, 2005

3. Боровцова, Л. А. Документация учителя – логопеда ДОУ [Текст] Методическое пособие / Л. А. Боровцова – М.: ТЦ Сфера, 2008.

4. Буденная, Т. В. Логопедическая гимнастика [Текст] Методическое пособие / Т. В. Буденная – СПб.: ДЕТСТВО – ПРЕСС.

Воспитание социально-активной личности

Назарова Л.В., КГКП я/с «Алтынай»

Программа «Рухани Жаңғыру» была разработана на основе положений статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», ориентированная на возрождение духовных ценностей казахстанцев. Она направлена на модернизацию общественного сознания, позволяет консолидировать общество, объединить интеллигенцию, молодежь, представителей всех слоев населения вокруг идей, провозглашенных Главой государства. Государство и нация – не статичная конструкция, а живой развивающийся организм. Чтобы жить, нужно обладать способностью к осмысленной адаптации. Любое общество состоит из индивидуумов. И воспитывая Личность часто забываем что личность это часть общества, коллектива, команды. Никакой, интроверт или даже самый самодостаточный, развитый, талантливый человек не сможет жить без коллектива, в одиночку.

Коллектив (от лат. *Collectivus* — *собираемый*) — группа лиц, объединенных какой-либо общей деятельностью, работой, учебой, решением определенной общественной задачи. В более широком смысле — люди, объединенные общими идеями, потребностями, интересами. Другим словом -

команда. Все чаще в вакансиях встречается требование - умение работать в команде. [1]

Коллективизм характерен для детей ничуть не меньше, чем для взрослых. В детском саду ребенок с первых дней пребывания находится среди сверстников. Дети тянутся друг к другу, охотно устанавливая общие интересы в играх, в занятиях, в общении. Чем старше становятся дети, тем большее значение для них имеет дружба со сверстниками, которую для них ничто не заменит.

Большое влияние на развитие учения о коллективе оказала теория, разработанная А. С. Макаренко. Дошкольная педагогика руководствуется основными ее положениями о воспитании личности ребенка в коллективе, через коллектив, о роли деятельности, радостных перспектив в жизни детей, о взаимной ответственности членов коллектива. Говоря о целях воспитания, А. С. Макаренко подчеркивает, что необходимо специально строить отношения ребенка с окружающими, организуя активную деятельность, его практическое участие в жизни коллектива. «...Перед нами всегда стоит двойной объект — личность и общество. Выключить личность, изолировать ее, вынуть ее из отношения совершенно невозможно...»!,—указывал А. С. Макаренко.[2]

Общественные качества личности, начала коллективизма формируются в процессе общения детей в повседневной жизни, в труде; велика в этом отношении и роль игры, в которой наиболее полно активизируется общественная жизнь детей. Игровая деятельность позволяет детям на самых ранних ступенях развития создавать самостоятельным путем те или иные формы общения.

Совместные игры приучают детей считаться с общественным мнением, подчиняться ему. Нарушение правил игры вызывает недовольство играющих. Отношение товарищей организует, дисциплинирует ребят.

Наряду с этим Н.К. Крупская предупреждает что есть игры, мешающие развитию коллективизма, не сплачивающие, а разъедающие ребят, вызывающие азарт и тщеславие. Крупская указывает на необходимость развивать игры по принципу «один за всех и все за одного», действовать сообща, в общих интересах». Коллективные переживания должны ассоциироваться у ребенка с рядом радостных эмоций».[3]

Не редко в группах встречаются дети, поведение которых не удовлетворяет, беспокоит и воспитателей, и родителей. У некоторых ребят не сформировались дружеские связи в группе, доброжелательное отношение к сверстникам. Этих детей мало занимает совместная деятельность (игры, труд), но при этом они могут быть исполнительными и аккуратными. Отношения к коллективу особенно ярко проявляются в спортивных эстафетах. На сколько ребенок прилагает усилия для победы своей команды. Истоки равнодушия, отрицательного поведения надо искать во взаимоотношениях взрослых с детьми, в том, что к ним не предъявляют достаточных требований, уделяют очень мало или излишне много внимания, балуют и преувеличенно оценивают их способности, что в отдельных случаях приводит к тщеславию. Эти ошибки

в воспитании характерны не только для родителей: они имеются и в воспитательной работе детских учреждений. Нередко воспитатели не замечают эгоистических устремлений у ребенка и не противодействуют им, особенно в тех случаях, когда он хорошо ведет себя на занятиях, выполняет режим, послушен, организован. На каждой возрастной ступени внимательное отношение к развитию способностей детей должно быть неразрывно связано с воспитанием адекватной самооценки, доброжелательности, требовательности к себе, — это чрезвычайно важно для складывания коллективных взаимоотношений.

Не всегда воспитатели и родители сразу распознают отрицательные тенденции в отношениях ребенка с окружающими его детьми. Поэтому нередко приходится противодействовать уже сложившимся отрицательным привычкам детей.

Необходимо подчеркнуть, что в нравственном развитии личности ребенка-дошкольника нет еще устойчивых образований, положительные навыки, привычки, сложившиеся взаимоотношения могут быть легко утрачены при изменении условий воспитания ребенка. И наоборот, отрицательные проявления у детей этого возраста сравнительно легко еще могут быть преодолены при условии, если вдумчивое воспитательное влияние педагога и семьи направлено на нравственное развитие чувств и отношений ребенка.

В формировании детских взаимоотношений важно возможно раньше преодолевать нежелательные проявления, вдумчиво проникая в причины их возникновения, привлекая к воспитательной работе родителей и других членов семьи ребенка. Ведь семья это тоже коллектив, члены которого взаимосвязаны определенными обязанностями. Будучи членом семейного коллектива, ребенок также вступает в систему существующих отношений, благодаря которым он постигает азы общественного поведения.

Воспитатель в содружестве с семьей формирует в процессе целенаправленного педагогического воздействия те навыки и привычки поведения, начала тех личностных качеств, которые определяют характер взаимоотношений ребенка с другими людьми. Поэтому так важно придать отношениям детей дух доброжелательности, развивать умение и стремление помогать и старшим и младшим, оказывать сопротивление плохим поступкам, общими усилиями достигать поставленной цели, значимой не только для ребенка, но и для всей группы. Тем самым помогая воспитаннику социализироваться в обществе.

В нашем детском саду реализуется социально-педагогический проект «Адал бөбек», Одна из задач которого звучит так: воспитание социально-активной личности, правового мышления и сознания детей старшего дошкольного возраста, привычки действовать соответственно с нормами и правилами.

Социализация — процесс интеграции индивида в социальную систему, вхождение в социальную среду через овладение её социальными нормами,

правилами и ценностями, знаниями, навыками, позволяющими ему успешно функционировать в обществе.[4]

Социальная потребность в общении позволяет реализовывать задачи воспитания, в частности задачи нравственного воспитания и формирования коллективных взаимоотношений, начиная с дошкольного возраста.

В школе учителя начальных классов почти безошибочно определяют, откуда пришёл ребёнок в первый класс: из дома или из детского сада. Не только по успеваемости и подготовленности. Из детского сада приходят дети с развитым чувством коллективизма. Также учителя отмечают: один ребёнок в семье или больше. Конечно, учителям начальных классов намного легче работать с детьми-коллективистами.

Сделать коллективную жизнь интересной, деятельной и радостной, чтобы в ней дети находили воплощение своих замыслов и поставленных целей, - необходимое условие успешного складывания положительных взаимоотношений между детьми.

Список литературы:

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Коллектив>
2. А. С. Макаренко Соч., т.7. М., изд-во АПН РСФР, 1952, стр 426.
3. Н.К.Крупская Роль игры в детском саду. Пед.соч., т 6 М., Изд-во АПН РСФР, 1959 стр133.
4. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Социализация>
5. А. П. Усова. Воспитание общественных качеств у ребенка в игре. В кн.: «Психология и педагогика игры дошкольника». Изд-во Просвещение» М., 1966.
6. Дошкольное Воспитание 7/90 Когда семья – коллектив... Изд-во Просвещение» М.,1990 г.

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы педагогтердің кәсіби құзыреттілігі

Ниязалина А.Н., «Алтын сақа» бөбекжайы»КМҚК

Ақыл тек білім ғана емес, сонымен қатар білімді іс жүзінде қолдана білу болып табылады".
Аристотель

Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану ниетін білдіре отырып, орта білім мазмұнын жаңартуды жүргізуде. Мектеп - жас азаматтарды әлеуметтендіруге тиімді дайындауды, оның өмір бойы оқу қабілетін анықтайтын білім беру жүйесінің негізгі деңгейі.

Білім берудегі кез келген өзгерістерді жүзеге асырудағы басты тұлға педагог болып табылады. Заманауи педагог- кәсіби шеберлігі бар, жан-жақты жетіліп отырады. Жаңа құндылықтар одан пәнді терең білуді, оқытудың үздік әдістерін білуді ғана емес, сонымен қатар оның мазмұнын сапалы жаңарту жолдарын да талап етеді – оқу-тәрбие процесін жаңаша жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқыту мен тәрбиелеудің осындай құралдарын іздеу және іріктеу.

Кәсіпқой педагог деп күрделі қызметті әр түрлі жағдайларда жүйелі және тиімді орындау ерекше қасиеті бар тұлғаны түсіндіреді. Кәсіпқой педагог болу үшін тиісті қабілеттер, ниет пен мінез, үнемі оқуға және өз шеберлігін жетілдіруге дайын болу қажет. Қазіргі заманғы мектепте оқушыны оқуға үйрете алатын мұғалім қажет, себебі "білімді оқушыға" емес, "білімді, шығармашыл оқушы" деген сұранысқа ие болу керек. Мұндай оқушы өзіне жауапкершілік алады, бірлескен шешім қабылдауға қатыса алады, түрлі тәжірибе пайдалана алады, табиғат пен қоғам құбылыстарына сыни тұрғыдан қарайды. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің көрсеткіштерінің бірі оның өз бетімен білім алу, білім беру процесінің осы жағдайының жетілмегенін ұғыну және өсуге, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу қабілеті болып табылады. Заманауи педагог – ол:

- рухани, Кәсіби, жалпы мәдени жетілдіруге ұмтылатын үйлесімді дамыған тұлға;
- қойылған міндеттерді іске асыру үшін оқыту мен тәрбиелеудің тиімді тәсілдерін, құралдарын таңдай білу;
- рефлексия қызметін ұйымдастыра білетін;
- кәсіби құзыреттіліктің жоғары дәрежесі бар, өз білімі мен іскерлігін үнемі жетілдіретін, қызығушылықтың көптүрлілігі бар.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі жаңа білім мен іскерлікті өз бетінше игеру, сондай-ақ оларды практикалық қызметте пайдалану қабілеті болып табылады. Қазіргі қоғам қарқынды өзгерістерді бастан кешуде. Қазіргі әлемде "неғұрлым көп оқысан, соғұрлым көбірек білесің" формуласы өзекті емес, өйткені білімнің өздері талап етілмеген болып қалуы мүмкін. Мектеп өмір бойы үйретпеуі керек – Мектеп өмір бойы білім алуға және алған білімдерін тәжірибеде тиімді пайдалануға, оларды өмірлік жағдайларда шебер пайдалануға үйретуі тиіс. Білікті педагог білім алушыларды оқытуда, тәрбиелеуде және дамытуда оң және жоғары тиімді нәтижелерді қамтамасыз етеді. Педагогтердің кәсіби дамуы үнемі білімді толықтыру және толтыру қажеттілігін қалыптастыруға, ептілік пен дағдыларды жетілдіруге, оларды құзыреттілікке айналдыруға байланысты. Не үшін? Педагогикалық қоғамдастықта табысты ынтымақтастық үшін тілдік және АКТ-құзыреттілігі болуы, өмір бойы оқуға ұмтылу, толерантты, рефлексивті ұстаным болу, өз қызметін түзете білу, сыни ойлау, басқаларды оқуға және оқытуға дайын болу, зерттеу жұмыстарын жүргізуге қабілетті болу, инновациялық

тәсілдерге дайын болу, оқушылардың нәтижелерін бағалауға әртүрлі тәсілдерді қолдану.

Кәсіби құзыреттілік-бұл педагогтың кәсіби мәселелерді, кәсіби қызмет жағдайында міндеттерді шешу қабілеті. Тек білімді үнемі байыту, педагогика классиктерінің еңбектеріне, ғылымның соңғы жетістіктеріне деген қызығушылықты арттыру ғана табысқа әкеледі. Кәсіби құзыреттілік-бұл еңбектің нәтижелілігі мен тиімділігін анықтайтын білім мен іскерліктің жиынтығы, бұл жеке және кәсіби қасиеттердің жиынтығы. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі қалай дамуы керек? Педагог үнемі кәсіби деңгейін көтеру қажет: пәндік, әдістемелік, коммуникативтік, ақпараттық, жалпы мәдени, құқықтық:

- әдістемелік бірлестіктердегі жұмыс;
- зерттеу қызметі;
- инновациялық қызмет, жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру;
- педагогикалық қолдаудың түрлі формалары;
- педагогикалық байқаулар мен фестивальдарға белсенді қатысу;
- жеке педагогикалық тәжірибені көрсету және т. б.

Педагогикалық өсу үшін ынталандыру және қолайлы жағдай жасау қажет. Мұғалім өзінің кәсіби қасиеттерінің деңгейін арттыру қажеттілігін сезінеді, өзінің педагогикалық тәжірибесін талдайды, зерттеу қызметінің дағдыларын дамытады. Кәсіби құзыреттілікті дамыту жеке кәсіби қасиеттерді дамытуға, үздіксіз дамып келе жатқан және өзін-өзі жетілдіретін кәсіби тәжірибені жинақтауға әкеледі:

- өзін-өзі талдау және қажеттілігін сезіну;
- өзін-өзі дамытуды жоспарлау;

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұжымға енетін педагогтарды тьюторлық сүйемелдеу дәстүрі бар. Әңгіме тек жас мамандар ғана емес, сонымен қатар өзінің педагогикалық қызметін үлкен үзілістен кейін қайта бастаған педагогтер туралы болып отыр. Тьютор (тәлімгер) жаңадан келген адамның қызметін бағыттайды, практикалық кеңестер, ұсыныстар береді, өз құзыреті шеңберінде ағымдағы сұрақтарға жауап береді, мастер-кластарды көрсетеді, бірлескен іс-әрекет пен шығармашылық идеялардың бастамашысы болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асырылатын дәстүрлі және инновациялық педагогикалық технологияларды теориялық және практикалық игеруге, өзекті педагогикалық мәселелерді шешуге көмек көрсетуге бағытталған ішкі оқыту жүйесі жолға қойылған. Біз жұмысты ұйымдастырудың дәстүрлі формаларынан бас тартпаймыз, бірақ оларды оқытудың белсенді әдістерін қамтитын жаңартылған, жетілдірілген түрлерде қолданамыз. Бұл әлеуметтік ойын семинарлары, педагогикалық рингтер, презентациялар, жарнамалық роликтер, консультациялар-мультимедиа, авторлық көрмелер мен стендтік баяндамалар. Оқытудың ұжымдық тәсілі, жаңа бағдарламалар мен технологияларды игеру педагогтардың кәсіби шеберлігі мен инновациялық әлеуетінің шеңберін кеңейтеді, олардың кәсібилігін дамытады. Шағын топтарда пікірталастар тиімді өтеді, онда шағын топтарда микро топтардың жергілікті мәселелері талқыланады (мысалы: бір

жас санатындағы балалармен жұмыс істеу мәселелері); педагогтарға атаулы көмек әңгімелесу, практикалық кеңестер, Педагогикалық қызметті талдау арқылы жүзеге асырылады. Жоғары білікті педагогтар әдістемелік кеңестің және педагогтардың шығармашылық тобының құрамында жұмыс істейді, бір әдістемелік проблема бойынша жұмыс істейтін және түрлі деңгейдегі әдістемелік іс-шараларда ұжымдық педагогикалық тәжірибе ұсынатын шағын бірлестіктер (2-3 педагог) бар. Осындай кәсіби ынтымақтастық балабақшаның педагогикалық үдерісінде инновациялық стратегияларды іске асыруды қамтамасыз етеді.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыратын іс-шаралар жүйесі, оларды ұйымдастыру және өткізу мектепке дейінгі ұйымның педагог-маманының белсенді ұстанымын қалыптастырды, олардың кәсіби мүдделері мен шығармашылығын дамытуға ықпал етеді. Ал осы жүйелі жұмыстың нәтижесі болып табылады:

- біліктілік санаттарын арттырудың оң динамикасы;
- балалармен жұмыс тәжірибесінен материалдар жариялау;
- педагогтардың халықаралық және республикалық кәсіби байқауларға белсенді қатысуы;
- қала және облыс педагогтарымен семинарларда, мастер-кластарда педагогтардың әдістемелік белсенділігі;
- озық педагогикалық тәжірибені жалпылау, оны шебер-сыныптар арқылы таныстыру, әдістемелік жинақтар шығару және т. б.

Ұлттық рухани- адамгершілік құндылықтар арқылы жаңартылған білім мазмұнын бойына сіңірген, тәрбиелі, білімді, еңбекқор, патриот ұрпақ тәрбиелейік.. Ұрпақ тәрбиесі- ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұра. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі»- деп ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, қай елдің болсын бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарымен сабақтасып жүзеге асады. Мәңгілік Ел болашағы – өсіп келе жатқан бүлдіршіндеріміздің қолында, сондықтан да олардың бойына жаңартылған білім мазмұны мен бірге ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытып, қазақ халқының бай мұраларын бойларына сіңіре тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.К.Ахметова педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру арқылы- білімнің жаңа сапасына // Ашық мектеп. – 2015. – С. 148
2. М.И. Станкин Қарым-қатынас психологиясы: дәрістер курсы. М. -2000-304 б.
3. М.В.Рыжаков стандарттағы негізгі құзыреттіліктер: іске асыру мүмкіндіктері. Мектептегі білім беру мазмұны мен сапасының сынамалары // Білім берудегі стандарттар мен мониторинг. - 1999 - №4. - С. 20-23.

4. Қазіргі заманауи оқу- тәрбие үдерісіндегі білім беру технологиялары Алматы қаласы 2017.

5. Логика 5-7 жастағы балаларға арналған Т.И. Идилова 2009ж. Алматы кітап.

Использование элементов методики Глена Домана в коррекционной работе с детьми с особыми образовательными потребностями

Носова Г.П., Харитоновна Т.А., КГКП я/с «Алмагул»

С каждым годом увеличивается количество детей с особыми образовательными потребностями (далее ООП), нуждающимися в коррекционной помощи. Поэтому актуальной становится задача поиска наиболее эффективных путей их воспитания и обучения, полнее используя в коррекционно-развивающей работе современные достижения науки.

В институте Развития Человеческого Потенциала американским психологом Гленом Доманом разработана методика обучения младших дошкольников знаниям из самых разных областей, накопленным человечеством. Изначально эта методика была разработана для детей с задержками развития, в качестве прохождения реабилитационного курса. Потом по этой методике начали развивать здоровых детей, и получили очень хорошие результаты [1, с.8].

Учеными психологами доказано, что способность впитывать информацию у детского мозга гораздо выше, чем у взрослого. Психолого-педагогическая диагностика потенциальных возможностей детей с ООП показывает, что у таких детей наиболее сохранна зрительная механическая память. Для ребенка освоение и запоминание знаний, изложенных через конкретные наглядные факты – доступное и увлекательное занятие. Их сознание способно воспринимать достаточно большой объем визуальной информации в виде картинок, рисунков, ярко оформленных текстов.

Можно сказать, что методика Г. Домана позволяет дать любому ребенку, даже ребенку с ООП, достаточно большую сумму знаний об окружающем мире через наглядность, легко удовлетворяя при этом его природное любопытство.

Используя основные элементы методики Г. Домана, сотрудники Центра Раннего Развития «Умница» разработали компьютерную программу и изготовили компакт – диски «Умничка», «Интеллектуал с пеленок», «Гений с пеленок». Весь материал авторы условно разделили на 10 разделов, которые в свою очередь, содержат более мелкие деления – подразделы. Основные разделы, это: биология, математика, история, география, искусство, естествознание, техника, общие знания [2, с.11].

Материалы этой программы педагоги нашей ДО успешно используют в работе с детьми дошкольного возраста с ООП. Иллюстрации, фотографии, и рисунки, содержащиеся на компакт-дисках, очень точно, реалистично и доступно отображают объекты окружающего мира. Они демонстрируются изолированно, изображения не перегружены лишними деталями, доступны для восприятия детьми даже с нарушенным зрением.

Знакомство детей с каким-либо понятием или явлением происходит постепенно, вся информация о них разделена на 10 последовательно усложняющихся ступеней [3, с.5].

Ступени и информации соответствуют определенным требованиям:

- информация отвечает принципу научности;
- информация излагается достаточно ясно и однозначно;
- процесс познания и быстрого усвоения нового происходит легко и увлекательно потому, что в ступенях информации присутствуют взаимосвязи между уже изученными разделами;
- первые четыре ступени информации самые простые и короткие;
- в каждой последующей ступени информации содержатся уже знакомые ребенку слова;
- каждая последующая ступень содержит новую, как правило, усложненную информацию.

Особенно ценно то, что педагог информацию о предмете, представленную на диске, может легко адаптировать и подобрать в соответствии с возрастом, познавательными интересами и возможностями каждого ребенка с ООП, а также в соответствии с задачами, которые он ставит на занятии.


Чтобы не провоцировать детей на механическое запоминание материала, при каждой последующей демонстрации одного и того же материала комплекта мы меняем порядок просмотра картинок, нажимая на окошечко «Случайно» (воспроизведение в случайном порядке). Это позволяет сделать занятие интереснее и продуктивнее, так как материал начинает усваиваться детьми не механически, а осознанно. В зависимости от возраста детей, их познавательных возможностей с одним и тем же комплектом можно работать достаточно длительное время, изменяя характер подачи материала, придумывая новые игровые задания с картинками. Так, на первых ступенях работы, организуем игры «Узнай и назови предмет», «Кто больше вспомнит?», «Найди в корзинке такой же овощ (фрукт, игрушку и т.д.), как на картинке». На следующих более сложных ступенях организуем игры «Скажи какой?», «Опиши предмет», «Кто больше расскажет о предмете?».

Очень важно, что при организации работы по какому – либо разделу у педагога есть возможность изменять скорость демонстрации фотографий или рисунков, так как детям с ООП требуется гораздо больше времени на то, чтобы рассмотреть объект, выделить его составные части, характерные детали. Увеличиваем скорость показа мы только после того, как ребенок уже познакомился с содержанием раздела и легко ориентируется в нем.

В каждом комплекте диска содержатся не только иллюстрации, фотографии и рисунки, а также на экране дважды появляется написанное крупным шрифтом название объекта: в первом случае оно предшествует изображению, во втором – помещено под ним. Таким образом, ребенок уже при самом первом знакомстве с объектом окружающей действительности, видит его название два раза. Подобный способ оформления информации позволяет обучать ребенка не только основам энциклопедических знаний, но и способствует обогащению пассивного и активного словаря ребенка, а также знакомит с образами букв.

Также, следует отметить, что компьютерное озвучивание каждой ступени мы применяем только на первых этапах работы с комплектом. А после того, как дети уже освоили материал по данному разделу, предлагаем им самостоятельно озвучивать каждую ступень, используя дифференцированный подход к каждому ребенку. Более слабый ребенок может просто назвать предмет, или озвучить первую и вторую ступень простой фразой, называя предмет и его признак. А более сложные ступени мы предлагаем озвучить более сильным детям, которым доступно составление описательного рассказа. Важно, чтобы в озвучивании принимали участие все дети, каждый в соответствии со своими возможностями. Это способствует, в первую очередь, развитию у ребенка уверенности в себе, созданию ситуации успеха, а также развитию устойчивого внимания, памяти, связной речи.

Использование компьютерной программы с элементами методики Г. Домана способствует расширению у детей с ООП представлений об окружающем мире, пополнению активного словаря, улучшению связной речи.



1 – представления об окружающем

2- речевое развитие

Таким образом, использование в коррекционной работе с детьми с ООП компьютерной программы Центра раннего развития «Умница» с элементами методики Г. Домана, можно считать новым способом передачи знаний, который соответствует качественно новому содержанию обучения и развития ребенка с особыми образовательными потребностями.

Список литературы:

1. Доман Г. Как развить интеллект ребенка. – М.: «Аквариум», 1998.

2. Доман Г. Как дать ребенку энциклопедические знания. – М.: «Аквариум», 1996.

3. Маниченко Г. Основы методики Г. Домана по интеллектуальному развитию ребенка. – М.: ЦРР «Умница», 2008.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой белсенділігін жетілдіруде оригамидің тиімділігі

Ныгманова А.Б., «Жұлдыз» бөбекжайы КМҚК

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезімін, таным, қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

Осыған орай, жаңа қоғамға лайықты тұлғаны қалыптастыруда баланың жасын, даму ерекшелігін, айрықша қабілетін ескере отырып, ақыл-ой, еңбек, дене, эстетикалық тәрбие сапасын жақсарту қажеттілігіне көз жеткізіледі.

Баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа технологиялар кім-кімді де қызықтырады. Бала тәрбиесінде жаңа технологияны қолдану – баланы жан-жақты терең ашуға, оған бағыт-бағдар беріп жағымды әсер етуге, зейінін көтеруге, белсенділікті арттыруға көп септігін тигізеді.

Оригами тәсілі арқылы қарапайым ойыншықтарды жасап, оны ертегі желісі бойынша театрландыруда – бала ойлауға, қиындықты жеңуге талпынып, өз жетістігіне қуанады. Оригами жолдарымен жасалынған ойыншықтар – баланың қолынатын келетін, шамаға шақ және қуанышты еңбек. Жәй қағаздың бейне бір ойыншыққа айналу үрдісі мен баланың әр түрлі әсер алуы бірге қатар жүреді (таңдану, қуану, өз жетістігіне және тапсырманы өздігінен аяғына дейін орындауын саналы түрде түсіну). Оригами арқылы бала белсенділігі дамып, саусақ қимылдары жетіледі, еңбек нәтижесін көріп, қол еңбегі барысында балада жан-жануарлар, құстар, т.б. заттардың бейнелерін жасауға деген қызығушылық пайда болады. Қол еңбегін театрмен ұштастыруға болады.

Оригами ойлау процестерін белсендіреді. Құрастыру барысында балада көрнекі таңбаларды (бүктеу тәсілдерін көрсету) сөздік (бүктеу тәсілдерін түсіндіру) және олардың мәнін практикалық қызметке (іс-әрекеттерді өз бетінше орындау) ауыстыру қажеттілігі туындайды. Баланың еңбек дағдыларын жетілдіреді, еңбек мәдениетін қалыптастырады.

Оригами ойын жағдайларын жасауға ықпал етеді. Балалар ертегі кейіпкерлерімен танысып, гүлдер әлеміне саяхат жасады.

Оригамиды жүйелі түрде қолдану баланың жан-жақты дамуы мен мектепте оқуына сәтті дайындығының кепілі.

Жіптерден жасалынған қуыршақтарды қозғалту арқылы табиғи материалдардан жасалған бейнелер, композициялар бойынша, қағаздардан оригами арқылы жасалынған бейнелерді театрмен ұштастырса қол еңбегі қызықты да тартымды өтеді. Осындай жаңа технологиялар арқылы, яғни театрмен ұштастырылған қол еңбегі барысында бала тілі дамып, шығармаларды кейіптендіруде өз еркімен әңгімелеуде батылдыққа, жігерлікке талпынып, ой-қиялы дамып отырады.

Адамның бүкіл ғұмыры тәлім-тәрбиеден тұрады. Ата-ана өз баласына көз жазбай бақылап, дұрс бағытта жөн сілтеп отырғанда ғана өнеге нәтижесіне жеткізеді. Осыған орай, баламан жұмысты ата-анамен байланыста жасаған өте тиімді. Қол еңбегінде меңгерген тәсілдерін бекіту ретінде отбасында бірігіп жасаған бұйымдардан көрмелер ұйымдастыру, бөбекжай мен отбасы байланысын бекіте түседі.

«Үй жануарлары мен олардың төлдері» тақырыбында балалардың ата-аналары арасында жұмсақ ойыншықтарды тігу сайысын өткіздім, дайын ойыншықтардан қуыршақ театрын ұйымдастырдық. Мұндай істер «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі бойынша балалардың өздігінен қуыршақ театрын көрсетуде дауыс ырғағын келтіруге, дұрыс сөйлеуге, тыңдай білуге жаттығады.

Балалар жапсыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде заттың пішінін, түрін, түсін ажыратуды үйренсе, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінен тыс уақыттарда шеберлік танытып, бұйымдар жасауға үйренеді. Балалардың қолымен жасалынған бұйымдар – панно түрінде, ойыншық немесе шағын картиналар, т.б. түрде жасалынып құрбыларының тұған күн кешінде, мерекелер күндері отбасы мүшелеріне, айналасындағы үлкен-кішіге сыйға тартады.

Балалармен ұйымдастырылған қол еңбегінде жаңа технологияларды жиі қолдану бала ынтасын көтереді, қызығушылығын арттырады, дербес әрекетін дамытады.

Бала үшін оригами-бұл ғажап, керемет! Санаулы минут ішінде қағаз парағын гүлдерге, құстар, жануарлар айналдыра алады және бұл кереметті бала өзі жасай алады. Ол өз еңбегінің нәтижесін көреді.

Жапсыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде әр түрлі материалдарды қолдану қажет: табиғи материалдар, қағаздар, қорапшалар, сіріңке қораптары, паралондар, сымдар, жіптер, мата қиындылары т.б. Осындай бағытта ұйымдастырылған қол еңбегі нәтижесінде көру, мүмкіндігі қолдың саусақ қимылдары жетіле түседі, сонымен қатар үстел-үсті қуыршақ театрымен, жасаған бұйымдарын тақырыпқа сай таныс шығарма мазмұнын әңгімелеп берумен байланыстырса балалар шеберлікке, шығармашылыққа шыңдала түседі.

Қазіргі талапқа сай тәрбиеші-педагог жан-жақты білімді, өз бетінше ізденгіш, шығармашылықпен еңбектенетін, баланың ішкі-дүниесін сезіне білетін болуы тиіс. Сондықтан, баланың сөз қорын байыту, сөйлеу

дағдыларын, іс-қимылын, ой-өрісін дамыту, қызықты да, тартымды ұйымдастырылған тәлім-тәрбиелік жұмыстарға назар аудару қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Отбасы және балабақша», №3, 2017.
2. «Бала мен балабақша», №6, 2019.
3. «Оригами для дошкольников» Соколова С.В. 2008.

Рухани-адамгершілік тәрбиесі бір тұтас үдеріс

Ныгыметова З.Т., «Бәйтерек» бөбекжай КМҚК

Бүгінгі жас ұрпақты тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы – балабақша. Тәрбие мен баланың алғашқы дені – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Мектепке дейінгі білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойған басты мақсат – баланың жас ерекшелігіне сай балалардың рухани құндылықтарын негізге ала отырып, ұлттық тәрбиені, салт – дәстүрді бойына сіңіріп жеке тұлға ретінде жан – жақты қалыптасуына ықпал ету. Халқымыздың атадан балаға мұра болып қалыптасқан өнегелі тәрбиесін әдептілік, шабыттылық, мейірімділік, қарапайымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық қасиеттерін болашақ жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін, тәрбиешілеріміз, ұстаздар қауымы, халық педагогикасын салт – дәстүрін, әдеп – ғұрыптарын жақсы меңгерген, рухани дүниесі бай, жаны таза адал жан болғандары абзал. Балабақшадағы әрбір тәрбиеші – педагог, оқу – тәрбие жоспарын тиімді әрі нәтижелі етіп ұйымдастыру үшін, өздерінің бағдарлық біліктіліктерімен, қабілеттіліктерімен қатар, педагогикалық жаңа технологиялар негіздерін жетік меңгеруі тиіс. Балабақша табалдырығын аттаған сәби, жеті жасқа толып алтын ұя мектепке қанат қағады. Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру жүйесінің жаңаруына орай, жаңа үлгідегі мектеп және балабақша кешендері, гимназиялық, лицейлік балабақшалар ашылуда. Балабақшада мектепке дайындау, оқыту мен тәрбиелеудің төрт міндеті қарастырылуда.

- Бірінші міндет: - әлеуметтік дамуда баланың үлкендермен қарым – қатынасы және өз құрбы – құрдастар мен баланың ой – өрісінің қалыптасуы мүмкіндіктері көзделу. Өз Отанына, отбасына, халқының салт – дәстүріне көңіл. бөлу жодары қарастырылады.

- Екінші міндет: танымдық даму барысында айнала қоршаған орта өмірі мен таныстыру мәселелерін түйіндеу, оның тәсілдері мен қасиетін сезіну.

- Үшінші міндет: әлемдік даму эстетикалық барысында өмірге деген құштарлық пен көркемдік танымды қалыптастырады.

- Төртінші міндет: дене тәрбиесі дамуында салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене мәдениетінің жан – жақты күтімі мен дұрыс дамуы, өзін

қоршаған орта мен байланысы, өз денсаулығына, ауру – сырқау т.б қауіп – қатерден сақтану қарастырады.

- Білім қазынасын балабақшадағы тәрбиеленуші бүлдіршіндердің бойына сіңіріп, олардың болашақтарына игі ықпал ету міндетіміз. Еліміздің болашағы ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Елбасы Н. Назарбаев «Қазіргі заман талабына сай жан – жақты жетілген, бойында ұлттық санамен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» - деп атап көрсетті. Жас ұрпақтың жан – жақты қалыптасуының негіздері мектепке дейінгі мекемеден бастау алады. Оқу тәрбие үрдісінің тиімділігін көтеру мәселесі мектепке дейінгі мекемелерде біліктілікті жоғары мамандармен қамтамасыз етуге байланысты. Оңтайландыру мәселесіне келгенде, тағы бір оқу – тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыратын жол айтуға болады: ол ата – аналарды білім беру үрдісіне қосу. Бұл идея жаңа емес. Ата – аналар баланың жетілуіне аз жауапкершілікте емес, оларға қосымша бала тәрбиелеуге тәсілдеме беруді жүзеге асыру керек.

Одан да басқа бұл тәсілдеме тәжірибелік қызметті ұйымдастыруда біржақтылықтан босатады, ата – аналарға оқыту мен бала тәрбиелеуде толығымен қатысуға мүмкіндік береді. Қазіргі ата – аналар балаларына барлық жағдайды жасауға тырысады. Сұрағанын, аузынан шыққанын алдына тосуға әзір. Тәрбиенің орнына байлықтың, мансаптың дәмін татып үлгерген тентек бала дүниенің парқын да біле білмесі анық. Ол аз болғандай, баланың күні бойы, теледидар мен компьютердің алдында қозғалмай отыруы әдетке айналдырғанына да мән бермейтін болдық.

Өкінішке орай біз қазіргі таңда балаға тәлімберіп теледидардан алшақ ұстаудың орнына, жығылғанға жұдырық етіп DVD, немесе компьютер ойындарын сатып алып береміз. Бір зиялы: «Қазіргі таңда ата – аналар балаларын тәрбиелемейді, тек қаржыландырады» - деген екен. Олай болса баланы тек қаржыландыруды емес, оның бойындағы жағымды қасиеттерді қалыптастыру отбасының, қоғам мен балабақшаның міндеті болмақ. Мектепке дейінгі мекеменің алдына қойылатын маңызды міндеттерінің бірі – баланың кейін мектептегі оқу үдерісіндегі нәтижелілігіне кепілдік ететін, мектепке дамушылығының деңгейін қамтамасыз ету.

Қазіргі мектеп алдыңғы кезеңге балаларды пән бойынша білім, білікпен қаруландырып қоюды емес, олардың тұлғасын оқу әрекеті негізінде тәрбиелеуді ұсынып отыр. Баланың оқу әрекетін игеру жетістіктері мен оқу жағдайына үйлесімділігі олардың мектепке жалпы дайындығымен айқындалады. Балаларды мектепке даярлау – ол балабақшадан басталады. Білім беру ұйымы баланың қалауын, жеке басының бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып таңдауға құқысы бар деген баптары ұстаз бен ата – аналарға арналып, мектеп пен ата – ана алдына зор жауапкершілік жүктейді. Білім беру ісінің жаңартылуы, ең алдымен, барлық деңгей бойынша балаға деген көзқарастың өзгертілуі. Өйткені бала өзіндік ішкі құрылымы бар

тіршілік иесі. Сондықтан білімнің көп деңгейлік жаңа үлгісіндегі балалар үшін де, даралық ерекшеліктері мен ақыл – ой қабілетін дамыту өте қажет.

Мектепке бару – бала өміріндегі ең үлкен жаңалық, шешуші кезең. Өмір мен іс – әрекеттің жаңа күйіне, қоғамдағы жаңа орынға көшу және өсіп жетілуінің бір сатысы. Баланы жеке тұлға етіп тәрбиелеу үшін әрине, алдымен тәрбиеші, ұстаз болсын өзінің жеке басы соған сай болуы тиіс. Бұл тұрғыдан қазақтың белгілі, ағартушы тұңғыш ұстазы БІ. Алтынсарин өз сөзінде былай деген: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да оның орнын баса алмайды» Бүгінгі таңда мұғалім болу, тәрбиеші болу оңай жұмыс емес. Басқа ешбір мамандық адамға дәл мұғалімге қойылатындай талаптар қоймайды. Педагогтық қызметтің жетістігін бағалау өте қиын. Әрбір бала жанып тұрған шырақ. Біз сол балалардың өшіп қалмауына кедергі жасамауымыз керек. Олардың бойындағы қасиеттерін танып біліп, бағалап- ескеріп, жан – дүниесін түсінуге тырысамыз. Қазіргі заман отбасындағы қарым – қатынасты тәлім – тәрбиелік ықпалы тұрғысынан қарастырсақ, онда бұл отбасының іргесін нығайтатын тұрақты, күнделікті өмірдегі өзара түсіністік келісім, достық сипатындағы байланыстар деуге болады. .

Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Біздің балаларымыз талапты тұлғалар. Олар өзгеге жәрдемдесу, өзгені сүйу өз ойларының дұрыстығын дәлелдеу, жақсы білім көрсету және терең еңбектену сияқты қасиеттерге ие тұлғалар. Біз олардың ой армандарының мақсат мүдделерінің жүзеге асуына жағыдай туғызуымыз қажет. Жас ұрпақтың қиялы қашанда ұшқыр. Бірі мұғалім ,бірі дәргер бірі суретші енді бірі өзін ғалым ретінде көреді. «Не ексең соны орасың» - демекші оқушылардың алдында үлкен беделге ие болу үшін, алдымен мұғалім абыройлы жұмыс атқаруы қажет.

Тәрбиеші мамандығының иелеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. «Өзіңнен өзіңді ізде, өзіңе өзің бағын, өзіңді өзің тани біл» - дегендей әр тәрбиеші, мұғалім болсын өзінің бала болғанын, өзінің ата – ана екендігін, өзінің оқытушы болып қалыптасып келе жатқанын ой елегінен жиі – жиі өткізіп отырса, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды.

Тәрбиеші өзіне тәрбиеленушілердің қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есіне сақтай отырып, балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, соншалақты оның әрбір мақтауы балаларды шабыттандырады, оның әрбір ескертуі баланың жүрегіне терең орнығады, демек баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде баламен тікелей қарым – қатынаста екенін, онымен ішкі сезімі байланыста болатынын бір сәт естен шығармағаны абзал. Сонда ғана ел білікті, парасатты, жан – жақты жетілген жеке тұлға тәрбиелеу ісінде едәуір табыстарға қол жеткізе алады демекпін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Отбасы және балабақша» №5 2017, 4 – бет
2. «Отбасы және балабақша» №1 2015, 2 – бет
3. «Қазақстан – 2050» «Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа бағыты» // «Оңтүстік Қазақстан». 15 желтоқсан 2017 жыл. 6 – бет

«Асық атты балақай, алшы түсті алақай!» - мектеп жасына дейінгі балалармен асық ойындарын ұйымдастыру ерекшеліктері

Омар Б.С., Абдрасилова Б.С., «Шаңырақ» бөбекжайы КМҚК

Бүгінгі күні шетелдік компьютердегі түрлі қызықты ойындар балаларды тәнті етеді. Олар біздің халқымыздың рухани тұрақтылығына және ұлттық дәстүрлеріне сәйкес келмейді, сондықтан Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттың жаңа тарихи кезеңге арналған негізгі мақсатын белгіледі: рухани және мәдени құндылықтарды сақтау және көбейту.

Қазақ халқының ұлттық маңызды мұрасының бірі - асық ойыны. Асық ешбір зиянсыз табиғи зат болып табылады, асық- баланы жан-жақты дамыту құралы [1].

Ертеде қазақ халқы асықты бала кезінде қолына алып, жас кезінен бастап ойнай бастаған. Аталарымыз асық арқылы болашаққа болжам жасаған. Сондай-ақ асықты «Астралаг» деп ежелгі Грецияда, «Талус» деп ежелгі Римде салт-дәстүріне нақышталған ойын ретінде санап әрі насихаттаған.

Асық ойыны ептілікке, мергендікке, шапшаңдыққа, сергектікке баулиды. Үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширығу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады.

Ата - бабаларымыздан мұра болып қалған осынау асық ойындарының түрлері өте көп. Барлығы да денсаулықты жақсартып қана қоймай түрлі танымдық қабілеттерді дамытады. Сол себепті де асық - баланы жан-жақты дамыту құралы. Асық жайлы батыр атамыз Отан соғысының ардагері Бауыржан Момышұлы «Асық үлкен халықтық тәрбие» - деп баға берген. Асық ойындарының балаға тигізер пайдасы өте көп атап айтсақ аяқ-қолдың қимылдарын қозғалысқа келтіріп қан айналымды жақсартады. Мергендікке, шапшаңдыққа, ептілікке үйренуге пайдасы бар және де баланың ойлау қабілетін жақсартады [2].

Өз Отанын білетін және оны жақсы көретін болашақ азаматты әрі патриотты тәрбиелеу - мектепке дейінгі ұйым педагогтарының маңызды міндеті және ол өз халқының рухани-адамгершілік байлығын, халық педагогикасының негіздерін терең таныған кезде ғана табысты түрде шешілетін болады [3].

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халық педагогикасының бағаланбас үлесі, деп атап көрсетті қазақ халқының біртуар ұлдарының бірі, жазушы, педагог, психолог Мағжан Жұмабаев. Ол өзінің «Педагогика» атты кітабында, мектепке дейінгі жастан бастап балаларды физикалық және рухани дамыту мәселесін терең әрі толық қарастырады. «Баланы бастан» - «Баланы бесігінде тәрбиеле» деп Мағжан осы мақал -мәтелдерді келтіреді және бұл арқылы халықтың бала тәрбиесіне қалай қарайтынын бұдан әрі анағұрлым дәл анықтау мүмкін емес. Баланы бесіктен тәрбиелеу керек, міне бар мән осында жатыр. Және, осы жерде педагогтарға қазақ халқы мәдениетінің ең маңызды элементтерінің бірі- ұлттық ойындарына, тарихи мұра ретінде назар аударуы қажет.

Педагог қызметінің қандай да бір түрінде асық дидактикалық құрал болу үшін оның мақсаттары, міндеттері мен әдістерін ойластыру қажет. Ол үшін асықты бір тәулік бойы тұзды су ерітіндісіне суланады, шамамен 3-5 сағат қайнатылады, содан кейін қалдықтардан мұқият тазартылады және жақсылап кептіріледі. Мұндай дайындықтан кейін ғана асықты оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Асық – төрт түлік малдың ішінде қой – ешкінің тілерсегінде, асық жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйкі, бүк, ішік деп, ал атуға арналған асық – сақа деп аталады. Асық ойындарын сәтті ойнау үшін асық түрлерін және олардың негізгі ережелерін білу керек [3].

Асықтағы әр ойынның өз кезеңдері бар: басталу, шарықтау шегі, жеңіс, аяқтау. Ережелер мен заңдар да бар. Жазалар да, сыйлықтар да қарастырылған. Асық ойынына барлық тілек білдірушілер қатыса алады, шектеулер жоқ. Асықтың атып ойнайтын түрлері үнемі қимыл-қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады. Үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, ширығу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады.

ын үшін арнайы алаң мен жабдықтың қажеті жоқ, ең бастысы-ойын аумағы кең болуы керек [3].

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша жұмыс барысында асық ойындары гиподинамия проблемасын жеңуге көмектеседі. Асықпен, тіпті ең аязды немесе жаңбырлы ауа райында үй-жайда ойындар ұйымдастыруға болады, олар балалардың ептілігін, шапшаңдығын, көз өлшегішін, тепе-теңдігін, күшін дамытып қана қоймай, ең алдымен балалар ағзасын нығайтып, дамытатын болады.

Ата-аналармен бірге әр балаға түрлі-түсті асық тігілген уқалау қолғабын жасауға болады. «Мандайыңды, бетіңді уқалау», «Қолдарың мен аяғыңды уқалау», «Бір-біріңе массаж жаса» сияқты жаттығулар барысында балалардың денсаулығы нығайып қана қоймай, ең алдымен салауатты өмір салтының негізі қалыптасады.

«Массажға арналған кілемше» - асықтерапияның маңызды құралы, аяқтың бұлшық еті нығайтылады, жалпақ аяқтардың алдын алады, ішкі үйлесімділікті қалпына келтіреді, қорқыныш ұмытылады, стресс азаяды.

Шахмат және нарды ойындары балалардың логикалық ойлау қабілеттері мен спорт шеберліктерін дамытады.

«Коммуникация» білім беру саласында балаларды көркем әдебиетпен таныстыру барысында, мысалы, «Алтын сақа» ертегісін айтқаннан кейін, ертегі желісі бойынша рөлдік ойын ретінде өткізуге болады. Бұл жерде бала асықты ойын құралы екенін біледі.

«Мозаика» балалардың ұсақ моторикасын жаттықтырады, бұл сөйлеудің белсенді дамуына тікелей әсер етеді. Асықтардан қайталанбас суреттер салып, олар туралы әртүрлі қызықты әнгімелер құрастыруға болады. Асық мозаикасы - бұл жай ғана түрлі-түсті асықтардың жиынтығы емес, бұл баланың барлық психикалық процестердің дамытудағы (логикалық ойлау, сөйлеу, есте сақтау, зейін, қиял, қабылдау) ерекше құралы.

«Таным» білім беру саласында, ерте жастан бастап балалармен әртүрлі өлшемдегі асықтар қолданылады: ешкінің кішкентай, қозы мен ірі қара малдың асығы болуы мүмкін. «Үлкен асықты көрсет», «Осындай көлемдегі асықты тап және жина», «Өлшем бойынша ретте», «Салмағы (түсі) бойынша анықта», «Ғажайып дорба», «Қоршау жаса» атты ойындар сенсорлық түсініктерді қалыптастыруға, санауды үйренуге және сандарды ажыратуға көмектеседі.

«Шығармашылық» білім беру саласында асықты балалар шулы оркестрінде ұрмалы құрал ретінде пайдалануға болады. «Асықты жіпке тізу», «Құрделі вираждар» - боялып, тесілген асықтарды жіпке бір түстен соң екінші түске тізбектеп тізеді. Бұл тізбекті тізу арқылы бала түстермен танысып, бір-бірінен ажырата алады, саусақтары иілгіш болып, жұмыс жасауға жаттығады. Асық арттерапияның маңызды құралы-асық бояу. Балалар түстің қанық деңгейі бойынша ең жеңіл түстен ең қанық реңкке дейін және керісінше орналастырады, кішкентай суретшілер қылқаламның орнына қолға асықты алады. Асыққа бояу түсіреді, суретті «түрту» арқылы салады, қиялға еркін беріп, бояуларды батыл араластырады. Жасалған суреттер балаларға үлкен эстетикалық ләззат сыйлайды және балалардың одан әрі шығармашылық өсуі орын алады, бұл болашақта креативті тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді

«Әлеумет» білім беру саласында, асық - қазақ халқының мәдени мұрасының маңызды құралы туралы түсінік қалыптасады. Ойындарды ұйымдастыру саналы тәртіпті, ерік-жігерді, қиындықтарды жеңуде табандылықты сақтауға ықпал етеді, сондай-ақ оларды адал және шыншыл болуға үйретеді, туған табиғаты туралы білімін байытады, өз халқының тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы түсінік береді. Ең бастысы - жалпы істің табысқа жетуіне, дербестік пен бастамашылыққа, өз Отанының дәстүрлеріне құрмет көрсетуге жауапкершілік тәрбиеленеді.

Тәрбие беру-оқыту және сауықтыру іс-әрекеті үдерісінде асық ойындарын қолдану нәтижесінде баланы дамытуда өздерістер орын алды: на 15%-ға

«Денсаулық» білім беру саласындағы көрсеткіштер, 12 % -ға «Таным» және 20% -ға- «Әлеумет» білім беру саласындағы көрсеткіштер жақсарды.

Біздің педагогикалық ұжым, өз жұмысында асық ойындарын қолданатын барлық педагогқа «*Асығыңыз алшыннан түссін*» деген ізгі тілегін білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асадуалиев Н.А. Рзвивающий потенциал традиционныз игр народов. - 2017.- С.132
2. Чубаров Л.А. Научные истоки игр // Мир детства и традиционная культура. — 2015. — № 8. — С. 10-11.
3. Таникеев М.Т. Мир народного спорта. — Алматы: Санат, 2017. — 318 с.

Халық педагогикасы негізінде балаларды тәрбиелеудегі балабақша мен ата-аналардың өзара байланысы

Омар Б.С., Құтжанова Қ.Р., «Шаңырақ» бөбекжайы КМҚК

Бала тәрбиесінде отбасы басты орын алады. Отбасы — әр адам үшін ең жақын әлеуметтік ортасы, қоғамның маңызды бір бөлшегі. Отбасы бала үшін өмір мектебі, жас адамды саналы және мәдениетті етіп тәрбиелеу – отбасы мен балабақша педагогтарының басты парызы. Қазақстан Республикасының ата заңында «Біздің мемлекеттің ең басты байлығы, қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген. Ата заңымызға сүйенсек «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата ананың табиғи құқығы әрі парызы» делінген. Мемлекеттің бұл саясатын жүзеге асыру үшін бізге бірлік керек [1].

Бүгін осы міндеттерді халық педагогикасы негіздеріне сүйене отырып, жүргізу біздің «Шаңырақ» бөбекжайында жақсы дәстүрге айналуда. Мысалы, балабақшадағы өткізіліп жүрген «Ана тілің – арың бұл», «Мектеп жасына дейінгі балалардың ана тіліне сүйіспеншілігін қазақ фольклоры арқылы тәрбиелеу», «Өнер көзі - халықта», «Мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиесіндегі халық педагогикасының орны» атты арнаулы семинарларда, тренинг-жаттығуларда ата-аналар мен ұстаздар ұлтымыздың педагогикасы мен психологиясының ең озық жетістіктерін тәрбие өзегі ретінде пайдалануын үйренуде. Оған дәлел ретінде ата-аналармен бірігіп балалармен тәрбие беру барысында жүргізген өз тәжірибімізбен сіздермен бөліскіміз келеді.

Баланың тәрбие беру мен оқыту жұмыстарында халық педагогикасының маңызы зор. Бұл жұмыс нәтижелі болу үшін қазақтың ауыз әдебиетінің шығармаларын негізгі құрал ретінде кең қолданамыз. Өйткені бала өз халқының рухани байлығын ана тілінде мирас ете ала ма, болашақта заманына лайық азамат болып өсе ме, адамзаттың алдыңғы қатарлы этикалық және

эстетикалық мұраттарын бойына сіңіре ала ма, осының бәрі тәрбиешінің ата-анамен бірлесе жүргізген еңбегінің тікелей көрсеткіші болып табылады [2].

Күнделікті тәрбие және оқыту үрдісінде мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер, жұмбақ жасыру, ертегілер кеңінен пайдаланудамыз. Осылардың қай-қайсысы болса да баланың сезімін селт еткізіп, ойына оралып, тіліне үйіріліп, сөзге әсерлендіреді.

Мысалы, Ы. Алтынсариннің шығармалары баланы тәрбиелеу, білім беру мәселесін жан-жақты қамтиды. Баланың алғашқы ұстазы – ата-анасы туралы «Бұл кім?», «Аурудан аяған күштірек», еңбек зейнетін білдіретін «Мақта қыз бен мысық», «Бір уыс мақта», «Асыл шөп» шығармаларын балаларға тыңдатып, ауызекі әңгімелеп, шығарма мазмұны бойынша: Неліктен? Неге? Қалай? деген сұрақтарға жауап іздеп, ой қорытындыларын жасауға үйретеміз.

Өз тәжірибемізде балаларға лайықты халық ауыз әдебиетінің ішінен жиі қолданыстағы диалогқа құрылатын өлеңдер, сұрамақтардың ерекшелігі табиғат құбылыстарымен, жан-жануарлармен адам ретінде тілдесуге көмектеседі. Мысалы: «Құлыншағым-құндызым» «Кіп-кішкене момақан...», «Түлкі-түлкі-түлкішек...», «Құмырсқа, құмырсқа...», деген сұрақтар арқылы сұрамақтар әрі қарай тізбектеліп келе береді. Сұрамақтарды балалар сөйледі дамыту ҰОҚ тыс уақытта да, ойын кезінде қолданады.

Мектепке дейігі баланың тілін дамытуына өтірік өлеңдер де пайдалы. Осыны ата-аналаға түсіндіру жөн. Өтірік өлеңнің мысқылдық сипаты ауыз әдебиетінің басқа жанырларындағы – Қожанасырдың, Алдардың, Жиреншенің күлкісіне ұқсамайтын өзіндік реңімен ерекшеленеді. Өйткені Тазша бала қырық өтірігімен күлкіге қарық қылып жатса да, балаларды тапқырлыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады [3].

Өтірік өлеңнің ерекшелігі - бала психологиясының табиғи ерекшеліктеріне жақындығы. Бала үшін айналадағының бәрі жұмбақ. Ол сол жұмбақ сырдың құпиясын ашуға құмар. Өтірік өлеңде жұмбақ сырдың қандай шешуі бар дерсіз? Бала өтірік өлеңнің өтірік екедігін түсіну үшін алдымен шындықты білуі керек. Бала сол білгенін өлеңдегі өтірікпен салыстыра отырып ойына бекітеді. Өтірік өлеңдер бала қиялына қанат бітіреді. Өмірдегі күнделікті құбылыстар өтірік өлеңде өзгеше, қызық түрге еніп шыға келеді. Мыслы.

Әділеттің әкесы мен шығарағн өтірік өлеңі: «Құмырсқа көлге шомылып, құмға аунады жағада». Жазда қарға көміліп, аққала соқты далада». Арманның ағасымен: «Тышқан мықты іннен шықты, белдесті де пілді жықты». Бала үшін бұдан артық қызық бар ма? Бала өтірікке иланбайды, қайта соның өтірік екендігін білгендіктен де езу тартады, күле отырып – қызығады, қызыға отырып қиялдайды, қиялдай отырып ойша ойнайды. Өз тобымызда өтірік өлеңдерді сабақтардан тыс ойын кезінде қолданамыз.

Шеңбер құрып тұрған балалар бір-біріне доп лақтырған кезде, өтірік өлеңнің бір сөйлемін айтады. Қағып алған бала әрі ойынды жалғастырады. Сондай-ақ «Кім көп біледі?», «Өтірік өлеңдер сайысы» деген ата-аналардың қатысуымен байқаулар жүргізіледі.

Бүгінгі күнде жас ұрпақтың сана-сезіміне өз елінің, жерінің тарихы мен мәдениеті туралы алғашқы ұғымдарды кішкентай кезінен бастап қалыптастырамыз. Сондықтан ата-аналардың көмегімен тобымызда қазақтың ұлттық мәдениет бұрышын ұйымдастырдық. Қазақ халқы көшпелі ел болғандықтан күнделікті тұрмыстық өмірінде пайдаланатын заттары сынбайтын, ыңғайлы, өздеріне қолайлы болған. Олар: ыдыс-аяқ салатын аяқ қап, қымыз ашытатын күбі, самаурын, аққұман, сусын құятын торсық, тостағандар, құман, ағаш төсек, бесік, текемет, құрақ көрпелер, түрлі-түсті асықтар, домбыра, қоржын. Осылардың барлығы балаларды күнделікте ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлермен таныстыруда және сюжетті-рөлдік ойындар кезінде көрнекі құрал ретінде пайдаланамыз.

Дене шынықтыру сабағында халық педагогикасын пайдалану балалардың қозғалыстарын жетілдіреді, қимылдық дағдыларын, дененің икемділік, күштілік, төзімділік қасиеттерін дамытып қалыптастырады. Сабақтар мен серуен кезінде әр түрлі негізгі қозғалыс түрлерін үйретіп, жаттықтырамыз: қазақша күрестің қарапайым түрлерін, арқан бойымен жүру, санаға садақ ату, найза лақтыру, асық ату, теңге алу. Жалпы дамытатын жаттығуларға да ұлттық заттарды көрнекілік ретінде пайдаланамыз: қамшы, орамал, белбеу, асықтар т.б. Сабақтың көңілді, қызықты өтуі үшін көркем сөздерді, мақал-мәтелдерді жиі қолданамыз. «Батыр туса - ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы.», «Батыл болсаң, батыр да боласың», «Батырға оқ дарымайды, батылға жау жоламайды». Сөйтіп балалардың қызығушылықтары артып, патриоттық сезімдері оянып, өз халқына, ата-баба дәстүріне деген сүйіспеншіліктері тәрбиеленеді.

Жуырда ата-аналардың белсенділіктерін көтеру мақсатымен «Батырлар сайысы» деген ойын-сауықты өткіздік. Ата-аналар мен балалар «Қырандар» мен «Сұңқалар» болып сайысқа түсті. Қамшымен жалпы дамытатын әр түрлі жаттығулар жасалды. Сайысқа түсер алдында екі ауыл батырлары өздері сәби жүректерімен шығарған ұрандарын айтты: «Қырандай қалықтаймыз, шудан жалықпаймыз!». «Сұңқардай самғаймыз, оқудан талмаймыз!» Ойын-сауықтың негізгі бөлімінде арқан тартып, оттан секіріп, бәйгіде жарысып, «Ханталапай» ойынын ойнап өз өнерлерін көрсете білді, ата-аналарымен ерекше сезімдерге бөленді.

Бейнелеу өнері мен қол еңбегі сабағына келетін болсақ, балаларды ежелден келе жатқан қол өнер түрлерімен таныстырдық. Олар: киіз басу, кілем тоқу, ағаш өңдеу, өрнек ою, зергерлік шеберлігі. Соның ішінде арнайы сабақтарда және сабақтан тыс уақытта тұрмыстық заттардың, ыдыс-аяқтың, ұлттық киімдердің пішіндерін ою-өрнектермен әшекейлеуге, оларды мүсіндеуге, мата қиықтарынан құрақ құрауға үйреттік. Ата-аналарды да осы жұмысқа қатыстырдық. Олардың көмегімен жүннен жасалған бұйымдар көрмесін ұйымдастырып, балабақшаның ұжымына ашық сабақ көрсетілді. Балалар қандай тапсырма болса да оны ерекше қызығушылықпен орындап, жақсы нәтижеге жете білді.

«Әдемі сандық», «Атасының көмекшісі», «Сиқырлы қоржын», «Төрт түлік иелері», «Жайлауға саяхат», «Менің жеті атам», «Ғажайып асықтар», «Бұл ненің үні?» халық педагогикасының негізінде құрастырылған дидактикалық ойындар балалардың ойлау, есте сақтау, зейін, сөйлеу қабілеттерін дамытады. Ата-аналар үйде баланы қинамай, мақтай-мадақтай отырып, тәрбие жұмысына да өз үлестерін қосады.

Үзбей ата-аналармен тығыз байланыста болып атқарған жұмыстардың арқасында осыдан үш жыл бұрын сөйлеу қабілеті төмен 12 баламыз биыл мектепке сөйлеу қабілеттері жоғары деңгейде шығарып саламыз. Топқа келгенде балалар пішіндерді, түстерді ажырата алмайтын, ал 6 баламыз қазақша сөйлей алмайтын. Олардың ата-аналары өз ана тілін дұрыс білмейтін. Біз ол үшін ата-аналарға «Балғын балалық шақты көркем сөзбен көркемдейік», «Ата-баба дәстүрі ұрпаққа өнеге», «Дені саудың жаны сау» жылжымалы кітапшаларын жасадық, көптеген ақыл-кеңестер мен әңгімелер ұйымдастырдық. Осындай жұмыстардың арқасында балалардың сөздік қорын молайтып, қазақ тілінде білімін жетілдіріп, қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуын, бір-біріне сұрақ қоя білуге, өз ана тілінде анық, таза сөйлеуге үйренді.

Осылай балабақша мен отбасы тәрбиесінде халық педагогикасын тиімді қолдану нәтижесінде өз елін, жерін, салт-дәстүрін, ана тілін қадірлейтін, ана тілінде ойлау қабілеті қалыптасқан кішкентай азаматтарды мектепке шығарып салып отырмыз. Келешекте одан әрі ізденіп, халық педагогикасын кеңінен, терең танып, ата-аналармен бірлесіп қолдануды мақсат тұтамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байбатырова Р.П.. Отбасы тәрбиесінің маңызы //Бастауыш мектеп. – 2015. - №7. – Б.56-57.
2. Жанпейсова Қ.Р. Тәрбиенің бастауы - отбасынан //Бала тәрбиесі. – 2014. - №2. – Б.9-11.
3. Жанболат К. Ұрпақ қамы – ел қамы //Отбасы және балабақша. – 1998. - №1-2. – Б.3-4

**Ұлттық мәдени мұра құндылықтары негізінде жеке тұлғаны
қалыптастыру**

Оразбекова А.С., Нурымжанова А.Е., «Мөлдір» бөбекжайы» КМҚК

Көне заманда, адамның шексіз бақытты болуы үшін Отаны керек деген екен. Бірақ, Отанға деген сүйіспеншілік пен оған деген мақтанышқа қалай тәрбиелеуге болады? Мүмкін, оған деген ең игілікті жол болып, ұмытылып бара жатқан ұлттық құндылықтарды қайта жандандыру болып табылар.

Балалар: - «Қыста киіз үйдің іші суық емес пе?» «Киіз үйде адамдар қалай ұйықтайды?», «Неге үйлердің мұршасы бар, пештер бар, ал киіз үйде ондай жоқ?» және т.б. сұрақтарды олар жаудырта бастайды.

Біз оларға, жайлаудағы қоныс тұрақты емес, ал жылқышылар мен қойшыларға бұл жерлер уақытша болып есептеледі, сондықтан олар орнықты үйлер салмайды. Киіз үйді кез келген уақытта жинап алуға және басқа жерге көшіруге болады деп түсіндірдік. Сондай – ақ балалар:- қазақтарды мал ғана ғана азықтандырып отырған жоқ (мысалы, айран, қымыз, құрт және т.т сияқты өнімдерімен). Ал жылқы малы тазалықты, жақсылықты және байлықты білдіреді, сонымен бірге көлік қатынасының негізгі түрі деп есептелген. Мұндай ақыл-кеңес пен әңгімелесу кездерінде балалардың сөздік қорлары мынадай жаңа терминдермен толықтырылады: қоныс жер, жайлау, киіз үй, көшпенділер, қойшылар, жылқышылар және т.б., балалар бұл сөздерді жадына сақтап, ойын кездерінде ол сөздерді шын көңілдерімен өз сөздерінде пайдаланатын болады. Жеке жұмыстар балаларды киіз үй жасауларымен таныстыруға арналды. Балаларға, өте жұмсақ және жылы, көшпенді өмір салтын құрған қазақтардың пайдалануына өте ыңғайлы болып келетін киізден жасалған бұйымдармен таныстырылды.

Түс киізді, киіз үйдің кереге көз қабырғаларына іліп қояды, оны өзі бір мезгілде киіз үйді әшекелейді және жылытып тұратын болады. Ыдыс – аяқ сақтау үшін пайдаланылатын, киізден жасалған аяқ қапты қарап көрдік. Олар шаруашылыққа қажет нәрселер және киіз үйді әшекейлеу үшін де қолданылады. Балаларға сондай – ақ киіз үйдің мынадай: сандық, өнімдерді сақтау үшін қолданылатын жәшік, киім ілгіш сияқты қарапайым жиһаздарымен таныстырылады. Балаларға қазақтың ұлттық киімдерін (қамзол, тақия, әйелдер бас киімі, әйелдер көйлегімен, еркектердің бас киімі – айыр қалпақпен, шапан, халат және т.т.) көрсетіледі. Балаларға қазақ халқының өнерлері туралы, ұлттық киімдерінің ерекшеліктері туралы әңгімеленеді. Оюлардың бірден – бірі элементі болып танылатын оның гүлдерінің үйлесімді қатарына балалардың ерекше көңілдерін аударылды.

Киіз үй жасауымен, қазақтың ұлттық киімдерімен және ыдыс – аяқтарымен таныстыру кездерінде, біз әрдайым қазақтар ою әлемінде өмір сүрген деп атап айттық. Аспаптар, ыдыс – аяқ, қару – жарақ, киім сияқтылардың барлықтары да сүйіспеншілік оюлармен қапталған.

Қазақ оюларының негізі болып, бас түрін, мал тұяғын, құс қанатын елестететін өрнектер саналатын болады. Бұдан басқа, олардың негізінде әр алуан қисық, адыр – бұдыр сызықты, серіппелер мен шырмауықтар дайындалған. Балаларды қазақ ұлттық ою тақырыбы бойынша өрнек жасауды, оларды кез – келген басқалардан айырып тануды үйретуге бізде мүмкіншілік бар.

Халық және авторлық ертегілерде туған табиғат, адамдардың еңбек және тұрмыстарының ерекшеліктері, дала көшпенділерінің әдет – ғұрыптары, дәстүрлері бейнеленіп көрсетіледі. Бұл шығармалардан балалар, қазақ халқы әлдеқашаннан бастап аң аулау және мал шаруашылығымен айналысқанын

білді. Қазақ ертегілерінде туған өлкеге, оның қарапайым және адал адамдарға деген сүйіспеншіліктері айтылады, ұшы – қиыры жоқ қазақ даласы, құзды таулары, ағынды өзендері, терең көлдері мадақталады.

Ертегілердің көптеген кейіпкерлері: Алдар Көсе - өткір тілді, кедейлердің әділ қорғаушысы болса, ал Қаңбақ шал, Қойшы кейіпкерлері, қазақ халқының армандарын іске асырған – еңбек сүйгіш батыл мейірімді және зейінді адамдар ретінде балаларға өте ұнады.

Ертегілерден балалар халықтың озбыр байларға, әділетсіздікке қарсы күрестері туралы да мағлұмат алды. («Алдар Көсе», «Сараң бай», «Жиренше мен хан»); тұрмыстағы үй жануарларының рөлі туралы да білді. («жануарлар егесі», «қой мен теке»). Сондай – ақ балалар кедейлердің ауыр еңбектері туралы, жаушы ел басқыншылықтарымен күрес туралы да білетін болды. Қазақ халық ертегілері («Ақсақ Құллан» және т.т.), әңгімелеулері және өлеңдері мерген қалыптасқан сөздермен, нағыз оқиғалармен толтырылған, оған балалар автормен бірге қуанады, туған өлкенің жаңалығы мен сұлулығына таңданады, аңқау кейіпкерлерге күледі және олардың сәтсіздігін бастан өткізіп, жабырқайды. Оған мысал ретінде Әлімбаевтың «Алаша кілемін»; Баянбаевтың «Бүлдірген» мен «Киіз үйін» және басқаларды келтіруге болады.

Хайуанаттар туралы қазақ ертегілері де өте қызықты және танымал. Ертедегі адамдар олардың қылықтарын әсіресе аңдар мен құстардың әдеттерін сезімталдықпен аңғаруға шеберлік танытатын болған («Түлкі мен Теке», Екі қозы», Көкшіл сүр кептер», «Қасқыр мен қошқар» және басқалары). Халық әдет ғұрыптарына және атап айтқанда қонақжайлылық пен үлкендерге құрмет көрсету әдет – ғұрыптарына аса зор көңіл бөлінеді. Ең алдымен қонақтарға бір кесе қымыз немесе айран ұсынады. Қонақтар құрметіне қой сойылады да, одан арнайы тамақ дайындалып, қонақтарға қошемет көрсетіледі.

Ертеде отбасында, әрбір жаман қылық ата – аналарды, тіпті тұқым әулетін қамықтырады деп, ерекше ондайға көңіл аударылатын. Бұл мақал және мәтелдерде «Өлімнен ұят күшті, «Ұлдың масқарасы мен ұяты - әкеге сөгіс», «Қыздың масқарасы мен ұяты – анаға сөгіс» деп қазақ мақал – мәтелдерде бекер айтпаса керек. Балаға жөргекте жатқаннан бастап, ата – ана, бар отбасының намысын сақтау қажеттілігін ұйыта айтқан. Жас талдан жасалатын бесік туралы әңгімеленеді және ол балаларға көрсетіледі. Ең алдымен талшықтарды кептіреді, ал содан кейін жаңа туылатын балаға одан бесік дайындалады. Қазақтың ұлттық бесігімен таныстыру орыстың тербелмесімен салыстыра отырылып жүргізілді. Қазақтың бесігі қазақтардың көшпенді өмір салтына өте ыңғайлы екені атап көрсетілді. Балалар қазақ бесігінің астындағы тесілген жерді қызыға қарай отырып, ондай тесіктің орыс тербелмесінде жоқ екенін тауып алды. «Бұл не?». Балаларға ол тесік нәрестенің ішінің дәрет сындыру үшін қызмет ететінін түсіндіреміз.

Балаларға домбыраның сүйемелдеуімен өткізілетін өзіне тән музыкалық жарыс түрі, айтыс туралы әңгімелеп берілді. Осы қарапайым музыкалық

аспаптың орындауындағы күйлерді тыңдауға мүмкіншілік жасалды. Домбырадан басқа, халық музыкалық аспабы болып есептелетін қобызбен де танысты. Мереке күндерінде, оркестр ойынында музыка ырғақтарын ат сүйегімен, қошқар мүйізімен ұрып шығару әдеттері қолданылды. Бұл ғажап іс балаларды өте еліктірді. Орыс тобында жұмыс істей отырып, біз байырғы жұрттың ұлттық - мәдени мұрасымен таныстыру, басқа да ұлттардың, оның ішінде орыс халқының дәстүрлерімен де таныстырумен қоса жүргізіледі. Мереке күндерін атау кезінде, балалар ертеңгіліктерде орыс ертегілерінің Мишутка, Сашенька, Емеля немесе Лисичка – сестричка сияқты кейіпкерлерін қарсы алатын болады.

Халық ауыз шығармаларынан ертегілер, мақалдар, мәтелдер, жұмбақтар және өлеңдер сияқты өте бай іріктеліп алынғандары бар. («Солнышко – Ведрошко», «Ладушки», Сорока – Белобока», «Ночь Хозяюшка» және басқалары). Орыс фольклоріне (халық ауыз әдебиетіне) тұрақты бағыттау, сөздік қорын байыта және суреттей түседі. Орыс халық ертегілері сахналанады, бұл кездерде балалар басқа түрге ене бастайды, өздерінің шығармашылықтарын, актерлік қабілеттіліктерін көрсететін болады.

Қазақстанда өмір сүретін ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлерін қолдап және дамыту, қазақ халқының құндылықтарын сақтай отырып, бүлдіршіндерді тарихи мұралармен сусындату, мәдениетті, қайырымды, отаншыл жеке тұлғаны қалыптастыру-әрбір педагогтың алдына қойған міндеті болса керек: Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту үдерісі арқылы жүзеге асырылады.



Асық туралы мәлімет, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге бағыттау сәті

**Ортаңғы топ балаларын
ұлттық бұйымдармен таныстыру**



Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Т.А.Крыжановская, «Развитие личности ребенка на основе богатства культурно-национального наследия»; «Отбасы және балабақша» журналы, №6 2006жыл

2. Г.Есенбаева, «Қазақ тілі сабағындағы тәрбие сабағында халық педагогикасын пайдалану тәсілдері»; «Отбасы және балабақша» №2 2002жыл

3.Т.С.Мицукова, «Традиционное воспитание», «Отбасы және балабақша» №1 2006 жыл.

Кәсіби оқыту және кәсіби білім берудің негізі

Оразбекова А. С., «Мөлдір» бөбекжайы» КМҚК

XX ғасырдың соңғы онжылдығында қоғамдық, соның ішінде ұлтаралық қатынастардың түбегейлі өзгеруі, басқа да себептер, ұлттық сана-сезімнің өсуі және ондағы түбегейлі өзгерістер түсіндіріледі. Ұлттық сана-сезім ұлт пен адам ретінде, осы қауымдастықтың мүшесі ретінде сипатталатын маңызды фактор болып табылады. Ұлттық сана-сезім ұлттық тәуелсіздікке қол жеткізу кезеңінде ғана емес, ұлт, мемлекет арасындағы өз ұлтының мүдделерін қорғау үшін қарама-қайшылық түрінде, сонымен қатар бейбіт даму кезеңінде де адамның басқа ұлттар арасындағы өз халқының орнын және оның даму жолдарын адам өркениетінің ұзақ тарихы мен қазіргі заманғы жағдайларда түсінуі ретінде көрініс табады.

Ұлттық сана-сезімнің деңгейі индивидуалдың әлеуметтік-психологиялық жетілуінің маңызды өлшемі болып табылады. Қазақстан жататын көпэтникалық қоғам деңгейінде ұлттық сана этникалық сана-сезімнің өзара іс-қимылы процесінде қалыптасады.

Ұлттық сана-сезімнің дамуы индивидуалдың өз тамырын, дәстүрлерін, яғни этникалық, сонымен бірге осы үдерісте адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтарды тану маңызды. Яғни, ұлттық сана-сезімді дамытудағы маңызды тарап этникалық, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың

арақатынасы болып табылады, өйткені ұлттық сана-сезімнің жеке тұлғаның құндылық-мағыналық негізін құрайды.

Строительные игры с песком, водой помогают решить многие проблемные ситуации, например: где быстрее прорастёт зёрнышко в земле или песке; каким вещам вода на пользу, а каким во вред? Все эти вопросы заставляют ребят думать, сопоставлять и делать выводы.

Во время проведения экспериментов постоянно приходится считать, измерять, сравнивать, определять форму и размеры, производить иные операции. Все это придает математическим представлениям реальную значимость и способствует их осознанию, а именно, владение математическими операциями облегчает экспериментирование.

Умение четко выразить свою мысль (т.е. достаточно развитая речь) облегчает проведение исследования, в то время как пополнение знаний способствует развитию речи.

В процессе исследования ребенку необходимо ответить не только на вопрос, как я это делаю, но и на вопросы, почему я это делаю именно так, а не иначе, зачем я это делаю, что хочу узнать, что получить в результате.

В процессе ознакомления с природой, чем глубже ребенок изучит объект, тем точнее он передаст его детали во время изобразительной деятельности.

Чем больше органов чувств задействовано в познании, тем больше свойств выделяет ребёнок в исследуемом объекте. Следовательно, расширяются его представления, позволяющие ему сравнивать, активно размышлять и спорить.

Содержание работы по познавательно-исследовательской деятельности реализуется в трех блоках педагогического процесса:

1. специально организованная образовательная деятельность в образовательной области «Познание» по формированию целостной картины мира с опытами, проблемными ситуациями по заданной теме;

2. совместная деятельность «взрослый - ребенок» и «ребенок - сверстник»;
3. свободная самостоятельная деятельность детей.

При проведении непосредственно образовательной деятельности вызываю интерес у воспитанников к изучаемому содержанию для того, чтобы побудить ребенка к совместной и самостоятельной деятельности. Организация совместной поисково-исследовательской деятельности проходит в форме партнерства взрослого и ребенка. Это развивает у ребенка активность, самостоятельность, умение принять решение, быть уверенным в своих рассуждениях; вызывает стремление к достижению результата, а также влияет на эмоциональный комфорт, развитию социальной и познавательной деятельности.

Для формирования навыков самостоятельного экспериментирования воспитанников, использую такие приемы:

- Дети сами проговаривают план и действия всей работы, самостоятельно подходят к выводу эксперимента, отражая его в речи.

- Дети демонстрируют опыты, которые они провели дома вместе с родителями. Было видно, что они стали для своих детей единомышленниками. Дети обычно радуются, когда у них получается. На мой взгляд, это способствует повышению самосознания и самооценки у ребенка. Когда в группе вместе с детьми смотришь видеоролики о проделанных опытах детей со своими родителями, то невольно замечаешь, как радуется он, что его заметили. Теперь в следующий раз, несомненно, он привлечет внимание своих сверстников и сможет завоевать авторитет на их глазах. А для меня, как воспитателя, это даёт дальше развивать познавательную активность у детей.

С этой целью мы, совместно с родителями, в группе создали «Детскую экспериментальную лабораторию».

Мы установили, что опыт всегда должен строиться на основе имеющихся представлений, получаемые детьми в процессе наблюдений. В проведении опыта (к примеру, опыты «Водоворот», «Облака в кувшине») дети были активными участниками. В процессе самостоятельной деятельности были использованы способы познавательной деятельности. Как узнать? Что нужно сделать, чтобы убедиться? А что будет, если?

В конечном итоге дети активно участвуя в предложенных экспериментах, самостоятельно действуя с предметами, выявляли их особенности. Выяснилось из бесед с родителями, что их дети проявляют желание экспериментировать дома: исследовать различные предметы быта. Количественные данные позволяют проследить эффективность работы, отследить детский результат и спланировать свою дальнейшую работу.

Считаю, что педагог и родители должны стать единомышленниками в решении задач поисково-познавательной деятельности. С целью выявления отношения родителей к поисково-исследовательской активности детей я провела анкетирование родителей. По результатам первичного анкетирования был сделан вывод, что их заинтересовала данная проблема. Проанализировав результаты своей педагогической деятельности по данной теме, я пришла к

выводу, что опыт работы в этом направлении эффективен для развития познавательной активности детей в процессе поисково-исследовательской деятельности. Отмечается положительная динамика по всем критериям овладения исследовательской деятельности детьми, которые готовятся к школе. Дети уже умеют работать в команде.

Командная игра даёт детям стимул к исследованию и экспериментированию того или иного предмета. У детей появляется заинтересованность, способность высказывать своё мнение. Услышав голос ребенка, можно учесть все его желания и потребности, а также развивать у него навыки. Считаю, что эти навыки надо развивать у детей для того, чтобы создать целостный образ ребенка.

Судя по результатам, можно смело утверждать, что такой современный инновационный метод обучения, как поисково-исследовательская деятельность конкурентно способна по сравнению с традиционным обучением.

Список литературы:

1. Дыбина О. В. Неизведанное рядом: занимательные опыты и эксперименты для дошкольников /Текст/ Дыбина О.В., Рахманова Н. П., Щетинина В.В.. –М.: ТЦ «Сфера», 2005.

2. Короткова Т.А. Познавательно-исследовательская деятельность старшего дошкольного ребенка в детском саду//Дошкольное воспитание - №3, 2003.

3. Ковинько Л.В. «Секреты природы – это так интересно» - М., 2004.

4. Куликовская И. Э. Детское экспериментирование // Дошкольное воспитание. - №6.-2007.

5.Тугушева Г.П. Экспериментальная деятельность детей старшего дошкольного возраста. - М.: Детство-пресс, 2007.

Бөбекжайда инклюзивті білім беруді дамыту

*Сулейменова Л.К., директор
Айтжанова Ш.Т., әдіскер
«Алтын бесік» бөбекжайы» КМҚК*

Біздің алдымызда денсаулық мүмкіндіктері шектеулі (ДМШ) балалардың психикалық және физикалық дамуын оңтайландыру үшін жағдайлар жасау мақсаты тұр. Азаматтардың мектепке дейінгі сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету, денсаулығы шектеулі баласы бар отбасына психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

Міндеттері: МДҰ-да денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларға заманауи мектепке дейінгі білім мен дамуды алуға мүмкіндік беретін кедергісіз орта құру. - денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар мен олардың отбасыларына

психологиялық-педагогикалық тексеру жүргізу; -денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға кешенді түзету-дамыту көмегін көрсету және олардың отбасыларына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;-ата - аналарды (заңды өкілдерді) баланы тәрбиелеу және оқыту үдерісіне қосу; балалармен түзету жұмыстарына қатысуға тарту; - сенім, құпиялылық және тілектестік атмосферасын құру; - әлеуметтік даму ерекшеліктері бар балалардың дамуы;

Өзектілігі: педагогикалық практикаға инклюзивті оқытуды енгізу күмән тудырмайды. МДҰ-дағы оқыту түрі балалардың көп санына қажетті түзету – педагогикалық және медициналық – әлеуметтік көмек көрсетуге мүмкіндік береді, ата-аналарды барынша жақындатуға, консультациялық қолдаумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ қоғам мүмкіндігі шектеулі адамды қабылдауға дайындайды.

Соңғы онжылдықта мүмкіндігі шектеулі балалардың проблемалары көптеген мамандардың назарын аударады. Білім алу құқығы адамның маңызды әлеуметтік-мәдени құқығы болып табылады, өйткені білім беру - бұл адамның дамуына барынша әсер ететін қоғамның өмір сүру саласы. Қазіргі уақытта денсаулық мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім алу құқығын іске асыру мүмкіндіктері құқықтық, ұйымдық-техникалық, қаржылық, әлеуметтік сипаттағы проблемалардың тұтас кешенінің болуымен байланысты.

Осыған байланысты денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың білім алуға құқығын қамтамасыз етудің конституциялық-құқықтық тетігін зерттеу, жай жарияланатын ғана емес, мемлекет, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық институттар және т.б. қамтамасыз ететін нақты бар құқықтар мен бостандықтарды талдау ерекше өткір және өзектілікке ие болады. Бір жағынан, инклюзия-бұл адамның әділ әлем туралы арманын іске асыру, онда адамдардың бірде-бір тобы басқалардан оқшауланбаған, ал әркімнің мүдделері басқа адамдармен де ескерілген.

Инклюзивті білім беру (фр. Inclusif-лат. include-мен жасасам, қосамын) - жалпы білім беруді дамыту процесі, ол барлық балалардың әр түрлі мұқтаждықтарына бейімделу тұрғысынан барлық үшін білімге қол жетімділікті білдіреді, бұл ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін білімге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік даму ерекшеліктері бар балаларды инклюзияның міндеті - барлық білім беру жүйесінің басым міндеті. Бұл міндетті шешу қоғамның жетілу дәрежесін және оның моральдық-адамгершілік мәдениетінің деңгейін анықтайды.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуі және болашақта шектеулерді сезінбеуі үшін олардың үйлесімді және толыққанды дамуы үшін барлық жағдай жасау қажет. Ғалымдар денсаулығына мүмкіндігі шектеулі балалардың жіктелуін әзірледі, олардың негізіне әртүрлі негіздер салынған. ДМШ бар балаларда бейімделу үрдісі олардың дені сау құрдастарына қарағанда басқаша жүріп жатқанын әрдайым есте сақтаған жөн.

Инклюзивті білім берудің сегіз принципі бөлінеді:

- адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес;

- әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті;
- әрбір адам сөйлесуге және естуге құқылы;
- барлық адамдар бір-біріне мұқтаж;
- шынайы білім қарым-қатынас контекстінде жүзеге асырылуы мүмкін;
- барлық адамдар құрдастардың қолдауын және достығын қажет етеді;
- барлық білім алушылар үшін прогреске қол жеткізу мүмкін емес;
- әртүрлілік адам өмірінің барлық жақтарын күшейтеді.

Біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесі өз дамуының бастапқы сатысында ғана тұр және толыққанды нормативтік базаны ғана емес, сонымен қатар әдіснамалық базаны да әзірлеуді талап етеді.

МДҰ-дағы инклюзивті білім беру ерекшеліктері, мектепке дейінгі сапалы білім берудің барлық азаматтар үшін қолжетімділігі мектепке дейінгі білім берудің құрылымын жаңғыртудың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Жаңғырту процесінде келесі міндеттерді шешу қажет болады:

-МДҰ-да инклюзивті топ балаларына заманауи мектепке дейінгі білім беру процесінің толыққанды қатысушылары болуға мүмкіндік беретін кедергілерсіз орта құру;

-ынтымақтастық байланыстарын қалыптастыру және оларды МДҰ мен әлеуметтік сала мекемелері арасында нығайту.

Инклюзивті білім берудің ерекше ерекшелігі инклюзивті топтағы балаларға олардың үйлесімді, басқа балалармен тең құқықтарда тәрбиелеу-білім беру жүйесіне қосылуы үшін бірдей жағдайлар қол жетімді екендігі болып табылады.

Алайда инклюзивті білім берудің айқын кемшіліктері арасында келесі сәттерді атап өтуге болады:

- қоғамның психологиялық дәрменсіздігі, инклюзивті топтың адамын қабылдауға дайын болмауы;

- әлеуметтік қолдау және осындай адамдарды қамтамасыз ету жүйесінде кемелдіктің болмауы.

Инклюзивті МДҰ-да оқыту балаларға тікелей тәжірибе арқылы әлеуметтік қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқытудан отбасылар да, жалпы, қауымдастықтар да пайда болады.

Дамуында проблемалары бар балалар үшін:

- қалыпты дамып келе жатқан балалардың қарым-қатынас дағдыларын және мінез-құлық моделін бақылау және имитациялау мүмкіндігі;

- әлеуметтік өзара қарым-қатынас санының артуы балаларға достық қарым-қатынасты және оң әлеуметтік қарым-қатынасты дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік қолдау шеңберін алуға көмектеседі;

- когнитивті дамуды жандандыру: көп ойлаудан бастап оқу уәждемесін жақсартуға дейінгі параметрлердің кең спектрі;

- болашақта қоғамда тәуелсіз тиімді қызмет ету үшін база құру.

Типтік дамуы бар балалар:

- мүгедектігі бар адамдардың кездесетін қиындықтарды түсіне бастайды; бұл олардың басқа адамдардың қажеттілігіне қатысты сезімталдығын тәрбиелейді, айырмашылықты жақсы қабылдауға үйренеді;

- олар барлық адамдар елеулі қиындықтарды еңсеріп, табысқа жететінін біледі;

- олардан ерекшеленетін адамдарға жақсы қарайды;

- барынша әлеуметтік жауапкершілікті өзіне алады;

- әр түрлі өмірлік жағдайларда инклюзивті сыныптарда білім алған балалар өзіне деген сенім артады.

Мектепке дейінгі мекемелерде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларда топтық жұмыс түрлері (режимдік сәттер, сабақтар, серуендер) немесе топаралық (экскурсиялар, мерекелер, театр) болсын, өз құрдастарының арасында болуға, олармен қарым-қатынас жасауға, басқа балалардың жетістіктерін көруге, өзіндерін ұлғайтуға ұмтылуға мүмкіндік бар.

Инклюзивті білім берудегі өте маңызды аспект оның отбасы мүшелерінің психологиялық ерекшеліктерін және отбасылық қарым-қатынас динамикасын ескере отырып, жалпы отбасымен жұмыс істеуге бағытталуы болып табылады.

Балалар-ата-ана қатынастарын қалыптастыру қажет болып табылады, бұл тек ата-аналар мен жақын адамдардың өзара іс-қимылы кезінде баланың үйлесімді дамуы мүмкін екендігіне негізделген.

Педагогикалық ұжым қызметінің негізіне қойылған тағы бір маңызды мәселе-ата-аналарды бала дамуының белсенді қатысушысы болуға шақыру, оларды оқыту үдерісіне енгізу. ДМШ бар балалардың әртүрлі санаттары үшін олардың ерекшеліктеріне байланысты білім берудің қажетті деңгейі мен сапасын іске асыруды, сондай-ақ балалардың осы санатын қажетті әлеуметтендіруді қамтамасыз ететін жоғарыда келтірілген арнайы шарттардың әрбір компоненті әртүрлі деңгейде, әртүрлі сапада және көлемде іске асырылуы оңтайлы.

МДҰ - да балаларға инклюзивті білім беру бағдарламасын іске асыру бар дағдыларды бекітуге, мектепке дейінгі баланың мүмкіндіктері шегінде жаңа білім мен іскерлікті дарытуға, білім беру қызметіне оң көзқарас қалыптастыруға, ең бастысы — дене және (немесе) психикалық кемістігі бар тәрбиеленушіні табысқа жетуге үйретуге мүмкіндік беретін педагогикалық әдістер мен тәсілдерді таңдау қажеттілігін көздейді.

Түзету топтарында білім беру қызметін жүргізу әдістері келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

1. әр тәрбиеленушінің жеке мүмкіндіктеріне сәйкес болу;

2. оқуға уәждемені қалыптастыру мақсатында кішкентай жетістіктерді бекіту және көтермелеу;

3. қызықты білім беру мақсаттарын қоюды қамтамасыз ету;

4. білім беру қызметін жеңілдету үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Мұндай тәрбиеленушілердің сапалы білім алуына ықпал ететін ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытудың оңтайлы әдістері мен нысандарын таңдау тәрбиешінің айрықша міндеті болып қала береді.

Білім беру процесіне монтессори-бөлмелерде, сенсорлық бөлмелерде, бассейндерде сабақтарды енгізу Денсаулық тобының тәрбиеленушілерін жалпы білім беретін мектепте оқуға дайындауға және оң динамикаға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Физикалық және зияткерлік мүмкіндіктері шектеулі балалар жыл сайын көп болып келеді, демек, инклюзивті білім беруді енгізу мәселесі айтпақшы.

Мектепке дейінгі білім беруді ізгілендіру бағытында дамыту жүйелі өзгерістерді талап етеді. Балабақшалардың өзгерістері мен жаңартулары сыртқы "жақсартумен" аяқталмауы, келесі аспектілерді ескеруі маңызды:

- мекеменің жалпы психологиялық жағдайы;
- мұғалімдер, балалар және ата-аналар арасындағы қарым-қатынас жүйесі;
- әр балаға назар;
- қоғамның мекеменің дамуына қатысу мүмкіндігі және т.б

Балабақшаларда инклюзия қалай ұйымдастырылады? Егер дені сау балалардың ата-аналары балабақшаларды өздерінің құрдастарымен ойнайтын және сөйлесетін орын ретінде қабылдаса, онда инклюзиясы бар "ерекше" балалардың ата-аналары үшін олардың әлеуметтік бейімделіп, зияткерлік дамитын орын болуы мүмкін.

МДҰ-дағы инклюзивті білім беру-мүмкіндігі шектеулі балаларға толыққанды қоғам жағдайында дамуға мүмкіндік беретін білім берудің инновациялық жүйесі. Бұл білім беру жүйесі әрбір баланың ерекшеліктерін ескере отырып, барлық балаларды тең құқықты қабылдауды және оқытуға жеке көзқарасты енгізуді білдіреді. Нәтижесінде балалар қоғамның толыққанды бөлігіне айналады.

МДҰ-дағы инклюзивті білім берудің үш шарты:

1. қол жетімділік - балалар оқытудың барлық мүмкіндіктеріне, іс-шаралар мен тәжірибеге қол жеткізе алады;
2. қатысу-балалар күнделікті өмірге саналы түрде енгізілді;
3. қолдау-инфрақұрылым және бағдарламалық қолдау отбасыларды, мұғалімдер мен қызметкерлерді жұмысқа тарту үшін пайдаланылады.

МДҰ-дағы (мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі инклюзивті білім беру)

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беру кеңістігін құрудың негізгі міндеттері:

- ұйымдастыру мәдениетімен қамтамасыз ету;
- мекеме деңгейінде инклюзивті білім беру саясатын іске асыру (ішкі нормативтік құжаттар);
- білім беру үдерісін ұйымдастырудың қазіргі тәжірибесін инклюзивтік әдістермен байыту.

Білім беру жүйесіндегі инклюзивті құндылықтар. Инклюзивтік құндылықтар-бұл инклюзияның келесі мақсаттарын қамтамасыз ететін әлеуметтік мақұлданған ұсыныстар мен тәсілдер:

- барлық балаларды тұрғылықты жері бойынша табысты оқыту және дамыту мүмкіндігі;

-балалар мен ересектер арасындағы айырмашылықты білім беру ресурсы ретінде қолдау;

-әр адамға өзін тұтас бір бөлігі сезінуге көмектесу;

-балалардың, ата-аналардың, педагогтардың шығармашылық бастамаларын дамытуға ықпал ету.

Олар инклюзия индексінің индикаторларында өз көрінісін тапты, ал индикаторлар нақты мәселелермен нақтыланады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің практикасына қандай да бір құндылықты мекеме өмірін жаңа мазмұнмен толықтыру үшін оны қызметкерлермен, ата — аналармен, ал кейбір жағдайларда балалармен талқылау арқылы ғана қосуға болады.

Инклюзивті МДҰ-дан кейін мүгедек балалар өмірге қаншалықты бейімделді:

1. жалпы білім беру мекемелеріне "енгізілген" мүгедектігі бар тәрбиеленушілер шектеулі жағдайдағы құрдастарына қарағанда оң әлеуметтік және эмоционалдық мінез-құлықты жиі көрсетеді;

2. ерте жылдары енгізу бағдарламалары бойынша оқитын тәрбиеленушілер барлық құрдастарымен белсенді әлеуметтік өзара іс-қимылды, сезімін және оқудағы әсерлі табыстарды көрсетеді;

3. соңында неғұрлым жоғары үміттер мүгедек балаларды үлкен жетістіктерге жетуіне, сенімділік пен тәуелсіздікке қол жеткізуіне және өзінің қадір-қасиетінің неғұрлым күшті сезімін дамытуға әкеледі.

Даму үстіндегі балалар МДҰ-да инклюзиядан ұтады: Типтік құрдастары өзіне деген сенімділікті және көшбасшылық дағдыларды дамытады, өйткені олар өздерінің мүмкіндіктері шектеулі құрдастарына еліктеу нысанына айналады.

Олар сондай-ақ көрсетеді: құрдастарына оң көзқарас; әлеуметтік дағдыларды арттыру (өзара іс-қимылды бастау, келіссөздер); әділдік, жанашырлық және төзімділік сезімі; мүмкіндігі шектеулі құрдастары үшін әлеуметтік және академиялық мінез-құлық туралы модельдеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларды салауатты қоғамында кіріктіре оқыту» / Ф. Л. Ратнер, А. Ю. Юсупов. М.: Владос, 2006 ж.

2. Малофеев Н. Н. «Өзгермелі әлемдегі арнайы білім». Еуропа.

пед. жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы

3. Никольская О.С. «Адамның аффективті саласы. Балалар аутизмінің призмасы арқылы көзқарас» Просвещение, 2009 ж.

4.«Интегративті балабақшаның жұмыс тәжірибесі»/ құраст. В. В. Алексеева, И. В. Сошина. Мәскеу қаласының білім департаменті, 2007.

5.«Интегративті балабақшаның жұмыс тәжірибесі». 2 бөлім. /М. М. Прочухаева, Т.Р.Медведева, 2004ж.

6.«Инклюзивті мектепке дейінгі мекемедегі бала»: әдістемелік құрал / Т. В. Волосовец, Е. Н. Кутеповой; Волгоград: «Мұғалім», 2009ж.

«Мектепке дейігі балалардың бастапқы экологиялық мәдениетін қалыптастыру»

Сулешова Г.А, «Мерей» бөбекжайы КМҚК

Жалпы адамзаттық құндылықтың мән маңызын түсінетін, ақыл-ойы дамыған, саналы, білімді экологиялық мәдениетті тұлғаны қалыптастыру жаңа ғасырдың күн тәртібіндегі басты мәселелерінің бірі болып келеді. Қоршаған ортаны қорғаудың қажеттігін тіршілік үшін қаншалықты маңызды екенін біреу біліп, біреу білмей жүргені өмір тәжірибесінде күнбе-күн байқалып отырады. Қоршаған ортаға неқұрайлы қарауды болдырмаудың жолы – мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап балада, болашақ қоғам мүшесінде экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру, табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу қажеттігі туындайды.

Н.Ә.Назарбаевтың Республика білім және ғылым қызметкерлерінің 2 съезінде сөйлеген сөзінде «Жалпы адамзаттық құндылықтың мән маңызын түсінетін, ақыл-ойы дамыған, саналы, білімді экологиялық мәдениетті тұлғаны қалыптастыру жаңа ғасырдың күн тәртібіндегі басты мәселесі», - дей отырып, «Қазақстан 2030» бағдарламасындағы қазақстандықтардың өсіп – өркендеуін қауіпсіздігі мен әл-ауқатын жақсарту мақсатымен халқына арнаған жолдауында азаматтардың денсаулығын көтеру, ауруды болдырмау үшін экологиялық мәселелерді шешу қажеттігі айқын көрсетілген.

Соңғы жылдары жарық көрген ғылыми еңбектер, табиғи қорларын қорғау мен оларды тиімді пайдалануға арналған ұсыныстар, мемлекеттік заңдар, тұжырымдамалар, актілер бұл істі жүзеге асыруда экологиялық бағдарлама ретінде негіз болады.

Қазіргі таңда мемлекетіміз экологиялық мәселелерді өте жоғарғы тұрғыдан шешілу керектігін атап көрсетіп отыр. Оның айғағы 1997 жылы республикамызда табиғат қорғау туралы заңның жарық көруі. Заң адамның өмірі мен денсаулығы үшін қоршаған ортаның таза болуын қамтамасыз етіп, экологиялық білім мен тәрбиені жалпыға бірдей жүргізуі керектігі, қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүдделері үшін қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық негіздерін белгілейді.

Табиғаттағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, биологиялық алуан түрлілікті сақтау мен табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастыруға бағыттай отырып, мынандай міндеттер жүктейді:

- мектепке дейінгі тәрбие мәселелеріне, сондай арнаулы орта және жоғарғы оқу орындарында экологиялық білім негіздерін міндетті түрде оқыту;
- басшы қызметкерлермен мамандардың кәсіби экологиялық даярлығы және қоршаған ортаны қорғау, туралы заңдар негізінен білімі болуы;
- қоршаған ортаны қорғау саласынан ғылыми зертеулердің, тәжірибеде конструкторлық және енгізу жұмыстарының мемлекет тарапынан қолдау табу мәселелері атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Білім беру Заңында 1999 жылы білім беру саласындағы мемлекеттік саяси принциптерінің бірі ретінде, «Білім берудің ғылыми сипаты құқылық,экологиялық бағыты» деген 3 бабында және «мектептен тыс тәрбие беру мен оқыту» деген 14 бабында қолдау тауып отыр. Заң міндеттеген талаптарға сәйкес, жас жеткіншектердің экологиялық көзқарасын, сансын, табиғатқа жауапкершілік қатынасын қалыптастыру, қазіргі балабақшада, мектепте, жоғарғы оқу орындарында жүргізілетін тәрбие жұмысының негізгі саласына айналуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «тәлім-тәрбие тұжырымдамасында» Жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру бүгінгі күн тәртібіндегі кезек күттірмес мәселе екендігі аталып көрсетілген. «Тәрбиенің ең басты қағидасы ретінде экологияның қоғамға қажеттілігі және оның даму бағытының басты шарты екендігін» көрсеткен. Экологиялық тәрбие беру бағытында жер тағдыры мен ел тағдырының, табиғат пен адам өмірінің табиғатты қорғап аялайтын азамат тәрбиелеу бағытында жұмыс жүргізу керектігіне тоқталады.

Демек, қазіргі таңда балабақшадан бастап жас ұрпақтардың экологиялық мәдениетін қалыптастырып, экологиялық білім мен тәрбиенің педагогика ғылымындағы ең тиімді мүмкіндіктері мен жолдарын зерттеп, оны орынды пайдалану маңызды мәселе.

Жас баланы табиғат сұлулығымен сусындандыру, көріністерін танытуда жас өспірімдердің табиғат пен қарым-қатынасын орнықтыру, білім, тәрбие беру, дүние танымын дамытуда қазақ халқының ағартушы ғалымдары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, Ш.Құдайбердиев , М.Жұмабаев, Ж.Айымауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов еңбектерінің орыны ерекше . соңғы жылдары көптеген психологтар, педагогтар саналы экологиялық тәрбие беру мәселелерімен шұғылданып, білім мен тәрбие мәселесіне байланысты күрделі міндеттерді шешуге атсалысуда.

Қазіргі таңда экологиялық мәселелердің күн санап артуы қоршаған ортаға деген саналы көз қарастың қалыптаспауынан қамқорлық сезімінің жетіспеушілігінен туындап отырғаны белгілі. Десек те, мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесі мектеп табалдырығында өз жалғасын табатыны белгілі. Сол себептен мектепке дейінгі мекемелерде балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру дұрыс жолға қойылуы қажет. Балалардың мектепке дейінгі кезеңнен экологиялық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-теориялық тұрғыда негізделіп, айқын әдістемелік нұсқаулардың нұсқаулардың болмауы арасында қарама-қайшылықтар туындап отыр.

Экологиялық мәдениеттің сипаты экологиялық білімнің тереңдігімен, қажеттілік, ұмтылыс, біліктілік пен әдеттің даму дәрежесімен, табиғатты қорғаудың ұлттық дәстүрлерін меңгерумен анықталады, сондықтан 5-6 жастағы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін тәрбиеші, педагог әдіскердің, ата-аналардың педагогикалық біліктілігі мен логикалық және эмоционалдық жақтарына басты назар аудару қажеттілігі айқындалды. Мектепке дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру

бағытында жүргізілген әдістемелік жұмыстар табиғатқа снaлы көзқарасын дамытуда тиімді болып саналады.

Еліміз экономикалық және әлеуметтік дамудың жаңа жолына түскен кезде экологиялық дағдарыс жағдайында жас ұрпақтың экологиялық санасын, мәдениетін жоғары деңгейге көтеріп жаңаша тәрбиелеу – қазіргі заман талабы. Мектепке дейінгі балалардың бастапқы экологиялық мәдениетін қалыптастырудың ғылыми педагогикалық негіздеріне сүйене отырып, экологиялық мәдениетін қалыптастырудың мазмұнын, мақсат-міндеттері мен тиімді әдіс-тәсілдерін ұсыну басты бағыттардың бірі болып отыр.

Кеңес үкіметі тұсындағы мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің бағдарламалары, бүгінгі күні қолданып жүрген мектепке дейінгі дайындау бағдарламаларын, Ресейлік, шет елде қалыптасқан бағдарламаларының 5-6 жастағы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың мазмұнына талдау жасалынып, нәтижесінде экологиялық тәрбие мазмұны толықтырылды.

Мектепке дейінгі балаларды оқыту процесінде моделдеу әдісін пайдалану арқалы экологиялық мәдениетін қалыптастырудың жүйесі жасалынды. Мектепке дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру жүйесі жасалынды. Мектепке дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мазмұны баланаң үйлесімді жетілуіне, табиғат байлығын сақтау секілді ізгілік іс-әректін жүзеге асыратын жеке тұлғалық сапаларды: бастапқы экологиялық білімділік, экологиялық саналылық, табиғатқа жауапкершілік қарым-қатынасын меңгеруіне бағыт-бағдар беретініне көзіміз жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2030» (Ел Президентінің Қазақстан халықтарына жолдауы). Алматы, 1998, 96 б.

2. «Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, 1997, 6 тамыз.

3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Халық кеңесі, 1992, 20 ақпан.

4. М.С.Сәтімбекова, Ф.Н.Жұмабекова, т.б. Балабақшада баланы мектепке дайындау әдістемесі. – Алматы. 2010.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетуде компьютерлік технологияларды қолдану

Садуакасова С.Н., Таскалиева А.Б., КМҚК «Ертөстік» бөбекжайы

ҚР-ның «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық құндылықтар, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға

бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық желілерге шығу» делінген.

Осыған байланысты қазіргі логопедия ғылымында балалардың тілдік бұзылыстарын түзетіп қана қоймай, сөйлеу тілінің барлық компоненттерін және психикалық процесстерін дамытатын жаңа оқу-әдістемелік құралдардың құрастырудың қажеттілігі туындап отыр.

Мұндай әлеуметтік сұранысты қамтамасыз ету үшін логопедиялық жұмыс үрдісін компьютерлендіру арқылы шешуге болатындығын мектеп тәжірибесі көрсетуде. Сондықтан да, логопед мамандардың жүргізетін түзете-дамыту сабақтар жүйесін компьютерлендіру қазіргі кезде арнайы білім беруді жетілдірудің жаңа бағыттарының біріне айналды.

Бүгінгі таңда компьютерлік технологиялар білімді ақпараттандырудың негізгі факторы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балаларға білім беру мекемелерінде оқу-құрал жабдықтар кешеніне дербес компьютерді кірістіру мәселесінің маңызы да ерекше. Оның өзіндік себебі де жеткілікті. Қазіргі кезде балалардың көпшілігі ерте бастан-ақ компьютерлік ойын ойнап, микропроцессорлы электронды ойыншықтармен етене таныса бастайды. Сондықтан логопедтің жұмысында арнайы құрастырылған компьютерлік бағдарламаларды пайдаланып, соның нәтижесінде балалардың сабаққа қызығушылығын арттыруға күш салу керек. Қазіргі уақытта білім берудің озық технологияларын меңгермейінше, сауатты да жан-жақты болу мүмкін емес.

Логопедиялық жұмыстарды ұйымдастыру барысында арнайы компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы балалар тапсырмаларды қызыға орындайды, сабаққа деген қызығушылығы артады, түзете-дамыту жұмыстарын нәтижелі әрі тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Сонымен қатар балалар өз қатесін өздері таба алады және өзін-өзі бағалауға үйренеді. Арнайы компьютерлік бағдарламалар өте көп көрнекі материалдарды қамтуға мүмкіндік береді.

Бұл көрнекіліктердің дидактикалық мәнін ашады. Мұндай көрнекіліктердің бәрін дәстүрлі сабақтарда беру мүмкін емес. Компьютермен әртүрлі тапсырмаларды орындау балаларды еркіндікке, төзімділікке, мақсаткерлікке баулиды.

Жалпы айтқанда, арнайы компьютерлік бағдарламаны қолдану балалардың жағары белсенді дүниетанымын және өзіндік жұмыс аясын кеңейтеді, жан-жақты ақпараттануға мүмкіндік береді. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің кемістіктерін түзету барысында арнайы компьютерлік бағдарламаны қолданудың тиімділігі мынада:

- мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік бұзылыстарын түзетуге көмектеседі;
- сөйлеу тілінің барлық компоненттерін дамытады;
- балалар арнайы бағдарламамен жұмыс істейді;
- иллюстрациялық әдіс көп қолданылады;

- барлық психикалық процесстердің жан-жақты дамуына түрткі болады;
- берілген тапсырмаға деген қызығушылығын арттырады.

Логопедтің жұмысында компьютерді пайдалану сабақ сапасын көтерумен қатар балалардың сабаққа деген ынтасын, белсенділігін арттыруда ерекше орын алады. Балалардың назарын сабаққа аударады, өз бетінше тапсырмаларды орындауға қызықтырады.

Бүгінгі күнде компьютерлік технологиялар мектептегі мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерлерінің жұмыс істеу саласын біршама кеңейтуге мүмкіндік береді. Заманауи компьютерді қолдану баланың жан-жақты әрі толыққанды дамуытуға мүмкіндік береді. Қарапайым техникалық құралдармен салыстырғанда компьютер балаға қажетті білім, білік дағдыларын меңгертумен бірге баланың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектеседі.

Компьютермен сабақ өткізу барысында балалардың денсаулықтарына нұқсан келтірмеу үшін логопед міндетті түрде алдын алу шараларын өткізуі қажет. Егер балалар денсаулыққа зиянды әсер ететін факторларды азайтуға бағыттылған қарапайым шараларды орындамаса ғана, компьютер қаіпті болуы мүмкін. Сонымен компьютердің баланың денсаулығына зиянды әсер ететін факторлар мынадай:

- көздің көру қабілетін төмендетеді;
- омыртқалардың қисаюына әкеледі;
- жүйкеге салмақ түсіреді;
- шаршағыштық, әлсіздік басады.

Баланың жүйке-эмоционалдық күшін басу үшін дене жаттығуларын, сергіту сәттерін өткізу қажет[1, 85б.]. Көздің шаршағанын жою үшін көзге арнайы жаттығулар жасау керек. Алдын-алу жаттығулары баланың көру аппаратын жақсарту үшін және де түрлі көз ауруларының пайда болу жолдарын жояды. Күнделікті қоршаған ортадан қабылданған мәліметтерден, көз шаршап қызарады, осыдан түрлі көз аурулар пайда болады. Сондықтан да, көз гигиенасын сақтап, жаттығулар орындап отыру қажет.

Берілген жаттығулар қарапайым және көп уақыт алмайды. Жаттығуларды дұрыс орындау, өте маңызды. Қозғалыстар бірдей болуы қажет, және дұрыс дем алуға көңіл бөлінуі қажет. Мұндай ұсақ кемшіліктерге көңіл аударған жағдайда, жасалған жаттығулар тиімді болады. Осы жаттығулардың бәрін, ойын түрінде көрсетуге болады. Мамандардың ұсынысы бойынша көзге арналған жаттығуларды сабақтың басында және сабақтың соңында екі рет орындау қажет [2, 28б.].

Компьютермен жұмыс істеу үшін келесі гигиеналық талаптарды орындау қажет. Компьютердің монитору мен жүзіңіздің арақашықтығы кемінде 50 см болуы қажет. Компьютер тұрған бөлменің ауасы жиі тазартылуы керек. Оған қоса күн сайын бөлмеде ылғалды тазалық жұмыстарын жүргізу қажет. Компьютермен жұмыс істеп болғаннан кейін қолды салқын сумен жуып, міндетті түрде үзіліс жасау керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларға компьютерлік бағдарламаны таңдау барысында келесі талаптарды ескеру қажет:

1. бағдарлама компьютер үлгісіне сай болу керек;
2. компьютерлік бағдарламаның жүктелу, ашылу, қосылу уақытын ескеру керек;
3. мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне және білім деңгейіне сай болуы;
4. мазмұны баланы қызықтыратын әдемі бейнелік материалдардан болуы керек;
5. ойын барысында меңгерілетін оқу материалы;
6. ойынның эткалық құрылымы, жақсы және жаман кейіпкерлердің болуы, олардың іс-әрекеттерінің өз ара байланысы;
7. ойын құрылымында әртүрлі кезеңдер мен тапсырмалардың күрделілік деңгейлерінің болуы балалар үшін маңызды [3, 75б.].

Өткен ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де балалар үшін қоршаған әлемді тану құралы болып табылады. Олай болса, логопедтің сабақтарын компьютердің көмегімен жүргізуді үйрену - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гончарова Е.Л., Королевская Т.К., Использование специализированных компьютерных программ. М.: Полиграф-сервис, 2002. – 75б.
2. Өмірбекова Қ. Қ.. Логопедия - Алматы : Дәуір, 2011. – 85б.
3. Шабанова Б.А., Кударина А.С. Мекемелерде логопедиялық жұмысты ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құралы. – Павлодар, 2010. – 28б.

«Туған жер» бағдарламасы ұлттық сана қалыптасқан жарқын болашақтың бастауы

Темиргалиева Г. М., «Алтын сақа» бөбекжайы» КМҚК

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, жүз нақты қадаммен бастау алып «Мәңгілік елдің» негізі қаланды.

Латын әліпбиіне көшу – «Мәңгілік елдің жаңғыруының маңызды шешімі, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік деңгейде, теңдесі жоқ табиғи сапалы ұлттық құндылығымыздың қақпасын ашатын кілті. Туған жерге деген сүйіспеншілік, патриоттық сезім туған тарихыңды терең білуден басталады.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі

бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарында болу стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті.

XXI ғасыр - бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі. Айналадағы дүниеге адам денсаулығына кәсіби мәдениетін жоғары бағалайтын дәуір. Білім беру үрдісін ақпараттандыру жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттары жүзеге асыра отырып, оқу тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Қазақстандық білім беру реформасының мақсаты инновациялық технологияға сүйене отырып, баланың бойында шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау. Балаға білім мен тәрбие берудің басты сатысы бөбекжайдан бастау алады. «Алтын сақа» бөбекжайында тәрбие мен оқыту процесін ізгілендіру мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Ғылыми тілмен айтқанда «инновациялық процесс».

Осы бастамалар аясында қалалық қазақ тілі қоғамы ұйымымен келісім шарт жасалып, тәрбиешілер мен педагогтардың білімін жетілдіру мақсатында «Қазақ тілі» курсының «Б»1 бағдарламасын оқып меңгеруді және латын әліпбиін, ағылшын тілін меңгеруге талапкер тәрбиешілер мен педагогтардың өтініші бойынша тапсырыс берілді. Сапалы білім, кәсіби біліктілік, инновациялар мен тың ойлар – бүгінгі күннің талабы.

Сондайақ, балабақша ұжымы Латын графикасына көшуді қолдауға арналған қалалық іс - шара өткізді. Жаңғыру бағдарламасына сай барлық жаңалықтар мен өзгерістерді қолдап біздің ұжымның үнемі ізденісте жұмыс жасауына меңгерушіміз Жанна Қайратқызы барынша жағдай жасап қол ұшын беруде.

Бөбекжайда балалар үш тілде білім алуда. Оларға арналған жеке пән кабинеттері талапқа сай жабдықталған. Инноватика ұғымының мәні латынның «in-novus» деген сөзінен шыққан, «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» деген мағынаны білдіреді. Яғни, педагогика ғылымында жаңа әдістерді, құралдарды, бағдарламаларды жаңаша пайдалану. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеу қоғамдық, жалпы халықтық маңызға ие. Себебі қоғам өміріндегі әлеуметтік өзгерістер толыққанды жетілген, білімді, **ұлттық санасы қалыптасқан ұрпақты тәрбиелеп өсіруді талап етеді.**

Жаңа заман бүлдіршіндері еліміздің ертеңі, ұрпағымыздың жалғасы.

«Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, - дейді Елбасы Н.Ә.Назарбаев, - жастайынан имандылық пен салауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз». Парасатты байлықтан, ұрпақ тағдырын биіктен қоя білетін, білім мен күш –жігерін еліміздің өркендеуіне ұрпақтардың ұлағатты болуына үлес қосып инновациялық технологияны қолдану келешек бүлдіршіндердің еркін дамуына жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңда әрбір педагогтың міндеті. Балабақшада ұрпағымызды бала кезінен ұлттық тәрбиеге баулып, салауатты

өмір салтын сақтап, ата-бабадан мирас болып қалған рухани азық талирантты қазақы қарапайымдылық мәдениетін сіңірсе, ғылыми тілде айтқанда инновациялық білім беру үрдісінде әдіс-тәсілдерін меңгерсе ғана жан-жақты дамыта аламыз.

Балабақшамызда интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар қолданыс табуда.

Бүгінгі таңда бөбекжай ұжымы «Болашақ» университеті мен колледжінің студенттерімен және «Өрлеу» оқу-әдістемелік орталығымен мектепке дейінгі білім беруде инновациялық бағытты қолдану тәсілдерін нәтижелі қолдану жолдарын іс жүзінде тәжірибе алмасу арқылы арнайы ұйымдастырылған педагогикалық семинарларды дайындау және семинар-практикум өткізу; шеберлік-сынып, дөңгелек үстел, презентациялар, педагогикалық ақапараттық коммуникативті технологияның күзiреттiлiгi және желiлiк қарым-қатынас мәселелері бойынша консультациялар; ашық сабақтар өткізу; өз білімін жетілдіру бойынша педагогикалық есебін тыңдау. Осылайша бөбекжайдың бірнеше білім ордалары арқылы ұйымшылдықпен тығыз тәжірибе алмасуда.

Студентер бөбекжайда өткізілетін тәрбиелік іс - шараларға атсалысып тәжірибе алуға мол мүмкіншілік қарастырылған. Бөбекжайда болатын түрлі сайыс, семинар, конференция, ата – аналармен жұмыстарға шаралардың тапсырмаларын тәрбиешілермен бірлесе орындап іс – тәжірибе жинақтайды. Әрбір мектепке дейінгі ұйым жұмысына жаңа идеялар мен технологияларды енгізудің өзі білім беру жүйесін жаңғырту болып табылады.

Біздің «Алтын сақа» бөбекжайында мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде заманауи қоғам мен ғылымды дамытуда және стандарттарда көзделген өзгерістердің қажеттілігін қолдайтын мүдделері ортақ ұйымшыл ұжым қалыптасқан. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбилеу ұйымының инновациялық қорында бүгінгі күні қолданысқа енген әдістемелік құралдар бар. Жаңа оқу жылының басында: «Этно-мәдени мұраны инновациялауды қолдану бөбекжаймен мен отбасының өзара әрекеттесу жұмысын жетілдіру» және жобалау зерттеу қызметін бала туған жер табиғатын, тарихи-мәдени ескерткіштерін, тарихын танып біліп құрметтеу» атты жылдық міндеттер бойынша оң нәтижелерге қол жеткізді.

Қазақ халқының бір туар азаматтарының бірі: (М.Жұмабаев) **«...әрбір ұлт баласы өз ұлттының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті».**

Білім беруді демократияландыр Қазақстандық білім беру моделінің жұмыс істеуінің заңнамалық, нормативтік, құқықтық базасын жетілдіру, білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру; әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу болып табылады.

Қорыта келе айтарымыз: «Біз тұрғызатын қоғам арды бағалайтын белсенді, жоғары моральды әдепті және рухани байлығы мол адамдардан тұру керек», - ал, ол болашақтың адамдары, біздің алдымыздағы тәрбиелеп отырған

бүлдіршіндеріміз. Халқымыз бекер айтпаған «Тәрбие басы – тал бесік», «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», - деп.

Бөбекжай ұжымының алдында тұрған ең басты міндетердің бірі қоғам өміріндегі әлеуметтік өзгерістер толыққанды жетілген,білімді,ұлттық санасы қалыптасқан ұрпақты тәрбиелеп өсіру екенін әсте естен шығармаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының білім туралы» Заңы
2. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы,2012 жыл
3. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты
4. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл
5. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Тәрбиешінің қоғамдағы рөлі

Тәуекелова Ж. Д., «Алтын сақа» бөбекжайы» КМҚК

«Баланың қоғамдағы өзін-өзі ұстауы, үлкендермен қалай қарым-қатынас жасауы толығырақ айтсақ, «үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуі» оның тәрбиесіне байланысты. Баланың тілі шыға бастағаннан дұрыс сөйлеуге үйреткен жөн. Баланың тәрбиелі болып бой жетуі ата-анасына немесе айналасындағы ол байланыс жасайтын адамдарға да тікелей қатысты. Себебі, балалар үлкендерге қарап үлгі ала бастайды. Үлкендердің істегенін дұрыс деп ойлайды. Өзіне ұнаған адамға ұқсағысы келеді. Олар қандай бағыт көрсетсе соған жетуге талпынады. Ал егер ата-ана немесе балабақшадағы тәлім беретін тәрбиеші балаларға өмірдегі жақсы нәрселерді үйренуге, ал жаман нәрселерден аулақ болуға үйретсе онда болашақ ұрпағымыздың келешегі жарқын болмақ.

Біздің келешегіміз қазіргі өскелең жеткіншектер қолында. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген осы қазағымыздың аталы сөзін алар болсақ мағынасы терең. Иә, қазірде отбасында ұл бала әкесінен, қыздарымыз анасынан тәлім тәрбие көрмесе айтарлықтай жағдайымыз нашар деп айтпастан басқа шарамыз жоқ. Бірақ қазіргі қоғам жастарынан ата-анасының сөзіне, ақылына құлақ аспай тек өз айтқаным болады деп айтатын жастарымызды да кездестіретінімізде анық. Шын туайтына келер болсақ осы жағдайдың бәрі тек бір нәрсеге келіп тіреледі. Ол әрине ең басты құндылық отбасындағы немесе қоғамдағы - тәрбие.

Қазіргі ХХІ ғасырдағы жеткіншектерге келер болсақ, осынау дамыған заманда көп адамдар ғаламторға арқа сүйейді. Ертегі тыңдап, кітап оқитын, балаларды көру жоқтың қасы десе де болады. Ащы болсада шындық екені рас. Бұл жағдай бәріміздің көңілімізді түсірері анық. Кітап өмірдегі ең басты байлық қой. Осыны қазіргі жастар түсінсе деймін. Кітап оқығанда адамдар түрлі күйге ерік беріп алып жатады. Тіпті болып жатқан нәрселерді өз басында болғандай, шынайы күй кешеді. Кітап тақтанда қымбат дер едім егер оны оқып білген жанға. Кітапханаға барар болсақ адамдар айтарлықтай көп болады деп айта алмаймын.

Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі деп айтсам артық айтқаным емес. Бірақ көпке топырақ шашудан аулақпын, кітап оқитын адамдар бар да шығар, алайда ол біздің қоғамымыздың дамып, алдыңғы қатардан көрінуге әліде болса да жеткіліксіз. Бұл жерде мен біреуге кінә тағып, айыптаудан аулақпын. Алайда, мені қазіргі қоғам жастарының болашағы алаңдатады. Ал егер ата-ана баланың аптасына бір, екі рет кітапханаға баруын қадағаласа онда мұндай жағдайлар орын алмас еді. Қазіргі таңдағы кітапханалар бос қалмас еді, немесе барлық кітаптар өз сүйікті оқырмандарының қолынан табылар еді. Бұл жағдай ата-анаға да қатысы бар. Сонда еліміздің өркендеуіне сәлде болсада өз үлесімізді қосар едік. Ғаламторды қосқан қате демеімін өйткені, қазіргі заман талабы солай.

Қазіргі ата-аналар балаларына ғаламторды қосып беріп, бірақ оны қадағалауды ұмытамыз, қандай іспен шұғылданып жатқанына баса назарда ұстамайды. Тәрбиеші әрбір баланың екінші анасы деп айтсам артық емес. Себебі, балалар тәрбиешіні шын көңілден жақсы көреді. Тәрбиеші қандай қарым- қатынас жасаса соған қарай бейімделіп, міне сол себептен бауыр басады. Тәрбиешінің әрбір айтқан сөзін мұқият тыңдап, бұлжытпай істейді.

Баланың тәрбиешіні қаншалықты жақсы көретінін балаға берілген тапсырманы қаншалықты ықыласпен істейтінінен аңғаруға болады. Әрбір тәрбиешінің қоғамдағы рөлі жоғары. Оларға берілетін талап өте қатаң. Өйткені тәрбиеші ол ата-анадан кейінгі тұратын ең басты жауапкершілікті мойнына алатын, әр баланың өміріне алаңдайтын мейірбан жан десем артық айтқаным емес. Олардың мойнына алатын жауапкершілігі тым жоғары, өйткені әрбір балаға ата-анасынан кем алаңдамайды. Қорыта айтқанда баланың тәрбиесіне салғырт қарамай, баланың тілі шыға бастағаннан бастап тәрбиесіне баса назар аударайық. Бұл іске тәрбиешіге ғана талап ретінде қоймай өзімізде ат салысайық. Бала өскен сайын үлкендермен болсын, кішімен болсын дұрыс тіл табысуын үйретейік. Өйткені, жоғарыда айтқандай баланың дамуы сәби кезінен бастау алады.

Мен өзім болашақ тәрбиеші болғандықтан, мен үшін әрбір баланың тәрбиесі үлкен маңызға ие. Баланы тек бір нәрсемен ғана шектемей, жан жақты тәрбиелеу ұнайды. Ойын жасқанбай ашық айтуға үйреткен дұрыс деген ойдамын. Баланың ойын дұрыс болсын, қате болсын аяғына дейін ұрыспай тыңдау және оған дұрыс бағыт көрсету біздің міндетіміз. Ал балаға ұрысар болсақ онда оны тәрбиешінің қателігі деп санар едім. Себебі, балаға қате болса

ұрысар болсақ онда ол бала жасқаншақ болып өседі. Содан бастап ешкімге ашылып әңгіме айта қоймайды.

Бұл жерде жасқаншақ болып өсуі ата-анаға немесе тәрбиешінің дұрыс тәрбие бермеуі болып саналады. Өмірдегі қандай нәрсені жоғалтсақта, құндылықтарымызды сақтап қалуға тырысайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Бала мен балабақша» Алматы №11. 2011
2. «Отбасы және балабақша» № 5. 2011
3. «Бала тәрбиесі» №17. 2015ж

Дидактикалық ойынның маңызы

Тиленбаева Н.Б., «Жұлдыз» бөбекжайы КМҚК

Дидактикалық ойындар балалардың білімін кеңейту және бекіту мақсатындағы жоспарлы және мақсатты педагогикалық тәсіл.

«Ойын ойнап, ән салмай өсер бала болар ма?» дегендей, ойынның қай түріне болмасын зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, одан мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Өйткені алдымен ненің болсын бастамасы жол бастар қайнар көзі болатыны белгілі, демек біз ойынды бар өнердің бастауы деп білеміз.

Балалар өмірінде дидактикалық ойындарды қолдану қарапайым әрекеттерден жеңіл формада тәрбиешіге көшуге көмектеседі. Яғни, бала ойнай отырып, жаңа білім алуды байқамайды, ол үшін бұл процесс табиғи болады. Ойын кезінде ол танымдық іс-әрекетті бастайды, өйткені кейде алған білімі аз, оның қызығушылығы жоғары, зерттеушінің инстинкті оның қызықты тақырыпта терең білім алуға және меңгеруге көмектеседі. Сонымен қатар қоршаған әлем жайлы бүлдіршіндерімізді хабардар етіп, түсініктерін қалыптастырып, өмірде сол білімді сан түрлі қырынан пайдаланып, күнделікті ойындарына айналдырсақ тәрбиешілер мен ата-аналар баланы оқыту мен тәрбиелеуде алға қойған басты мақсатына жеткен болар едік. Өйткені, ойын әлемінің сиқырлы сырларын жан-жақты меңгерген балалардың ақыл-ойы, қабілеттілігі, шығармашылығы, есеп-қисапқа бейімділігі, қиялы жан-жақты дамиды.

Дидактикалық ойын арқылы балаларды оқытудың екі түрі бар: оқыту (танымдық) және ойын (қызықты). Тәрбиеші бір мезгілде тәрбиеші және ойынға қатысушы ретінде де балаларды ойынға қызықтырып, ал балалар ойнай отырып үйренеді.

Дидактикалық ойындарды ұйымдастыру негізгі үш бағытта жүзеге асырылады. Ойынға дайындық, өткізу және талдау жасау.

Дидактикалық ойын оқытудың әдістерінде екі жолмен қарастырылады: ойын сабақтар және дидактикалық тапсырмалар не болмаса автодидактикалық ойындар.

Қызықты ойындар балаларда көңілді, қуанышты көңіл-күй туғызады, бұл баланың денсаулығына өң әсер етеді. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда дидактикалық ойын маңызды құрал болып есептеледі.

Бөбекжайда жиі қолданатын дидактикалық ойын түрлері:

1. ойыншықпен ойналатын ойындар;
2. үстел үстінде ойналатын ойындар;
3. сөздік ойындар.

Ойыншықпен ойналатын ойындар - балаларды тікелей қабылдауына негізделген, баланың заттармен әрекет етуге және осылайша олармен танысуға көмектеседі. Балалар заттармен ойналатын ойындарда заттарды салыстыруды, ұқсастығын және айырмашылықтарын атауға үйренеді. Бұл ойындардың ерекшелігі балалар заттардың қасиеттерімен, көлемімен, түсімен танысады. Табиғатпен таныстыру кезіндегі ойындарда табиғи материалды (өсімдік тұқымдары, жапырақтар, тастар, түрлі гүлдер, бүрлер, бұтақтар, көкөністер, жемістер және т. б.) қолданамын. Мысалы: "Қателеспе" , "Затты сипатта" , "Бұл не?" және т. б.

Үстел үстінде ойналатын ойындар - бұл қоршаған ортамен, жануарлар мен өсімдіктер әлемімен, тірі және өлі табиғат құбылыстарымен танысу кезінде балаларға арналған қызықты сабақ. Олар әр түрлі түрлері бойынша: "лото", "домино", жұптық суреттер". Үстел үстінде ойналатын ойындардың көмегімен сөйлеу дағдыларын, математикалық қабілеттерін, логиканы, зейінін және шешім қабылдауға үйренеді, сондай-ақ өзін-өзі бақылау дағдыларын дамытуға болады.

Сөздік ойындар - бұл әдіс арқылы балалардың өздігінен ойлауға тәрбиелеудің және сөйлеуді дамытуда тиімді. Ойыншылардың әрекеттері сөз арқылы құрылған, балалар әртүрлі ойлауға арналған тапсырмаларын өз бетінше шешеді: заттарды сипаттайды, олардың ерекше белгілерін көрсете отырып, оларды сипаттау бойынша шешеді, заттар мен табиғат құбылыстарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табады.

Балалар алған білімдерін ойын барысында көрсете білуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, әділ болуға, қиындық кезінде көмектесуге, өз ойларын жеткізе білуге қиялының дамуына, қиындықты ақылмен жеңе білуге көмектеседі. Осының бәрі баланы мектепке даярлайды. Дидактикалық ойындар жоспар бойынша сабақта және сабақтан тыс уақытта өткізіледі.

Көптеген дидактикалық ойындар балалардың жеке-дара ойнауына арналған (мозаика, пирамида), олар баланың дербестігін, аңғарғыштығын, өздігінен еңбек етуін жетілдіреді. Кейбір ойындар төрт-алты баламен ойналады, сандық лотолар сан үйрету үшін өте қолайлы қызықты.

Ойын өткізгенде мен ойын мақсатын сақтай отырып, балаларды үйретемін. Мен тек ұйымдастырып қана қоймай, ойынға өзім де қатысамын

және белгіленген ережені орындауын қатаң түрде талап етемін, бұл баланы талапты орындауға, ережені бұзбауға үйретеді.

Дидактикалық ойынды қолдану үшін үлкен педагогикалық шеберлік қажет. Ойынды таңдап алған соң, ойынның көмегімен қандай тапсырманы орындайтынын анықтаймын және ойынды өткізу үшін алдын-ала дайындаламын, сонымен қатар балаларға ойын түсінікті, анық, жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс. Мысалы: табу, көрсету, белгілеу ортаңғы топқа лайықты, ал ересектер тобында салыстыру басым болады. Мінез-құлықты тәрбиелеуде ойынның рөлі маңызды болып есептеледі.

Дидактикалық ойында білім беру мен оқыту бір-бірімен тығыз байланыста жүреді.

Қорыта айтқанда, ойын араласқан оқу қызметі тартымды өтеді, балалардың білуге деген құштарлығын арттырады, түсініктерін тереңдетеді. Бала бағдарламалық оқу құралдарын кеңінен игереді.

Ойын сырттай қарағанда ешқандай қиындығы жоқ, оп-оңай көрінуі мүмкін. Ал, іс-жүзінде бала ойынға қатысу үшін басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Баланың рухани жетілуі мен табиғи өсуінің, денесінің дамуы мен ой дүниесінің өркен жаюы ойынмен байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Артемова Л.В. Дидактикалық ойындар, 1992.
2. Богуславская З.М., Смирнова Е.О. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған дамыту ойындары, 1991.
3. Никитин Б.П. Дамыту ойындары, 1994.

Ойын арқылы мектепке дейінгі балалардың танымдық әрекетін қалыптастыру

Төкен Н.Т., КМҚК «Арман» бөбекжайы

Белгілі педагог Я.А.Каменский: «Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі»-дейді. Ал педагог Н.К.Крупская: «Мектеп жасына дейінгі балалар үшін ойынның айрықша маңызы бар: ойын олар үшін-оқу, ойын олар үшін-еңбек, ойын олар үшін-тәрбиенің мықты формасы»-деп атап көрсеткен болатын. Осы сөздің өзінен-ақ балалардың танымдық әрекетін қалыптастыруда ойынның қаншалықты маңызы бар екенін түсінуге болады.

Баланың мейірімді, әдепті, қарапайым, қайырымды, жанашыр болып өсуі қоршаған ортасына, үлкендерге байланысты.

Ойын- балалар өмірінің нәрі. Ойын бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ емес. Ойын дегеніміз-жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. А.М.Горький: «Ойын арқылы бала дүниені таниды»-деп бекер айтпаса керек. Өйткені ойын барысында баланың

айналаны танып білуі, қызығушылығы, бір затқа бейімділігі көріне бастайды. Сонымен қатар баланың бойына қайырымдылық қасиетті сіңіре білуіміз керек. Ол үшін баланың айналасына қолайлы жағдайлар жасауымыз керек.

Ойынның түпкі ниеті-бұл балалардың нені және қалай ойналатынының жалпы анықтамасы. Ойын барысында бала өзіне ересек адамның белгілі бір функциясын орындайды, ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады. Мысалы, «Шаштараз», «Дүкен», «Емхана», «Жүргізуші» сюжетті –рөлдік ойында алған рөлдеріне сәйкес кейіпкерлердің киімін киіп, сол мамандық иесіне сай қимылдарды орындап, дауыс ырғағын келтіруге тырысады. Өзінің сипаты жағынан бұлар көбінесе еліктеу, шындықты көрсету болады. «Емхана» ойынын ойнағанда дәрігер мен емделушінің әрекеттерін, ал «Дүкен» ойынында сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне еліктейді.

Мұндай ойын арқылы баланың сөздік қоры, қимылы, бір-біріне деген құрмет, өздігінен жұмыс жасау қабілеттері дамиды. Сонымен қатар балалардың өзара қарым-қатынасы реттеліп, олардың бойында ақыл - ой, адамгершілік сапалары қалыптасады. Сондықтан тәрбиеші ойынды бұзбай, басшылыққа алады. Жетекші сұрақтар қойып , ақыл-кеңестер, ұсыныстар жасау әдісін пайдаланған жөн.

Баланың жеке басының қалыптасуындағы ойынның маңызы ерекше. Әр ойынның өзіндік ережелері, ерекшеліктері бар. Ереже ойынға ұйымшылдық, тұрақтылық сипат береді. Бала дамуы үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Осы ретте, ойын арқылы бала бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады. Ойын кезіндегі баланың психикалық ерекшеліктері өзгереді, олар ойланады, ерік қасиеті артады, эмоциялық әсері пайда болады, қиял елестері дамиды, белсенділігі артады.

Сонымен қатар, ойын ережесі ұялшақ, жасқаншақ балалардың ойынға қызығушылық танытып, белсенді қатысуларына көмектеседі.

Ойын элементтерін сабақ арасында қолдану – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолдарын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Осы жерде педагогтың міндеті-ойын арқылы балаларды оқу іс-әрекетіндегі басты мақсатқа жақындату.

Ойын баланың жан серігі іспеттес. Қай бала болсын, ойынмен өседі. Әр елдің ойыны сол елдің қоғамдық өзгерістеріне, тұрмыс-тіршілігіне байланысты. Сонымен қатар , ойын - мектепке дейінгі балалар үшін айналадағыны танып білу тәсілі болып табылады. Тәрбиешінің негізгі міндеттерінің бірі ол- баланың ойынына басшылық жасау, мазмұнды-рөлдік ойындарды қадағалау, тәрбиелік мәні бар ойындар ұйымдастыру, балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру болып табылады.

Әр бала ойын барысында өзіне тән қасиетті сезінеді, балалар өздеріне бөлінген рөлдерді ойын барысында мейлінше шын, барлық ынталарымен қызыға ойнауға тырысады. Сондықтан да, тәрбиеші балалардың танымдыө

ірекетін қалыптастыруда дұрыс ойын түрін таңдай отырып, оны практика жүзеге асыра білуі тиіс. Сонда ғана балалардың қызығушылықтары жоғары болады.

Сонымен қатар мектепке дейінгі балалардың танымдық әрекетін ұлттық ойындар арқылы қалыптастыруға болады. Ол да маңызды рөл атқарады. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа, төзімділікке, ептілікке, күштілікке үйретумен қатар, балалар өз ұлтының сал-дәстүрін, әдет-ғұрпын біле алады. Ұлттық ойындар-халықтық мол қазына. Осы орайда педагогтың міндеті-балаларды ойынға деген қызығушылықтарын арттырып, өз ынтасымен қамтамасыз ету керек. Сонда ғана ойын көздеген мақсатына жетіп, тәрбиелік мәні арта түседі.

Ойын эстетикалық тәрбие құралы ретінде де пайдаланылады. Балалар өздерін қоршаған дүниені бейне арқылы көрсетеді. Мысалы кез-келген ойын мазмұнына әндер, билер, жұмбақтар, тақпақтар енгізіледі. Бұл балалардың эстетикалық әсерленуін тереңдете түсуге мүмкіндік береді.

Баланың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік қорын байыту, ойлау қабілетін жетілдіру, жан - жақты қамтылуы қажет, оған тәрбиеші мен ата - ананың үлесі зор.

Қорыта айтқанда, ойын-баланың жетекші әрекеті. Ойын баланың жан - жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл - қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым - қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады.

В.А.Сухомлинский: «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес»,-деген. Ендеше, ойынның бала тәрбиесінде үлкен рөл атқаратынына дау жоқ.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев : «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқандай балабақшадағы бүлдіршіндер ойлай да, ойнай да, күле де білсін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Бастауыш мектеп» 2004- № 1, 53-54 бет.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие» 2014- №2, 8-9 бет
3. «Мектепке дейінгі педагогика» Идирисова М.Ә. 2011, 169-180 бет
4. «Отбасы және балабақша» 2000 - № 4, 7-12 бет.
5. «Отбасы және балабақша» 2008 - № 3, 6-7 бет.
6. «Ойын мақсатын талдау және оның мәні» Қоянбекова.С. 2002, №1-2, 45-49бет.

Балабақшадағы танымдық-зерттеушілік жоба қызметінің тиімділігі

Толуханова А.У., «Ақниет» б/ж КМҚК

Балалық шақ - бұл жаңа, қызықты, таңғажайып жаңалықтар ашылатын керемет кезең. Бүгінгі күні біздің мемлекетіміз білім ұйымдарына ел болашағы балалардың дені сау, шығармашыл, ойшыл, бастамашыл, өмірлік ұстанымына белсенді, қойылған мақсаттарды өздігінен шешуге қабілетті, ересек өмірге әлеуметтік тұрғыда дайын азаматтарды дайындауды басты міндет ретінде ұсынып отыр.

Осы ретте ел болашағы кішкентай азаматтарымыздың жан-жақты дамыған азамат болып өсуіне негіз болар, білімнің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына оқыту – тәрбиелеу жұмыстарында тың серпіліс пен игі ізденістермен жұмысты ұйымдастыру қажеттілігі туындауда.

Бұл ретте «Ақниет» бөбекжайы педагогтары түрлі жобалар негізінде заманауи педагогикалық технологияларды жұмыстарына арқау етуде.

Мен «Ақниет» бөбекжайы кешенінде мектепалды даярлық тобында «Жас метеоролог» жобасы бойынша балалардың танымдық-зерттеушілік жұмыстарын ұйымдастыру бағытында үйірме жұмысын тұрақты жүргізіп келемін. Жоба негізінде балалар қоршаған орта құбылыстары мен заттарына қарапайым нәтижелер жасап танымдық қабілеттірін дамытуда. Балалармен жоба жұмысы аптасына бір рет күннің екінші жартысында ұйымдастырылған оқу қызметі түрінде жүргізіледі.

«Жас метеоролог» жоба жұмысының **мақсаты** - балалардың ауа райы жайлы және оның адам өміріне байланысы жайлы білімін кеңейту. [1]

Міндеттері:

- балалардың метеоролог қызметі жайлы білімін қалыптастыру;
- ауа-райын жүйелі бақылау үшін метеорологиялық жұмысын ұйымдастыру;
- балалардың негізгі физикалық қасиеттер мен құбылыстар жайлы қарапайым түсініктерін дамыту (магнетизм, тартылыс күші, буға айналу және т.б.);
- балалардың ауа-райының адам өмірі мен жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіне тигізетін әсері жайлы білімін кеңейту;
- балалардың тәжірибе жасауға қажет көмекші құралдарды қолдану білігін қалыптастыру (лупа, микроскоп, таразы, құм сағатар, сызғыш, сантиметрлік таспа, бинокль және т.б.);
- балалардың талдау, жүйелеу, салыстыру, топтастыру сынды ойлау қабілеттерін дамыту.

Қойылған мақсат міндеттерді жүзеге асыру мақсатында перспективтік жоспар құрылып, зерттеушілік ұйымдастырылған оқу қызметтері ұйымдастырылып жүргізілді. «Ауа райы деген не?», «Халық болжамдары», «Компас деген не?», «Желмен танысайық», «Ауа деген не?». «Термометр деген не?», «Бұлт қайдан пайда болады?», «Жаңбыр деген не?» және де тағы басқа жоба бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде балалар тәрбиешімен бірге қарапайым тәжірибелер жасап, ауа-райының ерекшеліктерімен танысады. Метеорологиялық құралдары көмегімен ауа-райды анықтап, арнайы журналға тіркеп отырады. Балалар күнде төмендегі жұмыс түрлерін жүргізеді:

- ауа температурасын анықтайды;

- қардың түсуін арнайы сызғышпен анықтайды;
- вертушкалардың көмегімен желдің бағытын, күшін анықтайды;
- қорытынды жасау;
- нәтижені жазу(журнал, интерактивті тақта);
- келесі күн ауа-райына болжамдар жасайды.[2]

Әр айдың соңында тәрбиешілердің көмегімен ай бойғы ауа-райына талдау жасайды. Талдауларды қанша желді күн, ашық және бұлтты күн болғаны көрсетіледі.

Осы жобаны жүзеге асыру үшін топтағы кішкентай метеорологтардың тәжірибе, эксперимент, бақылау жасауына қажет заттық-дамытушы ортаны жасадық. Балалардың танымдық белсенділігін дамытуға арналған тәжірибе бұрышы лупа, таразы, құмсағаттар, компас, термометр, барометр, магнит сынды көмекші құралдар, жел шарлар, үккіш, елеуішқұрал-жабдықтармен толықтырылды. Заттық-дамытушы ортаны құру кезінде төмендегі талаптар сақталды:

- балалардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіз;
- жеткілікті;
- балаларға қолжетімді жерге орналастырылды.

Жобаның бастапқы және ы бөлігінде балаларға арнайы диагностика жүргізілді.

Танымдық-зерттеушілік іс-әрекет бойынша балалардың таным деңгейіне диагностика төмендегі критерийлермен жүргізілді: [3]

1. бала шешуге қажет мәселені анықтайды;
2. шешу жолдарын ұсынады;
3. мәліметтерге сүйеніп шешуі мүмкіндіктерін тексереді;
4. зерттеу нәтижелері негізінде қорытынды жасайды;
5. жаңа зерттеулерде қорытындыларды қолданады.

Диагностика нәтижелері жоба жұмысының тиімділігін көрсетті, жоба жұмысының соңында балалар ауа – райына тәжірибе-эксперимент жасау жолдарын өздері ұсынып, бастамашыл қасиеттерін көрсетті.

Балабақшадағы эспериенттік-тәжірибе жұмысы балалардың танымдық белсенділігін дамытуға арналған тиімді іс-әрекет. Барлық тәжірибе жұмыстары ойын түрінде жүргізілгендіктен, балалардың жоба жұмысы бойынша қызығушылығы сақталды. Егер балада қызығушылық болса, ол тақырыпты тез игереді және көп ақпаратты есіне сақтай алады.

Экспериментті-тәжірибе жұмыстары баланың шығармашылық қабілеті мен логикалық ойлауын дамытады. Эксперименттер жасау балаларға өздерін зерттеуші, ғалым ретінде сезініп, алдағы уақытта да өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап іздеуіне жолбасшы болады. Ал, біздердің –педагогтардың басты мақсаты бүлдіршіндеріміздің осы бастамаларына қолдау көрсету.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Масленникова О.М., Филиппенко А.А. Экологическое проекты в детском саду. Волгоград. Учитель 2009.

2. Левина Р. Метеоцентр в детском саду или экология и творчество. Дошкольное воспитание –1998. № 7

3. Прохорова Л.Н. Организация экспериментальной деятельности дошкольников. Москва. 2003.

Балабақшадағы музыка жетекшісінің ақпараттық құзыреттілігі

Торшаева Ш.М., «Айгерім» бөбекжайы» КМҚК

Ақпараттандыру - бүгінгі таңда білім беру жүйесін модернизациялаудың негізгі жолы болып табылады. Бұл тек техника мен технологияның дамуына ғана емес, сонымен қатар ақпаратты қоғам, жаңа бағдарламалар мен жобалардың дамуына және заманауи қоғамның мүшелерін қалыптастыруға әсер ететін жаңалықтар мен өзгерістердің пайда болуымен де тығыз байланысты.

Мектепке дейінгі педагогтардың басты міндеті - әр баланың қабілетін анықтап, дамытып, заманауи өмірге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру үшін барлық жағдайды жасау болып табылады. Білім беру беру ұйымдарын ақпараттандыру - педагогтың кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қояды. Педагог компьютер мен заманауи мультимедиялық құрылғыны пайдаланып ғана қоймай, сонымен қатар өзінің білім беру ресурстарын жасап, педагогикалық қызметінде кеңінен қолдана білуі керек. Мектепке дейінгі ұйымда ақпаратты коммуникативті технологияларды қолдану педагогтың шығармашылық қабілеттерін кеңейтіп, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысына оң әсерін тигізеді.

Отандық және шетелдік зерттеушілер (С.Л Новоселова, И. Пашелите, Г.П. Петку, Б. Хантер) деректеріне сүйенсек, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында баланың жеке және интеллектуалды дамуында заманауи компьютерлік бағдарламалардың маңызды рөл атқаратынын аңғаруға болады.[1, 1-3- б]

Осы ретте балабақшадағы педагог- музыка жетекшілері заман ағымына ілесіп, баланы музыкалық білім берудің жаңа технологиялар әлеміне жетелейтін жетекші бола білуі тиіс. АКТ – бұл ақпаратты жасау, беру және тарату үшін пайдаланылатын сандық және коммуникативтік технологиялар жиынтығы (компьютерлік құрал-жабдық, мультимедиялық құралдар, аудио және бейнетехника, әр түрлі коммуникациялық технологиялар). Ақпараттық коммуникативті технология заманауи педагог жұмысына қалайша көмектесе алады?[2, 12-б]

- Оқу қызметтеріне, мерекелік сценарийлерге қосымша танымдық материалдар іріктеуге;

- басқа педагогтардың озық тәжірибелерімен танысып, тәжірибе алмасып, жинақтауға;
- топ құжаттарын рәсімдеуге (балалардың тізімі, ата- аналар туралы мәлімет, балалар дамуының мониторингін жасауға;
- сапалы демонстрациялық материал қажет болса, компьютерлік инструментарийді пайдаланып, қажетті ақпаратты тауып, оны өңдеп немесе толықтырып өз қызметінде қолдануға;
- сандық фотоаппараттарды, фотосуреттерді редакторлау бағдарламаларын қолдану арқылы оқу- тәрбие процесінде, ата- анамен жұмыс барысында пайдалануға;
- бейнекамераларды және оған сай түрлі бағдарламаларды пайдаланып, бейнежазбаға дыбыс, титрлар қосып қолдану.
- Педагогикалық қызметте ғаламтор желісін пайдалана отырып, мектепке дейінгі ұйымда балалардың ой өрісін кеңейтіп, білім беру үдерісін ақпараттық, ғылыми әдістемелік жағынан сүйемелдеуге мүмкіндік береді.[3, 20-б]

Ақпаратты –коммуникативті технологияның жоғарыда аталған мүмкіндіктерін толығымен меңгеріп, педагогикалық қызметінде толыққанды пайдалану үшін, мектепке дейінгі педагогтардың ақпараттық құзыреттілік деңгейін көтеру мәселесі туындайды.

Музыка жетекшісі ретінде, кәсіби тәжірибеммен бөлісер болсам, өз қызметімде жаңа ақпараттық технологиялық құралдарды музыкалық іс-әрекеттің барлық түрінде қолданамын:

➤ **«Музыка тыңдау»**, Музыкалық қызметтің бұл түрінде мен музыкалық шығармалар мен сазгерлер туралы презентацияларды(таныстырылымдар) пайдаланамын. Себебі бұл ,балалардың музыканы тыңдауға деген қызығушылығын арттырып, музыкалық шығарманы ұзақ есте сақтауға септігін тигізеді. Ол үшін мен шығарма мазмұнына сай суреттерді іріктеп аламын. Сонымен бірге, белгілі бір сазгердің шығармашылығымен таныстыру барысында оның портретін, шығармаларына сай суреттерді көрсету арқылы балалардан музыка мазмұнын, сипатын баяндауда оң нәтижелерге қол жеткізіп жүрмін.

Белгілі бір сазгердің шығармашылығымен таныстыру барысында портреттерді көрсетіп, музыкалық шығармаларға иллюстрациялар пайдаланып, музыкадағы жанр түрлерімен таныстырамын. Бейнероликтер арқылы мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді театр, балет, опера т.с сияқты өнер түрлерімен көрнекті түрде кеңінен таныстыра аламын.

➤ **«Ән айту»**. Кескіндеме суреттер арқылы түрлі дауыс жаттығуларын жаттап , дауыс аппараттарын дамыту үшін түрлі жаттығулар орындатып , көмекші суреттер арқылы әндердің атауын табу, белгілі бір әнді үлгі ретінде үздік орындаушылардың орындауында тыңдату т.б.Ән әуенін түсініп, таза айту үшін дыбыс жоғарылығын ажырату яғни, жоғары төмен дыбыстарды таза айту өте маңызды. Мысалы, ол үшін дыбыс жоғарылығын көрсететін кескіндеме суреттерді немесе нота сызықтары орналасқан дыбыс қатарын

көрсете отырып, оң нәтижелерге қол жеткізіп жүрмін. Сонымен қатар мерекелерде, ән сайыстарында, түрлі байқауларда ән минустарын өңдеу барысында осы ақпараттық технологияларды өз тәжірибемде тиімді қолданамын.

➤ **«Музыкалық- ырғақтық қимылдар, билер».** Би қимылдарының сапалы орындалуына арнайы жазылған , тәжірибемде жиі қолданып жүрген атты диск жазбаларын , бейнероликтерді айтуға болады. Би үйрену барысында осы технологияларды пайдалану арқылы үйрету-балаларға қызықты, ал педагогқа тиімді болып табылады. Балаларға би қимылдары элементтерін үйрену үшін қолайлы мнемотаблицалар, көркем суреттер қолданамын.

➤ **«Әуенді- дидактикалық ойындар»** Балалардың музыкалық қабілетін дамытуға арналған арнайы әуенді- дидактикалық ойындарды ойнату барысында «Қай аспапта ойнаймын?», «Бізге қонаққа кім келді?», «Әуенді тап», «Әуенді үйшік», «Үш торай» т.б ойындарды ойнату барысында көркем суреттермен безендіріліп, дыбысталған презентациялар арқылы ойнатамын. Бұл презентациялардың жасалу құрылымы мынадай: алдымен ойын шарты түсіндіріп, тапсырма беремін содан соң балалардан жауап аламын, келесі слайдта жауаптың дұрыс немесе бұрыс екендігі тексеріледі. Балалар ойынды аса қызығушылықпен ойнайды

➤ **«Балалардың музыкалық аспабында ойнауға үйрету».** Балалардың музыкалық аспаптарының суреттерін көп қолданамын. Сонымен бірге, симфониялық аспаптар оркестрі , қазақ халқының ұлт аспаптар оркестрі концерттерінің бейнежазбаларын көрсетіп, бағдарлама бойынша таныстырылатын аспаптар дыбыстарының аудиожазбаларын тыңдатамын. Балаларды жеке аспапта орындаушы, оркестр сияқты ұғымдармен таныстырамын және аспаптар олардың атауы , дыбысталуы туралы түсіндіремін. Бейнежаз балаларды көру, дыбыстарды есту арқылы балалардың музыкалық аспаптарда ойнауға деген тұрақты қызығушылығы қалыптасады.

Педагогтардың ақпараттық құзыреттіліктерін арттырып, заманауи компьютерлік құрылғыларды қолдана отырып, түрлі қызмет түрлерін қызықты етіп ұйымдастыру үшін біздің бөбекжайда жеткілікті жағдай жасалған. Бөбекжайдың музыка залы мультимедиялық экран және проектормен жабдықталған. Аталған заманауи құрылғылар тек бүлдіршіндермен жұмыс жасағанда ғана емес, сонымен бірге педагогтармен, ата-аналармен жұмыс түрлерін өткізуде кеңінен қолданылып жүр. Мысалы, мерекелер мен ертеңгіліктерде музыкалық безендіруде, ата-аналармен өткізілетін жиналыстар мен жиындарда және басқа да жұмыс түрлерінде тиімді қолданылып жүр. Қорыта айтқанда, ақпараттық құзыреттілік деңгейі жоғары заманауи педагог өз қызметінде түрлі сандық технологияларды тиімді пайдаланып, мынадай жетістіктерге жетеді:

- ✓ оқыту үдерісінің тиімділігі артады;
- ✓ балабақша педагогтарының кәсіби шеберлігі өсіп, өзін- өзі бағалау деңгейі дамиды;
- ✓ балалардың таным қызметінің белсенділігі артады;

✓ біртұтас ақпараттық орта қалыптасады.

Тәжірибе көрсеткендей, педагогтың ақпараттық құзыреттілік деңгейінің жоғары болып, түрлі заманауи ақпараттық технологиялар мен дәстүрлі технологияларды үйлестіре отырып қолдана білуі - мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің музыкалық қабілетінің даму деңгейінің жоғарылап, жан-жақты дамыған заманауи өмірге қабілетті жеке тұлға болып қалыптасуына зор ықпалын тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Афанасьева О.В . «Использование ИКТ и их роль в образовательном процессе», оқу- әдістемелік құрал , Москва , 2015,(1-3 бет)
2. Комарова Т.С. «Новые формы организации игрового и учебно-воспитательного процесса с использованием ИКТ и обучающее - развивающих программ для дошкольного образования» Оқу - әдістемелік құрал, Москва, 2012 г., (12- бет)
3. Чайнова Л.Д. «Развитие личности ребенка в компьютерно-игровой среде» Детский сад от А до Я. – 2003. - № 1. (20- бет)

Современные формы работы с семьей воспитывающей ребенка с ООП

Тулегенова Г.М., КГКП я/с «Алмагул»

2 сентября 2019 года на открытом совместном заседании палат парламента Касым-Жомарт Токаев впервые в качестве Президента страны выступил с посланием народу Казахстана. В своем послании Президент Казахстана отметил: «Особое внимание должно уделяться семьям, у которых на попечении находятся дети с ограниченными возможностями» [1, ст.4].

Поэтому в настоящее время одним из приоритетных направлений является развитие системы сотрудничества детского сада и семьи в рамках инклюзивного образования. Несмотря на то, что многочисленными нормативными документами родители признаются полноправными участниками воспитательного процесса, работа в данном направлении, зачастую проводится формально, а выбор содержания и форм работы с родителями является случайным.

Опыт работы дошкольной организации показал, что совокупность таких факторов, как занятость на работе, отсутствие или низкая педагогическая грамотность родителей делает процесс воспитания в современной семье, воспитывающей «особого» ребенка, более сложным.

Чтобы родители стали активными участниками коррекционно-образовательного процесса и основными действующими лицами при принятии

решений, касающихся воспитания и развития их ребенка, педагогам необходимо выбирать новые современные методы и технологии организации работы с семьей.

Приоритетным направлением в организации работы с родителями, воспитывающими детей с ООП, являются групповые формы работы. Использование групповых форм, дает возможность участникам в группе легко общаться, создавая атмосферу доверия между педагогом и родителями, способствует изменению общественного мнения по отношению к «особым» детям и их семьям, формированию толерантности и терпимости.

Цель групповой работы с родителями: повышение педагогической компетенции родителей и помощь семьям по адаптации и интеграции детей с ООП в общество.

Самой распространенной групповой формой работы с родителями являются родительские собрания. Чтобы повысить родительский интерес и активность педагоги проводят их с использованием современных интерактивных методик. Так, например, вместо традиционного анкетирования педагоги успешно используют интерактивную методику «Две команды», которая является разновидностью дискуссии. Участники делятся на две команды. В одну из команд были объединены родители, воспитывающие детей с особыми образовательными потребностями. Родителям было предложено ответить на вопрос: «Как Вы отнесетесь к зачислению Вашего ребенка в группу детского сада, где совместно обучаются типично развивающиеся дети и дети с особыми образовательными потребностями?»

Каждая команда родителей обсуждала и составляла ответы на данный вопрос. По окончании выполнения задания проводилось обсуждение результатов в форме дискуссии. Использование методики «Две команды» дало возможность родителям познакомиться друг с другом, увидеть со стороны проблемы семей, воспитывающих детей с ООП. Педагоги увидели, как родители общаются, как реагируют на чужую мысль, как аргументируют свое мнение, и какие доказательства своей правоты приводят.

Интерактивная методика «Я и мой ребенок» помогла педагогам в процессе проведения родительского собрания выяснить, как родители относятся к дефекту своего ребенка, какие цели ставят перед собой в его воспитании, что ожидают от детского сада [4, с.115].



Родителям предлагается по очереди произносить следующие фразы:

«Я люблю своего ребенка за то, что ...»; «В детском саду мой ребенок приобретет...»; «В будущем мой ребенок...». Ответы родителей на эти вопросы помогут вам понять, насколько объективно они воспринимают своего ребенка и, насколько адекватно оценивают его возможности.

Интересно проходят родительские собрания с использованием элементов технологии фасилитации: «Круглый стол» и «Хочу поделиться», которые помогают родителям получить более глубокое представление о волнующих их вопросах воспитания и обучения детей с особыми образовательными потребностями, а также узнать мнение других родителей, познакомиться с опытом их семейного воспитания [3, с.24]. Чтобы родители могли свободно общаться, видеть друг друга, обсуждать предложенную тему, мы предлагаем им сесть в большой круг. Сначала каждый участник родительского собрания индивидуально на своем листе бумаги записывает свои мысли. Затем по кругу каждый родитель зачитывает свои предложения, остальные молча выслушивают и голосуют – включать или нет его в общее решение.

Использование приема «Хочу поделиться», где родители делятся друг с другом опытом семейного воспитания, способствует повышению сплоченности группы, появлению взаимопонимания.

Еще одним фактором успешного взаимодействия с родителями детей с ООП является метод проектов. Он позволяет родителям, детям, педагогам не только принять участие в совместной деятельности, но и увидеть результат совместного труда, что способствует эмоциональному сближению. В проектах родителям представляется различная степень участия: они могут выполнять роль руководителя проекта, принимать участие на всех или отдельных этапах, консультировать по теме проекта, оказывать материально-техническую поддержку. Главное, что родители становятся непосредственными активными участниками образовательного процесса, а также обогащают свой педагогический опыт [2, с.48].

Особой популярностью среди родителей пользуются тематические мастер – классы. На которых, в доступной интересной форме, родители учатся играть и заниматься с ребенком в соответствии с его возможностями. В процессе проведения мастер-классов создаются благоприятные предпосылки для развития творческой, активной позиции родителей. Родители изготавливают своими руками поделки, игры и пособия, которые они могут оставить для игр детей в группе или использовать для занятий с детьми дома.

Проведение совместных праздников, развлечений и акций в поддержку детей с ООП создает благоприятные условия для социализации детей, сплочения родителей, педагогов и детей. Праздник «Дорогою добра», посвященный



международному Дню инвалидов в нашей ДО проводится ежегодно, в проведении праздника задействуются не только родители, дети и педагоги нашего детского сада, но и приглашаются социальные партнеры: Специализированная библиотека для слепых и слабовидящих, школа-интернат для глухих и слабослышащих, СМИ. Активное участие приняли родители в акции, проведенной в поддержку детей с аутизмом «Зажги синим». Основная цель этой акции — распространение информации о проблемах воспитания и обучения детей с аутизмом. Для формирования навыков здорового образа жизни детей с ООП и их родителей систематически проводятся совместные развлечения «Растем здоровыми и сильными», «Молодые атлеты».

Использование различных форм групповой работы с родителями показало, что отмечается повышение интереса к грамотной организации семейного воспитания, значительно увеличилось количество родителей, проявляющих желание сотрудничать и поддерживать семьи, воспитывающих детей с особыми образовательными потребностями, родители стали более активными участниками образовательного процесса.

Список литературы:

1. Послание Главы государства К.Ж. Токаева народу Казахстана 2 сентября 2019 г. «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана».
2. Антипина Г.А. Новые формы работы с родителями в современном ДОУ//Воспитатель ДОУ. - 2011. - №12.
3. Бутырина Н.М. Технология новых форм взаимодействия ДОУ с семьей. - М.: "Белгор. гос. ун-т", 2009.
4. Лобанюк Т.С. Нетрадиционные формы взаимодействия ДОУ с семьей. - М.: «Белый ветер», 2011.

Организация исследовательской деятельности детей дошкольного возраста

Тусупханова М.С, Ясли-сад «Ақбота»

Все дети по своей природе любознательны. Им нужна исследовать все что, находится рядом и вокруг. Хочется все знать и видеть, распознавая этот мир. И дает много преимуществ в развитие познавательного процесса детей дошкольного возраста и предшкольной подготовки. Для этого нужна помощь педагога который анализирует интерес детей и приведя проектную деятельность до лучшего завершения. Дети в проведение исследовательской деятельности совместно с педагогом, должны проявить свою неординарность и инициативу. С понимаем того же, что некто не справится с этим заданием

кроме него. Но как сформировать исследовательское поведение у детей дошкольного возраста?

Для этого нужна больше свобода выбора . В проведение наблюдение исследовательской деятельности .Учитывать каждый интерес детей. Серьезно относиться к исследовательской поведению детей. Хвалить и поощрять как можно больше , давая им уверенности в себе и своих силах.

Гипотеза – основы исследовательских навыков детей старшего дошкольного возраста будут формироваться, если в работе с ними использовать методь проекта.

Цель - формировать основы исследовательских навыков дошкольников на основе использования метода проекта.

Задачи:

1. Проанализировать имеющиеся ресурсы в области применения проектной деятельности с дошкольниками.
2. Заинтересовать и вовлечь в проектную деятельность педагогов, родителей, детей
- 3.Выявить эффективность, обобщить результаты.

Научные принципы работы с детьми:

- принцип развивающего обучения;
- принцип сознательности и активности;
- принцип наглядности;
- принцип индивидуальности и дифференциации;
- принцип систематичности;
- принцип доступность;
- принцип научности.

Оригинальность проектной деятельности: это дает возможность охватывать все области развития. Учитывая интересов всех участников , проявляя творческий потенциал у детей, и основ исследовательской навыки. При этом должны быть задействованы все органы чувств обоняние, осязание, зрение и слух.

В организации исследовательской деятельности детей, нужно опираться на правильные и четко поставленные цели и задач. По которым будет предложены новизна приемов и методов наблюдения. Разработана реализация механизмов проектной деятельности, включающие в себя реализацию цели и задач по определенным развитым навыкам исследовательской деятельности, предложен прогноз в развитие детей.

В разработке проектной деятельности дети учатся сравнивать и работать в команде с своими сверстниками опираясь на помощь взрослого.

В исследовательской деятельности ребенок познает мир .И то, что он видел, каждый становится необычайным для него. Воспитывая в нем ценности, любовь и уважение к окружающему миру.

Методическая ценность, это возможность внедрения положительного опыта в практику работу других дошкольных образовательных учреждений. Для того, чтобы организовать проектную деятельность у детей, необходимо

мотивировать педагога. Провести семинар по проведению исследовательской деятельности вместе с педагогами. Выбрать методы и приемы, изучить нормативно-правовую базу, ознакомиться с литературой.

Хочется повторить высказывание доктора педагогических наук А.Савенкова «Обучение должна быть «проблемным», оно должно содержать элементы самостоятельной исследовательской работы.

Как же мы учимся исследовать с детьми?

- Выбирается проблемную ситуацию.
- Выстраиваем целепологание.
- Выдвигаем гипотезу.
- Гипотеза проверяется.
- Формулируется вывод.
- Последним этапом является презентация полученного опыта.

Старайтесь сотрудничать вместе с родителями в проведении исследовательской деятельности у детей. Если дети чувствуют поддержку именно со стороны родителей, то это дает им больше преимуществ в развитии самостоятельного навыка. Это неотъемлемая часть полноценного развития детей старшего дошкольного возраста. Такой вид проекта способствуют формированию и поддержки семейных традиций.

Необходимо помнить о индивидуальной подходе к ребенку. Ребенок должен понимать всю серьезность проектной деятельности и получать удовольствие в наблюдение. Считая при этом себя более значительным в этом мире. Что каждое его действие привлекает к себе внимание. Далее дети зарисовывают информацию в альбомах. Собранные детьми факты обсуждаются в беседах. Анализируются в совместной практике, через организацию экспериментальной деятельности. Опыт побуждает у детей сравнивать, сопоставлять, устанавливать причинно-следственные связи. Дети учатся рассуждать, спорить и делать умозаключения. Работу в рамках проекта нужно вести регулярно, постоянно давая наибольшие по объему задания.

В исследовательском поиске, мы учились задавать вопросы, выдвигать гипотезы. Например: можно ли поздравлять бабушек с Днем матери? Сходства и различие праздников «День матери» и «8 марта». Какие народы проживают в России? Узбекистане?, Татарстане? Что такое интернациональная страна? Правда ли что снегурочка внучка Деда Мороза?

Мы учились видеть проблемы, искать ответы, выход из сложившейся ситуаций, доказывать свою правоту. Регулярное проведение исследовательской работы, дети задают себе вопросы, для чего я это делаю и зачем мне это ?

В дальнейшем развивая в себе познавательные интересы, находя на них ответы в самостоятельном поиске. На этом этапе осуществлять подведение промежуточных итогов реализации педагогического проекта, это диагностика детей, результатом который явилось: основная часть детей научились самостоятельно действовать в соответствии с алгоритмом, обращаясь при надобности за помощью к взрослому, достигать результата, обозначать его с

помощью условной схемы. При обсуждениях в группах, а также в процессе самостоятельной исследовательской деятельности дети прибегают к умению строить гипотезы и высказывать предложения об ожидаемом результате, формируются навыки сотрудничества.

Реализацией проекта исследовательской деятельности у старших дошкольников можно увидеть у детей, развитие творческого потенциала, коммуникативные навыки и обогащение словарного запаса. Что приводит детей к положительному итогу завершения в наблюдении и чувства самого достоинства .

Список литературы:

1. Проектная деятельность дошкольников. / Н. Е. Веракса, А. Н. Веракса, - М.: «МОЗАИКА-СИНТЕЗ», 2015. – 64с.
2. Метод проектов в образовательной работе детского сада. /Л. В. Михайлова-Свирская, - М.: «Просвещение», 2015. – 120с.
3. Методика проведения учебных исследований в детском саду: учебное издание / Савенков А. И., гл. ред. Калинина Н. Г., Гордиевская В. Г. , - М.: «Учебная литература», 2007. - 30с.
4. Образовательный процесс в группах детей старшего дошкольного возраста: методическое издание / Короткова Н. А., гл. ред. Чернена В. Н. , - М.:«Линка-Пресс», 2007 - 208с.
5. Проектная деятельность дошкольников: пособие для педагогов дошкольных учреждений / Веракса Н. Е., Веракса А. Н., гл. ред. Дорофеева А. В. , - М.: «Мозаика-Синтез», 2008. - 109с.

Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік жұмысында іскер ойынның рөлі және орны

Уйсымбаева С.Д., «Алпамыс» бөбекжайы КМҚК

Іскер ойындар біздің балабақшаның әдістемелік жұмысында кеңінен пайдаланылады. Іскер ойынды өткізуге алдын -ала дайындық керектігіне қарамастан , педкеңестер және консультацияларда іскер ойынның элементтерін енгізеді .

Педкеңес- іскер ойын- үйрету үлгісі , онда қатысушылар айқын ролдермен анықталады. Іскер ойын талдауды және адам қарым -қатынасының күрделі мәселесін шешеді, зерттеуде маңызды болып тек дұрыс шешім ғана емес сонымен қатар қатысушылардың тәртібі, қатынас жүйесі, сөйлеу мәнері, ымы назарға алынады.

Іскер ойынның - педагогикалық кеңеске арналған негізгі шарты.

- педагогикалық ұжым шешетін мақсат және мәселенің болуы;

- нақты жағдайға еліктеу, ойын рольдерінің болуы және оларды ойынға қатысушыларға тағайындау (көбіне әлеуметтік рөлдер: педагог, балалар, ата-аналар, әкімшілік, басқару органдары т.б.);

- қатысушылардың пікірі, қызығушылықтардың нақты айырып тануы;

- ойын ережесін және жағдайын сақтау;

- ынталандырудың болуы, жарысу

- қоғамдық белсенділікте, тек сараптама бағалау және ұжымдық үлес, ойын әрекетінің қоғамдық қорытынды бағасы. [2]

Іскер ойынның бір формасы- «миға шабуыл». Айқынды мерзімде немесе мәселе бойынша ұжымның қортындысын келтіруге пайдаланылады. Бұндай пед кеңесте маңызды орын топтық әрекет. Ұйымдастырушылар сценарииді ойластыру керек , рөлдерді, тапсырманы, айқындап, регламентті есептеу керек. Қатысушылар қойылған сұрақтарды талқылайды, мақсатын және міндетін жасайды, педкеңес шешімінің негізіне жататын бағдарлама құрайды.

Іскер ойындар небір жағдайды «бастан өткізу», оны тікелей әрекетте үйрену. Іскер ойындар түрлі жағдайды үлгілеуге, ұсынылған моделдер арқылы әрекетті әдістерін жобалайды, нақты тәжірибелік мәселені шешу бойынша жүйелі теориялық білім үрдісін көрсетеді.

Іскер ойынды әдістемелік жұмыста пайдалану педагогтың белсенділігін көтереді, нақты мәселенің шешімін жетілдіре біледі, кәсіби шығармашылық ойлауды қалыптастыруға әрекет жасайды.

Сонымен, іскер ойын рөлін келесі параметрлерге бөлуге болады:

Іскер ойындарда басқару шешімін қабылдау нақты бір рөлді орындайтын оның қатысушыларымен жүргізіледі, түрлі рөлдер сәйкес болмағандықтан, шешім дау-жанжал жағдайда шешуге тура келеді;

Іскер ойындар өткізу оқытудың ұжымдық түрі болып есептеледі, ойын қорытындысында ұжымдық пікір қалыптасады.

Іскер ойында арнайы құралдармен ойыншылардың эмоционалдық күйге келтіруі құрылады, зерттеу мәселедегі шешімге енуге белсенді көмектеседі.

Егер, педагогтардың проблема бойынша жеткілікті білімі болса іскер ойын нәтижелі болады, ол ойында көрінеді. Іскер ойын алдын ала үлкен жұмысты талап етеді, ол жерде педагогтар түрлі білім үлгісімен керекті әдіс және тәсілдер алады: көрнекі үгіт, мәтіндік көрмелер, кеңес, талқылау. Егер осындай алдын ала жұмыс жүргізілмесе онда шараның бір бөлігі алған проблема бойынша проблемманы бекіту сияқты болып бұрылып кетеді.

Алдын ала проблема бойынша сұрақтармен 2-3 сұрақтар дайындалады.

Үстелдерді 2 немесе 3 командадаға арнап қою керек (жетекшісінің қарастыруына байланысты) іскер ойынның командасында 4-5 қатысушыдан.

Педагогтар үстелді жағалай отырады, осыған орай қатысушылардың командасы анықталады. Команданың біреуі - төреші сарапшысы – бұл ұсынылған мәселе бойынша неғұрлым құзыретті педагогтар.

Әр командаға карточкалар беріліп , капитан таңдалады, ол команданың жалпы шығуына айтады, тапсырманы орындай отыра, шешімді дайындауға уақыт беріледі, одан кейін жауаптары тыңдалады. Жауаптар реті

капитандардың жребиимен анықталады. Әр жауап беруші топқа 3 қосымша беріліп, мадақтау балл қойылады, ол жалпы ұпайлардың есебіне кіреді. Ойынның соңында – ең жақсы (толық, дәлелді) жауапқа жеңімпаз анықталады.

Іскер ойындар келесі түрде болады:

- еліктеу, келесі талдаумен көшіру жүргізіледі.
- меңгеру, бұл жерде нақты басқару қызметі елестетіледі;
- зерттеуші, ол ғылыми-зерттеу жұмыспен байланысты, ойын үлгісі бойынша нақты бағыттар бойынша әдістемелер үйретіледі.
- ұйымдастырылған әрекет . Нақты мәтін бойынша белгісіз қызметті құрастырады.

- ойын –тренингтер. Дағдыны бекітетін жаттығулар.
- жобалау ойындары, бұнда жеке жоба құралады, бір әрекеттің алгоритмі, ұсынылған жобаның қорғалуы және қызмет жоспары жүргізіледі. Жобалау ойынның тақырыбы болуы мүмкін: «Қорытынды педкеңесті қалай өткізуге болады?» (ата-аналар жиналысы, практикалық семинар т.б.)

Іскер ойынды ұйымдастырып және жүргізгенде ойынның жетекшісінің рөлі түрлі болады – ойынға дейін ол нұсқаушы, оның өту үрдісінде – кеңесші, ақырғы деңгейде – талқылау жетекшісі.[1]

Ойынның негізгі мақсаты – оқыту –тәрбиелеу үрдістің тірі құрастыруы, педагогтардың тәжірибелік білімін нақты қалыптастыру, мазмұнды жаңартуға неғұрлым тез қалыптасу, өзіндік даму мәдениетіне қызығушылығын қалыптастыру; педагогикалық технологияның нақты кәсіби дағдысын еңбекпен өтеу.

Ұйымдастыру және өткізу әдісі:

Ойынды өткізу және ұйымдастыру үрдісі 4 деңгейге бөлуге болады:

1. Ойынды құрастыру:

ойынның жалпы мақсатын нақты қою және қатысушыларға жеке мақсат; ойынның жалпы ережесін әзірлеу.

2. Нақты дидактикалық мақсатты жүзеге асыру нақты ойынды дайындауды ұйымдастыру.

- жетекші қатысушыларға ойынның мағынасын түсүндіріп , жалпы ережемен және бағдарламамен таныстырады, рөлдерді бөліп және орындаушылар алдына нақты мақсат қояды, ол олармен шешілуі керек;

- сарапшылар тағайындалады, олар ойынның барысын бақылайды, жағдайларды талдап баға береді;

3. Ойын барысы.

4. Қорытынды жасап, ойынды толық талдайды:

- ойынның жалпы бағасы, толық талдау, мақсат және міндетті жүзеге асыру, әлді және әлсіз жақтары, оның себептері.

- алған тапсырманы орындаудың өзіндік бағасы, жеке қанағаттандыру дәрежесі;

- ойын барысында анықталған кәсіби білімнің және білудің сипаттамасы;
- сарапшылармен ойынды талдау және бағалау.

Іскер ойындар педагогикалық міндеттерді шешумен байланысты, нақты жағдайларды шешумен, қатысушыларға айқын рөлді шешуді және өзара әрекет әдістерін таңдауды талап етеді.

Қорыта келгенде, балабақшада іскер ойын арқылы оқыту – тәрбиелеу жұмысының мәселесін үйрену, бастаушы және тәжірибелі педагогқа сабақтың және тәрбиелеу шараларды өткізу технологиясын меңгеруді үйретеді. Ол әдіс қатысушыларды қызықтырады, сонысымен ол бағалы, еліктеу әдісі (көрсету, еліктеу, ұқсау) таңдалған немесе берілген ереже бойынша түрлі жағдайлардан шешім қабылдауға үйретеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Быченко Ю.Г. , Красильников О.Ю. Деловые игры в школе бизнеса. – Саратов, 1992.

2. Ельцова О.М. Методика подготовки и проведения педагогических советов в ДОУ // Дошкольное воспитание – 2002.

Музыкальное воспитание дошкольников посредством народных песен, танцев и музыкальных инструментов

Филлюк Л.В., Мини-центр КГУ ОСШ №64

Народная педагогика-самая естественная, самая природосообразная совокупность знаний. Г.Н. Волков называет «золотое правило этнопедагогики»: без памяти (исторической) – нет традиций, без традиций – нет культуры, без культуры – нет воспитания, без воспитания – нет духовности, без духовности – нет личности, без личности (исторической) – нет народа. Народную педагогику необходимо использовать в современных условиях в семье и в детском саду. К счастью, дошкольный возраст – то время, когда возможно подлинное, искреннее погружение в истоки культурно-исторического наследия казахского, русского, украинского, корейского, польского, немецкого и других народов.

Дошкольнику доступно чувство любви к родной природе, родному городу, к своей стране. Чтобы сформировать чувство гордости за свою Родину, свой народ, надо с детства научить любить и беречь те места, где он родился и живет. Родной город, поселок, аул-дороги ребенку, потому что он здесь живет сам, его близкие, здесь находится его детский сад. Соприкосновение с народным искусством и традициями, участие в народных танцах, пение народных песен духовно обогащает ребенка, воспитывает гордость за свой народ, поддерживает интерес к его истории и культуре. Народное достояние –

это призывающие ребенка к светлым чувствам колыбельные песни матери. Например «Әлди, әлди», народные танцы «Қамажай», «Қара жорға».

